نُخْرَجَ الْحَيْضَ فَيَكُنَّ خَلْفَ النَّاسِ فَيُكَبِّرْنَ بِتَكْبِيرِهِمْ وَيَدْعُونَ بِدُعَائِهِمْ يَرْجُونَ
بِرَكَّةِ ذَلِكَ الْيَوْمِ وَطَهْرَتَهُ

88- Үмму Атияа (р.а.) риуаят етті: «Айт күні бізге айт намазына шығуымызға бұйыратын. Тіпті жас қыздар мен етеккір көрген әйелдер де айт намазына шығатын. Ер адамдардың арт жақтарында тұрып олар тәкбір

айтса, бізде тәкбір айтатын едік. Олар дұға істесе, бізде дұға ететінбіз. Осы күннің берекетін тілеп, құналарымыздан тазаруды ниет ететінбіз»,- деді.

13-бап. Жерге шаншып қойылған найзаға қарап намаз оқу туралы

89- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ بَشَّارٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَهَّابِ قَالَ حَدَّثَنَا عُبَيْدُ اللَّهِ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يُرَكِّزُ الْحَرْبَةَ فِدَامَهُ يَوْمَ الْفِطْرِ وَالنَّحْرِ ثُمَّ يُصَلِّي

89- Ибн Омар (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) екі айтта да алды жағына (қыбла жағына сутра белгі қылып) найзаны шаншып қойып, намаз оқыды»,- деді.

14-бап. Айт күні имамның алдында үші темір таяқ немесе қысқарақ найзаны көтеріп жүру туралы

90- حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ الْمُنْذِرِ الْحِزَامِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا الْوَلِيدُ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو عَمْرٍو الْأَوْزَاعِيُّ قَالَ أَخْبَرَنِي نَافِعٌ عَنْ ابْنِ عُمَرَ قَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَعْدُو إِلَى الْمُصَلَّى وَالْعَنْزَةَ بَيْنَ يَدَيْهِ يُحْمَلُ وَتُنْصَبُ بِالْمُصَلَّى بَيْنَ يَدَيْهِ فَيُصَلِّي إِلَيْهَا

90- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намазға шықса, артынан найзаны бірге алып жүрісер еді. Намаз оқудан бұрын оны қарсы алдына шаншып қойысатын. Хазреті Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) соған қарап намаз оқитын»,- деді.

15-бап. Етеккір көрмеген және етеккір көрген әйелдердің намазға шығуы туралы

91- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ عَبْدِ الْوَهَّابِ قَالَ حَدَّثَنَا حَمَّادُ بْنُ زَيْدٍ عَنْ أَيُّوبَ عَنْ مُحَمَّدٍ عَنْ أُمِّ عَطِيَّةَ قَالَتْ أَمَرْنَا نَبِيَّنَا صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِأَنْ نُخْرَجَ الْعَوَاتِقَ وَدَوَاتِ الْخُدُورِ وَعَنْ أَيُّوبَ عَنْ حَفْصَةَ بِنْتِ خُوَيْمَةَ وَزَادَ فِي حَدِيثِ حَفْصَةَ قَالَ أَوْ قَالَتْ الْعَوَاتِقَ وَدَوَاتِ الْخُدُورِ وَيَعْتَزِلْنَ الْحَيْضَ الْمُصَلَّى

91- Үмму Атияа (р.а.): «Паранжы жамылатын қыздарымызға да айт намазына шығуға бұйыратын»,- деді.

Хафса анамыз (р.а.) осы хадиске қосымша қылып: «Енді ғана бой жеткен қыздарға да, паранжы жамылатын қыздарға да айт намазына қатысуға бұйыратын. Ал етеккір көрген әйелдер болса, намаз оқылып жатқан жерден шеткерірек тұратын», - деді.

16-бап. Жас балалардың намазға қатынасуы туралы

92- حَدَّثَنَا عَمْرُو بْنُ عَبَّاسٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الرَّحْمَنِ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ عَابِسٍ قَالَ سَمِعْتُ ابْنَ عَبَّاسٍ قَالَ خَرَجْتُ مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَوْمَ فِطْرٍ أَوْ أَضْحَى فَصَلَّى ثُمَّ خَطَبَ ثُمَّ أَتَى النِّسَاءَ فَوَعظَهُنَّ وَذَكَرَهُنَّ وَأَمَرَهُنَّ بِالصَّدَقَةِ

92- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге Ораза айты ма әлде Құрбан айты күні ме бірге намазға шықтым. Мен онда әлі жас бала едім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айт намазын оқып болып, ер адамдарға уағыз айтты. Содан кейін әйелдердің алдына барып, оларға да уағыз, насихат айтып, оларды садақа беруге шақырды», - деді.

17-бап. Айт намазы оқылып болғаннан кейін имамның адамдарға қарап құтпа (уағыз) айтуы туралы

قَالَ أَبُو سَعِيدٍ قَامَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مُقَابِلَ النَّاسِ

Әбу Саъид (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) адамдарға қарап құтпа айтты», - деді.

93- حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ قَالَ حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ طَلْحَةَ عَنْ زُبَيْدٍ عَنِ الشَّعْبِيِّ عَنْ الْبَرَاءِ قَالَ خَرَجَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَوْمَ أَضْحَى إِلَى الْبَقِيعِ فَصَلَّى رَكَعَتَيْنِ ثُمَّ أَقْبَلَ عَلَيْنَا بَوَّجْهِهِ وَقَالَ إِنَّ أَوَّلَ نُسُكِنَا فِي يَوْمِنَا هَذَا أَنْ نَبْدَأَ بِالصَّلَاةِ ثُمَّ نَرْجِعَ فَنَنْحِرَ فَمَنْ فَعَلَ ذَلِكَ فَقَدْ وَافَقَ سُنَّتَنَا وَمَنْ دَبَحَ قَبْلَ ذَلِكَ فَإِنَّمَا هُوَ شَيْءٌ عَجَلُهُ لِأَهْلِهِ لَيْسَ مِنَ النَّسُكِ فِي شَيْءٍ فَقَامَ رَجُلٌ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ إِنِّي دَبَحْتُ وَعِنْدِي جَذَعَةٌ خَيْرٌ مِنْ مُسِنَّةٍ قَالَ ادْبَحْهَا وَلَا تَفِي عَنْ أَحَدٍ بَعْدَكَ

93- Барра (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Құрбан айтында екі рәкат намаз оқып болғаннан соң, бізге қарап: «Біздің бүгінгі ең бірінші қылатын құрбандығымыз-ең әуелі намаз оқуымыз, кейін, қой сойып құрбандық қылуымыз. Кімде-кім осылай істесе, біздің сүннетімізді орындағаны болады. Ал кімде-кім айт намаздан бұрын қой сойса, онда ол өзінің отбасына ет даярлап бергені болар. Оның құрбандыққа еш қатысы жоқ!»,- деді. Сонда бір кісі тұрып: «Я Расулулла, мен айт намазынан бұрын құрбандық қойымды сойып қойыппын. Менде әлі екі жасқа толмаған бір ешкі бар»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Онда соны құрбандыққа шал, бірақ-та бұлай істеу сенен кейін ешкімге рұқсат етілмейді!»,- деді.

18-бап. Намаз оқитын жерге орнатылған ту туралы

94- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ سَعِيدٍ حَدَّثَنَا سُوَيْبَانُ قَالَ حَدَّثَنِي عَبْدُ الرَّحْمَنِ بْنُ عَاصِمٍ قَالَ سَمِعْتُ ابْنَ عَبَّاسٍ قِيلَ لَهُ أَشْهَدْتَ الْعِيدَ مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ نَعَمْ وَلَوْلَا مَكَانِي مِنَ الصَّغَرِ مَا شَهِدْتُهُ حَتَّى أَتَى الْعَلَمَ الَّذِي عِنْدَ دَارِ كَثِيرِ بْنِ الصَّلْتِ فَصَلَّى ثُمَّ خَطَبَ ثُمَّ أَتَى النِّسَاءَ وَمَعَهُ بِلَالٌ فَوَعَّظَهُنَّ وَتَكَرَّهْنَ وَأَمَرَهُنَّ بِالصَّدَقَةِ فَرَأَيْتُهُنَّ يَهْوِينَ بِأَيْدِيهِنَّ يَقْذِفْنَ فِي ثَوْبِ بِلَالٍ ثُمَّ انْطَلَقَ هُوَ وَبِلَالٌ إِلَى بَيْتِهِ

94- Ибн Аббастан (р.а.) : «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге айт намазына қатысқанбысыз?»,- деп сұрасты. Ибн Аббас (р.а.): «Иә, қатысқанмын, бірақ-та Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) жақын адам болмағанымда намазға қатыса алмағандай екенмін. Өйткені, мен әлі жас бала болатынмын!»,- деді. Кейін ары қарай жалғастырып былай деді: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Касир ибн Салттың ауласының жанында орнатылған тудың қасына келіп, айт намазын оқыды. Содан соң ер адамдарға уағыз айтты. Кейін жанында Біләл бар әйел жамағаттарға үгіт-насихат қылып, оларды садақа берулеріне шақырды. Сонда әйелдердің қолдарын созып тағып жүрген асыл бұйымдарын хазреті Біләлдің етегіне садақа қылып тастап жатқандарын көрдім. Кейіннен Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Біләлмен бірге үйіне қайтты»,- деді.

19-бап. Имамның айт намазында әйелдерге уағыз-насихат айтуы туралы

95- حَدَّثَنِي إِسْحَاقُ بْنُ إِبْرَاهِيمَ بْنِ نَصْرِ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الرَّزَّاقِ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ جُرَيْجٍ قَالَ أَخْبَرَنِي عَطَاءٌ عَنْ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ سَمِعْتُهُ يَقُولُ قَامَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَوْمَ الْفِطْرِ فَصَلَّى فَبَدَأَ بِالصَّلَاةِ ثُمَّ خَطَبَ فَلَمَّا فَرَغَ نَزَلَ فَأَتَى النِّسَاءَ فَذَكَرَهُنَّ وَهُوَ يَتَوَكَّأُ عَلَى يَدِ بِلَالٍ وَبِلَالٌ بَاسِطٌ تَوْبَهُ يُلْقِي فِيهِ النِّسَاءُ الصَّدَقَةَ قُلْتُ لِعَطَاءٍ زَكَاةَ يَوْمِ الْفِطْرِ قَالَ لَا وَلَكِنْ صَدَقَهُ يَتَصَدَّقَنَ حِينَئِذٍ لُتْقِي فَتَخَهَا وَيُلْقِينَ قُلْتُ أُنْزِيَ حَقًّا عَلَى الْإِمَامِ ذَلِكَ وَيُذَكَّرُهُنَّ قَالَ إِنَّهُ لِحَقُّ عَلَيْهِمْ وَمَا لَهُمْ لَا يَعْلَمُونَهُ

95- Жәбир ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Ораза айтында орнынан тұрып айт намазын оқыды. Содан кейін құтпа айтты. Құтпа айтып болып, мінберден түсті де жамағат әйелдердің алдына барып, Біләлдің қолына сүйеніп тұрып оларға уағыз айтты. Әйелдер хазреті Біләлдің етегіне садақа тастай бастады. Мен Ғатадан: «Сонда оразаның пітірін берді ме?», - деп сұрадым. Ғата: «Жоқ оразаның пітірі емес, әйелдер сонда сырғалары мен білезіктерін садақа қылып беріскен болатын», - деді. Мен: «Қалай ойлайсыз имам қазірде сол кездегідей әйелдерге садақа берулеріне бұйыруы және оларға уағыз-насихат айтуы мүмкін бе?», - деп сұрадым. Сонда Ғата: «Әрине, солай қылулары керек, бірақ-та имамдардың неге бұлай істемейтіндіктерін білмеймін», - деді.

قَالَ ابْنُ جُرَيْجٍ وَأَخْبَرَنِي الْحَسَنُ بْنُ مُسْلِمٍ عَنْ طَاوُسٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ شَهِدْتُ الْفِطْرَ مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَأَبِي بَكْرٍ وَعُمَرَ وَعُثْمَانَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ يُصَلُّونَهَا قَبْلَ الْخُطْبَةِ ثُمَّ يُخَطَّبُ بَعْدُ خَرَجَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَأَنِّي أَنْظُرُ إِلَيْهِ حِينَ يُجْلِسُ بِيَدِهِ ثُمَّ أَقْبَلَ يَشْفُوهُمْ حَتَّى جَاءَ النِّسَاءَ مَعَهُ بِلَالٌ فَقَالَ يَا أَيُّهَا النَّبِيُّ إِذَا جَاءَكَ الْمُؤْمِنَاتُ يُبَايِعَنَّكَ الْآيَةَ ثُمَّ قَالَ حِينَ فَرَغَ مِنْهَا أَنَّنِي عَلَى ذَلِكَ امْرَأَةٌ وَاحِدَةٌ مِنْهُنَّ لَمْ يُجِبْهُ غَيْرُهَا نَعَمْ لَا يَذْرِي حَسَنٌ مَنْ هِيَ قَالَ فَتَصَدَّقَنَ فَبَسَطَ بِلَالٌ تَوْبَهُ ثُمَّ قَالَ هَلُمَّ لَكُنَّ فِدَاءً أَبِي وَأُمِّي فَيُلْقِينَ الْفَتْخَ وَالْحَوَاتِيمَ فِي تَوْبِ بِلَالٍ قَالَ عَبْدُ الرَّزَّاقِ الْفَتْخُ الْحَوَاتِيمُ الْعِظَامُ كَانَتْ فِي الْجَاهِلِيَّةِ

Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.), Әбу Бәкір, Омар және Османменде (р.а.) бірге ораза айттарында намаз оқығанмын. Бұл кісілердің барлығы айт намазын құтпадан бұрын оқитын. Содан кейін құтпа (уағыз) айтатын. Бір күні Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айт намазына шықты. Сол күнгі оқиға әлі күнге дейін көз алдымда. Сол күні Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ер адамдарға қолдарымен «Отырыңдар!»,- деп ишара қылып, ер адамдардың саптарының арасынан өтіп, әйел жамағаттардың алдына барды, Ол кісінің жанында Біләлда бар болатын. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «**Ей Пайғамбар! Егер мұьмин әйелдер саған ант етуге келсе...**»¹¹,- деген аятты оқып: «Ей әйелдер, сендер осы уәде де тұрыпсыңдар ма?»,- деді. Сонда әйелдердің бірі: «Әрине, біз осы уәде де тұрдық»,- деді. Ал басқа әйелдер болса үндемеді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Солай екен онда садақа беріңдер!»,- деді. Хазреті Біләл болса, шапанының етегін түріп: «Ата-Анам сіздердің жолдарыңызда жан пида болсын, мәрхаметтік қылыңыздар!»,- деді. Сонда әйелдер сырғалары бар ма, жүзіктері бар ма барлығын Біләлдің етегіне тастады»,- деді.

Абдурраззақ (р.а.) айтты: «Жаһили¹² дәуіріндегі жүзік пен сырғалар үлкен-үлкен көлемді болатын»,- деді.

20-бап. Әйел кісінің айт намазына жамылып шығатын паранжасы болмаса...

96- حَدَّثَنَا أَبُو مَعْمَرٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَارِثِ قَالَ حَدَّثَنَا أَيُّوبُ عَنْ حَفْصَةَ بِنْتِ سَيْرِينَ قَالَتْ كُنَّا نَمْنَعُ جَوَارِيَنَا أَنْ يَخْرُجْنَ يَوْمَ الْعِيدِ فَجَاءَتْ امْرَأَةٌ فَنَزَلَتْ قَصْرَ بَنِي خَلْفٍ فَأَتَيْتُهَا فَحَدَّثَتْ أَنَّ زَوْجَ أَخِيهَا غَزَا مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ثِنْتَيْ عَشْرَةَ غَزْوَةً فَكَانَتْ أَخِيهَا مَعَهُ فِي سِتِّ غَزَوَاتٍ فَقَالَتْ فَكُنَّا نَقُومُ عَلَى الْمَرَضَى وَنُدَاوِي الْكَلْمَى فَقَالَتْ يَا رَسُولَ اللَّهِ أَعَلَى إِحْدَانَا بَأْسٌ إِذَا لَمْ يَكُنْ لَهَا جِلْبَابٌ أَنْ لَا تَخْرُجَ فَقَالَ لِنَلْبِسَهَا صَاحِبَتُهَا مِنْ جِلْبَابِهَا فَلْيَشْهَدَنَّ الْخَيْرَ وَدَعْوَةَ الْمُؤْمِنِينَ قَالَتْ حَفْصَةُ فَلَمَّا قَدِمَتْ أُمُّ عَطِيَّةٍ أَتَيْتُهَا فَسَأَلْتُهَا أَسْمَعْتِ فِي كَذَا وَكَذَا قَالَتْ نَعَمْ بِأَبِي وَقَلَّمَا ذَكَرْتَ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِلَّا قَالَتْ بِأَبِي قَالَ لِيَخْرُجِ الْعَوَاتِقُ ذَوَاتُ الْخُدُورِ أَوْ قَالَ الْعَوَاتِقُ وَذَوَاتُ الْخُدُورِ شَكََّ أَيُّوبُ وَالْحَيْضُ

¹¹ 60. Мұмтахина-12

¹² Жаһили дәуір-Исламнан бұрынғы уақыт.

وَيَعْتَزِلُ الْحَيْضُ الْمُصَلَّى وَلَيَشْهَدَنَّ الْخَيْرَ وَدَعْوَةَ الْمُؤْمِنِينَ قَالَتْ فَقُلْتُ لَهَا
الْحَيْضُ قَالَتْ نَعَمْ أَلَيْسَ الْحَائِضُ تَشْهَدُ عَرَاقَاتٍ وَتَشْهَدُ كَذَا وَتَشْهَدُ كَذَا

96- Хафса бинти Сирин (р.а.) риуаят етті: «Айт күні әйелдердің айт намазына шығуларына тиым салатын едік. Бір әйел (Үмму Атияа) Бәний Халаф ауласына келіп түсті. Мен барып ол кісімен сөйлестім. Оның апасының күйеуі Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге 12 рет соғысқа қатысқан екен. Апасы да күйеуімен бірге 6 рет соғысқа қатысыпты. Сол апасы: «Біз ауруларға қарап, жарақат алғандарды емдейтінбіз. Бір күні: «Я Расулулла, егер де біздің біріміздің жамылғымыз (паранжы) болмаса, айт күні намазға шықпасақ күнә болмайды ма?»,- деп сұрапты. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Таныстарының бірінің жамылғысын ала тұрсын, жақсылыққа (айт намазына) қатысып, мұьминдермен бірге дұға етсін!»,- депті. Үмму Атияадан: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) пәлен нәрселер туралы не дегенің естігенбісіз?»,- деп сұрадым. Ол: «Иә, Атам хақы-құрметі естігенмін (ол, Пайғамбарымыз ғ.с. туралы айтқанда, көбінесе «атам хақы-құрметі»,- деп қоятын). Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) енді ғана бой жеткен қыздарға да, паранжы жамылатын әйелдерге де, етеккір көрген әйелдерге де, намазға шығуларына бұйыратын»,- деді. Мен: «Етеккір көрген әйелдерге де ме?»,- деп сұрадым. Сонда ол: «Иә, етеккір көрген әйелдер Арафатқа шықпаушы ма еді? Немесе пәлен-түген нәрселерді қылмаушы ма еді? Деп қажылықтың рәсімдерін санай кетті»,- деді.

21-бап. Етеккір көрген әйелдердің намаз оқитын жерден шеткерек тұруы туралы

97- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ الْمُثَنَّى قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ أَبِي عَدِيٍّ عَنْ ابْنِ عَوْنٍ عَنْ
مُحَمَّدٍ قَالَ قَالَتْ أُمُّ عَطِيَّةَ أَمْرًا أَنْ نَخْرُجَ فَنُخْرِجَ الْحَيْضَ وَالْعَوَاتِقَ وَدَوَاتِ
الْخُدُورِ قَالَ ابْنُ عَوْنٍ أَوْ الْعَوَاتِقَ دَوَاتِ الْخُدُورِ فَأَمَّا الْحَيْضُ فَيَشْهَدَنَّ جَمَاعَةَ
الْمُسْلِمِينَ وَدَعْوَتَهُمْ وَيَعْتَزِلْنَ مُصَلَّاهُمْ

97- Үмму Атияа (р.а.): «Бізге намаз оқитын жерге шығуымызға бұйыратын. Етеккір көрген әйелдер де, енді ғана бой жеткен қыздар да, паранжы жамылушы әйелдер де барлығымыз шығатын едік. Бірақ-та етеккір көрген әйелдер намаз оқитын жерден шеткерек тұрып, дұға етісетін»,- деді.

22-бап. Айт күні намаз оқылатын жерде құрбан шалу туралы

98- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ قَالَ حَدَّثَنِي كَثِيرُ بْنُ فَرْقِدٍ
عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يَنْحَرُ أَوْ يَدْبَحُ
بِالْمُصَلَّى

98- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Құрбан айты күні намаз оқылатын жерде (түйе, сиыр әлде қой) сойып құрбандық қылатын»,- деді.

23-бап. Айт намазының құтпасында имам мен адамдардың сөйлеуі; Имамнан бірер нәрсе туралы сұраса, жауап береді ме?

99- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو الْأَحْوَصِ قَالَ حَدَّثَنَا مَنصُورُ بْنُ الْمُعْتَمِرِ
عَنْ الشَّعْبِيِّ عَنْ الْبَرَاءِ بْنِ عَازِبٍ قَالَ خَطَبَنَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
يَوْمَ النَّحْرِ بَعْدَ الصَّلَاةِ فَقَالَ مَنْ صَلَّى صَلَاتَنَا وَنَسَكَ نُسُكَنَا فَقَدْ أَصَابَ النُّسُكَ وَمَنْ
نَسَكَ قَبْلَ الصَّلَاةِ فَتِلْكَ شَاةٌ لِحْمٍ فَقَامَ أَبُو بُرْدَةَ بْنُ نَبَارٍ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ وَاللَّهِ لَقَدْ
نَسَكْتُ قَبْلَ أَنْ أُخْرَجَ إِلَى الصَّلَاةِ وَعَرَفْتُ أَنَّ الْيَوْمَ يَوْمُ أَكْلِ وَشُرْبٍ فَتَعَجَّلْتُ
وَأَكَلْتُ وَأَطَعَمْتُ أَهْلِي وَجِيرَانِي فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ تِلْكَ شَاةٌ
لِحْمٍ قَالَ فَإِنَّ عِنْدِي عَنَاقَ جَدْعَةٍ هِيَ خَيْرٌ مِنْ شَاتِي لِحْمٍ فَهَلْ تَجْزِي عَنِّي قَالَ نَعَمْ
وَلَنْ تَجْزِي عَن أَحَدٍ بَعْدَكَ

99- Барра ибн Азиб (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Құрбан айты күні намаздан соң құтпаға шығып: «Кім біз сияқты намаз оқып, құрбандық шалса, ол еш күмәнсіз тура құрбандық қылыпты. Ал кімде-кім құрбандыққа арналған қойын айт намаздан бұрын сойса болса, ол құрбандық емес, жәй ғана ет!»,- деді. Сонда Әбу Бурда орнынан тұрып: «Я Расулулла, Аллаға ант етіп айтамын айт намазға шығардың алдында, құрбандыққа атаған қойымды бүгін ішіп-жейтін күн деп ойлап, асығып сойып қойыппын. Етінен өзім де, көршілерім де және бала-шағаларым да жеді»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ол етке сойылған қой!»,- деді. Әбу Бурда: «Менде бір жасар ешкі бар, ол екі жасар қойданда жақсырақ, соны сойсам құрбандыққа жатады ма?»,- деді. Хазреті Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Иә, болады, бірақта бұлай істеу сенен кейін басқа ешкімге рұқсат етілмейді!»,- деді.

24-бап. Айт намазынан қайтқанда келген жолдан басқа жолмен қайту туралы

100- حَدَّثَنَا حَامِدُ بْنُ عُمَرَ عَنْ حَمَّادِ بْنِ زَيْدٍ عَنْ أَبِي يُوْبَ عَنْ مُحَمَّدٍ أَنَّ أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ قَالَ إِنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَلَّى يَوْمَ النَّحْرِ ثُمَّ خَطَبَ فَأَمَرَ مَنْ ذَبَحَ قَبْلَ الصَّلَاةِ أَنْ يُعِيدَ ذَبْحَهُ فَقَامَ رَجُلٌ مِنَ الْأَنْصَارِ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ حَيْرَانٌ لِي إِمَّا قَالَ بِهِمْ خِصَاصَةٌ وَإِمَّا قَالَ بِهِمْ فَفَرُّوا وَإِنِّي دَبَحْتُ قَبْلَ الصَّلَاةِ وَعِنْدِي عِنَاقٌ لِي أَحَبُّ إِلَيَّ مِنْ شَاتِي لَحْمٌ فَرَخَّصَ لَهُ فِيهَا

100- Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Құрбан айты күні айт намазын оқып, кейін құтпаға шықты. Кім айт намаздан бұрын құрбандықтарын шалған болса, қайтадан шалуларына бұйырды. Сонда ансарийлардан бір кісі тұрып: «Я Расулулла, менің мұқтаж кедей көршілерім бар»,- деді. Сол үшін мен намаздан бұрын құрбандығымды шалдым. Менде тағыда бір жасар ешкі бар ол маған екі қойдан да артығырақ»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оған сол ешкіні құрбандыққа шалуды бұйырды»,- деді.

101- حَدَّثَنَا مُسْلِمٌ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ الْأَسْوَدِ عَنْ جُنْدَبِ قَالَ صَلَّى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَوْمَ النَّحْرِ ثُمَّ خَطَبَ ثُمَّ ذَبَحَ فَقَالَ مَنْ ذَبَحَ قَبْلَ أَنْ يُصَلِّيَ فَلْيَذْبَحْ أُخْرَى مَكَانَهَا وَمَنْ لَمْ يَذْبَحْ فَلْيَذْبَحْ بِاسْمِ اللَّهِ

101- Жүндуб (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айт күні намаз оқып, құтпа айтты. Содан кейін құрбан шалды»,- деді. Кейін және былай деді: «Кімде-кім айт намаздан бұрын құрбандық шалған болса, намаздан кейін оның орнына басқасын шалсын! Ал кімде-кім шалмаған болса, намаздан кейін «Бисмилла»,- деп сойсын!»,- деді.

102- حَدَّثَنَا مُحَمَّدٌ هُوَ ابْنُ سَلَامٍ قَالَ أَخْبَرَنَا أَبُو ثَمِيْلَةَ يَحْيَى بْنُ وَاصِحٍ عَنْ فُلَيْحِ بْنِ سُلَيْمَانَ عَنْ سَعِيدِ بْنِ الْحَارِثِ عَنْ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا كَانَ يَوْمَ عِيدِ خَالَفَ الطَّرِيقَ تَابِعَهُ يُؤَسُّ بْنُ مُحَمَّدٍ عَنْ فُلَيْحٍ وَقَالَ مُحَمَّدُ بْنُ الصَّلْتِ عَنْ فُلَيْحٍ عَنْ سَعِيدِ بْنِ أَبِي هُرَيْرَةَ وَحَدِيثُ جَابِرٍ أَصَحُّ

102- Жәбір (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айт күні намазға барған жолымен емес басқа жолмен қайтатын»,- деді.

25-бап. Айт намазға үлгере алмай қалған ер адамдар да, намаз оқитын жерге келе алмаған әйелдер де, үйде және ауылда қалғандар да екі рәкат (нәпіл) намаз оқитыны туралы

بَابُ إِذَا فَاتَهُ الْعِيدُ يُصَلِّي رَكَعَتَيْنِ وَكَذَلِكَ النِّسَاءُ وَمَنْ كَانَ فِي الْبُيُوتِ
وَالْفُرَى لِقَوْلِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ هَذَا عِيدُنَا أَهْلَ الْإِسْلَامِ وَأَمَرَ أَنَسُ بْنُ
مَالِكٍ مَوْلَاهُمْ ابْنَ أَبِي عَثْبَةَ بِالزَّوَايَةِ فَجَمَعَ أَهْلَهُ وَبَنِيهِ وَصَلَّى كَصَلَاةِ أَهْلِ الْمِصْرِ
وَتَكْبِيرِهِمْ وَقَالَ عِزْرَمَةُ أَهْلُ السَّوَادِ يَجْتَمِعُونَ فِي الْعِيدِ يُصَلُّونَ رَكَعَتَيْنِ كَمَا
يَصْنَعُ الْإِمَامُ وَقَالَ عَطَاءٌ إِذَا فَاتَهُ الْعِيدُ صَلَّى رَكَعَتَيْنِ

Әнас ибн Мәлік (р.а.) шаһардың шетінде тұратын Ибн Әбу Ғутба деген (азаттық алған құлына) бала-шағаларды жинауға бұйырды. Ибн Әбу Ғутба бала-шағаларды шақырып келгеннен соң, Әнас қалалықтар қалай намаз оқып, тәкбір айтса, сондай намаз оқып, тәкбір айтты.

Икрима (р.а.): «Қара халық айтта топтанып-мемлекет басшылығы оқығандай қылып, екі рәкат намаз оқиды»,- деді.

Ғата: «Айт намазына үлгермей қалған адам екі рәкат намаз оқиды»,- деді.

103- حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ قَالَ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ عُقَيْلٍ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ
عُرْوَةَ عَنْ عَائِشَةَ أَنَّ أَبَا بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ دَخَلَ عَلَيْهَا وَعِنْدَهَا جَارِيَتَانِ فِي
أَيَّامِ مَنَى تُدَقِّقَانِ وَتَضْرِبَانِ وَالنَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مُتَغَشٍّ بِثَوْبِهِ فَانْتَهَرَهُمَا
أَبُو بَكْرٍ فَكَشَفَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَنْ وَجْهِهِ فَقَالَ دَعُهُمَا يَا أَبَا بَكْرٍ
فَإِنَّهَا أَيَّامُ عِيدٍ وَتِلْكَ الْأَيَّامُ أَيَّامُ مَنَى وَقَالَتْ عَائِشَةُ رَأَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ
وَسَلَّمَ يَسْتُرْنِي وَأَنَا أَنْظِرُ إِلَى الْحَبَشَةِ وَهُمْ يَلْعَبُونَ فِي الْمَسْجِدِ فَزَجَرَهُمْ عُمَرُ فَقَالَ
النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ دَعُهُمْ أُمَّنًا بَنِي أَرْفَدَةَ يَعْنِي مِنَ الْأَمْنِ

103- Ғұруа (р.а.) риуаят етті. «Әбу Бәкір (р.а.) Айша анамыздың үйіне кірді. Айша анамыздың жанында екі күң (қызметші) қыз, Мина күндерінің болғанына қарамастан сырнай шалып жатқан еді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) киіміне бүркеніп жатқан болатын. Әбу Бәкір күң (қызметші) қыздарды

сөге бастады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бетін ашып: «Ей Әбу Бәкір! Оларға тимей қоя бер. Бұл күн мейрам күндері, Минаға шығатын күндер», - деді.

Айша анамыз (р.а.): «Мешіттің ауласында соғыс қимылдарын ойын қылып көрсетіп жатқан хабаштықтарды тамашалап тұрғанымда Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мені паналап тұрғаны есімде. Сонда Омар (р.а.) ойынды тоқтаттырғанда, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Омарға: «Қоя бер, біз оларға рұқсат бердік, ей Бәний Арфада ойнай беріңдер!», - деген болатын», - деді.

26-бап. Айт намазынан бұрын және кейін намаз оқу мүмкін бе?

قَالَ أَبُو الْمُعَلَّى سَمِعْتُ سَعِيدًا عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ كَرِهَ الصَّلَاةَ قَبْلَ الْعِيدِ

Әбулмуғалла: «Ибн Аббас, айт намазынан бұрын намаз оқу мәкрух; деп айтыпты, бұны маған Сағид (р.а.) айтты», - деді.

104- حَدَّثَنَا أَبُو الْوَلِيدِ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ قَالَ حَدَّثَنِي عَدِيُّ بْنُ ثَابِتٍ قَالَ

سَمِعْتُ سَعِيدَ بْنَ جُبَيْرٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ خَرَجَ يَوْمَ

الْفِطْرِ فَصَلَّى رَكْعَتَيْنِ لَمْ يُصَلِّ قَبْلَهَا وَلَا بَعْدَهَا وَمَعَهُ بِلَالٌ

104- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Ораза айтында намаз оқитын жерге шығып екі рәкат айт намазын оқыды. Айт намазының алдында да артында да ешқандай намаз оқымады. Сол кезде Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге хазреті Біләлда бар болатын», - деді.

27-бап ҮТІР ЖАЙЫНДАҒЫ ХАДИСТЕР

105- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ نَافِعٍ وَعَبْدِ اللَّهِ بْنِ دِينَارٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ أَنَّ رَجُلًا سَأَلَ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَنْ صَلَاةِ اللَّيْلِ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ عَلَيْهِ السَّلَامُ صَلَاةُ اللَّيْلِ مَثْنَى مَثْنَى فَإِذَا خَشِيَ أَحَدُكُمْ الصُّبْحَ صَلَّى رَكْعَةً وَاحِدَةً ثَوَّرَ لَهُ مَا قَدْ صَلَّى وَعَنْ نَافِعٍ أَنَّ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ عُمَرَ كَانَ يُسَلِّمُ بَيْنَ الرَّكْعَتَيْنِ وَالرَّكْعَتَيْنِ فِي الْوُثْرِ حَتَّى يَأْمُرَ بِبَعْضِ حَاجَتِهِ

105- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Бір кісі Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) түнде оқылатын намаз турасында сұрады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Түнгі намаз екі рәкаттан, екі рәкаттан оқылады. Қайсы бірін таң намазының қаза болып қалуынан қорықса, бір рәкат қылып оқысын, сол оқығаны үтір болады»,- деді.

Нафиғ (р.а.) риуаят етті: «Абдулла ибн Омар үтір намазының бірінші рәкатымен екінші рәкатының арасында сәлем беретін еді. Тіптен бірер тығыз шаруасы болса, тындырып келуді бұйыратын»,- деді.

106- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ عَنْ مَالِكِ بْنِ أَنَسٍ عَنْ مَخْرَمَةَ بِنِ سُلَيْمَانَ عَنْ كُرَيْبِ بْنِ أَبِي عُبَيْدٍ أَنَّ عَبَّاسَ أَخْبَرَهُ أَنَّهُ بَاتَ عِنْدَ مَيْمُونَةَ وَهِيَ خَالَتُهُ فَاضْطَجَعَتْ فِي عَرْضِ وَسَادَةٍ وَاضْطَجَعَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَأَهْلُهُ فِي طُولِهَا فَنَامَ حَتَّى انْتَصَفَ اللَّيْلُ أَوْ قَرِيبًا مِنْهُ فَاسْتَيْقَظَ يَمْسَحُ النَّوْمَ عَنْ وَجْهِهِ ثُمَّ قَرَأَ عَشْرَ آيَاتٍ مِنْ آلِ عِمْرَانَ ثُمَّ قَامَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِلَى شَنٍّْ مُعَلَّقَةٍ فَتَوَضَّأَ فَأَحْسَنَ الْوُضُوءَ ثُمَّ قَامَ يُصَلِّي فَصَنَعَتْ مِثْلَهُ فَفُتَتْ إِلَى جَنْبِهِ فَوَضَعَ يَدَهُ الْيُمْنَى عَلَى رَأْسِي وَأَخَذَ بِأُذُنِي يَقْتُلُهَا ثُمَّ صَلَّى رَكْعَتَيْنِ ثُمَّ رَكْعَتَيْنِ ثُمَّ رَكْعَتَيْنِ ثُمَّ رَكْعَتَيْنِ ثُمَّ رَكْعَتَيْنِ ثُمَّ أَوْتَرَ ثُمَّ اضْطَجَعَ حَتَّى جَاءَهُ الْمُؤَدُّنُ فَقَامَ فَصَلَّى رَكْعَتَيْنِ ثُمَّ خَرَجَ فَصَلَّى الصُّبْحَ

106- Курайбқа (р.а.) Ибн Аббас төмендегі мына хадисті айтып беріпті: «Бір күні Мәймуна апайымдікінде түнеп қалдым. Жастықтың еңсіз жағына мен ал енді жағына Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) әйелі Мәймуна басымызды қойып жаттық. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жарым түнге дейін ұйықтады. Содан соң орнынан тұрып ұйқысын ашу үшін бетін қолымен ысқылады. Кейін, «Әл Ғимран» сүресінен 10 аят оқыды. Содан кейін орнынан тұрып ілулі тұрған торсықты алып, жақсылап тұрып дәрет алып намазға тұрды. Мен де дәрет алып жанына барып тұрдым. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оң қолымен құлағымнан (еркелетіп) тартып қойды. Содан соң екі рәкат, кейін екі рәкат, кейін екі рәкат, кейін екі рәкат, кейін және екі рәкат намаз оқыды. Одан кейін бір рәкат үтір оқыды. Содан соң азаншы келгенше жамбастады. Азаншы келгеннен соң орнынан тұрып екі рәкат намаз оқыды. Кейін бөлмесінен шығып (мешітке) адамдармен екі рәкат таң намазын оқыды», - деді.

107- حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ سُلَيْمَانَ قَالَ حَدَّثَنِي عَبْدُ اللَّهِ بْنُ وَهْبٍ قَالَ أَخْبَرَنِي عَمْرُو بْنُ الْحَارِثِ أَنَّ عَبْدَ الرَّحْمَنِ بْنَ الْقَاسِمِ حَدَّثَهُ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَمْرٍو قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَلَاةُ اللَّيْلِ مَثْنَى مَثْنَى فَإِذَا أَرَدْتَ أَنْ تَنْصَرِفَ فَارْكَعْ رَكْعَةً تُوتِرُ لَكَ مَا صَلَّيْتَ قَالَ الْقَاسِمُ وَرَأَيْنَا أَنَا مُنْذُ أَدْرَكْنَا يُوتِرُونَ بِثَلَاثٍ وَإِنْ كُنَّا لَوَاسِعَ أَرْجُو أَنْ لَا يَكُونَ بِشَيْءٍ مِنْهُ بَأْسٌ

107- Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Түнгі намаз екі-екі рәкаттан оқылады. Намаздан үйіне қайтқын келгенде бір рәкат оқы. Осы жоғарыдағы оқыған намаздарыңның барлығы үтір болып есептеледі», - деді.

Қасым (р.а.): «Балағат жасына жеткенімізден бастап, адамдардың үш рәкаттан қылып үтір оқып жатқандарын көрдік. Меніңше бір рәкат қылып та, үш рәкат қылып та оқыса да еш бір зияны болмаса керек», - деді.

108- حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ قَالَ حَدَّثَنِي عُرْوَةُ أَنَّ عَائِشَةَ أَخْبَرَتْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يُصَلِّي إِحْدَى عَشْرَةَ رَكْعَةً كَانَتْ تِلْكَ صَلَاتِهِ تَعْنِي بِاللَّيْلِ فَيَسْجُدُ السَّجْدَةَ مِنْ ذَلِكَ قَدْرًا مَا يَقْرَأُ أَحَدَكُمْ خَمْسِينَ آيَةً قَبْلَ أَنْ يَرْفَعَ رَأْسَهُ وَيَرْكَعُ رَكْعَتَيْنِ قَبْلَ صَلَاةِ الْفَجْرِ ثُمَّ يَضْطَجِعُ عَلَى شِقِّهِ الْأَيْمَنِ حَتَّى يَأْتِيَهُ الْمَوْتُ لِلصَّلَاةِ

108- Ғұруа ибн Зубайрге Айша анамыз (р.а.) былай депті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) он бір рәкат үтір оқитын еді (бұл жерде түнде

оқылытын намаз айтылып тұр). Сәжде қылған кезінде сіз елу аятты оқуға қанша уақытты сарп етсеңіз сонша уақыт басын сәждеден көтермейтін. Таң намазының парызын оқырдың алдында екі рәкат сүннет оқитын. Содан соң азаншы келіп намазға шақырғанша оң қолын басып (яғни, оң жағымен) жамбастап жататын»,- деді.

28-бап. Үтір оқылатын уақыт туралы

قَالَ أَبُو هُرَيْرَةَ أَوْصَانِي النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِالْوُثْرِ قَبْلَ النَّوْمِ

Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ұйқыға жатардың алдында үтірді оқуды өсиет қылды»,- деді.

109- حَدَّثَنَا أَبُو النُّعْمَانِ قَالَ حَدَّثَنَا حَمَّادُ بْنُ زَيْدٍ قَالَ حَدَّثَنَا أَنَسُ بْنُ سِيرِينَ

قَالَ قُلْتُ لِابْنِ عُمَرَ أَرَأَيْتَ الرَّكْعَتَيْنِ قَبْلَ صَلَاةِ الْغَدَاةِ أُطِيلُ فِيهِمَا الْقِرَاءَةَ فَقَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّي مِنَ اللَّيْلِ مَنَتَى مَنَتَى وَيُوتِرُ بِرَكْعَةٍ وَيُصَلِّي الرَّكْعَتَيْنِ قَبْلَ صَلَاةِ الْغَدَاةِ وَكَانَ الْأَذَانَ بِأُذُنَيْهِ قَالَ حَمَّادُ أَيُّ سُرْعَةٍ

109- Әнас ибн Сирин (р.а.) Ибн Омардан (р.а.): «Айтыңызшы, таң намазының алдында оқылатын екі рәкат сүннетті ұзағырақ қылып оқиын ба?»,- деп сұрапты. Сонда Ибн Омар былай депті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түнде екі рәкат-екі рәкат (нәпіл) намаз және бір рәкат үтір оқитын еді. Таң намазының алдында, жылдамырақ қылып екі рәкат намаз оқып алатын»,- деді.

29-бап. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) әйелдерін үтір намазын оқуға оятқаны туралы

110- حَدَّثَنَا عُمَرُ بْنُ حَفْصٍ قَالَ حَدَّثَنَا أَبِي قَالَ حَدَّثَنَا الْأَعْمَشُ قَالَ حَدَّثَنِي

مُسْلِمٌ عَنْ مَسْرُوقٍ عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ كُلَّ اللَّيْلِ أُوتِرَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَأَنْتَهَى وَثْرَهُ إِلَى السَّحَرِ

110- Айша анамыз (р.а.): «Әр түні Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) таң атқанға дейін үтір оқитын»,- деді.

حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى قَالَ حَدَّثَنَا هِشَامٌ قَالَ حَدَّثَنِي أَبِي عَنْ عَائِشَةَ
قَالَتْ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّي وَأَنَا رَاقِدَةٌ مُعْتَرِضَةٌ عَلَى فِرَاشِهِ
فَإِذَا أَرَادَ أَنْ يُوتِرَ أَيْقَظَنِي فَأُوتِرْتُ

Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түнде намаз оқитын еді. Мен болсам ол кісінің қарсы алдында төсегімде көлденеңімнен жататынымын. Қашан үтір оқитын болса, мені оятатын. Менде тұрып үтір оқитынымын», - деді.

30-бап. Намаз оқушы түнгі намазының соңғысын үтір қылсын!

111- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ سَعِيدٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ حَدَّثَنِي نَافِعٌ عَنْ
عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ اجْعَلُوا
آخِرَ صَلَاتِكُمْ بِاللَّيْلِ وَثَرًا

111- Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Түнгі намаздарыңның соңғысын үтір қылыңдар!», - деп айтқан», - деді.

31-бап. Аттың, Түйенің үстінде үтір оқу туралы

113- حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ قَالَ حَدَّثَنِي مَالِكٌ عَنْ أَبِي بَكْرٍ بْنِ عُمَرَ بْنِ عَبْدِ
الرَّحْمَنِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ بْنِ الْخَطَّابِ عَنْ سَعِيدِ بْنِ يَسَارٍ أَنَّهُ قَالَ كُنْتُ أُسِيرُ
مَعَ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ بِطَرِيقِ مَكَّةَ فَقَالَ سَعِيدٌ فَلَمَّا خَشِيتُ الصُّبْحَ نَزَلْتُ فَأُوتِرْتُ
ثُمَّ لَحِقْتُهُ فَقَالَ عَبْدُ اللَّهِ بْنُ عُمَرَ أَيْنَ كُنْتَ فَقُلْتُ خَشِيتُ الصُّبْحَ فَنَزَلْتُ فَأُوتِرْتُ
فَقَالَ عَبْدُ اللَّهِ أَلَيْسَ لَكَ فِي رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِسْوَةٌ حَسَنَةٌ فَقُلْتُ
بَلَى وَاللَّهِ قَالَ فَإِنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يُوتِرُ عَلَى الْبَعِيرِ

113- Сағид ибн Ясар (р.а.) риуаят етті: «Абдулла ибн Омармен (р.а.) бірге Меккенің көшелерінің бірінде кетіп бара жатыр едім. Сонда таңның атып кетуінен қауіптеніп, аттан түстім де үтір намазын оқыдым. Кейіннен Абдуллаға жетіп алдым. Абдулла маған: «Қай жерде қалып кеттің?», - деді. Мен: «Таңның атып кетуінен қауіптеніп, үтір намазын оқып алдым», - дедім. Сонда Абдулла (р.а.): «Бұл арада Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) үлгі алсаң болмады ма?!», - деді. Мен: «Алла хақысы, әлбетте солай», - дедім. Абдулла (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түйенің үстінде отырып та үтір оқи беретін», - деді.

32-бап. Сапарда үтір оқу туралы

114- حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ قَالَ حَدَّثَنَا جُوَيْرِيَةُ بْنُ أَسْمَاءَ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ قَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّي فِي السَّفَرِ عَلَى رَاحِلَتِهِ حَيْثُ تَوَجَّهَتْ بِهِ يَوْمِيُ إِيْمَاءً صَلَاةَ اللَّيْلِ إِلَّا الْفَرَائِضَ وَيُوتِرُ عَلَى رَاحِلَتِهِ

114- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жол жүргенде қай жаққа қарап кетіп бара жатқан болса, сол жаққа қараған бойы түйенің үстінде ишарамен түнгі нәпіл намаздарды оқып кете беретін. Бірақ-та парыз бен үтір намаздарын түйенің үстінде оқымайтын (яғни, жерге түсіп оқитын)»,- деді.

33-бап. Рүкүғтан бұрын және рүкүғтан кейін Құнұт дұғасын оқу туралы

115- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا حَمَّادُ بْنُ زَيْدٍ عَنْ أَيُّوبَ عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ سَيْرِينَ قَالَ سَأَلَ أَنَسُ بْنُ مَالِكٍ أَقْنَتَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي الصُّبْحِ قَالَ نَعَمْ فَقِيلَ لَهُ أَوْقَنْتَ قَبْلَ الرُّكُوعِ قَالَ بَعْدَ الرُّكُوعِ يَسِيرًا

115- Мұхаммед ибн Сири (р.а.) риуаят етті: Әнастан (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) таң намазында Құнұт дұғасын оқушы ма еді?»,- деп сұрасты. Әнас: «Иә, оқитын»,- деді. Рүкүғтан бұрын оқушы ма еді?»,- деп сұрасты. Сонда Әнас: «Рүкүғтан кейін оқитын»,- деді.

116- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَاحِدِ بْنُ زِيَادٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَاصِمٌ قَالَ سَأَلْتُ أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ عَنِ الْفُتُوتِ فَقَالَ قَدْ كَانَ الْفُتُوتُ فُلْتُ قَبْلَ الرُّكُوعِ أَوْ بَعْدَهُ قَالَ قَبْلَهُ قَالَ فَإِنَّ فُلَانًا أَخْبَرَنِي عَنْكَ أَنَّكَ فُلْتِ بَعْدَ الرُّكُوعِ فَقَالَ كَذَبَ إِنَّمَا قَنْتَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بَعْدَ الرُّكُوعِ شَهْرًا أَرَاهُ كَانَ بَعَثَ قَوْمًا يُقَالُ لَهُمُ الْفُرَاءُ زُهَاءَ سَبْعِينَ رَجُلًا إِلَى قَوْمٍ مِنَ الْمُشْرِكِينَ دُونَ أَوْلِيكَ وَكَانَ بَيْنَهُمْ وَبَيْنَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَهْدٌ فَقَنْتَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ شَهْرًا يَدْعُو عَلَيْهِمْ

116- Ғасим (р.а.) риуаят етті: «Әнас ибн Мәліктен (р.а.) Құнұт дұғасы туралы сұрадым. Әнас: «Құнұт дұғасы шариғаттағы, бар нәрсе»,- деді. «Рүкүғтың алдында оқиды ма?»,- деп сұрасты. Әнас: «Рүкүғтың алдында

оқиды»,- деді. Мен: «Маған пәленше айтқан болатын, сіз «Рүкүғтан кейін» деп айтқан екенсіз?!»,- дедім. Әнас ибн Мәлік (р.а.): «Ол адам жалған айтыпты!»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір айдай ғана уақытта рүкүғтан кейін Құнұт дұғасын оқыған болатын. Сол кезде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жетпіске жуық қариларды мүшірік қауымдарының біріне исламды уағыздауға жіберген болатын. Екі жақтың арасында келісім жүргізілгеніне де қарамастан мүшіріктер қариларды өлтіріп тастаған болатын. Сол себепті ғана Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір ай бойы бес уақыт намаздың соңғы рәкаттарында қариларды өлтіргендерге теріс дұға қылып, құнұт дұғасын оқыған болатын»,- деді.

117- حَدَّثَنَا أَحْمَدُ بْنُ يُونُسَ قَالَ حَدَّثَنَا زَائِدَةُ عَنْ التَّيْمِيِّ عَنْ أَبِي مِجْلَزٍ عَنْ

أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ قَدَّتِ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ شَهْرًا يَدْعُو عَلَى رَعْلٍ
وَذَكَوَانَ

117- Әнас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір ай бойы бес уақыт намаздың соңғы рәкаттарында Рағл және Зәкуан тайпаларына теріс дұға қылып, Құнұт дұғасын оқыды»,- деді.

118- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ قَالَ حَدَّثَنَا خَالِدٌ عَنْ أَبِي قَلَابَةَ عَنْ

أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ كَانَ الْفُتُوتُ فِي الْمَغْرِبِ وَالْفَجْرِ

118- Әнас (р.а.): «Құнұт дұғасы шам мен таң намаздарында оқылатын»,- деді.

БИСМИЛЛӘҺИР РАХМАНИР РАХИМ

**34-бап. АЛЛА ТАҒАЛАДАН ЖАҢБЫР СҰРАУ;
ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ (С.Ғ.С.) ЖАҢБЫР СҰРАП ДҰҒА
ҚЫЛҒАНЫ ЖАЙЛЫ**

119- حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي بَكْرٍ عَنْ عَبْدِ

بْنِ تَمِيمٍ عَنْ عَمِّهِ قَالَ خَرَجَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَسْتَسْقِي وَحَوْلَ رِذَاءِ

Ғибад ибн Тәмиимнің (р.а.) ағасы былай депті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Алла тағаладан жаңбыр сұрамақ үшін (намаз оқитын жерге) шығып, *ридоларын* денесіне жақсылап орап алып, дұға қыла бастады», - деді.

**35-бап. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Иләһи, оларға Жүсіптің
ғ.с. заманындағыдай құрғақшылық (жылдарды) жібер!»,- деп теріс
дұға қылғаны туралы**

120- حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ حَدَّثَنَا مُغِيرَةُ بْنُ عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَنْ أَبِي الزِّنَادِ عَنِ الْأَعْرَجِ

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ إِذَا رَفَعَ رَأْسَهُ مِنَ الرَّكْعَةِ

الْآخِرَةِ يَقُولُ اللَّهُمَّ أَنْجِ عِيَّاشَ بْنَ أَبِي رَبِيعَةَ اللَّهُمَّ أَنْجِ سَلَمَةَ بْنَ هِشَامٍ اللَّهُمَّ أَنْجِ

الْوَلِيدَ بْنَ الْوَلِيدِ اللَّهُمَّ أَنْجِ الْمُسْتَضْعَفِينَ مِنَ الْمُؤْمِنِينَ اللَّهُمَّ اشْدُدْ وَطَأَتَكَ عَلَى

مُضَرَ اللَّهُمَّ اجْعَلْهَا سِنِينَ كَسَنِي يُوسُفَ وَأَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ غَفَارُ

غَفَرَ اللَّهُ لَهَا وَأَسْلَمُ سَأَلَهَا اللَّهُ قَالَ ابْنُ أَبِي الزِّنَادِ عَنْ أَبِيهِ هَذَا كُلُّهُ فِي الصُّبْحِ

120- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) әр дәйім соңғы рәкаттан бас көтергенде: «Иләһи, Ғайиаш ибн Әбу Рабиғаға құтылу бер! Иләһи, Сәлама ибн Хишамға нажат бер! Иләһи, Уалид ибн Уалидке құтылу бер! Иләһи, әлсіз мұьминдерге құтылу бер! Иләһи, Мұзар қауымына азабынды күшейтіп, оларға Жүсіптің ғ.с. дәуіріндегі құрғақшылық (жылдарды) жібер!»,- деп дұға қылатын еді. Кейіннен:

«Алла тағала Ғифар тайпасының күнәларын кешіргеі! Алла тағала Аслам тайпасына амандығын бергей!», - деп қоятын», - деді.

Ибн Әбу әз-Зинад (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бұл дұғалардың барлығын таң намазында жасайтын деп маған атам айтқан болатын», - деді.

121- حَدَّثَنَا عُثْمَانُ بْنُ أَبِي شَيْبَةَ قَالَ حَدَّثَنَا جَرِيرٌ عَنْ مَنْصُورٍ عَنْ أَبِي الضُّحَى عَنْ مَسْرُوقٍ قَالَ كُنَّا عِنْدَ عَبْدِ اللَّهِ فَقَالَ إِنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَمَّا رَأَى مِنَ النَّاسِ إِذْبَارًا قَالَ اللَّهُمَّ سَبْعُ كَسْبَعٍ يُوسُفَ فَأَخَذْتَهُمْ سَنَةً حَصَّتْ كُلُّ شَيْءٍ حَتَّى أَكَلُوا الْجُلُودَ وَالْمَيْتَةَ وَالْحَيْفَ وَيَنْظُرُ أَحَدُهُمْ إِلَى السَّمَاءِ فَيَرَى الدُّخَانَ مِنَ الْجُوعِ فَأَتَاهُ أَبُو سَفْيَانَ فَقَالَ يَا مُحَمَّدُ إِنَّكَ تَأْمُرُ بِطَاعَةِ اللَّهِ وَبَصِلَةِ الرَّحِمِ وَإِنَّ قَوْمَكَ قَدْ هَلَكُوا فَادْعُ اللَّهَ لَهُمْ قَالَ اللَّهُ تَعَالَى فَارْتَقِبْ يَوْمَ تَأْتِي السَّمَاءُ بِدُخَانٍ مُبِينٍ إِلَى قَوْلِهِ إِنَّكُمْ عَائِدُونَ يَوْمَ نَبْطِشُ الْبَطْشَةَ الْكُبْرَى إِنَّا مُنْتَقِمُونَ فَالْبَطْشَةُ يَوْمَ بَدْرٍ وَقَدْ مَضَتْ الدُّخَانُ وَالْبَطْشَةُ وَاللِّزَامُ وَآيَةُ الرُّومِ

121- Масрук (р.а.) риуаят етті: «Абдулла ибн Масғудтың (р.а.) алдында отырған едік. Сонда ол: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Құрайыш қауымының Исламнан бет бұрғаның көріп: «Иләһи, Құрайшқа жеті жыл бойы Жүсіптің ғ.с. заманындағыдай құрғақшылық жібер!», - деп теріс дұға қылған болатын», - деді. Кейіннен, содан кейінгі болған оқиғаларды бірден-бір қылып айтып берді: «Құрайштықтардың бастарына құрғақшылық зобалаңы түсті. Өсімдіктердің барлық түрі қурап жойылып кетті. Құрайыштықтар тіптен арам өлген хайуандардың терісіне дейін жеп бытырап кетісті. Аштықтан құр сүлдерлері қалып, аспанға қараса көздері қарауытып, бастары айналатын халге душар болды. Сонда Әбу Суфьян Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) келіп: «Ей Мұхаммед (с.ғ.с.), сіз бізге Алла тағалаға бой ұсынуды, бауырмашылдыққа жік түсірмей мейрім-шапағатты болуға бұйырасыз ғой! Өзіңіздің бауырларыңыз болып есептелетін Құрайыш тайпасы құрғақшылық пен аштықтан жапа шегіп қырылуда. Олардың хақысы үшін Алла тағаладан құтқару тілеп дұға қылыңыз!», - деді. «Ендеше аспанның бір ашық түтін келтіретін күнін күт!», - деген жерден, «...Өте қатты ұстаумен ұстаған күні, әрине тиісті жазасын береміз¹³», - деген жерге дейін оқыды. (Өзіңіз білетіндей) аспанды түтін қаптайтын күн де, қатты жазалап, өш алатын күн де болып өтті. Сонда Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) оқыған аяттары - «Рұм» сүресінің бастапқы аяттары болатын.

¹³ 44. Дұхан-10-16 аяттар.

36-бап. Құрғақшылық болғанда адамдардың «Алла тағаладан жаңбыр сұрап дұға етіп беріңіз!» деп имамға айтуы туралы

122- حَدَّثَنَا عَمْرُو بْنُ عَلِيٍّ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو فُتَيْبَةَ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الرَّحْمَنِ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ دِينَارٍ عَنْ أَبِيهِ قَالَ سَمِعْتُ ابْنَ عُمَرَ يَتَمَثَّلُ بِشِعْرِ أَبِي طَالِبٍ وَأَبْيَضَ يُسْتَسْقَى الْغَمَامُ بِوَجْهِهِ ثِمَالُ الْيَتَامَى عِصْمَةَ لِلْأَرَامِلِ وَقَالَ عُمَرُ بْنُ حَمْزَةَ حَدَّثَنَا سَالِمٌ عَنْ أَبِيهِ رَبِّمَا ذَكَرْتُ قَوْلَ الشَّاعِرِ وَأَنَا أَنْظُرُ إِلَى وَجْهِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَسْتَسْقِي فَمَا يَنْزِلُ حَتَّى يَجِيثَ كُلُّ مِيزَابٍ وَأَبْيَضَ يُسْتَسْقَى الْغَمَامُ بِوَجْهِهِ ثِمَالُ الْيَتَامَى عِصْمَةَ لِلْأَرَامِلِ وَهُوَ قَوْلُ أَبِي طَالِبٍ

122- Абдулла ибн Динарға (р.а.) атасы айтып беріпті: «Ибн Омардың «Ей Тәңірім, байғұс-бейшаралардың, жетім-жесірлердің құрметі үшін жауын жаудыра гөр!»,- деген мазмұндағы Әбу Тәліптің жазған сөздерін айтып дұға қылғаның естідім»,- депті.

Сәлімге атасы Абдулла ибн Омар (р.а.) былай депті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мінберде тұрып жаңбыр тілеп дұға етісімен жүзіне жауынның тамшысы тамшылай бастағанын көргенімде ақын Әбу Тәліптің «Ей Тәңірім, байғұс бейшаралар мен жетім жесірлердің құрметі үшін жауын жаудыра гөр!»,- деген мазмұндағы бәйіті есіме түсті»,- депті.

123- حَدَّثَنَا الْحَسَنُ بْنُ مُحَمَّدٍ قَالَ حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ الْأَنْصَارِيُّ قَالَ حَدَّثَنِي أَبِي عَبْدُ اللَّهِ بْنُ الْمُثَنَّى عَنْ ثُمَامَةَ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَنَسٍ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ أَنَّ عُمَرَ بْنَ الْخَطَّابِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ كَانَ إِذَا فَحَطُوا اسْتَسْقَى بِالْعَبَّاسِ بْنِ عَبْدِ الْمُطَّلِبِ فَقَالَ اللَّهُمَّ إِنَّا كُنَّا نَتَوَسَّلُ إِلَيْكَ بِنَبِيِّنَا فَتَسْقِينَا وَإِنَّا نَتَوَسَّلُ إِلَيْكَ بِعَمِّ نَبِيِّنَا فَاسْقِنَا قَالَ فَيُسْقَوْنَ

123- Әнас (р.а.) риуаят етті: «Хазреті Омар (р.а.), құрғақшылық болғанда, Аббас ибн Әбд ул-Муталлибты ортаға қойып Алла тағаладан жаңбыр сұрайтын. «Иләһи, біз сенен Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) арқылы жаңбыр сұрағанымызда, жаңбыр жауғызатынсын. Енді біз Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ағасын араға салып сенен жаңбыр сұраймыз, бізге жаңбыр жаудыра гөр!»,- деп дұға қылатын. Содан соң Алла тағала жаңбыр жауғызатын»,- деді.

37-бап. Жаңбыр сұрап дұға еткенде *ридоны* денеге жақсылап орап алу туралы

124- حَدَّثَنَا إِسْحَاقُ قَالَ حَدَّثَنَا وَهْبُ بْنُ جَرِيرٍ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعْبَةُ عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ أَبِي بَكْرٍ عَنْ عَبَّادِ بْنِ تَمِيمٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ زَيْدٍ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ اسْتَسْقَى فَقَلَبَ رِذَاءَهُ

124- Абдулла ибн Зәйд (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с) *ридоларын* жақсылап орап алып, кейін Алла тағаладан жаңбыр сұрап дұға қылды», - деді.

125- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي بَكْرٍ أَنَّهُ سَمِعَ عَبَّادَ بْنَ تَمِيمٍ يُحَدِّثُ أَبَاهُ عَنْ عَمِّهِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ زَيْدٍ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ خَرَجَ إِلَى الْمُصَلَّى فَاسْتَسْقَى فَاسْتَقْبَلَ الْقِبْلَةَ وَقَلَبَ رِذَاءَهُ وَصَلَّى رَكَعَيْنِ قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ كَانَ ابْنُ عُيَيْنَةَ يَقُولُ هُوَ صَاحِبُ الْأَذَانِ وَلِكِنَّهُ وَهُمْ لِأَنَّ هَذَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ زَيْدِ بْنِ عَاصِمِ الْمَازِنِيِّ مَازِنُ الْأَنْصَارِ

125- Абдулла ибн Зәйд (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с) намаз оқитын жерге шығып жаңбыр сұрады. Содан соң, қыблаға қарап тұрып *ридоларын* денесіне жақсылап тұрып орап алды-да екі рәкат намаз оқыды», - деді.

38-бап. Көпшілік болып мешітте жаңбыр сұрау туралы

126- حَدَّثَنَا مُحَمَّدٌ قَالَ أَخْبَرَنَا أَبُو ضَمْرَةَ أَنَسُ بْنُ عِيَاضٍ قَالَ حَدَّثَنَا شَرِيكُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي نَمْرٍ أَنَّهُ سَمِعَ أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ يَذْكُرُ أَنَّ رَجُلًا دَخَلَ يَوْمَ الْجُمُعَةِ مِنْ بَابِ كَانَ وَجَاهَ الْمِنْبَرِ وَرَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَائِمٌ يَخْطُبُ فَاسْتَقْبَلَ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَائِمًا فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ هَلَكْتَ الْمَوَاشِي وَانْقَطَعَتِ السُّبُلُ فَادْعُ اللَّهَ يُغِيثَنَا قَالَ فَرَفَعَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَدَيْهِ فَقَالَ اللَّهُمَّ اسْقِنَا اللَّهُمَّ اسْقِنَا قَالَ أَنَسُ وَلَا وَاللَّهِ مَا نَرَى فِي السَّمَاءِ مِنْ

سَحَابٍ وَلَا قَزَعَةَ وَلَا شَيْئًا وَمَا بَيْنَنَا وَبَيْنَ سَلْعٍ مِنْ بَيْتٍ وَلَا دَارٍ قَالَ فَطَلَعَتْ مِنْ
وَرَائِهِ سَحَابَةٌ مِثْلُ الثُّرْسِ فَلَمَّا تَوَسَّطَتْ السَّمَاءَ انْتَشَرَتْ ثُمَّ أَمْطَرَتْ قَالَ وَاللَّهِ مَا
رَأَيْتُنَا الشَّمْسَ سِتًّا ثُمَّ دَخَلَ رَجُلٌ مِنْ ذَلِكَ الْبَابِ فِي الْجُمُعَةِ الْمُقْبِلَةِ وَرَسُولُ اللَّهِ
صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَائِمٌ يَخْطُبُ فَاِسْتَقْبَلَهُ قَائِمًا فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ هَلَكْتَ الْأَمْوَالُ
وَأَنْقَطَعَتِ السُّبُلُ فَادْعُ اللَّهَ يُمَسِّكْهَا قَالَ فَرَفَعَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
يَدَيْهِ ثُمَّ قَالَ اللَّهُمَّ حَوَالَيْنَا وَلَا عَلَيْنَا اللَّهُمَّ عَلَى النَّكَامِ وَالْحِبَالِ وَالْأَجَامِ وَالظَّرَابِ
وَالْأَوْدِيَةِ وَمَنَابِتِ الشَّجَرِ قَالَ فَأَنْقَطَعَتْ وَخَرَجْنَا نَمْشِي فِي الشَّمْسِ قَالَ شَرِيكُ
فَسَأَلْتُ أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ أَهْوَى الرَّجُلُ الْأَوَّلُ قَالَ لَا أَدْرِي

126- Энас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Бір кісі жұма күні мешітке мінбер жақтағы есіктен кіріп келді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тік тұрып уағыз айтып жатқан болатын. Әлгі кісі тік тұрған бойы Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) қарап: «Я Расулулла, мал-шаруашылығымыз күйреп, көшелер кеуіп кетті. Алла тағаладан бізге жаңбыр сұрап беріңіз!», - деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қолын көтеріп: «Иләһи, бізге жаңбыр жаудыр! Иләһи, бізге жаңбыр жаудыр! Иләһи, бізге жаңбыр жаудыр!», - деп үш рет дұға қылды. Аллаға ант етіп айтамын сол уақытта аспанда бір парша да бұлт жоқ болатын. Ауа райында жауын жауатын белгі жоқ болатын. Біз тұрған жермен Саль (Мединедегі тау) аралығында ешқандай қоныс та салынған үйде жоқ болатын. Кенеттен таудың ар жағынан бір парша бұлт пайда болып, келе-келе бүтін аспанды торлап алды. Содан соң жаңбыр жауды. Алты күн бойы күннің көзін көрмедік. Келесі жұмада да Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тік тұрған бойы уағыз айтып жатқан еді. Сол баяғы есіктен бір кісі кіріп келіп: «Я Расулулла, жаңбырдың көп жауғандығынан мал-шаруашылығымыз күйреп қырылып барады. Көшелер суға толып жүре алмай қалдық. Алла тағаладан жаңбырды тоқтатуын сұрап беріңіз!», - деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қолын көтеріп: «Иләһи, үстімізге емес айналамызға жаудыр! Иләһи, тауларға, төбелерге, алқаптарға, жайылымдарға жаудыр!», - деп дұға қылды. Жаңбыр демарада тоқтады. Мешіттен шығып кетіп бара жатқанымызда күннің көзі жарқырап тұрды», - деді.

Кейіннен Шарийк (р.а.): «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына келген адам, сол баяғы жаңбыр сұрап келген адамның өзі ма еді?», - деп сұрағанда, Энас: «Есімде жоқ», - деп жауап берді.

39-бап. Жұманың құтпасында қыблаға қарамай жаңбыр сұрау туралы

127- حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ بْنُ سَعِيدٍ قَالَ حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ بْنُ جَعْفَرٍ عَنْ شَرِيكِ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ أَنَّ رَجُلًا دَخَلَ الْمَسْجِدَ يَوْمَ جُمُعَةٍ مِنْ بَابٍ كَانَ نَحْوَ دَارِ الْقَضَاءِ وَرَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَائِمٌ يَخْطُبُ فَاسْتَقْبَلَ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَائِمًا ثُمَّ قَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ هَلَكْتَ الْأَمْوَالُ وَأَنْقَطَعَتِ السُّبُلُ فَادْعُ اللَّهَ يُغْنِنَا فَرَفَعَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَدَيْهِ ثُمَّ قَالَ اللَّهُمَّ اغْنِنَا اللَّهُمَّ اغْنِنَا قَالَ أَنَسٌ وَلَا وَاللَّهِ مَا نَرَى فِي السَّمَاءِ مِنْ سَحَابٍ وَلَا قَرَعَةً وَمَا بَيْنَنَا وَبَيْنَ سَلْعٍ مِنْ بَيْتٍ وَلَا دَارٍ قَالَ فَطَلَعَتْ مِنْ وَرَائِهِ سَحَابَةٌ مِثْلُ الثُّرْسِ فَلَمَّا تَوَسَّطَتِ السَّمَاءَ انْتَشَرَتْ ثُمَّ أَمْطَرَتْ فَلَا وَاللَّهِ مَا رَأَيْنَا الشَّمْسَ سِتًّا ثُمَّ دَخَلَ رَجُلٌ مِنْ ذَلِكَ الْبَابِ فِي الْجُمُعَةِ وَرَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَائِمٌ يَخْطُبُ فَاسْتَقْبَلَهُ قَائِمًا فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ هَلَكْتَ الْأَمْوَالُ وَأَنْقَطَعَتِ السُّبُلُ فَادْعُ اللَّهَ يُمَسِّكْهَا عَنَّا قَالَ فَرَفَعَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَدَيْهِ ثُمَّ قَالَ اللَّهُمَّ حَوِّلْنَا وَلَا عَلَيْنَا اللَّهُمَّ عَلَى الْكَاكِمِ وَالظَّرَابِ وَبُطُونِ الْأُودِيَةِ وَمَنَابِتِ الشَّجَرِ قَالَ فَأَقْلَعَتْ وَخَرَجْنَا نَمْشِي فِي الشَّمْسِ قَالَ شَرِيكٌ سَأَلْتُ أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ أَهُوَ الرَّجُلُ الْأَوَّلُ فَقَالَ مَا أَدْرِي

127- Энас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Жұма күні мешітте Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тік тұрып уағыз айтып жатқан болатын. Қазылық үйі жақтағы есіктен бір кісі кіріп келіп: «Я Расулулла, мал-шаруашылығымыз күйреп, көшелер кеуіп кетті. Алла тағаладан бізге жаңбыр сұрап беріңіз!»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қолын көтеріп: «Иләһи, бізге жаңбыр жаудыр! Иләһи, бізге жаңбыр жаудыр! Иләһи, бізге жаңбыр жаудыр!»,- деп үш рет дұға қылды. Аллаға ант етіп айтамын сол уақытта аспанда бір парша да бұлт жоқ болатын. Біз тұрған жермен Саль (Мединедегі тау) аралығында ешқандай қоныс та салынған үйде жоқ болатын. Кенеттен таудың ар жағынан бір парша бұлт пайда болып, келе-келе бүтін аспанды торлап алды. Содан соң жаңбыр жауды. Алты күн бойы күннің көзін көрмедік. Келесі жұмада да Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тік тұрған бойы уағыз айтып жатқан еді. Сол баяғы есіктен бір кісі кіріп келіп: «Я Расулулла, жаңбырдың көп жауғандығынан мал-

шаруашылығымыз күйреп қырылып барады. Көшелерді су кеулеп жүре алмай қалдық. Алла тағаладан жаңбырды тоқтатуын сұрап беріңіз!», - деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қолын көтеріп: «Иләһи, үстімізге емес айналамызға жаудыр! Иләһи, тауларға, төбелерге, ойпатты-алқаптарға, бау-бақшаларға жаудыр!», - деп дұға қылды. Жаңбыр демарада тоқтады. Мешіттен шығып кетіп бара жатқанымызда күннің көзі жарқырап тұрды», - деді.

Кейіннен Шарийк (р.а.): «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына келген адам, сол баяғы жаңбыр сұрап келген адамның өзі ма еді?», - деп сұрағанда, Әнас: «Есімде жоқ», - деп жауап берді.

40-бап. Мінберде тұрып жаңбыр сұрау туралы

128- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو عَوَانَةَ عَنْ قَتَادَةَ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ

بَيْنَمَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَخْطُبُ يَوْمَ الْجُمُعَةِ إِذْ جَاءَهُ رَجُلٌ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ قَحَطَ الْمَطَرُ فَادْعُ اللَّهَ أَنْ يَسْقِيَنَا فَدَعَا فَمَطَرْنَا فَمَا كِدْنَا أَنْ نَصِلَ إِلَى مَنَازِلِنَا فَمَا زِلْنَا نُمْطَرُ إِلَى الْجُمُعَةِ الْمُقْبِلَةِ قَالَ فَقَامَ ذَلِكَ الرَّجُلُ أَوْ غَيْرُهُ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ ادْعُ اللَّهَ أَنْ يَصْرِفَهُ عَنَّا فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ اللَّهُمَّ حَوَالَيْنَا وَلَا عَلَيْنَا قَالَ فَلَقَدْ رَأَيْتُ السَّحَابَ يَتَقَطَّعُ يَمِينًا وَشِمَالًا يُمَطِرُونَ وَلَا يُمَطِرُ أَهْلُ الْمَدِينَةِ

128- Әнас (р.а.) риуаят етті: «Жұма күні Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) құтпа айтып тұрған болатын. Бір кісі кіріп келіп: «Я Расулулла, жаңбыр жаумай қойды. Алла тағаладан сұрап беріңіз, бізге жаңбыр жауғызсын!», - деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) дұға қылды. Алла тағала бізге жаңбыр жаудырды. Жаңбырдың көп жауғандығы соншалық тіптен үйімізге жете алмай қала жаздадық. Жаңбыр келесі жұмаға дейін тыңбай жауды. Сонда жаңбыр сұрап келген (әлде басқа бір) адам: «Я Расулулла, Алла тағаладан сұрап беріңіз, жаңбырды бізден басқа жаққа жаудырсын!», - деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Иләһи, үстімізге емес айналамызға жаудыр!», - деп дұға қылды. Сол кезде-ақ қап-қара бұлттардың (оңға солға) жан-жаққа тарап жатқаның көрдім. Мединенің оң-солына (айналасына) жаңбыр жауғанымен Мединенің үстіне жаумады», - деді.

41-бап. Жаңбыр сұрағанда жұма намазының өзі мен ғана шектелу туралы

129- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ عَنْ مَالِكٍ عَنْ شَرِيكَ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ جَاءَ رَجُلٌ إِلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ هَلَكْتَ الْمَوَاشِي وَتَقَطَّعَتِ السُّبُلُ فَدَعَا فَمَطَرْنَا مِنَ الْجُمُعَةِ إِلَى الْجُمُعَةِ ثُمَّ جَاءَ فَقَالَ تَهَدَّمَتِ الْبُيُوتُ وَتَقَطَّعَتِ السُّبُلُ وَهَلَكْتَ الْمَوَاشِي فَأَدْعُ اللَّهَ يُمَسِّكْهَا فَقَامَ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ اللَّهُمَّ عَلَى الْآكَامِ وَالظَّرَابِ وَالْأُودِيَةِ وَمَنَايِبِ الشَّجَرِ فَأَنْجَابَتْ عَنِ الْمَدِينَةِ ائْحْيَابَ الثُّوبِ

129- Әнас (р.а.) риуаят етті: «Бір кісі Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына келіп: «Я Расуллұлла, шаруашылығымыз күйреп, көшелер кеуіп кетті»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) дұға қылып еді, жұмадан жұмаға дейін жаңбыр жауды. Баяғы кісі тағы да келіп: «Я Расуллұлла, үйлерді су басып, көшелер суға толып, шаруашылығымыз қырылып барады, Алла тағаладан сұрап дұға қылсаңыз жаңбырды тоқтатса!»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Иләһи, сай-салаға жазық жерлерге, егістіктер мен жайылымдарға жаудыр!»,- деп дұға қылды. Киім шешілгенде дене қалай ашылып қалатын болса, Мединенің аспаны да бұлыттан солай ашылды»,- деді.

42-бап. Жаңбырдың көп жауғандығынан көшелер бүлінгенде дұға қылу туралы

130- حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ قَالَ حَدَّثَنِي مَالِكٌ عَنْ شَرِيكَ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي نَمِرٍ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ جَاءَ رَجُلٌ إِلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ هَلَكْتَ الْمَوَاشِي وَانْقَطَعَتِ السُّبُلُ فَأَدْعُ اللَّهَ فَدَعَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَمَطَرُوا مِنَ جُمُعَةٍ إِلَى جُمُعَةٍ فَجَاءَ رَجُلٌ إِلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ تَهَدَّمَتِ الْبُيُوتُ وَتَقَطَّعَتِ السُّبُلُ وَهَلَكْتَ الْمَوَاشِي فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ اللَّهُمَّ عَلَى رُءُوسِ الْجِبَالِ وَالْآكَامِ وَبُطُونِ الْأُودِيَةِ وَمَنَايِبِ الشَّجَرِ فَأَنْجَابَتْ عَنِ الْمَدِينَةِ ائْحْيَابَ الثُّوبِ

130- Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Бір кісі Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына келіп: «Я Расулулла, құрғақшылықтан шаруашылық күйреп, көшелер кеуіп кетті, Алла тағаладан жаңбыр сұрап беріңіз!»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) дұға қылып еді, жұмадан жұмаға дейін жаңбыр жауды. Содан соң бір кісі келіп: «Я Расулулла, үйлер бұзылып, көшелерді су кеулеп бүлініп, шаруашылығымыз қырылып барады»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қолын жайып: «Иләһи, тау-тасқа, жазық жерлерге, егістіктер мен жайылымдарға жаудыр!»,- деп дұға қылды. Қаптаған қалың бұлт Мединеден «шешілген киімдей» жан-жаққа тарап кетті»,- деді.

43-бап. Жұма күні Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жаңбыр сұрағанында ридоларын жақсылап орап алмағаны туралы айтылған сөздер туралы

131- حَدَّثَنَا الْحَسَنُ بْنُ بِشْرِ قَالَ حَدَّثَنَا مُعَاوِيَةُ بْنُ عِمْرَانَ عَنْ الْأَوْزَاعِيِّ عَنْ إِسْحَاقَ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي طَلْحَةَ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ أَنَّ رَجُلًا شَكَا إِلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ هَلَكَ الْمَالُ وَجَهْدَ الْعِيَالِ فَدَعَا اللَّهَ يَسْتَسْقِي وَلَمْ يَذْكُرْ أَنَّهُ حَوَّلَ رِدَاءَهُ وَلَا اسْتَقْبَلَ الْقِبْلَةَ

131- Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Бір кісі Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) келіп мал-шаруашылықтарының қырылып отбастарының қиналып қалғаны туралы»,- шағымданды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жаңбыр сұрап дұға қылды,- деді.

Осы хадисте Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ридоларын жақсылап орап алғаны туралы да, қыблаға қарап дұға қылғаны туралы да еш нәрсе айтылмаған.

44-бап. Адамдар «Жаңбыр сұрап беріңіз!»,- деп өтінсе, олардың өтінішін имам орындауы қажет

132- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ شَرِيكَ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي نَمِرٍ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ أَنَّهُ قَالَ جَاءَ رَجُلٌ إِلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ هَلَكَ الْمَوَاشِي وَتَقَطَّعَتِ السُّبُلُ فَادْعُ اللَّهَ فَدَعَا اللَّهَ فَمُطِرْنَا مِنَ الْجُمُعَةِ إِلَى الْجُمُعَةِ فَجَاءَ رَجُلٌ إِلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ نَهَدَمَتِ الْبُيُوتُ وَتَقَطَّعَتِ السُّبُلُ وَهَلَكَتِ الْمَوَاشِي فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ

صَلَّى اللّٰهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَلَى ظُهُورِ الْجِبَالِ وَالْأَكَامِ وَبَطُونِ الْأُودِيَّةِ وَمَنَابِتِ الشَّجَرِ فَأَنجَابَتْ عَنْ الْمَدِينَةِ انْجِيَابَ الثُّوبِ

132- Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Бір кісі Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына келіп: «Я Расулулла, шаруашылық күйреп, көшелер кеуіп кетті, Алла тағаладан сұрап беріңіз, бізге жаңбыр жауғызсын!»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) дұға қылып еді, жұмадан жұмаға дейін жаңбыр жауды. Содан соң бір кісі келіп: «Я Расулулла, үйлер бұзылып, көшелерді су кеулеп кетті, шаруашылығымыз қырылып барады»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қолын жайып: «Иләһи, тау-тасқа, төбелерге, егістіктер мен жайылымдарға жаудыр!»,- деп дұға қылды. Бұлттар «судырап шешілген киімдей» Мединеден басқа жаққа тарап кетті»,- деді.

45-бап. Мүшіріктер құрғақшылықта мұсылмандардан көмек қылуын сұрағанда...

133- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ كَثِيرٍ عَنْ سُفْيَانَ حَدَّثَنَا مَنصُورٌ وَالْأَعْمَشُ عَنْ أَبِي الضُّحَى عَنْ مَسْرُوقٍ قَالَ أَتَيْتُ ابْنَ مَسْعُودٍ فَقَالَ إِنَّ فُرَيْشًا أَبْطَنُوا عَنْ الْإِسْلَامِ فَدَعَا عَلَيْهِمُ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَخَذْتُهُمْ سَنَةً حَتَّى هَلَكُوا فِيهَا وَأَكَلُوا الْمَيْتَةَ وَالْعِظَامَ فَجَاءَهُ أَبُو سُفْيَانَ فَقَالَ يَا مُحَمَّدُ جِئْتَ تَأْمُرُ بِصِلَةِ الرَّحِمِ وَإِنَّ قَوْمَكَ هَلَكُوا فَادْعُ اللَّهَ فَقَرَأَ فَارْتَقَبَ يَوْمَ تَأْتِي السَّمَاءُ بِدُخَانٍ مُّبِينٍ ثُمَّ عَادُوا إِلَى كُفْرِهِمْ فَذَلِكَ قَوْلُهُ تَعَالَى يَوْمَ نَبْطِشُ الْبَطْشَةَ الْكُبْرَى إِنَّا مُنْتَقِمُونَ يَوْمَ بَدْرٍ قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ وَزَادَ أَسْبَاطُ عَنْ مَنْصُورٍ فَدَعَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَسُفُوا الْعَيْتَ فَأَطْبَقَتْ عَلَيْهِمْ سَبْعًا وَسَكَ النَّاسُ كَثْرَةَ الْمَطَرِ قَالَ اللَّهُمَّ حَوَالَيْنَا وَلَا عَلَيْنَا فَأَنْحَدَرَتِ السَّحَابَةُ عَنْ رَأْسِهِ فَسُفُوا النَّاسُ حَوْلَهُمْ

133- Масруқ (р.а.) риуаят етті: «Ибн Масғудтың (р.а.) алдында барған едім, маған мына хадисті айтып берді: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Құрайыш қауымының Исламнан бет бұрғанын көріп, Алла тағаладан оларға құрғақшылық пен ашаршылық жіберуін сұрап теріс дұға қылды. Құрайыштықтар сол жылдары пәлекет ашаршылыққа ұшырап, тіпті өлекселерді жеп сүйектерді кемірді. Сонда Әбу Суфян Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) келіп: «Ей Мұхаммед (с.ғ.с.), сіз бізге Алла тағалаға бой ұсынуды, бауырмашылдыққа жік түсірмей мейірім-шапағатты болуға бұйырасыз ғой! Құрайыш тайпасы өзіңіздің бауырларыңыз, олар құрғақшылық пен аштықтан жапа шегіп қырылуда. Олардың хақысы үшін Алла тағаладан

күтқару тілеп дұға қылыңыз!»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ендеше аспанның бір ашық түтін келтіретін күнін күт!...¹⁴»,- деген аятты оқыды. Осы бір қиыншылық күндер өтіп кеткеннен соң мүшіріктер тағыда кәпірліктерін қыла берді. Осыған байланысты Алла тағала: «...Өте қатты ұстаумен ұстаған күні, әрине тиісті жазасын береміз¹⁵»,- деді Бәдір соғысы болған күн-осы күн болатын

Мансұр (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Алла тағаладан жаңбыр сұрап дұға етті. Алла тағала жеті күн бойы жаңбыр жаудырды. Адамдар жаңбырдың қалын әрі ұзақ жауғанынан шағымданды. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Иләһи, үстімізге емес айналамызға жаудыр!»,- деп дұға қылды. Бұлттар Мединенің үстінен жан-жаққа тарқап кетті де тек қана қаланың айналасына жауды»,- деді.

46-бап. Өте қатты жаңбыр жауып сел аққанда «Үстімізге емес айналамызға жаудыр!»,- дұға қылу туралы

134- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ أَبِي بَكْرٍ حَدَّثَنَا مُعْتَمِرٌ عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ عَنْ ثَابِتٍ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَخْطُبُ يَوْمَ جُمُعَةٍ فَقَامَ النَّاسُ فَصَاحُوا فَقَالُوا يَا رَسُولَ اللَّهِ فَحَطَّ الْمَطَرُ وَاحْمَرَّتِ الشَّجَرُ وَهَلَكَتِ الْبِهَائِمُ فَادْعُ اللَّهُ يَسْقِينَا فَقَالَ اللَّهُمَّ اسْقِنَا مَرَّتَيْنِ وَإِنَّمِ اللَّهُ مَا نَرَى فِي السَّمَاءِ قَزَعَةً مِنْ سَحَابٍ فَتَشَاتُ سَحَابُهُ وَأَمْطَرَتْ وَنَزَلَ عَنِ الْمُنْبَرِ فَصَلَّى فَلَمَّا انْصَرَفَ لَمْ تَزَلْ تُمَطِّرُ إِلَى الْجُمُعَةِ الَّتِي تَلِيهَا فَلَمَّا قَامَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَخْطُبُ صَاحُوا إِلَيْهِ تَهَدَّمَتِ الْبُيُوتُ وَأَنْقَطَعَتِ السُّبُلُ فَادْعُ اللَّهُ يَحْبِسُهَا عَنَّا فَتَبَسَّمَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ثُمَّ قَالَ اللَّهُمَّ حَوَالَيْنَا وَلَا عَلَيْنَا فَكَشَطَتْ الْمَدِينَةَ فَجَعَلَتْ تَمْطُرُ حَوْلَهَا وَلَا تَمْطُرُ بِالْمَدِينَةِ قَطْرَةً فَانظُرْتُ إِلَى الْمَدِينَةِ وَإِنَّهَا لَفِي مِثْلِ الْبَاكِلِيلِ

134- Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Жұма күні Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) уағыз айтып жатқан болатын. Адамдар ол кісіге дауыстап: «Я Расулудда, жаңбыр жаумай қойды, ағаштар сарғайып қурап кетті, Алла тағаладан бізге жаңбыр сұрап беріңіз!»,- десті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қолын көтеріп: «Иләһи, бізге жаңбыр жаудыр!»,- деп екі рет дұға қылды. Аллаға ант етіп айтамын, сол уақытта аспанда бір парша да бұлт жоқ болатын. Кенеттен қайдан екені белгісіз бұлт пайда болып, жаңбыр жауды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мінберден түсіп жұма намазын оқыды.

¹⁴ 44. Дұхан-10 аят.
¹⁵ 44. Дұхан-16 аят.

Намаз оқып болған кезде жауған жаңбыр келесі жұмаға дейін бір тыңбай жауды.

Келесі жұмада да Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) орнынан тұрып уағыз айтып жатқан болатын. Адамдар дауыстап: «Я Расулулла, (жаңбырдың көп жауғандығынан) үйлер бұзылып, көшелерді су кеулеп кетті, Алла тағаладан бізге жаңбырды тоқтатуын сұрап беріңіз!», - деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жымыып: «Иләһи, үстімізге емес айналамызға жаудыр!», - деп дұға қылды. Мединеде күн ашылып, жаңбыр қаланың айналасына жауа бастады. Мединенің үстіне бір тамшы да жаумады. Мединеге қарасам тәж сияқты болып тұр екен», - деді.

47-бап. Тік тұрған бойы жаңбыр сұрап дұға қылу туралы

وَقَالَ لَنَا أَبُو نُعَيْمٍ عَنْ زُهَيْرٍ عَنْ أَبِي إِسْحَاقَ خَرَجَ عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يَزِيدَ
الْأَنْصَارِيُّ وَخَرَجَ مَعَهُ الْبَرَاءُ بْنُ عَازِبٍ وَزَيْدُ بْنُ أَرْقَمَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ
فَاسْتَسْقَى فَقَامَ بِهِمْ عَلَى رَجُلَيْهِ عَلَى غَيْرِ مَنْبَرٍ فَاسْتَعْفَرَ ثُمَّ صَلَّى رَكْعَتَيْنِ يَجْهَرُ
بِالْقِرَاءَةِ وَلَمْ يُؤَدِّنْ وَلَمْ يَقُمْ قَالَ أَبُو إِسْحَاقَ وَرَأَى عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يَزِيدَ الْأَنْصَارِيُّ
النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

Әбу Исхақ (р.а.) риуаят етті: «Абдулла ибн Язид және ол кісімен бірге Барра ибн Азиб және Зәйд ибн Арқам (Алла ол кісілерге разы болсын) Алла тағаладан жаңбыр сұрап дұға қылу үшін сахараға шықты. Абдулла ибн Язид және ол кісімен бірге барған адамдар жалан аяқ бойы тік тұрды. Абдулла ибн Язид Алла тағалаға истиғфар¹⁶ айтып жаңбыр сұрады. (Мінберге шықпады, өйткені мінбер жоқ болатын). Содан соң азан да, тәкбір де айтпай, дауыстап қираат қылып екі рәкат намаз оқыды. Абдулла ибн Язид (р.а.) Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) көрген сақаба болатын», - деді.

135- حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ قَالَ حَدَّثَنِي عَبَّادُ بْنُ
تَمِيمٍ أَنَّ عَمَّهُ وَكَانَ مِنْ أَصْحَابِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَخْبَرَهُ أَنَّ النَّبِيَّ
صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ خَرَجَ بِالنَّاسِ يَسْتَسْقِي لَهُمْ فَقَامَ فَدَعَا اللَّهَ قَائِمًا ثُمَّ تَوَجَّهَ قِبَلَ
الْقِبْلَةِ وَحَوْلَ رِذَاءَهُ فَاسْتَفُوا

135- Сахаба Ғаббад ибн Тамимнің ағасы былай деп риуаят етеді: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Алла тағаладан адамдарға жаңбыр сұрап беру

¹⁶ Истиғфар – Алла тағаладан жарылқау тілеу.

үшін оларман бірге намаз оқитын жерге шықты. Сонда мінберге шықпай тік тұрған бойы Алла тағаладан жаңбыр сұрап дұға қылды. Содан соң *ридоларын* жақсылап орап алды-да, намаз оқыды, кейіннен жаңбыр жауды»,- деді.

48-бап. Жаңбыр сұрап намаз оқығанда дауыс шығарып оқу туралы

136- حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ حَدَّثَنَا ابْنُ أَبِي ذَنْبٍ عَنِ الزُّهْرِيِّ عَنْ عَبْدِ بْنِ تَمِيمٍ عَنْ عَمِّهِ قَالَ خَرَجَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَسْتَسْقِي فَنَوَّجَهُ إِلَى الْقِبْلَةِ يَدْعُو وَحَوْلَ رِدَاءَهُ ثُمَّ صَلَّى رَكَعَتَيْنِ جَهْرًا فِيهِمَا بِالْقِرَاءَةِ

136- Ғаббад ибн Тамим (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Алла тағаладан адамдарға жаңбыр сұрап беру үшін намаз оқитын жерге шықты. Қыблаға қарап тұрып дұға қылды. Содан соң *ридоларын* жақсылап орап алды-да, дауысын шығарып қираат пен намаз оқыды»,- деді.

49-бап. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жаңбыр сұрап жатқанда адамдарға қалай қылып (арқасымен) бұрылып тұрды?

137- حَدَّثَنَا آدَمُ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ أَبِي ذَنْبٍ عَنِ الزُّهْرِيِّ عَنْ عَبْدِ بْنِ تَمِيمٍ عَنْ عَمِّهِ قَالَ رَأَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَوْمَ خَرَجَ يَسْتَسْقِي قَالَ فَحَوْلَ إِلَى النَّاسِ ظَهْرَهُ وَأَسْتَقْبَلَ الْقِبْلَةَ يَدْعُو ثُمَّ حَوْلَ رِدَاءَهُ ثُمَّ صَلَّى لَنَا رَكَعَتَيْنِ جَهْرًا فِيهِمَا بِالْقِرَاءَةِ

137- Ғаббад ибн Тамимнің ағасы риуаят етті: «Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) Алла тағаладан адамдарға жаңбыр сұрап беру үшін намаз оқитын жерге шыққан күні көрдім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) адамдарға арқасымен бұрылды-да, қыблаға қарап дұға қылды. Содан соң *ридоларын* жақсылап түзулеп алды-да, екі рәкат намаз оқыды. Сондағы қирааты бізге анық естіліп тұрды»,- деді.

50-бап. Жаңбыр сұрап (тасаттық бергенде) оқылатын намаз екі рәкат екендігі туралы

138- حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ بْنُ سَعِيدٍ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي بَكْرٍ سَمِعَ عَبَّادَ بْنَ تَمِيمٍ عَنْ عَمِّهِ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ اسْتَسْقَى فَصَلَّى رَكَعَتَيْنِ وَقَلْبَ رِذَاءَهُ

138- Ғаббад ибн Тамимнің ағасы риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Алла тағаладан жаңбыр сұрап, екі рәкат намаз оқыды. Намаз оқудан бұрын ридоларын жақсылап түзеп орап алған болатын», - деді.

51-бап. Намаз оқитын жерге шығып жаңбыр сұрау туралы

139- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مُحَمَّدٍ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي بَكْرٍ سَمِعَ عَبَّادَ بْنَ تَمِيمٍ عَنْ عَمِّهِ قَالَ خَرَجَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِلَى الْمُصَلَّى يَسْتَسْقِي وَاسْتَقْبَلَ الْقِبْلَةَ فَصَلَّى رَكَعَتَيْنِ وَقَلْبَ رِذَاءَهُ قَالَ سُفْيَانُ فَأَخْبَرَنِي الْمَسْعُودِيُّ عَنْ أَبِي بَكْرٍ قَالَ جَعَلَ الْيَمِينَ عَلَى الشَّمَالِ

139- Ғаббад ибн Тамимнің ағасы риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намаз оқитын жерге шығып жаңбыр сұрады. Ридоларын жақсылап түзетіп алып, екі рәкат намаз оқыды. Әбу Суфянға Әл-Масғудий, ал оған Әбу Бәкір (р.а.) былай деген екен: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ридоларын оңынан солына қарай орап, түзетіп алды», - депті.

52-бап. Жаңбыр сұрағанда қыблаға қаратұру туралы

140- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ سَلَامٍ قَالَ أَخْبَرَنَا عَبْدُ الْوَهَّابِ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ سَعِيدٍ قَالَ أَخْبَرَنِي أَبُو بَكْرٍ بْنُ مُحَمَّدٍ أَنَّ عَبَّادَ بْنَ تَمِيمٍ أَخْبَرَهُ أَنَّ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ زَيْدٍ الْأَنْصَارِيَّ أَخْبَرَهُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ خَرَجَ إِلَى الْمُصَلَّى يُصَلِّي وَأَنَّهُ لَمَّا دَعَا أَوْ أَرَادَ أَنْ يَدْعُوَ اسْتَقْبَلَ الْقِبْلَةَ وَحَوْلَ رِذَاءَهُ قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ عَبْدُ اللَّهِ بْنُ زَيْدٍ هَذَا مَازِنِيٌّ وَالْأَوَّلُ كُوفِيٌّ هُوَ ابْنُ يَزِيدَ

140- Ибад ибн Тамимнің ағасы риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Алла тағаладан жаңбыр сұрап намаз оқығалы адамдармен бірге намаз

оқитын жерге шықты. Ридоларын түзетіп алды-да, қыблаға қарап дұға қылды», - деді.

53-бап. Имам жаңбыр сұрап жатқанында адамдардың да онымен бірге дұғаға қол жайюлары туралы

بَابُ رَفْعِ النَّاسِ أَيْدِيَهُمْ مَعَ الْإِمَامِ فِي الْإِسْتِسْقَاءِ قَالَ أَيُّوبُ بْنُ سُلَيْمَانَ حَدَّثَنِي أَبُو بَكْرٍ بْنُ أَبِي أُوَيْسٍ عَنْ سُلَيْمَانَ بْنِ بِلَالٍ قَالَ قَالَ يَحْيَى بْنُ سَعِيدٍ سَمِعْتُ أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ قَالَ أَتَى رَجُلٌ أَعْرَابِيٌّ مِنْ أَهْلِ الْبَدْوِ إِلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَوْمَ الْجُمُعَةِ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ هَلَكْتَ الْمَاشِيَةُ هَلَكَ الْعِيَالُ هَلَكَ النَّاسُ فَرَفَعَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَدَيْهِ يَدْعُو وَرَفَعَ النَّاسُ أَيْدِيَهُمْ مَعَهُ يَدْعُونَ قَالَ فَمَا خَرَجْنَا مِنَ الْمَسْجِدِ حَتَّى مُطِرْنَا فَمَا زِلْنَا نُمَطِّرُ حَتَّى كَانَتْ الْجُمُعَةُ الْآخِرَى فَأَتَى الرَّجُلُ إِلَى نَبِيِّ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ بَشِقَ الْمُسَافِرُ وَمُنِعَ الطَّرِيقُ وَقَالَ الْأُوَيْسِيُّ حَدَّثَنِي مُحَمَّدُ بْنُ جَعْفَرٍ عَنْ يَحْيَى بْنِ سَعِيدٍ وَشَرِيكَ سَمِعَا أَنَسًا عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَّهُ رَفَعَ يَدَيْهِ حَتَّى رَأَيْتَ بَيَاضَ إِبْطِيهِ

Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Жұма күні бір бәдәуи Пайғамбарымыздың алдына келіп: «Я Расулулла, шаруашылығымыз күйреп етті. Бала-шағаларымыз, адамдар жапа шегуде», - деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қолын көтеріп дұға қылды. Адамдар да ол кісімен бірге дұғаға қолдарын көтерді. Сол мезетте мешіттен шығып үлгермегенімізше үстімізге жаңбыр тамшылай бастады. Жаңбыр келесі жұмаға дейін тыңбай жауды. Баяғы кісі Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына тағы-да келіп: «Я Расулулла, жолда (көшелерде) жүру мүмкін болмай қалғандығынан мүсәпірлер кете алмай қалды», - деді. Әнас (р.а.) Яхья ибн Сағидпен оның серіктеріне: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қолын дұға қылуға көтерді. Сонда мен ол кісінің қолтықтарының соншалықты әппақ екендігін көрдім», - деді.

54-бап. Имамның жаңбыр сұрағанда дұғаға қол жаюы туралы

141- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ بَشَّارٍ حَدَّثَنَا يَحْيَى وَابْنُ أَبِي عَدِيٍّ عَنْ سَعِيدٍ عَنْ قَتَادَةَ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَا يَرْفَعُ يَدَيْهِ فِي شَيْءٍ مِنْ دُعَائِهِ إِلَّا فِي الْإِسْتِسْقَاءِ وَإِنَّهُ يَرْفَعُ حَتَّى يُرَى بَيَاضَ إِبْطِيهِ

141- Өнас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ешқашан қолын көтеріп дұға қылмайтын еді. Бірақ-та, Алла тағаладан жаңбыр сұрағаныңда, қолын жоғары көтеріп дұға қылатын. Тіпті сонда қолтықтарының әппақтығы көрінетін», - деді.

55-бап. Жаңбыр жауғанда не дейді?

Ибн Аббас (р.а.): «Құран кәрімдегі «Ау ка-саййибин» аятындағы «саййиб» сөзін жаңбыр деген сөз», - деді.

حَدَّثَنَا مُحَمَّدٌ هُوَ ابْنُ مُقَاتِلٍ أَبُو الْحَسَنِ الْمَرْزُوقِيُّ قَالَ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ قَالَ
أَخْبَرَنَا عُبَيْدُ اللَّهِ عَنْ نَافِعٍ عَنِ الْقَاسِمِ بْنِ مُحَمَّدٍ عَنْ عَائِشَةَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى
اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ إِذَا رَأَى الْمَطَرَ قَالَ اللَّهُمَّ صَيِّبًا نَافِعًا تَابِعَهُ الْقَاسِمُ بْنُ يَحْيَى
عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ وَرَوَاهُ الْأَوْزَاعِيُّ وَعُقَيْلٌ عَنْ نَافِعٍ

Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жаңбыр жауып жатқаның көріп: «Аллаһумма саййибан нафиған (Иләһи, пайдасы тиетін жаңбыр бер!)», - деп айтатын», - деді.

56-бап. Сақалынан су тамғанша жаңбырды астында тұрған кісі туралы

143 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ مُقَاتِلٍ قَالَ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ الْمُبَارَكِ قَالَ أَخْبَرَنَا
الْأَوْزَاعِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا إِسْحَاقُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي طَلْحَةَ الْأَنْصَارِيُّ قَالَ حَدَّثَنِي
أَنْسُ بْنُ مَالِكٍ قَالَ أَصَابَتْ النَّاسَ سَنَةٌ عَلَى عَهْدِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
فَبَيْنَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَخْطُبُ عَلَى الْمِنْبَرِ يَوْمَ الْجُمُعَةِ قَامَ
أَعْرَابِيٌّ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ هَلْكَ الْمَالُ وَجَاعَ الْعِيَالُ فَادْعُ اللَّهَ لَنَا أَنْ يَسْقِيَنَا قَالَ
فَرَفَعَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَدَيْهِ وَمَا فِي السَّمَاءِ قَزَعَةٌ قَالَ فَتَنَرَ
سَحَابٌ أَمْثَالُ الْجِبَالِ ثُمَّ لَمْ يَنْزِلْ عَنْ مَنْبَرِهِ حَتَّى رَأَيْتُ الْمَطَرَ يَتَحَادَرُ عَلَى لِحْيَتِهِ
قَالَ فَمَطَرْنَا يَوْمَنَا ذَلِكَ وَفِي الْعَدِّ وَمِنْ بَعْدِ الْعَدِّ وَالَّذِي يَلِيهِ إِلَى الْجُمُعَةِ الْأُخْرَى
فَقَامَ ذَلِكَ الْأَعْرَابِيُّ أَوْ رَجُلٌ غَيْرُهُ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ تَهْدَمُ الْبِنَاءُ وَغَرِقَ الْمَالُ
فَادْعُ اللَّهَ لَنَا فَرَفَعَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَدَيْهِ وَقَالَ اللَّهُمَّ حَوَالَيْنَا وَلَا

عَلَيْنَا قَالَ فَمَا جَعَلَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُشِيرُ بِيَدِهِ إِلَى نَاحِيَةٍ مِنَ
السَّمَاءِ إِلَّا تَقَرَّجَتْ حَتَّى صَارَتْ الْمَدِينَةَ فِي مِثْلِ الْجَوْبَةِ حَتَّى سَالَ الْوَادِي وَادِي
فَنَاءَ شَهْرًا قَالَ فَلَمْ يَجِءْ أَحَدٌ مِنْ نَاحِيَةٍ إِلَّا حَدَّثَ بِالْجَوْدِ

143- Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) заманында құрғақшылық жылы болды. Жұма күндерінің бірінде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) уағыз айтып тұрған болатын. Бір бәдәуи орнынан тұрып: «Я Расулулла, мал-шаруашылығымыз күйреп қырылып, бала-шағамыз аш қалды. Алла тағаладан бізге жаңбыр сұрап беріңіз!»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қолын көтеріп дұға қылды. Сол кезде аспанда бірде-бір бұлт жоқ болатын. Кенеттен қайдан екені белгісіз таудай-таудай бұлттар пайда болды. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мінберден түспей жатып сақалындағы жаңбырдың тамшыларын сыдырып түсіріп жатқанын көрдім. Жаңбыр осы күні, ертенгі күні, тіптен келесі жұмаға дейін тынбай жауды. Келесі жұмада баяғы бәдәуи (әлде басқасы) орнынан тұрып: «Я Расулулла, жаңбырдың көп жауғандығынан үйлер судың астында қалып, малдарымыз батып қылылып жатыр. Алла тағаладан жаңбырды тоқтатуын сұрап беріңіз!»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қолын көтеріп: «Иләһи, үстімізге емес айналамызға жаудыр!»,- деп дұға қылды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) аспанның қай жағына қолымен нұсқаса бұлттар сол жаққа тарқап кететін еді. Тіптен Мединенің төбесі демде шәйдай ашылып кетті.) Жаңбыр далалы алқаптарда бір ай бойы тоқтаусыз жауып, ағыл-тегіл сел ақты. Сол күндері бізге дала жақтан кім келсе де, барлығы қалын жауынның жауып жатқандығы туралы айтатын»,- деді.

57-бап. Қатты жел (дауыл) соққанда ...

144 - حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ أَبِي مَرْيَمَ قَالَ أَخْبَرَنَا مُحَمَّدُ بْنُ جَعْفَرٍ قَالَ أَخْبَرَنِي
حُمَيْدٌ أَنَّهُ سَمِعَ أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ يَقُولُ كَانَتْ الرِّيحُ الشَّدِيدَةُ إِذَا هَبَّتْ عُرِفَ ذَلِكَ فِي
وَجْهِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

144- Хумайд (р.а.) Әнастан былай деп естіген екен: «Қатты жел соқса, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жүзінен аландаушылықтың белгісі сезілетін»,- деді.

58-бап. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) «Алла тағала маған таңғы самалмен зафар жолдады»,- дегені туралы

145- حَدَّثَنَا مُسْلِمٌ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ الْحَكَمِ عَنْ مُجَاهِدٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ أَنَّ

النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ نُصِرْتُ بِالصَّبَا وَأَهْلِكْتُ عَادٌ بِالدَّبُورِ

145- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Алла тағала маған таңғы самал мен жеңіс жолдады. Ғад қауымын, Дабур желімен (Күнбатыс жақтан соғатын кешкі жел) азапқа ұшыратты»,- деді.

59-бап. Зілзала және әр түрлі апаттар туралы айтылған хадистер

146- حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ قَالَ أَخْبَرَنَا أَبُو الزِّنَادِ عَنْ عَبْدِ

الرَّحْمَنِ الْأَعْرَجِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَا تَقُومُ

السَّاعَةُ حَتَّى يُفْبِضَ الْعِلْمُ وَتَكْثُرَ الزَّلَازِلُ وَيَتَفَارَبَ الزَّمَانُ وَتَظْهَرَ الْفِتْنُ وَيَكْثُرَ

الْهَرَجُ وَهُوَ الْقَتْلُ الْقَتْلُ حَتَّى يَكْثُرَ فِيكُمْ الْمَالُ فَيَفِيضَ

146- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Білім (ислам білімі) бүтіндей құрымағанша, зілзаланың (жер сілкінісі) көбеймегенінше, уақыт (өмір) тез өтетін болмағанша, фитна¹⁷ және күнәлі істер әшкере қылынбағанынша қиямет болмайды. Қиямет жақындағанда байығандықтарың соншалықты тіптен мал-дүниелерің (үйлеріне) симай кетеді»,- деді.

147- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ الْمُثَنَّى قَالَ حَدَّثَنَا حُسَيْنُ بْنُ الْحَسَنِ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ

عَوْنٍ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ قَالَ قَالَ اللَّهُمَّ بَارِكْ لَنَا فِي شَامِنَا وَفِي يَمِينِنَا قَالَ قَالُوا

وَفِي نَجْدِنَا قَالَ قَالَ اللَّهُمَّ بَارِكْ لَنَا فِي شَامِنَا وَفِي يَمِينِنَا قَالَ قَالُوا وَفِي نَجْدِنَا قَالَ

قَالَ هُنَاكَ الزَّلَازِلُ وَالْفِتْنُ وَبِهَا يَطَّلَعُ قَرْنُ الشَّيْطَانِ

147- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Иләһи, біздің оң жағымыздағы және сол жағымыздағы мемлекеттерге берекет бере гөр!»,- деді. Сахабалар: «Біздің Наждқа да»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үндеместен: «Иләһи, біздің оң жағымыздағы және сол жағымыздағы мемлекеттерге берекет бере гөр!»,- деді. Сахабалар: «Біздің Наждқа да»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ол жерлерде

¹⁷ Фитна – Бүлік шығару, іріткі салу.

жер сілкіністері, бүліктер (фитна) болады. Жәнеде ол жерде шайтан (өз бүлігін іске асырып) басын көтерер»,- деді

60-бап. Алла тағаланың «Рыздықты жоққа шығармандар!»,- деген аят кәрімі; және Ибн Аббастың «рыздық» сөзін «шүкір» деп түсіндіргені туралы

148- حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ حَدَّثَنِي مَالِكٌ عَنْ صَالِحِ بْنِ كَيْسَانَ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُثْبَةَ بْنِ مَسْعُودٍ عَنْ زَيْدِ بْنِ خَالِدٍ الْجُهَنِيِّ أَنَّهُ قَالَ صَلَّى لَنَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَلَاةَ الصُّبْحِ بِالْحُدَيْبِيَّةِ عَلَى إِثْرِ سَمَاءٍ كَانَتْ مِنَ اللَّيْلَةِ فَلَمَّا انْصَرَفَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَقْبَلَ عَلَى النَّاسِ فَقَالَ هَلْ تَدْرُونَ مَاذَا قَالَ رَبُّكُمْ قَالُوا اللَّهُ وَرَسُولُهُ أَعْلَمُ قَالَ أَصْبَحَ مِنْ عِبَادِي مُؤْمِنٌ بِي وَكَافِرٌ فَأَمَّا مَنْ قَالَ مُطْرْنَا بِفَضْلِ اللَّهِ وَرَحْمَتِهِ فُذِّكَ مُؤْمِنٌ بِي كَافِرٌ بِالْكَوْكَبِ وَأَمَّا مَنْ قَالَ بِنُوءٍ كَذَا وَكَذَا فُذِّكَ كَافِرٌ بِي مُؤْمِنٌ بِالْكَوْكَبِ

148- Зәйд ибн Халид (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түндердің бірінде Худайбияда жаңбырдан дымқылданған жерде (бізге имамдық қылып) таң намазын оқыды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намаздан соң адамдарға бұрылып: «Раббыларыңның не дейтінің білесіңдер ме?»,- деді. Сахабалар: «Алла тағала және оның елшісі біледі»,- десті. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): Алла тағала: «Пенделерімнің кейбірі маған иман келтірді, ал кейбірі маған қарсылық қылып кәпір болды. Кімде-кім жауған жаңбырды Алла тағаланың пенделеріне жіберген рахымшылығы десе, ол мұьмин болып, жұлдыздарды Тәңір сипатынан тәрк еткен болады. Ал кімде-кім жауған жаңбырды жұлдыздардың олай-бұлай болуынан болды десе, ол кәпір болып, жұлдыздаға сиынған болады»,- деп айтты»,- деді.

61-бап. Жаңбырдың қашан жауатының Алла тағаладан басқа ешкім білмейді

قَالَ أَبُو هُرَيْرَةَ عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ خَمْسٌ لَا يَعْلَمُهُنَّ إِلَّا اللَّهُ

Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бес түрлі нәрсені Алла тағаладан басқа ешкім білмейді»,- деп айтқан»,- деді.

149- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ يُوسُفَ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ دِينَارٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِفْتَاحُ الْغَيْبِ خَمْسٌ لَا يَعْلَمُهَا إِلَّا اللَّهُ

لَا يَعْلَمُ أَحَدٌ مَا يَكُونُ فِي عَدٍ وَلَا يَعْلَمُ أَحَدٌ مَا يَكُونُ فِي الْأَرْحَامِ وَلَا تَعْلَمُ نَفْسٌ مَادَا تَكْسِبُ عَدَاً وَمَا تَدْرِي نَفْسٌ بِأَيِّ أَرْضٍ تَمُوتُ وَمَا يَدْرِي أَحَدٌ مَتَى يَجِيءُ الْمَطْرُ

149- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ғайып (адам білмейтін) нәрселер бесеу оларды Алланың өзі ғана біледі. Олар:

1. Ертең не боларын;
2. Туылатын баланың ұл немесе қыз екенін;
3. Ертең қай жерден рыздық тауып жейтінін;
4. Қай жерде өлетінін;
5. Жаңбырдың қашан жауатынын білмейді»,- деді.

БИСМИЛЛӘҺИР РАХМАНИР РАХИМ

КҮН ТҰТЫЛУ КІТАБЫ

1-бап. Күн тұтылғанда намаз оқу туралы

150- حَدَّثَنَا عَمْرُو بْنُ عَوْنٍ قَالَ حَدَّثَنَا خَالِدٌ عَنْ يُونُسَ عَنِ الْحَسَنِ عَنْ أَبِي بَكْرَةَ قَالَ كُنَّا عِنْدَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَنْكَسَفَتِ الشَّمْسُ فَقَامَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَجُرُّ رِدَاءَهُ حَتَّى دَخَلَ الْمَسْجِدَ فَدَخَلْنَا فَصَلَّى بِنَا رَكَعَيْنِ حَتَّى انْجَلَتِ الشَّمْسُ فَقَالَ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنَّ الشَّمْسَ وَالْقَمَرَ لَا يَنْكَسِفَانِ لِمَوْتِ أَحَدٍ فَإِذَا رَأَيْتُمُوهُمَا فَصَلُّوا وَادْعُوا حَتَّى يُكْشَفَ مَا بَكُمْ

150- Әбу Бәкір (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдында сұхбаттасып отырған едік. Сол кезде күн тұтылып қалды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) орнынан тұрды-да, *ридоларын* дұрыстап мешітке кіріп кетті. Ол кісінің артынан бізде кірдік. Күн тұтылып болғанға дейін бізбен бірге екі рәкат намаз оқыды (намазды өте ұзақ оқыды). Содан соң: «Күн мен ай бір кісінің өлгені үшін тұтылмайды. Қашан күн немесе айдың тұтылғанын көрсе, тұтылып болғанша намаз оқып, Алла тағалаға дұға қылсын!»,- деді.

151- حَدَّثَنَا شِهَابُ بْنُ عَبَّادٍ قَالَ حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ حُمَيْدٍ عَنْ إِسْمَاعِيلَ عَنِ قَيْسٍ قَالَ سَمِعْتُ أَبَا مَسْعُودٍ يَقُولُ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنَّ الشَّمْسَ

وَالْقَمَرَ لَا يَنْكَسِفَانِ لِمَوْتِ أَحَدٍ مِنَ النَّاسِ وَلَكِنَّهُمَا آيَاتَانِ مِنْ آيَاتِ اللَّهِ فَإِذَا رَأَيْتُمُوهُمَا فَقُومُوا فَصَلُّوا

151- Қайс (р.а.) риуаят етті, Әбу Масғұд маған: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Күн мен ай бір кісінің өлгені үшін тұтылмайды, бірақ әлбетте олар Алла тағаланың құдретінің шексіз екендігін дәлелдейтін екі дәлел. Қашан олардың тұтылғанын көрсең, тезірек орныңнан тұрып намаз оқы!»,- деп айтқан»,- деді.

152- حَدَّثَنَا أَصْبَعُ قَالَ أَخْبَرَنِي ابْنُ وَهْبٍ قَالَ أَخْبَرَنِي عَمْرُو عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ الْقَاسِمِ حَدَّثَهُ عَنْ أَبِيهِ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّهُ كَانَ يُخْبِرُ عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنَّ الشَّمْسَ وَالْقَمَرَ لَا يَخْسِفَانِ لِمَوْتِ أَحَدٍ وَلَا لِحَيَاتِهِ وَلَكِنَّهُمَا آيَاتَانِ مِنْ آيَاتِ اللَّهِ فَإِذَا رَأَيْتُمُوهُمَا فَصَلُّوا

152- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Күн менен ай бірер кісінің өлгендігінен тұтылмайды. Бірақ-та күн менен ай Алла тағаланың құдретін көрсетуші екі дәлел. Қашан олардың тұтылғанын көретін болсаң, намаз оқы!»,- деді.

153- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مُحَمَّدٍ قَالَ حَدَّثَنَا هَاشِمُ بْنُ الْقَاسِمِ قَالَ حَدَّثَنَا شَيْبَانُ أَبُو مُعَاوِيَةَ عَنْ زِيَادِ بْنِ عِلَاقَةَ عَنْ الْمُغِيرَةَ بْنِ شُعْبَةَ قَالَ كَسَفَتْ الشَّمْسُ عَلَى عَهْدِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَوْمَ مَاتَ إِبْرَاهِيمَ فَقَالَ النَّاسُ كَسَفَتْ الشَّمْسُ لِمَوْتِ إِبْرَاهِيمَ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنَّ الشَّمْسَ وَالْقَمَرَ لَا يَنْكَسِفَانِ لِمَوْتِ أَحَدٍ وَلَا لِحَيَاتِهِ فَإِذَا رَأَيْتُمُ فَصَلُّوا وَادْعُوا اللَّهَ

153- Муғира ибн Шуғба (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) заманында ол кісінің ұлы Ибраһим қайтыс болған күні күн тұтылды. Сонда адамдар: «Ибраһим қайтыс болғаны үшін күн тұтылды»,- десті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Күн менен ай бірер кісінің өлгені немесе туылғаны үшін тұтылмайды. Қашан олардың тұтылғанын көрсеңдер, намаз оқып, дұға қылып, Алла тағалаға сиыныңдар!»,- деп айтты»,- деді.

154- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ عَنْ مَالِكٍ عَنْ هِشَامِ بْنِ عُرْوَةَ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ أَنَّهَا قَالَتْ خَسَفَتْ الشَّمْسُ فِي عَهْدِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَصَلَّى رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِالنَّاسِ فَقَامَ فَأَطَالَ الْقِيَامَ ثُمَّ رَكَعَ فَأَطَالَ الرُّكُوعَ ثُمَّ قَامَ فَأَطَالَ الْقِيَامَ وَهُوَ دُونَ الْقِيَامِ الْأَوَّلِ ثُمَّ رَكَعَ فَأَطَالَ الرُّكُوعَ وَهُوَ دُونَ الرُّكُوعِ الْأَوَّلِ ثُمَّ سَجَدَ فَأَطَالَ السُّجُودَ ثُمَّ فَعَلَ فِي الرَّكْعَةِ الثَّانِيَةِ مِثْلَ مَا فَعَلَ فِي الْأُولَى ثُمَّ انْصَرَفَ وَقَدْ انْجَلَتْ الشَّمْسُ فَخَطَبَ النَّاسَ فَحَمِدَ اللَّهَ وَأَثْنَى عَلَيْهِ ثُمَّ قَالَ إِنَّ الشَّمْسَ وَالْقَمَرَ آيَاتَانِ مِنْ آيَاتِ اللَّهِ لَا يَخْسِفَانِ لِمَوْتِ أَحَدٍ وَلَا لِحَيَاتِهِ فَإِذَا رَأَيْتُمْ ذَلِكَ فَادْعُوا اللَّهَ وَكَبِّرُوا وَصَلُّوا وَتَصَدَّقُوا ثُمَّ قَالَ يَا أُمَّةَ مُحَمَّدٍ وَاللَّهِ مَا مِنْ أَحَدٍ أُغْيِرُ مِنَ اللَّهِ أَنْ يَزْنِيَ عَبْدُهُ أَوْ تَزْنِيَ أُمَّتُهُ يَا أُمَّةَ مُحَمَّدٍ وَاللَّهِ لَوْ تَعْلَمُونَ مَا أَعْلَمُ لَضَحِكْتُمْ قَلِيلًا وَلَبَكَيْتُمْ كَثِيرًا

154- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) заманында күн тұтылды. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жамағатпен бірге намаз оқыды. Қиямда ұзағырақ тұрды. Содан соң рүкүғ қылып, рүкүғта да ұзақ тұрды. Кейін бойын тіктеп, қиямда ұзағырақ тұрды. Бірақ-та рүкүғтың алдындағы қиямға қарағанда азырақ тұрды. Содан соң және рүкүғ қылды. Рүкүғтада ұзағырақ тұрды. Бірақ-та алдыңғы рүкүғқа қарағанда азырақ тұрды. Кейін сәжде қылды. Сәждедеде ұзағырақ тұрды. Соңғы рәкатта да солай қылды. Намаз біткенде күн тұтылып болған болатын. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) адамдарға уағыз айтты. Кейіннен Алла тағалаға мақтаулар айтып: «Күн менен ай Алла тағаланың құдретін білдіретін екі дәлел болады. Қашан олардың тұтылғанын көретін болсаңдар, Алла тағалаға сиынып дұға қылыңдар, тәкбір айтып, намаз оқып, садақа беріңдер!», - деді. Содан соң біраз үндемей тұрып: «Ей Мұхаммед ғ.с.» үмбеті, Алла тағалаға ант етіп айтамын, мейлі әйел мейлі еркек болсын зина қылса, Алла тағаладан басқа қатты ашуланушы болмаса керек! Егерде менің білгенімді білгендеріңде, көбірек жылап, азырақ күлетін едіңдер!», - деп қосып қойды.

3-бап. Күн тұтылғанда жамағат болып намаз оқымақ үшін адамдарды намазға шақыру туралы

155- حَدَّثَنَا إِسْحَاقُ قَالَ أَخْبَرَنَا يَحْيَى بْنُ صَالِحٍ قَالَ حَدَّثَنَا مُعَاوِيَةُ بْنُ سَلَامٍ
بْنُ أَبِي سَلَامٍ الْحَبَشِيُّ الدَّمَشَقِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ أَبِي كَثِيرٍ قَالَ أَخْبَرَنِي أَبُو
سَلَمَةَ بْنُ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنُ عَوْفٍ الزُّهْرِيُّ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَمْرٍو رَضِيَ اللَّهُ
عَنْهُمَا قَالَ لَمَّا كَسَفَتِ الشَّمْسُ عَلَى عَهْدِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ نُودِيَ
إِنَّ الصَّلَاةَ جَامِعَةٌ

155- Абдулла ибн Ғамр (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) заманында күн тұтылғанда жамағат болып намаз оқу үшін адамдар шақырылды», - деді.

4-бап. Күн тұтылғанда имамның уағыз айтуы туралы

قَالَتْ عَائِشَةُ وَأَسْمَاءُ خَطَبَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Күн тұтылғанда адамдарға уағыз айтты», - деді.

156- حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ قَالَ حَدَّثَنِي اللَّيْثُ عَنْ عُقَيْلٍ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ ح
و حَدَّثَنِي أَحْمَدُ بْنُ صَالِحٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْسَةُ قَالَ حَدَّثَنَا يُونُسُ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ
حَدَّثَنِي عُرْوَةُ عَنْ عَائِشَةَ زَوْجِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَتْ خَسَفَتِ الشَّمْسُ
فِي حَيَاةِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَخَرَجَ إِلَى الْمَسْجِدِ فَصَفَّ النَّاسُ وَرَأَاهُ فَكَبَّرَ
فَاقْتَرَأَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قِرَاءَةً طَوِيلَةً ثُمَّ كَبَّرَ فَرَكَعَ رُكُوعًا طَوِيلًا
ثُمَّ قَالَ سَمِعَ اللَّهُ لِمَنْ حَمِدَهُ فَقَامَ وَلَمْ يَسْجُدْ وَقَرَأَ قِرَاءَةً طَوِيلَةً هِيَ أَدْنَى مِنْ
الْقِرَاءَةِ الْأُولَى ثُمَّ كَبَّرَ وَرَكَعَ رُكُوعًا طَوِيلًا وَهُوَ أَدْنَى مِنَ الرُّكُوعِ الْأَوَّلِ ثُمَّ قَالَ
سَمِعَ اللَّهُ لِمَنْ حَمِدَهُ رَبَّنَا وَلَكَ الْحَمْدُ ثُمَّ سَجَدَ ثُمَّ قَالَ فِي الرُّكُوعَةِ الْآخِرَةِ مِثْلَ ذَلِكَ
فَاسْتَكْمَلَ أَرْبَعَ رَكَعَاتٍ فِي أَرْبَعِ سَجَدَاتٍ وَأَنْجَلَتِ الشَّمْسُ قَبْلَ أَنْ يَنْصَرِفَ ثُمَّ قَامَ

فَأَتْنَى عَلَى اللَّهِ بِمَا هُوَ أَهْلُهُ ثُمَّ قَالَ هُمَا آيَاتَانِ مِنْ آيَاتِ اللَّهِ لَا يَخْسِفَانِ لِمَوْتِ أَحَدٍ وَلَا لِحَيَاتِهِ فَإِذَا رَأَيْتُمُوهُمَا فَافْزِعُوا إِلَى الصَّلَاةِ وَكَانَ يُحَدِّثُ كَثِيرٌ بِنِ عَبَّاسٍ أَنَّ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا كَانَ يُحَدِّثُ يَوْمَ خَسَفَتِ الشَّمْسُ بِمِثْلِ حَدِيثِ عُرْوَةَ عَنْ عَائِشَةَ فَقُلْتُ لِعُرْوَةَ إِنَّ أَخَاكَ يَوْمَ خَسَفَتِ بِالْمَدِينَةِ لَمْ يَزِدْ عَلَى رَكْعَتَيْنِ مِثْلَ الصُّبْحِ قَالَ أَجَلٌ لِأَنَّهُ أَخْطَأَ السَّنَةَ

156- Ғұруа (р.а.) Айша анамыздан естіп риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) тірі кезінде күн тұтылды. Бұны көріп мешітке шықты. Адамдар Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) артына сапқа тұрды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тәкбір тахрима айтып, намазды бастады. Содан ұзағырақ қираат қылды. Кейін тәкбір айтып рүкүғ қылды. Рүкүғта ұзақ тұрды. Содан соң «Самиғаллаһу лиман хамидаһ», - деп рүкүғтен тұрды. Сәждеге бармастан бұрын алдыңғыға қарағанда қысқарақ қираат қылды. Содан соң тәкбір айтып рүкүғ қылды. Рүкүғте алдыңғыға қарағанда азырақ тұрды. Кейін, «Самиғаллаһу лиман хамидаһ, Раббәна уа ләка-л-хамд», - деп сәжде қылды. Содан соң екінші рәкатта да тура солай қылды. Одан кейін Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) төрт рүкүғ пен төрт сәжде қылып екі рәкат намаз оқыды. Күн тұтылып болған кезде әлі намаз оқылып бітпеген болатын. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намаз оқып болғаннан соң орнынан тұрып Алла тағалаға мақтаулар айтып: «Күн менен ай Алла тағаланың құдретін білдіретін екі дәлел. Олар біреудің өлуінен немесе туғанынан тұтылмайды. Егерде (біреу) олардың тұтылғанын көрсе, намаз оқысын!», - деді.

Ғұруа (р.а.) Айша анамыздан естіп риуаят етіп берген аталмыш хадиске қоса басқа бір хадисті Ибн Аббаста хикая қылып берген екен: «Зухрий (р.а.): «Сенің бауырын Абдулла ибн Зүбайр Күн тұтылғанда Мединеде таң намазына ұқсас екі рәкат намаз оқыды, одан артық еш нәрсе оқымады-ғой!», - дегенінде Ғұруа: «Иә, дұрыс, бауырым намаздың сүннетінде жаңылысты», - деп айтқан екен.

5-бап. «Күн тұтылды» деп айтылады ма әлде «Күн күйді» деп айтылады ма?

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى وَخَسَفَ الْقَمَرُ

Алла тағала: «Уа хасафа-л-Қамар (Ай тұтылды)», - деді.

157- حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ عَفِيرٍ قَالَ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ حَدَّثَنِي عَقِيلٌ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ قَالَ أَخْبَرَنِي عُرْوَةُ بْنُ الزُّبَيْرِ أَنَّ عَائِشَةَ زَوْجَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَخْبَرَتْهُ

أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَلَّى يَوْمَ خَسَفَتِ الشَّمْسُ فَقَامَ فَكَبَّرَ فَقَرَأَ قِرَاءَةً طَوِيلَةً ثُمَّ رَكَعَ رُكُوعًا طَوِيلًا ثُمَّ رَفَعَ رَأْسَهُ فَقَالَ سَمِعَ اللَّهُ لِمَنْ حَمِدَهُ وَقَامَ كَمَا هُوَ ثُمَّ قَرَأَ قِرَاءَةً طَوِيلَةً وَهِيَ أَدْنَى مِنَ الْقِرَاءَةِ الْأُولَى ثُمَّ رَكَعَ رُكُوعًا طَوِيلًا وَهِيَ أَدْنَى مِنَ الرَّكْعَةِ الْأُولَى ثُمَّ سَجَدَ سُجُودًا طَوِيلًا ثُمَّ فَعَلَ فِي الرَّكْعَةِ الْآخِرَةِ مِثْلَ ذَلِكَ ثُمَّ سَلَّمَ وَقَدْ تَجَلَّتِ الشَّمْسُ فَخَطَبَ النَّاسَ فَقَالَ فِي كُسُوفِ الشَّمْسِ وَالْقَمَرِ إِنَّهُمَا آيَاتَانِ مِنْ آيَاتِ اللَّهِ لَا يَخْسِفَانِ لِمَوْتِ أَحَدٍ وَلَا لِحَيَاتِهِ فإِذَا رَأَيْتُمُوهُمَا فَأَفْزِعُوا إِلَى الصَّلَاةِ

157- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Күн тұтылған күні намаз оқыды. Орнынан тұрып, бірінші тәкбір тахрима айтты. Содан соң «Фатиха» сүресін оқып, оған ұзынырақ бір сүрені зәм қылды. Кейін ұзағырақ рүкүғ қылды. Одан соң «Самиғаллаһу лиман хамидах», - деп бойын тіктеді. Кейін алдыңғыдан гөрі қысқарақ оқып, ұзағырақ сәжде қылды. Екінші рәкатта тура солай қылып, сәлем берді. Күн тұтылып болғаннан соң, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) адамдарға уағыз айтты. Күн мен айдың тұтылуы туралы сөйлеп тұрып: «Күн менен ай Алла тағаланың құдретін білдіретін екі дәлел. Олар біреудің туылғанынан немесе өлгенінен тұтылмайды. Егерде кімде кім олардың тұтылғанын көрсе намаз оқысын!»,- деді.

6-бап. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) «Алла тағала пенделерін күннің тұтылуымен қорқытады»,- деген сөздері туралы

158 - حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ بْنُ سَعِيدٍ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنَّ الشَّمْسَ وَالْقَمَرَ آيَاتَانِ مِنْ آيَاتِ اللَّهِ لَا يَنْكَسِفَانِ لِمَوْتِ أَحَدٍ وَلَا لِحَيَاتِهِ وَلَكِنَّ اللَّهَ تَعَالَى يُخَوِّفُ بِهَا عِبَادَهُ وَقَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ وَلَمْ يَذْكُرْ عَبْدُ الْوَارِثِ وَشُعْبَةُ وَخَالِدُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ وَحَمَّادُ بْنُ سَلْمَةَ عَنْ يُونُسَ يُخَوِّفُ اللَّهُ بِهَا عِبَادَهُ وَتَابَعَهُ أَشْعَثُ عَنْ الْحَسَنِ وَتَابَعَهُ مُوسَى عَنْ مُبَارَكٍ عَنْ الْحَسَنِ قَالَ أَخْبَرَنِي أَبُو بَكْرَةَ عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنَّ اللَّهَ تَعَالَى يُخَوِّفُ بِهِمَا عِبَادَهُ

158- Әбу Бәкір (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Күн менен ай Алла тағаланың құдретін білдіруші екі айқын дәлел. Олар бір

кісінің өлгені себепті тұтылмайды. Бірақ-та Алла тағала осылай істеуімен пенделерін қорқытады»,- деп айтты»,- деді.

7-бап. Күн тұтылғанда намаз оқып жатып, Алла тағаладан көр азабынан сақтауды сұрау туралы

159- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ عَنْ مَالِكٍ عَنْ يَحْيَى بْنِ سَعِيدٍ عَنْ عَمْرَةَ بِنْتِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَنْ عَائِشَةَ زَوْجِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَّ يَهُودِيَّةً جَاءَتْ تَسْأَلُهَا فَقَالَتْ لَهَا أَعَادَكَ اللَّهُ مِنْ عَذَابِ الْقَبْرِ فَسَأَلْتُ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَيْعَذَّبُ النَّاسُ فِي قُبُورِهِمْ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَائِدًا بِاللَّهِ مِنْ ذَلِكَ ثُمَّ رَكِبَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ذَاتَ غَدَاةٍ مَرَكَبًا فَخَسَفَتِ الشَّمْسُ فَرَجَعَ ضَحَى فَمَرَّ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بَيْنَ ظَهْرَانِي الْحَجْرِ ثُمَّ قَامَ يُصَلِّي وَقَامَ النَّاسُ وَرَاءَهُ فَقَامَ قِيَامًا طَوِيلًا ثُمَّ رَكَعَ رُكُوعًا طَوِيلًا ثُمَّ رَفَعَ فَقَامَ قِيَامًا طَوِيلًا وَهُوَ دُونَ الْقِيَامِ الْأَوَّلِ ثُمَّ رَكَعَ رُكُوعًا طَوِيلًا وَهُوَ دُونَ الرُّكُوعِ الْأَوَّلِ ثُمَّ رَفَعَ فَسَجَدَ ثُمَّ قَامَ فَقَامَ قِيَامًا طَوِيلًا وَهُوَ دُونَ الْقِيَامِ الْأَوَّلِ ثُمَّ رَكَعَ رُكُوعًا طَوِيلًا وَهُوَ دُونَ الرُّكُوعِ الْأَوَّلِ ثُمَّ رَفَعَ فَسَجَدَ وَأُصْرَفَ فَقَالَ مَا شَاءَ اللَّهُ أَنْ يَقُولَ ثُمَّ أَمَرَهُمْ أَنْ يَتَّعَوْدُوا مِنْ عَذَابِ الْقَبْرِ

159- Ғамра бинти Абдурахманнан: «Бір яһудий әйел Айша анамыздан қайыр-садақа сұрай келіп: «Алла тағала сені көр азабынан сақтасын!»,- деді. Айша анамыз (р.а.) Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): «Адамдар қабірде азапталады ма?»,- деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Алла тағаладан көр азабынан пана тілеп: «Иә, қабір азабы шындық!»,- деді. Бір күні таң сәріде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түйеге мініп шығып кетті. Сол күні күн тұтылды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ертерек қайтып келіп, бөлмесінің арт жағына өтіп, намаз оқымаққа тұрды. Адамдар да Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) арт жағына тұрып намаз оқыды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қиямда ұзақ тұрды. Содан соң ұзағырақ рүкүғ қылды. Кейін рүкүғтан тұрып, қиям қылды бірақ алғашқыға қарағанда азырақ тұрды. Содан соң алғашқы рүкүғқа қарағанда қысқарақ рүкүғ қылып, кейіннен бойын түзеді-де сәжде қылды. Бойын түзулегеннен кейін қиямда алғашқы ретке қарағанда азырақ тұрды. Кейін қысқарақ қылып рүкүғ етіп, бойын түзулеп басын сәждеге қойды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.)

намазды бітіргеннен соң бұрылып Алла тағала қалағанша уағыз-насихат айтты. Содан соң адамдарға Алла тағаладан қабір азабынан құтқаруын тілеп дұға етулеріне бұйырды»,- деді.

8-бап. Күн тұтылғанда оқылатын намаздың сәждесі туралы

160- حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ قَالَ حَدَّثَنَا شَيْبَانُ عَنْ يَحْيَى عَنْ أَبِي سَلَمَةَ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَمْرٍو أَنَّهُ قَالَ لَمَّا كَسَفَتِ الشَّمْسُ عَلَى عَهْدِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ نُودِيَ إِنَّ الصَّلَاةَ جَامِعَةٌ فَرَكَعَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَكَعَيْنِ فِي سَجْدَةٍ ثُمَّ قَامَ فَرَكَعَ رَكَعَيْنِ فِي سَجْدَةٍ ثُمَّ جَلَسَ ثُمَّ جَلَى عَنْ الشَّمْسِ قَالَ وَقَالَتْ عَائِشَةُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا مَا سَجَدْتُ سُجُودًا قَطُّ كَانَ أَطْوَلَ مِنْهَا

160- Абдулла ибн Амр (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) заманында Күн тұтылғанда адамдар жамағат пен бірге намаз оқуға шықты. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) екі рет рүкүғ қылып, бір рет сәжде қылды. Кейін тұрып және екі рет рүкүғ бір рет сәжде қылды. Содан соң отырды. Күнде тұтылып болды. Сонда Айша анамыз: «Бұл намаздан гөрі ұзағырақ намаз оқыған емеспін»,- деген болатын»,- деді.

9-бап. Күн тұтылғанда оқылатын намазды жамағат болып оқу туралы

بَابُ صَلَاةِ الْكُسُوفِ جَمَاعَةً وَصَلَّى ابْنُ عَبَّاسٍ لَهُمْ فِي صَفَّةٍ زَمَزَمَ وَجَمَعَ عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَبَّاسٍ وَصَلَّى ابْنُ عُمَرَ

Ибн Аббас Зэм-зэм (шатырының) астында жамағат пен намаз оқыды. Оның ұлы Әли болса, адамдарды намазға жинады. Ибн Омар да жамағатпен бірге намаз оқыды.

161- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ عَنْ مَالِكٍ عَنْ زَيْدِ بْنِ أَسْلَمَ عَنْ عَطَاءِ بْنِ يَسَارٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَبَّاسٍ قَالَ انْخَسَفَتِ الشَّمْسُ عَلَى عَهْدِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَصَلَّى رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَامَ قِيَامًا طَوِيلًا نَحْوًا مِنْ قِرَاءَةِ سُورَةِ الْبَقَرَةِ ثُمَّ رَكَعَ رُكُوعًا طَوِيلًا ثُمَّ رَفَعَ فَقَامَ قِيَامًا طَوِيلًا وَهُوَ دُونَ الْقِيَامِ الْأَوَّلِ ثُمَّ رَكَعَ رُكُوعًا طَوِيلًا وَهُوَ دُونَ الرُّكُوعِ الْأَوَّلِ ثُمَّ سَجَدَ ثُمَّ قَامَ قِيَامًا

طَوِيلًا وَهُوَ دُونَ الْقِيَامِ الْأَوَّلِ ثُمَّ رَكَعَ رُكُوعًا طَوِيلًا وَهُوَ دُونَ الرُّكُوعِ الْأَوَّلِ ثُمَّ رَفَعَ فَقَامَ قِيَامًا طَوِيلًا وَهُوَ دُونَ الْقِيَامِ الْأَوَّلِ ثُمَّ رَكَعَ رُكُوعًا طَوِيلًا وَهُوَ دُونَ الرُّكُوعِ الْأَوَّلِ ثُمَّ سَجَدَ ثُمَّ انصَرَفَ وَقَدْ تَجَلَّتِ الشَّمْسُ فَقَالَ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنَّ الشَّمْسَ وَالْقَمَرَ آيَاتٌ مِنَ آيَاتِ اللَّهِ لَا يَخْسِفَانِ لِمَوْتِ أَحَدٍ وَلَا لِحَيَاتِهِ فَإِذَا رَأَيْتُمْ ذَلِكَ فَادْكُرُوا اللَّهَ قَالُوا يَا رَسُولَ اللَّهِ رَأَيْتَكَ تَنَاولْتَ شَيْئًا فِي مَقَامِكَ ثُمَّ رَأَيْتَكَ كَعَكَعْتَ قَالَ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنِّي رَأَيْتُ الْجَنَّةَ فَتَنَاولْتُ عَنْقُودًا وَلَوْ أَصَبْتُهُ لَأَكَلْتُ مِنْهُ مَا بَقِيَتْ الدُّنْيَا وَرَأَيْتُ النَّارَ فَلَمْ أَرَ مَنظَرًا كَالْيَوْمِ قَطُّ أَفْطَعُ وَرَأَيْتُ أَكْثَرَ أَهْلِهَا النِّسَاءَ قَالُوا بِمَ يَا رَسُولَ اللَّهِ قَالَ بِكُفْرِهِنَّ قِيلَ يَكْفُرْنَ بِاللَّهِ قَالَ يَكْفُرْنَ العَشِيرَ وَيَكْفُرْنَ الإِحْسَانَ لَوْ أَحْسَنْتَ إِلَى إِحْدَاهُنَّ الدَّهْرَ كُلَّهُ ثُمَّ رَأَتْ مِنْكَ شَيْئًا قَالَتْ مَا رَأَيْتُ مِنْكَ خَيْرًا قَطُّ

161- Абдулла ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) заманында күн тұтылды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намаз оқуға тұрды. «Бақара» сүресін оқитындай уақыт кеткенше қиямда тұрды. Кейін жүз аят оқитындай уақыт рүкүфта тұрды. Содан соң бойын тіктеп, «Әли Имран» сүресін оқитындай уақыт қиямда тұрды. Бұл жолы алдыңғыға қарағанда азырақ уақыт жұмсады. Кейін ұзақ рүкүф қылды. Бұғанда алдыңғыға қарағанда азырақ уақыт жұмсады. Кейін сәжде қылды. Содан соң ұзағырақ қиямда тұрды. Бұнысы алдыңғысынан қысқарақ болды. Кейін ұзақ рүкүф қылды, бұнысы алдыңғысынан гөрі қысқарақ болды. Содан соң ұзағырақ қиямда тұрды. Бұнысы алдыңғысынан қысқарақ болды. Кейін ұзақ рүкүф қылды, бұнысы да алдыңғысынан гөрі қысқарақ болды. Кейін сәжде қылды. Намазды оқып болғанда күн де тұтылып болды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) адамдарға бұрылып: «Күн менен ай Алла тағаланың құдретін білдіруші айқын екі дәлел. Олардың тұтылуы біреудің туылуына немесе өлуіне байланысты емес. Егерде олардың тұтылғанын көрсендер, Алланы зікір қылындар!», - деді. Сонда сахабалар: «Я Расулулла, біз сіздің тұрған орныңыздан бір нәрсені алмақшы болып қолыңызды созғаныңызды және кейіннен артқа қарай шегінгеніңізді көрдік», - десті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мен жәннәтты көрдім бір жүзімдікке қолымды создым. Егерде ала-алғанымда осы дүниеде оны жеп тауыса алмас едіңдер. Кейін тозақты көрдім, бүгінгідей қорқынышты нәрсені ешқашан да көрмегенмін. Қарасам тозақтықтардың көбі әйелдер екен», - деді. Сахабалар: «Я Расулулла, неліктен көпшілігі әйелдер екен?»,- деп сұрасты. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Алла тағалаға шүкіршілік қылмағандықтарынан, ерлерінің қадіріне жетпегендіктерінен және ерінің істеген жақсылықтарын білмегендіктері

себебінен. Егерде әйелдердің бірегіне өмір бойы жақсылық қылсаң да, сенен бір ғана жаманшылық көріп қалса, сенен еш жақсылық көрмедім-да»,- деп айтады»,- деді.

10-бап. Күн тұтылғанда ер адамдар мен бірге әйелдердің де намаз оқуы туралы

162- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ هِشَامِ بْنِ عُرْوَةَ عَنْ امْرَأَتِهِ فَاطِمَةَ بِنْتِ الْمُذَرِّ عَنْ أَسْمَاءَ بِنْتِ أَبِي بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّهَا قَالَتْ أَتَيْتُ عَائِشَةَ زَوْجَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حِينَ خَسَفَتِ الشَّمْسُ فَإِذَا النَّاسُ قِيَامٌ يُصَلُّونَ وَإِذَا هِيَ قَائِمَةٌ تُصَلِّيُ فَقُلْتُ مَا لِلنَّاسِ فَأَشَارَتْ بِيَدِهَا إِلَى السَّمَاءِ وَقَالَتْ سُبْحَانَ اللَّهِ فَقُلْتُ آيَةً فَأَشَارَتْ أَيَّ نَعَمْ قَالَتْ فُقِّمْتُ حَتَّى تَجَلَّيَ الْعَشِيُّ فَجَعَلْتُ أَصْبُ فَوْقَ رَأْسِي الْمَاءَ فَلَمَّا انْصَرَفَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حَمِدَ اللَّهَ وَأَتَى عَلِيَهُ ثُمَّ قَالَ مَا مِنْ شَيْءٍ كُنْتُ لَمْ أَرَهُ إِلَّا قَدْ رَأَيْتُهُ فِي مَقَامِي هَذَا حَتَّى الْجَنَّةَ وَالنَّارَ وَلَقَدْ أُوحِيَ إِلَيَّ أَنْكُمْ تُفَنِّونَ فِي الْقُبُورِ مِثْلَ أَوْ قَرِيبًا مِنْ فِتْنَةٍ الدَّجَالِ لَا أُدْرِي أَيَّتَهُمَا قَالَتْ أَسْمَاءُ يُؤْتَى أَحَدَكُمْ فَيُقَالُ لَهُ مَا عَلِمَكَ بِهَذَا الرَّجُلِ فَأَمَّا الْمُؤْمِنُ أَوْ الْمُؤَقِنُ لَا أُدْرِي أَيُّ ذَلِكَ قَالَتْ أَسْمَاءُ فَيَقُولُ مُحَمَّدٌ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ جَاءَنَا بِالْبَيِّنَاتِ وَالْهُدَى فَأَجَبْنَا وَأَمَّا وَابْتَعْنَا فَيُقَالُ لَهُ نَمَّ صَالِحًا فَقَدْ عَلِمْنَا إِنْ كُنْتَ لَمُوقِنًا وَأَمَّا الْمُنَافِقُ أَوْ الْمُرْتَابُ لَا أُدْرِي أَيَّتَهُمَا قَالَتْ أَسْمَاءُ فَيَقُولُ لَا أُدْرِي سَمِعْتُ النَّاسَ يَقُولُونَ شَيْئًا فَقُلْتُ

162- Асма (р.а.) риуаят етті: «Күн тұтылған күні Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) әйелі сіңлім Айшаникіне бардым. Қарасам адамдар намаз оқып жатыр екен. Айша қиямда тұрғанда: «Адамдарға не болды?»,- деп сұрадым. Ол: қолымен аспанға ишара белгі қылып: «Субханалла»,- деді. Мен: «Азап (қиямет) белгісі ме?»,- дедім. Ол: «Иә»,- деген мағынада басын изеп қойды. Кейін менде олармен бірге намаз оқуға тұрдым. Тіптен көп оқығандығымнан басым айланып кетті. Кейіннен өз-өзіме келейін деп басымнан су құя бастадым. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намаз оқып болған соң, Алла тағалаға мақтау айтып, содан соң: «Көрмеген бірер нәрсем қалмады. Мына осы тұрған жерімде, тіптен жәннат пен тозақты да көрдім. Маған: «Сендер қабірлерінде Дажжалдың фитнасындай немесе

соған ұқсас бір сынақтан (емтиханнан) өтесіндер деген уәхи етілді», - деді. Сонда «Джалдың бүлігі сияқты» дедіме әлде «Джалдың бүлігіне жақын» деді ме есімде жоқ. Кейін Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деп жалғастырды: «Әр бірің қабірде жатқандарыңда бір періште келіп: «Бұл кісіні (Расулулланы) танысын ба?»,- деп сұрайды. Егер қабірде жатқан адам шын иманды (әлде «такуа» деген секілді) болса: «Бұл Мұхаммед (с.ғ.с.) бізге Алла тағаланың тура жолын алып келген, кереметтер көрсеткен, біз қабыл қылғанбыз, және артынан ергеміз», - дер. «Біз сенің шын иманды екенінді білгенбіз, қылған жақсылықтарыңның рахатын көріп ұйықтай бер», - дейді. Ал жауап беруші Мунафиқ (әлде «Екіжүзді» деген секілді) болса, «Білмеймін, адамдар (бұл кісі туралы) не десе, мен де соны айтамын-да», - дейді.

11-бап. Күн тұтылғанда құлды азат етуді жақсы көретін адам туралы

163- حَدَّثَنَا رَيْعُ بْنُ يَحْيَى قَالَ حَدَّثَنَا زَائِدَةُ عَنْ هِشَامٍ عَنْ فَاطِمَةَ عَنْ

أَسْمَاءَ قَالَتْ لَقَدْ أَمَرَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِالْعَتَاقَةِ فِي كُسُوفِ الشَّمْسِ

163- Асма (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Күн тұтылғанда құлға азаттық беруді бұйырды», - деді.

12-бап.

164- حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ قَالَ حَدَّثَنِي مَالِكٌ عَنْ يَحْيَى بْنِ سَعِيدٍ عَنْ عَمْرَةَ بِنْتِ

عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّ يَهُودِيَّةً جَاءَتْ تَسْأَلُهَا فَقَالَتْ أَعَادَكِ

اللَّهُ مِنْ عَذَابِ الْقَبْرِ فَسَأَلْتُ عَائِشَةَ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَيْعَذَّبُ النَّاسُ

فِي قُبُورِهِمْ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَائِدًا بِاللَّهِ مِنْ ذَلِكَ ثُمَّ رَكِبَ

رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ذَاتَ غَدَاةٍ مَرْكَبًا فَكَسَفَتِ الشَّمْسُ فَرَجَعَ ضَحَى

فَمَرَّ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بَيْنَ ظَهْرَانِي الْحَجْرِ ثُمَّ قَامَ فَصَلَّى وَقَامَ

النَّاسُ وَرَأَاهُ فَقَامَ قِيَامًا طَوِيلًا ثُمَّ رَكَعَ رُكُوعًا طَوِيلًا ثُمَّ رَفَعَ فَقَامَ قِيَامًا طَوِيلًا وَهُوَ

دُونَ الْقِيَامِ الْأَوَّلِ ثُمَّ رَكَعَ رُكُوعًا طَوِيلًا وَهُوَ دُونَ الرُّكُوعِ الْأَوَّلِ ثُمَّ رَفَعَ فَسَجَدَ

سُجُودًا طَوِيلًا ثُمَّ قَامَ فَقَامَ قِيَامًا طَوِيلًا وَهُوَ دُونَ الْقِيَامِ الْأَوَّلِ ثُمَّ رَكَعَ رُكُوعًا طَوِيلًا

وَهُوَ دُونَ الرُّكُوعِ الْأَوَّلِ ثُمَّ قَامَ قِيَامًا طَوِيلًا وَهُوَ دُونَ الْقِيَامِ الْأَوَّلِ ثُمَّ رَكَعَ رُكُوعًا

طَوِيلًا وَهُوَ دُونَ الرُّكُوعِ الأوَّلِ ثُمَّ سَجَدَ وَهُوَ دُونَ السُّجُودِ الأوَّلِ ثُمَّ انصَرَفَ فَقَالَ
رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَا شَاءَ اللَّهُ أَنْ يَقُولَ ثُمَّ أَمَرَهُمْ أَنْ يَتَعَوَّدُوا مِنْ
عَذَابِ القَبْرِ

164- Ғамра бинти Абдуррахманнан: «Бір яһудий әйел Айша анамыздан қайыр-садақа сұрай келді. Мақсатына жеткен соң: «Алла тағала сені қабір азабынан сақтасын!», - деді. Айша анамыз (р.а.) Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): «Адамдар қабірде азапталады ма?», - деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) (жауаптын орнына): «Иләһи, қабір азабынан өзін сақта!», - деп қойды. Бір күні таң сәріде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түйеге мініп шығып кетті. Біраз уақыттан кейін күн тұтылды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ертерек қайтып келіп, бөлмесінің арт жағына (яғни мешітке) өтіп, намаз оқымаққа тұрды. Адамдар да Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) арт жағына тұрып намаз оқыды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қиямда ұзақ тұрды. Содан соң рүкүғ қылды. Кейін бойын тіктеп қиям қылды бірақ алғашқыға қарағанда азырақ тұрды. Содан соң алғашқы рүкүғқа қарағанда қысқарақ рүкүғ қылып кейіннен бойын түзеді-да сәжде қылды. Сәждеде ұзақ тұрды. Бойын түзулегеннен кейін қиямда алғашқы ретке қарағанда азырақ тұрды. Кейін қысқарақ қылып рүкүғ етіп, бойын түзулеп басын сәждеге қойды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намазды бітіргеннен соң бұрылып Алла тағала қалағанша уағыз-насихат айтты. Содан соң адамдарға Алла тағаладан қабір азабынан құтқаруын тілеп дұға етулеріне бұйырды», - деді.

13-бап. Күн біреудің туғаны немесе өлгені себепті тұтылмайды

165- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ سَعِيدٍ عَنْ إِسْمَاعِيلَ قَالَ حَدَّثَنِي قَيْسٌ
عَنْ أَبِي مَسْعُودٍ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الشَّمْسُ وَالْقَمَرُ لَا
يَكْسِفَانِ لِمَوْتِ أَحَدٍ وَلَا لِحَيَاتِهِ وَلَكِنَّهُمَا آيَاتَانِ مِنْ آيَاتِ اللَّهِ فَإِذَا رَأَيْتُمُوهُمَا فَصَلُّوا

165- Әбу Масғуд (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Күн мен ай біреудің өлгені немесе туылғаны үшін тұтылмайды. Бірақ олар Алла тағаланың құдіретінің екі дәлелі. Егерде олардың тұтылғанын көрсеңдер екі рәкат намаз оқыңдар!», - деді.

166- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مُحَمَّدٍ قَالَ حَدَّثَنَا هِشَامٌ أَخْبَرَنَا مَعْمَرٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ
وهِشَامِ بْنِ عُرْوَةَ عَنْ عُرْوَةَ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ كَسَفَتِ الشَّمْسُ
عَلَى عَهْدِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَامَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

فَصَلَّى بِالنَّاسِ فَأَطَالَ الْقِرَاءَةَ ثُمَّ رَكَعَ فَأَطَالَ الرُّكُوعَ ثُمَّ رَفَعَ رَأْسَهُ فَأَطَالَ الْقِرَاءَةَ وَهِيَ دُونَ قِرَاءَتِهِ الْأُولَى ثُمَّ رَكَعَ فَأَطَالَ الرُّكُوعَ دُونَ رُكُوعِهِ الْأَوَّلِ ثُمَّ رَفَعَ رَأْسَهُ فَسَجَدَ سَجْدَتَيْنِ ثُمَّ قَامَ فَصَنَعَ فِي الرَّكْعَةِ الثَّانِيَةِ مِثْلَ ذَلِكَ ثُمَّ قَامَ فَقَالَ إِنَّ الشَّمْسَ وَالْقَمَرَ لَا يَخْسِفَانِ لِمَوْتِ أَحَدٍ وَلَا لِحَيَاتِهِ وَلَكِنَّهُمَا آيَاتَانِ مِنْ آيَاتِ اللَّهِ يُرِيهِمَا عِبَادَهُ فَإِذَا رَأَيْتُمْ ذَلِكَ فَافْزَعُوا إِلَى الصَّلَاةِ

166- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) заманында күн тұтылды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) орнынан тұрып жамағат пен бірге намаз оқуға кірісті. Қиямда тұрып ұзақ оқып, рүкүф қылды рүкүфқа ұзақ тұрды. Кейін басын көтеріп ұзақ қираат қылды. Бірақ-та бұл жолы қысқарақ қираат қылды. Содан соң рүкүф қылды. Бірақ бұл жолы рүкүфқа қысқарақ тұрды. Кейін басын көтеріп екі рет сәжде қылды. Екінші рәкатты да тура солай оқыды. Намаздан соң, адамдарға уағыз айту үшін орнынан тұрды. Хамд мақтаудан соң: «Күн менен Ай біреудің туылғанынан немесе өлгенінен тұтылмайды бірақ екеуі Алла тағаланың құдіретінің екі дәлелі. Алла тағала оларды пенделеріне көрсетіп, өзінің құдіретін білдіреді. Егер де Күн мен Айдың тұтылғанын көрсеңдер, дереу намаз оқыңдар!»,- деп айтты»,- деді.

14-бап. Күн тұтылғанда зікір айту туралы

167- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ الْعَلَاءِ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو أُسَامَةَ عَنْ بُرَيْدِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ أَبِي بُرَيْدَةَ عَنْ أَبِي مُوسَى قَالَ خَسَفَتِ الشَّمْسُ فَقَامَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَرَعَا يَخْشَى أَنْ تَكُونَ السَّاعَةُ فَأَتَى الْمَسْجِدَ فَصَلَّى بِأَطْوَلِ قِيَامٍ وَرُكُوعٍ وَسُجُودٍ رَأَيْتُهُ قَطُّ يَفْعَلُهُ وَقَالَ هَذِهِ الْآيَاتُ الَّتِي يُرْسِلُ اللَّهُ لَا تَكُونُ لِمَوْتِ أَحَدٍ وَلَا لِحَيَاتِهِ وَلَكِنْ يُخَوِّفُ اللَّهُ بِهِ عِبَادَهُ فَإِذَا رَأَيْتُمْ شَيْئًا مِنْ ذَلِكَ فَافْزَعُوا إِلَى ذِكْرِهِ وَدُعَائِهِ وَاسْتِغْفَارِهِ

167- Әбу Мұса (р.а.) риуаят етті: «Күн тұтылды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Қиямет болып қалды ма?»,- деп абыржып орнынан тұрды-да, мешітке шығып намаз оқыды. Қиям, рүкүф пен сәждеде ұзақ тұрып қираат қылды. Мен ол кісінің солай намаз оқығанын көрмегенмін. Намаздан соң, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Алла тағала жіберіп жатқан бұл нәрселер (күн мен айдың тұтылуы) біреудің туылғаны немесе өлгені үшін тұтылмайды. Мүмкін Алла тағала осылай істеуі арқылы пенделерін қорқытады. Егер де

олардың біреуінің тұтылғанын көретін болсаңдар дереу намаз оқыңдар!»,- деді.

15-бап. Күн тұтылғанда дұға қылу туралы

168- حَدَّثَنَا أَبُو الْوَلِيدِ قَالَ حَدَّثَنَا زَائِدَةُ قَالَ حَدَّثَنَا زِيَادُ بْنُ عَلِيٍّ قَالَ سَمِعْتُ الْمُغِيرَةَ بْنَ شُعْبَةَ يَقُولُ انْكَسَفَتِ الشَّمْسُ يَوْمَ مَاتَ إِبْرَاهِيمُ فَقَالَ النَّاسُ انْكَسَفَتْ لِمَوْتِ إِبْرَاهِيمَ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنَّ الشَّمْسَ وَالْقَمَرَ آيَاتَانِ مِنْ آيَاتِ اللَّهِ لَا يَنْكَسِفَانِ لِمَوْتِ أَحَدٍ وَلَا لِحَيَاتِهِ فَإِذَا رَأَيْتُمُوهُمَا فَادْعُوا اللَّهَ وَصَلُّوا حَتَّى يَنْجِلِي

168- Муғиира ибн Шуғба (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ұлы қайтыс болған күні Күн тұтылды. Адамдар: «Күн Ибраһим қайтыс болғаны үшін тұтылды», - десті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Күн менен ай Алла тағаланың құдретінің екі дәлелі. Олар біреудің туылғаны немесе өлгені үшін тұтылмайды. Егерде олардың тұтылғанын көрсеңдер және тұтылып болғанша Алла тағалаға дұға қылып намаз оқыңдар!», - деді.

16-бап. Имамның Күн тұтылғанда уағыз айтып жатып, «Амма баъд» деп айтуы

بَابُ قَوْلِ الْإِمَامِ فِي خُطْبَةِ الْكُؤُوفِ أَمَّا بَعْدُ وَقَالَ أَبُو أُسَامَةَ حَدَّثَنَا هِشَامٌ قَالَ أَخْبَرَنِي فَاطِمَةُ بِنْتُ الْمُنْذِرِ عَنْ أَسْمَاءَ قَالَتْ فَأَنْصَرَفَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَقَدْ تَجَلَّتْ الشَّمْسُ فَخَطَبَ فَحَمِدَ اللَّهَ بِمَا هُوَ أَهْلُهُ ثُمَّ قَالَ أَمَّا بَعْدُ

Асма (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намаз оқып болғанда күн тұтылып болған еді. Содан соң, құтпа айтты. Құтпаның сонында Алла тағалаға хамд сәна айтқаннан кейін: «баъд», - деп айтты.

17-бап. Күн немесе Ай тұтылғанда намаз оқу туралы

169- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ غَيْلَانَ قَالَ حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ عَامِرٍ عَنْ شُعْبَةَ عَنْ يُونُسَ عَنْ الْحَسَنِ عَنْ أَبِي بَكْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ انْكَسَفَتِ الشَّمْسُ عَلَى عَهْدِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَصَلَّى رَكَعَتَيْنِ

169- Әбу Бәкір (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) заманында күн тұтылды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) екі рәкат намаз оқыды»,- деді.

170- حَدَّثَنَا أَبُو مَعْمَرٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَارِثِ قَالَ حَدَّثَنَا يُونُسُ عَنْ الْحَسَنِ عَنْ أَبِي بَكْرَةَ قَالَ خَسَفَتْ الشَّمْسُ عَلَى عَهْدِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَخَرَجَ يَجْرُ رِدَاءَهُ حَتَّى انْتَهَى إِلَى الْمَسْجِدِ وَتَابَ النَّاسُ إِلَيْهِ فَصَلَّى بِهِمْ رَكَعَتَيْنِ فَأَنْجَلَتْ الشَّمْسُ فَقَالَ إِنَّ الشَّمْسَ وَالْقَمَرَ آيَاتَانِ مِنْ آيَاتِ اللَّهِ وَإِنَّهُمَا لَا يَخْسِفَانِ لِمَوْتِ أَحَدٍ وَإِذَا كَانَ ذَلِكَ فَصَلُّوا وَادْعُوا حَتَّى يُكْشَفَ مَا بَكُمْ وَذَلِكَ أَنَّ ابْنَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَاتَ يُقَالُ لَهُ إِبْرَاهِيمُ فَقَالَ النَّاسُ فِي ذَلِكَ

170- Әбу Бәкір (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) заманында күн тұтылды. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) *ридоларын* дұрыстап мешітке шықты. Жанына адамдар жиналған соң, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) олармен бірге екі рәкат намаз оқыды. Сол уақытта күн де тұтылып болды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Күн менен ай Алла тағаланың құдіретінің екі дәлелі. Олар біреудің өлгені үшін тұтылмайды. Егерде (күн немесе ай) тұтылса, тұтылып болғанша намаз оқып, Алла тағалаға дұға қылындар!»,- деді. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бұлай деуінің себебі бар болатын. Өйткені Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ұлы Ибраһим осы күні қайтыс болып, адамдар күннің тұтылуы содан деп ойлаған болатын.

18-бап. Күн тұтылғанда оқылатын намаздың бірінші рәкаты-ен ұзын рәкат екендігі туралы

171- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ غَيْلَانَ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو أَحْمَدَ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ يَحْيَى عَنْ عَمْرَةَ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَلَّى بِهِمْ فِي كُسُوفِ الشَّمْسِ أَرْبَعَ رَكَعَاتٍ فِي سَجْدَتَيْنِ الْأُولَى الْأُولُ أَطْوَلُ

171- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) күн тұтылғанда төрт рүкүф пен екі сәжде қылып намаз оқыды. Бірінші рәкат екіншісіне қарағанда ұзағырақ болатын»,- деді.

19-бап. Күн тұтылғанда оқылатын намазды дауыстап оқу туралы

172- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ مِهْرَانَ قَالَ حَدَّثَنَا الْوَلِيدُ بْنُ مُسْلِمٍ قَالَ أَخْبَرَنَا ابْنُ نُمَيْرٍ سَمِعَ ابْنَ شِهَابٍ عَنْ عُرْوَةَ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا جَهَرَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي صَلَاةِ الْخُسُوفِ بِقِرَاءَتِهِ فَإِذَا فَرَغَ مِنْ قِرَاءَتِهِ كَبَّرَ فَرَكَعَ وَإِذَا رَفَعَ مِنَ الرَّكْعَةِ قَالَ سَمِعَ اللَّهُ لِمَنْ حَمِدَهُ رَبَّنَا وَلَكَ الْحَمْدُ ثُمَّ يُعَاوِدُ الْقِرَاءَةَ فِي صَلَاةِ الْخُسُوفِ أَرْبَعَ رَكَعَاتٍ فِي رَكَعَتَيْنِ وَأَرْبَعَ سَجَدَاتٍ وَقَالَ الْأَوْزَاعِيُّ وَغَيْرُهُ سَمِعْتُ الزُّهْرِيَّ عَنْ عُرْوَةَ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّ الشَّمْسَ خَسَفَتْ عَلَى عَهْدِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَبَعَثَ مُنَادِيًا بِلِلِّ الصَّلَاةِ جَامِعَةً فَتَقَدَّمَ فَصَلَّى أَرْبَعَ رَكَعَاتٍ فِي رَكَعَتَيْنِ وَأَرْبَعَ سَجَدَاتٍ وَأَخْبَرَنِي عَبْدُ الرَّحْمَنِ بْنُ نُمَيْرٍ سَمِعَ ابْنَ شِهَابٍ مِثْلَهُ قَالَ الزُّهْرِيُّ قُلْتُ مَا صَنَعَ أَحْوَكُ ذَلِكَ عَبْدُ اللَّهِ بْنُ الزُّبَيْرِ مَا صَلَّى إِلَّا رَكَعَتَيْنِ مِثْلَ الصُّبْحِ إِذْ صَلَّى بِالْمَدِينَةِ قَالَ أَجَلٌ إِنَّهُ أَخْطَأَ السَّنَةَ تَابَعَهُ سُفْيَانُ بْنُ حُسَيْنٍ وَسُلَيْمَانُ بْنُ كَثِيرٍ عَنْ الزُّهْرِيِّ فِي الْجَهْرِ

172- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) күн тұтылған кездегі намазды дауысын шығарып оқыды. Оқып болған соң, тәкбір айтып рүкүф қылды. Рүкүфтан басын көтеріп жатып: «**Самиғаллаһу лиман хамидах, раббана уа ләка-л-хамд**», - деді. Кейін күн тұтылғанда оқылатын намазды екі рәкат, төрт рүкүф және төрт сәжде қылып оқитын болды», - деді.

Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың заманында күн тұтылды. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жамағатпен бірге намаз оқу үшін адамдарды жина!», - деп жаршы жіберді. Адамдар жиналғаннан соң, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) имамдыққа өтіп, екі рәкат, төрт рүкүф және төрт сәжде қылып намаз оқыды», - деді.

Зухрий (р.а.) Ғұруаға: «Бауырын Абдулла ибн Зубайр күн тұтылғанда Мединеде таң намазына ұқсас екі рәкат намаз оқыды. Бірақ-та артық еш нәрсе оқымады - ғой?!», - дегенінде, Ғұруа: «Иә, дұрыс, ағам намаздың сүннетінде жаңылысты», - деп жауап берген екен.

БИСМИЛЛӘҢИР РАХМАНИР РАХИМ

ҚҰРАНДЫ (АУДАРЫП) ОҚЫҒАНДА СӘЖДЕ ҚЫЛУ ЖӘНЕ ОНЫҢ
СҮННЕТ ЕКЕНДІГІ ТУРАСЫНДАҒЫ БАПТАР

173- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ بَشَّارٍ قَالَ حَدَّثَنَا عُذْرٌ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ أَبِي إِسْحَاقَ قَالَ سَمِعْتُ الْأَسْوَدَ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَرَأَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ النَّجْمَ بِمَكَّةَ فَسَجَدَ فِيهَا وَسَجَدَ مَنْ مَعَهُ غَيْرَ شَيْخٍ أَخَذَ كَفًّا مِنْ حَصَى أَوْ تُرَابٍ فَرَفَعَهُ إِلَى جَبْهَتِهِ وَقَالَ يَكْفِينِي هَذَا فَرَأَيْتُهُ بَعْدَ ذَلِكَ قَتِلَ كَافِرًا

173- Ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Меккеде «ән-Нажм» сүресін оқып сәжде етті. Ол кісімен қасындағылардың барлығы бірге сәжде қылды. Тек қана бір кісі сәжде қылмай жерден топырақты (әлде ұсақ құмды) алып мандайына тигізіп маған осы да жеткілікті», - деді. Кейіннен мен сол адамның кәпірлердің санатында (соғыста) өлтірілгенінің куәсі болдым», - деді.

1-бап. «Танзийл ус-сажда» сүресін оқып сәжде қылу туралы

174- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ يُوسُفَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ سَعْدِ بْنِ إِبْرَاهِيمَ عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقْرَأُ فِي الْجُمُعَةِ فِي صَلَاةِ الْفَجْرِ الْمُنْزِلُ السَّجْدَةَ وَهَلْ أَتَى عَلَى الْإِنْسَانِ

174- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жұма күні таң намазында «Әлиф, ләм, мим танзийл ус-сажда» сүресін және «Уа һал ата ғала-л-инсани» сүрелерін оқитын», - деді.

2-бап. «Сад» сүресін оқып сәжде қылу туралы

175- حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ حَرْبٍ وَأَبُو الثُّعْمَانِ قَالَا حَدَّثَنَا حَمَّادُ بْنُ زَيْدٍ عَنْ أَيُّوبَ عَنْ عِكْرِمَةَ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ صَ لَيْسَ مِنْ عَزَائِمِ السُّجُودِ وَقَدْ رَأَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَسْجُدُ فِيهَا

175- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Сад» сүресін оқып сәжде қылу бұйрылмаса-да, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сол сүрені оқып сәжде қылғаның көрдім», - деді.

3-бап. «Ән-Нажм» сүресін оқып сәжде қылу туралы

176 - حَدَّثَنَا حَفْصُ بْنُ عُمَرَ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ أَبِي إِسْحَاقَ عَنِ الْأَسْوَدِ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَرَأَ سُورَةَ النَّجْمِ فَسَجَدَ بِهَا فَمَا بَقِيَ أَحَدٌ مِنَ الْقَوْمِ إِلَّا سَجَدَ فَأَخَذَ رَجُلٌ مِنَ الْقَوْمِ كَفًّا مِنْ حَصَى أَوْ تُرَابٍ فَرَفَعَهُ إِلَى وَجْهِهِ وَقَالَ يَكْفِينِي هَذَا قَالَ عَبْدُ اللَّهِ فَلَقَدْ رَأَيْتُهُ بَعْدُ قِيْلَ كَافِرًا

176- Абдулла ибн Масғуд (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Ән-Нажм» сүресін оқып сәжде қылды. Сол жердегі адамдардың Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге сәжде қылмағаны қалмады. Тек қана бір кісі бір уыс топырақты (әлде құм) алып мандайына сүртті де: «Маған осы да жеткілікті болады», - деді. Кейіннен сол адамның кәпірлердің санатында (соғыста) өлтірілгенің көрдім», - деді.

4-бап. Мұсылмандардың мүшіріктермен бірге сәжде қылуы туралы

وَالْمُشْرِكُ نَجَسٌ لَيْسَ لَهُ وُضُوءٌ وَكَانَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يَسْجُدُ عَلَى غَيْرِ وُضُوءٍ

Ақиқатында, мүшірік-нәжіс! Ол дәреттің не екендігін білмейді. Ибн Омар (р.а.) дәретсіз де сәжде қыла беретін еді.

177 - حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَارِثِ قَالَ حَدَّثَنَا أَيُّوبُ عَنْ عِكْرَمَةَ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ سَجَدَ بِالنَّجْمِ وَسَجَدَ مَعَهُ الْمُسْلِمُونَ وَالْمُشْرِكُونَ وَالْجِنُّ وَالْإِنْسُ وَرَوَاهُ إِبْرَاهِيمُ بْنُ طَهْمَانَ عَنْ أَيُّوبَ

177- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Ән-Нажм» сүресін оқып сәжде қылғанында, мұсылмандар да, мүшіріктер де, жындар мен адамдар да сәжде қылатын», - деді.

5-бап. Сүрені оқып сәжде қылмаған адам туралы

178- حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ دَاوُدَ أَبُو الرَّبِيعِ قَالَ حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ بْنُ جَعْفَرٍ قَالَ أَخْبَرَنَا يَزِيدُ بْنُ خُصَيْفَةَ عَنْ ابْنِ فَسَيْطٍ عَنْ عَطَاءِ بْنِ يَسَارٍ أَنَّهُ أَخْبَرَهُ أَنَّهُ سَأَلَ زَيْدَ بْنَ ثَابِتٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فَرَعَمَ أَنَّهُ قَرَأَ عَلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَاللَّجْمَ فَلَمْ يَسْجُدْ فِيهَا

178- Ғата ибн Ясар Зайд ибн Сәбиттен (р.а.) «Ән-Нажм» сүресін оқып болып сәжде қылу туралы сұрады. Зайд өзінің Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдында «Ән-Нажм» сүресін оқып сәжде қылмағанын алдыға тартты.

6-бап. «Иза-с-сама-ун-шаққат» сүресін оқып сәжде қылу туралы

179- حَدَّثَنَا مُسْلِمُ بْنُ أَبِرَاهِيمَ وَمُعَاذُ بْنُ فَضَالَةَ قَالَا أَخْبَرَنَا هِشَامٌ عَنْ يَحْيَى عَنْ أَبِي سَلَمَةَ قَالَ رَأَيْتُ أَبَا هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَرَأَ إِذَا السَّمَاءُ انشَقَّتْ فَسَجَدَ بِهَا فَقُلْتُ يَا أَبَا هُرَيْرَةَ أَلَمْ أَرَكَ تَسْجُدُ قَالَ لَوْ لَمْ أَرَ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَسْجُدُ لَمْ أُسْجُدْ

179- Әбу Сәлама (р.а.) риуаят етті: «Әбу Хурайраның «Иза-с-самау-н-шаққат» сүресін оқып сәжде қылғаның көрдім. Сонда мен: «Ей Әбу Хурайра, сіздің сәжде қылып жатқаныңызды көріп қалдым-ғой!»,- дедім. Сонда Әбу Хурайра (р.а.): «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сол сүрені оқып сәжде қылғанын көрмегенімде мен де сәжде қылмас едім!»,- деді.

7-бап. Қаридың (сәждесіне) қосылып бірге сәжде қылу туралы

قَالَ ابْنُ مَسْعُودٍ لِتَمِيمِ بْنِ حَذَلِمٍ وَهُوَ غُلَامٌ فَقَرَأَ عَلَيْهِ سَجْدَةً فَقَالَ اسْجُدْ فَإِنَّكَ إِمَامُنَا فِيهَا

Тамим ибн Хазламның (р.а.) бала кезі болатын. Бір күні ол сәжде қылатын аятты оқып бергенінде, Ибн Масғуд (р.а.) оған: «Сәжде қыл, сен біздің имамымызсың!»,- деді.

181- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى حَدَّثَنَا عُبَيْدُ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنِي نَافِعٌ عَنْ ابْنِ
عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَفْرَأُ عَلَيْنَا السُّورَةَ
فِيهَا السَّجْدَةُ فَيَسْجُدُ وَنَسْجُدُ حَتَّى مَا يَجِدُ أَحَدُنَا مَوْضِعَ جَبْهَتِهِ

181- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сәжде қылынатын сүрені оқитын да сәжде қылатын. Бізде біргелкі сәжде қылатынбыз. Кейде (адамның көптігінен) мандайымыз тиетін жер таппай қалатынбыз»,- деді.

8-бап. Имам сәжде қылынатын аятты оқығанда адамдардың жиналуы туралы

182- حَدَّثَنَا يَشْرُ بْنُ أَدَمَ قَالَ حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ مُسْهِرٍ قَالَ أَخْبَرَنَا عُبَيْدُ اللَّهِ
عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ قَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَفْرَأُ السَّجْدَةَ وَنَحْنُ
عِنْدَهُ فَيَسْجُدُ وَنَسْجُدُ مَعَهُ فَتَنْزِدْ حَتَّى مَا يَجِدُ أَحَدُنَا لِحَبْهَتِهِ مَوْضِعًا يَسْجُدُ عَلَيْهِ

182- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сәжде қылынатын аяттарды оқығанында біз де ол кісінің жанында болатынбыз. Ол кісі сәжде қылғанда бізде ол кісімен бірге сәжде қылатын едік. Адамдардың көптігінен кейбіріміз мандайымызды қоятын жер таппай қалатынбыз»,- деді.

9-бап. «Алла тағала сәжде етілетін аят оқылғаннан кейін сәжде етуді уәжіп етпеген»,- деген пікірге жүгінген кісілер туралы

قِيلَ لِعِمْرَانَ بْنِ حُصَيْنٍ الرَّجُلُ يَسْمَعُ السَّجْدَةَ وَلَمْ يَجْلِسْ لَهَا قَالَ أَرَأَيْتَ لَوْ
فَعَدَ لَهَا كَأَنَّهُ لَا يُوجِبُهُ عَلَيْهِ وَقَالَ سَلْمَانُ مَا لِهَذَا غَدَوْنَا وَقَالَ عَثْمَانُ رَضِيَ اللَّهُ
عَنْهُ إِنَّمَا السَّجْدَةُ عَلَى مَنْ اسْتَمَعَهَا وَقَالَ الزُّهْرِيُّ لَا يَسْجُدُ إِلَّا أَنْ يَكُونَ طَاهِرًا
فَإِذَا سَجَدْتَ وَأَنْتَ فِي حَضْرٍ فَاسْتَقْبِلِ الْقِبْلَةَ فَإِنْ كُنْتَ رَاكِبًا فَلَا عَلَيْكَ حَيْثُ كَانَتْ
وَجْهُكَ وَكَانَ السَّائِبُ بْنُ يَزِيدَ لَا يَسْجُدُ لِسُجُودِ الْقَاصِّ

Ғимран ибн Хусайынға: «Бір кісі сәжде қылатын аятты естісе де, тоқтамай өтіп кете береді»,- десті. Ғимран (р.а.): «Тоқтамаса не болады екен?»,- деді. Имам Бұхарий: «Ғимран бұны уәжіп деп есептемеген секілді»,- деді.

Сәжде қылынатын аят оқылғаннан кейін басқалар сәжде қылып, Салман Фарсий сәжде етпей өтіп кетіп бара жатқандарында ол кісіге

адамдар: «Сіз неге сәжде етпедіңіз!»,- десті. Сонда Салман Фарсий: «Біз бұл аятты естуге ниет қылып шыққанымыз жоқ болатын біз оны кенеттен естіп қалдық»,- деді. Хазреті Осман: «Бұл-сәжде қылатын аятты естуге әдейілеп ниет еткен адамдарға ғана уәжіп!»,- деді. Зухрий: «Дәреті бар адам ғана сәжде етеді. Егерде сәжде етпекші болсаңыз онда қыблаға қарап сәжде етіңіз. Атқа мініп сапарға кетіп бара жатқаныңызда, кетіп бара жатқан жағыңызға қарап сәжде ете беріңіз, оның зияны жоқ»,- деді. Сайб ибн Язид (р.а.) болса, қысқарақ оқыған кезінде сәжде етпейтін еді.

183- حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ مُوسَى قَالَ أَخْبَرَنَا هِشَامُ بْنُ يُوسُفَ أَنَّ ابْنَ جُرَيْجٍ أَخْبَرَهُمْ قَالَ أَخْبَرَنِي أَبُو بَكْرٍ بْنُ أَبِي مُلَيْكَةَ عَنْ عُمَانَ بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ التَّمِيمِيِّ عَنْ رَيْبَعَةَ بِنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ الْهَدَيْرِ التَّمِيمِيِّ قَالَ أَبُو بَكْرٍ وَكَانَ رَيْبَعَةُ مِنْ خِيَارِ النَّاسِ عَمَّا حَضَرَ رَيْبَعَةُ مِنْ عُمَرَ بْنِ الْخَطَّابِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَرَأَ يَوْمَ الْجُمُعَةِ عَلَى الْمِنْبَرِ بِسُورَةِ التَّحْلِ حَتَّى إِذَا جَاءَ السَّجْدَةَ نَزَلَ فَسَجَدَ وَسَجَدَ النَّاسُ حَتَّى إِذَا كَانَتْ الْجُمُعَةُ الْقَابِلَةَ قَرَأَ بِهَا حَتَّى إِذَا جَاءَ السَّجْدَةَ قَالَ يَا أَيُّهَا النَّاسُ إِنَّا نَمُرُّ بِالسُّجُودِ فَمَنْ سَجَدَ فَقَدْ أَصَابَ وَمَنْ لَمْ يَسْجُدْ فَلَا إِثْمَ عَلَيْهِ وَلَمْ يَسْجُدْ عُمَرُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ وَزَادَ نَافِعٌ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا إِنَّ اللَّهَ لَمْ يَفْرِضِ السُّجُودَ إِلَّا أَنْ نَشَاءَ

183- Әбу Бәкір ибн Әбу Мулайка (р.а.) риуаят етті: «Рабийға адамдардың тазасы еді. Ол маған Хазреті Омардың (р.а.) алдында болғаның айтып: «Хазреті Омар жұма күні мінберде тұрып «Ән-Нахл» сүресін оқыды. Сәжде қылатын аятқа келгенде, мінберден түсіп сәжде етті. Ол кісімен бірге адамдар да сәжде қылды. Кейінгі жұмада және «Ән-нахл» сүресін оқыды. Сәжде қылынатын аятқа келгенде: «Ей адамдар, біз сәжде қылынатын аятқа келдік, кімде-кім сәжде етсе, сүннетке амал қылғаны. Ал кімде-кім сәжде етпесе, оның күнәсі жоқ»,- деп өзі сәжде етпеді.

Нафиғ (р.а.) Хазреті Омар туралы айтылған хадиске қосымша қылып: «Сонда Хазреті Омар (р.а.), «Алла тағала сәжде қылынатын аят оқылғаннан соң сәжде қылуды парыз қылған жоқ, егерде қаласақ сәжде қыламыз»,- деп айтқан болатын»,- деді.

10-бап. Намаз оқып жатып сәжде аятына келгенде сәжде қылған кісі жайында

184- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا مُعْتَمِرٌ قَالَ سَمِعْتُ أَبِي قَالَ حَدَّثَنِي بَكْرٌ عَنْ أَبِي رَافِعٍ قَالَ صَلَّيْتُ مَعَ أَبِي هُرَيْرَةَ الْعَتَمَةَ فَقَرَأَ إِذَا السَّمَاءُ انشَقَّتْ فَسَجَدَ فَقُلْتُ مَا هَذِهِ قَالَ سَجَدْتُ بِهَا خَلْفَ أَبِي الْقَاسِمِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَلَا أزالُ أُسْجِدُ فِيهَا حَتَّى أَلْقَاهُ

184- Әбу Рафиғ (р.а.) риуаят етті: «Әбу Хурайрамен бірге құптан намазын оқыдым. Сонда ол кісі: **«Иза-с-самау-н-шаққат»** сүресін оқып жатып сәжде қылатын аятқа келгенде сәжде етті. Мен намаз біткеннен соң: «Бұл қандай сәжде болды?»,- дедім. Әбу Хурайра (р.а.): «Осы аятқа келгенде Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) ұйып сәжде еткенмін. Сол себепті қияметте Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) жолыққанымша (өлгенімше) сәжде қыла беремін!»,- деді.

11-бап. Тығыздықтан сәжде қылуға орын таппай қалған кісі туралы

185- حَدَّثَنَا صَدَقَةُ بْنُ الْفَضْلِ قَالَ أَخْبَرَنَا يَحْيَى بْنُ سَعِيدٍ عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقْرَأُ السُّورَةَ الَّتِي فِيهَا السَّجْدَةُ فَيَسْجُدُ وَنَسْجُدُ مَعَهُ حَتَّى مَا يَجِدُ أَحَدًا مَكَانًا لِمَوْضِعِ جَبْهَتِهِ

185- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сәжде аяты бар сүрені оқып, сәжде ететін еді. Бізде ол кісімен бірге сәжде ететінбіз. Адамдардың көптігінен кейбіреуіміз сәждеге мандайымызды қоятын жер таппай қалатын едік»,- деді.

НАМАЗДЫ ҚЫСҚАРТЫП ОҚУ ТУРАСЫНДАҒЫ БАПТАР

1-бап. Қысқартып оқу және оның мерзімі жайлы хадистер

186- حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو عَوَانَةَ عَنْ عَاصِمٍ وَحُصَيْنٍ عَنْ عِكْرَمَةَ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ أَقَامَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ تِسْعَةَ عَشَرَ يَوْمًا إِذَا سَافَرْنَا تِسْعَةَ عَشَرَ فَصَرْنَا وَإِنْ زِدْنَا أَثْمَمْنَا

186- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) 19 күн бойы Меккеде тұрып қаср (қысқартып) оқыды (Мекке алынғанда). Сол үшін біз де сапарда 19 күн қаср (қысқартып) оқимыз», - деді.

187- حَدَّثَنَا أَبُو مَعْمَرٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَارِثِ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ أَبِي إِسْحَاقَ قَالَ سَمِعْتُ أَنَسًا يَقُولُ خَرَجْنَا مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنَ الْمَدِينَةِ إِلَى مَكَّةَ فَكَانَ يُصَلِّي رَكَعَيْنِ رَكَعَيْنِ حَتَّى رَجَعْنَا إِلَى الْمَدِينَةِ فُلْتُمْ أَقْمَتُمْ بِمَكَّةَ شَيْئًا قَالَ أَقْمْنَا بِهَا عَشْرًا

187- Әнас (р.а.) Яхя ибн Әбу Исхаққа былай деп риуаят еткен екен: «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге Мединеден Меккеге жолға шықтық. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мединеге қайтып келгенімізше парыз намазды екі рәкат-екі рәкаттан оқыды», - деді. Яхя ибн Әбу Исхақ Әнастан: «Меккеде көп тұрмаған боларсыздар?», - деп сұрапты. Сонда Әнас: «Меккеде он күн тұрдық», - деп жауап беріпті.

2-бап. Минада намаз оқу туралы

188- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ أَخْبَرَنِي نَافِعٌ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ صَلَّيْتُ مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِمِنَى رَكَعَيْنِ وَأَبِي بَكْرٍ وَعُمَرَ وَمَعَ عُثْمَانَ صَدْرًا مِنْ إِمَارَتِهِ ثُمَّ أَثْمَمَهَا

188- Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге Минада екі рәкат қаср (қысқартып) оқыдым. Әбу Бәкір Сыздық, Омар және енді ғана әмірлік қылып жатқан Османмен де екі рәкат қаср (қысқартып) оқығанмын. Кейін, Осман (р.а.) толық оқитын болды», - деді.

189- حَدَّثَنَا أَبُو الْوَلِيدِ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ أُنْبَأَنَا أَبُو إِسْحَاقَ قَالَ سَمِعْتُ حَارِثَةَ

بْنَ وَهَبٍ قَالَ صَلَّى بِنَا النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَمَّنَ مَا كَانَ بِمِئَى رَكَعَتَيْنِ

189- Хариса ибн Уахб: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бізбен бірге Минада төрт рәкаттың орнына екі рәкат намаз оқыды», - деді.

190- حَدَّثَنَا فُتَيْبَةُ بْنُ سَعِيدٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَاحِدِ بْنُ زِيَادٍ عَنِ الْأَعْمَشِ قَالَ

حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ قَالَ سَمِعْتُ عَبْدَ الرَّحْمَنِ بْنَ يَزِيدٍ يَقُولُ صَلَّى بِنَا عُثْمَانَ بْنَ عَفَّانَ

رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ بِمِئَى أَرْبَعِ رَكَعَاتٍ فَقِيلَ ذَلِكَ لِعَبْدِ اللَّهِ بْنِ مَسْعُودٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ

فَاسْتَرْجَعَ ثُمَّ قَالَ صَلَّيْتُ مَعَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِمِئَى رَكَعَتَيْنِ

وَصَلَّيْتُ مَعَ أَبِي بَكْرٍ الصِّدِّيقِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ بِمِئَى رَكَعَتَيْنِ وَصَلَّيْتُ مَعَ عُمَرَ

بْنَ الْخَطَّابِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ بِمِئَى رَكَعَتَيْنِ فَلَيْتَ حَطَّيْ مِنْ أَرْبَعِ رَكَعَاتٍ رَكَعَاتَانِ

مُتَقَبَّلَاتَانِ

190- Абдуррахман ибн Язид (р.а.) риуаят етті: «Осман ибн Ғаффан бізбен бірге Минада төрт рәкат намаз оқыды. Бұны Абдулла ибн Масғудке жеткізді. Сонда Абдулла ибн Масғуд сол сияқты бір оқиғаны есіне алып былай деді: «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге Минада намазды төрт рәкаттың орнына екі рәкат қылып оқыдық, Әбу Бәкір мен де, Омар мен де Минада екі рәкаттан оқыдық. парыз (намаз) төрт рәкат орнына екі рәкат деп қабыл қылынған болса, қанеки!»,- деді.

3-бап. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қажылықта неше күн тұрды?

191- حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ قَالَ حَدَّثَنَا وَهَيْبٌ قَالَ حَدَّثَنَا أَيُّوبُ عَنْ أَبِي

الْعَالِيَةِ الْبَرَاءِ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ قَدِمَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ

وَسَلَّمَ وَأَصْحَابُهُ لِصْبَحِ رَابِعَةٍ يُلْبُونُ بِالْحَجِّ فَأَمَرَهُمْ أَنْ يَجْعَلُوهَا عُمْرَةً إِلَّا مَنْ مَعَهُ

الْهَدْيُ تَابَعَهُ عَطَاءٌ عَنْ جَابِرٍ

191- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) және сахабалары Мекке Мұқаррамаға Зүлхижжа айының 4-ші күні таң ата жетіп келді. 4-ші күннің бесінінен бастап 8-ші күнінің асрына дейін қажылық үшін тәлбия айтты. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) 8-ші күні Минаға шықты. Меккеде 21 рәкат парыз намазын оқыды. Кейін, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) құрбандық алып келмеген сахабаларға ғұмра (кіші қажылық) қылып ихрамды шешуді, ал құрбандық алып келгендерге болса, ихрамды шешпей үлкен қажылықты жалғастыруларын бұйырды», - деді.

4-бап. Неше күндік сапарда намаз (қысқартылып) оқылады?

النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَوْمًا وَلَيْلَةً سَفَرًا وَكَانَ ابْنُ عُمَرَ وَابْنُ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يَقْضِرَانِ وَيُفْطِرَانِ فِي أَرْبَعَةِ بُرْدٍ وَهِيَ سِتَّةٌ عَشَرَ فَرَسًا

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір күн бір түндік жолды «сапар» деп атаған. Ибн Омар мен Ибн Аббас (р.а.) 4 *бурудтық* (16 фарсах-36 км) жолға шығатын болса, намазды қаср қылып, оразаны ашып жіберетін еді.

192- حَدَّثَنَا إِسْحَاقُ بْنُ إِبْرَاهِيمَ الْحَنْظَلِيُّ قَالَ قُلْتُ لِأَبِي أُسَامَةَ حَدَّثَكُمْ عُبَيْدُ اللَّهِ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ لَا تُسَافِرُ الْمَرْأَةُ ثَلَاثَةَ أَيَّامٍ إِلَّا مَعَ ذِي مَحْرَمٍ

192- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Әйел кісі 3 тәуліктік жолға жалғыз өзі шықпайды. Тек *маһрамы*¹⁸ мен бірге жолға шығады», - деді.

193- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ أَخْبَرَنِي نَافِعٌ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ لَا تُسَافِرُ الْمَرْأَةُ ثَلَاثًا إِلَّا مَعَ ذِي مَحْرَمٍ تَابِعَهُ أَحْمَدُ عَنْ ابْنِ الْمُبَارَكِ عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

193- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Алла тағалаға және ахирет күніне иман келтірген әйелдің *маһрамсыз* жалғыз өзі бір тәулікке сапарға шығуы дұрыс емес», - деді.

¹⁸ Маһрам- неке жүрмейтін жақын адам.

5-бап. Үйден сапарға шыға салысымен-ақ намазды қаср¹⁹ қылып оқи береді

خَرَجَ عَلِيُّ بْنُ أَبِي طَالِبٍ عَلَيْهِ السَّلَامُ فَقَصَرَ وَهُوَ يَرَى النُّبُوتَ فَلَمَّا رَجَعَ قِيلَ لَهُ هَذِهِ الْكُوفَةُ قَالَ لَا حَتَّى نَدْخُلَهَا

Хазреті Әли (р.а.) сапарға шықты. Жолда кетіп бара жатып әлі үйі көрініп тұрса да, намазды қаср оқыды. Сапардан қайтқанда серіктері Хазреті Әлиге: «Міне, Куфа да көрініп қалды, енді намазды толық оқимыз ба?»,- десті. Сонда Хазреті Әли: «Жоқ, қалаға кіргенімізше толық оқымаймыз»,- деп жауап берді.

195- حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ الْمُنْكَدِرِ وَإِبْرَاهِيمَ بْنِ مَيْسَرَةَ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ صَلَّيْتُ الظُّهْرَ مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِالْمَدِينَةِ أَرْبَعًا وَبِذِي الْحُلَيْفَةِ رَكَعَيْنِ

195- Әнас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге бесін намазын Мединеде оқыдық. Зүл-Хұлайфа деген жерге барғанда, екі рәкат аср намазын оқыдық. (Меккеге 6 мил) қалған еді»,- деді.

196- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مُحَمَّدٍ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ الزُّهْرِيِّ عَنْ عُرْوَةَ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ صَلَّاتُ الصَّلَاةِ أَوْلُ مَا فُرِضَتْ رَكَعَيْنِ فَأَقْرَبَتْ صَلَاةَ السَّفَرِ وَأَيْمَّتْ صَلَاةَ الْحَضَرِ قَالَ الزُّهْرِيُّ فَقُلْتُ لِعُرْوَةَ مَا بَالُ عَائِشَةَ تَبِيءُ قَالَ تَأَوَّلَتْ مَا تَأَوَّلَ عُمَانُ

196- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Алғашқы да, намаз екі рәкат болып парыз етілген еді. Сапарда сол екі рәкат бойынша қалды. Бірақ *муқимдықта*²⁰ төрт рәкат қылып толтырылды. Зүһрий Ғұрудан: «Айша анамыз «толтырылды» дегенінде не нәрсені меңзеп айтты»,- деп сұрады. Ғұруа: «Осман (р.а.) бұл туралы (яғни, намазды төрт рәкат қылып оқу туралы) не айтқан болса, соны айтты»,- деді.

¹⁹ Қаср-қыскартып оқу.

²⁰ Мұқим-жергілікті, тұрғылықты жер.

6-бап. Шам намазы сапарда да үш рәкат болып оқылады

197- حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ قَالَ أَخْبَرَنِي سَالِمٌ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ رَأَيْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا أَعْجَلَهُ السَّيْرُ فِي السَّفَرِ يُؤَخِّرُ الْمَغْرِبَ حَتَّى يَجْمَعَ بَيْنَهَا وَبَيْنَ الْعِشَاءِ قَالَ سَالِمٌ وَكَانَ عَبْدُ اللَّهِ بْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يَفْعَلُهُ إِذَا أَعْجَلَهُ السَّيْرُ وَزَادَ اللَّيْلُ قَالَ حَدَّثَنِي يُونُسُ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ قَالَ سَالِمٌ كَانَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يَجْمَعُ بَيْنَ الْمَغْرِبِ وَالْعِشَاءِ بِالْمُزْدَلِفَةِ قَالَ سَالِمٌ وَأَخَّرَ ابْنُ عُمَرَ الْمَغْرِبَ وَكَانَ اسْتُصْرِحَ عَلَى امْرَأَتِهِ صَفِيَّةَ بِنْتِ أَبِي عُبَيْدٍ فَقُلْتُ لَهُ الصَّلَاةُ فَقَالَ سِرٌّ فَقُلْتُ الصَّلَاةُ فَقَالَ سِرٌّ حَتَّى سَارَ مِائِلِينَ أَوْ ثَلَاثَةَ ثُمَّ نَزَلَ فَصَلَّى ثُمَّ قَالَ هَكَذَا رَأَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّي إِذَا أَعْجَلَهُ السَّيْرُ وَقَالَ عَبْدُ اللَّهِ رَأَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا أَعْجَلَهُ السَّيْرُ يُؤَخِّرُ الْمَغْرِبَ فَيُصَلِّيهَا ثَلَاثًا ثُمَّ يُسَلِّمُ ثُمَّ قَلَّمَا يَلْبَثُ حَتَّى يُقِيمَ الْعِشَاءَ فَيُصَلِّيهَا رَكَعَتَيْنِ ثُمَّ يُسَلِّمُ وَلَا يُسَبِّحُ بَعْدَ الْعِشَاءِ حَتَّى يَقُومَ مِنْ جَوْفِ اللَّيْلِ

197- Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сапарда асығып тұрғанында шам намазын кешіктіріп, құфтан намазына қосып оқығанын көрдім», - деді. Сәлім: «Менің атам Абдуллада сапарда асығып тұрса, солай қылатын еді», - деді.

Ибн Шихаб Зухрийге Сәлім былай деп риуаят еткен екен: «Ибн Омар (р.а.) Муздалифа деген жерде құфтанның уақыты болды бірақ-та шам намазын оқымады. Бір уақытта Ибн Омар (р.а.) әйелі Сафия бинти Әбу Убайдаға дауыстап сөйлеп тұрған еді, мен: «Намазға!», - дедім. Ол: «Әлі жүре бер», - деді. Мен тағыда: «Намазға!», - дедім. Ол: «Әлі жүре бер», - деді. Мен және: «Намазға!», - дедім. Ол кісі тағы да: «Жүре бер», - деді. Сөйтіп 2-3 мил жүрдік, содан соң түсіп намаз оқыдық. Намаздан кейін: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сапарда асығып тұрғанда солай намаз оқығаның көргенмін. Ол кісі шам намазын үш рәкат қылып оқып, сәлем берді. Ал біраздан соң, тәкбір айтып, екі рәкат құфтан намазын оқып, сәлем берді. Құфтан намазынан кейін таң атқанша нәпіл оқымады», - деді.

7-бап. Түйенің үстінде нәпіл намаз оқу туралы

198- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْأَعْلَى قَالَ حَدَّثَنَا مَعْمَرٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَامِرٍ بْنِ رَبِيعَةَ عَنْ أَبِيهِ قَالَ رَأَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّي عَلَى رَاحِلَتِهِ حَيْثُ تَوَجَّهَتْ بِهِ

198- Абдулла ибн Амрдың (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) түйенің үстінде кетіп бара жатқан жағына қарап намаз оқып жатқанын көргенмін», - деді.

199- حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ قَالَ حَدَّثَنَا شَيْبَانُ عَنْ يَحْيَى عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ أَنَّ جَابِرَ بْنَ عَبْدِ اللَّهِ أَخْبَرَهُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يُصَلِّي التَّطَوُّعَ وَهُوَ رَاكِبٌ فِي غَيْرِ الْقِبْلَةِ

199- Жәбир ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түйенің үстінде қыбладан да басқа жаққа қарап намаз оқи беретін», - деді.

200- حَدَّثَنَا عَبْدُ الْأَعْلَى بْنُ حَمَّادٍ قَالَ حَدَّثَنَا وَهَيْبٌ قَالَ حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ عُقْبَةَ عَنْ نَافِعٍ قَالَ وَكَانَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يُصَلِّي عَلَى رَاحِلَتِهِ وَيُوتِرُ عَلَيْهَا وَيُخْبِرُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يَفْعَلُهُ

200- Нафиғ (р.а.) риуаят етті: «Ибн Омар (р.а.) түйенің үстінде отырған бойы нәпіл және үтір намаздарын оқи беретін. Кейін: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) солай істейтін», - деп айтатын», - деді.

8-бап. Түйенің үстінде ишарамен нәпіл намаз оқу туралы

201- حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْعَزِيزِ بْنُ مُسْلِمٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ دِينَارٍ قَالَ كَانَ عَبْدُ اللَّهِ بْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يُصَلِّي فِي السَّفَرِ عَلَى رَاحِلَتِهِ أَيْنَمَا تَوَجَّهَتْ يَوْمِيٌّ وَذَكَرَ عَبْدُ اللَّهِ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يَفْعَلُهُ

201- Абдулла ибн Динар (р.а.) риуаят етті: «Абдулла ибн Омар (р.а.) сапарда түйеге мініп кетіп бара жатқан жағына қарап нәпіл оқи беретін еді. Рүкүф пен сәждені ишара мен қылатын еді. Яғни тура рүкүф және сәжде

кылып жатқандай әрекет қылатын еді. Пайғамбарымызда (с.ғ.с.) тура осылай қылатын», - деді.

9-бап. Парыз намазды түйеден түсіп оқиды

202- حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ قَالَ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ عُقَيْلٍ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَامِرٍ بْنِ رَبِيعَةَ أَنَّ عَامِرَ بْنَ رَبِيعَةَ أَخْبَرَهُ قَالَ رَأَيْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَهُوَ عَلَى الرَّاحِلَةِ يُسَبِّحُ يَوْمِي بِرَأْسِهِ قَبْلَ أَيِّ وَجْهِ تَوَجَّهَ وَلَمْ يَكُنْ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَصْنَعُ ذَلِكَ فِي الصَّلَاةِ الْمَكْتُوبَةِ وَقَالَ اللَّيْثُ حَدَّثَنِي يُونُسُ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ قَالَ قَالَ سَالِمٌ كَانَ عَبْدُ اللَّهِ بْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يُصَلِّي عَلَى دَابَّتِهِ مِنَ اللَّيْلِ وَهُوَ مُسَافِرٌ مَا يُبَالِي حَيْثُ مَا كَانَ وَجْهَهُ قَالَ ابْنُ عُمَرَ وَكَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُسَبِّحُ عَلَى الرَّاحِلَةِ قَبْلَ أَيِّ وَجْهِ تَوَجَّهَ وَيُوتِرُ عَلَيْهَا غَيْرَ أَنَّهُ لَا يُصَلِّي عَلَيْهَا الْمَكْتُوبَةَ

202- Амир ибн Рабийға (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) түйенің үстінде (кетіп бара жатқан жағына қарап) рүкүғ пен сәждені ишара мен қылып нәпіл оқып кетіп бара жатқанын көргенмін. Бірақ, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) парыз намазды бұлай оқымайтын (түйеден түсіп оқитын)», - деді.

Ибн Шихаб (р.а.) риуаят етті (ол кісіге Зухрий, ал Зухрийге Салим айтқан екен): «Абдулла ибн Омар (р.а.) сапарда жүргенінде түнде түйенің үстінде намаз оқитын. Қай жаққа кетіп бара жатқанына көңіл аудармайтын. Ибн Омар (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түйенің үстінде қай жаққа қарап болса да, нәпіл және үтір оқи беретін. Бірақ парыз намазды түйенің үстінде оқымайтын», - деді.

203- حَدَّثَنَا مُعَاذُ بْنُ فَضَالَةَ قَالَ حَدَّثَنَا هِشَامٌ عَنْ يَحْيَى عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ ثَوْبَانَ قَالَ حَدَّثَنِي جَابِرُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يُصَلِّي عَلَى رَاحِلَتِهِ نَحْوَ الْمَشْرِقِ فَإِذَا أَرَادَ أَنْ يُصَلِّيَ الْمَكْتُوبَةَ نَزَلَ فَاسْتَقْبَلَ الْقِبْلَةَ

203- Жәбир ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түйеге мініп шығыс жаққа кетіп бара жатқан болса да, сол жаққа қарап нәпіл оқи беретін. Бірақ-та қашан парыз намазды оқымақшы болса, түйеден түсіп, қыблаға қарап оқитын», - деді.

10-бап. Есекке мініп бара жатып нәпіл оқу туралы

204- حَدَّثَنَا أَحْمَدُ بْنُ سَعِيدٍ قَالَ حَدَّثَنَا حَبَّانُ قَالَ حَدَّثَنَا هَمَّامٌ قَالَ حَدَّثَنَا أَنَسُ بْنُ سِيرِينَ قَالَ اسْتَقْبَلَنَا أَنَسُ بْنُ مَالِكٍ حِينَ قَدِمَ مِنَ الشَّامِ فَلَقِينَاهُ بَعَيْنِ النَّمْرِ فَرَأَيْتُهُ يُصَلِّي عَلَى حِمَارٍ وَوَجْهُهُ مِنْ ذَا الْجَانِبِ يَعْنِي عَنْ يَسَارِ الْقِبْلَةِ فَقُلْتُ رَأَيْتَكَ تُصَلِّي لِغَيْرِ الْقِبْلَةِ فَقَالَ لَوْلَا أَنِّي رَأَيْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَعَلْتُهُ لَمْ أَفْعَلْهُ رَوَاهُ إِبْرَاهِيمُ بْنُ طَهْمَانَ عَنْ حَجَّاجٍ عَنْ أَنَسِ بْنِ سِيرِينَ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

204- Әнас ибн Сирин (р.а.) риуаят етті: «Әнас ибн Мәлік Шам шаһарынан келе жатқанда біз ол кісіні күтіп алу үшін алдынан шықтық. «Айн ут-Тамр» деген жерде жолықтық. Сонда ол кісінің есектің үстінде нәпіл оқып келе жатқанын көрдім. Беті қыбланың сол жағына қараған хәлде еді. Мен ол кісіге: «Сіздің қыбладан басқа жаққа қарап намаз оқығаныңызды көрдім», - дедім. Сонда Әнас ибн Мәлік: «Егерде Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) солай істегенін көрмегенімде, мен де бұлай қылмайтын едім», - деді.

11-бап. Сапарда парыз намаздан кейін нәпіл оқымаған кісі туралы

205- حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ سُلَيْمَانَ قَالَ حَدَّثَنِي ابْنُ وَهْبٍ قَالَ حَدَّثَنِي عُمَرُ بْنُ مُحَمَّدٍ أَنَّ حَفْصَ بْنَ عَاصِمٍ حَدَّثَهُ قَالَ سَافَرَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا فَقَالَ صَحِبْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَلَمْ أَرَهُ يُسَبِّحُ فِي السَّفَرِ وَقَالَ اللَّهُ جَلَّ ذِكْرُهُ لَقَدْ كَانَ لَكُمْ فِي رَسُولِ اللَّهِ إِسْوَةٌ حَسَنَةٌ

205- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге сапарға шықтым. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сапар кезінде парып намаздан кейін нәпіл оқығаның көрген емеспін. Алла тағала: «Пайғамбарымызда (с.ғ.с.) сендерге үлгі боларлық жақсы нәрселер көп!», - деді.

206- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ عَيْسَى بْنِ حَفْصِ بْنِ عَاصِمٍ قَالَ حَدَّثَنِي أَبِي أَنَّهُ سَمِعَ ابْنَ عُمَرَ يَقُولُ صَحِبْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

فَكَانَ لَا يَزِيدُ فِي السَّفَرِ عَلَى رَكَعَتَيْنِ وَأَبَا بَكْرٍ وَعُمَرُ وَعُثْمَانُ كَذَلِكَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ

206- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сапар қылып жолға шыққанда қасында бірге болдым. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) парыз намазды екі рәкаттан артық оқымайтын (яғни, сүннетін оқымайтын). Әбу Бәкір мен де, Омар және Осман мен де сапарда бірге жүрдім. Олар да солай қылатын», - деді.

12-бап. Сапарда парыз намаздан бұрын және кейін оқылатын сүннеттерден бөлек нәпіл оқыған кісі туралы

النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَكَعَتِي الْفَجْرِ فِي السَّفَرِ

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) таң намазының екі рәкат сүннетін оқыды.

207- حَدَّثَنَا حَفْصُ بْنُ عُمَرَ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ عَمْرِو بْنِ مُرَّةَ عَنْ ابْنِ أَبِي لَيْلَى قَالَ مَا أَخْبَرْنَا أَحَدًا أَنَّهُ رَأَى النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَلَّى الضُّحَى غَيْرُ أُمَّ هَانِئٍ ذَكَرَتْ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَوْمَ فَتْحِ مَكَّةَ اغْتَسَلَ فِي بَيْتِهَا فَصَلَّى ثَمَانِي رَكَعَاتٍ فَمَا رَأَيْتُهُ صَلَّى صَلَاةً أَخْفَّ مِنْهَا غَيْرَ أَنَّهُ يُتِمُّ الرُّكُوعَ وَالسُّجُودَ وَقَالَ اللَّيْثُ حَدَّثَنِي يُونُسُ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ قَالَ حَدَّثَنِي عَبْدُ اللَّهِ بْنُ عَامِرِ بْنِ رَبِيعَةَ أَنَّ أَبَاهُ أَخْبَرَهُ أَنَّهُ رَأَى النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَلَّى السُّبْحَةَ بِاللَّيْلِ فِي السَّفَرِ عَلَى ظَهْرِ رَأْسِهِ حَيْثُ تَوَجَّهَتْ بِهِ

207- Ибн Әбу Ләйла (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сәске уақытында намаз оқып жатқанын бір кісі көріп айтып берді. Үмму Ханиғ болса айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мекке алынған күні менің үйіме кіріп ғұсыл құйынды да 8 рәкат нәпіл намаз оқыды. Бұған дейін ол кісінің мұншалықты қысқа (жеңіл) намаз оқығанын көрмегенмін. Бірақ қысқа (жеңіл) оқысы да, рүкүғ пен сәждені толық қылып орындады», - деді.

Абдулла ибн Амирдың атасы (р.а.) риуаят етті: «Сапарда Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) түнде түйенің үстінде кетіп бара жатып нәпіл оқығанын көрдім», - деді.

208- حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ قَالَ أَخْبَرَنِي سَالِمُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يُسَبِّحُ عَلَى ظَهْرِ رَأْسِهِ حَيْثُ كَانَ وَجْهُهُ يُؤْمَى بِرَأْسِهِ وَكَانَ ابْنُ عُمَرَ يَفْعَلُهُ

208- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сапарда түйеге мініп кетіп бара жатып (түйе кетіп бара жатқан жаққа қарап) ишара қылып рүкүф-сәжде қылып нәпіл намаз оқи беретін», - деді.

Ибн Омарда (р.а.) тура солай қылатын еді.

13-бап. Сапар кезінде шам мен құфтан намаздарын қосып оқу туралы

209- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ قَالَ سَمِعْتُ الزُّهْرِيَّ عَنْ سَالِمٍ عَنْ أَبِيهِ قَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَجْمَعُ بَيْنَ الْمَغْرِبِ وَالْعِشَاءِ إِذَا جَدَّ بِهِ السَّيْرُ وَقَالَ إِبْرَاهِيمُ بْنُ طَهْمَانَ عَنْ الْحُسَيْنِ الْمُعَلَّمِ عَنْ يَحْيَى بْنِ أَبِي كَثِيرٍ عَنْ عِكْرَمَةَ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَجْمَعُ بَيْنَ صَلَاةِ الظُّهْرِ وَالْعَصْرِ إِذَا كَانَ عَلَى ظَهْرِ سَيْرٍ وَيَجْمَعُ بَيْنَ الْمَغْرِبِ وَالْعِشَاءِ وَعَنْ حُسَيْنٍ عَنْ يَحْيَى بْنِ أَبِي كَثِيرٍ عَنْ حَفْصِ بْنِ عُبَيْدِ اللَّهِ بْنِ أَنَسٍ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَجْمَعُ بَيْنَ صَلَاةِ الْمَغْرِبِ وَالْعِشَاءِ فِي السَّفَرِ وَتَابَعَهُ عَلِيُّ بْنُ الْمُبَارَكِ وَحَرَبٌ عَنْ يَحْيَى عَنْ حَفْصِ بْنِ أَنَسٍ جَمَعَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

209- Сәлімнің атасы Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сапар ауыр болса, шам мен құфтан намазын қосып оқитын», - деді.

Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жол жүргенде түйе мініп кетіп бара жатқан болса, бесін мен асрды, шам менен құфтанды қосып оқитын еді», - деді.

Энас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) шам менен құфтанды бірге қосып оқитын», - деді.

14-бап. Сапарда намаз оқушы шам менен құфтанды қосып оқығанда, азан мен тәкбір айтады ма әлде жоқ па?

210- حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ قَالَ أَخْبَرَنِي سَالِمٌ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ رَأَيْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا أَعْجَلَهُ السَّيْرُ فِي السَّفَرِ يُؤَخِّرُ صَلَاةَ الْمَغْرِبِ حَتَّى يَجْمَعَ بَيْنَهَا وَبَيْنَ الْعِشَاءِ قَالَ سَالِمٌ وَكَانَ عَبْدُ اللَّهِ بْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يَفْعَلُهُ إِذَا أَعْجَلَهُ السَّيْرُ وَيُقِيمُ الْمَغْرِبَ فَيُصَلِّيَهَا ثَلَاثًا ثُمَّ يُسَلِّمُ ثُمَّ قَلَّمَا يَلْبَثُ حَتَّى يُقِيمَ الْعِشَاءَ فَيُصَلِّيَهَا رَكَعَتَيْنِ ثُمَّ يُسَلِّمُ وَلَا يُسَبِّحُ بَيْنَهُمَا بِرُكْعَةٍ وَلَا بَعْدَ الْعِشَاءِ بِسُجْدَةٍ حَتَّى يَفُومَ مِنْ جَوْفِ اللَّيْلِ

210- Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) асығыс сапар уақытында шам намазын кешіктіріп, құфтанға қосып оқығанын көргенмін», - деді.

Сәлім (р.а.): «Абдулланың өзі де тура солай істейтін», - егерде сапар кезінде асығыс болса, тәкбір айтып үш рәкат шам намазын оқитын еді. Кейін, сәлем беріп, бір аз тұратын-да, құфтан намазына тәкбір айтып екі рәкат оқып сәлем беретін еді. Шам менен құфтанның арасында да, құфтаннан кейін де қосымша сүннет намаз оқымайтын еді. Тек қана жарым түнде таһажжуд намазын оқитын», - деді.

211- حَدَّثَنَا إِسْحَاقُ حَدَّثَنَا عَبْدُ الصَّمَدِ بْنُ عَبْدِ الْوَارِثِ حَدَّثَنَا حَرْبٌ حَدَّثَنَا يَحْيَى قَالَ حَدَّثَنِي حَفْصُ بْنُ عُبَيْدٍ اللَّهُ بْنُ أَنَسٍ أَنَّ أَنَسًا رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ حَدَّثَهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يَجْمَعُ بَيْنَ هَاتَيْنِ الصَّلَاتَيْنِ فِي السَّفَرِ يَعْنِي الْمَغْرِبَ وَالْعِشَاءَ

211- Әнас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жол жүргенде мына екі намазды, яғни, шам менен құфтанды бірге қосып оқитын», - деді.

15-бап. Күн аумастан бұрын жолға шықса, бесінді асрға қосып оқиды

212- حَدَّثَنَا حَسَّانُ الْوَأَسِطِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا الْمُفَضَّلُ بْنُ فَضَالَةَ عَنْ عَقِيلٍ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ

وَسَلَّمَ إِذَا ارْتَحَلَ قَبْلَ أَنْ تَزِيغَ الشَّمْسُ أَخْرَ الظُّهْرَ إِلَى وَقْتِ الْعَصْرِ ثُمَّ يَجْمَعُ بَيْنَهُمَا وَإِذَا زَاغَتْ صَلَّى الظُّهْرَ ثُمَّ رَكِبَ

212- Энас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) күн аумастан жолға шығатын болса, бесінді асрдың уақытына дейін кешіктіріп, кейін екі намазды қосып біріктіріп оқитын еді. Егерде күн төбеден ауғаннан кейін жолға шығатын болса, онда бесінді оқып алып, кейін жолға шығатын», - деді.

16-бап. Күн ауғаннан кейін сапарға шығатын болса, бесін намазын оқып содан кейін жолға шығады

213- حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ بْنُ سَعِيدٍ قَالَ حَدَّثَنَا الْمُفَضَّلُ بْنُ فَضَالَةَ عَنْ عُقَيْلٍ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا ارْتَحَلَ قَبْلَ أَنْ تَزِيغَ الشَّمْسُ أَخْرَ الظُّهْرَ إِلَى وَقْتِ الْعَصْرِ ثُمَّ نَزَلَ فَجَمَعَ بَيْنَهُمَا فَإِنْ زَاغَتْ الشَّمْسُ قَبْلَ أَنْ يَرْتَحِلَ صَلَّى الظُّهْرَ ثُمَّ رَكِبَ

213- Энас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) күн аумастан бұрын жолға шықса, бесінді аср намазына дейін кешіктіріп, кейін түйеден түсіп, екі намазды қосып оқитын еді. Егерде жолға күн ауғаннан кейін шығатын болса, бесінді оқып содан кейін жолға шығатын», - деді.

17-бап. Отырып оқитын намаз туралы

214- حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ بْنُ سَعِيدٍ عَنْ مَالِكٍ عَنْ هِشَامِ بْنِ عُرْوَةَ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّهَا قَالَتْ صَلَّى رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي بَيْتِهِ وَهُوَ شَاكٍ فَصَلَّى جَالِسًا وَصَلَّى وَرَاءَهُ قَوْمٌ قِيَامًا فَأَشَارَ إِلَيْهِمْ أَنْ اجْلِسُوا فَلَمَّا انْصَرَفَ قَالَ إِنَّمَا جُعِلَ الْإِمَامُ لِيُؤْتَمَّ بِهِ فَإِذَا رَكَعَ فَارْكَعُوا وَإِذَا رَفَعَ فَارْفَعُوا

214- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) науқас болып қалғанында, намазды үйде отырып оқыды. Адамдар болса, тік тұрған бойлары ұйыды. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оларға: «Отырып оқындар!», - деп ишара белгі қылды. Намаз біткеннен соң: «Имам ұйымақ үшін имам етілген, егерде ол рүкүғ қылса, сендерде рүкүғ қылындар, рүкүғтен бас көтерсе сендерде бастарынды көтеріңдер!», - деді.

215- حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ عُيَيْنَةَ عَنِ الزُّهْرِيِّ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ سَقَطَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنْ فَرَسٍ فَخُذِشَ أَوْ فَجُحِشَ شِقُّهُ الْأَيْمَنُ فَدَخَلْنَا عَلَيْهِ نَعُوذُهُ فَحَضَرَتِ الصَّلَاةُ فَصَلَّى قَاعِدًا فَصَلَّيْنَا فَعُوذًا وَقَالَ إِمَامًا جُعِلَ الْإِمَامُ لِيُؤْتَمَّ بِهِ فَإِذَا كَبَّرَ فَكَبِّرُوا وَإِذَا رَكَعَ فَارْكَعُوا وَإِذَا رَفَعَ فَارْفَعُوا وَإِذَا قَالَ سَمِعَ اللَّهُ لِمَنْ حَمِدَهُ فَعُولُوا رَبَّنَا وَلَكَ الْحَمْدُ

215- Энас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) аттан жығылып, оң аяғы сырылып жарақаттанып қалды. Сонда ол кісіні көргелі кірдік. Біраздан кейін намаз уақыты болды. Ол кісі бізге отырған күйі имамдық қылды. Бізде отырып оқыдық. Намаздан кейін бізге: «Имам ұйымақ үшін имам қылынған. Имам тәкбір айтса, тәкбір айтыңдар, рүкүф қылса, рүкүф қылыңдар, рүкүфтан бас көтерсе, сендерде бас көтеріңдер. Егерде «Самғаллаһу лиман хамидаһ» десе, сендер «Раббәна ләка-л-хамд» деп айтыңдар!»,- деді.

216- حَدَّثَنَا إِسْحَاقُ بْنُ مَنْصُورٍ قَالَ أَخْبَرَنَا رَوْحُ بْنُ عُبَادَةَ أَخْبَرَنَا حُسَيْنٌ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ بُرَيْدَةَ عَنْ عِمْرَانَ بْنِ حُصَيْنٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّهُ سَأَلَ نَبِيَّ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَأَخْبَرَنَا إِسْحَاقُ قَالَ أَخْبَرَنَا عَبْدُ الصَّمَدِ قَالَ سَمِعْتُ أَبِي قَالَ حَدَّثَنَا الْحُسَيْنُ عَنْ أَبِي بُرَيْدَةَ قَالَ حَدَّثَنِي عِمْرَانُ بْنُ حُصَيْنٍ وَكَانَ مَبْسُورًا قَالَ سَأَلْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَنْ صَلَاةِ الرَّجُلِ قَاعِدًا فَقَالَ إِنْ صَلَّى قَائِمًا فَهُوَ أَفْضَلُ وَمَنْ صَلَّى قَاعِدًا فَلَهُ نِصْفُ أَجْرِ الْقَائِمِ وَمَنْ صَلَّى نَائِمًا فَلَهُ نِصْفُ أَجْرِ الْقَاعِدِ

216- Имран ибн Хусайн (р.а.) риуаят етті: «Менің бауасир²¹ ауруым бар болатын. Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) намазды отырып оқу турасында сұрадым. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деді: «Тік тұрып оқыған намаз отырып оқыған намаздан артығырақ болады. Өйткені намазды отырып оқыған кісіге тік тұрып оқыған кісіге тиетін сауаптын жартысы ғана беріледі. Ал кімде кім жатып оқыса, оған отырып оқығанның жарты сауабы жазылады»,- деді.

²¹ Бауасир – Гемморой ауруы.

18-бап. Отырған бойы ишарамен намаз оқу туралы

217- حَدَّثَنَا أَبُو مَعْمَرٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَارِثِ قَالَ حَدَّثَنَا حُسَيْنُ الْمُعَلَّمِ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ بُرَيْدَةَ أَنَّ عِمْرَانَ بْنَ حُصَيْنٍ وَكَانَ رَجُلًا مَبْسُورًا وَقَالَ أَبُو مَعْمَرٍ مَرَّةً عَنْ عِمْرَانَ بْنِ حُصَيْنٍ قَالَ سَأَلْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَنْ صَلَاةِ الرَّجُلِ وَهُوَ قَاعِدٌ فَقَالَ مَنْ صَلَّى قَائِمًا فَهُوَ أَفْضَلُ وَمَنْ صَلَّى قَاعِدًا فَلَهُ نِصْفُ أَجْرِ الْقَائِمِ وَمَنْ صَلَّى نَائِمًا فَلَهُ نِصْفُ أَجْرِ الْقَاعِدِ قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ نَائِمًا عِنْدِي مُضْطَجِعًا هَا هُنَا

217- Гимран (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) намазды отырып оқу турасында сұрадым. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деді: «Кімде-кім тік тұрып оқыса, отырып оқыған намаздан артық. Ал кімде-кім намазды отырып оқитын болса, оған тік тұрып оқыған кісіге тиетін сауаптын жартысы ғана беріледі. Ал кімде кім жатып оқыса, оған отырып оқығанның жарты сауабы ғана беріледі», - деді.

19-бап. Егерде кісі намазды отырып оқуға жарамаса, жатып оқиды, егерде қыблаға бұрылуға шамасы келмесе, қарап жатқан жағына қарап оқи береді

218- حَدَّثَنَا عَبْدَانُ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ إِبْرَاهِيمَ بْنِ طَهْمَانَ قَالَ حَدَّثَنِي الْحُسَيْنُ الْمُكْتَبُ عَنْ ابْنِ بُرَيْدَةَ عَنْ عِمْرَانَ بْنِ حُصَيْنٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ كَانَتْ بِي بَوَاسِيرٌ فَسَأَلْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَنْ الصَّلَاةِ فَقَالَ صَلِّ قَائِمًا فَإِنْ لَمْ تَسْتَطِعْ فَقَاعِدًا فَإِنْ لَمْ تَسْتَطِعْ فَعَلَى جَنْبٍ

218- Гимран ибн Хусайн (р.а.) риуаят етті: «Менің бауасир²² ауруым бар еді. Сол себепті мен Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) ауру адамның намаз оқуы турасында сұрадым. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Әуелі тік тұрып оқы, егерде оған шаман келмесе, отырып оқы, тіпті оған да шаман келмесе, жатып оқы!», - деді.

²² Бауасир – Гемморой ауруы.

20-бап. Егерде отырып намаз оқып жатқан кісі намаздың үстінде жазылып кетсе, немесе өзін жеңіл сезінсе, намазды аяғына жеткізеді, намазды қайтадан оқымайды

قَالَ الْحَسَنُ إِنْ شَاءَ الْمَرِيضُ صَلَّى رَكَعَتَيْنِ قَائِمًا وَرَكَعَتَيْنِ قَاعِدًا

Хасан Басрий: «Ауру адам, қаласа, намаздың екі рәкатын тік тұрып ал кейінгі екі рәкатын отырып оқыса болады», - деді.

219- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ هِشَامِ بْنِ عُرْوَةَ عَنْ

أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّ الْمُؤْمِنِينَ أَخْبَرْتُهُ أَنَّهَا لَمْ تَرَ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّي صَلَاةَ اللَّيْلِ قَاعِدًا قَطُّ حَتَّى أَسَنَّ فَكَانَ يَقْرَأُ قَاعِدًا حَتَّى إِذَا أَرَادَ أَنْ يَرْكَعَ قَامَ فَقَرَأَ نَحْوًا مِنْ ثَلَاثِينَ آيَةً أَوْ أَرْبَعِينَ آيَةً ثُمَّ رَكَعَ

219- Абдулла ибн Юсуф (р.а.) риуаят етті: «Айша анамыз Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) науқастанғанына дейін түнде отырған күйі намаз оқығанын көрмеген екен. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) рүкүф қылмақшы болса, әуелі орнынан тұрып 30 немесе 40-тай аят оқып, кейін рүкүф қылатын», - деді.

220- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ يَزِيدَ

وَأَبِي النَّضْرِ مَوْلَى عُمَرَ بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَنْ عَائِشَةَ أَنَّ الْمُؤْمِنِينَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يُصَلِّي جَالِسًا فَيَقْرَأُ وَهُوَ جَالِسٌ فَإِذَا بَقِيَ مِنْ قِرَاءَتِهِ نَحْوُ مِنْ ثَلَاثِينَ أَوْ أَرْبَعِينَ آيَةً قَامَ فَقَرَأَهَا وَهُوَ قَائِمٌ ثُمَّ يَرْكَعُ ثُمَّ سَجَدَ يَفْعَلُ فِي الرَّكَعَةِ الثَّانِيَةِ مِثْلَ ذَلِكَ فَإِذَا قَضَى صَلَاتَهُ نَظَرَ فَإِنْ كُنْتُ يَقْظَى تَحَدَّثَ مَعِي وَإِنْ كُنْتُ نَائِمَةً اضْطَجَعَ

220- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) отырған бойы намаз оқып, қираат қылатын еді. Қираат қылуға 30 немесе 40 аяттай қалғанда орнынан тұрып қираат қылып содан соң рүкүф қылатын. Кейін сәжде қылатын еді. Екінші рәкатта да тура солай қылатын. Намазды бітірген соң маған қарайтын егер ояу болсам, менімен сөйлесіп отыратын. Ал ұйықтап жатсам, өзі де жамбастап жататын еді», - деді.

БИСМИЛЛӘҺИР РАХМАНИР РАХИМ

ТҮНДЕ ТАҢАЖЖУД НАМАЗЫН ОҚУ ЖӘНЕ АЛЛА ТАҒАЛАНЫҢ:
«ТҮННЕН ОЯНЫП (ҚҰРАНМЕН) ӨЗИНЕ ТӘН НӘПІЛ ОҚЫ!»²³,-
ДЕГЕН СӨЗІ ТУРАЛЫ

حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ قَالَ حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ أَبِي مُسْلِمٍ
عَنْ طَاوُسِ بْنِ سَمْعَانَ بْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ
وَسَلَّمَ إِذَا قَامَ مِنَ اللَّيْلِ يَنْهَجِدُ قَالَ اللَّهُمَّ لَكَ الْحَمْدُ أَنْتَ قَيِّمُ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضِ وَمَنْ
فِيهِنَّ وَلَكَ الْحَمْدُ لَكَ مُلْكُ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضِ وَمَنْ فِيهِنَّ وَلَكَ الْحَمْدُ أَنْتَ نُورُ
السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضِ وَمَنْ فِيهِنَّ وَلَكَ الْحَمْدُ أَنْتَ مَلِكُ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضِ وَلَكَ
الْحَمْدُ أَنْتَ الْحَقُّ وَوَعْدُكَ الْحَقُّ وَلِقَاؤُكَ حَقٌّ وَقَوْلُكَ حَقٌّ وَالْجَنَّةُ حَقٌّ وَالنَّارُ حَقٌّ
وَالنَّبِيُّونَ حَقٌّ وَمُحَمَّدٌ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حَقٌّ وَالسَّاعَةُ حَقٌّ اللَّهُمَّ لَكَ أَسْلَمْتُ
وَبِكَ آمَنْتُ وَعَلَيْكَ تَوَكَّلْتُ وَإِلَيْكَ أُنْبِتُ وَبِكَ خَاصَمْتُ وَإِلَيْكَ حَاكَمْتُ فَاعْفِرْ لِي مَا
قَدَّمْتُ وَمَا أَخَّرْتُ وَمَا أَسْرَرْتُ وَمَا أَعْلَنْتُ أَنْتَ الْمُقَدِّمُ وَأَنْتَ الْمُؤَخِّرُ لَا إِلَهَ إِلَّا
أَنْتَ أَوْ لَا إِلَهَ غَيْرُكَ قَالَ سُفْيَانُ وَزَادَ عَبْدُ الْكَرِيمِ أَبُو أُمِيَّةَ وَلَا حَوْلَ وَلَا قُوَّةَ إِلَّا
بِاللَّهِ قَالَ سُفْيَانُ قَالَ سُلَيْمَانُ بْنُ أَبِي مُسْلِمٍ سَمِعَهُ مِنْ طَاوُسِ بْنِ عَبَّاسٍ
رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түнде таһажжүд намазын оқығанда мына төменгі дұғаны оқитын еді: «Аллаһумма ләка-л-хамду, әнта қаййиму-с-самауати уә-л-арди уә ман фийхинна, уә ләка-л- хамду, ләка мүлку-с-самауати уә-л-арди уә ман фийхинна, уә ләка-л-хамду, әнта нуру-с-самауати уә-л-арди, уә ләка-л-хамду, әнта маликус-с-самауати уә-л-арди, уә ләка-л-хамду, әнта-л-хаққу уә уағдука-л-хаққу уә лиқаука хаққун уә қаулука хаққун уә-л-жәннату хаққун уә-н-нару хаққун уә-н-нәбиййуна хаққун уә Мұхаммадун саллалаһу ғалайхи уа саллам хаққун уә-с-сағату хаққун,

²³ 17. «Исра», 79 аят.

Аллаһумма эсламту ләка уа бика әманту уа ғалайка тәуаккалту уа илайка анабту уа бика хасамту уә илайка хакамту, фағфирли ма қаддамту уә ма аххарту уә ма асрарту уа ма ағланту, әнта-л-мүқаддаму уә әнта-л-муаххару, лә илаһа илла әнта аула илаһа ғайрука». Суфян (р.а.): «Абд ул-Карим Әбу Умайя жоғарыдағы дұғаға: «Уә ләхаула уә лақууата иллә би-л-ләһ» сөзін қосымша қылған»,- деді.

Бұл дұғаның мағнасы:

«Иләһи, барлық мақтау саған лайық! Сен жердегі аспандағы және ондағы барлық нәрселердің жаратушысы және басқарып тұрушысың, барша мақтаулар саған лайық! Сен жердегі аспандағы ондағы барша нәрселердің иесісін, барша мақтаулар саған лайық! Сен жер мен аспанның нұрысың, барша мақтаулар саған лайық! Сен хақсың және уәдеңде хақ, ахиретте сені көру де хақ. Сенің сөзің де хақ, жәннат пен тозақ та хақ. Барлық Пайғамбарлар да хақ, Мұхаммад саллалаһу ғалайхи уассалламда хақ және қияметте хақ. Иләһи, саған бойұсындым және саған иман келтірдім. Және өзіңе тәуекел еттім. Саған тәубе қылдым. Сен үшін деп (дұшпандарынмен) күрестім, оларға өзін жаза бергейсің. Өткен және келер күндерімді, құпия және әшкерә қателерімді өзін кешіре гөр, әуелі де, ахыры да өзінсін, сенен басқа тәнір жоқ!».

1-бап. Түнде тұрып намаз оқудың артықшылығы туралы

222- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مُحَمَّدٍ قَالَ حَدَّثَنَا هِشَامٌ قَالَ أَخْبَرَنَا مَعْمَرٌ ح وَ حَدَّثَنِي مُحَمَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الرَّزَّاقِ قَالَ أَخْبَرَنَا مَعْمَرٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ عَنْ سَالِمٍ عَنْ أَبِيهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ كَانَ الرَّجُلُ فِي حَيَاةِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا رَأَى رُؤْيَا فَصَّهَا عَلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَتَمَنَّيْتُ أَنْ أَرَى رُؤْيَا فَأَفْصَهَا عَلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَكُنْتُ غُلَامًا شَابًّا وَكُنْتُ أَنَامُ فِي الْمَسْجِدِ عَلَى عَهْدِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَرَأَيْتُ فِي النَّوْمِ كَأَنَّ مَلَكَيْنِ أَخَذَانِي فَذَهَبَا بِي إِلَى النَّارِ فَإِذَا هِيَ مَطْوِيَّةٌ كَطَيِّ النَّبْرِ وَإِذَا لَهَا قَرْنَانِ وَإِذَا فِيهَا أَنَاسٌ قَدْ عَرَفْتَهُمْ فَجَعَلْتُ أَقُولُ أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ النَّارِ قَالَ فَلَقِينَا مَلَكَ آخَرَ فَقَالَ لِي لَمْ تُرْعَ فَفَصَّصْتُهَا عَلَى حَفْصَةَ فَفَصَّصْتُهَا حَفْصَةَ عَلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ نِعَمَ الرَّجُلُ عَبْدُ اللَّهِ لَوْ كَانَ يُصَلِّي مِنَ اللَّيْلِ فَكَانَ بَعْدُ لَا يَنَامُ مِنَ اللَّيْلِ إِلَّا قَلِيلًا

222- Сәлімнің атасы Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) тірі кезінде бірер кісі түс көрсе, (Расулуллаға) айтып беретін еді. Мен де бір түс көрсем оны Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) айтып берсем-ғой, деп ойлайтын едім. Менің жігіт шағым болатын. Бір күні мешітте ұйықтап жатқанымда түс көрдім. Түсімде екі періште мені ұстап тозаққа алып барды. Қарасам тозақ құдық сияқты айналасы (таспен) өріліп оның екі тіреуі бар екен. Тозақта адамдар жүр екен. Мен оларды таныдым. Содан соң, «Мені тозақ отынан сақтай-гөр!», - деп Алла тағалаға дұға қыла бастадым. Сол кезде жаныма басқа бір періште келіп маған: «Қорықпа!», - деді (кейін оянып кеттім). Көрген түсімді Хафса апайыма айтып бердім. Ол кісі болса Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) айтып беріпті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Абдулла өзі жақсы жігіт-қой, бірақ-та түнде тұрып намаз оқуды әдетке айналдырса жақсы болар еді!», - депті. Содан кейін Абдулла түндерде көп ұйықтамай намаз оқып шығатын болыпты.

2-бап. Түнгі намазда ұзағырақ сәжде қылу туралы

223- حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ قَالَ أَخْبَرَنِي عُرْوَةُ أَنَّ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَخْبَرَتْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يُصَلِّي إِحْدَى عَشْرَةَ رَكْعَةً كَانَتْ تِلْكَ صَلَاتَهُ يَسْجُدُ السَّجْدَةَ مِنْ ذَلِكَ قَدْرَ مَا يَقْرَأُ أَحَدَكُمْ خَمْسِينَ آيَةً قَبْلَ أَنْ يَرْفَعَ رَأْسَهُ وَيَرْكَعُ رَكْعَتَيْنِ قَبْلَ صَلَاةِ الْفَجْرِ ثُمَّ يَضْطَجِعُ عَلَى شِقِّهِ الْأَيْمَنِ حَتَّى يَأْتِيَهُ الْمُنَادِي لِلصَّلَاةِ

223- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түнгі уақытта 11 рәкат намаз оқитын еді. Әрбір сәжде қылғанында сендер 50 аяттай оқығанда кететін уақыттай басын көтермейтін еді. Таң намазынан бұрын, екі рәкат сүннет оқып алатын. Кейін, азаншы намазға шақырғанша жамбастап жататын», - деді.

3-бап. Науқас адам түнгі намазды орнынан тұрмай, отырып оқиды

224- حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ الْأَسْوَدِ قَالَ سَمِعْتُ جُنْدَبًا يَقُولُ اشْتَكَى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَلَمْ يَقُمْ لَيْلَةً أَوْ لَيْلَتَيْنِ

224- Асуад (р.а.) Жүндуб (р.а.) мына төмендегі хадисті риуаят еткен екен: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) науқас болып қалды. Сонда түнгі уақытта оқылатын намазды орнынан тұрмай, (отырып) оқиды», - деді.

225- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ كَثِيرٍ قَالَ أَخْبَرَنَا سُفْيَانُ عَنْ الْأَسْوَدِ بْنِ قَيْسٍ عَنْ جُنْدَبِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ احْتَبَسَ جَبْرِيلُ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَتْ امْرَأَةٌ مِنْ فُرَيْشٍ أَبْطَأَ عَلَيْهِ شَيْطَانُهُ فَنَزَلَتْ وَالضُّحَى وَاللَّيْلَ إِذَا سَجَى مَا وَدَّعَكَ رَبُّكَ وَمَا قَلَى

225- Жүндуб ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Жебірейіл ғ.с. Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) бір мұнша уақыт келмей қалды. Құрайыш тайпасының бір әйелі: «Шайтан оның алдына келмей қойды», - деп сөз таратты. Сонда, «Уа-д-духа уә-л-ләйли иза сажа ма уаддағака раббука уа ма қала», - деген аят нәзіл болды. Мағынасы: «Сәске уақытында, Тым-тырыс түнге ант. Раббың сені тастамады да кейімеді²⁴», - деді.

4-бап. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) түнгі және нәпіл намаз оқуға мәжбүрлемей үндегені; Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) (қызы) Фатиманы және (күйеу баласы) Әлиді (р.а.) есікті тықылдатып, түнгі намазға оятқаны туралы

226- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ مِقَاتٍ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ أَخْبَرَنَا مَعْمَرٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ عَنْ هِنْدِ بِنْتِ الْحَارِثِ عَنْ أُمِّ سَلَمَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ اسْتَيْقَظَ لَيْلَةً فَقَالَ سُبْحَانَ اللَّهِ مَاذَا أَنْزَلَ اللَّيْلَةَ مِنَ الْفِئْتَةِ مَاذَا أَنْزَلَ مِنَ الْخَزَائِنِ مَنْ يُوقِظُ صَوَاحِبَ الْحُجُرَاتِ يَا رَبَّ كَاسِيَةٍ فِي الدُّنْيَا عَارِيَةٍ فِي الْآخِرَةِ

226- Үмму Сәлама (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір күні түнде оянып: «Субханалла, бұл түні қандай бүліктер мен (қайғылы) жамандықтар нәзіл болды екен?! (яғни, кімдерге азап ал кімдерге рахмет нәзіл болды екен?!). Кім бөлмелерде ұйықтап жатқандарды оятады! Ей Раббым, бұ дүниедегі киімділер о дүниеде жаланап болады!», - деді.

227- حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ قَالَ أَخْبَرَنِي عَلِيُّ بْنُ حُسَيْنٍ أَنَّ حُسَيْنَ بْنَ عَلِيٍّ أَخْبَرَهُ أَنَّ عَلِيَّ بْنَ أَبِي طَالِبٍ أَخْبَرَهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ طَرَفَهُ وَقَاطِمَةَ بِنْتَ النَّبِيِّ عَلَيْهِ السَّلَامُ لَيْلَةً فَقَالَ أَلَا نُصَلِّيَانِ فَقُلْتُ يَا رَسُولَ اللَّهِ أَنْفُسُنَا بِيَدِ اللَّهِ فَإِذَا شَاءَ أَنْ يَبْعَتَنَا بَعَثَنَا فَأَنْصَرَفَ حِينَ فُلْنَا

²⁴ 93. «Зұха», 1-3 аяттар.

ذَلِكَ وَلَمْ يَرْجِعْ إِلَيَّ شَيْبًا ثُمَّ سَمِعْتُهُ وَهُوَ مُوَلِّ يَضْرِبُ فِخْدَهُ وَهُوَ يَقُولُ وَكَانَ
الْإِنْسَانُ أَكْثَرَ شَيْءٍ جَدًّا

227- Хазреті әли ибн Әбу Талиб (р.а.) риуаят етті: «Бір күні түнде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мені және қызы Фатиманы есікті тықылдатып оятты-да, «Намаз оқысаңдар болмайды ма?»,- деді. Сонда мен: «Я Расулулла, жанымыз Алла тағаланың қолында, егерде бізді оятуды қаласа, өзі оятады»,- деген едім, маған бір ауыз сөз айтпады. Бірақ кетіп бара жатып қолдарын санына ұрып: «Адам әуел бастан бері сондай айтысқақ еді»,- дегенін естіп қалдым»,- деді.

228- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ
عُرْوَةَ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ إِنْ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
لِيَدْعُ الْعَمَلَ وَهُوَ يُحِبُّ أَنْ يَعْمَلَ بِهِ خَشْيَةً أَنْ يَعْمَلَ بِهِ النَّاسُ فَيُفْرَضَ عَلَيْهِمْ وَمَا
سَبَّحَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ سُبْحَةَ الضُّحَى قَطُّ وَإِنِّي لَأَسْبِحُهَا

228- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) адамдарға парыз болып қалмағынан қорқып өзі ұнатқан кейбір амалдарды қылмайтын еді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Зұха» намазын оқығанда, әлбетте менде бірге оқитынмын»,- деді.

229- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ
عُرْوَةَ بِنِ الزُّبَيْرِ عَنْ عَائِشَةَ أُمِّ الْمُؤْمِنِينَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى
اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَلَّى ذَاتَ لَيْلَةٍ فِي الْمَسْجِدِ فَصَلَّى بِصَلَاتِهِ نَاسٌ ثُمَّ صَلَّى مِنْ
الْقَابِلَةِ فَكَثُرَ النَّاسُ ثُمَّ اجْتَمَعُوا مِنَ اللَّيْلَةِ الثَّلَاثَةِ أَوْ الرَّابِعَةِ فَلَمْ يَخْرُجْ إِلَيْهِمْ رَسُولُ
اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَلَمَّا أَصْبَحَ قَالَ قَدْ رَأَيْتُ الَّذِي صَنَعْتُمْ وَلَمْ يَمْنَعْنِي مِنَ
الْخُرُوجِ إِلَيْكُمْ إِلَّا أَنِّي خَشِيتُ أَنْ تُفْرَضَ عَلَيْكُمْ وَذَلِكَ فِي رَمَضَانَ

229- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір күні түнде мешітке намаз оқыды. Ол кісіге ілесіп бір қанша кісілер де оқыды. Ертенгі күнгі түнде адамдар одан да көбейді. Үшінші және төртінші түндерде болса адамдардың қатары тіптен көбейіп кетті. Келесі түнде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мешітке шықпай қойды. Таң намаздан соң: «Тарауих намазын оқимын, деп қылған істерінді көрдім. Сендердің алдыларына шығуыма еш нәрсе кедергі болған жоқ. Бірақ-та, түнде намаз

оку сендерге парыз болып қалуынан қауіптендім»,- деді. Бұл оқиға Рамазан айында болған еді».

5-бап. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) аяқтарының ісіп кеткенінше нәпіл намаз оқығаны туралы

قَالَتْ عَائِشَةُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا كَانَ يَوْمٌ حَتَّى تَفْطَرَ قَدَمَاهُ وَالْفُطُورُ الشُّفُوقُ
انْفَطَرَتْ انشَقَّتْ

Айша анамыз (р.а.): «Тіпті аяқтары жарылып кететін еді»,- деді.

230- حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ قَالَ حَدَّثَنَا مِسْعَرٌ عَنْ زِيَادٍ قَالَ سَمِعْتُ الْمُغِيرَةَ رَضِيَ
اللَّهُ عَنْهُ يَقُولُ إِنْ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لِيَوْمٍ لِيُصَلِّيَ حَتَّى تَرْمَ قَدَمَاهُ
أَوْ سَاقَاهُ فَيُقَالُ لَهُ فَيَقُولُ أَفَلَا أَكُونُ عَبْدًا شَكُورًا

230- Мұғира ибн Шуғба (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түнде тұрып намаз оқитын еді. Тіпті (рүкүғ, сәжде қыла бергеннен), аяқтары (немесе балтыры) ісіп кететін еді. Бір күні Пайғамбарымызға (с.ғ.с.): «Сіздің күнәларыңызды Алла тағала кешірген-ғой!»,- десті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Шүкір қылушы пенде болмаймын ба?»,- деді.

6-бап. Таң сәріде тұрмай ұйықтаған кісі туралы

231- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ قَالَ حَدَّثَنَا عَمْرُو بْنُ دِينَارٍ
أَنَّ عَمْرَو بْنَ أَوْسٍ أَخْبَرَهُ أَنَّ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ عَمْرٍو بْنَ الْعَاصِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا
أَخْبَرَهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ لَهُ أَحَبُّ الصَّلَاةِ إِلَى اللَّهِ صَلَاةُ
دَاوُدَ عَلَيْهِ السَّلَامُ وَأَحَبُّ الصِّيَامِ إِلَى اللَّهِ صِيَامُ دَاوُدَ وَكَانَ يَنَامُ نِصْفَ اللَّيْلِ وَيَقُومُ
ثُلُثَهُ وَيَنَامُ سُدُسَهُ وَيَصُومُ يَوْمًا وَيُفْطِرُ يَوْمًا

231- Абдулла ибн Амр (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір күні маған былай деді: «Алла тағалаға Дәуіттің ғ.с. көбірек намаз оқып ораза ұстағаны ұнайтын еді. Дәуіт ғ.с. жарым түнге дейін ұйықтайтын. Түннің 1/3 бөлімінде құлшылық ететін, ал 1/6 бөлімінде ұйықтайтын еді. Күн ара ораза ұстайтын»,- деді.

232- حَدَّثَنِي عَبْدَانُ قَالَ أَخْبَرَنِي أَبِي عَنْ شُعْبَةَ عَنْ أَسْعَدَ سَمِعْتُ أَبِي قَالَ
سَمِعْتُ مَسْرُوقًا قَالَ سَأَلْتُ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَيُّ الْعَمَلِ كَانَ أَحَبَّ إِلَى النَّبِيِّ

صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَتْ الدَّائِمُ فُلْتُ مَتَى كَانَ يَفُومُ قَالَتْ كَانَ يَفُومُ إِذَا سَمِعَ الصَّارِخَ حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ سَلَامٍ قَالَ أَخْبَرَنَا أَبُو الْأَحْوَصِ عَنِ الْأَشْعَثِ قَالَ إِذَا سَمِعَ الصَّارِخَ قَامَ فَصَلَّى

232- Масрук (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) не істеуді жақсы көретін еді?»,- деп Айша анамыздан сұрадым. Айша анамыз: «Үнемі құлшылық етуді»,- деді. Мен: «Қашан тұрып намаз оқушы еді?»,- деп сұрадым. Айша анамыз: «Қораз шақырғанда»,- деп жауап берді.

Әнас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қораздың бірінші шақырғанын естіп-ақ тұрып намаз оқитын»,- деді.

234- حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ قَالَ حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ سَعْدٍ قَالَ ذَكَرَ أَبِي عَنْ أَبِي سَلَمَةَ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ مَا أَلْفَاهُ السَّحَرُ عِنْدِي إِلَّا نَائِمًا تَعْنِي النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

234- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) менікінде жатып қалған күндері бір ретте тұрып таң сәріні қарсы алған емес»,- деді.

236- حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ حَرْبٍ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ الْأَعْمَشِ عَنْ أَبِي وَائِلٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ صَلَّيْتُ مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَيْلَةَ قَلَمٍ يَزَلُ قَائِمًا حَتَّى هَمَمْتُ بِأَمْرٍ سَوْءٍ فُلْنَا وَمَا هَمَمْتُ قَالَ هَمَمْتُ أَنْ أَقْعُدَ وَأَدْرَ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

236- Абдулла ибн Масғуд (р.а.) риуаят етті: «Бір түні Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге намаз оқыдым. Мен Әбу Уәйлге: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қиямда ұзақ тұрып қалғанынан тіпті ниетім бұзылды»,- дедім. Сонда Әбу Уәйл: «Не қылмақшы болдын?»,- деп сұрады. Мен: «Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) қиямда қалдырып, өзім отырып алсам ба екен, деген ойға бардым»,- дедім.

237- حَدَّثَنَا حَفْصُ بْنُ عُمَرَ قَالَ حَدَّثَنَا خَالِدُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ حُصَيْنٍ عَنْ أَبِي وَائِلٍ عَنْ حُدَيْفَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ إِذَا قَامَ لِلتَّهَجُّدِ مِنَ اللَّيْلِ يَشْتُوصُ فَاهُ بِالسَّوَاكِ

237- Хузайфа (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түнде таһажжуд намазына тұрса, аузын мисуакпенен тазалайтын»,- деді.

**7-бап. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түнгі намазды қалай оқитын еді?
Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) түнгі намазы неше рәкат болатын?**

238- حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ قَالَ أَخْبَرَنِي سَالِمُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ أَنَّ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ إِنَّ رَجُلًا قَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ كَيْفَ صَلَاةُ اللَّيْلِ قَالَ مَثْنَى مَثْنَى فَإِذَا خِفْتَ الصُّبْحَ فَأَوْتِرْ بِوَاحِدَةٍ

238- Абдулла Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Бір кісі: «Я Расулалла, түнгі намаз қалай оқылады?»,- деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Екі-екі рәкаттан болады, таң атып кетеді ма екен, деп ойласа, бір рәкат оқып, үтір қыласын»,- деді.

239- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ شُعْبَةَ قَالَ حَدَّثَنِي أَبُو جَمْرَةَ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ كَانَتْ صَلَاةُ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ثَلَاثَ عَشْرَةَ رَكْعَةً يَعْنِي بِاللَّيْلِ

239- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) түнгі намаздары 13 рәкат болатын. Әр екі рәкаттан соң сәлем беретін»,- деді.

240- حَدَّثَنَا إِسْحَاقُ قَالَ حَدَّثَنَا عُبَيْدُ اللَّهِ بْنُ مُوسَى قَالَ أَخْبَرَنَا إِسْرَائِيلُ عَنْ أَبِي حَصِينٍ عَنْ يَحْيَى بْنِ وَثَابٍ عَنْ مَسْرُوقٍ قَالَ سَأَلْتُ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا عَنْ صَلَاةِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِاللَّيْلِ فَقَالَتْ سَبْعٌ وَتِسْعٌ وَإِحْدَى عَشْرَةَ سِوَى رَكْعَتِي الْفَجْرِ

240- Масрук (р.а.) риуаят етті: «Айша анамыздан Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) түнгі намаздары туралы сұрадым. Сонда Айша анамыз (р.а.): «Кейде 7 рәкат, кейде 9 рәкат ал кейбір кезде 11 рәкат болатын. Таң намазының 2 рәкат сүннеті бұған кірмейді»,- деді.

241- حَدَّثَنَا عُبَيْدُ اللَّهِ بْنُ مُوسَى قَالَ أَخْبَرَنَا حَنْظَلَةُ عَنْ الْقَاسِمِ بْنِ مُحَمَّدٍ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّي مِنَ اللَّيْلِ ثَلَاثَ عَشْرَةَ رَكْعَةً مِنْهَا الْوُتْرُ وَرَكْعَتَا الْفَجْرِ

241- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түнде 13 рәкат намаз оқитын еді. Бұған үтір және таң намазының 2 рәкат сүннеті кірмейтін», - деді.

8-бап. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) түнгі намаздары және ұйқылары туралы және түнде намаз оқудың парыз емес екендігі туралы

بَابُ قِيَامِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِاللَّيْلِ مِنْ نَوْمِهِ وَمَا نُسِيخَ مِنْ قِيَامِ اللَّيْلِ وَقَوْلُهُ تَعَالَى يَا أَيُّهَا الْمُزَّمِّلُ فَمِ اللَّيْلِ إِلَّا قَلِيلًا نِصْفَهُ أَوْ انْقِصُ مِنْهُ قَلِيلًا أَوْ زِدْ عَلَيْهِ وَرَتِّلِ الْقُرْآنَ تَرْتِيلًا إِنَّا سَنُلْقِي عَلَيْكَ قَوْلًا تَقِيلًا إِنَّ نَاشِئَةَ اللَّيْلِ هِيَ أَشَدُّ وَطَاءً وَأَقْوَمُ قِيلًا إِنَّ لَكَ فِي النَّهَارِ سَبْحًا طَوِيلًا وَقَوْلُهُ عَلِمَ أَنْ لَنْ نُحْصِيَهُ فَتَابَ عَلَيْكُمْ فَافْرَعُوا مَا تَيَسَّرَ مِنَ الْقُرْآنِ عَلِمَ أَنْ سَيَكُونُ مِنْكُمْ مَرْضَى وَآخَرُونَ يَضْرِبُونَ فِي الْأَرْضِ يَبْتَغُونَ مِنْ فَضْلِ اللَّهِ وَآخَرُونَ يُقَاتِلُونَ فِي سَبِيلِ اللَّهِ فَافْرَعُوا مَا تَيَسَّرَ مِنْهُ وَأَقِيمُوا الصَّلَاةَ وَآتُوا الزَّكَاةَ وَأَقْرِضُوا اللَّهَ قَرْضًا حَسَنًا وَمَا تُقَدِّمُوا لِأَنْفُسِكُمْ مِنْ خَيْرٍ تَجِدُوهُ عِنْدَ اللَّهِ هُوَ خَيْرًا وَأَعْظَمَ أَجْرًا قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ قَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا نَسَأَ قَامَ بِالْحَبَشِيَّةِ وَطَاءً قَالَ مُوَاطَّةُ الْقُرْآنِ أَشَدُّ مُوَافَقَةً لِسَمْعِهِ وَبَصَرِهِ وَقَلْبِهِ لِيُوَاطِّئُوا لِيُؤَافِقُوا

Алла тағала түнгі намаз туралы былай деді: «Әй бүркеніп жатушы (Мұхаммед ғ.с.)! Түнде тұр. Біраз ұйықта; Түннің жарымын немесе одан да аздап кеміт. Не оған біраз қос. (Түннің жартысында не одан аз, я көп тұруда еріктісің.) Сондай-ақ Құранды өте анықтап оқы. (Намаз парыз болудан бұрын, түнде ояу тұру парыз болған. А.Т.Х.) Әрине саған салмақты (маңызды) Құранды түсіреміз. Шын мәнінде түнде тұру, нәпсіге әсерлі, оқуға қолайлы... Расында күндіз сенің ұзын жұмысың бар²⁵», - деді.

Және Алла тағала айтты: «Оған сендердің есептей алмайтындарың мәлім. Сондықтан сендерге рахым қылды. (Түнде тұруды қалдырды. Б. Ж. М.) Ал енді Құраннан жеңіл келгенің оқындар. Сендерден науқас болғандар, басқалай Алланың мәрхаметінен несібе іздеп, жер жүзінде кезгендер, тағы басқа Алла жолында соғысқандар Аллаға мәлім. Ендеше Құраннан оңай келгенін оқындар. Және намазды толық орындандар да зекет беріндер. Алла үшін көркем қарыз

²⁵ 73. «Мүззәммил», 1-7 аяттар.

беріңдер. Және өздерің үшін алдын ала хайыр істесеңдер, оны Алланың қасында жақсы, зор сыйлық түрінде табасындар. Алладан жарылқау тілендер. Шын мәнінде Алла, тым жарылқаушы, ерекше мейірімді²⁶»,- деді.

Ибн Аббас (р.а.): «Аяттағы «**Нашиат ал - лайли**» деген сөзді түнде тұрып таһажжуд намазын оқуды білдіреді»,- деді. Ал имам Бұхарий (р.а.): «**Ашадду уатған**» деген сөз Құран аяттарының адамның құлағына, көзі мен жүрегіне жақсылап орналасуды білдіреді»,- деді.

242- حَدَّثَنَا عَبْدُ الْعَزِيزِ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنِي مُحَمَّدُ بْنُ جَعْفَرٍ عَنْ حُمَيْدٍ أَنَّهُ سَمِعَ أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ يَقُولُ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُفْطِرُ مِنَ الشَّهْرِ حَتَّى نَظَنَّ أَنْ لَا يَصُومَ مِنْهُ وَلَا نَائِمًا إِلَّا رَأَيْتَهُ تَابَعَهُ سُلَيْمَانُ وَأَبُو خَالِدٍ الْأَحْمَرُ عَنْ حُمَيْدٍ

242- Әнас (р.а.) Хумайдқа былай деп риуаят еткен екен: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Рамазан айының²⁷ кейбір күндері ораза тұтпай жүретін еді. Тіптен бүтіндей ораза тұтпаса керек деп ойлайтынбыз. Кейбір күндері болса қатарынан ораза ұстайтын еді. Енді ауыз ашпаса керек деп ойлайтынбыз. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) түнде қай уақытта намаз оқитынын білуге қай кезде барсаң да, сол уақытта намаз оқып жатқанын көресіз, ал қай уақытта ұйықтайтынын білмекші болып барсаңыз, сол уақытта ұйықтап жатқанын көрер едіңіз»,- деді.

9-бап. Егер де адам түнде тұрып намаз оқымаса, шайтан оның арқа тұсын (желкесін, жотасын) түйіндеп тастайды

243- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ أَبِي الزِّنَادِ عَنِ الْأَعْرَجِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ يَعْقُدُ الشَّيْطَانُ عَلَى قَافِيَةِ رَأْسِ أَحَدِكُمْ إِذَا هُوَ نَامَ ثَلَاثَ عُقَدٍ يَضْرِبُ كُلَّ عُقْدَةٍ عَلَيْكَ لَيْلٌ طَوِيلٌ فَارْقُدْ فَإِنْ اسْتَيْقَظَ فَذَكَرَ اللَّهَ انْحَلَّتْ عُقْدَةٌ فَإِنْ تَوَضَّأَ انْحَلَّتْ عُقْدَةٌ

²⁶ 73. «Мүззәммил», 20 аят.

²⁷ Бұл жерде Рамазан айындағы 30 күн ораза әлі парыз болмай тұрған уақытта ұсталған нәпіл ораза айтылып тұр.

فَإِنْ صَلَّى انْحَلَّتْ عُقْدَةٌ فَأَصْبَحَ نَشِيْطًا طَيِّبَ النَّفْسِ وَإِلَّا أَصْبَحَ خَبِيْثَ النَّفْسِ
كَسَلَانَ

243- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Егерде біреуін түнде намаз оқымай жата берсе, шайтан арқасына (желкесіне, жотасына) үш түйін түйеді. Әрбір түйінді түйгенде: «Түн әлі ұзақ, ұйықтай бер!»,- деп дем салады. Егерде адам ұйқысынан оянып Алла тағаланы есіне алса, түйіннің біреуі шешіледі, егерде тұрып дәрет алса, екінші түйін шешіледі, ал намаз оқыса, үшінші түйін шешіліп, құлшылыққа деген құштарлық пайда болады. Егер де түнде оянып, олай қылмаса, ертеніне денесі дел-сал болып, жалқауланып жүреді»,- деп айтты.

244- حَدَّثَنَا مُؤَمَّلُ بْنُ هِشَامٍ قَالَ حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ بْنُ عَلِيَّةَ قَالَ حَدَّثَنَا عَوْفُ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو رَجَاءٍ قَالَ حَدَّثَنَا سَمْرَةُ بْنُ جُنْدَبٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي الرُّؤْيَا قَالَ أَمَّا الَّذِي يُبْلَغُ رَأْسُهُ بِالْحَجَرِ فَإِنَّهُ يَأْخُذُ الْقُرْآنَ فَيَرْفُضُهُ وَيَنَامُ عَنِ الصَّلَاةِ الْمَكْتُوبَةِ

244- Сумра ибн Жүндуб (р.а.) түс туралы риуаят ете отырып: «Кімде-кім түсінде басын таспен жарып жатқанын көрсе, демек ол Құран кәрімді жаттауды және оған амал қылуды қойып, парыз намазды оқымай ұйқыға жатқан адам!»,- деді.

10-бап. Кімде кім намаз оқымай ұйықтаса, шайтан оның құлағына сиіп қояды

245- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو الْأَحْوَصِ قَالَ حَدَّثَنَا مَنْصُورٌ عَنْ أَبِي وَائِلٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ ذَكَرَ عِنْدَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَجُلٌ فَقِيلَ مَا زَالَ نَائِمًا حَتَّى أَصْبَحَ مَا قَامَ إِلَى الصَّلَاةِ فَقَالَ بَالَ الشَّيْطَانُ فِي أُذُنِهِ

245- Абдулла ибн Масғуд (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдындағы бір сұхбатта: «Бір кісі таң атқанша ұйықтап, түнде намазға тұрмады»,- деп айтысты. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ол кісінің құлағына шайтан сиіп қойыпты»,- деді.

11-бап. Түн аяқталып қалған уақытта тұрып дұға және намаз оқу туралы

قَالَ اللَّهُ عَزَّ وَجَلَّ كَانُوا قَلِيلًا مِنَ اللَّيْلِ مَا يَهْجَعُونَ أَيُّ مَا يَنَامُونَ وَيَأْتَسَحَرُونَ
هُمْ يَسْتَغْفِرُونَ

Алла тағала: «Олар түнде аз ғана ұйықтаушы еді. Олар таңсәрілерде жарылқану тілеуші еді²⁸», - деді.

246- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ عَنْ مَالِكٍ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ أَبِي سَلَمَةَ
وَأَبِي عَبْدِ اللَّهِ الْأَعْرَبِيِّ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ
عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ يَنْزِلُ رَبُّنَا تَبَارَكَ وَتَعَالَى كُلَّ لَيْلَةٍ إِلَى السَّمَاءِ الدُّنْيَا حِينَ يَبْقَى ثُلُثُ
اللَّيْلِ الْآخِرِ يَقُولُ مَنْ يَدْعُونِي فَأَسْتَجِيبَ لَهُ مَنْ يَسْأَلُنِي فَأُعْطِيَهُ مَنْ يَسْتَغْفِرُنِي
فَأُغْفِرَ لَهُ

246- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Раббымыз-Алла тағала әр түннің 1/3 бөлігі қалғанда аспанның жерге ең жақын қабатына түсіп: «Кім мені дағуат қылса, мен оған ләббай деймін, кімде-кім менен тілек тілесе, тілегін қабыл қылғаймын, ал кім менен кешірім сұраса, оны кешіргеймін», - деп айтар», - деді.

12-бап. Түннің бірінші бөлігінде ұйықтап, оның соңғы бөлігін ояу өткізген кісі туралы

قَالَ سَلْمَانُ لِأَبِي الدَّرْدَاءِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا نَمْ فَلَمَّا كَانَ مِنْ آخِرِ اللَّيْلِ قَالَ فَمَنْ
قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَدَقَ سَلْمَانُ

Салман Фарсий (р.а.) Әбу Дардаға: «Түннің бірінші бөлімінде ұйықтап, оның соңғы бөлімінде ояу бол! Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) солай деген», - деді.

247- حَدَّثَنَا أَبُو الْوَلِيدِ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ ح وَحَدَّثَنِي سُلَيْمَانُ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ
أَبِي إِسْحَاقَ عَنِ الْأَسْوَدِ قَالَ سَأَلْتُ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا كَيْفَ كَانَتْ صَلَاةَ
النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِاللَّيْلِ قَالَتْ كَانَ يَنَامُ أَوَّلَهُ وَيَقُومُ آخِرَهُ فَيُصَلِّي ثُمَّ

²⁸ 51. «Зәрят», 17-18 аят.

يَرْجِعُ إِلَى فِرَاشِهِ فَإِذَا أَدْنَى الْمُؤَدَّنُ وَتَبَّ فَإِنْ كَانَ بِهِ حَاجَةٌ اغْتَسَلَ وَإِلَّا تَوَضَّأَ
وَخَرَجَ

247- Әсуад (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түнде қалай намаз оқушы еді?», - деп Айша анамыздан сұрадым. Айша анамыз (р.а.): «Түннің бірінші бөлімінде ұйықтап, соңғы бөлігінде намаз оқитын. Кейін, (көрпе қимылын) қаласа, төсекке келіп жататын еді. Азаншы келіп азан айтқанда, егер қажет болса, ғұсыл қылатын, қажет болмаса, дәрет алып намазға шығатын», - деді.

13-бап. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Рамазан айында және басқа күндері түнде тұрып намаз оқығаны туралы

248- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ سَعِيدِ بْنِ أَبِي سَعِيدٍ الْمَقْبُرِيِّ عَنْ أَبِي سَلَمَةَ بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ أَنَّهُ أَخْبَرَهُ أَنَّهُ سَأَلَ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا كَيْفَ كَانَتْ صَلَاةَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي رَمَضَانَ فَقَالَتْ مَا كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَزِيدُ فِي رَمَضَانَ وَلَا فِي غَيْرِهِ عَلَى إِحْدَى عَشْرَةَ رَكْعَةً يُصَلِّي أَرْبَعًا فَلَا تَسْلُ عَنْ حُسْنِهِنَّ وَطَوْلِهِنَّ ثُمَّ يُصَلِّي أَرْبَعًا فَلَا تَسْلُ عَنْ حُسْنِهِنَّ وَطَوْلِهِنَّ ثُمَّ يُصَلِّي ثَلَاثًا قَالَتْ عَائِشَةُ فَقُلْتُ يَا رَسُولَ اللَّهِ أَتَنَامُ قَبْلَ أَنْ تُوتِرَ فَقَالَ يَا عَائِشَةُ إِنَّ عَيْنِي تَنَامَانِ وَلَا يَنَامُ قَلْبِي

248- Әбу Салама (р.а.) Айша анамыздан: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Рамазан түндерінде қалай намаз оқитын еді?», - деп сұрапты. Сонда Айша анамыз (р.а.): «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Рамазан айында және басқа айларда да түнде тұрып оқитын намаздары 11 рәкаттан аспайтын», - деді. Әуелі 4 рәкат оқитын еді. Әр бір рәкатты ұзағырақ және мәресіне жеткізіп оқитынын сұрамасаң да болады. Кейін және төрт рәкат оқитын еді. Оны да сол сияқты ұзағырақ мәресіне жеткізіп оқитын. Бұдан соң және үш рәкат намаз оқитын еді. Бір күні Пайғамбарымызға (с.ғ.с.): «Я Расулулла, үтір оқымай ұйықтаймысыз?», - десем, Ей Айша, менің көзім ұйықтағанмен жүрегім ұйықтамайды», - деп жауап берді», - деді.

249- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ الْمُثَنَّى حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ سَعِيدٍ عَنْ هِشَامٍ قَالَ أَخْبَرَنِي أَبِي عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ مَا رَأَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَفْرَأُ

فِي شَيْءٍ مِنْ صَلَاةِ اللَّيْلِ جَالِسًا حَتَّى إِذَا كَبِرَ قَرَأَ جَالِسًا فَإِذَا بَقِيَ عَلَيْهِ مِنَ السُّورَةِ ثَلَاثُونَ أَوْ أَرْبَعُونَ آيَةً قَامَ فَقَرَأَهُنَّ ثُمَّ رَكَعَ

249- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) түнгі намаздарының әр рәкатында отырып оқығанын көрген емеспін. Тек қана наукастанып қалғанында түнде нәпіл намазды отырып оқитын. Соның өзінде де 30-40 аят қалғанда орнынан тұрып оқып, кейін рүкүф қылатын»,- деді.

14-бап. Күндіз-түні дәретпен жүрудің артықшылығы туралы

250- حَدَّثَنَا إِسْحَاقُ بْنُ نَصْرِ حَدَّثَنَا أَبُو أُسَامَةَ عَنْ أَبِي حَيَّانَ عَنْ أَبِي زُرْعَةَ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ لَيْلًا عِنْدَ صَلَاةِ الْفَجْرِ يَا بِلَالُ حَدِّثْنِي بِأَرْجَى عَمَلٍ عَمَلْتَهُ فِي الْإِسْلَامِ فَإِنِّي سَمِعْتُ دَفَّ نَعْلَيْكَ بَيْنَ يَدَيَّ فِي الْجَنَّةِ قَالَ مَا عَمِلْتُ عَمَلًا أَرْجَى عِنْدِي أَنِّي لَمْ أَنْظَهَرَ طَهُورًا فِي سَاعَةِ لَيْلٍ أَوْ نَهَارٍ إِلَّا صَلَّيْتُ بِذَلِكَ الطُّهُورِ مَا كُتِبَ لِي أَنْ أُصَلِّيَ قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ دَفَّ نَعْلَيْكَ يَعْنِي تَحْرِيكَ

250- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Бір күні Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) таң намазының алдында Біләлға: «Ей Біләл, қанеки маған айтшы, Ислам жолында қылған ең сауапты ісің қайсы? Өйткені мен жәннатта (жанымда) сенің аяқтарыңның дауысын естідім»,- деді. Біләл: «Мен әрқашан күндіз түні үнемі дәретпен жүремін. Және сол дәретпен бұйырған барлық намаздарды оқимын»,- деді.

15-бап. Құлшылықты қиындатып жіберудің мәкрух екендігі туралы

251- حَدَّثَنَا أَبُو مَعْمَرٍ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَارِثِ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْعَزِيزِ بْنُ صُهَيْبٍ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ دَخَلَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَإِذَا حَبْلٌ مَمْدُودٌ بَيْنَ السَّارِيَيْنِ فَقَالَ مَا هَذَا الْحَبْلُ قَالُوا هَذَا حَبْلٌ لِرَزَيْنَبَ فَإِذَا فَنَرْتُ تَعَلَّقْتُ فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَا حُلُوهُ لِيُصَلَّ أَحَدُكُمْ نَشَاطُهُ فَإِذَا فَنَرَ فَلْيَقْعُدْ

251- Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мешітке кірсе, мешіттің екі тіреуіне арқан тартылып қойған екен. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бұл не қылған арқан?»,- деп сұрады. Сахабалар:

«Бұл Зейнеп анамыздың арқаны. Намаз оқып жатқанында соған тартылып қиямға тұрады», - десті. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бұлай қылмаңдар, әркім өзінің күш қуатына қарап намаз оқысын, қиямға тұра алмаса, отырып оқысын!», - деді.

حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ عَنْ مَالِكٍ عَنْ هِشَامِ بْنِ عُرْوَةَ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ كَانَتْ عِنْدِي امْرَأَةٌ مِنْ بَنِي أُسَدٍ فَدَخَلَ عَلَيَّ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ مَنْ هَذِهِ قُلْتُ فُلَانَةٌ لَا تَنَامُ بِاللَّيْلِ فَذَكَرَ مِنْ صَلَاتِهَا فَقَالَ مَهْ عَلَيْكُمْ مَا تُطِيفُونَ مِنَ الْأَعْمَالِ فَإِنَّ اللَّهَ لَا يَمَلُّ حَتَّى تَمُوتُوا

Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Бәний Асад тайпасына қарасты бір әйел менің жанымда отырған еді. Сол кезде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үйге кіріп келіп: «Бұл әйел кім?», - деп сұрады. Мен: «Бұл, түндерде ұйықтамай намаз оқып шығатын сол әйел», - дедім. Содан соң аталмыш әйелдің қалай намаз оқуы туралы сөйлестік. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бұлай қылмаңыз, жақсы амалдарды шамаңызға қарай орындаңыз, қанша құлшылық қылсаңыз да, Алла тағалаға ауырлық келмейді-ғой, бірақ-та өзіңізге қиыншылық түсіп қалмасын!», - деді.

16-бап. Түндерде құлшылық қылатын адамның еріншектікті әдет қылуы мәкрух

252- حَدَّثَنَا عَبَّاسُ بْنُ الْحُسَيْنِ حَدَّثَنَا مُبَشَّرُ بْنُ إِسْمَاعِيلَ عَنِ الْوَزَاعِيِّ ح وَحَدَّثَنِي مُحَمَّدُ بْنُ مُقَاتِلٍ أَبُو الْحَسَنِ قَالَ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ أَخْبَرَنَا الْوَزَاعِيُّ قَالَ حَدَّثَنِي يَحْيَى بْنُ أَبِي كَثِيرٍ قَالَ حَدَّثَنِي أَبُو سَلَمَةَ بْنُ عَبْدِ الرَّحْمَنِ قَالَ حَدَّثَنِي عَبْدُ اللَّهِ بْنُ عَمْرٍو بْنِ الْعَاصِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ قَالَ لِي رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَا عَبْدَ اللَّهِ لَا تَكُنْ مِثْلَ فُلَانٍ كَانَ يَوْمَ اللَّيْلِ فَتَرَكَ قِيَامَ اللَّيْلِ

252- Абдулла ибн Амр (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) маған: «Ей Абдулла, пәленше сияқты іс істеме! Ол түндерде тұрып құлшылық қылатын еді. Ал енді болса, еріншектікті әдет қылыпты», - деді.

17-бап.

حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ عَمْرٍو عَنْ أَبِي الْعَبَّاسِ قَالَ سَمِعْتُ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ عَمْرٍو رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ لِي النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَلَمْ أُخْبَرْ

أَنَّكَ تَقُومُ اللَّيْلَ وَتَصُومُ النَّهَارَ فُلْتِ إِنِّي أَفْعَلُ ذَلِكَ قَالَ فَإِنَّكَ إِذَا فَعَلْتَ ذَلِكَ هَجَمْتَ عَيْنَكَ وَنَفِهْتَ نَفْسُكَ وَإِنَّ لِنَفْسِكَ حَقًّا وَلِأَهْلِكَ حَقًّا فَصُمْ وَأَفْطِرْ وَقُمْ وَنَمْ

Абдулла ибн Амр (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) маған: «Сен туралы маған айтқан сөздер рас па? Сен түндерде тұрып құлшылық қылып, ал күндіз болса ораза ұстайды екенсің?»,- деді. Мен: «Иә, солай қыламын»,- дедім. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Егерде солай қылатын болсаң, көзін кіртіп, құр сүлдерін қалады. Сенде дененің де, бала шағанныңда хақысы бар-ғой! Кей күндері ораза ұста, ал кей күндері ұстама, түннің айырым сағатында құлшылық қыл, ал айырым сағатында ұйықтап дем ал!»,- деді.

18-бап. Түнде оянып намаз оқыған кісінің артықшылығы туралы

253- حَدَّثَنَا صَدَقَةُ بْنُ الْفَضْلِ أَخْبَرَنَا الْوَالِيدُ هُوَ ابْنُ مُسْلِمٍ حَدَّثَنَا الْأَوْزَاعِيُّ قَالَ حَدَّثَنِي عُمَيْرُ بْنُ هَانِئٍ قَالَ حَدَّثَنِي جُبَادَةُ بْنُ أَبِي أُمَيَّةَ حَدَّثَنِي عَبَادَةُ بْنُ الصَّامِتِ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ مَنْ تَعَارَّ مِنَ اللَّيْلِ فَقَالَ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ لَهُ الْمُلْكُ وَلَهُ الْحَمْدُ وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ الْحَمْدُ لِلَّهِ وَسُبْحَانَ اللَّهِ وَلَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَاللَّهُ أَكْبَرُ وَلَا حَوْلَ وَلَا قُوَّةَ إِلَّا بِاللَّهِ ثُمَّ قَالَ اللَّهُمَّ اغْفِرْ لِي أَوْ دَعَا اسْتَجِيبَ لَهُ فَإِنْ تَوَضَّأَ وَصَلَّى قُبِلَتْ صَلَاتُهُ

253- Ғұбада ибн Самит (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бұл туралы былай деді»,- деп риуаят етті: «Кімде-кім түнде оянып: «Лә иләһа илла-ллаһу уаһдаһу, лә шарийка ләһу, ләһу-л-мулку уа лаһу-л-хамд уа һуа ғала кулли шайин қадир. Әл-хамду ли-л-лаһи уа сұбхана-л-лаһи уа лә илаһа илл-л-лаһу уа-л-лаһу акбар уа ләхаула уа ләқууата илла билла».

Мағынасы: «Алладан басқа тәңір жоқ, оның жалғыз өзі ғана бар. Оның серігі жоқ, барлық мүлік оныкі, барша мақтау оған лайық және барлық нәрсеге құдіреті жетуші! Алла тағалаға мақтаулар болсын! Алладан өзге тәңір жоқ, Алла ең ұлық! Алланың қалауынсыз еш нәрсе болмайды») деген дұғаны оқып, содан соң «Иләһи, мені кешіре гөр!»,- десе, дұғасы қабыл болады. Кейін дәрет алып намаз оқыса намазы қабыл болады»,- деді.

254- حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ قَالَ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ يُوسُفَ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ أَخْبَرَنِي الْهَيْثَمُ بْنُ أَبِي سِنَانَ أَنَّهُ سَمِعَ أَبَا هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ وَهُوَ يَقُصُّ فِي

قَصَصِهِ وَهُوَ يَذْكُرُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنَّ أَخَا لَكُمْ لَا يَأْمُرُ الرَّفَثَ
 يَعْنِي بِذَلِكَ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ رَوَاحَةَ وَفِينَا رَسُولُ اللَّهِ يَتْلُو كِتَابَهُ إِذَا انْتَشَقَّ مَعْرُوفٌ مِنْ
 الْفَجْرِ سَاطِعُ أَرَانَا الْهُدَى بَعْدَ الْعَمَى فَقُلُوبُنَا بِهِ مُوقِنَاتٌ أَنْ مَا قَالَ وَاقِعٌ بَيْبِتُ
 يُجَافِي جَنْبَهُ عَنْ فِرَاشِهِ إِذَا اسْتَنْقَلَتْ بِالْمُشْرِكِينَ الْمَضَاجِعُ تَابَعَهُ عُقَيْلٌ وَقَالَ
 الزُّبَيْدِيُّ أَخْبَرَنِي الزُّهْرِيُّ عَنْ سَعِيدٍ وَالْأَعْرَجِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ

254- Әбу Хурайра (р.а.): «Абдулла ибн Рауах әлбетте, жаман (дұрыс емес) сөзді айтпайды», - деп төменгі қиссаны (бәйітті) айтып берді:

Әрқашан Алланың кітабын оқыр Расулулла,
 Қап-қара түнді сейілткен (шуақты) таң күә.
 Көрсетіп бізге тура жол, хақ жолына бастады.
 Бихамдилла, соқыр көздер ашылды,
 Мүшріктер денесіне мамық төсек батқанда,
 Расулулла астында қатты төсек түн бойы».

255- حَدَّثَنَا أَبُو الْعُمَانِ حَدَّثَنَا حَمَّادُ بْنُ زَيْدٍ عَنْ أَيُّوبَ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ
 عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ رَأَيْتُ عَلَى عَهْدِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَأَنَّ
 بِيَدِي قِطْعَةَ إِسْتَبْرَقٍ فَكَأَنِّي لَا أُرِيدُ مَكَانًا مِنَ الْجَنَّةِ إِلَّا طَارَتْ إِلَيْهِ وَرَأَيْتُ كَأَنَّ
 اثْنَيْنِ أَتْيَانِي أَرَادَا أَنْ يَذْهَبَا بِي إِلَى النَّارِ فَتَلَقَاهُمَا مَلَكٌ فَقَالَ لَمْ تُرْعَ خَلِيًّا عَنْهُ
 فَقَصَّتْ حَفْصَةُ عَلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِحْدَى رُؤْيَايَ فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى
 اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ نِعَمَ الرَّجُلُ عَبْدُ اللَّهِ لَوْ كَانَ يُصَلِّي مِنَ اللَّيْلِ فَكَانَ عَبْدُ اللَّهِ رَضِيَ
 اللَّهُ عَنْهُ يُصَلِّي مِنَ اللَّيْلِ وَكَانُوا لَا يَزَالُونَ يَفْضُونَ عَلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ
 وَسَلَّمَ الرُّؤْيَا أَنَّهَا فِي اللَّيْلَةِ السَّابِعَةِ مِنَ الْعَشْرِ الْأَوَاخِرِ فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ
 وَسَلَّمَ أَرَى رُؤْيَاكُمْ قَدْ تَوَاطَأَتْ فِي الْعَشْرِ الْأَوَاخِرِ فَمَنْ كَانَ مُتَحَرِّبِيهَا فَلْيَتَحَرَّهَا
 مِنَ الْعَشْرِ الْأَوَاخِرِ

255- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) заманында түс көрдім. Түсімде қолымда жібек матасының бір паршасы бар екен. Сол бір парша мата жәннаттың қай жеріне ұшып барса, менде сол жерге баруды қалаймын. Бір кезде екі кісі келді де мені ұстап тозаққа алып бармақшы болды. Жолда бір періште жолығып маған: «Қорықпа!», - деді.

Кейін, оларға қарап: «Қоя беріндер!», - деді. Мен түсімді Хафса апайыма айтқан едім. Ол кісі болса Расулуллаға айтып беріпті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Абдулла өзі қандай жақсы жігіт, бірақ-та түнде тұрып намаз оқыса еді!», - депті.

Нафиғ (р.а.): «Содан кейін-ақ Абдулла түндерде тұрып намаз оқитын болды», - деді. Бір күні сахабалар Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) көрген түстерін айтып, мәнісін сұрасты. Рамазан айының соңғы 10 күндігінің 7-ші кеші (Қадыр түні) еді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Байқаймын, барлықтарының түстерің Рамазанның соңғы 10 күніне тура келіп қалыпты. Кімде-кім Қадыр түнін күтіп алмақшы болса, Рамазанның соңғы 10 күнінде күтсін!», - деді.

19-бап. Таң намазында қосымша екі рәкат намаз оқу туралы

256- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يَزِيدَ حَدَّثَنَا سَعِيدٌ هُوَ ابْنُ أَبِي أَيُّوبَ قَالَ حَدَّثَنِي

جَعْفَرُ بْنُ رَبِيعَةَ عَنْ عِرَاكِ بْنِ مَالِكٍ عَنْ أَبِي سَلَمَةَ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا
قَالَتْ صَلَّى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الْعِشَاءَ ثُمَّ صَلَّى ثَمَانِي رَكَعَاتٍ وَرَكَعَتَيْنِ
جَالِسًا وَرَكَعَتَيْنِ بَيْنَ الدَّاعَيْنِ وَلَمْ يَكُنْ يَدْعُهُمَا أَبَدًا

256- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) құфтан намазын оқыды. Кейін және 8 рәкат намаз оқыды. Содан соң отырған бойы 2 рәкат намаз оқыды. Таң намазының азаны мен тәкбірiнiң арасында қосымша екі рәкат намаз оқып алды. Бұл әдетiн ешқашан қалдырған емес», - деді.

20-бап. Таң намазының екі рәкат сүннетiн оқығаннан кейiн оң қолын басып жанбастап жату туралы

257- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يَزِيدَ حَدَّثَنَا سَعِيدٌ بْنُ أَبِي أَيُّوبَ قَالَ حَدَّثَنِي أَبُو

الْأَسْوَدِ عَنْ عُرْوَةَ بْنِ الزُّبَيْرِ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى
اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا صَلَّى رَكَعَتِي الْفَجْرِ اضْطَجَعَ عَلَى شِقِّهِ الْأَيْمَنِ

257- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) таң намазының екі рәкат сүннетiн оқығаннан кейiн оң қолын басып жанбастап жататын», - деді.

21-бап. Таң намазының екі рәкат сүннетін оқығаннан соң жанбастап жатудың орнына сөйлесіп отыру туралы

258- حَدَّثَنَا بَشْرُ بْنُ الْحَكَمِ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ قَالَ حَدَّثَنِي سَالِمُ أَبُو النَّضْرِ عَنْ أَبِي سَلَمَةَ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ إِذَا صَلَّى فَإِنْ كُنْتُ مُسْتَيْظِئَةً حَدَّثَنِي وَإِلَّا اضْطَجَعَ حَتَّى يُؤَدَّنَ بِالصَّلَاةِ

258- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) таң намазының сүннетін оқып болғаннан кейін, егерде мен ояу болсам, менімен сөйлесіп отыратын еді. Егерде ояу болмасам, азаншы азан айтқанша жанбастап жататын», - деді.

22-бап. Нәпіл намаздарды екі-екі рәкаттан оқу туралы айтылған хадистер туралы

عَنْ عَمَّارٍ وَأَبِي دَرٍّ وَأَنْسٍ وَجَابِرِ بْنِ زَيْدٍ وَعِكْرَمَةَ وَالزُّهْرِيَّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ وَقَالَ يَحْيَى بْنُ سَعِيدٍ الْأَنْصَارِيُّ مَا أَدْرَكْتُ فُقُهَاءَ أَرْضِنَا إِلَّا يُسَلِّمُونَ فِي كُلِّ اثْنَتَيْنِ مِنَ النَّهَارِ

Ғаммар, Әбу Зарр, Әнас, Жәбир ибн Зәйд, Икритма және Зухрий (Алла оларға разы болсын!) да нәпіл намаздардың екі-екі рәкаттан оқылатынын ескертіп өткен.

Яхя ибн Сағид (р.а.): «Күндіз оқылатын нәпіл намаздың әр екі рәкатынан кейін сәлем бермеген бірде бір (фиқшы) ғұламаны білмеймін», - деді.

263- حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الرَّحْمَنِ بْنُ أَبِي الْمَوَالِي عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ الْمُكَدَّرِ عَنْ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُعَلِّمُنَا الْإِسْتِخَارَةَ فِي الْأُمُورِ كُلِّهَا كَمَا يُعَلِّمُنَا السُّورَةَ مِنَ الْقُرْآنِ يَقُولُ إِذَا هَمَّ أَحَدُكُمْ بِالْأَمْرِ فَلْيَرْكَعْ رَكَعَتَيْنِ مِنْ غَيْرِ الْفَرِيضَةِ ثُمَّ لِيَقُلِ اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْتَخِيرُكَ بِعِلْمِكَ وَأَسْتَقْدِرُكَ بِقُدْرَتِكَ وَأَسْأَلُكَ مِنْ فَضْلِكَ الْعَظِيمِ فَإِنَّكَ تَقْدِرُ وَلَا أَقْدِرُ وَتَعْلَمُ وَلَا أَعْلَمُ وَأَنْتَ عَلَّامُ الْغُيُوبِ اللَّهُمَّ إِنْ كُنْتَ تَعْلَمُ أَنَّ هَذَا الْأَمْرَ خَيْرٌ لِي فِي دِينِي وَمَعَاشِي وَعَاقِبَةِ أَمْرِي أَوْ قَالَ عَاجِلَ أَمْرِي وَآجِلِهِ فَأَقْدِرْهُ لِي وَيَسِّرْهُ لِي

ثُمَّ بَارِكْ لِي فِيهِ وَإِنْ كُنْتَ تَعْلَمُ أَنَّ هَذَا الْأَمْرَ شَرٌّ لِي فِي دِينِي وَمَعَاشِي وَعَاقِبَةِ
أَمْرِي أَوْ قَالَ فِي عَاجِلِ أَمْرِي وَآجِلِهِ فَاصْرِفْهُ عَنِّي وَاصْرِفْنِي عَنْهُ وَاقْدِرْ لِي
الْخَيْرَ حَيْثُ كَانَ ثُمَّ أَرْضِنِي قَالَ وَيُسَمِّي حَاجَتَهُ

263- Жәбир ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бізге Құран кәрімнің сүрелерін үйреткендей әр бір істе истихара (Алладан тілек тілеу) айтуды үйретер еді. Бір күні Расулулла: «Егерде бірер іске бел бусандар, алдымен екі рәкат намаз оқындар, содан кейін мына дұғаны айтындар, деді: «Аллаһумма астахйрука биғилмика уа астақдирука би-күдратика уа ас-алука мин фадлик-ал-ғазийм, фа-иннака тақдиру уа ла ақдиру уа тағламу уа ла ағламу уа әнта ғаллам-л-ғуйуб, Аллаһумма ин кунта тағламу әнна хаза-л-амр хайрун лий фий дийний уа мағаший уа ақибати амрий (ау қала ажили амрий) уа ажилиһи фа-қдиру лийуа иассиру лий, сумма барик лий фийхи уа ин кунта тағламу хаза-л-амр шаррун лий фий диний уа мағаший уа ақибати амрий (ау қала фий ажили амрий) уа ажилиһи фа-срифу анни уа-срифни ғанһу уақдир лийи-л-хайр хайсу кана, сумма арзиний бихи». Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Аталмыш дұғаны айтып болған соң Алла тағаладан өз тілегіңізді тілейсіз»,- деді.

Мағынасы: «Иләһи, мені іліміннен игілік бергейсің! Құдретіңмен мені қуатты қылғайсың! Шекісіз кеңшілігінмен мені қуанышты қылғайсың! Иләһи, мені бел байлаған істеріме, дініме, өміріме және де кәсібіме жақсылық келтіреді ме жоқ па,оны өзің білушісің. Егер жақсылық келтіретін болса, оны маған нәсіп етіп, жеңілдірек қылып берекелі ете гөр! Иләһи, мен бел байлаған ісіме, дініме өміріме, кәсібіме жамандық келтіреді ме жоқ па оны өзін білушісің. Егерде жамандық келтіретін болса, оны менен, мені одан алыстата гөр! Маған жақсылық келтіретін істерді лайық көріп, разы қыла гөр!».

264- حَدَّثَنَا الْمَكِّيُّ بْنُ إِبْرَاهِيمَ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ سَعِيدٍ عَنْ عَامِرِ بْنِ عَبْدِ
اللَّهِ بْنِ الزُّبَيْرِ عَنْ عَمْرِو بْنِ سُلَيْمٍ الزُّرْقِيِّ سَمِعَ أَبَا قَتَادَةَ بْنَ رُبَيْعٍ الْأَنْصَارِيَّ
رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا دَخَلَ أَحَدُكُمْ الْمَسْجِدَ فَلَا
يَجْلِسُ حَتَّى يُصَلِّيَ رَكَعَتَيْنِ

264- Әбу Қатада (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Қайсы бірін (намаздан басқа уақытта) мешітке кірсе, отырмастан бұрын екі рәкат намаз оқысын!»,- деген»,- деді.

265- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ إِسْحَاقَ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ

بْنِ أَبِي طَلْحَةَ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ صَلَّى لَنَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَكَعَتَيْنِ ثُمَّ انْصَرَفَ

265- Өнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бізге имамдық қылып екі рәкат намаз оқыды, содан соң: «Меймандықтан қайтқаннан соң дұғаның орнына намаз оқындар!»,- деді.

266- حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ عُقَيْلٍ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ قَالَ

أَخْبَرَنِي سَالِمٌ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ صَلَّيْتُ مَعَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَكَعَتَيْنِ قَبْلَ الظُّهْرِ وَرَكَعَتَيْنِ بَعْدَ الظُّهْرِ وَرَكَعَتَيْنِ بَعْدَ الجُمُعَةِ وَرَكَعَتَيْنِ بَعْدَ المَغْرَبِ وَرَكَعَتَيْنِ بَعْدَ العِشَاءِ

266- Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге бесіннен бұрын екі рәкат, және бесіннен кейін екі рәкат намаз оқыдым. Соңыра жұмадан кейін де, шамнан кейін де, құфтаннан кейін де екі рәкат намаз оқыдым»,- деді.

267- حَدَّثَنَا آدَمُ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعْبَةُ أَخْبَرَنَا عَمْرُو بْنُ دِينَارٍ قَالَ سَمِعْتُ جَابِرَ

بْنَ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَهُوَ يَخْطُبُ إِذَا جَاءَ أَحَدُكُمْ وَالْإِمَامُ يَخْطُبُ أَوْ قَدْ خَرَجَ فَلْيُصَلِّ رَكَعَتَيْنِ

267- Жабир ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жұмада уағыз айтып тұрып: «Біреулерің имам құтпада тұрған уақытта немесе құтпа айтуға шығып жатқан уақытта мешітке келсе, екі рәкат намаз оқысын!»,- деді.

268- حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ قَالَ حَدَّثَنَا سَيْفُ بْنُ سُلَيْمَانَ سَمِعْتُ مُجَاهِدًا يَقُولُ أُنِّي

ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا فِي مَنْزِلِهِ فَقِيلَ لَهُ هَذَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَدْ دَخَلَ الكَعْبَةَ قَالَ فَأَقْبَلْتُ فَأَجِدُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَدْ خَرَجَ وَأَجِدُ بِلَالًا عِنْدَ البَابِ قَائِمًا فَقُلْتُ يَا بِلَالُ أَصَلَّى رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي الكَعْبَةِ قَالَ نَعَمْ قُلْتُ فَأَيْنَ قَالَ بَيْنَ هَاتَيْنِ الأَسْطُوَانَتَيْنِ ثُمَّ خَرَجَ فَصَلَّى رَكَعَتَيْنِ

فِي وَجْهِ الْكَعْبَةِ قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ قَالَ أَبُو هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَوْصَانِي النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِرَكَعَتَيْ الضُّحَى وَقَالَ عَثْبَانُ بْنُ مَالِكٍ غَدَا عَلَيَّ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَأَبُو بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ بَعْدَ مَا أَمَدَّ النَّهَارُ وَصَفَقْنَا وَرَأَاهُ فَرَكَعَ رَكَعَيْنِ

268- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Үйге келгенімде маған Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Қағбатуллаға кіріп кеткені туралы айтысты. Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) Қағбадан шығып келе жатқан кезінде жолықтырдым. Қағбаның есігінің алдында Біләл тұр екен. Мен Біләлдан: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Қағбада намаз оқыды ма?»,- деп сұрадым. Біләл: «Иә оқыды»,- деді. Мен: «Қағбаның қай жерінде?»,- деп сұрадым. Біләл: «Анау екі тіреудің арасында оқыды, содан сыртқа шығып, Қағбаға қарап және екі рәкат намаз оқыды»,- деді.

Әбу Хурайра (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) маған екі рәкат Зұха намазын оқымақты дайындады»,- деді.

Ғатбан (р.а.): «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) Әбу Бәкір Сыддық күн көтерілгенде менікіне келді. Біз Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) артына сапқа тұрдық. Ол кісі бізге имамдық қылып, намаз оқыды»,- деді.

23-бап. Таң намазының екі рәкат сүннетін оқығаннан кейін сөйлесіп отыру туралы

Айша (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) екі рәкат намаз оқып, маған қарайтын. Егерде мен ояу болсам, менімен сөйлесіп отыратын еді. Ал егерде ояу болмасам онда жанбастап жататын»,- деді.

Әли ибн Абдулла: «Таң намазының екі рәкат сүннетінде солай қылған деседі, деп Суфьянға айтқанымда, ол: «Иә, таң намазының екі рәкат сүннетінде, деп растады»,- деді.

24-бап. Таң намазында екі рәкат сүннет оқуды әдет қылу және таң намазының екі рәкат сүннетін «нәпіл» деген кісі туралы

Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) нәпіл намаздардың бірде-біріне, таң намазының парызының алдында оқылатын екі рәкат намазға әдеттенгендей, қатты әдеттенген емес»,- деді.

25-бап. Таң намазының екі рәкат сүннетінде не оқылады?

Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түнде 13 рәкат намаз оқитын еді. Содан соң таң намазына азан айтылғанын естіп, екі рәкат сүннет оқитын еді, сүннетт «Құл иа аййуха-л- кафирун» мен «Құл хуа-л-лаһу ахад»-ты оқитын»,- деді.

Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) таң намазының екі рәкат сүннетін өте қысқа оқитын. Тіпті мен өзіме-өзім: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) фатиха сүресін оқыды ма екен?»,- деп қоятынмын»,- деді.

НӘПІЛ НАМАЗДАР ЖАЙЫНДАҒЫ БАПТАР

1-бап. Парыз намаздардан кейін оқылатын нәпіл намаздар

269- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ سَعِيدٍ عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ قَالَ أَخْبَرَنَا نَافِعٌ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ صَلَّيْتُ مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ سَجْدَتَيْنِ قَبْلَ الظُّهْرِ وَسَجْدَتَيْنِ بَعْدَ الظُّهْرِ وَسَجْدَتَيْنِ بَعْدَ الْمَغْرَبِ وَسَجْدَتَيْنِ بَعْدَ الْعِشَاءِ وَسَجْدَتَيْنِ بَعْدَ الْجُمُعَةِ فَأَمَّا الْمَغْرَبُ وَالْعِشَاءُ فَفِي بَيْتِهِ وَحَدَّثَنِي أُخْتِي حَفْصَةُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يُصَلِّي رَكْعَتَيْنِ خَفِيفَتَيْنِ بَعْدَ مَا يَطْلُعُ الْفَجْرُ وَكَانَتْ سَاعَةً لَا أُدْخِلُ عَلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِيهَا وَقَالَ ابْنُ أَبِي الزِّنَادِ عَنْ مُوسَى بْنِ عُقْبَةَ عَنْ نَافِعٍ بَعْدَ الْعِشَاءِ فِي أَهْلِهِ تَابَعَهُ كَثِيرٌ مِنْ بَنِي فَرْقَدٍ وَأَيُّوبُ عَنْ نَافِعٍ

269- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге бесін намазының алдында екі рәкат намаз оқыдым. Бесін намазынан кейін де, шам намазынан кейін де, құфтан намазынан кейін де екі рәкат намаз оқыдым. Жұма намазының парызынан кейін де екі рәкат намаз оқыдым. Бірақ Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) шам мен құфтанның сүннеттерін үйінде оқыды. Апайым Хафса: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) таң атқан соң, қысқа ғана екі рәкат намаз оқитын»,- деді. Сол уақыттарда мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдында кірмейтінмін»,- деді.

2-бап. Парыз намазынан соң нәпіл оқымаған кісі туралы

270- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ عَمْرٍو قَالَ سَمِعْتُ أَبَا الشَّعْتَاءِ جَابِرًا قَالَ سَمِعْتُ ابْنَ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ صَلَّيْتُ مَعَ رَسُولِ

اللَّهُ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ثَمَانِيًا جَمِيعًا وَسَبْعًا جَمِيعًا قُلْتُ يَا أَبَا الشَّعْتَاءِ أَظُنُّهُ آخَرَ
الظُّهْرِ وَعَجَلَ الْعَصْرَ وَعَجَلَ الْعِشَاءَ وَآخَرَ الْمَغْرِبِ قَالَ وَأَنَا أَظُنُّهُ

270- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге бірден 8 рәкат, кейін 7-рәкат намаз оқыдық», - деді. Сонда Амр ибн Динар: «Ей Әбу Мұса, байқауымша Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бесіннің қазасын асрға, шамның қазасын құфтанға қосып оқиды ма деймін», - деді. «Менде солай болса керек, деп ойлаймын», - дедім.

3-бап. Сапарда Зұха намазын оқу туралы

271- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ شُعْبَةَ عَنْ تَوْبَةَ عَنْ مُورِقٍ قَالَ قُلْتُ

لِبْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَتَصَلِّي الضُّحَى قَالَ لَا قُلْتُ فَعَمْرُ قَالَ لَا قُلْتُ فَأَبُو
بَكْرٍ قَالَ لَا قُلْتُ فَالنَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ لَا إِخَالَهُ

271- Мууаррик (р.а.) риуаят етті: «Ибн Омарға: «Зұха намазын оқысыз ба?», - дедім. Ол: «Жоқ», - деді. Мен: «Османшы?», - дедім. Ол: «Жоқ», - деді. Мен: «Пайғамбарымызшы (с.ғ.с.)?», - дедім. Ол: «Жоқ», - деп ойлаймын», - деді.

272- حَدَّثَنَا آدَمُ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ حَدَّثَنَا عَمْرُو بْنُ مُرَّةَ قَالَ سَمِعْتُ عَبْدِ الرَّحْمَنِ

بْنَ أَبِي لَيْلَى يَقُولُ مَا حَدَّثَنَا أَحَدٌ أَنَّهُ رَأَى النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّي
الضُّحَى غَيْرُ أُمَّ هَانِيٍّ فَإِنَّهَا قَالَتْ إِنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ دَخَلَ بَيْتَهَا يَوْمَ
فَتَحَّ مَكَّةَ فَاعْتَسَلَ وَصَلَّى ثَمَانِيَةَ رَكَعَاتٍ فَلَمْ أَرَ صَلَاةً قَطُّ أَحْفَ مِنْهَا غَيْرَ أَنَّهُ يُتِمُّ
الرُّكُوعَ وَالسُّجُودَ

272- Абдурахман ибн Әбу Ләйла (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) зұха намазын оқығаны туралы Үмму Ханидан басқа бірде бір кісі бізге хадис айтпады. Үмму Хани (р.а.) былай деді: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) »Мекке алынған күні менің үйіме кіріп, ғұсыл қылып 8 рәкат намаз оқыды. Осыған дейін мен мұншалықты намазды тез оқитын адамды көрмегенмін. Бірақ, тез оқыса-да рүкүғ пен сәжделерді аяғына дейін жеткізіп орындады», - деді.

4-бап. Зұха намазын ерікті намаз деп оқымаған кісі туралы

273- حَدَّثَنَا آدَمُ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ أَبِي ذِئْبٍ عَنِ الزُّهْرِيِّ عَنِ عُرْوَةَ عَنِ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ مَا رَأَيْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ سَبَّحَ سُبْحَةَ الضُّحَى وَإِنِّي لَأَسْبِحُهَا

273- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) зұха намазын оқығанын көрмегенмін, бірақ-та өзім оқығанмын»,- деді.

5-бап. Тұрғылықты уақытта зұха намазын оқу туралы

Ғатбан ибн Мәлік (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) менің үйімде зұха намазын оқыды. Біз ол кісіге ұйыдық»,- деді.

274- حَدَّثَنَا مُسْلِمُ بْنُ أَبِرَاهِيمَ أَخْبَرَنَا شُعْبَةُ حَدَّثَنَا عَبَّاسُ الْجُرَيْرِيُّ هُوَ ابْنُ فَرُّوخَ عَنْ أَبِي عُمَانَ النَّهْدِيِّ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ أَوْصَانِي خَلِيلِي بِثَلَاثٍ لَأُدْعُهُنَّ حَتَّى أَمُوتَ صَوْمَ ثَلَاثَةِ أَيَّامٍ مِنْ كُلِّ شَهْرٍ وَصَلَاةَ الضُّحَى وَنَوْمَ عَلَى وَثِرٍ

274- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Досым Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өлгенімше маған үш түрлі нәрсені істеуімді өсиет етті: «Әр айда үш күн ораза ұстауды, зұха намазын оқуды және үтір намаздан кейін ұйықтауды»,- деді.

275- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ الْجَعْدِ أَخْبَرَنَا شُعْبَةُ عَنْ أَنَسِ بْنِ سِيرِينَ قَالَ سَمِعْتُ أَنَسَ بْنَ مَالِكِ الْأَنْصَارِيِّ قَالَ قَالَ رَجُلٌ مِنَ الْأَنْصَارِ وَكَانَ ضَخْمًا لِلنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنِّي لَأَسْتَطِيعُ الصَّلَاةَ مَعَكَ فَصَنَعَ لِلنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ طَعَامًا فَدَعَاهُ إِلَى بَيْتِهِ وَنَضَحَ لَهُ طَرَفَ حَصِيرٍ بِمَاءٍ فَصَلَّى عَلَيْهِ رَكَعَتَيْنِ وَقَالَ فُلَانُ بْنُ فُلَانَ بْنِ جَارُودٍ لِأَنَسِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَكَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّي الضُّحَى فَقَالَ مَا رَأَيْتُهُ صَلَّى غَيْرَ ذَلِكَ الْيَوْمِ

275- Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Денесі толық бір ансарий Пайғамбарымызға (с.ғ.с.): «Я Расулулла, мешітке келіп сіз бенен бірге намаз оқуға менің шамам келмейді»,- деп жағдайын айтты. Кейін, Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) арнап бір тамақ істеп, үйіне шақырды. Бір

алашаны тазалап, жерге салып берді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сол алашаның үстінде екі рәкат намаз оқыды.

Пәлен ибн Пәлен ибн әл-Жаруд (р.а.), Өнастан: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) зұха намазын оқушы ма еді», - деп сұрады. Сонда Өнас: «Осы күннен басқа күні оқығанын көрген емеспін», - деді.

6-бап. Бесін намазының парызының алдында екі рәкат намаз оқу туралы

حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ حَرْبٍ قَالَ حَدَّثَنَا حَمَّادُ بْنُ زَيْدٍ عَنْ أَيُّوبَ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ حَفِظْتُ مِنَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَشْرَ رَكَعَاتٍ رَكَعَتَيْنِ قَبْلَ الظُّهْرِ وَرَكَعَتَيْنِ بَعْدَهَا وَرَكَعَتَيْنِ بَعْدَ الْمَغْرَبِ فِي بَيْتِهِ وَرَكَعَتَيْنِ بَعْدَ الْعِشَاءِ فِي بَيْتِهِ وَرَكَعَتَيْنِ قَبْلَ صَلَاةِ الصُّبْحِ وَكَانَتْ سَاعَةً لَا يُدْخَلُ عَلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِيهَا حَدَّثَنِي حَفْصَةُ أَنَّهُ كَانَ إِذَا أَدَانَ الْمُؤَدِّنُ وَطَلَعَ الْفَجْرُ صَلَّى رَكَعَتَيْنِ

Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) 10 рәкат сүннет намазды үйреніп алдым: «Бесін намазының парызының алдында екі рәкат, парызынан кейін екі рәкат, шам намазының парызынан кейін екі рәкат (үйінде оқыды) және құфтанның парызынан кейін екі рәкат (үйінде оқыды), таң намазының парызының алдында екі рәкат (бұл уақыттарда Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына ешкім кірмейтін). Маған апайым Хафса: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) азаншы азан айтқанда (таң атқанда) екі рәкат намаз оқитын», - деді.

276- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ شُعْبَةَ عَنْ إِبْرَاهِيمَ بْنِ مُحَمَّدِ بْنِ الْمُنتَشِرِ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ لَا يَدْعُ أَرْبَعًا قَبْلَ الظُّهْرِ وَرَكَعَتَيْنِ قَبْلَ الْغَدَاةِ تَابَعَهُ ابْنُ أَبِي عَدِيٍّ وَعَمْرُو عَنْ شُعْبَةَ

276- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бесін намазының парызының алдынан төрт рәкат, артынан екі рәкат, таң намазының парызының алдынан екі рәкат намазды қалдырмай оқитын», - деді.

7-бап. Шам намазынан бұрын намаз оқу туралы

277- حَدَّثَنَا أَبُو مَعْمَرٍ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَارِثِ عَنِ الْحُسَيْنِ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ بُرَيْدَةَ قَالَ حَدَّثَنِي عَبْدُ اللَّهِ الْمُزَنِيُّ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ صَلُّوا قَبْلَ صَلَاةِ الْمَغْرَبِ قَالَ فِي الثَّلَاثَةِ لِمَنْ شَاءَ كَرَاهِيَةً أَنْ يَتَّخِذَهَا النَّاسُ سُنَّةً

277- Абдулла ибн Мазиний (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Шам намазынан бұрын екі рәкат намаз оқыңдар!», - деп үш рет айтқанынан кейін, «Адамдар бұны сүннет деп түсініп қалмасын!», деген ойменен: «Қалаған кісі оқысын!», - деп қосып қойды.

278- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يَزِيدَ هُوَ الْمُقَرِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ أَبِي أَيُّوبَ قَالَ حَدَّثَنِي يَزِيدُ بْنُ أَبِي حَبِيبٍ قَالَ سَمِعْتُ مَرْتَدَ بْنَ عَبْدِ اللَّهِ الْيَزَنِيَّ قَالَ أَتَيْتُ عُقْبَةَ بْنَ عَامِرٍ الْجُهَنِيَّ فَقُلْتُ أَلَا أُعْجِبُكَ مِنْ أَبِي تَمِيمٍ يَرْكَعُ رَكَعَتَيْنِ قَبْلَ صَلَاةِ الْمَغْرَبِ فَقَالَ عُقْبَةُ إِنَّا كُنَّا نَفْعَلُهُ عَلَى عَهْدِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قُلْتُ فَمَا يَمْنَعُكَ الْآنَ قَالَ الشُّغْلُ

278- Марсад ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Ғұқба ибн Амир әл-Жуханий алдына барып: «Әбу Тамим туралы бір сөз айтып сізді таңқалдырайын ба? Ол шам намазынан бұрын екі рәкат намаз оқиды», - дедім. Сонда Ғұқба: «Біз Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) заманында солай қылатынбыз», - деді. Мен: «Қазір солай қылуыңызға не кедергі?», - дедім. Ғұқба: «Жұмысымның көптігі», - деді.

8-бап. Нәпіл намаздарды жамағат болып оқу туралы

Әнас ибн Мәлік пен Айша анамыз (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) нәпіл намаздарды жамағат болып оқу қажеттігі туралы айтқандарын риуаят қылысты.

279- حَدَّثَنِي إِسْحَاقُ حَدَّثَنَا يَعْقُوبُ بْنُ إِبْرَاهِيمَ حَدَّثَنَا أَبِي عَنْ ابْنِ شِهَابٍ قَالَ أَخْبَرَنِي مَحْمُودُ بْنُ الرَّبِيعِ الْأَنْصَارِيُّ أَنَّهُ عَقَلَ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَعَقَلَ مَجَّةً مَجَّهَا فِي وَجْهِهِ مِنْ بئرٍ كَانَتْ فِي دَارِهِمْ فَرَعَمَ مَحْمُودٌ أَنَّهُ سَمِعَ عَثْبَانَ بْنَ مَالِكٍ الْأَنْصَارِيَّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ وَكَانَ مِمَّنْ شَهِدَ بِدْرًا مَعَ رَسُولِ اللَّهِ

صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُفَوِّضُ كُنْتُ أَصْلَى لِقَوْمِي بَنِي سَالِمٍ وَكَانَ يَحُولُ بَيْنِي
وَبَيْنَهُمْ وَإِذَا جَاءَتْ الْأَمْطَارُ فَيَسْتَقُ عَلَيَّ اجْتِيَاؤُهُ قَبْلَ مَسْجِدِهِمْ فَجِئْتُ رَسُولَ
اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَفُلْتُ لَهُ إِنِّي أَنْكَرْتُ بَصْرِي وَإِنَّ الْوَادِيَّ الَّذِي بَيْنِي
وَبَيْنَ قَوْمِي يَسِيلُ إِذَا جَاءَتْ الْأَمْطَارُ فَيَسْتَقُ عَلَيَّ اجْتِيَاؤُهُ فَوَدِدْتُ أَتَاكَ تَأْتِي
فَأُصَلِّيَ مِنْ بَيْتِي مَكَانًا أَتَّخِذُهُ مُصَلًّى فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
سَأَفْعَلُ فَغَدَا عَلَيَّ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَأَبُو بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ بَعْدَ
مَا اسْتَدَّ النَّهَارُ فَاسْتَأْذَنَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَذِنْتُ لَهُ فَلَمْ يَجْلِسْ
حَتَّى قَالَ أَيْنَ تُحِبُّ أَنْ أُصَلِّيَ مِنْ بَيْتِكَ فَأَشْرَفْتُ لَهُ إِلَى الْمَكَانِ الَّذِي أُحِبُّ أَنْ
أُصَلِّيَ فِيهِ فَقَامَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَكَبَّرَ وَصَفَّعْنَا وَرَأَاهُ فَصَلَّى
رَكَعَيْنِ ثُمَّ سَلَّمَ وَسَلَّمْنَا حِينَ سَلَّمَ فَحَبَسْتُهُ عَلَى خَزِيرٍ يُصْنَعُ لَهُ فَسَمِعَ أَهْلُ الدَّارِ
رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي بَيْتِي فَتَابَ رَجُلٌ مِنْهُمْ حَتَّى كَثُرَ الرَّجَالُ فِي
الْبَيْتِ فَقَالَ رَجُلٌ مِنْهُمْ مَا فَعَلَ مَالِكٌ لَأَرَاهُ فَقَالَ رَجُلٌ مِنْهُمْ ذَلِكَ مُنَافِقٌ لَا يُحِبُّ
اللَّهَ وَرَسُولَهُ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَأَتَقُلَّ ذَلِكَ أَلَا تَرَاهُ قَالَ لَأِإِلَهَ
إِلَّا اللَّهُ يَبْتَغِي بِذَلِكَ وَجْهَ اللَّهِ فَقَالَ اللَّهُ وَرَسُولُهُ أَعْلَمُ أَمَّا نَحْنُ فَوَاللَّهِ لَأَن نَرَى وَدَّهَ
وَلَا حَدِيثُهُ إِلَّا إِلَى الْمُنَافِقِينَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَإِنَّ اللَّهَ قَدْ حَرَّمَ
عَلَى النَّارِ مَنْ قَالَ لَأِإِلَهَ إِلَّا اللَّهُ يَبْتَغِي بِذَلِكَ وَجْهَ اللَّهِ قَالَ مُحَمَّدُ بْنُ الرَّبِيعِ
فَحَدَّثَنِيهَا قَوْمًا فِيهِمْ أَبُو أَيُّوبَ صَاحِبُ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي غَزْوَتِهِ
الَّتِي تُؤْفَى فِيهَا وَيَزِيدُ بْنُ مُعَاوِيَةَ عَلَيْهِمْ بِأَرْضِ الرُّومِ فَأَنْكَرَهَا عَلَيَّ أَبُو أَيُّوبَ
قَالَ وَاللَّهِ مَا أَظُنُّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ مَا فُلْتُ قَطُّ فَكَبَّرَ ذَلِكَ
عَلَيَّ فَجَعَلْتُ لِلَّهِ عَلَيَّ إِنْ سَلَّمَنِي حَتَّى أَفُؤَلَ مِنْ غَزْوَتِي أَنْ أَسْأَلَ عَنْهَا عِثْبَانَ بْنِ
مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ إِنْ وَجَدْتُهُ حَيًّا فِي مَسْجِدِ قَوْمِهِ فَقُلْتُ فَأَهْلَلْتُ بِحَجَّةٍ أَوْ
بِعُمْرَةٍ ثُمَّ سَرْتُ حَتَّى قَدِمْتُ الْمَدِينَةَ فَأَنْبِئْتُ بَنِي سَالِمٍ فَإِذَا عِثْبَانُ شَيْخٌ أَعْمَى يُصَلِّي

لِقَوْمِهِ فَلَمَّا سَلَّمَ مِنَ الصَّلَاةِ سَلَّمْتُ عَلَيْهِ وَأَخْبَرْتُهُ مَنْ أَنَا ثُمَّ سَأَلْتُهُ عَنْ ذَلِكَ الْحَدِيثِ
فَحَدَّثَنِيهِ كَمَا حَدَّثَنِيهِ أَوَّلَ مَرَّةٍ

279- Махмуд ибн әр-Рабийға әл-Ансарий Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) оның ауласындағы құдықтан су алып бетіне бүрккенін және Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге Бәдір соғысына қатысқан Ғатбан ибн Мәліктен естігендерін есіне түсіріп, «Ғатбан маған былай деген еді», - деді: «Мен өз қауымым Бәний Сәлімге имамдық қылатынымын. Қауымым тұратын жер мен менің үйімнің арасында бір ойпаңдау жер бар болатын. Сол жерде жаңбыр жауғанда өткел болмай қалатын. Бір күні Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына барып: «Менің көзім нашарлап қалды, жаңбыр жауған кезде арамыздағы ойпаңнан өту мен үшін өте аурлық қылуда менің үйіме барып, арнайы орында намаз оқып берсеңіз-ғой, мен сол жерді өзіме намазжай қылып алсам!», - дедім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мақұл, солай қыламын», - деді. Айтқанындай Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үйіме келіп есігімді қақты. Мен сыртқа шығып үйге кіргіздім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) отырмастан: «Үйіңнің қай жерінде намаз оқып берейін?», - деді. Мен өзім қалаған жерді көрсеттім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тәкбір тахрима айтып намазды бастады. Біз ол кісінің артында сап түзеп ұйыдық. Екі рәкат намаз оқыды да сәлем берді. Бізде сәлем бердік. Кейін қайтпақшы болып еді. Сіз үшін арнайы тамақ әзірлетіп қойғанмын жеп кетіңіз!», - деп қоймадым. Ауылдың адамдары Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) менікіне келгенің естіп, ол кісіні көргелі келген адамдарға аулам лық толды. Көршілерімнің бірі: «Мәлік неге көрінбейді?», - деді. Сонда бір кісі: «Ол Мунафиқ адам, Алланы және оның елшісін жақсы көрмейді», - деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бұны естіп: «Олай деме, Алла тағаланы мойындап, Лә иләһа илла-л-лаһу дегенін білесің-ғой!», - деді. Сонда әлгі кісі: «Алла тағала мен оның елшісі біледі, бірақ біз Аллаға ант етіп айтамыз, ол тек қана Мунафиқтармен ғана достасып, тек солармен ғана сөйлеседі», - деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Алла тағаланы мойындап, Лә иләһа илла-л-лаһу деген кісіні Алла тағала тозақ отына күйдірмейді», - деді. Махмуд ибн әр-Рабийғ: «Бұл оқиғаны көпшіліктің ортасында айтып бердім», - деп хикая қылды. Сонда олардың арасында Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) соғыста шаһит болған сақабалары Айюб та Рұм мемлекетіне басшы қылып тағайындалған Язийд ибн Муғауия да бар еді. Әбу Айюб менің айтқандарымды жоққа шығарып: «Ант етіп айтамын, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сен айтқан сөздерді ешқашанда айтпаған болса керек», - деді. Әбу Айюбтың бұл сөздері маған қатты батты. Егерде Алла тағала мені соғыстан аман есен қайтарып, Ғатбан ибн Мәлікті тірі кезінде тапсам, ауылының мешітінде міндетті түрде одан бұл туралы сұраймын, деп ант еттім. Содан кейін соғыстан аман есен қайттым. Кейін қажылыққа (әлде ғұмраға) ихрам киіп, жолға шығып, Мединеге келдім. Бәний Сәлім ауылына бардым. Қарасам, көзі көрмейтін қария Ғатбан ибн Мәлік (р.а.) өз қауымына имамдық қылып намаз оқып жатыр екен. Намаз аяқталып

сәлем бергеннен соң, алдына барып сәлем бердім. Содан соң әлгі хадис туралы сұрадым. Ғатбан ибн Мәлік бұрын қалай айтып берген болса, тұп-тура солай қылып риуаят етіп айтып берді»,- деді.

9-бап. Үйде нәпіл намаз оқу туралы

280- حَدَّثَنَا عَبْدُ الْأَعْلَى بْنُ حَمَّادٍ حَدَّثَنَا وَهَيْبٌ عَنْ أَيُّوبَ وَعُبَيْدِ اللَّهِ عَنْ

نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
اجْعَلُوا فِي بُيُوتِكُمْ مِنْ صَلَاتِكُمْ وَلَا تَتَّخِذُوهَا قُبُورًا تَابَعَهُ عَبْدُ الْوَهَّابِ عَنْ أَيُّوبَ

280- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Үйлерінде де нәпіл намаз оқып тұрындар, үйлерінді қабірстан қылып қоймаңдар»,- деді.

БИСМИЛЛӘҺИР РАХМАНИР РАХИМ

1-бап. МЕККЕ МЕН МЕДИНЕ МЕШІТТЕРІНДЕ ОҚЫЛҒАН НАМАЗДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ

281- حَدَّثَنَا حَفْصُ بْنُ عُمَرَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ قَالَ أَخْبَرَنِي عَبْدُ الْمَلِكِ بْنُ عُمَيْرٍ عَنْ قُرْعَةَ قَالَ سَمِعْتُ أَبَا سَعِيدٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَرْبَعًا قَالَ سَمِعْتُ مِنَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَكَانَ غَزَا مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ تِسْعَةَ عَشْرَةَ غَزْوَةً ح حَدَّثَنَا عَلِيُّ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ الزُّهْرِيِّ عَنْ سَعِيدٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ لَا تُشَدُّ الرَّحَالُ إِلَّا إِلَى ثَلَاثَةِ مَسَاجِدَ الْمَسْجِدِ الْحَرَامِ وَمَسْجِدِ الرَّسُولِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَمَسْجِدِ الْأُقْصَى

281- Қазғаға (р.а.) Әбу Саъид (Пайғамбарымызбен бірге 12 рет соғысқа қатысқан): «Пайғамбарымыздан мына төмендегі төрт нәрсені естігенмін», - депті: «Әйел адам екі күндік жолға тек қана маһрамының ілесіумен шығуы керек; екі айтта ораза ұстамау керек; Таң намазынан кейін күн шыққанша және аср намазынан кейін күн батқанша намаз оқуға болмайды; көбірек сауап аламын деген адам Әл-Масжид әл-Харамға (қағбада), Масжид ур - Расул саллаллаһу ғалайһи уасаллам (Мединеде) және Масжид ул-Ақсаға (Құддыста) баруы керек», - деді.

282- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ زَيْدِ بْنِ رَبَاحٍ وَعُبَيْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي عَبْدِ اللَّهِ الْأَعْرَبِيِّ عَنْ أَبِي عَبْدِ اللَّهِ الْأَعْرَبِيِّ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ صَلَاةٌ فِي مَسْجِدِي هَذَا خَيْرٌ مِنْ أَلْفِ صَلَاةٍ فِي مَا سِوَاهُ إِلَّا الْمَسْجِدَ الْحَرَامَ

282- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Менің мешітімде оқылған бір намаз мың намаздан сауапты болады, оған текқана Әл Масжид әл-Харамда оқылған намаз ғана теңдесе алады», - деп айтқан», - деді.

2-бап. Құба мешіті туралы

283- حَدَّثَنَا يَعْقُوبُ بْنُ إِبْرَاهِيمَ هُوَ الدَّوْرَقِيُّ حَدَّثَنَا ابْنُ عَلِيَّةَ أَخْبَرَنَا أَيُّوبُ عَنْ نَافِعٍ أَنَّ ابْنَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا كَانَ لَا يُصَلِّي مِنَ الضُّحَى إِلَّا فِي يَوْمَيْنِ يَوْمَ يَقْدُمُ بِمَكَّةَ فَإِنَّهُ كَانَ يَقْدُمُهَا ضُحَى فَيَطُوفُ بِالْبَيْتِ ثُمَّ يُصَلِّي رَكَعَتَيْنِ خَلْفَ الْمَقَامِ وَيَوْمَ يَأْتِي مَسْجِدَ قُبَاءٍ فَإِنَّهُ كَانَ يَأْتِيهِ كُلَّ سَبْتٍ فَإِذَا دَخَلَ الْمَسْجِدَ كَرِهَ أَنْ يَخْرُجَ مِنْهُ حَتَّى يُصَلِّي فِيهِ قَالَ وَكَانَ يُحَدِّثُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يَزُورُهُ رَاكِبًا وَمَاشِيًا قَالَ وَكَانَ يَقُولُ إِنَّمَا أَصْنَعُ كَمَا رَأَيْتُ أَصْحَابِي يَصْنَعُونَ وَلَا أَمْنَعُ أَحَدًا أَنْ يُصَلِّيَ فِي أَيِّ سَاعَةٍ شَاءَ مِنْ لَيْلٍ أَوْ نَهَارٍ غَيْرَ أَنْ لَا تَنْحَرُوا طُلُوعَ الشَّمْسِ وَلَا غُرُوبَهَا

283- Нафиғ (р.а.) риуаят етти: «Ибн Омар (р.а.) тек қана екі күн-Меккеге және Құба мешітіне келген күндері ғана Зұха намазын оқитын еді. Меккеге тура Зұха намазы оқылатын уақытта жетіп келетін-да, Бәйтулланы айналып тәуеп етіп, содан соң Мақами Ибраһимда екі рәкат намаз оқитын. Құба мешітіне болса, әр сенбі күні келіп, намаз оқымастан кетпейтін еді. Ибн Омар маған: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) кейде атпен кейде жаяу Масжид ул-Құбаны зиярат ететін. Сақабаларда солай ететін. Мен де солардан үлгі алып солай істеудемін. Мен ешкімнің, мейлі күндіз мейлі түнде болсын қалаған уақыттарында намаз оқығандарынан тыймаймын. Тек қана күннің шығып немесе батып бара жатқан уақыттарында оқымаса болды!»,- деді.

3-бап. Құба мешітіне әр сенбі күні келген кісі туралы

284- حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْعَزِيزِ بْنُ مُسْلِمٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ دِينَارٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَأْتِي مَسْجِدَ قُبَاءٍ كُلَّ سَبْتٍ مَاشِيًا وَرَاكِبًا وَكَانَ عَبْدُ اللَّهِ بْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يَفْعَلُهُ

284- Ибн Омар (р.а.) риуаят етти: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) әр сенбі күні Құба мешітіне кейде жаяу кейде атқа мініп келетін»,- деді. (Бұны көріп Абдулла ибн Омар да солай қылатын еді).

4-бап. Құба мешітіне атқа мінім немесе жаяу келу туралы

285- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ سَعِيدٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنِي نَافِعٌ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَأْتِي مَسْجِدَ قُبَاءٍ رَاكِبًا وَمَاشِيًا زَادَ ابْنُ نُمَيْرٍ حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ عَنْ نَافِعٍ فَيُصَلِّي فِيهِ رَكَعَيْنِ

285- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Құба мешітіне кейде атпен, ал кейде жаяу келетін». Ибн Нумайр жоғарғы хадиске қосымша қылып: «Ибн Омар Құба мешітіне келе салысымен екі рәкат намаз оқып, содан соң отыратын еді», - деді.

5-бап. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қабірі мен мінберінің арасында намаз оқудың артықшылығы туралы

286- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي بَكْرٍ عَنْ عَبْدِ بْنِ تَمِيمٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ زَيْدٍ الْمَازِنِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ مَا بَيْنَ بَيْتِي وَمِنْبَرِي رَوْضَةٌ مِنْ رِيَاضِ الْجَنَّةِ

286- Абдулла ибн Зәйд әл-Мазиний (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): Үйім мен мінберімнің аралығындағы орын жәннат бақтарының бірі!», - деп айтқан», - деді.

287- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ عَنْ يَحْيَى عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ قَالَ حَدَّثَنِي خُبَيْبُ بْنُ عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَنْ حَفْصِ بْنِ عَاصِمٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ مَا بَيْنَ بَيْتِي وَمِنْبَرِي رَوْضَةٌ مِنْ رِيَاضِ الْجَنَّةِ وَمِنْبَرِي عَلَى حَوْضِي

287- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Үйім мен мінберімнің аралығындағы орын жәннат бақтарының бірі! (Ахиретте) мінберім Кәусәр көлінің жағасында болады», - деп айтқан», - деді.

6-бап. Бәйт ул-Мұқаддас мешіті жайында

288- حَدَّثَنَا أَبُو الْوَلِيدِ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ عَبْدِ الْمَلِكِ سَمِعْتُ قَزْعَةَ مَوْلَى زِيَادٍ قَالَ سَمِعْتُ أَبَا سَعِيدٍ الْخُدْرِيَّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ يُحَدِّثُ بِأَرْبَعٍ عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَعْجَبَنِي وَأَنْفَقَنِي قَالَ لَا تُسَافِرُ الْمَرْأَةُ يَوْمَيْنِ إِلَّا مَعَهَا زَوْجُهَا أَوْ دُو

مَحْرَمٍ وَلَا صَوْمَ فِي يَوْمَيْنِ الْفِطْرِ وَالْأَضْحَىٰ وَلَا صَلَاةَ بَعْدَ صَلَاتَيْنِ بَعْدَ الصُّبْحِ
حَتَّى تَطْلُعَ الشَّمْسُ وَبَعْدَ الْعَصْرِ حَتَّى تَغْرُبَ وَلَا تُشَدُّ الرَّحَالُ إِلَّا إِلَى ثَلَاثَةِ مَسَاجِدَ
مَسْجِدِ الْحَرَامِ وَمَسْجِدِ الْأَقْصَىٰ وَمَسْجِدِي

288- Зиядтың азат етілген құлы Қазға (р.а.) риуаят етті: «Әбу Саьид әл-Худрий Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) естіген төрт түрлі өсиетті айтып мені таңғалдырды, олар мыналар «Әйел адам екі күндік жолға жалғыз өзі шықпайды, мүмкін күйеуі немесе маһрамы мен шығуы керек; екі айтта ораза ұсталмайды; таң намазынан кейін күн шыққанша және аср намазынан кейін күн батқанша намаз оқылмайды; тек қана үш мешітте- Әл-Масжид әл-Харам, Масжид ул-Ақса және менің мешітімнен көбірек сауап табасындар!», - деді.

НАМАЗДА ІСТЕЛЕТІН ӘРЕКЕТТЕР ЖАЙЫНДАҒЫ БАПТАР

1-бап. Намазда (егер де бұйырылған болса) қолды пайдалану туралы

قَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يَسْتَعِينُ الرَّجُلُ فِي صَلَاتِهِ مِنْ جَسَدِهِ بِمَا شَاءَ وَوَضَعَ أَبُو إِسْحَاقَ قَلْبُوسُوتَهُ فِي الصَّلَاةِ وَرَفَعَهَا وَوَضَعَ عَلَيَّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ كَفَّهُ عَلَى رُسْغِهِ الْأَيْسَرِ إِلَّا أَنْ يَحْكَّ جِلْدًا أَوْ يُصْلِحَ ثَوْبًا

Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Намаз оқушы намаз оқып жатып өзінің дене мүшелерін қалағанша пайдалануына болады.. Мысалы, Әбу Исхак намаз оқып жатып қолымен құлақшының алып қойып, кейін қайтадан киіп алды. Хазреті Әли (р.а.) болса, оң қолын сол қолының білегінің үстіне қойып, қол байлайтын. Егер де бір жерлерін қасымақшы болса, немесе киімдерін түземекші болса, қолын шешіп еш қиындықсыз әрекет ете беретін»,- деді.

289- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ مَخْرَمَةَ بِنِ سُلَيْمَانَ عَنْ كُرَيْبِ مَوْلَى ابْنِ عَبَّاسٍ أَنَّهُ أَخْبَرَهُ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّهُ بَاتَ عِنْدَ مَيْمُونَةَ أُمِّ الْمُؤْمِنِينَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا وَهِيَ خَالَتُهُ قَالَ فَاضْطَجَعْتُ عَلَى عَرْضِ الْوَسَادَةِ وَاضْطَجَعَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَأَهْلُهُ فِي طُولِهَا فَنَامَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حَتَّى انْتَصَفَ اللَّيْلُ أَوْ قَبْلَهُ بِقَلِيلٍ أَوْ بَعْدَهُ بِقَلِيلٍ ثُمَّ اسْتَيْقَظَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَجَلَسَ فَمَسَحَ النَّوْمَ عَنْ وَجْهِهِ مِنْهَا فَأَحْسَنَ وَضُوءَهُ ثُمَّ قَامَ يُصَلِّي قَالَ عَبْدُ اللَّهِ بْنُ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا فَفَمَتْتُ فَصَنَعْتُ مِثْلَ مَا صَنَعَ ثُمَّ دَهَبْتُ فَفَمَتْتُ إِلَى جَنْبِهِ فَوَضَعَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَدَهُ الْيُمْنَى عَلَى رَأْسِي وَأَخَذَ بِأُذُنِي الْيُمْنَى يَقْتُلُهَا بِيَدِهِ فَصَلَّى

292- حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ مُوسَى أَخْبَرَنَا عَيْسَى هُوَ ابْنُ يُونُسَ عَنْ إِسْمَاعِيلَ
عَنِ الْحَارِثِ بْنِ شُبَيْلٍ عَنْ أَبِي عَمْرٍو الشَّيْبَانِيِّ قَالَ قَالَ لِي زَيْدُ بْنُ أَرْقَمَ إِنْ كُنَّا
لِنَتَّكَلَّمُ فِي الصَّلَاةِ عَلَى عَهْدِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُكَلِّمُ أَحَدُنَا صَاحِبَهُ
بِحَاجَتِهِ حَتَّى نَزَلَتْ حَافِظُوا عَلَى الصَّلَوَاتِ وَالصَّلَاةِ الْوُسْطَى وَقَوْمُوا لِلَّهِ قَانِتِينَ
فَأَمِرْنَا بِالسُّكُوتِ

292- Әбу Амр аш-Шайбаний: «Маған Зайд ибн Әкрам (р.а.) былай деген еді: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) заманында Ислам енді ғана тарқап келе жатқан уақытта: Алла тағаланың «Намаздарда тәртіп сақтандар!...» деген аят кәрімі нәзіл болғанға дейін бір-бірімізбен дүниауи істеріміз туралы сөйлесе беретін едік», - деді.

3-бап. Намаз оқушы намаз кезінде тасбих мақтау айтуы дұрыс

293- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْعَزِيزِ بْنُ أَبِي حَازِمٍ عَنْ أَبِيهِ
عَنْ سَهْلِ بْنِ سَعْدٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ خَرَجَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّحُ
بَيْنَ بَنِي عَمْرٍو بْنِ عَوْفِ بْنِ الْحَارِثِ وَحَانتَ الصَّلَاةُ فَجَاءَ بِلَالٌ أَبَا بَكْرٍ رَضِيَ
اللَّهُ عَنْهُمَا فَقَالَ حُبِسَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَتَوَمَّ النَّاسَ قَالَ نَعَمْ إِنْ شِئْتُمْ
فَأَقَامَ بِلَالٌ الصَّلَاةَ فَتَقَدَّمَ أَبُو بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فَصَلَّى فَجَاءَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ
عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَمْشِي فِي الصُّفُوفِ يَشْفُقُهَا شَفَقًا حَتَّى قَامَ فِي الصَّفِّ الْأَوَّلِ فَأَخَذَ النَّاسُ
بِالتَّصْفِيحِ قَالَ سَهْلٌ هَلْ تَدْرُونَ مَا التَّصْفِيحُ هُوَ التَّصْفِيحُ وَكَانَ أَبُو بَكْرٍ رَضِيَ
اللَّهُ عَنْهُ لَا يَلْتَفِتُ فِي صَلَاتِهِ فَلَمَّا أَكْثَرُوا التَّفَتَّ فَإِذَا النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
فِي الصَّفِّ فَأَشَارَ إِلَيْهِ مَكَانَكَ فَرَفَعَ أَبُو بَكْرٍ يَدَيْهِ فَحَمِدَ اللَّهُ ثُمَّ رَجَعَ الْفُهْقَرَى
وَرَاءَهُ وَتَقَدَّمَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَصَلَّى

293- Саһл (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Бәний Амр ибн Ауфты келістіріп қоймақшы болып шыққан еді, намаз уақыты болды. Сонда Біләл Әбу Бәкірдің алдына келіп: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) кешігіңкіреп жатыр, ол кісінің орнына сіз имамдық қылмайсыз ба?», - деді. Әбу Бәкір (р.а.): «Мейлі, егерде қаласаңыз», - деп разылығын білдірді. Кейін, Біләл азан айтты. Ал Әбу Бәкір болса, михрабқа өтіп намазды бастады. Сол уақытта Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) келді де адамдарды аралап

өтіп, бірінші сапқа тұрды. Адамдар (Әбу Бәкірге Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) келгенін білдірмек үшін) шапалақ ұра бастады. Әбу Бәкір (р.а.) сонда да сезбеді. Адамдардың шапалақты қаттырақ ұрғандарынан кейін ғана айналасына (көз қиығын) тастап Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бірінші сапта тұрғанын байқады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Орнында тұра бер!»,- деп ишара қылды. Бірақ та Әбу Бәкір қолын көтеріп Алла тағалаға мақтаулар айтты да, артқа қарай шегінді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) алдыға қарай өтіп намазды ары қарай жалғастырды»,- деді.

4-бап. Намазда сөйлеудің мүмкін еместігін білмей тұрып бірер қауымның атын тілмен атау немесе бір-біріне сәлем беру туралы

294- حَدَّثَنَا عَمْرُو بْنُ عَيْسَى حَدَّثَنَا أَبُو عَبْدِ الصَّمَدِ عَبْدُ الْعَزِيزِ بْنُ عَبْدِ الصَّمَدِ حَدَّثَنَا حُصَيْنُ بْنُ عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَنْ أَبِي وَائِلٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ مَسْعُودٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ كُنَّا نَقُولُ التَّحِيَّةَ فِي الصَّلَاةِ وَنُسَمِّي وَيُسَلِّمُ بَعْضُنَا عَلَى بَعْضٍ فَسَمِعَهُ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ فَوَلُوا التَّحِيَّاتُ لِلَّهِ وَالصَّلَوَاتُ وَالطَّيِّبَاتُ السَّلَامُ عَلَيْكَ أَيُّهَا النَّبِيُّ وَرَحْمَةُ اللَّهِ وَبَرَكَاتُهُ السَّلَامُ عَلَيْنَا وَعَلَى عِبَادِ اللَّهِ الصَّالِحِينَ أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَأَشْهَدُ أَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ فَإِنَّكُمْ إِذَا فَعَلْتُمْ ذَلِكَ فَقَدْ سَلَّمْتُمْ عَلَى كُلِّ عَبْدٍ لِلَّهِ صَالِحٍ فِي السَّمَاءِ وَالْأَرْضِ

294- Абдулла ибн Масғуд (р.а.) риуаят етті: «Біз ілгеріректе намаз оқып жатып бір-бірімізге сәлем бере беретінбіз және марқұмдардың аттарын жеке-жеке атап дұға қылатынбыз. Бір күні Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бұны естіп қалып: «**Ат-Таһиййат ли-л-ләһи уә-с-салауату уә-т-таййибату, әс-саламу ғалайка аййуһа-н-набиййу уа рахматуллаһи уа баракатуһу, әс-саламу ғалайка ғалайна уа ғала ғибади-л-ләһи-с-салихин, әшһаду ән лә илаһа илла-л-лаһу уа әшһаду әнна Мұхаммадан ғабдуһу уа расулуһу**»,- десендер, Алла тағаланың жер көктегі барлық жақсы пенделеріне дұға қылған боласындар»,- деді.

Мағынасы: «*Барлық мақтаулар, бес уақыт намаз да жақсылықтар да Алла тағалаға болсын! Ей Алланың елшісі Мұхаммед саллаллаһу ғалайһи уа саллам! Алла тағала сізге сәлем, берекет пен рахметшілік етсін! Бізгеде және Алла тағаланың барлық абзал пенделеріне де Алла тағала сәлем етсін! Алладан басқа тәңірдің жоқтығына куәлік етемін, және Мұхаммед саллаллаһу ғалайһи уа салламның Алла тағаланың құлы және елшісі екенінің куәсімін*».

5-бап. Шапалақ соғу әйелдерге тән нәрсе екендігі туралы

295- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ حَدَّثَنَا الزُّهْرِيُّ عَنْ أَبِي سَلَمَةَ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ النَّسِيحُ لِلرِّجَالِ وَالنَّصْفِيُّ لِلنِّسَاءِ

295- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Таспих айту ер адамдарға, ал шапалақ соғу, әйелдерге лайықты әдет!», - деді. (бұл жерде имамды ескертпек үшін шапалақ соғу айтылып тұр).

296- حَدَّثَنَا يَحْيَى أَخْبَرَنَا وَكَيْعٌ عَنْ سُفْيَانَ عَنْ أَبِي حَازِمٍ عَنْ سَهْلِ بْنِ سَعْدٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ النَّسِيحُ لِلرِّجَالِ وَالنَّصْفِيُّ لِلنِّسَاءِ

296- Саһл (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Таспих айтып (имамды) ескерту ер адамдарға, ал алақандарын бір-біріне ұрып дауыс шығарып (имамды) ескерту әйелдерге лайықты әдет», - деді.

6-бап. Намаз оқып жатып арт жаққа шегінген немесе бірер себеппен алдыңғы қатарға өткен адамдар туралы

297- حَدَّثَنَا بِشْرُ بْنُ مُحَمَّدٍ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ قَالَ يُونُسُ قَالَ الزُّهْرِيُّ أَخْبَرَنِي أَنَسُ بْنُ مَالِكٍ أَنَّ الْمُسْلِمِينَ بَيْنَا هُمْ فِي الْفَجْرِ يَوْمَ الْإِثْنَيْنِ وَأَبُو بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ يُصَلِّي بِهِمْ فَفَجَّهَهُمُ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَدْ كَشَفَ سِثْرَ حُجْرَةِ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا فَنَظَرَ إِلَيْهِمْ وَهُمْ صُفُوفٌ فَتَبَسَّمَ يَضْحَكُ فَتَكَّصَّ أَبُو بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَلَى عَقْبِيهِ وَظَنَّ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُرِيدُ أَنْ يَخْرُجَ إِلَى الصَّلَاةِ وَهُمْ الْمُسْلِمُونَ أَنْ يَقْتَتِلُوا فِي صَلَاتِهِمْ فَرَحًا بِالنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حِينَ رَأَوْهُ فَأَشَارَ بِيَدِهِ أَنْ أُتِمُّوا ثُمَّ دَخَلَ الْحُجْرَةَ وَأَرْخَى السِّتْرَ وَتَوَفَّى ذَلِكَ الْيَوْمَ

297- Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Сейсенбі күні мұсылмандар Әбу Бәкір Сыддықтың имамдық етуімен (Расулұланың науқас кезінде) таң намазын оқып жатыр еді. Сол уақытта Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Айша

8-бап. Намаз оқып жатып сәжде қылатын жерді майда ұсақ тастардан тазалап тастау туралы

298- حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ حَدَّثَنَا شَيْبَانُ عَنْ يَحْيَى عَنْ أَبِي سَلَمَةَ قَالَ حَدَّثَنِي مُعَيْقِبُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ فِي الرَّجُلِ يُسَوِّي الثَّرَابَ حَيْثُ يَسْجُدُ قَالَ إِنْ كُنْتَ فَاعِلًا فَوَاحِدَةً

298- Муғаййиқиб (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сәждеге бас қоятын жердегі майда тастарды тазалап алып тастап жатқан кісіге: «Намаздың үстінде тек қана бір рет солай істеуіне болады», - деді.

9-бап. Сәждеге бас қоятын жерге киімді жайып қою туралы

299- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ حَدَّثَنَا بِشْرٌ حَدَّثَنَا غَالِبُ الْقَطَّانُ عَنْ بَكْرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ كُنَّا نُصَلِّي مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي شِدَّةِ الْحَرِّ فَإِذَا لَمْ يَسْتَطِعْ أَحَدُنَا أَنْ يُمَكِّنَ وَجْهَهُ مِنَ الْأَرْضِ بَسَطَ تَوْبَهُ فَسَجَدَ عَلَيْهِ

299- Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге қатты ыстықта намаз оқып жатып, жердің соншалықты қатты қызып кеткендігінен бірде-біріміз сәждеде мандайымызды жерге тигізе алмай қалдық. Сонда киімімізді сәжде қылатын жерге жайып қойып, соның үстіне сәжде қылдық», - деді.

10-бап. Намазда қандай іс-әрекеттерді істеуге болады?

300- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ حَدَّثَنَا مَالِكٌ عَنْ أَبِي النَّضْرِ عَنْ أَبِي سَلَمَةَ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ كُنْتُ أُمُّ رَجُلٍ فِي قِبْلَةِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَهُوَ يُصَلِّي فَإِذَا سَجَدَ غَمَزَنِي فَرَفَعْتَهَا فَإِذَا قَامَ مَدَدْتُهَا

300- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намаз оқып жатқанда қыбла жағында аяғымды созып жататынмын. Сәжде қылатын уақытында аяғымды тартып бүгіп алатынмын. Сәждеден басын көтергенде аяғымды қайтадан созатынмын (қараңғыда)», - деді.

301- حَدَّثَنَا مُحَمَّدٌ حَدَّثَنَا شَبَابَةُ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ زِيَادٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَّهُ صَلَّى صَلَاةً قَالَ إِنَّ

الشَّيْطَانُ عَرَضَ لِي فَشَدَّ عَلَيَّ لِيَقْطَعَ الصَّلَاةَ عَلَيَّ فَأَمَكَّنِي اللَّهُ مِنْهُ فَدَعَعْتُهُ وَلَقَدْ هَمَمْتُ أَنْ أُوثِقَهُ إِلَى سَارِيَةٍ حَتَّى تُصْبِحُوا فَتَنْظُرُوا إِلَيْهِ فَذَكَرْتُ قَوْلَ سُلَيْمَانَ عَلَيْهِ السَّلَامُ رَبِّ هَبْ لِي مُلْكًا لَا يَنْبَغِي لِأَحَدٍ مِنْ بَعْدِي فَرَدَّهُ اللَّهُ خَاسِيًا ثُمَّ قَالَ النَّضْرُ بْنُ شَمَيْلٍ فَدَعَعْتُهُ بِالذَّالِ أَيِ حَنَفَتُهُ وَقَدَعْتُهُ مِنْ قَوْلِ اللَّهِ يَوْمَ يُدْعُونَ أَيِ يُدْفَعُونَ وَالصَّوَابُ فَدَعَعْتُهُ إِلَّا أَنَّهُ كَذَا قَالَ بِتَشْدِيدِ الْعَيْنِ وَالتَّاءِ

301- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намаз оқып болып былай деді: «Намаз оқып жатқанымда шайтан пайда болып, намазымды бұзуға әрекет қылды. Алла тағаланың жәрдемімен оған жол бермедім. Ертеменен сендер көрсін деп, оны ұстап мешіттің тіреуіне байлап қоймақшы болғанымда, Сүлейменнің ғ.с. «Иләһи маған сондай бір нәрсені нәсіп ет, кейін менен басқа ешкімге нәсіп болмасын!»,- деген сөздері есіме түсті. Сонда Алла тағала шайтанның үмітін күл-талқан етіп қуып жіберді»,- деді.

11-бап. Намаз оқып жатқан кісінің түйесі шешіліп босап кетсе ...

قَالَ قَتَادَةُ إِنْ أَخَذَ تَوْبُهُ يَتَّبِعُ السَّارِقَ وَيَدْعُ الصَّلَاةَ

Қатада (р.а.) риуаят етті: «Намаз оқушының киімін ұры алып қашса, намазды доғара тұрып, ұрыны қуады»,- деді.

302- حَدَّثَنَا آدَمُ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ حَدَّثَنَا الْأَزْرَقُ بْنُ قَيْسٍ قَالَ كُنَّا بِالْأَهْوَازِ نُقَاتِلُ الْحَرُورِيَّةَ فَبَيْنَا أَنَا عَلَى جُرْفٍ نَهْرٍ إِذَا رَجُلٌ يُصَلِّي وَإِذَا لِحَامٌ دَابَّتْهُ بِيَدِهِ فَجَعَلَتْ الدَّابَّةُ تُنَازِعُهُ وَجَعَلَ يَتَّبِعُهَا قَالَ شُعْبَةُ هُوَ أَبُو بَرَزَةَ الْأَسْلَمِيُّ فَجَعَلَ رَجُلٌ مِنْ الْخَوَارِجِ يَقُولُ اللَّهُمَّ افْعَلْ بِهَذَا الشَّيْخِ فَلَمَّا انْصَرَفَ الشَّيْخُ قَالَ إِنِّي سَمِعْتُ قَوْلَكُمْ وَإِنِّي غَزَوْتُ مَعَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ سِتَّ غَزَوَاتٍ أَوْ سَبْعَ غَزَوَاتٍ وَتَمَانِيَّ وَشَهِدْتُ تَيْسِيرَهُ وَإِنِّي إِنْ كُنْتُ أَنْ أُرَاجِعَ مَعَ دَابَّتِي أَحَبُّ إِلَيَّ مِنْ أَنْ أَدْعَاهَا تَرْجِعُ إِلَيَّ مَأْلِفَهَا فَيَشْتَقُّ عَلَيَّ

302- Әл-Азрак ибн Қайс (р.а.) риуаят етті: «Аһуаз деген жерде хауарыждармен²⁹ соғысып жатқан едік. Мен көлдің жағасында тұрған

²⁹ Хауарыж-Діннен шығушылар.

болатынмын. Бір кезде қарасам, бір кісінің атының тізгінінен ұстап намаз оқып жатқанын көрдім. Оның аты күшпен сүйреп оны жайнамаздан шетке қарай сүйрей бастады». Аталмыш риуаятты Шуғба (р.а.) былай деп жалғастырады: «Сол намаз оқушы Әбу Барза әл-Асламий болып, оны хауарыждардың бірі: «**Иләһи, бұл шалды пәлеге душар ет!**», - деп теріс дұға қылды. Әбу Барза (р.а.) намазын бітірген соң: «Мен сендердің сөздеріңді естідім. Мен Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге алты (әлде жеті ме сегіз бе) жыл бірге соғысқа қатыстым. Үмбеттеріне намаз турасында бірқанша жеңілдік бергенін көрдім. Атым сүйреп кетіп бара жатсада, намаз оқығаным абзал, өйткені оны босатып жайына жіберсем, жайылып ұзап кететін еді», - деді.

303- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ مِقَاتٍ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ أَخْبَرَنَا يُونُسُ عَنْ الزُّهْرِيِّ عَنْ عُرْوَةَ قَالَ قَالَتْ عَائِشَةُ خَسَفَتِ الشَّمْسُ فَقَامَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَرَأَ سُورَةَ طَوِيلَةً ثُمَّ رَكَعَ فَأَطَالَ ثُمَّ رَفَعَ رَأْسَهُ ثُمَّ اسْتَفْتَحَ بِسُورَةِ أُخْرَى ثُمَّ رَكَعَ حَتَّى قَضَاهَا وَسَجَدَ ثُمَّ فَعَلَ ذَلِكَ فِي الثَّانِيَةِ ثُمَّ قَالَ إِنَّهُمَا آيَاتَانِ مِنْ آيَاتِ اللَّهِ فَإِذَا رَأَيْتُمْ ذَلِكَ فَصَلُّوا حَتَّى يُفْرَجَ عَنْكُمْ لَقَدْ رَأَيْتُ فِي مَقَامِي هَذَا كُلَّ شَيْءٍ وَعِدْتُهُ حَتَّى لَقَدْ رَأَيْتُ أُرِيدُ أَنْ أَخَذُ قِطْعًا مِنَ الْجَنَّةِ حِينَ رَأَيْتُمُونِي جَعَلْتُ أُنْقَدِّمُ وَلَقَدْ رَأَيْتُ جَهَنَّمَ يَحْطِمُ بَعْضُهَا بَعْضًا حِينَ رَأَيْتُمُونِي تَأَخَّرْتُ وَرَأَيْتُ فِيهَا عَمْرَو بْنَ لَحْيٍ وَهُوَ الَّذِي سَيَّبَ السَّوَائِبَ

303- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Күн тұтылды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) орнынан тұрып ұзын сүре оқыды. Содан соң рүкүғ жасады, рүкүғта ұзақ тұрды, кейін рүкүғден басын көтеріп, басқа бір сүрені оқи бастады. Содан соң рүкүғ жасап сәждеге барып, бірінші рәкатты бітірді. Екінші рәкатты да тура солай етіп оқыды. Кейін, бізге қарап: «Күн мен ай Алла тағаланың екі дәлелі. Олар тұтылғанын көрсеңдер, тұтылып болғанша намаз оқыңдар. Мына осы жерде тұрып, маған уәде етілген барлық нәрсені көрдім. Қолымды созып, алдыға көрген уақыттарында мен жәннәттан бір жемісті үзіп алмақшы болған едім, ал артқа қарай шегінгенімде, тозақ отының гүрілдеп жанып жатқанын көрдім. Тозақта Әмр ибн Луханы көрдім, ол (тірі уақытында үй хайуандарын аштықпен қаңтарып қоятын еді)», - деді.

12 – бап. Намазда түкіру және дем шығару туралы

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَمْرٍو نَفَخَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي سُجُودِهِ فِي

كُسُوفٍ

Абдулла ибн Амр: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) күн тұтылғанда намаз оқып жатып, (аузынан күрсініп) дем шығарды», - деді.

304- حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ حَرْبٍ حَدَّثَنَا حَمَّادٌ عَنْ أَيُّوبَ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ

عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَأَى نُخَامَةً فِي قِبْلَةِ

الْمَسْجِدِ فَتَغَيَّظَ عَلَى أَهْلِ الْمَسْجِدِ وَقَالَ إِنَّ اللَّهَ قَبِلَ أَحَدِكُمْ فَإِذَا كَانَ فِي صَلَاتِهِ فَلَا

يَبْزُقَنَّ أَوْ قَالَ لَا يَتَنَحَّمَنَّ ثُمَّ نَزَلَ فَحَتَّهَا بِيَدِهِ وَقَالَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا إِذَا

بَزَقَ أَحَدُكُمْ فَلْيَبْزُقْ عَلَى يَسَارِهِ

304- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мешіттің қыбыла жағындағы қабырғасындағы түкірікті көріп, мешіт жамағатына ренжіген кейіпте: «Намаз оқып жатқандарыңда Алла тағала әр біріңнің алдыларыңда болады, сол үшін қыбылаға қарап түкірмеңдер!», - деді де, мұбарак қолымен бір тасты алып, қабырғадағы түкірікті қырып тастады», - деді. Ибн Омар (р.а.): «Қайсы бірің түкірмекші болсаңдар, сол жағына түкірсін!», - деді.

305- حَدَّثَنَا مُحَمَّدٌ حَدَّثَنَا عُذْرٌ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ قَالَ سَمِعْتُ قَتَادَةَ عَنْ أَنَسِ بْنِ

مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِذَا كَانَ فِي الصَّلَاةِ فَإِنَّهُ

يُنَاجِي رَبَّهُ فَلَا يَبْزُقَنَّ بَيْنَ يَدَيْهِ وَلَا عَنْ يَمِينِهِ وَلَكِنْ عَنْ شِمَالِهِ تَحْتَ قَدَمِهِ الْيُسْرَى

305- Әнас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Намаз оқып жатқан кезде әрбір мұьмин-мұсылман өз Раббыларымен сұхбаттасады. Сол үшін алды (қыбла) жағы мен оң жағына түкірмесін. Сол жағына немесе аяғының астына түкірсін!», - деді.

13-бап. Ер кісі, мүмкін еместігін білместен имамды бір нәрсемен ескерту үшін дауыс шығарып шапалақ ұрса намазы бұзылмайды

Жоғарыда Сәһл ибн Саадтың осыған ұқсас хадисі келтіріліп өткен.

14-бап. Егер намаз оқушыға «Алдыға өт немесе күтіп тұр!»
делінсе, күтіп тұрғаны дұрыс

306- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ كَثِيرٍ أَخْبَرَنَا سُفْيَانُ عَنْ أَبِي حَازِمٍ عَنْ سَهْلِ بْنِ سَعْدٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ كَانَ النَّاسُ يُصَلُّونَ مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَهُمْ عَاقِدُوا أَرْزِهِمْ مِنَ الصَّعْرِ عَلَى رِقَابِهِمْ فَقِيلَ لِلنِّسَاءِ لَا تَرْفَعْنَ رُءُوسَكُمْ حَتَّى يَسْتَوِيَ الرَّجَالُ جُلُوسًا

306- Сәһл ибн Сағд риуаят етті: «Пайғамбарымыз бен бірге намаз оқып жатқан адамдар *изарларының* кішкенеліктерінен мойындарына орап алысатын еді. Сонда әйелдерге: «Ер адамдардың толық отырып алғандарына дейін бастарыңды сәждеден көтермендер!»- деп бұйыратын еді. (Өйткені ер кісілер сәжде еткенде, олардың ұятты жерлері көрініп қалатын еді).

15-бап. Намазда тұрғанда сәлем алынбайды.

307- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ أَبِي شَيْبَةَ حَدَّثَنَا ابْنُ فُضَيْلٍ عَنِ الْأَعْمَشِ عَنْ إِبْرَاهِيمَ عَنِ عَقْمَةَ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ كُنْتُ أَسَلُّ عَلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَهُوَ فِي الصَّلَاةِ فَيَرُدُّ عَلَيَّ فَلَمَّا رَجَعْنَا سَلَّمْتُ عَلَيْهِ فَلَمْ يَرُدَّ عَلَيَّ وَقَالَ إِنَّ فِي الصَّلَاةِ لَشُغْلًا

307- Абдулла ибн Мәсғуд (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) намаз оқып жатқанында да сәлем беретінмін. Менің сәлемімді алатын. Бірақ, бір күні Хабашстаннан қайтып келгенімізде Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) намаз оқып жатқан уақытында сәлем бергенімде сәлемімді алмады. Намаздан кейін: «Намаз оқып жатып басқа нәрселерге көңіл бөлмеу керек», - деді.

308- حَدَّثَنَا أَبُو مَعْمَرٍ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَارِثِ حَدَّثَنَا كَثِيرُ بْنُ شَيْطِيرٍ عَنْ عَطَاءِ بْنِ أَبِي رَبَاحٍ عَنْ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ بَعَثَنِي رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي حَاجَةٍ لَهُ فَأَنْطَلَقْتُ ثُمَّ رَجَعْتُ وَقَدْ قَضَيْتُهَا فَأَتَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَسَلَّمْتُ عَلَيْهِ فَلَمْ يَرُدَّ عَلَيَّ فَوَقَعَ فِي قَلْبِي مَا اللَّهُ أَعْلَمُ بِهِ فَقُلْتُ فِي نَفْسِي لَعَلَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَجَدَ عَلَيَّ أَنِّي أَبْطَأْتُ عَلَيْهِ

ثُمَّ سَلَّمْتُ عَلَيْهِ فَلَمْ يَرُدَّ عَلَيَّ فَوَقَعَ فِي قَلْبِي أَشَدُّ مِنَ الْمَرَّةِ الْأُولَى ثُمَّ سَلَّمْتُ عَلَيْهِ
فَرَدَّ عَلَيَّ فَقَالَ إِنَّمَا مَنَعَنِي أَنْ أَرُدَّ عَلَيْكَ أَنِّي كُنْتُ أَصَلِّي وَكَانَ عَلَيَّ رَاحِلَتِهِ
مُتَوَجِّهًا إِلَى غَيْرِ الْقِبْلَةِ

308- Жабир бин Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мені өзінің бір жұмыстарын тындырып келуге жұмсады.. Мен тапсырманы бітірген соң, қайтып келіп, Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) сәлем бердім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сәлемімді алмады. Бір ғана Аллаға аян. Сонда бір шама көңілім ренжіді. Өзіме өзім: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) менің кешігіп қалғаныма ренжіген екен деп ойладым?»,- дедім. Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) қайта сәлем беріп едім, тағыда алмады, көңілім бұрынғыдан да бетер ренжіді. Кейін және сәлем бердім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бұл жолы сәлемімді алып: «Сәлеміңді алмағаныма намаз себеп болды. Мен намаз оқып жатқан едім»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түйенің үстінде отырып, қыбыладан басқа жаққа қараған бойы намаз оқып жатқан еді.

16-бап. Намаз оқып жатып бірер зәрулі іспен қолды жоғары көтеру тупалы

309- حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْعَزِيزِ عَنْ أَبِي حَازِمٍ عَنْ سَهْلِ بْنِ سَعْدٍ
رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ بَلَغَ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَّ بَنِي عَمْرٍو بَن
عَوْفٍ بِؤْبَاءٍ كَانَ بَيْنَهُمْ شَيْءٌ فَخَرَجَ يُصَلِّحُ بَيْنَهُمْ فِي أَنْاسٍ مِنْ أَصْحَابِهِ فَحُبِسَ
رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَحَانَتْ الصَّلَاةُ فَجَاءَ بِلَالٌ إِلَى أَبِي بَكْرٍ رَضِيَ
اللَّهُ عَنْهُمَا فَقَالَ يَا أَبَا بَكْرٍ إِنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَدْ حُبِسَ وَقَدْ
حَانَتْ الصَّلَاةُ فَهَلْ لَكَ أَنْ تَوُمَّ النَّاسَ قَالَ نَعَمْ إِنَّ شَيْئًا فَأَقَامَ بِلَالٌ الصَّلَاةَ وَتَقَدَّمَ أَبُو
بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فَكَبَّرَ لِلنَّاسِ وَجَاءَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَمْنِي
فِي الصُّفُوفِ يَشْفُوها شَقًّا حَتَّى قَامَ فِي الصَّفِّ فَأَخَذَ النَّاسُ فِي التَّصْفِيحِ قَالَ سَهْلٌ
التَّصْفِيحُ هُوَ التَّصْفِيحُ قَالَ وَكَانَ أَبُو بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ لَا يَلْتَفِتُ فِي صَلَاتِهِ فَلَمَّا
أَكْثَرَ النَّاسُ التَّفَتَ فَإِذَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَشَارَ إِلَيْهِ بِأَمْرِهِ أَنْ
يُصَلِّيَ فَرَفَعَ أَبُو بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ يَدَهُ فَحَمِدَ اللَّهَ ثُمَّ رَجَعَ الْقَهْقَرَى وَرَأَاهُ حَتَّى
قَامَ فِي الصَّفِّ وَتَقَدَّمَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَصَلَّى لِلنَّاسِ فَلَمَّا فَرَغَ

أَقْبَلَ عَلَى النَّاسِ فَقَالَ يَا أَيُّهَا النَّاسُ مَا لَكُمْ حِينَ نَابَكُمْ شَيْءٌ فِي الصَّلَاةِ أَخَذْتُمْ
بِالتَّصْفِيحِ إِنَّمَا التَّصْفِيحُ لِلنِّسَاءِ مَنْ نَابَهُ شَيْءٌ فِي صَلَاتِهِ فَلْيَقُلْ سُبْحَانَ اللَّهِ ثُمَّ
الْتَفَتَ إِلَى أَبِي بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فَقَالَ يَا أَبَا بَكْرٍ مَا مَنَعَكَ أَنْ تُصَلِّيَ لِلنَّاسِ
حِينَ أَشْرَتْ إِلَيْكَ قَالَ أَبُو بَكْرٍ مَا كَانَ يَبْغِي لِابْنِ أَبِي فُحَّافَةَ أَنْ يُصَلِّيَ بَيْنَ يَدَيْ
رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

309- Саһл ибн Сағд (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) құлағына «Бәний Амр ибн Ауф тайпасы Құба мешітінде жанжалдасып қалыпты» деген хабар жетті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қасына бірнеше сақабаларды ертіп оларды татуластырмаққа шықты. Өте созылып кетіп, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сол жерде біраз бөгеліп қалды. Намаз уақыты да болып қалды. Біләл келіп Әбу Бәкір Сыддыққа (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) кешігіңкіреп қалды. Намаз уақыты болды, жамағатқа имамдық етпейсіз бе?»,- деді. Әбу Бәкір (р.а.): «Мейлі, егерде қаласаңыз»,- деді. Кейін, Біләл азан айтты. Ал Әбу Бәкір болса, михрабқа өтіп тәкбір тахрима айтты. Сол уақытта Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) келді де бірінші сапқа тұрды. Адамдар (Әбу Бәкірге Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) келгенін білдірмек үшін) шапалақ ұра бастады. Әбу Бәкір (р.а.) сонда да сезбеді. Адамдардың шапалақты қаттырақ ұрғандарынан кейін ғана айналасына (көз қиығын) тастап Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) байқап қалды. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оған: «Намазды жалғастыра бер» деген мағынада қолымен ишара қылды. Бірақ та Әбу Бәкір қолын көтеріп Алла тағалаға мақтаулар айтты да, артқа қарай шегінді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ол кісінің бірінші сапқа келіп тұрғанын көріп, алдыға өтіп имамдық қылды. Намаздан кейін Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) адамдарға қарап: «Ей, адамдар, сендерге не болды өзі? Тіптен бір нәрсе болғандай намазда шапалақ соқтындар. Шапалақ соғу әйелдердің ісі, намаз уақытында біреуге бір нәрсе болып қалса, (имамға ескерту үшін) «Субханалла» десін!»,- деді. Содан соң, Әбу Бәкірге: «Ей Әбу Бәкір, намазды жалғастыра бер» деп ишара қылғанымда, неге орнында тұра бермедің?»,- деді. Сонда Әбу Бәкір (р.а.): «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына өтіп намаз оқымағым дұрыс емес»,- деп жауап берді.

17-бап. Намазда қолды бүйірге таянып тұру дұрыс емес

310- حَدَّثَنَا أَبُو النُّعْمَانِ حَدَّثَنَا حَمَّادٌ عَنْ أَيُّوبَ عَنْ مُحَمَّدٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ

رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ نُهِيَ عَنِ الْخَصْرِ فِي الصَّلَاةِ وَقَالَ هِشَامٌ وَأَبُو هِلَالٍ عَنْ ابْنِ
سَيْرِينَ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

310- Әбу Хурайра (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намаз оқып жатып, қолымен бүйірін таянудан, (белін) ұстаудан тиған», - деді.

311- حَدَّثَنَا عَمْرُو بْنُ عَلِيٍّ حَدَّثَنَا يَحْيَى حَدَّثَنَا هِشَامٌ حَدَّثَنَا مُحَمَّدٌ عَنْ أَبِي

هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ نَهَى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنْ يُصَلِّيَ الرَّجُلُ

مُخْتَصِرًا

311- Омар ибн Әли (р.а.): «Маған Әбу Хурайра айтқан болатын, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намазда қолын бүйіріне таянып тұруды Мәкрух қылған», - деді.

18-бап. Намаз оқып жатқанда басқа бір нәрселерді ойлау туралы

قَالَ عَمْرُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ إِنِّي لَأَجْهَزُ جَيْشِي وَأَنَا فِي الصَّلَاةِ

Хазреті Омар (р.а.): «Мен намаз оқып жатып әскерлерімді жиһат қылуға дайындаймын», - деген екен.

312- حَدَّثَنَا إِسْحَاقُ بْنُ مَنْصُورٍ حَدَّثَنَا رَوْحٌ حَدَّثَنَا عَمْرُ هُوَ ابْنُ سَعِيدٍ قَالَ

أَخْبَرَنِي ابْنُ أَبِي مُلَيْكَةَ عَنْ عُقْبَةَ بْنِ الْحَارِثِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ صَلَّيْتُ مَعَ

النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الْعَصْرَ فَلَمَّا سَلَّمَ قَامَ سَرِيعًا دَخَلَ عَلَى بَعْضِ نِسَائِهِ ثُمَّ

خَرَجَ وَرَأَى مَا فِي وُجُوهِ الْقَوْمِ مِنْ تَعَجُّبِهِمْ لِسُرْعَتِهِ فَقَالَ ذَكَرْتُ وَأَنَا فِي الصَّلَاةِ

تَبْرًا عِنْدَنَا فَكَّرْهْتُ أَنْ يُمْسِيَ أَوْ يَبِيَّتَ عِنْدَنَا فَأَمَرْتُ بِقِسْمَتِهِ

312- Ғұқба ибн Хафса (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге аср намазын оқыдым. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сәлем берді де, орнынан тезірек тұрып, әйелдерінің бөлмесіне кіріп кетті. Біраздан соң шығып, жамағаттардың таңқалысқан кейіптерін жүздерінен байқап: «Намаз оқып жатқанымда үйімізде ділдә (алтын ақша) барлығы есіме түсіп кетті. Мен оның түні бойы үйде тұрып қалуын қаламай, адамдарға үлестіріп берулерін бұйырдым», - деді.

313- حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ جَعْفَرٍ عَنِ الْأَعْرَجِ قَالَ قَالَ أَبُو

هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا أَدَّنَ بِالصَّلَاةِ

أَدْبَرَ الشَّيْطَانُ لَهُ ضُرَاطٌ حَتَّى لَا يَسْمَعَ التَّأْذِينَ فَإِذَا سَكَتَ الْمُؤَدِّنُ أَقْبَلَ فَإِذَا ثَوَّبَ

أَدْبَرَ فَإِذَا سَكَتَ أَقْبَلَ فَلَا يَزَالُ بِالْمَرْءِ يَقُولُ لَهُ انْكُرْ مَا لَمْ يَكُنْ يَذْكُرُ حَتَّىٰ لَا يَذْرِي
كَمْ صَلَّى قَالَ أَبُو سَلَمَةَ بْنُ عَبْدِ الرَّحْمَنِ إِذَا فَعَلَ أَحَدُكُمْ ذَلِكَ فَلْيَسْجُدْ سَجْدَتَيْنِ وَهُوَ
قَاعِدٌ وَسَمِعَهُ أَبُو سَلَمَةَ مِنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ

313- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Намазға азан айтылса, шайтан азанның дауысы естілмейтін жерге дейін артынан жел шығарып қашады. Азаншы тоқтаса, қайтадан келіп, намаз оқушыға «Ананы ойла, мынаны ойла»,- деп, оны неше рәкат оқығанын ұмыттырып есінен шығарғанша шатастырады»,- деді.

Әбу Сәлама ибн Абдуррахман: «Қайсы біреулерің намазда сол жағдайға душар болса, *ташаһудқа* (ат-тахийатқа) отырғаннан кейін тағыда екі рет сәжде қылсын!»,- деді. Бұл сөзді ол кісі Әбу Хурайрадан естіпті.

314- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ الْمُثَنَّى حَدَّثَنَا عُمَانُ بْنُ عُمَرَ قَالَ أَخْبَرَنِي ابْنُ أَبِي
ذَيْبٍ عَنْ سَعِيدِ الْمَقْبُرِيِّ قَالَ قَالَ أَبُو هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ يَقُولُ النَّاسُ أَكْثَرَ أَبُو
هُرَيْرَةَ فَلَقِيتُ رَجُلًا فَقُلْتُ بِمَا قَرَأَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الْبَارِحَةَ فِي
الْعَتَمَةِ فَقَالَ لَا أَذْرِي فَقُلْتُ لَمْ تَشْهَدْهَا قَالَ بَلَى قُلْتُ لَكِنْ أَنَا أَذْرِي قَرَأَ سُورَةَ كَذَا
وَكَذَا

314- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Адамдар: «Әбу Хурайра Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) туралы өте көп хадис риуаят етеді!»,- деседі. Мен бір кісіні жолықтырып, оған: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) кеше түнде қайсы сүрені оқыды?»,- деп сұрадым. Ол: «Білмеймін»,- деді. Сонда мен оған: «Онда, намазда болмапсың да?!»,- дедім. Әлгі кісі: «Неге қатынастым»,- деді. Сонда мен: «Пәлен және пәлен сүрелерді оқығанын мен білемін-ғой!»,- дедім. (демек, Әбу Хурайра (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннеттерін еске сақтап қалу үшін барша ынта зейінімен құлақ салған)».

19-бап. Сәһу сәждесі туралы

315- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكُ بْنُ أَنَسٍ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ
عَبْدِ الرَّحْمَنِ الْأَعْرَجِ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ ابْنِ بُحَيْنَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّهُ قَالَ صَلَّى لَنَا
رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَكَعَتَيْنِ مِنْ بَعْضِ الصَّلَوَاتِ ثُمَّ قَامَ فَلَمْ يَجْلِسْ

فَقَامَ النَّاسُ مَعَهُ فَلَمَّا قَضَى صَلَاتَهُ وَنَظَرْنَا تَسْلِيمَهُ كَبَّرَ قَبْلَ التَّسْلِيمِ فَسَجَدَ سَجْدَتَيْنِ وَهُوَ جَالِسٌ ثُمَّ سَلَّمَ

315- Абдулла ибн Бухайна (р.а.) риуаят етті: «Бес уақыт намаздың бірінде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бізге имамдық етті. Сонда екінші рәкаттан кейін, отырмастан орнынан тұрып кетті. Артынан адамдар да қоса тұрды. Намазды бітіріп, сәлем беруін күттік. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сәлем берердің алдынан отырған бойы тәкбір айтып екі рет сәжде қылды да, содан кейін сәлем берді», - деді.

316- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ يَحْيَى بْنِ سَعِيدٍ عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ الْأَعْرَجِ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ ابْنِ بُحَيْنَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّهُ قَالَ إِنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَامَ مِنْ اثْنَتَيْنِ مِنَ الظُّهْرِ لَمْ يَجْلِسْ بَيْنَهُمَا فَلَمَّا قَضَى صَلَاتَهُ سَجَدَ سَجْدَتَيْنِ ثُمَّ سَلَّمَ بَعْدَ ذَلِكَ

316- Абдулла ибн Бухайна (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бесін намазының екінші рәкатынан кейін отырмастан тұрып кетті. Содан соң намазды бітірген соң, екі рет сәжде қылып, кейін сәлем берді», - деді.

20-бап. Егерде намаз оқушы төрт рәкат намазды бес рәкат қылып оқып қойса...

317- حَدَّثَنَا أَبُو الْوَلِيدِ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ الْحَكَمِ عَنْ إِبْرَاهِيمَ عَنْ عَلْقَمَةَ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَلَّى الظُّهْرَ خَمْسًا فَقِيلَ لَهُ أَزِيدَ فِي الصَّلَاةِ فَقَالَ وَمَا ذَاكَ قَالَ صَلَّيْتُ خَمْسًا فَسَجَدَ سَجْدَتَيْنِ بَعْدَ مَا سَلَّمَ

317- Абдулла ибн Масғуд (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бесін намазды бес рәкат қылып оқып жіберді. Сәлемнен соң, Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): «Намаздың рәкаты көбейтілді ме?», - деп сұрасты. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Неге бұлай дейсіңдер?», - деді. «Бес рәкат оқыдыңыз», - десті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сәһу сәждесі үшін және екі рет сәжде қылды», - деді.

21-бап. Намаз оқушы екі немесе үшінші рәкатта сәлем беріп қойса, әдеттегі сәжде сияқты немесе одан да ұзағырақ екі рет сәжде қылады

318- حَدَّثَنَا آدَمُ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ سَعْدِ بْنِ إِبْرَاهِيمَ عَنْ أَبِي سَلَمَةَ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ صَلَّى بِنَا النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الظُّهْرَ أَوْ الْعَصْرَ فَسَلَّمَ فَقَالَ لَهُ دُو الْيَدَيْنِ الصَّلَاةُ يَا رَسُولَ اللَّهِ أَنْقَصَتْ فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لِأَصْحَابِهِ أَحَقُّ مَا يَقُولُ قَالُوا نَعَمْ فَصَلَّى رَكَعَتَيْنِ أُخْرَيْنِ ثُمَّ سَجَدَ سَجْدَتَيْنِ قَالَ سَعْدٌ وَرَأَيْتُ عُرْوَةَ بِنَ الزُّبَيْرِ صَلَّى مِنَ الْمَغْرِبِ رَكَعَتَيْنِ فَسَلَّمَ وَتَكَلَّمَ ثُمَّ صَلَّى مَا بَقِيَ وَسَجَدَ سَجْدَتَيْنِ وَقَالَ هَكَذَا فَعَلَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

318- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бізге имамдық қылып, бесін, әлде аср намазын оқыды. Екінші рәкатқа келгенде сәлем берді. Сонда Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) Зүлядайн деген кісі: «Я Расулұлла, намаз қысқарды ма?»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сахабаларға қарап: «Зүлядайн рас айтып тұр ма?»,- деді. Сахабалар: «Иә»,- деп жауап берісті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сәһу сәждесі үшін және екі рәкат намаз оқып, соңынан екі рет сәжде қылды»,- деді.

Сағд (р.а.) риуаят етті: «Ғұруа ибн Зүбайр (р.а.) бізге имам болып шам намазын оқығанда екінші рәкаттан кейін сәлем берді. Содан соң (бізбен) бір-аз сөйлескеннен соң, намаздың қалғанын оқып, сәһу сәжде қылды да: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) осылай қылған болатын»,- деді.

22-бап. Сәһу сәждесін қылғаннан соң «Ат-таһиййат» ты оқымай сәлем берген кісі туралы

أَنْسُ وَالْحَسَنُ وَلَمْ يَنْتَهَدَا وَقَالَ قَتَادَةُ لَا يَنْتَهَدُ

Әнас (р.а.) пен Хасан Басрий сәһу сәждесінен кейін «Ат-Таһиййат» ты оқымады»,- деді.

319- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكُ بْنُ أَنَسٍ عَنْ أَيُّوبَ بْنِ أَبِي تَمِيمَةَ السَّخْتِيَانِيِّ عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ سِيرِينَ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ انْصَرَفَ مِنْ اثْنَتَيْنِ فَقَالَ لَهُ دُو الْيَدَيْنِ أَقْصَرْتَ الصَّلَاةَ

أَمْ نَسِيْتَ يَا رَسُولَ اللَّهِ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَصَدَقَ ذُو الْيَدَيْنِ
فَقَالَ النَّاسُ نَعَمْ فَقَامَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَصَلَّى اثْنَتَيْنِ أُخْرَيْنِ ثُمَّ
سَلَّمَ ثُمَّ كَبَّرَ فَسَجَدَ مِثْلَ سُجُودِهِ أَوْ أَطْوَلَ ثُمَّ رَفَعَ

319- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намазды екі рәкат намаз оқып бітірді. Сонда ол кісіге Зүлядайн: «Я Расулулла, намаз қысқарды ма әлде есіңізден шықты ма?»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Зүлядайн рас айтып тұр ма?»,- деді. Адамдар: «Иә»,- десті. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тағыда екі рәкат намаз оқып, сәлем берді, содан соң тәкбір айтып, әдеттегідеә немесе оданда ұзағырақ сәжде етті. Кейін сәждеден басын көтеріп («Ат-Таһиййат» ты оқымай) сәлем берді де, орнынан тұрды»,- деді.

320- حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ حَرْبٍ حَدَّثَنَا حَمَّادٌ عَنْ سَلْمَةَ بِنِ عَلْقَمَةَ قَالَتْ قُلْتُ
لِمَحَمَّدٍ فِي سَجْدَتِي السَّهُوُ تَشَهُدُ قَالَ لَيْسَ فِي حَدِيثِ أَبِي هُرَيْرَةَ

320- Сәлама ибн Алқама (р.а.) риуаят етті: «Мұхаммед ибн Сиринен: «Сәһу сәждесінен соң «Ат-Таһиййат» ты оқиды ма?»,- деп сұрадым. Ол: «Әбу Хурайраның риуаят еткен хадисінде жоқ-қой!»,- деді.

23-бап. Намазда жаңылысқан кісі әр екі сәһу сәждесінде тәкбір айтады

321- حَدَّثَنَا حَفْصُ بْنُ عُمَرَ حَدَّثَنَا يَزِيدُ بْنُ إِبْرَاهِيمَ عَنْ مُحَمَّدٍ عَنْ أَبِي
هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ صَلَّى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِحْدَى صَلَاتِي
الْعَشِيِّ قَالَ مُحَمَّدٌ وَأَكْثَرُ ظَنِّي الْعَصْرَ رَكَعَتَيْنِ ثُمَّ سَلَّمَ ثُمَّ قَامَ إِلَى خَشْبَةِ فِي مُقَدِّمِ
الْمَسْجِدِ فَوَضَعَ يَدَهُ عَلَيْهَا وَفِيهِمْ أَبُو بَكْرٍ وَعُمَرُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا فَهَابَا أَنْ يُكَلِّمَاهُ
وَخَرَجَ سَرْعَانَ النَّاسِ فَقَالُوا أَقْصَرْتَ الصَّلَاةَ وَرَجُلٌ يَدْعُوهُ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ
وَسَلَّمَ ذُو الْيَدَيْنِ فَقَالَ أَنْسَيْتَ أَمْ قَصُرْتَ فَقَالَ لَمْ أَنْسَ وَلَمْ تُقْصِرْ قَالَ بَلَى قَدْ نَسَيْتَ
فَصَلَّى رَكَعَتَيْنِ ثُمَّ سَلَّمَ ثُمَّ كَبَّرَ فَسَجَدَ مِثْلَ سُجُودِهِ أَوْ أَطْوَلَ ثُمَّ رَفَعَ رَأْسَهُ فَكَبَّرَ ثُمَّ
وَضَعَ رَأْسَهُ فَكَبَّرَ فَسَجَدَ مِثْلَ سُجُودِهِ أَوْ أَطْوَلَ ثُمَّ رَفَعَ رَأْسَهُ وَكَبَّرَ

321- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бесін әлде, аср намазында (Мұхаммед ибн Сири: «Аср намазында болса керек,

деп ойлаймын»,- дейді) екі рәкат оқып, сәлем берді. Кейін орнынан тұрды да, мешіттің кіре берісіндегі ағашқа барып сүйенді. Жамағаттың арасында Әбу Бәкір мен Омарда (р.а.) бар болатын. Бірақ бұл туралы Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) айтуға батпады. Адамдар бір-біріне «Намаз қысқарды ма, намаз қысқарды ма?»,- десіп, мешіттен асығыс шыға бастады. Олардың арасында бір кісі бар еді, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оны «Зүлядайн» деп атайтын. Сол кісі: «Я Расулулла, есіңізден шығардыңыз ба, әлде намаз қысқарды ма?»,- деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Есімнен де шығарғаным жоқ, намаз қысқарған да жоқ»,- деді. Зүлядайн: «Жоқ сіз есіңізден шығардыңыз яғни, жаңылыстыңыз»,- деді. Содан кейін, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) екі рәкат намаз оқып, сәлем берді. Содан соң тәкбір айтып, әдеттегідей әлде одан да ұзағырақ сәжде етті. Содан соң басын көтеріп тәкбір айтты. Сәждеге басын қойып жатып, әдеттегідей әлде одан да ұзағырақ тәкбір айтты»,- деді.

322- حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ بْنُ سَعِيدٍ حَدَّثَنَا لَيْثٌ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنِ الْأَعْرَجِ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ ابْنِ بُحَيْنَةَ الْأَسَدِيِّ حَلِيفِ بْنِ عَبْدِ الْمُطَّلِبِ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَامَ فِي صَلَاةِ الظُّهْرِ وَعَلَيْهِ جُلُوسٌ فَلَمَّا أَمَّ صَلَاتَهُ سَجَدَ سَجْدَتَيْنِ فَكَبَّرَ فِي كُلِّ سَجْدَةٍ وَهُوَ جَالِسٌ قَبْلَ أَنْ يُسَلَّمَ وَسَجَدَهُمَا النَّاسُ مَعَهُ مَكَانَ مَا نَسِيَ مِنْ الْجُلُوسِ تَابِعَهُ ابْنُ جُرَيْجٍ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ فِي التَّكْبِيرِ

322- Абдулла ибн Бухайна (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бесін намазында қиямда тұрған еді. Тек қана соңғы отырыс қалған болатын. Намазды бітіргеннен соң, сәлем бермей тұрып, екі рет сәһу сәжде қылды. Әрбір сәждеден соң, отырған бойы тәкбір айтты. Адамдарда Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге сәһу істелген соңғы отырыста сәжде қылысты»,- деді.

24-бап. Үш немесе төрт рәкат оқығанын ұмытып жаңылыса сәһу сәждесін қылады

323- حَدَّثَنَا مُعَاذُ بْنُ فَضَالَةَ حَدَّثَنَا هِشَامُ بْنُ أَبِي عَبْدِ اللَّهِ الدَّسْتَوَائِيُّ عَنْ يَحْيَى بْنِ أَبِي كَثِيرٍ عَنْ أَبِي سَلَمَةَ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا نُودِيَ بِالصَّلَاةِ أَدْبَرَ الشَّيْطَانُ وَلَهُ ضُرَاطٌ حَتَّى لَا يَسْمَعَ الْأَذَانَ فَإِذَا قُضِيَ الْأَذَانُ أَقْبَلَ فَإِذَا ثُوبَ بِهَا أَدْبَرَ فَإِذَا قُضِيَ التَّوْبِيبُ أَقْبَلَ حَتَّى يَخْطُرَ بَيْنَ الْمَرْءِ وَنَفْسِهِ يَقُولُ ادْكُرْ كَذَا وَكَذَا مَا لَمْ يَكُنْ يَدْكُرُ حَتَّى يَظَلَّ

الرَّجُلُ إِنْ يَذْرِي كَمْ صَلَّى فَإِذَا لَمْ يَذْرُ أَحَدُكُمْ كَمْ صَلَّى ثَلَاثًا أَوْ أَرْبَعًا فَلْيَسْجُدْ
سَجْدَتَيْنِ وَهُوَ جَالِسٌ

323- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Намазға азан айтылса, шайтан азанның дауысы естілмейтін жерге дейін артынан жел шығарып қашады. Азан айтылып болса, қайтып келеді. Намазға тәкбір айтылса, тағы да қашады. Тәкбір айтылып біткен соң намаз оқушыны азғыру үшін тағы да қайтып келеді: «Ананы ойла, мынаны ойла»,- деп есіне түспеген нәрселерді ойлатады. Ақырында намаз оқушы неше рәкат оқығанын білмей жаңылысып қалады. Егерде біреулерің осындай жағдайға душар болсаңдар, отырған бойы сәһу сәждесін қылыңдар!»,- деді.

25-бап. Парыз бен нәпіл намаздарда сәһу сәждесін қылу туралы

ابْنُ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا سَجَدَتَيْنِ بَعْدَ وَثْرِهِ

Ибн Аббас (р.а.) үтір намазынан кейін сәһу сәждесін қылды.

324- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ أَبِي سَلَمَةَ
بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ
وَسَلَّمَ قَالَ إِنْ أَحَدُكُمْ إِذَا قَامَ يُصَلِّي جَاءَ الشَّيْطَانُ فَلَبَسَ عَلَيْهِ حَتَّى لَا يَذْرِي كَمْ
صَلَّى فَإِذَا وَجَدَ ذَلِكَ أَحَدُكُمْ فَلْيَسْجُدْ سَجْدَتَيْنِ وَهُوَ جَالِسٌ

324- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Біреулерің (нәпіл немесе парыз) намазды оқып жатқан болса, шайтан келіп, оның ойын бұза бастайды. Тіпті неше рәкат оқығанын білмей қалады. Егерде сондай жағдайға тап болсаңдар, отырған бойы сәһу үшін екі рет сәжде қылыңдар!»,- деді.

26-бап. Біреу намаз оқып жатқан кісіге сөйлесе, ол: «Тұра тұр!»,- деп ишара қылғанда құлақ салып, өз жөніне тұрса

325- حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ سُلَيْمَانَ قَالَ حَدَّثَنِي ابْنُ وَهْبٍ قَالَ أَخْبَرَنِي عَمْرُو
عَنْ بُكَيْرٍ عَنْ كُرَيْبٍ أَنَّ ابْنَ عَبَّاسٍ وَالْمِسْوَرَ بْنَ مَخْرَمَةَ وَعَبْدَ الرَّحْمَنِ بْنَ أَزْهَرَ
رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ أُرْسِلُوهُ إِلَى عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا فَقَالُوا اقْرَأْ عَلَيْهَا السَّلَامَ مِنَّا
جَمِيعًا وَسَلِّمْ عَنْ الرَّكْعَتَيْنِ بَعْدَ صَلَاةِ الْعَصْرِ وَقُلْ لَهَا إِنَّا أَخْبَرْنَا عَنْكَ أَنَّكَ

تُصَلِّيَنَّهُمَا وَقَدْ بَلَّغْنَا أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ نَهَى عَنْهَا وَقَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ
وَكُنْتُ أَضْرِبُ النَّاسَ مَعَ عُمَرَ بْنِ الْخَطَّابِ عَنْهَا فَقَالَ كُرَيْبٌ فَدَخَلْتُ عَلَى عَائِشَةَ
رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا فَبَلَّغْتُهَا مَا أُرْسَلُونِي فَقَالَتْ سَلْ أُمَّ سَلَمَةَ فَخَرَجْتُ إِلَيْهِمْ فَأَخْبَرْتُهُمْ
بِقَوْلِهَا فَرَدُّونِي إِلَى أُمَّ سَلَمَةَ يَمِثِلُ مَا أُرْسَلُونِي بِهِ إِلَى عَائِشَةَ فَقَالَتْ أُمَّ سَلَمَةَ
رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا سَمِعْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَنْهَى عَنْهَا ثُمَّ رَأَيْتُهُ يُصَلِّيَهُمَا
حِينَ صَلَّى الْعَصْرَ ثُمَّ دَخَلَ عَلَيَّ وَعِنْدِي نِسْوَةٌ مِنْ بَنِي حَرَامٍ مِنَ الْأَنْصَارِ
فَأرْسَلْتُ إِلَيْهِ الْجَارِيَةَ فَقُلْتُ فُومِي بَجَنِبِهِ فَقُولِي لَهُ نَقُولُ لَكَ أُمَّ سَلَمَةَ يَا رَسُولَ اللَّهِ
سَمِعْتُكَ تَنْهَى عَنْ هَاتَيْنِ وَأَرَاكَ تُصَلِّيَهُمَا فَإِنْ أَشَارَ بِيَدِهِ فَاسْتَأْخِرِي عَنْهُ فَقَعَلْتُ
الْجَارِيَةَ فَأَشَارَ بِيَدِهِ فَاسْتَأْخَرْتُ عَنْهُ فَلَمَّا انْصَرَفَ قَالَ يَا بِنْتُ أَبِي أُمَيَّةَ سَأَلْتِ عَن
الرَّكْعَتَيْنِ بَعْدَ الْعَصْرِ وَإِنَّهُ أَتَانِي نَاسٌ مِنْ عَبْدِ الْقَيْسِ فَشَغَلُونِي عَنِ الرَّكْعَتَيْنِ
اللَّتَيْنِ بَعْدَ الظُّهْرِ فَهَمَا هَاتَانِ

325- Яхя ибн Сүлеймен (р.а.) риуаят етті: «Ибн Аббас, Мисуар ибн Махрама және Абдуррахман ибн Азхарлар Курайбқа Айша анамыздың алдына барып, бірінші бәрімізден сәлем айтуды, кейіннен аср намазынан соң оқылатын екі рәкат намаз туралы сұрап келуді тапсырысты. Кейін: «Біз сіздің аср намазынан кейін екі рәкат намаз оқитыныңыздан хабардармыз. Бірақ Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) асрдан кейін намаз оқудан тыйған деп те естідік. Ибн Аббас: «Атам Омар ибн Хаттаб (р.а.) асрдан кейін намаз оқыған адамдарды ұратын еді», - дейді. Ал сіз бұл туралы не дейсіз? деп айт!», - десіпті. Курайб (р.а.) айтады: «Айша анамыздың (р.а.) алдына барып, маған айт деген сөздерін айтып едім, сонда Айша анамыз: «Үмму Сәламадан сұра!»,- деді. Мен Үмму Сәлама анамызға барлық сөзді айтып едім, ол кісі былай деді: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) аср намазынан соң намаз оқудан тыйғанын естідім-ғой, бірақ өзінің аср намаздан соң менің бөлмеме кіріп екі рәкат намаз оқығанын көргенмін Сол кезде ансарий тайпасының біріне жататын Бәний Харам тайпасына қарасты бір топ әйелдер менікінде отырған еді. Сонда мен күңіме (қызметші): «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына барып; «Я Расулулла, сізді асрдан соң намаз оқудан тыйған деп естіп едік, ал өзіңіз оқып жатырсыз!»,- деп сұра дедім, егерде қолымен «Тұра тұр! , - деп ишара қылса, былай қарай тұра тұр», - дедім. Қызметші күңім солай қылды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қолымен ишара қылды, қызметші күң тұра тұрды. Намаздан кейін, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ей Әбу Үмаййаның қызы, асрдан кейін оқылатын екі рәкат намаз туралы сұрадың. Мен саған бір сөз айтайын. Абд ул-Қайс

тайпасынан алдыма адамдар келген еді. Солармен айналып қалып, бесіннің екі рәкатын оқи алмай қалған едім. Қазір сол қаза болған екі рәкат намазды оқыдым», - деді.

27-бап. Намазда ишара белгі қылу туралы

326- حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ بْنُ سَعِيدٍ حَدَّثَنَا يَعْقُوبُ بْنُ عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَنْ أَبِي حَازِمٍ عَنْ سَهْلِ بْنِ سَعْدٍ السَّاعِدِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بَلَغَهُ أَنَّ بَنِي عَمْرٍو بْنِ عَوْفٍ كَانَ بَيْنَهُمْ شَيْءٌ فَخَرَجَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّحُ بَيْنَهُمْ فِي أَنْاسٍ مَعَهُ فَحُبِسَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَحَانَتْ الصَّلَاةُ فَجَاءَ بِلَالٌ إِلَى أَبِي بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فَقَالَ يَا أَبَا بَكْرٍ إِنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَدْ حُبِسَ وَقَدْ حَانَتْ الصَّلَاةُ فَهَلْ لَكَ أَنْ تُؤَمَّ النَّاسَ قَالَ نَعَمْ إِنْ شِئْتَ فَأَقَامَ بِلَالٌ وَتَقَدَّمَ أَبُو بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فَكَبَّرَ لِلنَّاسِ وَجَاءَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَمْشِي فِي الصُّفُوفِ حَتَّى قَامَ فِي الصَّفِّ فَأَخَذَ النَّاسُ فِي التَّصْفِيقِ وَكَانَ أَبُو بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ لَا يَلْتَفِتُ فِي صَلَاتِهِ فَلَمَّا أَكْثَرَ النَّاسُ التَّفَتَّ فَإِذَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَشَارَ إِلَيْهِ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَأْمُرُهُ أَنْ يُصَلِّيَ فَرَفَعَ أَبُو بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ يَدَيْهِ فَحَمِدَ اللَّهَ وَرَجَعَ الْقَهْقَرَى وَرَأَاهُ حَتَّى قَامَ فِي الصَّفِّ فَتَقَدَّمَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَصَلَّى لِلنَّاسِ فَلَمَّا فَرَغَ أَقْبَلَ عَلَى النَّاسِ فَقَالَ يَا أَيُّهَا النَّاسُ مَا لَكُمْ حِينَ نَابَكُمْ شَيْءٌ فِي الصَّلَاةِ أَخَذْتُمْ فِي التَّصْفِيقِ إِنَّمَا التَّصْفِيقُ لِلنِّسَاءِ مَنْ نَابَهُ شَيْءٌ فِي صَلَاتِهِ فَلْيُفَلِّ سُبْحَانَ اللَّهِ فَإِنَّهُ لَا يَسْمَعُهُ أَحَدٌ حِينَ يَقُولُ سُبْحَانَ اللَّهِ إِلَّا التَّفَتَّ يَا أَبَا بَكْرٍ مَا مَنَعَكَ أَنْ تُصَلِّيَ لِلنَّاسِ حِينَ أَشْرَتْ إِلَيْكَ فَقَالَ أَبُو بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ مَا كَانَ يَنْبَغِي لِابْنِ أَبِي قُحَافَةَ أَنْ يُصَلِّيَ بَيْنَ يَدَيْ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

326- Саһл ибн Сағд (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) «Бәний Амр тайпасында болған жанжалдан хабардар қылысты. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оларды татуластырып қою үшін барып, біраз кешігіп қалды. Намаз уақыты болды. Біләл Әбу Бәкір Сыддыққа (р.а.): «Ей Әбу Бәкір, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) кешігіңкіреп қалды. Намаз уақыты

болды, жамағатқа имамдық етпейсіз бе?»,- деді. Әбу Бәкір (р.а.): «Мейлі, егерде қаласаңыз»,- деді. Кейін, Біләл азан айтты. Ал Әбу Бәкір болса, тәкбір тахрима айтып, имамдық қылды. Сол уақытта Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) саптарды аралап, бірінші сапқа келіп тұрды. Адамдар (Әбу Бәкірге Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) келгенін білдірмек үшін) шапалақ ұра бастады. Әбу Бәкір (р.а.) сонда да сезбеді. Адамдардың шапалақты қаттырақ ұрғандарынан кейін ғана айналасына (көз қиығын) тастап Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) көрді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оған: «Намазды жалғастыра бер» деген мағынада қолымен ишара қылды. Бірақ та Әбу Бәкір қолын көтеріп Алла тағалаға мақтаулар айтты да, артқа қарай шегініп бірінші сапқа келіп тұрды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) алға өтіп имамдықты ары қарай жалғастырды. Намаздан кейін Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) адамдарға қарап: «Ей, адамдар, сендерге не болды өзі? Тіпті бір нәрсе болғандай намазда шапалақ соқтыңдар. Шапалақ соғу әйелдердің ісі, кімде-кім намаз уақытында бір нәрсе болғанын сезсе «Субханалла» десін! «Субханалла» дегенде көпшіліктің назарын аудармайды. Имам өзі ғана түсініп, қарайды»,- деді. Содан соң, Әбу Бәкірге: «Ей Әбу Бәкір, намазды жалғастыра бер» деп ишара қылғанымда, неге тыңдамадың?»,- деді. Сонда Әбу Бәкір (р.а.): «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына өтіп намаз оқуды Әбу Бәкір дұрыс көрмейді»,- деп жауап берді.

327- حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ سُلَيْمَانَ قَالَ حَدَّثَنِي ابْنُ وَهْبٍ حَدَّثَنَا الثَّوْرِيُّ عَنْ

هِشَامٍ عَنْ فَاطِمَةَ عَنْ أَسْمَاءَ قَالَتْ دَخَلْتُ عَلَى عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا وَهِيَ تُصَلِّي قَائِمَةً وَالنَّاسُ قِيَامًا فَقُلْتُ مَا شَأْنُ النَّاسِ فَأَشَارَتْ بِرَأْسِهَا إِلَى السَّمَاءِ فَقُلْتُ آيَةٌ فَقَالَتْ بِرَأْسِهَا أَيْ نَعَمْ

327- Асма бинти Әбу Бәкір (р.а.) риуаят етті: «Мен Айшаның (р.а.) алдына кірсем, олар да, адамдар да қиямда тұрып намаз оқып жатыр екен. Мен: «Адамдарға не болды?»,- дедім. Олар бастарын қозғап аспанға ишара қылды. Мен: «Немене, бұл қияметтің белгісі ме?»,- дедім. Олар: «Иә»,- деген мағынада бастарын изеп қойды»,- деді.

328- حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ بْنُ أَبِي أُوَيْسٍ قَالَ حَدَّثَنِي مَالِكٌ عَنْ هِشَامٍ عَنْ أَبِيهِ

عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا زَوْجَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَّهَا قَالَتْ صَلَّى رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي بَيْتِهِ وَهُوَ شَاكٍ جَالِسًا وَصَلَّى وَرَاءَهُ قَوْمٌ قِيَامًا فَأَشَارَ إِلَيْهِمْ أَنْ اجْلِسُوا فَلَمَّا انْصَرَفَ قَالَ إِنَّمَا جُعِلَ الْإِمَامُ لِيُؤْتَمَّ بِهِ فَإِذَا رَكَعَ فَارْكَعُوا وَإِذَا رَفَعَ فَارْفَعُوا

328- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) науқастанып қалғанында үйде отырған бойы намаз оқып жатқан еді. Ал адамдар ол кісіге тік тұрған бойлары ұйып намаз оқып жатқан болатын. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оларға «Отырып оқындар!» деп ишара қылды. Намаз біткеннен соң адамдарға қарап: «Имам ұю үшін имам етілген. Ол рүкүф қылса, рүкүф қылыңдар, рүкүфтан бас көтерсе, сендерде бас көтеріңдер!»,- деді.

БИСМИЛЛӘҺИР РАХМАНИР РАХИМ

ЖАНАЗА КІТАБЫ

1-бап. Жаназа және кімнің соңғы айтқан сөзі «Лә иләһа иллалла» болса, осылар (яғни, мәйіттер) туралы баптар

Уаһб ибн Мұнаббахқа: «Лә иләһа иллалла» жәннаттың кілті емес пе?»,- десті. Уаһб: «Иә солай, бірақ тісі жоқ кілт кілт емес. Кілтінің тісі болса ғана саған жәннаттың есігі ашылады. Ал кілтінің тісі болмаса, онда жәннаттың есігі саған ашылмайды»,- деді.

329- حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ حَدَّثَنَا مَهْدِيُّ بْنُ مَيْمُونٍ حَدَّثَنَا وَاصِلُ

الْأَحْدَبُ عَنِ الْمَعْرُورِ بْنِ سُوَيْدٍ عَنْ أَبِي دُرٍّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَتَانِي آتٍ مِنْ رَبِّي فَأَخْبَرَنِي أَوْ قَالَ بَشَّرَنِي أَنَّهُ مَنْ مَاتَ مِنْ أُمَّتِي لَا يُشْرِكُ بِاللَّهِ شَيْئًا دَخَلَ الْجَنَّةَ فُلْتُ وَإِنْ زَنَى وَإِنْ سَرَقَ قَالَ وَإِنْ زَنَى وَإِنْ سَرَقَ

329- Әбу Зарр (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Раббымның алдынан менің алдыма бір кісі (Жебірейл ғ.с.) келіп, жақсы хабар айтты. Менің үмбетімнен болған адам Алла тағалаға серік қоспай жан тәсілім етсе, жәннатқа кіреді»,- деді. Мен: «Зина мен ұрлық қылса да ма?»,- деп сұрадым. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Зина қылса да, ұрлық қылса да»,- деді.

330- حَدَّثَنَا عُمَرُ بْنُ حَفْصٍ حَدَّثَنَا أَبِي حَدَّثَنَا الْأَعْمَشُ حَدَّثَنَا شَقِيقٌ عَنْ عَبْدِ

اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَنْ مَاتَ يُشْرِكُ بِاللَّهِ شَيْئًا دَخَلَ النَّارَ وَقُلْتُ أَنَا مَنْ مَاتَ لَا يُشْرِكُ بِاللَّهِ شَيْئًا دَخَلَ الْجَنَّةَ

330- Абдулла ибн Малуд (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім Алла тағалаға серік қосып өлсе, ол тозаққа кіреді»,- деді. Мен: «Ал кімде-кім серік қоспай өлсе, жәннатқа кіреді»,- дедім.

2-бап. Жаназаға қатысу туралы берілген бұйрық туралы

331- حَدَّثَنَا أَبُو الْوَلِيدِ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنِ الْأَسْنَعِثِ قَالَ سَمِعْتُ مُعَاوِيَةَ بْنَ سُؤَيْدِ بْنِ مِقْرَانَ عَنِ الْبَرَاءِ بْنِ عَازِبٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ أَمَرَنَا النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِسَبْعٍ وَتَهَانَا عَنْ سَبْعٍ أَمَرَنَا بِاتِّبَاعِ الْجَنَائِزِ وَعِيَادَةِ الْمَرِيضِ وَإِجَابَةِ الدَّاعِي وَنَصْرِ الْمَظْلُومِ وَإِزْرَارِ الْقَسَمِ وَرَدِّ السَّلَامِ وَتَشْمِيَةِ الْعَاطِسِ وَتَهَانَا عَنْ أَنْيَةِ الْفِضَّةِ وَخَاتَمِ الذَّهَبِ وَالْحَرِيرِ وَالذَّبْيَاجِ وَالْقَسِيِّ وَالْإِسْتَبْرَقِ

331- Барра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жеті нәрсеге әдет қылып, жеті нәрседен тиылуды бұйырды. Мыналарды әдет қылыңдар!»,- деді:

1. Жаназаға қатынасуды;
2. Науқастың көңілін сұрауды;
3. Шақырған жерге баруды;
4. Нашар адамға жәрдем беруді;
5. Ант етсе, антында тұруды;
6. Берілген сәлемді алуды;
7. Түшкірген кісі «Әлхамдулилла» десе, оған «Иархамукалла» деуді.

«Ал мына төменгілерден тыйылыңдар!»,- деді:

1. Күміс ыдысты пайдаланудан;
2. Алтын сақина тағудан;
3. Жібектен киім киюден (бұл жер ерлерге қатысты айтылған);
4. Дебаж (Гүлді жібектен киім) киюді;
5. Қасий (дағал матадан тігілген киім) киюден;
6. Истабрақ (атлас сияқты мата) киюден;
7. (Бұл риуаятта 7-шісі түсіріліп қалдырылған)».

332- حَدَّثَنَا مُحَمَّدٌ حَدَّثَنَا عَمْرُو بْنُ أَبِي سَلَمَةَ عَنِ الْوُزَاعِيِّ قَالَ أَخْبَرَنِي ابْنُ شِهَابٍ قَالَ أَخْبَرَنِي سَعِيدُ بْنُ الْمُسَيَّبِ أَنَّ أَبَا هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ حَقُّ الْمُسْلِمِ عَلَى الْمُسْلِمِ خَمْسٌ رَدُّ السَّلَامِ وَعِيَادَةُ الْمَرِيضِ وَاتِّبَاعُ الْجَنَائِزِ وَإِجَابَةُ الدَّعْوَةِ وَتَشْمِيَةُ

العَاطِسُ تَابَعَهُ عَبْدُ الرَّزَّاقِ قَالَ أَخْبَرَنَا مَعْمَرٌ وَرَوَاهُ سَلَامَةُ بْنُ رَوْحٍ عَنْ

عُقَيْلٍ

332- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Әр бір мұсылманның бір бірінде бес түрлі хақылары бар»,- деді. Олар төмендегілер:

1. Берілген сәлемді алуы;
2. Науқастанғанда барып көңілін сұрауы;
3. Қайтыс болса, жаназасына қатысуы;
4. Шақыруына жауап беруі;
5. Түшкіріп «Әлхамдулилла» десе, оған «Иарһамукалла» деуі».

3-бап. Кебінделіп қойылған мәйіт жатқан үйге кіру туралы

333- حَدَّثَنَا بَشْرُ بْنُ مُحَمَّدٍ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ قَالَ أَخْبَرَنِي مَعْمَرٌ وَيُونُسُ عَنْ الزُّهْرِيِّ قَالَ أَخْبَرَنِي أَبُو سَلَمَةَ أَنَّ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا زَوْجَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَخْبَرْتُهُ قَالَتْ أَقْبَلَ أَبُو بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَلَى فَرَسِهِ مِنْ مَسْكِنِهِ بِالسُّنْحِ حَتَّى نَزَلَ فَدَخَلَ الْمَسْجِدَ فَلَمْ يُكَلِّمِ النَّاسَ حَتَّى دَخَلَ عَلَى عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا فَتَبِعَ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَهُوَ مُسَجَّى بِبُرْدٍ حَبِرَةٍ فَكَشَفَ عَنْ وَجْهِهِ ثُمَّ أَكَبَّ عَلَيْهِ فَقَبَّلَهُ ثُمَّ بَكَى فَقَالَ يَا أَبَايَ أَنْتَ يَا نَبِيَّ اللَّهِ لَا يَجْمَعُ اللَّهُ عَلَيْكَ مَوْتَيْنِ أَمَا الْمَوْتَةُ الَّتِي كُتِبَتْ عَلَيْكَ فَقَدْ مَتَّهَا قَالَ أَبُو سَلَمَةَ فَأَخْبَرَنِي ابْنُ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ أَبَا بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ خَرَجَ وَعَمْرُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ يُكَلِّمُ النَّاسَ فَقَالَ اجْلِسْ فَأَبَى فَقَالَ اجْلِسْ فَأَبَى فَتَشَهَّدَ أَبُو بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فَمَالَ إِلَيْهِ النَّاسُ وَتَرَكُوا عَمْرًا فَقَالَ أَمَا بَعْدُ فَمَنْ كَانَ مِنْكُمْ يَعْبُدُ مُحَمَّدًا صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَإِنَّ مُحَمَّدًا صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَدْ مَاتَ وَمَنْ كَانَ يَعْبُدُ اللَّهَ فَإِنَّ اللَّهَ حَيٌّ لَا يَمُوتُ قَالَ اللَّهُ تَعَالَى وَمَا مُحَمَّدٌ إِلَّا رَسُولٌ قَدْ خَلَتْ مِنْ قَبْلِهِ الرُّسُلُ إِلَى الشَّاكِرِينَ وَاللَّهُ لَكَنَّ النَّاسَ لَمْ يَكُونُوا يَعْلَمُونَ أَنَّ اللَّهَ أَنْزَلَهَا حَتَّى تَلَاهَا أَبُو بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فَتَلَقَّاهَا مِنْهُ النَّاسُ فَمَا يُسْمَعُ بَشْرٌ إِلَّا يَتْلُوهَا

333- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Әбу Бәкір Сыддық (р.а.) Сүнұх деген жердегі жайынан атқа мініп келді. Аттан түсіп мешітке кірді де, адамдарға сөйлеместен тұп тура Айша анамыздың бөлмесіне Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) көргелі кірді. Ол кезде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қайтыс болып, Иемендік көк тонына орап қойылған бойы жатқан еді. Әбу Бәкір (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мүбәрак жүзін ашып, құшақтап өпті. Содан соң жылап тұрып: «Ата-анам сізге жан пида болсын, ей Расуллулла! Алла тағала сізге екі өлім бермейді. (Кейбіреулердің: «Пайғамбарымыз с.ғ.с. қайтадан тіріледі»,- дегені үшін солай деді). Бірақ, Алла тағала маңдайыңызға жазған өлімді көрдіңіз»,- деді.

Әбу Сәлама аталмыш хадистің жалғасын Ибн Аббастан естіген екен, ол кісі былай депті: «Әбу Бәкір (р.а.) бөлмеден шыққанда Хазреті Омар (р.а.) адамдармен сөйлесіп тұрған болатын. Әбу Бәкір Сыддыққа: «Отырыңыз!»,- деді. Әбу Бәкір қатты ренжулі болғанынан отырғысы келмеді. Сонда ол кісі тағы да: «Отырыңыз!»,- деді. Әбу Бәкір бәрібір отырмады. Содан соң Әбу Бәкір кәлима шаһадатты айтқанда, адамдар ол кісі жаққа бұрылды. Сонда Әбу Бәкір: «Амма бағд, кімде-кім (осы күнге дейін) Мұхаммедке (с.ғ.с.) сыйынып келген болса, Мұхаммед (с.ғ.с.) қайтыс болды. Ал кімде-кім (осы күнге дейін) Алла тағалаға құлшылық қылып келген болса, Алла тағала мәңгі тірі, ол ешқашан өлмейді! Алла тағала аят кәрімінде: **«Мұхаммед (с.ғ.с.) сендер сияқты адам, сендерден айырмашылығы, ол Алла тағаланың пенделеріне жіберген елшісі ғана»**,- деген»,- деді. («Әли Имран сүресінің «әш-Шакирийн» деген жеріне дейін оқыды). Алла тағалаға ант етіп айтамын, адамдар Алла тағаланың осы аятты нәзіл еткенін білмейтіндей, Әбу Бәкір оқыған кезде жаттап алысты. Аталмыш аятты Әбу Бәкірден басқа бірде-бір кісінің оқығанын ешкім естімеген еді»,- деді.

334- حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ عَقِيلٍ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ قَالَ أَخْبَرَنِي خَارِجَةُ بْنُ زَيْدِ بْنِ ثَابِتٍ أَنَّ أُمَّ الْعَلَاءِ امْرَأَةً مِنَ الْأَنْصَارِ بَايَعَتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَخْبَرْتُهُ أَنَّهُ انْقَسِمَ الْمُهَاجِرُونَ فِرْعَاءَ فَطَارَ لَنَا عُثْمَانُ بْنُ مَطْعُونٍ فَأَنْزَلَنَا فِي أَبِيَاتِنَا فَوَجِعَ وَجَعَهُ الَّذِي تُوقِي فِيهِ فَلَمَّا تُوقِي وَغَسَّلَ وَكَفَّنَ فِي أَنْوَابِهِ دَخَلَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقُلْتُ رَحِمَهُ اللَّهُ عَلَيْكَ أبا السَّائِبِ فَشَهَادَتِي عَلَيْكَ لَقَدْ أَكْرَمَكَ اللَّهُ فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَمَا يُدْرِيكَ أَنَّ اللَّهَ قَدْ أَكْرَمَهُ فَقُلْتُ يَا رَسُولَ اللَّهِ فَمَنْ يُكْرِمُهُ اللَّهُ فَقَالَ أَمَا هُوَ فَقَدْ جَاءَهُ الْيَقِينُ وَاللَّهُ إِنِّي لَأَرْجُو لَهُ الْخَيْرَ وَاللَّهُ مَا أَدْرِي وَأَنَا

رَسُولُ اللَّهِ مَا يُفَعَلُ بِي قَالَتْ فَوَاللَّهِ لَا أُرْكَبِي أَحَدًا بَعْدَهُ أَبَدًا حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ
عُفَيْرٍ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ مِثْلَهُ وَقَالَ نَافِعُ بْنُ يَزِيدَ عَنْ عُقَيْلٍ مَا يُفَعَلُ بِهِ وَتَابَعَهُ
شُعَيْبٌ وَعَمْرُو بْنُ دِينَارٍ وَمَعْمَرٌ

334- Харижа ибн Зәйд ибн Сәбит (р.а.) риуаят етті: «Ансарийлардан болған Үмму ул-Ала деген бір әйел Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) атын айтып, ант ішіп былай деді: «Мұхажирлердің қайсысын үйімізге қабылдаймыз деп өзара шек тастастық. Сонда Осман ибн Мазғун біздің шегімізге түсті. Біз ол кісіні үйімізге орналастырдық. Кейіннен науқастанып бірден қайтыс болды. Мәйітті жуып өзінің киіміне келіндеді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мәйітті (Османды) көргелі кірген еді, Мен: «Сізге Алла тағала рахмет етсін ей Осман! Сізді Алла тағала құрметті қылғанының куәсі болып тұрмын», - дедім. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Алла тағаланың оны құрметті қылғанын қайдан білдің?», - деді. Мен: «Әкем сіздің жолыңызда жан пида болсын, я Расулулла, Алла тағала осы кісіні құрметті қылмаса, кімді құрметті қылады?!», - дедім. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Анығында, Осман қайтыс болды. Алла тағаламен ант етемін, менде оның ахиретінің қайырлы болғанын қалаймын. Алла тағалаға ант етіп айтамын, өзім Алланың елшісі бола тұрып, ахиретте қандай қарым-қатынастың болатынын білмеймін», - деді. Алла тағалаға ант етіп айтамын, осыдан кейін бірде-біреуге (мәйітке) сенің алдын жәннат деп ешқашан айтпадым», - деді.

336- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ بَشَّارٍ حَدَّثَنَا غُنْدَرٌ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ قَالَ سَمِعْتُ مُحَمَّدَ بْنَ
الْمُنْكَدِرِ قَالَ سَمِعْتُ جَابِرَ بْنَ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ لَمَّا قُتِلَ أَبِي
جَعَلْتُ أَكْشِفُ التُّوبَ عَنْ وَجْهِهِ أَبْكِي وَيَنْهَوْنِي عَنْهُ وَالنَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ
وَسَلَّمَ لَا يَنْهَانِي فَجَعَلْتُ عَمَّتِي فَاطِمَةَ تَبْكِي فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
تَبْكِينَ أَوْ لَا تَبْكِينَ مَا زَالَتْ الْمَلَائِكَةُ تُظِلُّهُ بِأَجْنِحَتَيْهَا حَتَّى رَفَعْنَاهُ تَابِعَهُ ابْنُ
جُرَيْجٍ أَخْبَرَنِي مُحَمَّدُ بْنُ الْمُنْكَدِرِ سَمِعَ جَابِرًا رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ

336- Жәбир ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Әкем (соғыста) өлтірілген соң, бетіне жауып қойған киімді жылап-сықтап аша бастадым. Сахабалар мені (бетін ашудан) тыймақшы болды. Ал Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) болса, мені (олай істеуімнен) тыймады. Бірақ та Фатимада жылай бастады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жыласаң да, жыламасаң да періштелер қабірге алып барғанша қанаттарымен көлеңке қылып тұрысады», - деді.

4-бап. Қайтыс болған адамның қасында болған кісі оның отбасына тікелей өзі келіп хабар бергені абзал

337- حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ قَالَ حَدَّثَنِي مَالِكٌ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ سَعِيدِ بْنِ الْمُسَيْبِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ نَعَى النَّجَاشِيَّ فِي الْيَوْمِ الَّذِي مَاتَ فِيهِ خَرَجَ إِلَى الْمُصَلَّى فَصَفَّ بِهِمْ وَكَبَّرَ أَرْبَعًا

337- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Нажаший қайтыс болған күні сахабаларға тікелей өзі хабар берді. Кейін сахабалар мен бірге намазға шығып, сап түзеп тұрып, төрт тәкбір айтып (ғайб) жаназа оқыды», - деді.

338- حَدَّثَنَا أَبُو مَعْمَرٍ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَارِثِ حَدَّثَنَا أَيُّوبُ عَنْ حُمَيْدِ بْنِ هِلَالٍ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَخَذَ الرَّايَةَ زَيْدٌ فَأَصِيبَ ثُمَّ أَخَذَهَا جَعْفَرٌ فَأَصِيبَ ثُمَّ أَخَذَهَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ رَوَاحَةَ فَأَصِيبَ وَإِنَّ عَيْنِي رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَتَذُرْفَانِ ثُمَّ أَخَذَهَا خَالِدُ بْنُ الْوَلِيدِ مِنْ غَيْرِ امْرَأَةٍ فَفُتِحَ لَهُ

338- Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) көзі жасқа толып: «Соғысқа Зәйд туды қолында ұстап баратын еді. Ол шаһид болды. Одан соң туды Жағфар ұстады. Ол да шаһид болды. Кейіннен туды Абдулла ибн Рауаһа алды. Ол да шаһид болды. Туды Халид ибн Уалид қолына алды. Жеңіс бізге нәсіп болды», - деп бірнеше рет қайталады.

5-бап. Жаназаға шақыру туралы

Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Мешітте қызмет қылып жүруші бір кісінің жаназасын оқып, жерлеп жіберіскенде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мені шақырсаңдар болмас па еді?», - деді.

339- حَدَّثَنَا مُحَمَّدٌ أَخْبَرَنَا أَبُو مُعَاوِيَةَ عَنْ أَبِي إِسْحَاقَ الشَّيْبَانِيِّ عَنْ الشَّعْبِيِّ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ مَاتَ إِنْسَانٌ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَعُودُهُ فَمَاتَ بِاللَّيْلِ فَدَفَنُوهُ لَيْلًا فَلَمَّا أَصْبَحَ أَخْبَرُوهُ فَقَالَ مَا مَنَعَكُمْ

أَنْ نُعَلِّمُونِي قَالُوا كَانَ اللَّيْلُ فَكَّرْهُنَا وَكَانَتْ ظُلْمَةٌ أَنْ نَشُقَّ عَلَيْكَ فَأَتَى قَبْرَهُ
فَصَلَّى عَلَيْهِ

339- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір науқастанған адамның жағдайын барып біліп тұрушы еді. Сол кісі түнде қайтыс болып кетті. Сахабалар ол кісіні сол түні-ақ жерледі. Ал Пайғамбарымызға таң атқаннан кейін ғана хабарлады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Маған оның қайтыс болғаны туралы өз уақытында айтпауларыңа не кедергі болды?»,- деді. Сахабалар: «Ол кісі түнде қайтыс болғандықтан сізді мазаламадық»,- десті. Кейін Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сол кісінің қабіріне барып (қабірінің сыртынан) жаназа оқыды»,- деді.

6-бап. Баласы өлген адам Алла тағаланың қалауына разы болып, сабыр қылуының артықшылығы туралы

قَالَ اللَّهُ عَزَّ وَجَلَّ وَبَشِّرِ الصَّابِرِينَ

Алла тағала: **Сабыр еткендерге (Алла тағаланың рахметі жайында) қуанышты хабар айт!**³⁰»,- деді.

340- حَدَّثَنَا أَبُو مَعْمَرٍ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَارِثِ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْعَزِيزِ عَنْ أَنَسِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَا مِنْ نَاسٍ مِنْ مُسْلِمٍ يُتَوَقَّى لَهُ ثَلَاثٌ لَمْ يَبْلُغُوا الْحِنْتَ إِلَّا أَدْخَلَهُ اللَّهُ الْجَنَّةَ بِفَضْلِ رَحْمَتِهِ إِيَّاهُمْ

340- Әнас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Адамдардың ішінде үш баласы шетінеген мұсылман болса, Алла тағала оны сол балаларға деген рахметіне байланысты оны жәннатқа кіргізеді»,- деді.

341- حَدَّثَنَا مُسْلِمٌ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ حَدَّثَنَا عَبْدُ الرَّحْمَنِ بْنُ الْأَصْبَهَانِيِّ عَنْ ذَكَوَانَ عَنْ أَبِي سَعِيدٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ النَّسَاءَ قُلْنَ لِلنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ اجْعَلْ لَنَا يَوْمًا فَوْعَظْهُنَّ وَقَالَ أَيُّمَا امْرَأَةٍ مَاتَ لَهَا ثَلَاثَةٌ مِنَ الْوَالِدِ كَانُوا حِجَابًا مِنَ النَّارِ قَالَتْ امْرَأَةٌ وَائْتَانِ قَالَ وَائْتَانِ وَقَالَ شَرِيكَ عَنْ ابْنِ الْأَصْبَهَانِيِّ

³⁰ 2. «әл Бақара», 155 аят.

حَدَّثَنِي أَبُو صَالِحٍ عَنْ أَبِي سَعِيدٍ وَأَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ أَبُو هُرَيْرَةَ لَمْ يَبْلُغُوا الْحِثَّ

341- Әбу Саьид (р.а.) риуаят етті: «Бір топ әйелдер Пайғамбарымызға (с.ғ.с.): «Анық бір күнді белгілеп, бізге уағыз айтсаңыз»,- десті. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір күнді белгілеп, әйелдерге уағыз айтты: «Қайсы бір әйелдің үш баласы шетінесе, сол балалары оны перде болып, тозақ отынан қорғайды»,- деді. Сонда бір әйел: «Егерде екі баласы шетінеген болса-шы?»,- деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Екеу болса да»,- деді. Әбу Хурайра (р.а.): «Егер балалары нәресте кезінде шетінеген болса, деген»,- деді.

342- حَدَّثَنَا عَلِيُّ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ قَالَ سَمِعْتُ الزُّهْرِيَّ عَنْ سَعِيدِ بْنِ الْمُسَيَّبِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ لَا يَمُوتُ لِمُسْلِمٍ ثَلَاثَةٌ مِنَ الْوَلَدِ فَيَلِجَ النَّارَ إِلَّا تَحَلَّةَ الْقَسَمِ قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ وَإِنْ مِنْكُمْ إِلَّا وَارِدُهَا

342- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Иләһи, бірде-бір мұсылманның баласы шетінемесін! Егерде үш баласы шетінесе ол мұсылман тозаққа түссе де бір рет кіріп шығады»,- деді.

7-бап. Қабірдің басында жылап отырған әйелге «Сабыр етіңіз!» деген кісі туралы

343- حَدَّثَنَا آدَمُ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ حَدَّثَنَا ثَابِتٌ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ مَرَّ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِامْرَأَةٍ عِنْدَ قَبْرِ وَهْيَ تَبْكِي فَقَالَ اتَّقِي اللَّهَ وَاصْبِرِي

343- Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қабірдің басында жылап отырған бір әйелдің жанынан өтіп бара жатып: «Алла тағаладан қорқыңыз, сабыр етіңіз»,- деді.

8-бап. Мәйитті су және *сидр*³¹ мен жуып, дәрет алдырып қою туралы

حَطَّ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا ابْنًا لِسَعِيدِ بْنِ زَيْدٍ وَحَمَلَهُ وَصَلَّى وَلَمْ يَتَوَضَّأْ
وَقَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا الْمُسْلِمُ لَا يَنْجُسُ حَيًّا وَلَا مَيِّتًا وَقَالَ سَعِيدُ لَوْ
كَانَ نَجِسًا مَا مَسِسْتُهُ وَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الْمُؤْمِنُ لَا يَنْجُسُ

Ибн Омар (р.а.) Сағид ибн Зәйд (Алла тағала оған разы болсын!) өлгенде, оның денесіне хош иіс септі. Содан соң оны сыртқа көтеріп шығарып, жаназа оқыды. Ибн Омар (р.а.): «Мұсылманның тірісі де, өлісі де таза болады»,- деді. Сағид ибн Әбу Уаққас: «Егерде таза болмағанда қолымды да тигізбес едім»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) болса: «Мұъмин кісі лас болмайды»,- деді.

344- حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنِي مَالِكٌ عَنْ أَبِيهِ السَّخْتِيَانِيِّ عَنْ
مُحَمَّدِ بْنِ سِيرِينَ عَنْ أُمِّ عَطِيَّةِ الْأَنْصَارِيَّةِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ دَخَلَ عَلَيْنَا
رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حِينَ تَوَقَّيْتُ ابْنَتَهُ فَقَالَ اغْسِلْنَاهَا ثَلَاثًا أَوْ
خَمْسًا أَوْ أَكْثَرَ مِنْ ذَلِكَ إِنْ رَأَيْتِنَّ ذَلِكَ بِمَاءٍ وَسِدْرٍ وَاجْعَلْنَ فِي الْأَخْرَةِ كَافُورًا
أَوْ شَيْئًا مِنْ كَافُورٍ فَإِذَا فَرَعْتُنَّ فَأَذِنِّي فَلَمَّا فَرَعْنَا آذَنَاهُ فَأَعْطَانَا حِفْوَهُ فَقَالَ
أَشْعِرْنَاهَا إِيَّاهُ تَعْنِي إِزَارَهُ

344- Үмму Атиййа (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қызы Зейнеп қайтыс болғанда біздің алдымызға кіріп: «Үш рет немесе бес рет жуындар, егерде қажет деп тапсаңдар одан да көбірек жуындар, суға *сидр* араластырып жуындар! Ең соңында *кафурдан* біраз қосындар, жуып болғандарыңнан соң мені шақырындар!»,- деді. Жуып болғаннан соң Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) шақырдық. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өзінің (беліне орап жүрген) матасын бізге беріп: «Мынаған орандар!»,- деді. (Үмму Атиййа «хиқуа» дегенде *изарды* айтқан сияқты).

³¹ Сидр-Арша тектес өткір иісті өсімдік.

9-бап. Мәйітті тақ мәрте жуудың мұстахабтығы туралы

345- حَدَّثَنَا مُحَمَّدٌ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَهَّابِ النَّقْفِيُّ عَنْ أَيُّوبَ عَنْ مُحَمَّدٍ عَنْ أُمِّ عَطِيَّةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ دَخَلَ عَلَيْنَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَنَحْنُ نَعْسِلُ ابْنَتَهُ فَقَالَ اغْسِلْنَهَا ثَلَاثًا أَوْ خَمْسًا أَوْ أَكْثَرَ مِنْ ذَلِكَ بِمَاءٍ وَسِدْرٍ وَاجْعَلْنَ فِي الْأَخْرَةِ كَافُورًا فَإِذَا فَرَعْتَنَ فَأَذِنِّي فَلَمَّا فَرَعْنَا آذَنَاهُ فَأَلْقَى إِلَيْنَا حِفْوَهُ فَقَالَ أَشْعِرْنَهَا إِيَّاهُ فَقَالَ أَيُّوبُ وَحَدَّثَنِي حَفْصَةُ بِمِثْلِ حَدِيثِ مُحَمَّدٍ وَكَانَ فِي حَدِيثِ حَفْصَةَ اغْسِلْنَهَا وَثْرًا وَكَانَ فِيهِ ثَلَاثًا أَوْ خَمْسًا أَوْ سَبْعًا وَكَانَ فِيهِ أَنَّهُ قَالَ ابْدِءُوا بِمِيَامِنِهَا وَمَوَاضِعِ الْوُضُوءِ مِنْهَا وَكَانَ فِيهِ أَنْ أُمَّ عَطِيَّةَ قَالَتْ وَمَشَطْنَاهَا ثَلَاثَةَ فُرُونَ

345- Үмму Атиййа (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қызы Зейнептің денесін жуып жатқанымызда біздің алдымызға кіріп: «Үш рет немесе бес рет жуындар, егерде қажет деп тапсаңдар одан да көбірек жуындар, суға *сидр* араластырып жуындар! Ең соңында *кафурдан* ³² да біраз қосындар, жуып болғандарыңнан соң маған хабар беріңдер!», - деді. Жуып болғанымыздан соң Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) хабар бердік. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өзінің беліне оралған үлкендеу матасын бізге беріп: «Қызымды алдымен осыған орандар!», - деді. Аюб (р.а.) айтады: «Хафса маған Мұхаммед ибн Сирин айтқан хадиске ұқсас басқа бір хадисті айтып берді. Хафса айтқан хадисте Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мәйітті тақ жуындар, үш рет немесе бес рет, не болмаса жеті рет, алдымен оң жағынан, дәрет алынатын жерлерден бастандар!», - деген», - делінген. Үмму Атиййа болса: «Шашын үш өрім қылып өріп қойдық», - деп айтқан», - деді.

10-бап. Мәйітті оң жағынан бастап жуады

346- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ بْنُ إِبْرَاهِيمَ حَدَّثَنَا خَالِدٌ عَنْ حَفْصَةَ بِنْتِ سَيْرِينَ عَنْ أُمِّ عَطِيَّةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي غَسْلِ ابْنَتِهِ ابْدَأْ بِمِيَامِنِهَا وَمَوَاضِعِ الْوُضُوءِ مِنْهَا

³² Кафур- Камфара майы.

346- Үмму Атиййа (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қызы Зейнептің денесін жуып жатқанымызда бізге: «Алдымен оң жағынан және дәрет алғанда жуылатын жерлерден бастап жуындар!», - деген», - деді.

11-бап. Ер адамның изарына әйел адамды кебіндеп ораса болады ма?

347- حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ مُوسَى حَدَّثَنَا وَكَيْعٌ عَنْ سُفْيَانَ عَنْ خَالِدِ الْحَدَّاءِ عَنْ حَفْصَةَ بِنْتِ سِيرِينَ عَنْ أُمِّ عَطِيَّةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ لَمَّا غَسَلْنَا بِنْتَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ لَنَا وَنَحْنُ نَعْسِلُهَا ابْدَعُوا بِمِيَامِنِهَا وَمَوَاضِعَ الْوُضُوءِ مِنْهَا

347- Үмму Атиййа (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қызы қайтыс болғанда бізге: «Оны үш рет немесе бес рет жуындар, егерде қажет деп тапсаңдар одан да көбірек жуындар, жуып болғандарыңнан соң маған хабар беріңдер!», - деді. Біз мәйітті жуып болып Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) хабар бердік. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өзінің (беліне орап жүрген) изарын бізге беріп: «Оны (Зейнепті) алдымен осыған орандар!», - деді.

12-бап. Ең соңында суға Кафур³³ қосып жуады

348- حَدَّثَنَا عَبْدُ الرَّحْمَنِ بْنُ حَمَّادٍ أَخْبَرَنَا ابْنُ عَوْنٍ عَنْ مُحَمَّدٍ عَنْ أُمِّ عَطِيَّةَ قَالَتْ تُوقِيَتُ بِنْتَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ لَنَا اغْسِلْنَهَا ثَلَاثًا أَوْ خَمْسًا أَوْ أَكْثَرَ مِنْ ذَلِكَ إِنْ رَأَيْتُنَّ قَائِدًا فَرَعْتُنَّ فَأَذِنِّي فَلَمَّا فَرَعْنَا آدْنَاهُ فَنَزَعَ مِنْ حَقْوِهِ إِزَارَهُ وَقَالَ أَشْعِرْنَهَا إِيَّاهُ

348- Үмму Атиййа (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қыздарының бірі қайтыс болды. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) біздің алдымызға кіріп: «Оны суға *сидр* араластырып үш рет немесе бес рет тіпті қажет болса, одан да көбірек жуындар ең соңында суға *кафур* қосып жуындар! Жуып болғандарыңнан соң маған хабар беріңдер!», - деді. Жуып болғанымыздан соң Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) шақырдық. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өзінің (беліне орап жүрген) изарын бізге беріп: «Алдымен осыған орандар!», - деді.

³³ Кафур-Камфара майы.

عَنْ حَفْصَةَ عَنْ أُمِّ عَطِيَّةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا بِنَحْوِهِ وَقَالَتْ إِنَّهُ قَالَ اغْسِلْنَهَا ثَلَاثًا أَوْ خَمْسًا أَوْ سَبْعًا أَوْ أَكْثَرَ مِنْ ذَلِكَ إِنْ رَأَيْتَنِّي قَالَتْ حَفْصَةُ قَالَتْ أُمُّ عَطِيَّةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا وَجَعَلْنَا رَأْسَهَا ثَلَاثَةَ فُرُونَ

Хафса (р.а.) Үмму Атиййаның аталмыш риуаятын есіне алып: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үш рет немесе бес рет не болмаса жеті рет, ал қажет деп тапсаңдар одан да көбірек жуыңдар!», - деді. Ал Үмму Атияа болса: «Шашын үш өрім қылып өріп қойдық, деп айтқан», - деді.

13-бап. Қайтыс болған әйелдің шашын тарап қою туралы

قَالَ ابْنُ سَيْرِينَ لَا بَأْسَ أَنْ يُنْقَضَ شَعْرُ الْمَيِّتِ

Ибн Сирина (р.а.): «Мәйіттің шашын тарап қоюдың еш (ерсілігі) зияны жоқ», - деді.

350- حَدَّثَنَا أَحْمَدُ حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ وَهْبٍ أَخْبَرَنَا ابْنُ جُرَيْجٍ قَالَ أَيُّوبُ وَسَمِعْتُ حَفْصَةَ بِنْتَ سَيْرِينَ قَالَتْ حَدَّثَنَا أُمُّ عَطِيَّةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّهَا جَعَلَتْ رَأْسَ بِنْتِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ثَلَاثَةَ فُرُونَ نَقَضْنَاهُ ثُمَّ غَسَلْنَاهُ ثُمَّ جَعَلْنَاهُ ثَلَاثَةَ فُرُونَ

350- Үмму Атиййа (р.а.) риуаят етті: «Мәйітті жуушы әйелдер Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қызының шашын тарап, үш өрім қылып өріп, содан кейін жуды. Содан соң және тарап үш өрім қылып өріп қойды», - деді.

14-бап. Мәйіт ішкі кебінмен қалай оралады?

Хасан Басрий: «Кебіннің 1/5 бөлегімен әйел мәйіттің екі саны мен белі оралады. Кейін бұлар көйлектің (қамис) астында қалады», - деді.

351- حَدَّثَنَا أَحْمَدُ حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ وَهْبٍ أَخْبَرَنَا ابْنُ جُرَيْجٍ أَنَّ أَيُّوبَ أَخْبَرَهُ قَالَ سَمِعْتُ ابْنَ سَيْرِينَ يَقُولُ جَاءَتْ أُمُّ عَطِيَّةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا امْرَأَةٌ مِنَ الْأَنْصَارِ مِنَ اللَّاتِي بَايَعْنَ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَدِمَتِ الْبَصْرَةَ تُبَادِرُ ابْنًا لَهَا فَلَمْ تُدْرِكْهُ فَحَدَّثَتْنَا قَالَتْ دَخَلَ عَلَيْنَا النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَنَحْنُ نَغْسِلُ ابْنَتَهُ

فَقَالَ اغْسِلْنَهَا ثَلَاثًا أَوْ خَمْسًا أَوْ أَكْثَرَ مِنْ ذَلِكَ إِنْ رَأَيْتَنَ ذَلِكَ بِمَاءٍ وَسِدْرٍ وَاجْعَلَنَّ فِي الْآخِرَةِ كَافُورًا فَإِذَا فَرَعْتَنَ فَأَذِنْتَنِي قَالَتْ فَلَمَّا فَرَعْنَا أَلْقَى إِلَيْنَا حِقْوَهُ فَقَالَ أَشْعِرْتَهَا إِيَّاهُ وَلَمْ يَزِدْ عَلَيَّ ذَلِكَ وَلَا أُدْرِي أَيُّ بَنَاتِهِ وَزَعَمَ أَنَّ الْإِنشَعَارَ الْفُقْنَهَاءَ فِيهِ وَكَذَلِكَ كَانَ ابْنُ سَيْرِينَ يَأْمُرُ بِالْمَرْأَةِ أَنْ تُشَعَرَ وَلَا تُؤْزَرَ

351- Мұхаммед ибн Сирин (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) шағымданған бір ансарий әйел ұлын көргелі Басраға келіп, оны табалмағаннан соң, Үмму Атиййаның алдына кірді. Сонда Үмму Атиййа бізге мына хадисті айтып берді: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қызының денесін жуып жатқанымызда біздің алдымызға кіріп: «Үш рет немесе бес рет тіпті қажет болса, одан да көбірек жуыңдар, суға *сидр* қосыңдар. Ең соңында суға *кафур*³⁴ қосып жуыңдар! Жуып болғандарыңнан соң маған хабар беріңдер!», - деді. Жуып болғанымыздан соң Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) хабар бердік. Ол кісі бізге (беліне орап жүрген) изарын беріп: «Алдымен осыған орандар!», - деді. (Ибн Сирин хадистің жалғасын айтпады). Аюб (р.а.): «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қайсы қызы туралы айтқандарын түсінбей қалдым», - деді. Ол кісі: «**Ишғар**» (ішкі кебінді орау) дегенде, сыртқы кебін (бүкіл денені жалпы орайтын кебін) деп түсінемін», - деді. Сондай-ақ, Ибн Сирин да әйелдің денесін алдымен белден төмен емес, бәлкім бір жола түгелдей бүкіл денесін кебіндеп орауға бұйыратын еді.

15-бап. Әйел мәйіттің шашын үш өрім қылып өріп қояды

352- حَدَّثَنَا قَبِيصَةُ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ هِشَامٍ عَنْ أُمِّ الْهُذَيْلِ عَنْ أُمِّ عَطِيَّةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ ضَفَرْنَا شَعَرَ بِنْتِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ تَعْنِي ثَلَاثَةَ فُرُوجٍ وَقَالَ وَكَيْعُ قَالَ سُفْيَانُ نَاصِيئَتَهَا وَقَرْنَيْهَا

352- Үмму Атиййа (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өлген қызының шашын үш өрім қылып өріп қойдық», - деді. Суфян: «Маңдайының үстіндегі шашын бір өрім, екі маңдай шашын екі өрім қылды», - деді.

16-бап. Әйел мәйіттің шашы арқа жағына тасталып қойылады

353- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ سَعِيدٍ عَنْ هِشَامِ بْنِ حَسَّانٍ قَالَ حَدَّثَنَا حَفْصَةُ عَنْ أُمِّ عَطِيَّةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ تُؤْفِيَّتْ إِحْدَى بَنَاتِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ

³⁴ Кафур- Камфара майы.

عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَتَانَا النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ اغْسِلْنَهَا بِالسُّدْرِ وَثِرًا ثَلَاثًا أَوْ خَمْسًا أَوْ أَكْثَرَ مِنْ ذَلِكَ إِنْ رَأَيْتَنَ ذَلِكَ وَاجْعَلْنَ فِي الْآخِرَةِ كَافُورًا أَوْ شَيْئًا مِنْ كَافُورٍ فَإِذَا فَرَغْتَنَّ فَأَذِنِّي فَلَمَّا فَرَغْنَا آدَنَاهُ فَأَلْقَى إِلَيْنَا حِقْوَهُ فَضَفَرْنَا شَعْرَهَا ثَلَاثَةَ فُرُونَ وَأَلْقَيْنَاهَا خَلْفَهَا

353- Умму Атиййа (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қыздарының бірі қайтыс болды. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) біздің алдымызға кіріп: «Суға сидр араластырып тақ мәрте – үш, бес немесе жеті рет тіпті қажет болса, одан да көбірек жуындар, Ең соңғы жуғанда суға біраз *кафур*³⁵ қосып жуындар! Жуып болғандарыңнан соң маған айтындар!»,- деді. Жуып болғанымыздан соң Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) айтып едік, ол кісі бізге өзінің (беліне орап жүрген) изарын берді. Қайтыс болған қызының шашын үш өрім қылып өріп, арқа жағына салып қойдық»,- деді.

17-бап. Кебіндікті ақ матадан қылу керектігі туралы

354- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ مِقَاتٍ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ الْمُبَارَكِ أَخْبَرَنَا هِشَامُ بْنُ عُرْوَةَ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَفَّنَ فِي ثَلَاثَةِ أَثْوَابٍ يَمَانِيَّةٍ بِيضٍ سَحْوَلِيَّةٍ مِنْ كُرْسُفٍ لَيْسَ فِيهِنَّ قَمِيصٌ وَلَا عِمَامَةٌ

354- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мүбәрақ денесін үш иемендік ақ матамен кебіндеді. Кебіннің астында көйлек (камис) немесе сәлде жоқ болатын»,- деді.

18-бап. Екі қабат қылып кебіндеудің дырыстығы туралы

355- حَدَّثَنَا أَبُو النُّعْمَانِ حَدَّثَنَا حَمَّادُ بْنُ زَيْدٍ عَنْ أَيُّوبَ عَنْ سَعِيدِ بْنِ جُبَيْرٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ قَالَ بَيْنَمَا رَجُلٌ وَقَفُ بِعَرَفَةَ إِذْ وَقَعَ عَنْ رَاحِلَتِهِ فَوَقَصْنَاهُ أَوْ قَالَ فَأَوْقَصْنَاهُ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ اغْسِلُوهُ بِمَاءٍ وَسِدْرٍ وَكَفَّنُوهُ فِي ثَوْبَيْنِ وَلَا تُحَنِّطُوهُ وَلَا تُخَمِّرُوا رَأْسَهُ فَإِنَّهُ يُبْعَثُ يَوْمَ الْقِيَامَةِ مُلَبَّبًا

³⁵ Кафур- Камфара майы.

355- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Бір кісі Арафат тауында түйеге мініп тұрған еді. Бір уақытта түйеден жығылып кетіп мойны үзіліп өлді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мәйітті суға *сидр* араластырып жуып, екі қабат қылып кебіндеңдер, хош иісті нәрсе сеппендер және басын орамандар! Өйткені, ол қиямет күні тәлбия (Ләббайка Аллаһумма, Ләббайка) айтып тұрған бойы тіріледі», - деді.

19-бап. Мәйітке жұпар иісті нәрселерді себу туралы

356- حَدَّثَنَا فُتَيْبَةُ حَدَّثَنَا حَمَّادٌ عَنْ أَيُّوبَ عَنْ سَعِيدِ بْنِ جُبَيْرٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ بَيْنَمَا رَجُلٌ وَقَفَ مَعَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِعَرَفَةَ إِذْ وَقَعَ مِنْ رَاحِلَتِهِ فَأَقْصَعَتْهُ أَوْ قَالَ فَأَقْصَعَتْهُ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ اغْسِلُوهُ بِمَاءٍ وَسِدْرٍ وَكَفَّنُوهُ فِي ثَوْبَيْنِ وَلَا تُحَنِّطُوهُ وَلَا تُخَمِّرُوا رَأْسَهُ فَإِنَّ اللَّهَ يَبْعَثُهُ يَوْمَ الْقِيَامَةِ مُلَبِّيًا

356- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: ««Бір кісі Арафат тауында Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге Арафатта тұрған еді. Бір уақытта түйеден жығылып кетіп мойны үзіліп өлді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мәйітті суға *сидр*³⁶ араластырып жуып, екі қабат қылып кебіндеңдер, хош иісті нәрсе сеппендер және басын орамандар! Өйткені, Алла тағала бұл кісіні қиямет күні тәлбия айтып тұрған бойы тірілтеді», - деді.

20-бап. Мәйіттің үстінде ихрам болса, қалай кебінделеді?

357- حَدَّثَنَا أَبُو الثُّعْمَانَ أَخْبَرَنَا أَبُو عَوَّانَةَ عَنْ أَبِي بَشِيرٍ عَنْ سَعِيدِ بْنِ جُبَيْرٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ رَجُلًا وَقَصَهُ بَعِيرُهُ وَنَحْنُ مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَهُوَ مُحْرَمٌ فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ اغْسِلُوهُ بِمَاءٍ وَسِدْرٍ وَكَفَّنُوهُ فِي ثَوْبَيْنِ وَلَا تُمَسِّوهُ طَبِيًّا وَلَا تُخَمِّرُوا رَأْسَهُ فَإِنَّ اللَّهَ يَبْعَثُهُ يَوْمَ الْقِيَامَةِ مُلَبِّيًا

357- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: ««Бір кісіні түйесі жығып кетті. Бізде Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге сол жерде едік. Әлгі кісінің үстінде ихрамы бар болатын. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мәйітті суға *сидр*³⁷

³⁶ Сидр-Арша тектес өткір иісті өсімдік.

³⁷ Сидр-Арша тектес өткір иісті өсімдік.

араластырып жуып, екі қабат қылып кебіндеңдер, оған хош иісті нәрсе сеппендер және басын орамаңдар! Өйткені, Алла тағала оны қиямет күні *талбия* айтып тұрған бойы тірілтеді», - деді.

358- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ حَدَّثَنَا حَمَّادُ بْنُ زَيْدٍ عَنْ عَمْرٍو وَأَيُّوبَ عَنْ سَعِيدِ بْنِ جُبَيْرٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ قَالَ كَانَ رَجُلٌ وَقَفَ مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِعَرَفَةَ فَوَقَعَ عَنْ رَاحِلَتِهِ قَالَ أَيُّوبُ فَوَقَصَتْهُ وَقَالَ عَمْرٍو فَأَقْصَعَتْهُ فَمَاتَ فَقَالَ اغْسِلُوهُ بِمَاءٍ وَسِدْرٍ وَكَفِّئُوهُ فِي تَوْبَيْنٍ وَلَا تُحَنِّطُوهُ وَلَا تُخَمِّرُوا رَأْسَهُ فَإِنَّهُ يُبْعَثُ يَوْمَ الْقِيَامَةِ قَالَ أَيُّوبُ يُلَبِّي وَقَالَ عَمْرٍو مُلَبِّيَا

358- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Бір күні Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге Арафатта тұрған едік. Бір кісі түйесінен жығылып қалды. (Аюб: «Мойны үзіліп кетті», - деді. Амр: «Мойны үзіліп кеткендіктен тіл тартпай кетті», - деді). Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мәйітті суға *сидр* араластырып жуып, екі қабат қылып кебіндеңдер, хош иісті нәрсе сеппендер және басын орамаңдар! Өйткені ол қиямет күнінде... (Аюб: «тэлбия айтып тұрып тіріледі», - деді. Ал Амр болса: «Тэлбия айтып тұрған бойы тірілтеді», - деді)».

21-бап. Етегі бүктелген немесе бүктелмеген көйлекке кебіндеу туралы

359- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ سَعِيدٍ عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنِي نَافِعٌ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ أَبِي لَمَّا تُوَقِّيَ جَاءَ ابْنَهُ إِلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ أَعْطِنِي قَمِيصَكَ أَكْفَنُهُ فِيهِ وَصَلَّ عَلَيْهِ وَاسْتَغْفِرَ لَهُ فَأَعْطَاهُ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَمِيصَهُ فَقَالَ آذِنِي أُصَلِّيَ عَلَيْهِ فَأَذَنَهُ فَلَمَّا أَرَادَ أَنْ يُصَلِّيَ عَلَيْهِ جَذَبَهُ عَمْرٌ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فَقَالَ أَلَيْسَ اللَّهُ نَهَاكَ أَنْ تُصَلِّيَ عَلَى الْمُنَافِقِينَ فَقَالَ أَنَا بَيْنَ خَيْرَتَيْنِ قَالَ اسْتَغْفِرْ لَهُمْ أَوْ لَا تَسْتَغْفِرْ لَهُمْ إِنْ تَسْتَغْفِرْ لَهُمْ سَبْعِينَ مَرَّةً فَلَنْ يَغْفِرَ اللَّهُ لَهُمْ فَصَلَّى عَلَيْهِ فَزَلَّتْ وَلَا تُصَلِّ عَلَى أَحَدٍ مِنْهُمْ مَاتَ أَبَدًا وَلَا تَقُمْ عَلَى قَبْرِهِ

359- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Абдулла ибн Убай қайтыс болғанда баласы Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) келіп: «Я Расулулла, әкемді кебіндеу үшін маған көйлегіңізді (қамис) берсеңіз, және әкеме жаназа оқып, Алла

тағаладан оған кешірім тілесеніз!»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өзінің көйлегін беріп: «Маған хабар берерсің, жаназасын оқимын»,- деді. Ол Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) хабар берді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жаназасын оқу үшін жамағаттың алдына өтпекші болғанда Хазреті Омар киімінен тартып: «Алла тағала сізді Мунафиқтардың жаназасын оқудан қайтармаған ба еді?»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Маған екі жақсылықтың біреуін таңдаудың мүмкіндігі берілген. Алла тағала: «(Мұхаммед ғ.с.) Мунафиқтар үшін жарылқануларын тілесен де, тілемесен де тіпті олар үшін жетпіс қайта жарылқануын тілесен де, Алла оларды әсте жарылқамайды. Бұл олардың Аллаға, Елшісіне қарсы болғандықтарынан. Алла бұзақы халықты тура жолға салмайды³⁸»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Абдулла ибн Убайдың жаназасын оқыды. Сонда: «Ешқашан олардан өлген бірде-біреуіне (жаназа) намаз оқыма!³⁹»,- деген айт нәзіл болды.

360- حَدَّثَنَا مَالِكُ بْنُ إِسْمَاعِيلَ حَدَّثَنَا ابْنُ عُيَيْنَةَ عَنْ عَمْرِو سَمِعَ جَابِرًا رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ أَتَى النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَبْدَ اللَّهِ بْنُ أَبِي بَعْدَ مَا دُفِنَ فَأُخْرِجَهُ فَفَقَّتَ فِيهِ مِنْ رِيْقِهِ وَأَلْبَسَهُ قَمِيصَهُ

360- Амр ибн Динар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Абдулла ибн Убай жерленгеннен соң келіп, ол кісіні қабірден шығаруды бұйырды. Мәйіт қабірден шығарылғаннан соң Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оның денесіне түкірігін жағып, үстіне өзінің көйлегін (қамис) кигізіп қойды»,- деді.

22-бап. Көйлек (қамис) кидірмей кебіндеу туралы

361- حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ هِشَامٍ عَنْ عُرْوَةَ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ كَفَّنَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي ثَلَاثَةِ أَثْوَابٍ سَحُولِ كُرْسُفٍ لَيْسَ فِيهَا قَمِيصٌ وَلَا عِمَامَةٌ

361- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) сәлдесіз және көйлексіз (қамис) үш қабат қылып кебіндеді»,- деді.

³⁸ 9. «әт-Тәубе», 80 аят.
³⁹ 9. «әт-Тәубе», 84 аят.

23-бап. Сәлде орамай кебіндеу туралы

362- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ هِشَامٍ حَدَّثَنِي أَبِي عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ
 اللَّهُ عَنْهَا أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كُفِّنَ فِي ثَلَاثَةِ أَثْوَابٍ لَيْسَ فِيهَا
 قَمِيصٌ وَلَا عِمَامَةٌ

362- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) үш қабат иемендік матамен кебіндеді. Кебінінің ішінде сәлде де, көйлек (қамис) те жоқ болатын»,- деді.

24-бап. Кебін алуға марқұмның қалған мал дүниесінен жұмсалады

قَالَ عَطَاءٌ وَالزُّهْرِيُّ وَعَمْرُو بْنُ دِينَارٍ وَقَتَادَةُ وَقَالَ عَمْرُو بْنُ دِينَارٍ
 الْحُوطُ مِنْ جَمِيعِ الْمَالِ وَقَالَ إِبْرَاهِيمُ يُبْدَأُ بِالْكَفَنِ ثُمَّ بِالذَّيْنِ ثُمَّ بِالْوَصِيَّةِ وَقَالَ
 سُفْيَانُ أَجْرُ الْقَبْرِ وَالْعَسَلُ هُوَ مِنَ الْكَفَنِ

Ғата, Зухрий, Амр ибн Динар және Қатада да осындай пікірде. Амр ибн Динар (р.а.): «Мәйітке жұмсалатын хош иісті нәрселер, егерде одан қалған мал дүниенің барлығы кетсе де, алынады»,- деді.

Ибраһим ән-Накасий: «Мәйіттен қалған мал-дүние алдымен кебіндік алу үшін, содан соң қарызын өтеу үшін, одан кейін мұрагерлер үшін бөлінеді»,- деді.

Суфян: «Қабір мен жуындырудың ақысы да кебінге бөлінген қаражаттан төленеді»,- деді.

364- حَدَّثَنَا أَحْمَدُ بْنُ مُحَمَّدٍ الْمَكِّيُّ حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ سَعْدٍ عَنْ سَعْدِ بْنِ
 أَبِيهِ قَالَ أَتَيْتُ عَبْدَ الرَّحْمَنِ بْنَ عَوْفٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ يَوْمًا بَطْعَامِهِ فَقَالَ قُتِلَ
 مُصْنَعِبُ بْنُ عُمَيْرٍ وَكَانَ خَيْرًا مِنِّي فَلَمْ يُوَجَدْ لَهُ مَا يُكَفَّنُ فِيهِ إِلَّا بُرْدَةٌ وَقُتِلَ حَمَزَةُ
 أَوْ رَجُلٌ آخَرُ خَيْرٌ مِنِّي فَلَمْ يُوَجَدْ لَهُ مَا يُكَفَّنُ فِيهِ إِلَّا بُرْدَةٌ لَقَدْ خَشِيتُ أَنْ يَكُونَ قَدْ
 عَجَّلَتْ لَنَا طَبِيبَاتُنَا فِي حَيَاتِنَا الدُّنْيَا ثُمَّ جَعَلَ يَبْكِي

364- Сағид ибн Ибраһим (р.а.) риуаят етті: «Бір күні Абдуррахман ибн Ауфка (р.а.) тамақ әкелісті. Ол кісі (тамақтана отырып): «Мусғаб ибн Умайр шаһид болды. Ол менен гөрі жақсырақ еді. Үйінен кебіндікке жарайтын ештеңе табылмады. Оның бір ғана шапаны бар екен. Кейін, әмір Хамза өлтірілді. Ол да менен жақсырақ еді. Оның үйінен де кебіндікке еш

нәрсе табылмады. Оның да бір ғана шапаны бар болатын. Ахиретте көрсетілетін жақсылықтар бізге осы дүниеде көрсетіліп жатыр ма екен деп қорқамын»,- деп күңіреніп жылай бастады (тіпті тамақты да жемеді)»,- деді.

25-бап. Мәйітті кебіндеуге киімнен басқа еш нәрсе табылмаса ...

365- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ مُقَاتِلٍ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ أَخْبَرَنَا شُعْبَةُ عَنْ سَعْدِ بْنِ إِبْرَاهِيمَ عَنْ أَبِيهِ إِبْرَاهِيمَ أَنَّ عَبْدَ الرَّحْمَنِ بْنَ عَوْفٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَتَى بِطَعَامٍ وَكَانَ صَائِمًا فَقَالَ قُتِلَ مُصْعَبُ بْنُ عُمَيْرٍ وَهُوَ خَيْرٌ مِنِّي كُفِّنَ فِي بُرْدَةٍ إِنْ عُطِيَ رَأْسُهُ بَدَتْ رِجْلَاهُ وَإِنْ عُطِيَ رِجْلَاهُ بَدَا رَأْسُهُ وَأَرَاهُ قَالَ وَقُتِلَ حَمْرَةُ وَهُوَ خَيْرٌ مِنِّي ثُمَّ بَسِطَ لَنَا مِنَ الدُّنْيَا مَا بَسِطَ أَوْ قَالَ أُعْطِينَا مِنَ الدُّنْيَا مَا أُعْطِينَا وَقَدْ خَشِينَا أَنْ نَكُونَ حَسَنَاتِنَا عُجِّلَتْ لَنَا ثُمَّ جَعَلَ يَبْكِي حَتَّى تَرَكَ الطَّعَامَ

365- Сағд ибн Ауфқа (ораза кезінде) ауыз ашырмақ үшін тамақ келтірісті. Сонда Абдурахман: «Мусғаб ибн Умайр шаһид болды. Ол менен гөрі жақсырақ еді. (Кебіндік табылмай) бір шапанға ғана оралып жерленді. Ол шапанның қысқалығы соншалық аяғын жапса, басы, ал басын жапса, аяғы ашылып қалатын. Амр Хамза да өлтірілді, ол менен де жақсы еді. Оны да бір шапанға орап жерледі. Ал бізге көп мал-дүние берілді. Берілетін барша жақсылықтар осы дүниеде беріліп, ахиретте берілетін еш нәрсе қалмаса керек деп қорқамын , - деп жылай бастады, тіпті ауыз ашарға еш нәрсе жемеді»,- деді.

26-бап. Мәйіттің басын жапса, аяғы, аяғын жапса, басы ашылып қалатын қысқа нәрседен басқа кебіндік табылмаса, бас жағын орайды

366- حَدَّثَنَا عُمَرُ بْنُ حَفْصِ بْنِ غِيَاثٍ حَدَّثَنَا أَبِي حَدَّثَنَا الْأَعْمَشُ حَدَّثَنَا شَقِيقٌ حَدَّثَنَا خَبَّابٌ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ هَاجَرْنَا مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ نَلْتَمِسُ وَجْهَ اللَّهِ فَوَقَعَ أَجْرُنَا عَلَى اللَّهِ فَمِنَّا مَنْ مَاتَ لَمْ يَأْكُلْ مِنْ أَجْرِهِ شَيْئًا مِنْهُمْ مُصْعَبُ بْنُ عُمَيْرٍ وَمِنَّا مَنْ أَيْنَعَتْ لَهُ ثَمَرَتُهُ فَهُوَ يَهْدِيهَا قَتَلَ يَوْمَ أُحُدٍ فَلَمْ نَجِدْ مَا نُكْفِنُهُ إِلَّا بُرْدَةً إِذَا عُطِينَا بِهَا رَأْسُهُ خَرَجَتْ رِجْلَاهُ وَإِذَا عُطِينَا رِجْلَيْهِ خَرَجَ رَأْسُهُ

فَأَمَرَنَا النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنْ نُعْطِيَ رَأْسَهُ وَأَنْ نَجْعَلَ عَلَى رِجْلَيْهِ مِنْ
الْيَأْخِرِ

366- Хаббаб (р.а.) риуаят етті: «Алла тағаланың разылығын қалап Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге хижрат қылдық. Алла тағала бізге осы дүниеде нәсіп етуі ләзім болған жақсылықтарды ахиретте бермекке алып қалды. Өйткені арамыздан о дүниеге аттанғандардың бірде біреуі сол жақсылықтардың бір түйірін де көрген жоқ. Солардың бірі Мусғаб ибн Умайр. Бірақ арамызда осы дүниеде жақсылықтарын алып, жақсы өмір кешіп жүргендер де бар. Мусғаб болса, Үхуд соғысында өлтірілді. Оны кеткендеуге (үйінен) еш нәрсе таба алмадық. Басын жапса, аяғы, аяғын жапса, басы ашылып қалатын бір ғана шапаны бар екен. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) шапаны мен бас жағын орап, ал ашылып қалған аяғын изхирмен (қамыс) жабуды бұйырды», - деді.

27-бап. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) заманында өзіне кетін дайындап қойған кісіні сөгу туралы

367- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ حَدَّثَنَا ابْنُ أَبِي حَازِمٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ سَهْلِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ امْرَأَةً جَاءَتْ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِبُرْدَةٍ مَنسُوجَةٍ فِيهَا حَاشِيئُهَا أُتْرُوقٌ مَا الْبُرْدَةُ قَالُوا السَّمْلَةُ قَالَ نَعَمْ قَالَتْ نَسَجْتُهَا بِيَدِي فَجِئْتُ لِأَكْسُوكَهَا فَأَخَذَهَا النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مُحْتَاجًا إِلَيْهَا فَخَرَجَ إِلَيْنَا وَإِنَّهَا إِزَارُهُ فَحَسَنَتْهَا فُلَانٌ فَقَالَ اكْسِينِيهَا مَا أَحْسَنَتْهَا قَالَ الْقَوْمُ مَا أَحْسَنَتْ لِبِسَهَا النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مُحْتَاجًا إِلَيْهَا ثُمَّ سَأَلْتُهُ وَعَلِمْتُ أَنَّهُ لَا يَرُدُّ قَالَ إِنِّي وَاللَّهِ مَا سَأَلْتُهُ لِالْبِسَةِ إِنَّمَا سَأَلْتُهُ لِتَكُونَ كَفَنِي قَالَ سَهْلٌ فَكَانَتْ كَفَنَهُ

367- Саһл (р.а.) риуаят етті: «Бір әйел Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) шет-шетіне (өю-өрнек) тігілген көйлек алып келіп, сыйлады. Сонда: «Білемісіңдер, бұның қандай киім екенін?», - деп сұрадым. Сахабалар: «Бұл шамла (бүтін денені жауып тұратын киім)», - десті. Мен: «Иә дұрыс таптыңдар!», - дедім. Әлгі әйел Пайғамбарымызға (с.ғ.с.): «Бұны сізге әдейілеп өз қолыммен тігіп әкелдім», - деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оны өзіне қажет болғаннан соң алды. Кейін ішке кіріп (изардың орнына) белінен төмен орап шықты. Сонда пәленше (Абдуррахман ибн Ауф): «Сондай жақсы екен, маған кидіре (бере) салыңыз!», - деді. Сахабалар: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оны өзіне қажет болған соң алып еді, сен дұрыс қылмадың, сұраған нәрсеге жоқ деп айтпайтынын біліп, әдейі қылдың-ғой!», - десті. Сонда Абдуррахман: «Аллаға ант етіп айтамын, бұл көйлекті

Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) кию үшін сұрағаным жоқ, оны өзіме кебіндікке сақтап қоймақшымын»,- деді. Сол көйлек (кейіннен) оған кебіндік болды»,- деді.

28-бап. Әйелдердің жаназаға қатысуы туралы

368- حَدَّثَنَا قَبِيصَةُ بْنُ عُقْبَةَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ خَالِدِ الْحَدَّاءِ عَنْ أُمِّ الْهَدَيْلِ

عَنْ أُمِّ عَطِيَّةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ نُهِينَا عَنْ ابْتِاعِ الْجَنَائِزِ وَلَمْ يُعْرَمَ عَلَيْنَا

368- Үмму Атиййа (р.а.): «Бізді жаназаға қатынасуымыздан тыйды, бірақ та мүлдем тыйым салған жоқ»,- деді.

29-бап. Әйел адамның күйеуінен басқа жақындары қайтыс болғанда аза тұту уақыты туралы

369- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ حَدَّثَنَا بَشْرُ بْنُ الْمُفَضَّلِ حَدَّثَنَا سَلْمَةُ بْنُ عُلْقَمَةَ عَنْ مُحَمَّدِ

بْنِ سَيْرِينَ قَالَ ثَوْقِيُّ ابْنُ لِيٍّ عَطِيَّةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا فَلَمَّا كَانَ الْيَوْمَ الثَّلَاثِ دَعَتْ

بِصْفَرَةٍ فَتَمَسَّحَتْ بِهِ وَقَالَتْ نُهِينَا أَنْ نُحَدِّثَ أَكْثَرَ مِنْ ثَلَاثٍ إِلَّا بِزَوْجٍ

369- Мұхаммед ибн Сири (р.а.) риуаят етті: «Үмму Атиййаның (р.а.) ұл баласы өлді. Үшінші күні сафра (сары түсті боянатын нәрсе) әкелуді бұйырды. Келтірілгеннен соң, оны өзіне жағып: «Әйелдерге күйеуінен басқа жақындарына үш күннен артық аза тұту Мәкрух етілген»,- деді.

370- حَدَّثَنَا الْحُمَيْدِيُّ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ حَدَّثَنَا أَيُّوبُ بْنُ مُوسَى قَالَ أَخْبَرَنِي

حُمَيْدُ بْنُ نَافِعٍ عَنْ زَيْنَبَ بِنْتِ أَبِي سَلَمَةَ قَالَتْ لَمَّا جَاءَ نَعْيُ أَبِي سُفْيَانَ مِنَ الشَّامِ

دَعَتْ أُمُّ حَبِيبَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا بِصُفْرَةٍ فِي الْيَوْمِ الثَّلَاثِ فَمَسَّحَتْ عَارِضِيهَا

وَذَرَعَيْهَا وَقَالَتْ إِنِّي كُنْتُ عَنْ هَذَا لَعْنِيَّةٌ لَوْلَا أَنِّي سَمِعْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ

وَسَلَّمَ يَقُولُ لَا يَحِلُّ لِمَرْأَةٍ تُؤْمِنُ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ أَنْ تُحَدِّثَ عَلَى مَيِّتٍ فَوْقَ ثَلَاثٍ

إِلَّا عَلَى زَوْجٍ فَإِنَّهَا تُحَدِّثُ عَلَيْهِ أَرْبَعَةَ أَشْهُرٍ وَعَشْرًا

370- Зейнеп бинти Әбу Сәлама (р.а.) риуаят етті: «Шамнан Әбу Суфянның қайтыс болғандығы туралы хабар келгенде, үшінші күні Әбу Суфянның қызы Үмму Хабиба (Пайғамбарымыздың с.ғ.с. әйелі) сафра (сары түсті бояу) әкелуді бұйырды. Алып келген соң, оны бетіне, мандайына, құлақтарының айналасына және білектеріне жақты да: «Егерде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Аллаға және ахирет күніне иман келтірген

әйелдің мәйітке үш күннен артық аза тұтуы Мәкрух, ал күйеуі өлсе, төрт ай он күн (аза тұтады)» дегенінде, мен бұлай етпес едім»,- деді.

371- حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ حَدَّثَنِي مَالِكٌ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي بَكْرٍ بْنِ مُحَمَّدٍ بْنِ

عَمْرٍو بْنِ حَزْمٍ عَنْ حُمَيْدِ بْنِ نَافِعٍ عَنْ زَيْنَبَ بِنْتِ أَبِي سَلَمَةَ أَخْبَرَتْهُ قَالَتْ دَخَلْتُ عَلَى أُمِّ حَبِيبَةَ زَوْجِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَتْ سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ لَا يَحِلُّ لِمَرْأَةٍ تُؤْمِنُ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ تُحْدِثُ عَلَى مَيِّتٍ فَوْقَ ثَلَاثِ إِلَّا عَلَى زَوْجٍ أَرْبَعَةَ أَشْهُرٍ وَعَشْرًا ثُمَّ دَخَلْتُ عَلَى زَيْنَبَ بِنْتِ جَحْشٍ حِينَ تُوقِيْ أَخْوَهَا فَدَعَتْ بِطِيبٍ فَمَسَّتْ بِهِ ثُمَّ قَالَتْ مَا لِي بِالطَّيِّبِ مِنْ حَاجَةٍ غَيْرَ أَنِّي سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَلَى الْمِنْبَرِ يَقُولُ لَا يَحِلُّ لِمَرْأَةٍ تُؤْمِنُ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ تُحْدِثُ عَلَى مَيِّتٍ فَوْقَ ثَلَاثِ إِلَّا عَلَى زَوْجٍ أَرْبَعَةَ أَشْهُرٍ وَعَشْرًا

371- Зейнеп бинти Әбу Сәлама (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) әйелі Үмму Хабибаның алдына кірдім. Ол кісі маған: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Аллаға және ахирет күніне сенген әйелдің үш күннен артық қайтыс болған адамға аза тұтуы Мәкрух, күйеуі өлсе ғана төрт ай он күн аза тұтады»,- дегенін естігенмін»,- деді. Содан кейін, Зейнеп бинти Жаһштың алдына ағасы қайтыс болған кезде кірдім. Сонда олар хош иісті нәрселерді алып келуді бұйырды. Содан олардан өзіне сүртініп жағып: «Менің хош иісті нәрселерді себініп, жағуға көңілім жоқ-қой, бірақ та Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мінберде тұрып: «Аллаға және ахирет күніне сенген әйелдің қайтыс болған адамға үш күннен артық аза тұтуы Мәкрух, тек күйеуі өлсе ғана төрт ай он күн аза тұтады»,- дегенін естігенмін»,- деді.

30-бап. Қабірлерді зиярат ету туралы

372- حَدَّثَنَا آدَمُ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ حَدَّثَنَا ثَابِتٌ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ

قَالَ مَرَّ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِامْرَأَةٍ تَبْكِي عِنْدَ قَبْرِ فَقَالَ اتَّقِي اللَّهَ وَاصْبِرِي قَالَتْ إِنَّكَ عَنِّي فَإِنَّكَ لَمْ تُصَبِّ بِمُصِيبَتِي وَلَمْ تَعْرِفْهُ فَقِيلَ لَهَا إِنَّهُ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَنْتَ بَابَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَلَمْ تَحْدِثِي عِنْدَهُ بَوَائِبِنَ فَقَالَتْ لَمْ أَعْرِفْكَ فَقَالَ إِنَّمَا الصَّبْرُ عِنْدَ الصَّدْمَةِ الْأُولَى

372- Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қабірдің жанында жылап отырған бір әйелдің қасынан өтіп бара жатып оған: «Алладан қорқыңыз, сабыр етіңіз!», - деді. Сонда әлгі әйел: «Жолыңыздан қалмаңыз, сіздің басыңызға бұндай қайғы-қасірет түспеген-ғой!», - деді. Ол әйел Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) танымайтын еді. Адамдар оған: «Ол кісі Расулулла (с.ғ.с.) ғой», - десті. Содан кейін әлгі әйел Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) есігінің алдына келді. Қараса, есік алдында (патша сарайларында болатын) қақпа да жоқ. Әйел (ішке кіріп) Пайғамбарымызға (с.ғ.с.): «Сізді танымай қалыппын», - деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Адамның басына қиыншылық (мусибат) түскен алғашқы күндерде сабырлық қылу керек!», - деді.

31-бап. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) «Егер өлген кісі тірі кезінде өз отбасындағыларды өлген кісіге аза тұтқанда (тым артық) жылап-сықтауға үйретіп қойған болса, ол өлгенде (отбасындағылары) оған аза тұтып, қатты айғайлап (Аллаға қарсылық қылып) жыласа, ол қабірде азапталады», - дегені туралы

لَقَوْلِ اللَّهِ تَعَالَى قُوا أَنْفُسَكُمْ وَأَهْلِيكُمْ نَارًا وَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
كُلُّكُمْ رَاعٍ وَمَسْئُولٌ عَنْ رَعِيَّتِهِ فَإِذَا لَمْ يَكُنْ مِنْ سُنَّتِهِ فَهُوَ كَمَا قَالَتْ عَائِشَةُ رَضِيَ
اللَّهُ عَنْهَا لَا تَزُرُّ وَأَزْرَةٌ وَزُرُّ أُخْرَى وَهُوَ كَقَوْلِهِ وَإِنْ تَدْعُ مُثْقَلَةٌ دُنُوبًا إِلَى حِمْلِهَا
لَا يُحْمَلْ مِنْهُ شَيْءٌ وَمَا يُرَخِّصُ مِنَ الْبُكَاءِ فِي غَيْرِ نَوْحٍ وَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ
عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَا تُقْتَلُ نَفْسٌ ظُلْمًا إِلَّا كَانَ عَلَى ابْنِ آدَمَ الْأَوَّلِ كِفْلٌ مِنْ دَمِهَا وَذَلِكَ لِأَنَّهُ
أَوَّلُ مَنْ سَنَّ الْقَتْلَ

Алла тағала: «Әй мүміндер! Өздерінді әрі үй іштерінді отыны адамдар мен тастардан болған оттан қорғандар...⁴⁰», - деген.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Әр бірің бақташысыңдар және әр бірін өз қол астыларындағы кісілерге жауаптысыңдар. Егерде өлген кісі өзінің отбасын өлген кісіні аза тұтқанда, у-шу қылып, дауыс көтеріп жылауға үйретпеген болса, ол (қабірде азапталмайды), - деді.

Айша анамыздың (р.а.) айтқанындай, біреу біреудің істеген күнәсі үшін күнәһар болмайды. Мына аяттың да мағынасы тура сол туралы: «Егерде біреу өзінің қылған күнәларын көптігінен көтере алмай, басқа бір адамды шақырып, оған: «Бір бөлігін өзіңе ал!», - десе, ол түйірдей бөлігін де алмайды⁴¹», - деді.

Дауысты шығармай жылауға рұқсат берілгендігі туралы.

⁴⁰ 66. «әт-Тахрим», 6 аят.

⁴¹ 35. «Фатыр», - сүресі.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Біреуді біреу бостан-босқа өлтірмейді. Егерде бостан-босқа өлтірсе, онда Адамның ғ.с. тұнғышы Қабыл кенжесі Әбілді өлтіргені сияқты, оның күнәсіне ортақтасады. Өйткені ол дүниеде бірінші болып адам өлтіруді, нақактан-нақақ қан төгуді әдет қылғанның өзі»,- деді.

373- حَدَّثَنَا عَبْدَانُ وَمُحَمَّدٌ قَالَا أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ أَخْبَرَنَا عَاصِمُ بْنُ سُلَيْمَانَ

عَنْ أَبِي عُمَانَ قَالَ حَدَّثَنِي أُسَامَةُ بْنُ زَيْدٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ أُرْسِلَتْ ابْنَةُ

النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِلَيْهِ إِنَّ ابْنًا لِي فُبِضَ فَأَتَانَا فَأَرْسَلَ يُقْرِئُ السَّلَامَ وَيَقُولُ

إِنَّ لِلَّهِ مَا أَخَذَ وَلَهُ مَا أُعْطِيَ وَكُلُّ عِنْدَهُ بِأَجَلٍ مُسَمًّى فَلْتَصْبِرْ وَالتَّحْتَسِبْ فَأَرْسَلَتْ

إِلَيْهِ نَفْسِي عَلَيْهِ لِيَأْتِيَنَهَا فَقَامَ وَمَعَهُ سَعْدُ بْنُ عُبَادَةَ وَمَعَادُ بْنُ جَبَلٍ وَأَبِي بْنُ كَعْبٍ

وَزَيْدُ بْنُ ثَابِتٍ وَرَجَالٌ فَرَفَعَ إِلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الصَّبِيَّ وَنَفْسَهُ

تَتَفَعَّعُ قَالَ حَسْبُنُهُ اللَّهُ قَالَ كَأَنَّهُا شَنْ فَفَاضَتْ عَيْنَاهُ فَقَالَ سَعْدُ يَا رَسُولَ اللَّهِ مَا

هَذَا فَقَالَ هَذِهِ رَحْمَةٌ جَعَلَهَا اللَّهُ فِي قُلُوبِ عِبَادِهِ وَإِنَّمَا يَرْحُمُ اللَّهُ مَنْ عِبَادِهِ

الرُّحَمَاءِ

373- Усама ибн Зәйд (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қызы Зейнеп: «Ұлым жан тәсілім етейін деп жатыр, әке тезірек келіңіз!»,- деп Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) адам жіберді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оның бұл сөзіне жауап қылып: «Перзентті беретін де Алла тағала, оны қайтарып алатын да Алла тағала. Алла тағаланың алдында олардың өмірі анық белгіленіп қойылған. Өзіне Алла тағаладан сабыр қанағат тілеп, оның қалауына (қарсылық қылмай) бой ұсынсын!»,- деп айтып жіберді. Қызы: «Әкем міндетті түрде келсін!»,- деп тағыда адам жіберді. Бұл сөзді естіп Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) орнынан тұрды. Ол кісімен бірге Сағд ибн Убада, Мұғаз ибн Жәбал, Убай ибн Кағб, Зәйд ибн Сәбит және де бір қанша кісілер бірге барды. Барғаннан соң баланы Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) берісті. Бала жан тапсырайын деп жатқан хәлде болатын. Көргенімде бала ішінде суы жоқ торсықтай болып қалыпты, жаны тәнінен шығып кетейін деп тұрғандай еді. Бұны көріп Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) екі көзінен парлап жас ақты. Сонда Сағд: «Я Расулулла, бұныңыз не?!»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бұл көздің жасы-Алла тағаланың пенделерінің жүрегіне салып қойған рахметі! Алла тағала рахымды пенделеріне рахым қылады (яғни, бұл айқайлап жылап-сықтағандағы көздің жасы емес)»,- деді.

374- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مُحَمَّدٍ حَدَّثَنَا أَبُو عَامِرٍ حَدَّثَنَا فُلَيْحُ بْنُ سُلَيْمَانَ عَنْ هِلَالِ بْنِ عَلِيٍّ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ شَهِدْنَا بِنْتًا لِرَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ وَرَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ جَالِسٌ عَلَى الْقَبْرِ قَالَ فَرَأَيْتُ عَيْنَيْهِ تَدْمَعَانِ قَالَ فَقَالَ هَلْ مِنْكُمْ رَجُلٌ لَمْ يُقَارَفِ اللَّيْلَةَ فَقَالَ أَبُو طَلْحَةَ أَنَا قَالَ فَأَنْزَلَ قَالَ فَانزَلَ فِي قَبْرِهَا

374- Энас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қызы Үмму Гүлсімнің жаназасында едік. Қарасам, қабірдің жанында отаырған Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) көзінен парлап жас ағып жатыр екен. Содан кейін Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Араларыңда түнде әйелімен жақындық қылмаған адам бар ма?»,- деп сұрады. Сонда Талха: «Мен бармын»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ондай болса қабірге түс!»,- деді. Талха мәйітті (көтеріп) қоюға қабірге түсті»,- деді.

375- حَدَّثَنَا عَبْدَانُ حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ أَخْبَرَنَا ابْنُ جُرَيْجٍ قَالَ أَخْبَرَنِي عَبْدُ اللَّهِ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي مُلَيْكَةَ قَالَ ثُوْقَيْتُ ابْنَةَ لِعُثْمَانَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ بِمَكَّةَ وَجِئْنَا لِنَشْهَدَهَا وَحَضَرَهَا ابْنُ عُمَرَ وَابْنُ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا وَإِنِّي لَجَالِسٌ بَيْنَهُمَا أَوْ قَالَ جَلَسْتُ إِلَى أَحَدِهِمَا ثُمَّ جَاءَ الْآخِرُ فَجَلَسَ إِلَيَّ جَنِّبِي فَقَالَ عَبْدُ اللَّهِ بْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا لِعُمَرَ وَابْنِ عَبَّاسٍ قَالَ إِنَّا نَبُكَا أَهْلَهُ عَلَيْهِ فَقَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَدْ كَانَ عُمَرُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ يَقُولُ بَعْضَ ذَلِكَ ثُمَّ حَدَّثَ قَالَ صَدَرَتْ مَعَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ مِنْ مَكَّةَ حَتَّى إِذَا كُنَّا بِالْبَيْدَاءِ إِذَا هُوَ بِرَكْبٍ تَحْتَ ظِلِّ سَمْرَةٍ فَقَالَ اذْهَبْ فَأَنْظِرْ مَنْ هُوَ لَاءَ الرِّكْبِ قَالَ فَتَنْظَرْتُ فَإِذَا صُهِيبٌ فَأَخْبَرْتُهُ فَقَالَ ادْعُهُ لِي فَرَجَعْتُ إِلَى صُهِيبٍ فَقُلْتُ ارْتَحِلْ فَالْحَقَّ أَمِيرَ الْمُؤْمِنِينَ فَلَمَّا أُصِيبَ عُمَرُ دَخَلَ صُهِيبٌ يَبْكِي يَقُولُ وَآ أَخَاهُ وَآ صَاحِبَاهُ فَقَالَ عُمَرُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ يَا صُهِيبُ أَنْبِكِي عَلَيَّ وَقَدْ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنَّ الْمَيِّتَ يُعَذَّبُ بِبَعْضِ بُكَاءِ أَهْلِهِ عَلَيْهِ قَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا فَلَمَّا مَاتَ عُمَرُ رَضِيَ اللَّهُ

اللَّهُ عَنْهُ ذَكَرْتُ ذَلِكَ لِعَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا فَقَالَتْ رَحِمَ اللَّهُ عُمَرَ وَاللَّهِ مَا حَدَّثَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنَّ اللَّهَ لَيُعَذِّبُ الْمُؤْمِنَ بِبُكَاءِ أَهْلِهِ عَلَيْهِ وَلَكِنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِنَّ اللَّهَ لَيَزِيدُ الْكَافِرَ عَذَابًا بِبُكَاءِ أَهْلِهِ عَلَيْهِ وَقَالَتْ حَسْبُكُمْ الْقُرْآنُ وَلَا تَزُرُّ وَارِزَّةٌ وَزَرَ أَخْرَى قَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا عِنْدَ ذَلِكَ وَاللَّهُ هُوَ أَضْحَكَ وَأَبْكَى قَالَ ابْنُ أَبِي مُلَيْكَةَ وَاللَّهُ مَا قَالَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا شَيْئًا

375- Абдулла ибн Убайдулла ибн Әбу Мулайка (р.а.) риуаят етті: «Меккеде Османның (р.а.) қызы қайтыс болды. Жаназасына қатысқалы бардық. Жаназаға Ибн Омар мен Ибн Аббаста (р.а.) келді. Екіншісі менің қасыма келіп отырды. Абдулла ибн Омар (р.а.) Османның ұлы Амрге: «Әйелдерді жылаудан тоқтатсаңшы! Өйткені Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мәйіт өзінің туған-туысқандарының жылауынан (қабірде) азапталады, деген ғой!», - деді. Сол жерде отырып Ибн Аббас (р.а.) маған мына бір оқиғаны айтып берді.

«Хазреті Омармен (р.а.) бірге Меккеден (Мединеге) қайтып келе жатып Байда деген жерге жеткенімізде самура терегінің көлеңкесінде тұрған біреуді хазреті Омардың көзі шалды. Хазреті Омар (р.а.) маған: «Барып қарашы аналар кімдер екен?», - деді. Барып қарасам, Суһайб екен. Хазреті Омарға келіп айттым. Хазреті Омар: «Оны маған шақырып бер!», - деді. Мен Суһайбтың алдына барып: «Тұрыңыз, Әмир ул-Мүмининнің алдына барыңыз!», - дедім. Хазреті Омар (р.а.) Мединеге барғаннан соң, қайғыға тап болып (Хазреті Омарға біреу пышақ салып алған еді), Суһайб «Ой бауырым-ай, ой досым-ай» деп айқайлап жылап кірді. Сонда Хазреті Омар (р.а.): «Ей Суһайб, сен мені «айғайлап жоқтап» жылап жатырмысың?» Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мәйіт өзінің туыстарының (кейбір жыластарына) байланысты азапталады, деп айтқан», - деді. (яғни, бұл жерде Алла тағалаға тіл тигізіп бетін жыртып шашын жұлып аттандап, Алла тағаланың әміріне қарсылық қылып жылау айтылып тұр).

Хазреті Омар (р.а.) қайтыс болғаннан кейін, бұл сөзді Айша анамызға (р.а.) айттым», - дейді Ибн Аббас (р.а.), - сонда Айша анамыз: «Хазреті Омарға Алла тағала рахмет қылсын! Алла тағалаға ант етіп айтамын Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мұьмин адам өлгенде туған-туысы жыласа, Алла тағала оны азаптайды», - деп айтпаған, бірақ та Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Егерде кәпір адам өліп оның туыстары жыласа, Алла тағала оны қатты азаптайды», - деген. Сендерге Құранның өзі дәлел, бір-бірінің күнәсі үшін азапталмайды», - деп айтты. «Күлдірген де жылатқан да Алланың өзі!», - дедім. Аллаға ант етіп айтамын, Ибн Омар (р.а.) Ибн Аббастың осы риуаятын естіп, еш нәрсе демеді».

376- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي بَكْرٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَمْرَةَ بِنْتِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ أَنَّهَا أَخْبَرَتْهُ أَنَّهَا سَمِعَتْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا زَوْجَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَتْ إِنَّمَا مَرَّ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَلَى يَهُودِيَّةٍ يَبْكِي عَلَيْهَا أَهْلَهَا فَقَالَ إِنَّهُمْ لَيَبْكُونَ عَلَيْهَا وَإِنَّهَا لَتُعَدَّبُ فِي قَبْرِهَا

376- Амра бинти Абдуррахман Айша анамыздан былай деп естіген екен: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бір яһудий әйелдің қабірінің жанынан өтіп бара жатып оның туыстарының жылап отырғанын көрді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бұлар (өлген) әйелді аза тұтып жыласуда, ал ол әйел болса, қабірде азапталуда»,- деді.

377- حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ بْنُ خَلِيلٍ حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ مُسْهِرٍ حَدَّثَنَا أَبُو إِسْحَاقَ وَهُوَ الشَّيْبَانِيُّ عَنْ أَبِي بُرْدَةَ عَنْ أَبِيهِ قَالَ لَمَّا أُصِيبَ عُمَرُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ جَعَلَ صُهَيْبٌ يَقُولُ وَآ أَخَاهُ فَقَالَ عُمَرُ أَمَا عَلِمْتَ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِنَّ الْمَيِّتَ لَيُعَدَّبُ بِكُفَّاءِ الْحَيِّ

377- Әбу Бурданың атасы (р.а.) былай деген екен: «Омар (р.а.) қиналып (біреу пышақ салып алған еді) жатқан кезінде Суһайб (р.а.) «Ой бауырым-ай» деп жылай бастады. Сонда Омар (р.а.): «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Мәйіт тірілердің жылауы себепті азапталады, деп айтқанын білмеймісің?»,- деді.

32-бап. Қайтыс болған кісіге қатты дауыс шығарып (аттандап) жылаудың мәкрухтығы туралы

قَالَ عُمَرُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ دَعَاهُنَّ يَبْكِينَ عَلَى أَبِي سُلَيْمَانَ مَا لَمْ يَكُنْ نَفْعٌ أَوْ لَفْلَقَةٌ وَالنَّفْعُ التُّرَابُ عَلَى الرَّأْسِ وَاللَّفْلَقَةُ الصَّوْتُ

Хазреті Омар (р.а.): «Оларға тиме, Әбу Сүлейменге аза тұтып жылай берсін, бастарына топырақ шашып, аттандап жыламаса болды!»,- деді. Имам Бұхарий: «*Нақғ*-басына топырақ шашу, ал *лақлақа*- аттан салып жылау дегені»,- деді.

378- حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ عَبْدِ عُبَيْدٍ عَنْ عَلِيِّ بْنِ رَبِيعَةَ عَنْ الْمُغِيرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ سَمِعْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ إِنَّ كَذِبًا عَلَيَّ لَيْسَ

كَذَّبَ عَلَى أَحَدٍ مِّنْ كَذَّبَ عَلَيَّ مُنْعَمًا فَلْيَبْتَوِّأْ مَفْعَدَهُ مِنَ النَّارِ سَمِعْتُ النَّبِيَّ صَلَّى
اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ مَنْ نِيحَ عَلَيْهِ يُعَدَّبُ بِمَا نِيحَ عَلَيْهِ

378- Муғйра (р.а.): «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) былай дегенін естігенмін», - деді: «Әлбетте, менің атымнан жалған сөз айту басқа бір адамның атынан өтірік сөз айту сияқты емес. Кімде-кім менің атымнан жалған сөз айтса, өзіне тозақтан орын дайындай берсін! Кімде-кім өлген кісіге аттан салып жыласа, (аттан салып жылағаны себепті) сол мәйіт азапқа салынады», - деді.

379- حَدَّثَنَا عَبْدَانُ قَالَ أَخْبَرَنِي أَبِي عَنْ شُعْبَةَ عَنْ قَتَادَةَ عَنْ سَعِيدِ بْنِ
الْمُسَيَّبِ عَنْ ابْنِ عُمَرَ عَنْ أَبِيهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
قَالَ الْمَيِّتُ يُعَدَّبُ فِي قَبْرِهِ بِمَا نِيحَ عَلَيْهِ تَابَعَهُ عَبْدُ الْأَعْلَى

379- Ибн Омардың (р.а.) атасы риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мәйіт оған айқайлап, аттандап аза тұтып, жылауларының себепінен қабірде азапталады», - деп айтты», - деді.

380- حَدَّثَنَا يَزِيدُ بْنُ زُرَيْعٍ حَدَّثَنَا سَعِيدٌ حَدَّثَنَا قَتَادَةُ وَقَالَ آدَمُ عَنْ شُعْبَةَ
الْمَيِّتُ يُعَدَّبُ بِبُكَاءِ الْحَيِّ عَلَيْهِ

380 - Шуғба (р.а.): «Мәйіт, оған аза тұтушы (артындағы) тірілердің жылауы себепінен (қабірде) азапталады», - деді.

33-бап.

381- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ حَدَّثَنَا ابْنُ الْمُكَدَّرِ قَالَ سَمِعْتُ
جَابِرَ بْنَ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ جِئْتُ بِأَبِي يَوْمَ أُحُدٍ فَذُ مَثَلٍ بِهِ حَتَّى
وُضِعَ بَيْنَ يَدَيْ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَقَدْ سُجِّيَ ثَوْبًا فَدَهَبْتُ أُرِيدُ أَنْ
أَكْشِفَ عَنْهُ فَتَهَانِي قَوْمِي ثُمَّ دَهَبْتُ أَكْشِفُ عَنْهُ فَتَهَانِي قَوْمِي فَأَمَرَ رَسُولُ اللَّهِ
صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَرَفَعَ فَسَمِعَ صَوْتَ صَائِحَةٍ فَقَالَ مَنْ هَذِهِ فَقَالُوا ابْنَةُ عَمْرٍو
أَوْ أُخْتُ عَمْرٍو قَالَ فَلِمَ تَبْكِي أَوْ لِمَ تَبْكِي فَمَا زَالَتِ الْمَلَائِكَةُ تُظِلُّهُ بِأَجْنِحَتَيْهَا حَتَّى
رُفِعَ

381- Ибн ул-Мункадирға Жәбир ибн Абдулла (р.а.) былай деп риуаят еткен екен: «Үһүд соғысы күні әкемнің мәйітін киіміне ораған бойы Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына алып келді де, ол кісінің құлағы мен мұрнының кесіліп тасталғаны туралы айтты. Мен барып бетін ашпақшы болып едім, көпшілік рұқсат етпеді. Содан соң тағыда барып ашпақшы болып едім, көпшілік және рұқсат етпеді. Содан кейін тағыда барып ашпақшы болып едім, көпшілік бұл жолы да рұқсат етпеді. Кейіннен Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өзі «ашыңдар!», - деп бұйырды. Бетін ашты. Сонда бір әйелдің аттандаған дауысы естілді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ол кім?», - деді. Амрдың қызы әлде Амрдың қарындасы», - десті. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жыламасын!», - деді. Кейін табытты көтергенше періштелер қанаттарымен әкемнің үстіне көлеңке қылып тұрысты», - деді.

34-бап. Аза тұтқан кезде жағасын жыртып, аттандап жылаған адам бізден емес (мұсылман емес)!

382- حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ حَدَّثَنَا زُبَيْدُ الْيَامِيُّ عَنْ إِبْرَاهِيمَ عَنْ

مَسْرُوقٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَيْسَ مِنَّا مَنْ لَطَمَ الْخُدُودَ وَشَقَّ الْجُيُوبَ وَدَعَا بِدَعْوَى الْجَاهِلِيَّةِ

382- Абдулла ибн Масғуд (р.а.) риуаят етті. «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім (қайғы-қасіретке душар болғанда) өзінің бетін тырнап, жағасын жыртып, Исламнан бұрынғы надандық дәуірдегі адамдардың орынсыз сөздерін айтып жыласа, ол бізден емес!», - деді.

35-бап. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Сағд ибн Хаулаға мәрсия (жоқтау) айтқаны туралы

383- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ عَامِرِ بْنِ

سَعْدِ بْنِ أَبِي وَقَّاصٍ عَنْ أَبِيهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَعُودُنِي عَامَ حَجَّةِ الْوَدَاعِ مِنْ وَجَعِ اسْتَدَّ بِي فَقُلْتُ إِنِّي قَدْ بَلَغَ بِي مِنَ الْوَجَعِ وَأَنَا ذُو مَالٍ وَلَا يَرْتْنِي إِلَّا ابْنَةُ أَفَاتَصَدَّقْ بِنْتُي مَالِي قَالَ لَا فَقُلْتُ بِالشَّطْرِ فَقَالَ لَا ثُمَّ قَالَ الثُّلُثُ وَالثُّلُثُ كَبِيرٌ أَوْ كَثِيرٌ إِنَّكَ أَنْ تَدْرَ وَرَتَّتَكَ أَغْنِيَاءَ خَيْرٌ مِنْ أَنْ تَدْرَهُمْ عَالَةً يَتَكَفَّفُونَ النَّاسَ وَإِنَّكَ لَنْ تُنْفِقَ نَفَقَةً تَبْتَغِي بِهَا وَجَهَ اللَّهُ إِلَّا أُجِرْتَ بِهَا حَتَّى مَا تَجْعَلَ فِي فِي أَمْرَاتِكَ فَقُلْتُ يَا رَسُولَ اللَّهِ أَخْلَفُ بَعْدَ أَصْحَابِي قَالَ إِنَّكَ لَنْ تُخَافَ

فَعَمَلٌ عَمَلًا صَالِحًا إِنَّا ازْدَدْتَهُ بِهِ دَرَجَةً وَرَفَعَةً ثُمَّ لَعَلَّكَ أَنْ تُخَلَّفَ حَتَّى يَنْتَفِعَ بِكَ أَقْوَامٌ وَيُضِرَّ بِكَ آخِرُونَ اللَّهُمَّ أَمْضِ لِأَصْحَابِي هِجْرَتَهُمْ وَلَا تُرُدَّهُمْ عَلَى أَعْقَابِهِمْ لَكِنَّ الْبَائِسُ سَعْدُ بْنُ حَوْلَةَ يَرِثِي لَهُ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنْ مَاتَ بِمَكَّةَ

383- Амр ибн Сағдқа атасы Сағд ибн Хаула (р.а.) былай деген екен: «Хажжат ул-Уадағ жылы мен қатты науқас болдым. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мені көргелі келді. Сонда мен: «Науқасым күшейіп кетті, жағдайым нашар. Мен дәулетті адаммын. Бір қызымнан басқа мұрагерлік алатын адамым жоқ. Малымның 1/3 бөлігін (кедейлерге) таратайын ба?»,- деп сұрадым. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жоқ»,- деді. Мен: «Жартысын садақа қылайын ба?»,- дедім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тағы да: «Жоқ»,- деді. Содан соң: «1/3...1/3 бөлігі де өте көп нәрсе, әлбетте сен балаларыңды адамдардан тіленетін кедей қылып қалдырғанынан гөрі, дәулеттірек қылып қалдырғаның абзал. Егерде сен хайыр-садақа үшін малыңды жұмсайтын болсаң, әрине оның есесіне Алла тағаладан сауап аласың, тіпті әйеліңнің аузына салып қойған нәрсең үшін де»,-деп қосып қойды. Мен: «Я Расулудла, мен сахаба бауырларымның артында қаламын ба (яғни, айығып кетер ме екенмін)?»,- дедім. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сен сахаба бауырларыңнан кейін қалып, жақсы амал қылсаң, бұның есесіне Алла тағаланың алдында дәреже мәртебең биік болады. Ал егерде кейін қалсаң, сенен бір қанша мүъминдер пайда көрсе, ал бір қанша мүшіріктер зиян тартса! Иләһи, сахабаларымның хижратын қатерсіз қыл, оларды (Мединеден) артқа қайтарма!»,- деді.

Бірақ бейшара Сағд ибн Хаула Меккеде қайтыс болғанда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оған жоқтау айтты.

36-бап. Қайғы-қасрет (кісі қайтыс) болғанда шашты жұлудан қайтару туралы

قَالَ الْحَكْمُ بْنُ مُوسَى حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ حَمْرَةَ عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ جَابِرٍ أَنَّ الْقَاسِمَ بْنَ مَخْيِمَةَ حَدَّثَهُ قَالَ حَدَّثَنِي أَبُو بُرْدَةَ بْنُ أَبِي مُوسَى رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ وَجَعَ أَبُو مُوسَى وَجَعًا شَدِيدًا فَعُشِيَ عَلَيْهِ وَرَأْسُهُ فِي حَجْرٍ امْرَأَةٍ مِنْ أَهْلِهِ فَلَمْ يَسْتَطِعْ أَنْ يَرُدَّ عَلَيْهَا شَيْئًا فَلَمَّا أَفَاقَ قَالَ أَنَا بَرِيءٌ مِمَّنْ بَرِيءٌ مِنْهُ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بَرِيءٌ مِنَ الصَّالِقَةِ وَالْحَالِقَةِ وَالشَّاقَّةِ

Әбу Бурда ибн Әбу Мұса (р.а.) риуаят етті: «Әбу Мұса (атам) қатты науқас болып қалып, әлсіреді. Бас әйелдерінің бірінің құшағында болып, бір ауыз сөз айталмай қалды. Әл-қуаты кіріп есіне келген соң: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) кімнен жиіркенген болса, мен де содан жиіркенемін. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Басына қайғы-қасірет түскенде аттан салып, шашын жұлып, жағасын жыртқан әйелдерден жиіркенемін!»-дейтін еді», - деп айтты.

37-баб. Басына қайғы-қасірет түскенде өз-өзін шапалақтап ұрып, аттан салғандар бізден емес (мұсылман емес)

384- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ بَشَّارٍ حَدَّثَنَا عَبْدُ الرَّحْمَنِ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنِ الْأَعْمَشِ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ مُرَّةَ عَنْ مَسْرُوقٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ لَيْسَ مِنَّا مَنْ ضَرَبَ الْخُدُودَ وَشَقَّ الْجُيُوبَ وَدَعَا بِدَعْوَى الْجَاهِلِيَّةِ

384- Абдулла ибн Масғуд (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім өзінің бетін ұрып, жағасын жыртып, аттан салып Исламнан бұрынғы адамдардың шариғатқа дұрыс емес істерін қылса, ол бізден емес!», - деді.

38-баб. Басына қайғы-қасірет түскенде надандық дәуірдегідей аттандап, шариғатқа дұрыс емес сөздерді айтып, жылаудан қайтару

385- حَدَّثَنَا عُمَرُ بْنُ حَفْصٍ حَدَّثَنَا أَبِي حَدَّثَنَا الْأَعْمَشُ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ مُرَّةَ عَنْ مَسْرُوقٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَيْسَ مِنَّا مَنْ ضَرَبَ الْخُدُودَ وَشَقَّ الْجُيُوبَ وَدَعَا بِدَعْوَى الْجَاهِلِيَّةِ

385- Абдулла ибн Масғуд (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Басына қайғы-қасірет түскенде надандық дәуірдегідей шариғатқа қарсы сөздерді айтып, жаға жыртып, бетін (тырнап) ұрып жылаған адам – бізден емес!» - деді.

39-баб. Басына қайғы-қасірет түскен адамның қайғысы бетінен білініп тұрса...

386- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ الْمُثَنَّى حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَهَّابِ قَالَ سَمِعْتُ يَحْيَى قَالَ أَخْبَرْتَنِي عَمْرَةٌ قَالَتْ سَمِعْتُ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ لَمَّا جَاءَ النَّبِيُّ صَلَّى

اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَتَلَ ابْنَ حَارِثَةَ وَجَعْفَرَ وَابْنَ رَوَاحَةَ جَلَسَ يُعْرِفُ فِيهِ الْحُزْنَ وَأَنَا
 أَنْظِرُ مِنْ صَائِرِ الْبَابِ شَقَّ الْبَابِ فَأَتَاهُ رَجُلٌ فَقَالَ إِنَّ نِسَاءَ جَعْفَرَ وَذَكَرَ بُكَاءَهُنَّ
 فَأَمَرَهُ أَنْ يَنْهَاهُنَّ فَذَهَبَ ثُمَّ أَتَاهُ الثَّانِيَةَ لَمْ يُطِعْنَهُ فَقَالَ انْهَيْنَنَّ فَأَتَاهُ الثَّلَاثَةَ قَالَ وَاللَّهِ
 لَقَدْ عَلَبْنَا يَا رَسُولَ اللَّهِ فَرَزَعَمْتَ أَنَّهُ قَالَ فَاحْتُ فِي أَقْوَاهِنَّ الثَّرَابَ فَقُلْتُ أُرْغَمَ
 اللَّهُ أَنْفَاكَ لَمْ تَفْعَلْ مَا أَمَرَكَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَلَمْ تَتْرُكْ رَسُولَ
 اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنَ الْعَنَاءِ

386- Айша анамыз риуаят етті: «Ибн Хариса, Жағфар және ибн Рауахалардың өлтірілгендері туралы хабар келген күні Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мешітте отырғанда қайғысы жүзінен білініп тұрды. Сонда мен есіктің сыртынан қарап тұрған едім. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына бір кісі келіп, Жағфардың әйелінің жылап жатқанын айтты. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оларды жылаудан тоқтатуды бұйырды. Әйелдерді жұбатпаққа кеткен адам қайтып келіп: «Олар бой ұсынбай жатыр»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тағы да: «Тұр, барып оларды жылауларынан тоқтат!»,- деді. Ол кісі және қайтып келіп: «Я, Расулулла, Аллаға ант етемін, әйелдер бізге бой ұсынбай жатыр»,- деді. Сонда мен: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) баяғы кісіге: бар да әйелдердің бетіне топырақ шаш!- деп айтты деп ойлап, «Алла тағала мұрныңды жер иіскетсін! Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) айтқандарын істемей, ол кісіні қинап қойдың ғой! – дедім.

387- حَدَّثَنَا عَمْرُو بْنُ عَلِيٍّ حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ فُضَيْلٍ حَدَّثَنَا عَاصِمُ الْأَحْوَلُ
 عَنْ أَنَسِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَتَلَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ شَهْرًا حِينَ
 قُتِلَ الْفُرَاءُ فَمَا رَأَيْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حَزَنَ حُزْنًا قَطُّ أَشَدَّ مِنْهُ

387- Анас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Нажид тайпасына жіберілген қарилардың өлтірілгенінде бір ай бойы «күнұт» дұғасын оқыды. Мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) осы кезден басқа уақытта қатты қайғырғанын көрген емеспін», - деді.

40-баб. Басына қайғы-қасірет түскенде қайғысын білдірмеген адам туралы

قَالَ مُحَمَّدُ بْنُ كَعْبٍ الْفُرَظِيُّ الْجَزَعُ الْقَوْلُ السَّيِّئُ وَالظَّنُّ السَّيِّئُ وَقَالَ
 يَعْقُوبُ عَلَيْهِ السَّلَامُ إِنَّمَا أَشْكُو بَنِي وَحْزَنِي إِلَى اللَّهِ

Мұхаммед ибн Кағба (р.а.): «жазаъ сөзі – жаман сөз айту және жаман ойларға бару, Алла тағаланың ахиретте беретін жақсылықтарынан үмітсіз болу», - деді.

Жақып ғ.с.: «Мен өзімнің мұнымды жалғыз Алла тағаланың өзіңе шағамын», - деді.

388- حَدَّثَنَا يَشْرُ بْنُ الْحَكَمِ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ بْنُ عُيَيْنَةَ أَخْبَرَنَا إِسْحَاقُ بْنُ عَبْدِ

اللَّهِ بْنِ أَبِي طَلْحَةَ أَنَّهُ سَمِعَ أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ يَقُولُ اشْتَكَى ابْنُ لِأَبِي

طَلْحَةَ قَالَ فَمَاتَ وَأَبُو طَلْحَةَ خَارِجٌ فَلَمَّا رَأَتْ أَمْرَأَهُ أَنَّهُ قَدْ مَاتَ هَيَّأَتْ شَيْئًا

وَوَحَّتَهُ فِي جَانِبِ الْبَيْتِ فَلَمَّا جَاءَ أَبُو طَلْحَةَ قَالَ كَيْفَ الْعُلَامُ قَالَتْ قَدْ هَدَأَتْ نَفْسُهُ

وَأَرْجُو أَنْ يَكُونَ قَدْ اسْتَرَّاحَ وَظَنَّ أَبُو طَلْحَةَ أَنَّهَا صَادِقَةٌ قَالَ فَبَاتَ فَلَمَّا أَصْبَحَ

اعْتَسَلَ فَلَمَّا أَرَادَ أَنْ يَخْرُجَ أَعْلَمْتُهُ أَنَّهُ قَدْ مَاتَ فَصَلَّى مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ

وَسَلَّمَ ثُمَّ أَخْبَرَ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِمَا كَانَ مِنْهُمَا فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى

اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَعَلَّ اللَّهُ أَنْ يُبَارِكَ لَكُمْ فِي لَيْلَتِكُمْ قَالَ سُفْيَانُ فَقَالَ رَجُلٌ مِنْ

الْأَنْصَارِ فَرَأَيْتُ لَهُمَا تِسْعَةَ أَوْلَادٍ كُلُّهُمْ قَدْ قَرَأَ الْقُرْآنَ

432- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Алла тағала Меккені қасиетті де құрметті қылды. Онда қан төгу, менен де бұрынғы бірде-бір кісіге рұқсат етілмеген. Менен кейін де бірде-бір кісіге рұқсат етілмейді. Маған болса, Меккені алған күні бір сағат қана соғыс қылуыма рұқсат етілді. Меккенің көгерген көк шөптерін жұлу ағаштарын сындыру

мәкрух! Онда аң ауланбайды, түсіп қалған нәрсеге тисілмейді. Түсіп қалған нәрсені адамдарға жариялап айту үшін ғана қолға алуға болады»,- деді. Сонда мен: «Қамысты сындырып алуға рұқсат беріңіз, өйткені біз одан бояу аламыз және қабірді жапқанда пайдаланамыз»,- дедім. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Қамысты болса, мейлі!»,- деді. Әбу Хурайра (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сонда: «Қабірлеріміз бен үйлеріміз үшін болса, мейлі!»,- деп айтты»,- деді.

76-бап. Мәйіт, бірер себептерге байланысты қабірден қайтадан шығарылады ма?

433- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ قَالَ عَمْرُو سَمِعْتُ جَابِرَ بْنَ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ أَتَى رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ أَبِي بَعْدَ مَا أُدْخِلَ حُفْرَتَهُ فَأَمَرَ بِهِ فَأُخْرِجَ فَوَضَعَهُ عَلَى رُكْبَتَيْهِ وَنَفَثَ عَلَيْهِ مِنْ رِيقِهِ وَالْبَسَهُ قَمِيصَهُ فَاللَّهُ أَعْلَمُ وَكَانَ كَسَا عَبَّاسًا قَمِيصًا قَالَ سُفْيَانُ وَقَالَ أَبُو هَارُونَ يَحْيَى وَكَانَ عَلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَمِيصَانِ فَقَالَ لَهُ ابْنُ عَبْدِ اللَّهِ يَا رَسُولَ اللَّهِ أَلَيْسَ أَبِي قَمِيصَكَ الَّذِي يَلِي جِذْكَ قَالَ سُفْيَانُ فَيُرَوْنَ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَلْبَسَ عَبْدَ اللَّهِ قَمِيصَهُ مُكَافَأَةً لِمَا صَنَعَ

433- Жәбир ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Абдулла ибн Убай қабірге қойылғаннан соң келіп, оны қайтадан қабірден шығаруды бұйырды. Абдулланы қабірден шығарып алды. Содан соң Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Абдулланың басын тізесіне қойып, дем салды да , оған өзінің көйлегін кидірді. (бұның себебін Алла тағала біледі). Абдулла тірі кезінде Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ағасына бір көйлек кидірген еді. Суфян мен Әбу Хурайра (р.а.) былай деседі: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) екі көйлегі болып, бір күні Абдулланың ұлы: «Я Расулалла, үстіңіздегі көйлеңізді әкеме кидіріңіз!»,- деп айтты. «Сахабалар, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Абдулланың ағасына қылған жақсылығының орнына өзінің көйлегін берді, деп ойласты»,- деді Суфян.

434- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ أَخْبَرَنَا بِشْرُ بْنُ الْمُفَضَّلِ حَدَّثَنَا حُسَيْنُ الْمُعَلَّمُ عَنْ عَطَاءِ عَنِ جَابِرِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ لَمَّا حَضَرَ أَحَدٌ دَعَانِي أَبِي مِنَ اللَّيْلِ فَقَالَ مَا أُرَانِي إِلَّا مَقْتُولًا فِي أَوَّلِ مَنْ يُقْتَلُ مِنْ أَصْحَابِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَإِنِّي لَأُتْرِكُ بَعْدِي أَعَزَّ عَلَيَّ مِنْكَ غَيْرَ نَفْسِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَإِنَّ عَلَيَّ دَيْنًا

فَاقْضِ وَأَسْتَوْصِ بِأَخْوَاتِكَ خَيْرًا فَأَصْبَحْنَا فَكَانَ أَوَّلَ قَتِيلٍ وَدُفِنَ مَعَهُ آخِرُ فِي قَبْرِ
ثُمَّ لَمْ تَطِبْ نَفْسِي أَنْ أَثْرُكُهُ مَعَ الْآخِرِ فَاسْتَخْرَجْتُهُ بَعْدَ سِنَةٍ أَشْهُرٍ فَإِذَا هُوَ كَيَوْمِ
وَضَعْتُهُ هُنَيْئَةً غَيْرَ أُدْبِهِ

434- Жәбир ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Үһуд соғысы болып жатқан күндердің бірінде түнде мені әкем шақырып: «Байқауымша, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сахабаларынан ең бірінші болып мен шаһид болатынға ұқсаймын. Менің қарызым бар, оны өте апа-сінділеріне жақсылық қыл!»,- деді. Таң атты. Айтқанындай әкем бірінші болып шаһид болды. Әкеме қосып және бір адамды қабірге қойды. Әкемді басқа бір кісімен бір қабірде қалдыруды көңілім қаламады. Алты айдан соң әкемді қабірден қайтадан қазып алдым. Байқап қарасам, ол кісі құдды бүгін ғана қабірге қойылғандай жатыр екен. Тек құлақтарының бірі ғана сәл өзгерген екен»,- деді.

435- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ عَامِرٍ عَنْ شُعْبَةَ عَنْ ابْنِ أَبِي نَجِيحٍ
عَنْ عَطَاءٍ عَنْ جَابِرِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ دُفِنَ مَعَ أَبِي رَجُلٌ فَلَمْ تَطِبْ نَفْسِي حَتَّى
أَخْرَجْتُهُ فَجَعَلْتُهُ فِي قَبْرِ عَلِيٍّ حِدَةً

435- Жәбир (р.а.) риуаят етті: «Әкеме қосып және бір кісіні қабірге қойды. Әкемді басқа бір кісімен бір қабірде қалдыруды көңілім қаламады. Содан соң әкемді қабірден қазып алып, жалғыз өзін (онаша қабірге) қайтадан жерледім»,- деді.

77-бап. Қабірді ақым немесе жарма қылып қазу туралы

436- حَدَّثَنَا عَبْدَانُ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ أَخْبَرَنَا اللَّيْثُ بْنُ سَعْدٍ قَالَ حَدَّثَنِي ابْنُ شِهَابٍ
عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ كَعْبِ بْنِ مَالِكٍ عَنْ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ
كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَجْمَعُ بَيْنَ رَجُلَيْنِ مِنْ قَتْلَى أُحُدٍ ثُمَّ يَقُولُ أَيُّهُمُ
أَكْثَرُ أَخْذًا لِلْقُرْآنِ فَإِذَا أُشِيرَ لَهُ إِلَى أَحَدِهِمَا قَدَّمَهُ فِي اللَّحْدِ فَقَالَ أَنَا شَهِيدٌ عَلَى
هَؤُلَاءِ يَوْمَ الْقِيَامَةِ فَأَمَرَ بِدَفْنِهِمْ بِدِمَائِهِمْ وَلَمْ يُغَسِّلْهُمْ

436- Жәбир ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Үһуд соғысында шаһид болғандардың әр бір екеуін бір қабірге қойдыратын еді. Қабірге қойылмастан бұрын: «Бұлардың қайсысы Құранды көбірек білуші еді?»,- деп сұрайтын. Қайсы бірін көрсетіссе, соны ақымға бірінші қойдыратын еді. Содан соң, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мен бұларға қиямет

күні куәмін!»,- деп айтатын. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) шаһидтердің жарақаттарындағы қандарын жудырмай және ғұсыл алдыртпай жерлететін»,- деді.

78-бап. Егерде жас бала исламға кіре салысымен қайтыс болса, оған жаназа намазы оқылады ма?

قَالَ الْحَسَنُ وَشَرِيحُ وَإِبْرَاهِيمُ وَقَتَادَةُ إِذَا أَسْلَمَ أَحَدُهُمَا قَالُوا لِدَعْوَةِ الْمُسْلِمِ وَكَانَ ابْنُ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا مَعَ أُمِّهِ مِنَ الْمُسْتَضْعَفِينَ وَلَمْ يَكُنْ مَعَ أَبِيهِ عَلَى دِينِ قَوْمِهِ وَقَالَ الْإِسْلَامُ يَعْلُو وَلَا يُعْلَى

Хасан Басрий, Шұрайх, Ибраһим мен Қатадалар былай дескен екен: «Егер де бірер отбасыдағы ата-ананың бірі Исламға кірсе, олардың балалары да Исламға кірген болып есептеледі. Мысалы; Ибн Аббастың (р.а.) өзінде өзінің қауымының дінінде қалған әкесімен емес Ислам әлсіз болып тұрған кезде мұсылман болған анасымен бірге болатын. Ислам ең ұлы үстем дін, одан басқа ұлы үстем дін жоқ!».

437- حَدَّثَنَا عَبْدَانُ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ عَنْ يُونُسَ عَنِ الزُّهْرِيِّ قَالَ أَخْبَرَنِي سَالِمُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ أَنَّ ابْنَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَخْبَرَهُ أَنَّ عُمَرَ انْطَلَقَ مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي رَهْطٍ قَبِلَ ابْنُ صَيَّادٍ حَتَّى وَجَدُوهُ يَلْعَبُ مَعَ الصَّبِيَّانِ عِنْدَ أُطْمِ بَنِي مَعَالَةَ وَقَدْ قَارَبَ ابْنُ صَيَّادٍ الْحُتْمَ فَلَمْ يَشْعُرْ حَتَّى ضَرَبَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِيَدِهِ ثُمَّ قَالَ لِيَا ابْنَ صَيَّادٍ تَشْهَدُ أَنِّي رَسُولُ اللَّهِ فَانظُرْ إِلَيْهِ ابْنُ صَيَّادٍ فَقَالَ أَتَشْهَدُ أَنَّكَ رَسُولُ الْأُمِّيِّينَ فَقَالَ ابْنُ صَيَّادٍ لِلنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَأَسَلَّمَ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَتَشْهَدُ أَنِّي رَسُولُ اللَّهِ فَرَفَضَهُ وَقَالَ آمَنْتُ بِاللَّهِ وَبِرَسُولِهِ فَقَالَ لَهُ مَاذَا تَرَى قَالَ ابْنُ صَيَّادٍ يَا نَبِيَّ صَادِقٌ وَكَاذِبٌ فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ خُلِّطَ عَلَيْكَ الْأَمْرُ ثُمَّ قَالَ لَهُ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنَّي قَدْ خَبَأْتُ لَكَ خَبِيئًا فَقَالَ ابْنُ صَيَّادٍ هُوَ الدُّخُّ فَقَالَ اخْسَأْ فَلَنْ تَعْدُوَ قَدْرَكَ فَقَالَ عُمَرُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ دَعْنِي يَا رَسُولَ اللَّهِ أُضْرِبُ عَنْقَهُ فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنْ يَكُنْهُ فَلَنْ نُسَلِّطَ عَلَيْهِ وَإِنْ لَمْ يَكُنْهُ فَلَا خَيْرَ لَكَ فِي قَتْلِهِ وَقَالَ سَالِمٌ سَمِعْتُ ابْنَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يَقُولُ انْطَلَقَ بَعْدَ

ذَلِكَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَأَبِي بَنُ كَعْبٍ إِلَى النَّخْلِ الَّتِي فِيهَا ابْنُ صَيَّادٍ وَهُوَ يَخْتَلُّ أَنْ يَسْمَعَ مِنْ ابْنِ صَيَّادٍ شَيْئًا قَبْلَ أَنْ يَرَاهُ ابْنُ صَيَّادٍ فَرَأَهُ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَهُوَ مُضْطَجِعٌ يَعْنِي فِي قَطِيفَةٍ لَهُ فِيهَا رَمْرَمَةٌ أَوْ زَمْرَةٌ فَرَأَتْ أُمُّ ابْنِ صَيَّادٍ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَهُوَ يَبْقَى بِجُدُوعِ النَّخْلِ فَقَالَتْ لِابْنِ صَيَّادٍ يَا صَافٍ وَهُوَ اسْمُ ابْنِ صَيَّادٍ هَذَا مُحَمَّدٌ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَتَارَ ابْنُ صَيَّادٍ فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَوْ تَرَكَتَهُ بَيْنَ وَقَالَ شَعِيبٌ فِي حَدِيثِهِ فَرَقَصَهُ رَمْرَمَةٌ أَوْ زَمْرَمَةٌ وَقَالَ إِسْحَاقُ الْكَلْبِيُّ وَعَقِيلٌ رَمْرَمَةٌ وَقَالَ مَعْمَرٌ رَمْرَمَةٌ

437- Сәлим ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Хазреті Омар (р.а.) Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) және бір топ адамдармен бірге Ибн Сайиад өмір сүретін жаққа барды. Ибн Сайиадты Бәний Муғала қамалының жанында балалармен ойнап отырған жерінен кезіктірді. Ибн Сайиадтың балағат жасына жетейін деп қалған кезі еді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мүбәрак қолымен оның желкесінен түрткенге дейін ол Пайғамбарымыздың келгенін сезбеді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Менің Алла тағаланың елшісі екеніме куәлік бер!»,- деді. Ибн Сайиад Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) қарап: «Куәлік етемін, сіз, шындығында умийлардың (сауатсыздардың) Пайғамбарысыз бірақ сіз өзіңізде менің Алла тағаланың елшісі екендігіме куәлік бересіз бе?»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оның сөзін қайтарып: «Мен Алла тағалаға және оның Пайғамбарларына иман келтіремін, сен не демекшісің өзі?»,- деді. Ибн Сайиад: «Менің ойыма кейде шын ал кейде жалған сөздер келеді»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сені шайтан азғырады, мен саған көңілімдегі бір сөзді айтайын!»,- деді. Сайиад: «Дух...» дегенінше, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Үндемей тұр, сен ешқашанда Пайғамбарларға келетін уәхиден хабардар бола алмайсың!»,- деді. Шындығында Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «**Фа-ртақиб йаума таътийу-с-самаъу би-духанин мубийнин**» деген аятты оқымақшы болған еді. Ибн Сайиад сол аяттағы «Духан» (түтін) сөзіне ишара қылған еді. (аяттын мағынасы: «**Аспанды түтін қаптайтын күнді күт!**»). Сонда Хазреті Омар (р.а.): «Оны маған қоя беріңіз басын шауып тастайын!»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Егер ол Дажжал болса, оған сенің шамаң жетпейді, ал Дажжал болмаса оны өлтіргеніннен не пайда?»,- деді. Ибн Омар (р.а.) айтты: «Кейіннен Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Убай ибн Кағбпен бірге Ибн Сайиад пен жолыққан сол құрма ағашының жанына барды. Олар Ибн Сайиадтың ұйықтамасынан бұрын ол туралы бірер нәрсе біліп алмақшы болған еді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қараса, Ибн Сайиад бір жапырақ матаның үстінде жатыр екен. Ол матадан қандай да бір сырлы

ғажайыптың (әлде дауыстың) барлығы сезіліп тұрар еді. Сол кезде Ибн Сайиадтың анасы Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) құрма ағашының панасында қарап тұрғанын байқап қалып: «Ей Саф (анасы оны солай атайтын), қара әне Мұхаммед (с.ғ.с.)!»,- деді. Ибн Сайиад орнынан атып тұрды. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Егерде анасы үндемей тұра тұрғанда, Ибн Сайиадтың сырын біліп алған болар едік»,- деді.

438- حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ حَرْبٍ حَدَّثَنَا حَمَّادٌ وَهُوَ ابْنُ زَيْدٍ عَنْ ثَابِتٍ عَنْ أَنَسِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ كَانَ غُلَامٌ يَهُودِيٌّ يَخْدُمُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَمَرَضَ فَأَتَاهُ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَعُودُهُ فَقَعَدَ عِنْدَ رَأْسِهِ فَقَالَ لَهُ أَسْلِمَ فَنَظَرَ إِلَيَّ وَهُوَ عِنْدَهُ فَقَالَ لَهُ أَطِيعَ أَبَا الْقَاسِمِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَسْلَمَ فَخَرَجَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَهُوَ يَقُولُ الْحَمْدُ لِلَّهِ الَّذِي أَنْقَذَهُ مِنَ النَّارِ

438- Әнас (р.а.) риуаят етті: «Бір яهودий бала Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қызметтерін қылып жүретін еді. Бір күні ол ауру болып қалды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оны көргелі барды. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оның бас жағына отырып: «Исламды қабылда!»,- деді. Бала жанында отырған әкесіне қарап еді әкесі баласына: «Әбулқасымға яғни, Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) бойұсын!»,- деді. Бала Исламға кірді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Баланы тозақ отынан құтқарған Алла тағалаға шүкір!»,- деп сыртқа шықты.

439- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ قَالَ قَالَ عُبَيْدُ اللَّهِ بْنُ أَبِي يَزِيدَ سَمِعْتُ ابْنَ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يَقُولُ كُنْتُ أَنَا وَأُمِّي مِنَ الْمُسْتَضْعَفِينَ أَنَا مِنَ الْوُلْدَانِ وَأُمِّي مِنَ النِّسَاءِ

439- Убайдуллаға Ибн Аббас (р.а.) былай деген екен: «Анам екеуміз (Меккеден Мединеге хижрат қыла алмай, Меккеде қалған) әлсіз де нашар мұсылмандардың санатында болатынбыз. Мен болсам балалардың ал анам болса, әйелдердің ішіндегі ең нашары едік»,- депті.

440- حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ قَالَ ابْنُ شِهَابٍ يُصَلِّي عَلَى كُلِّ مَوْلُودٍ مُتَوَقِّئًا وَإِنْ كَانَ لِغَيْبَةٍ مِنْ أَجْلِ أَنَّهُ وُلِدَ عَلَى فِطْرَةِ الْإِسْلَامِ يَدْعِي أَبَوَاهُ الْإِسْلَامَ أَوْ أَبُوهُ خَاصَّةً وَإِنْ كَانَتْ أُمُّهُ عَلَى غَيْرِ الْإِسْلَامِ إِذَا اسْتَهَلَ صَارِحًا صَلَّى عَلَيْهِ وَلَا يُصَلِّي عَلَى مَنْ لَا يَسْتَهَلُّ مِنْ أَجْلِ أَنَّهُ سَقَطَ فَإِنَّ أَبَا هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ كَانَ

يُحَدِّثُ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَا مِنْ مَوْلُودٍ إِلَّا يُوَلَّدُ عَلَى الْفِطْرَةِ فَأَبَوَاهُ
 يُهَوِّدَانِهِ أَوْ يُنَصِّرَانِهِ أَوْ يُمَجِّسَانِهِ كَمَا تُنْتَجُ الْبَهِيمَةُ بِهَيْمَةِ جَمْعَاءَ هَلْ تُحْسُونَ فِيهَا
 مِنْ جَدْعَاءَ ثُمَّ يَقُولُ أَبُو هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فِطْرَةَ اللَّهِ الَّتِي فَطَرَ النَّاسَ عَلَيْهَا
 الْآيَةَ

440- Ибн Шихаб (р.а.) риуаят етті: «Әрбір қайтыс болған балаға тіпті оны кәпір немесе бұзық әйел туған болсада оған жаназа оқылады. Ислам мемлекетінде туылған, ата-анасы мұсылмандықты насихаттап жүрген немесе анасы мұсылман болмаса да, әкесі өзін «мұсылманмын» деген әрбір тірі туылған балаға жаназа оқылады. Дауысы шықпай туылған балаға, түсіп қалғандығы себепті (іштен өлі туған балаға) жаназа оқылмайды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Шындығында әрбір бала туылғанда мұсылман болып туылады Бірақта кейіннен ата-анасы оны кемшіліксіз туылған хайуанның төлінің құлағын. мүйізін кескендей қаласа – яһудий, қаласа – насара, қаласа – мажуси қылады. Бірер бұзаудың құлағы кесілген бойы туылғанын көргенбісіңдер?»,- дейтін.

Әбу Хурайра (р.а.): «...Алла жаратылыста адам баласын соған арнап жаратқан ...⁴⁸»,- деген Алла тағаланың аят кәрімі дәлел!»,- деді.

441- حَدَّثَنَا عَبْدَانُ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ أَخْبَرَنَا يُونُسُ عَنْ الزُّهْرِيِّ أَخْبَرَنِي أَبُو سَلَمَةَ
 بْنُ عَبْدِ الرَّحْمَنِ أَنَّ أَبَا هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ
 عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَا مِنْ مَوْلُودٍ إِلَّا يُوَلَّدُ عَلَى الْفِطْرَةِ فَأَبَوَاهُ يُهَوِّدَانِهِ وَيُنَصِّرَانِهِ أَوْ
 يُمَجِّسَانِهِ كَمَا تُنْتَجُ الْبَهِيمَةُ بِهَيْمَةِ جَمْعَاءَ هَلْ تُحْسُونَ فِيهَا مِنْ جَدْعَاءَ ثُمَّ يَقُولُ أَبُو
 هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فِطْرَةَ اللَّهِ الَّتِي فَطَرَ النَّاسَ عَلَيْهَا لَا تَبْدِيلَ لِخَلْقِ اللَّهِ ذَلِكَ
 الدِّينُ الْقَيِّمُ

441- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Исламға жүрегі тиесілі болып туылмаған бірде-бір бала болмайды. Барлық баланың жүрегі Исламға тиесілі болып туылады. Кейін ата-анасы оны барлық мүшесі кемшіліксіз туылған хайуан төлінің құлағы немесе мүйізін кескендей, яһудий, не болмаса насараний, әлде мажусий қылады. Әйтпесе бірде-біреулерін хайуанның төлінің құлағы немесе мұрны кесілген бойы туылғанын көргенбісіңдер?»,- деп айтатын. Алла тағала адам баласына о

⁴⁸ 30. «Рұм», 30 аят.

баста нәсіп еткен нәрсені өзгертуге болмайды. Бұған: «Алланың жаратуында өзгеріс болмайды!»⁴⁹,- деген аят кәрім дәлел!».

79-бап. Егерде мүшірік өлерінің алдында «Лә иләһа иллалла»,- десе...

442- حَدَّثَنَا إِسْحَاقُ أَخْبَرَنَا يَعْقُوبُ بْنُ إِبْرَاهِيمَ قَالَ حَدَّثَنِي أَبِي عَنْ صَالِحِ عَنِ ابْنِ شِهَابٍ قَالَ أَخْبَرَنِي سَعِيدُ بْنُ الْمُسَيَّبِ عَنْ أَبِيهِ أَنَّهُ أَخْبَرَهُ أَنَّهُ لَمَّا حَضَرَتْ أَبَا طَالِبٍ الْوَفَاةُ جَاءَهُ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَوَجَدَ عِنْدَهُ أَبَا جَهْلَ بْنَ هِشَامٍ وَعَبْدَ اللَّهِ بْنَ أَبِي أُمَيَّةَ بْنَ الْمُغِيرَةَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لِأَبِي طَالِبٍ يَا عَمُّ قُلْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ كَلِمَةً أَشْهَدُ لَكَ بِهَا عِنْدَ اللَّهِ فَقَالَ أَبُو جَهْلٍ وَعَبْدُ اللَّهِ بْنُ أَبِي أُمَيَّةَ يَا أَبَا طَالِبٍ أترغبُ عن ملةِ عبدِ المطلبِ فلم يزلْ رسولُ اللهِ صَلَّى اللهُ عليه وسلّم يعرضها عليه ويعودان بتلك المقالة حتى قال أبو طالبٍ آخر ما كلمهم هو على ملةِ عبدِ المطلبِ وأبى أن يقولَ لا إلهَ إلا اللهُ فقال رسولُ اللهِ صَلَّى اللهُ عليه وسلّم أما واللهِ لأستغفرنَّ لك ما لم أنة عنك فأنزلَ اللهُ تعالى فيه ما كان للنبيِّ الآية

442- Сағд ибн Мусайибтың атасы (р.а.) риуаят етті: «Әбу Тәліб қайтыс болайын деп жатқанда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ол кісінің алдына келді. Ол жерден Әбу Жаһл ибн Хишам мен Абдулла ибн Әбу Умайиа ибн әл-Муғираны көрді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Әбу Тәлібке: «Ей аға, «Лә иләһа иллалла»,- деп иман келтіріңіз! Мен бұған Алла тағаланың алдына куә болайын!»,- деді. Сонда Әбу Жаһл мен Абдулла ибн Әбу Умайиа : «Ей Әбу Тәліб, Абдул-Муталлибтың дінінен қайтамысың?»,- десті. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Иман келтіріңіз!»,- деп қайта-қайта айта берді. Ал аналар болса өздерінің сөздерін айтып қалыспады. Бірақ та Әбу Тәліб өзін Абдул Муталлибтың дінінде екенін айтып жан тапсырды. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ант етіп айтамын, егерде Алла тағала қайтарып тыймаса, одан сізді кешіруін сұраймын!»,- деді. Сонда Алла тағала: «Пайғамбарға және мүміндерге тозақтық екендігі өздеріне білінгеннен кейін егер жақындары болса да мүшіріктер үшін жарылқау тілеулеріне болмайды»⁵⁰»,- деген аятты нәзіл етті».

⁴⁹ 30. «Рұм», 30 аят.

⁵⁰ 9. «әт-Тәубе», 113 аят.

بَابِ الْجَرِيدِ عَلَى الْقَبْرِ وَأَوْصَى بُرَيْدَةَ الْأَسْلَمِيَّ أَنْ يُجْعَلَ فِي قَبْرِهِ جَرِيدَانِ وَرَأَى ابْنَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا فُسْطَاطًا عَلَى قَبْرِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ فَقَالَ انْزِعْهُ يَا غُلَامُ فَإِنَّمَا يُظِلُّهُ عَمَلُهُ وَقَالَ خَارِجَةُ بْنُ زَيْدٍ رَأَيْتُنِي وَتَحَنُّ شَبَّانٍ فِي زَمَنِ عُمَانَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ وَإِنَّ أَشَدَّنَا وَتَبَةَ الَّذِي يَثْبُ قَبْرَ عُمَانَ بْنِ مَطْعُونٍ حَتَّى يُجَاوِزَهُ وَقَالَ عُمَانُ بْنُ حَكِيمٍ أَخَذَ بِيَدِي خَارِجَةَ فَأَجْلَسَنِي عَلَى قَبْرِ وَأَخْبَرَنِي عَنْ عَمِّهِ يَزِيدَ بْنِ ثَابِتٍ قَالَ إِنَّمَا كُرِهَ ذَلِكَ لِمَنْ أَحْدَثَ عَلَيْهِ وَقَالَ نَافِعٌ كَانَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يَجْلِسُ عَلَى الْقُبُورِ

Бұрайда әл-Асламий өзінің қабіріне екі түп жас шыбық шаншып қоюды өсиет етті. Ибн Омар (р.а.) Абдуррахманның қабірінің үстіндегі шатырды көріп: «Ей бала алып таста! Абдуррахманға оның қылған жақсы сауапты амалдары көлеңке болады!», - деді.

Харижа ибн Зәйд: «Осман ибн Аффанның (р.а.) заманында біз бозбала едік. Ішіміздегі ең секірушіміз Усман ибн Мазғунның қабірінен бірақ секіріп өтіп кеткен еді», - деді. (Демек, қабірдің үстінде күмбезді сағана болса да оның қабірде жатқан мәйітке еш пайдасы, не сауабы жоқ. Қабірдегі мәйітке тек қана тірі күнінде істеген жақсы амалдары ғана пайда береді)

Усман ибн Хаким: «Харижа менің қолымнан ұстап қабірдің үстіне отырғызып қойды да, ағасы Язид ибн Сәбиттің қабір үстіне дәретке отыруды қаралағанын айтты», - деді. Нафиғ (р.а.): «Ибн Омар (р.а.) қабірдің үстіне отырып деп ала беретін еді», - деді.

443- حَدَّثَنَا يَحْيَى حَدَّثَنَا أَبُو مُعَاوِيَةَ عَنِ الْأَعْمَشِ عَنِ مُجَاهِدٍ عَنِ طَاوُسٍ عَنِ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَّهُ مَرَّ بِقَبْرَيْنِ يُعَدَّبَانِ فَقَالَ إِنَّهُمَا لِيُعَدَّبَانِ وَمَا يُعَدَّبَانِ فِي كَبِيرٍ أَمَّا أَحَدُهُمَا فَكَانَ لَا يَسْتَتِرُ مِنَ الْبَوْلِ وَأَمَّا الْآخَرُ فَكَانَ يَمْشِي بِالنَّمِيمَةِ ثُمَّ أَخَذَ جَرِيدَةً رَطْبَةً فَشَقَّهَا بِنِصْفَيْنِ ثُمَّ غَرَزَ فِي كُلِّ قَبْرٍ وَاحِدَةً فَقَالُوا يَا رَسُولَ اللَّهِ لِمَ صَنَعْتَ هَذَا فَقَالَ لَعَلَّهُ أَنْ يُخَفَّفَ عَنْهُمَا مَا لَمْ يَبْيَسَا

443- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) екі қабірдің жанынан өтіп бара жатып: «Бұл екі қабірдегі мәйіттер азапталуда, бірақ та бір үлкен күнәлары үшін азапталып жатқан жоқ. Олардың бірі зәрінен

сақтанбайтын, ал екіншісі сөз таситын (ғайбат айтушы)»,- деді. Кейіннен Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір жас шыбықты алып, екіге бөлді да әрбір қабірге бірден шаншып қойды. Сонда сахабалар: «Я Расулулла, неге бұлай қылдыңыз?»,- деп сұрасты. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ең болмаса мына екі шыбық қурағанша азаптары жеңілдер!»,- деді.

81-бап. Хадисшінің қабірдің жанында уағыз айтуы және тыңдаушылардың оның айналасында топталып отырулары туралы

444- حَدَّثَنَا عُثْمَانُ قَالَ حَدَّثَنِي جَرِيرٌ عَنْ مَنْصُورٍ عَنْ سَعْدِ بْنِ عُبَيْدَةَ عَنْ أَبِي عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَنْ عَلِيٍّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ كُنَّا فِي جَنَازَةٍ فِي بَقِيعِ الْعَرْقَدِ فَأَتَانَا النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَعَدَ وَقَعَدْنَا حَوْلَهُ وَمَعَهُ مِخْصَرَةٌ فَكَسَّ فَجَعَلَ يَنْكُتُ بِمِخْصَرَتِهِ ثُمَّ قَالَ مَا مِنْكُمْ مِنْ أَحَدٍ مَا مِنْ نَفْسٍ مَنفُوسَةٍ إِلَّا كُتِبَ مَكَانُهَا مِنَ الْجَنَّةِ وَالنَّارِ وَإِلَّا قَدْ كُتِبَ شَقِيئَةٌ أَوْ سَعِيدَةٌ فَقَالَ رَجُلٌ يَا رَسُولَ اللَّهِ أَفَلَا تَنْكُلُ عَلَيَّ كِتَابِنَا وَتَدْعُ الْعَمَلَ فَمَنْ كَانَ مِنَّا مِنْ أَهْلِ السَّعَادَةِ فَسَيَصِيرُ إِلَى عَمَلِ أَهْلِ السَّعَادَةِ وَأَمَّا مَنْ كَانَ مِنَّا مِنْ أَهْلِ الشَّقَاوَةِ فَسَيَصِيرُ إِلَى عَمَلِ أَهْلِ الشَّقَاوَةِ قَالَ أَمَّا أَهْلُ السَّعَادَةِ فَيُيَسَّرُونَ لِعَمَلِ السَّعَادَةِ وَأَمَّا أَهْلُ الشَّقَاوَةِ فَيُيَسَّرُونَ لِعَمَلِ الشَّقَاوَةِ ثُمَّ قَرَأَ فَأَمَّا مَنْ أُعْطِيَ وَاتَّقَى وَصَدَّقَ بِالْحُسْنَى الْآيَةَ

444- Хазреті әли (р.а.) риуаят етті: «Бақиғ ул-Ғарқад деген жерде жанзада болдық. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) біздің алдымызға келіп отырды, біз ол кісінің айналасына топталып отырдық. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қолында аса таяғы бар еді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) басын төмен қаратып біраз ойланып, содан соң аса таяғымен жерді тықылдатып: «Араларыңда жәннат пен тозақтағы орны алдын ала белгіленіп қойылмаған және бақытты бақытсыз болатындығы маңдайына жазылмаған бірде-бір кісі жоқ»,- деді.

Сонда бір кісі тұрып: «Я Расулулла, олай болса, тағдырға сүйеніп жақсы істерді істемей қоймаймыз ба? Арамызда кім о бастан бақытты болып жаратылса, ол басқа әңгіме, әрине ол бақытты кісілерге тән істерді қылады. Ал маңдайына о баста бақытсыздық жазылған кісі болса, анығында ол бақытсыздарға лайықты істерді қылады»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бақытты адамдарға бақыт келтіретін істер, ал бақытсыздарға болса, бақытсыздық келтіруші істерді істейді»,- деді. Содан соң: «Ал енді

әлде кім (Алла жолында) берсе, тақуалық қылса, жақсылықты дұрыс деп білсе⁵¹»,- деген аятты оқыды»,- деді.

82-бап. Өзін-өзі өлтірушілер турасындағы хадистер

445- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ حَدَّثَنَا يَزِيدُ بْنُ زُرَيْعٍ حَدَّثَنَا خَالِدٌ عَنْ أَبِي قَلَابَةَ عَنْ ثَابِتِ بْنِ الضَّحَّاكِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ مَنْ حَلَفَ بِمَلَّةٍ غَيْرِ الْإِسْلَامِ كَاذِبًا مُتَعَمِّدًا فَهُوَ كَمَا قَالَ وَمَنْ قَتَلَ نَفْسَهُ بِحَدِيدَةٍ عُدَّ بِه فِي نَارِ جَهَنَّمَ وَقَالَ حَجَّاجُ بْنُ مِنْهَالٍ حَدَّثَنَا جَرِيرٌ بْنُ حَازِمٍ عَنِ الْحَسَنِ حَدَّثَنَا جُنْدَبُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فِي هَذَا الْمَسْجِدِ فَمَا نَسِينَا وَمَا نَخَافُ أَنْ يَكْذِبَ جُنْدَبُ عَلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ كَانَ بَرَجُلٌ جِرَاحٌ فَقَتَلَ نَفْسَهُ فَقَالَ اللَّهُ بَدَرَنِي عَبْدِي بِنَفْسِهِ حَرَمْتُ عَلَيْهِ الْجَنَّةَ

445- Сәбит ибн әз-Заһһак (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім Ислам дінінен басқа дінді ортаға қойып әдейілеп өтірік ант ішсе, сол өзі айтқан дінге тиісті болып қалады. Кімде-кім өзін темірмен өлтірсе, сол темірмен ол жәһаннамда азапталады»,- деді.
Хасан (р.а.) риуаят етті: «Жундуб (р.а.) бізге мына осы мешітте хадис айтып берген еді. Біз оны әлі ұмытқанымыз жоқ. Біз Жундуб (р.а.) Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) туралы жалған сөз айтады деп те қорықпаймыз. Ол кісінің айтуынша Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай депті: «Бір кісі өзін жарақаттап өлтірді. Сонда Алла тағала: «Пендем менен бұрын өз жанын өзі алды, оны мен жәннаттан мақрұм қылдым!»,- деді.

446- حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ حَدَّثَنَا أَبُو الزُّنَادِ عَنِ الْأَعْرَجِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الَّذِي يَخْنُقُ نَفْسَهُ يَخْنُقُهَا فِي النَّارِ وَالَّذِي يَطْعُنُهَا يَطْعُنُهَا فِي النَّارِ

446- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Өзін-өзі буындырып (асылып) өлген адамды тозақта буындырып, ал өзіне-өзі пышақ салып өлген адамды тозақта пышақтап азаптайды»,- деді.

⁵¹ 92. «Ләйіл», 5-6 аяттар.

83-бап. Мунафиқтарға жаназа оқудың және мүшіріктердің кұналарының жарылқануын тілеп кешірім сұраудың Мәкрухтығы туралы

447- حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ عُقَيْلٍ عَنْ ابْنِ شَهَابٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ عَنْ عُمَرَ بْنِ الْخَطَّابِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ أَنَّهُ قَالَ لَمَّا مَاتَ عَبْدُ اللَّهِ بْنُ أَبِي ابْنِ رَسُولٍ دُعِيَ لَهُ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لِيُصَلِّيَ عَلَيْهِ فَلَمَّا قَامَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَتَبَّتْ إِلَيْهِ فَقُلْتُ يَا رَسُولَ اللَّهِ أَتُصَلِّيَ عَلَيَّ ابْنِ أَبِي وَقَدْ قَالَ يَوْمَ كَذَا وَكَذَا كَذَا وَكَذَا أَعَدُّ عَلَيْهِ قَوْلَهُ فَتَبَسَّمَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَقَالَ أَخْرُ عَنِّي يَا عُمَرُ فَلَمَّا أَكْثَرْتُ عَلَيْهِ قَالَ إِنَّي خَيْرْتُ فَأَخْتَرْتُ لَوْ أَعْلَمُ أَنِّي إِنْ زِدْتُ عَلَى السَّبْعِينَ يُعْفَرُ لَهُ لَزِدْتُ عَلَيْهَا قَالَ فَصَلَّى عَلَيْهِ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ثُمَّ انصَرَفَ فَلَمْ يَمُكِّثْ إِلَّا يَسِيرًا حَتَّى نَزَلَتْ الْآيَاتَانِ مِنْ بَرَاءَةٍ وَلَا تُصَلِّ عَلَى أَحَدٍ مِنْهُنَّ مَاتَ أَبَدًا إِلَى قَوْلِهِ وَهُمْ فَاسِقُونَ قَالَ فَعَجِبْتُ بَعْدُ مِنْ جُرْأَتِي عَلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَوْمَئِذٍ وَاللَّهُ وَرَسُولُهُ أَعْلَمُ

447- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Абдулла ибн Убай ибн Салул қайтыс болғанда Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) оған жаназа оқу үшін шақырысты. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оған жаназа оқуға дайындалғанда мен: «Я Расулулла, Ибн Убайға жаназа оқисыз ба? Ол пәлен пәлен күндері олай дегенде ол былай деген деп оның себептерін санап кеттім. Мен көп сөйлеп жіберсем керек Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) маған жымыып қарап: «Ей Омар, қане арырақ тұршы! Маған Алла тағала тарапынан таңдау ықтияры берілген, мен таңдадым. Егерде мен жетпістен артық истиғфар айтқанымда Алла тағала оның күнәсін кешіретінін білсем, жетпістен артық истиғфар айтқан болар едім»,- деді. Содан кейін Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оған жаназа оқып үйіне қайтты. Біраз өтпей «Бараат» сүресінің екі аят нәзіл болды. («Олардан біреу өлсе, әсте жаназа намазын оқыма!⁵²», деген жерден «Олар пасықтар!», деген жерге дейін). Мен кейіннен, Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) батылданып сөйлегеніме таңданып жүрдім. Алла тағаламен оның елшісі ғана ең көп білуші!»,- деді.

⁵² 9. «эт-Тәубе», 84 аят.

84-бап. Адамдардың мәйіттерін мақтау туралы

448- حَدَّثَنَا آدَمُ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْعَزِيزِ بْنُ صُهَيْبٍ قَالَ سَمِعْتُ أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ يَقُولُ مَرُّوا بِجَنَازَةٍ فَأَثْنُوا عَلَيْهَا خَيْرًا فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَجَبَتْ ثُمَّ مَرُّوا بِأُخْرَى فَأَثْنُوا عَلَيْهَا شَرًّا فَقَالَ وَجَبَتْ فَقَالَ عُمَرُ بْنُ الْخَطَّابِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ مَا وَجَبَتْ قَالَ هَذَا أَتَيْنِي عَلَيْهِ خَيْرًا فَوَجَبَتْ لَهُ الْجَنَّةُ وَهَذَا أَتَيْنِي عَلَيْهِ شَرًّا فَوَجَبَتْ لَهُ النَّارُ أَنْتُمْ شُهَدَاءُ اللَّهِ فِي الْأَرْضِ

448- Абдулла ибн Суһайб (р.а.): «Әнас ибн Мәліктен (р.а.) естідім деді: «Бір (марқұм) кісіні табытпен көтеріп өтті. Адамдар оны мақтап жақсы сөздер айтысты. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Уәжіп болды», - деді. Кейін басқа бір мәйітті көтеріп өтті. Адамдар ол туралы жаман сөздер айтысты. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бұл жолы да: «Уәжіп болды», - деді. Омар ибн Хаттаб (р.а.) таңқалып: «Не уәжіп болды?»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бұл адамға жақсылықты лайық көріп, мақтадыңдар, демек, оған жәннат уәжіп болды. Ал кейінгісіне жамандықты лайық көріп, жамандадыңдар демек, оған тозақ уәжіп болды. Сендер Алла тағаланың жер бетіндегі куәларысыңдар!»,- деді.

449- حَدَّثَنَا عَفَّانُ بْنُ مُسْلِمٍ هُوَ الصَّقَّارُ حَدَّثَنَا دَاوُدُ بْنُ أَبِي الْفُرَاتِ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ بُرَيْدَةَ عَنْ أَبِي الْأَسْوَدِ قَالَ قَدِمْتُ الْمَدِينَةَ وَقَدْ وَقَعَ بِهَا مَرَضٌ فَجَلَسْتُ إِلَى عُمَرَ بْنِ الْخَطَّابِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فَمَرَّتْ بِهِمْ جَنَازَةٌ فَأَثْنِي عَلَى صَاحِبِهَا خَيْرًا فَقَالَ عُمَرُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ وَجَبَتْ ثُمَّ مَرَّ بِأُخْرَى فَأَثْنِي عَلَى صَاحِبِهَا خَيْرًا فَقَالَ عُمَرُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ وَجَبَتْ ثُمَّ مَرَّ بِالثَّالِثَةِ فَأَثْنِي عَلَى صَاحِبِهَا شَرًّا فَقَالَ وَجَبَتْ فَقَالَ أَبُو الْأَسْوَدِ فُقُلْتُ وَمَا وَجَبَتْ يَا أَمِيرَ الْمُؤْمِنِينَ قَالَ قُلْتُ كَمَا قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَيُّمَا مُسْلِمٍ شَهِدَ لَهُ أَرْبَعَةٌ بِخَيْرٍ أَدْخَلَهُ اللَّهُ الْجَنَّةَ فُقُلْنَا وَثَلَاثَةٌ قَالَ وَثَلَاثَةٌ فُقُلْنَا وَاثْنَانِ قَالَ وَاثْنَانِ ثُمَّ لَمْ نَسْأَلْهُ عَنْ الْوَاحِدِ

449- Әбу ул-Асуад (р.а.) риуаят етті: «Мен Мединеге келсем, қаланың халқы бір ауруға душар болған екен. Сонда Омар ибн Хаттабтың (р.а.) жанында отырған едім. Сол кезде бір мәйітті табытпен көтеріп өтті. Адамдар оның атына жақсы сөздер айтты. Хазреті омар (р.а.): «Уәжіп болды», - деді. Кейін және бір мәйітті алып өтті. Адамдар ол туралы да жақсы сөздер айтысты. Хазреті Омар тағыда: «Уәжіп болды», - деді. Содан

соң үшінші бір мәйітті алып өтті. Бұл жолы адамдар оның атына жаман сөздер айтысты. Хазреті Омар тағыда: «Уәжіп болды»,- деді. Мен таңқалып: «Ей Әмир әл-Мұъминин, не уәжіп болды?»,- деп сұрадым. Хазреті Омар (р.а.): «Мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) айтқан сөздерін ғана қайталадым, болғаны сол. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бізге: «Қайсы бір мұсылманға төрт кісі жақсы деп куәлік етсе, оны Алла тағала жәннатқа кіргізеді»,- деген. Біз ол кісіден: «Егер куәгер үшеу болса-шы?»,- деп сұрадық. Ол кісі: «Үшеу болса да болады»,- деді. Біз: «Екеу болса-шы»,- деп сұрадық. Ол кісі: «Екеу болса да болады»,- деді. Кейіннен біз ол кісіден: «Куәгер біреу болса-шы?»,- деп сұрағымыз келмеді.

85-бап. Қабір азабы туралы хадистер мен аяттар

450- حَدَّثَنَا حَفْصُ بْنُ عُمَرَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ عَلْقَمَةَ بْنِ مَرْثَدٍ عَنْ سَعْدِ بْنِ عُبَيْدَةَ عَنْ الْبَرَاءِ بْنِ عَازِبٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِذَا أُفْعِدَ الْمُؤْمِنُ فِي قَبْرِهِ أَتَى ثُمَّ شَهِدَ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَأَنَّ مُحَمَّدًا رَسُولُ اللَّهِ فَذَلِكَ قَوْلُهُ يُنَبِّئُ اللَّهُ الَّذِينَ آمَنُوا بِالْقَوْلِ الثَّابِتِ حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ بَشَّارٍ حَدَّثَنَا غُنْدَرٌ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ بِهَذَا وَزَادَ يُنَبِّئُ اللَّهُ الَّذِينَ آمَنُوا نَزَلَتْ فِي عَذَابِ الْقَبْرِ

450- Барра ибн Азиб (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мұъмин кісіні қабірге келіп отырғызып қояды. Содан соң, мұъмин кісі: «Алла тағаладан басқа тәңір жок, Мұхаммед Алла тағаланың елшісі»,- деп куәлік береді. Бұл туралы Алла тағала айтты: «Алла тағала сондай иман келтіргендерді, дүние тіршілігінде де де ахиретте де мықты сөзбен бекітеді⁵³»,- деді.

Гундар (р.а.) риуаят етті: «Шуғба (р.а.) бізге (жоғарыдағы хдисті) риуаят етіп тұрып: «Қабір азабы туралы «Пенделер Алла тағалаға болған сенімдерін дәлелдейді»,- деген аят нәзіл болған»,- деп қосып қойды.

452- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ حَدَّثَنَا يَعْقُوبُ بْنُ إِبْرَاهِيمَ حَدَّثَنِي أَبِي عَنْ صَالِحٍ حَدَّثَنِي نَافِعٌ أَنَّ ابْنَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَخْبَرَهُ قَالَ اطَّلَعَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَلَى أَهْلِ الْقَلْبِ فَقَالَ وَجَدْتُمْ مَا وَعَدَ رَبُّكُمْ حَقًّا فَقِيلَ لَهُ تَدْعُو أَمْوَاتًا فَقَالَ مَا أَنْتُمْ بِأَسْمَعَ مِنْهُمْ وَلَكِنْ لَا يُحْيِيُونَ

452- Ибн Омар (р.а.) Нафиғқа былай деп риуаят еткен екен: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Құрайыш тайпасына тиесілі кісілердің мәйіттері

⁵³ 14. «Ибраһим», 27 аят.

жатқан шұңқырдың жанына келіп: «Рабыларыңның уәдесінің хақ екенін білдіңдер ме?»,- деді. Сонда адамдар: «Мына өліктерге айтып жатырсыз ба?»,- деп сұрасты. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Олар сендерден кем естімейді. Бірақ та (олар) жауап қайтара алмайды»,- деді.

453- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مُحَمَّدٍ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ هِشَامِ بْنِ عُرْوَةَ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ إِنَّمَا قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنَّهُمْ لَيَعْلَمُونَ أَنَّنَا أَنْ مَا كُنْتُ أَقُولُ لَهُمْ حَقٌّ وَقَدْ قَالَ اللَّهُ تَعَالَى إِنَّكَ لَا تُسْمِعُ الْمَوْتَى

453- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Олар (мәйіттер) менің айтқандарымның шындық екенін өте жақсы біледі»,- деді. Алла тағала: «Сен өліктерге сөздеріңді өткізе, естірте алмайсың (яғни, иманы жоқ адамдарға олар тірі болса да сөзін өтпейді)»,- деді.

454- حَدَّثَنَا عَبْدَانُ أَخْبَرَنِي أَبِي عَنْ شُعْبَةَ سَمِعَتْ الْأَشْعَثَ عَنْ أَبِيهِ عَنْ مَسْرُوقٍ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّ يَهُودِيَّةً دَخَلَتْ عَلَيْهَا فَذَكَرَتْ عَذَابَ الْقَبْرِ فَقَالَتْ لَهَا أَعَاذَكَ اللَّهُ مِنْ عَذَابِ الْقَبْرِ فَسَأَلْتُ عَائِشَةَ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَنْ عَذَابِ الْقَبْرِ فَقَالَ نَعَمْ عَذَابُ الْقَبْرِ قَالَتْ عَائِشَةُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا فَمَا رَأَيْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بَعْدُ صَلَّى صَلَاةً إِلَّا تَعَوَّذَ مِنْ عَذَابِ الْقَبْرِ زَادَ عُذْرُ عَذَابِ الْقَبْرِ حَقًّا

454- Масрук (р.а.) риуаят етті: «Бір яһудий әйел Айша анамыздың алдына келіп, қабір азабы туралы сөйлеп тұрып: «Сізді Алла тағала қабір азабынан сақтасын!»,- депті. Сонда Айша анамыз (р.а.) Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) қабір азабы туралы сұрапты. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Иә қабір азабы хақ!»,- депті. Айша анамыз (р.а.): «Содан бері Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) намаз оқығанында Алла тағаладан өзін қабір азабынан сақтауын сұрамай қойғанын көрген емеспін»,- деді.

455- حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ سُلَيْمَانَ حَدَّثَنَا ابْنُ وَهْبٍ قَالَ أَخْبَرَنِي يُونُسُ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ أَخْبَرَنِي عُرْوَةُ بْنُ الزُّبَيْرِ أَنَّهُ سَمِعَ أَسْمَاءَ بِنْتَ أَبِي بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا تَقُولُ قَامَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ خَطِيبًا فَذَكَرَ فِتْنَةَ الْقَبْرِ الَّتِي يَفْتِنُ فِيهَا الْمَرْءُ فَلَمَّا ذَكَرَ ذَلِكَ ضَجَّ الْمُسْلِمُونَ ضَجَّةً

455- Ғұруа ибн Зұбайрдің апайы Асма бинти Әбу Бәкір (р.а.) былай деген екен: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) құтпа айтып жатып пендеге берілетін қабір азабы жайлы ескертіп өтті. Сонда тыңдап отырушылар қорыққандарынан айқайлап жіберісті», - деді.

456- حَدَّثَنَا عَيَّاشُ بْنُ الْوَلِيدِ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْأَعْلَى حَدَّثَنَا سَعِيدٌ عَنْ قَتَادَةَ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّهُ حَدَّثَهُمْ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِنَّ الْعَبْدَ إِذَا وُضِعَ فِي قَبْرِهِ وَتَوَلَّى عَنْهُ أَصْحَابُهُ وَإِنَّهُ لَيَسْمَعُ قُرْعَ نِعَالِهِمْ أَتَاهُ مَلَكَانِ فَيُقْعِدَانِهِ فَيَقُولَانِ مَا كُنْتَ تَقُولُ فِي هَذَا الرَّجُلِ لِمَحَمَّدٍ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَمَّا الْمُؤْمِنُ فَيَقُولُ أَشْهَدُ أَنَّهُ عَبْدُ اللَّهِ وَرَسُولُهُ فَيُقَالُ لَهُ انْظُرْ إِلَى مَقْعَدِكَ مِنَ النَّارِ قَدْ أَبْدَلَكَ اللَّهُ بِهِ مَقْعَدًا مِنَ الْجَنَّةِ فَيَرَاهُمَا جَمِيعًا قَالَ قَتَادَةُ وَدُكِرَ لَنَا أَنَّهُ يُفْسَحُ لَهُ فِي قَبْرِهِ ثُمَّ رَجَعَ إِلَى حَدِيثِ أَنَسٍ قَالَ وَأَمَّا الْمُنَافِقُ وَالْكَافِرُ فَيُقَالُ لَهُ مَا كُنْتَ تَقُولُ فِي هَذَا الرَّجُلِ فَيَقُولُ لَا أُدْرِي كُنْتُ أَقُولُ مَا يَقُولُ النَّاسُ فَيُقَالُ لِمَا دَرَيْتَ وَلَا تَلَيْتَ وَيُضْرَبُ بِمِطْرَاقٍ مِنْ حَدِيدٍ ضَرْبَةً فَيَصِيحُ صَيْحَةً يَسْمَعُهَا مَنْ بِلَيْهِ غَيْرَ الثَّقَلَيْنِ

456- Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Қабірге қойылған мәйіт (адам) жаназаға келгендердің қайтып кетіп бара жатқан аяқтарының дыбысын естіп жатады. Кейін екі періште келіп, мәйітті отырғызып қояды-да: «Бұл кісі, яғни Мұхаммед (с.ғ.с.) туралы не дейсің?»,- деп сұрайды. Егер пенде мұьмин-мұсылман болса, «Бұл кісінің Алла тағаланың пендесі және оның елшісі екендігіне куәлік беремін», - дейді. Сонда періштелер: «Қара, Алла тағала саған тозақтың орнына жәннаттан орын берді!»,- дейді. Адамға тозақ та жәннатта көрсетіледі. Аталмыш хадисті Әнастан естіген Қатада (р.а.): «Кейін пенде қабірде қысылып-қымтырылмай, қиындықсыз жатар», - деп қосымша қылды-да, Әнастың риуаятын былай деп жалғастырды: «Бірақ пенде Мунафиқ немесе кәпір болса, «Бұл кісі туралы не дейсің?»,- деп сұрағанда: «Көпшілік не деген болса, мен де солай деймін», - деп жауап береді. Сонда періштелер оған: «Ол кісіні білмегенсің де Құранды оқымағансың да», - деп темір шоқпармен ұрар. Сондағы пенденің қатты шыңғырғандағы дауысын адам мен жыннан басқа айналадағы барлық мәйіттер естиді», - деді.

86-бап. «Қабір азабынан сақта!»,- деп Алла тағалаға дұға қылу туралы

457- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ الْمُثَنَّى حَدَّثَنَا يَحْيَى حَدَّثَنَا شُعْبَةُ قَالَ حَدَّثَنِي عَوْنُ بْنُ أَبِي جُحَيْفَةَ عَنْ أَبِيهِ عَنْ الْبَرَاءِ بْنِ عَازِبٍ عَنْ أَبِي أَيُّوبَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ قَالَ خَرَجَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَقَدْ وَجِبَتْ الشَّمْسُ فَسَمِعَ صَوْتًا فَقَالَ يَهُودُ تُعَذِّبُ فِي قُبُورِهَا وَقَالَ النَّضْرُ أَخْبَرَنَا شُعْبَةُ حَدَّثَنَا عَوْنٌ سَمِعْتُ أَبِي سَمِعْتُ الْبَرَاءَ عَنْ أَبِي أَيُّوبَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

457- Әбу Айюб Ансарий (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) күн батқан кезде сыртқа шықты. Сонда тосыннан бір дауысты естіп: «Яһудилер қабірлерінде азап тартуда»,- деді.

458- حَدَّثَنَا مُعَلَّى حَدَّثَنَا وَهَيْبٌ عَنْ مُوسَى بْنِ عُقْبَةَ قَالَ حَدَّثَنِي ابْنَةُ خَالِدِ بْنِ سَعِيدِ بْنِ الْعَاصِ أَنَّهَا سَمِعَتْ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَهُوَ يَتَعَوَّذُ مِنْ عَذَابِ الْقَبْرِ

458- Мұса ибн Ғұқба (р.а.) Халид ибн Сағид ибн әл-Ғасийдің қызы: «Мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Алла тағалаға сиынып, қабір азабынан сақтауын сұрап жатқанын естігенмін»,- деп айтты»,- деді.

459- حَدَّثَنَا مُسْلِمُ بْنُ أَبِرَاهِيمَ حَدَّثَنَا هِشَامٌ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ أَبِي سَلَمَةَ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَدْعُو وَيَقُولُ اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنْ عَذَابِ الْقَبْرِ وَمِنْ عَذَابِ النَّارِ وَمِنْ فِتْنَةِ الْمَحْيَا وَالْمَمَاتِ وَمِنْ فِتْنَةِ الْمَسِيحِ الدَّجَالِ

459- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ей Раббым! Мені қабір және от азабынан, тіршіліктегі, өлгендегі сынақтардан және Масих Дажжал бүлігінен (фитнасынан) сақтағайсың, деп саған дұға қыламын!»,- дейтін»,- деді.

87-бап. Өсек айтудан және зәрден сақтанбағандық үшін қабірде берілетін азап туралы

460- حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ حَدَّثَنَا جَرِيرٌ عَنْ الْأَعْمَشِ عَنْ مُجَاهِدٍ عَنْ طَاوُسٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا مَرَّ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَلَى قَبْرَيْنِ فَقَالَ إِنَّهُمَا لِيُعَذَّبَانِ وَمَا يُعَذَّبَانِ مِنْ كَبِيرٍ ثُمَّ قَالَ بَلَىٰ أَمَا أَحَدُهُمَا فَكَانَ يَسْعَىٰ بِالنَّمِيمَةِ وَأَمَّا أَحَدُهُمَا فَكَانَ لَا يَسْتَتِرُ مِنْ بَوْلِهِ قَالَ ثُمَّ أَخَذَ عُودًا رَطْبًا فَكَسَرَهُ بِإِثْنَيْنِ ثُمَّ غَرَزَ كُلَّ وَاحِدٍ مِنْهُمَا عَلَى قَبْرِ ثُمَّ قَالَ لَعَلَّهُ يُخَفَّفُ عَنْهُمَا مَا لَمْ يَبْيَسَا

460- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) екі қабірдің жанынан өтіп бара жатып: «Бұл екі қабірдегі мәйіттер азапталуда, бірақ та бір үлкен күнәлары үшін азапталып жатқан жоқ. Олардың бірі сөз таситын (ғайбат айтатын) ал екіншісі зәрінен сақтанбайтын», - деді. Кейіннен Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір жас шыбықты алып, екіге бөлді да әрбір қабірге бірден шаншып қойды. «Ең болмаса мына екі шыбық қурағанша азаптары жеңілдер!», - деді.

88-бап. Мәйітке ерте ме-кеш пе баратын жерін көрсетіп қою туралы

461- حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ قَالَ حَدَّثَنِي مَالِكٌ عَنْ نَافِعٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِنَّ أَحَدَكُمْ إِذَا مَاتَ عُرِضَ عَلَيْهِ مَقْعَدُهُ بِالْغَدَاةِ وَالْعَشِيِّ إِنْ كَانَ مِنْ أَهْلِ الْجَنَّةِ فَمِنْ أَهْلِ الْجَنَّةِ وَإِنْ كَانَ مِنْ أَهْلِ النَّارِ فَمِنْ أَهْلِ النَّارِ فَيُقَالُ هَذَا مَقْعَدُكَ حَتَّىٰ يَبْعَثَكَ اللَّهُ يَوْمَ الْقِيَامَةِ

461- Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Егерде біреулерін өлсендер, сендерге қабірде ертелі-кеш баратын жерлеріңді көрсетеді. Егерде жәннаттық болсаңдар, жәннатқа, ал егерде тозақтық болсаңдар, тозаққа лайықталасыңдар. Кейін, сендерге: «Алла тағала сені қиямет күні қайта тірілткенше, баратын жеріңді біліп қой!», - дейді.

89-бап. Жаназада мәйіттің сөйлеуі туралы

462- حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ سَعِيدِ بْنِ أَبِي سَعِيدٍ عَنْ أَبِيهِ أَنَّهُ سَمِعَ أَبَا سَعِيدٍ الْخُدْرِيَّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ يَقُولُ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا وُضِعَتْ

الْجِنَازَةُ فَاحْتَمَلَهَا الرَّجَالُ عَلَى أَعْنَاقِهِمْ فَإِنْ كَانَتْ صَالِحَةً قَالَتْ قَدَّمُونِي قَدَّمُونِي
وَإِنْ كَانَتْ غَيْرَ صَالِحَةٍ قَالَتْ يَا وَيْلَهَا أَيْنَ يَذْهَبُونَ بِهَا يَسْمَعُ صَوْتَهَا كُلُّ شَيْءٍ إِلَّا
الْإِنْسَانَ وَلَوْ سَمِعَهَا الْإِنْسَانُ لَصَعِقَ

462- Әбу Сағид әл-Худрий (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мәйіт табытқа салынып адамдар оны иықтарына көтергенде егер ол тіршілігінде жақсы адам болса: «Мені тезірек алып барыңдар!», - дейді. Ал егерде тіршілігінде дұрыс емес адам болса: «Ой сорым ай мені қай жаққа алып барасыңдар?», - деп айтар. Оның дауысын адамдардан басқа барлық нәрсе естиді. Егерде адамдар еститін болса, естерінен танып жығылар еді», - деді.

90-бап. Мұсылмандардың балалары туралы не делінген?

قَالَ أَبُو هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَنْ مَاتَ لَهُ ثَلَاثَةٌ
مِنَ الْوَالِدِ لَمْ يَبْلُغُوا الْحِنْتَ كَانَ لَهُ حِجَابًا مِنَ النَّارِ أَوْ دَخَلَ الْجَنَّةَ

Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кімнің үш баласы шетінесе, олар ата-анасын тозақ отынан перде болып тосып тұрар және сол ата-аналары өлетін болса, балаларының себебінен жәннатқа кірер», - деп айтқан», - деді.

463- حَدَّثَنَا يَعْقُوبُ بْنُ إِبْرَاهِيمَ حَدَّثَنَا ابْنُ عُثَيْبٍ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْعَزِيزِ بْنُ صُهَيْبٍ
عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَا
مِنَ النَّاسِ مُسْلِمٍ يَمُوتُ لَهُ ثَلَاثَةٌ مِنَ الْوَالِدِ لَمْ يَبْلُغُوا الْحِنْتَ إِلَّا أُدْخِلَهُ اللَّهُ الْجَنَّةَ
بِفَضْلِ رَحْمَتِهِ إِيَّاهُمْ

463- Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ешбір мұсылманның үш бірдей баласы өлмесін! Егерде өлетін болса, Алла тағала оны сол балаларының себебінен жәннатқа кіргізеді», - деді.

464- حَدَّثَنَا أَبُو الْوَلِيدِ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ عَدِيِّ بْنِ ثَابِتٍ أَنَّهُ سَمِعَ الْبَرَاءَ رَضِيَ اللَّهُ
عَنْهُ قَالَ لَمَّا تُوِّفِيَ إِبْرَاهِيمُ عَلَيْهِ السَّلَامُ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنَّ
لَهُ مَرْضِعًا فِي الْجَنَّةِ

464- Барра (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ұлы Ибраһим қайтыс болғанда: «Жәннатта оның рыздықтандырушысы бар»,- деп айтқанын естігенмін»,- деді.

91-бап. Мүшіріктердің балалары туралы не делінген?

465- حَدَّثَنِي حَبَّانُ بْنُ مُوسَى أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ أَخْبَرَنَا شُعْبَةُ عَنْ أَبِي بَشْرٍ عَنْ سَعِيدِ بْنِ جُبَيْرٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ قَالَ سُئِلَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَنْ أَوْلَادِ الْمُشْرِكِينَ فَقَالَ اللَّهُ إِذْ خَلَقَهُمْ أَعْلَمُ بِمَا كَانُوا عَامِلِينَ

465- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) мүшіріктердің балалары туралы сұрасқанда, ол кісі: «Алла тағала оларды жаратқан уақытта не қылулары керек екендігін айтқан»,- деді.

466- حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ قَالَ أَخْبَرَنِي عَطَاءُ بْنُ يَزِيدَ اللَّيْثِيُّ أَنَّهُ سَمِعَ أَبَا هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ يَقُولُ سُئِلَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَنْ ذُرَّارِيِّ الْمُشْرِكِينَ فَقَالَ اللَّهُ أَعْلَمُ بِمَا كَانُوا عَامِلِينَ

466- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) мүшіріктердің өлген балалары туралы сұрасқанда, ол кісі: «Алла тағала олардың не қылулары керек екендігін айтқан»,- деді.

467- حَدَّثَنَا آدَمُ حَدَّثَنَا ابْنُ أَبِي ذَنْبٍ عَنْ الزُّهْرِيِّ عَنْ أَبِي سَلَمَةَ بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كُلُّ مَوْلُودٍ يُوَلَّدُ عَلَى الْفِطْرَةِ فَأَبَوَاهُ يُهَوِّدَانِهِ أَوْ يُنَصِّرَانِهِ أَوْ يُمَجِّسَانِهِ كَمَا تَلَى الْبَيْهَمَةَ تُنَجِّجُ الْبَيْهَمَةَ هَلْ تَرَى فِيهَا جَدْعَاءَ

467- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Әрбір бала тумысында мұсылман болып туады. Бірақ ата-анасы оны хайуан өз баласын хайуан етіп тәрбиелегендей яһудий немесе насара әлде мәжуси қылып тәрбиелейді. Айтыңдаршы сендер хайуанның баласының (төлінің) бір мүшесі (мүйізі, мұрны, құлағы) кесілген бойы дүниеге келгенін көргенбісіңдер?»,- деді.

468- حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ حَدَّثَنَا جَرِيرٌ بْنُ حَازِمٍ حَدَّثَنَا أَبُو رَجَاءٍ عَنْ سَمُرَةَ بْنِ جُنْدَبٍ قَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا صَلَّى صَلَاةً أَقْبَلَ عَلَيْنَا بَوَاجِهِهِ فَقَالَ مَنْ رَأَى مِنْكُمْ اللَّيْلَةَ رُؤْيَا قَالَ فَإِنْ رَأَى أَحَدٌ قَصَّهَا فَيَقُولُ مَا شَاءَ اللَّهُ فَسَأَلْنَا يَوْمًا فَقَالَ هَلْ رَأَى أَحَدٌ مِنْكُمْ رُؤْيَا قُلْنَا لَا قَالَ لَكِنِّي رَأَيْتُ اللَّيْلَةَ رَجُلَيْنِ أَتَيْانِي فَأَخْذًا بِيَدِي فَأُخْرِجَانِي إِلَى الْأَرْضِ الْمُقَدَّسَةِ فَإِذَا رَجُلٌ جَالِسٌ وَرَجُلٌ قَائِمٌ بِيَدِهِ كَلُوبٌ مِنْ حديدٍ قَالَ بَعْضُ أَصْحَابِنَا عَنْ مُوسَى إِنَّهُ يُدْخِلُ ذَلِكَ الْكَلُوبَ فِي شِدْقِهِ حَتَّى يَبْلُغَ قَفَاهُ ثُمَّ يَفْعَلُ بِشِدْقِهِ الْآخَرَ مِثْلَ ذَلِكَ وَيَلْتَنِمُ شِدْقَهُ هَذَا فَيَعُودُ فَيَصْنَعُ مِثْلَهُ قُلْتُ مَا هَذَا قَالَا انْطَلِقْ فَاَنْطَلِقْنَا حَتَّى أَتَيْنَا عَلَى رَجُلٍ مُضْطَجِعٍ عَلَى قَفَاهُ وَرَجُلٌ قَائِمٌ عَلَى رَأْسِهِ بِفَهْرٍ أَوْ صَخْرَةٍ فَيَشْدُخُ بِهِ رَأْسَهُ فَإِذَا ضَرَبَهُ تَدَهَدَهَ الْحَجَرُ فَاَنْطَلِقَ إِلَيْهِ لِيَأْخُذَهُ فَلَا يَرْجِعُ إِلَى هَذَا حَتَّى يَلْتَنِمَ رَأْسَهُ وَعَادَ رَأْسَهُ كَمَا هُوَ فَعَادَ إِلَيْهِ فَضَرَبَهُ قُلْتُ مَنْ هَذَا قَالَا انْطَلِقْ فَاَنْطَلِقْنَا إِلَى تَقَبٍ مِثْلِ النَّوْرِ أَعْلَاهُ ضَيْقٌ وَأَسْفَلُهُ وَاسِعٌ يَتَوَقَّدُ تَحْتَهُ نَارًا فَإِذَا اقْتَرَبَ ارْتَفَعُوا حَتَّى كَادَ أَنْ يَخْرُجُوا فَإِذَا خَمَدَتْ رَجَعُوا فِيهَا وَفِيهَا رَجَالٌ وَنِسَاءٌ عُرَاهُ فَقُلْتُ مَنْ هَذَا قَالَا انْطَلِقْ فَاَنْطَلِقْنَا حَتَّى أَتَيْنَا عَلَى نَهْرٍ مِنْ دَمٍ فِيهِ رَجُلٌ قَائِمٌ عَلَى وَسَطِ النَّهْرِ قَالَ يَزِيدُ وَوَهْبُ بْنُ جَرِيرٍ عَنْ جَرِيرِ بْنِ حَازِمٍ وَعَلَى سَطِّ النَّهْرِ رَجُلٌ بَيْنَ يَدَيْهِ حِجَارَةٌ فَأَقْبَلَ الرَّجُلُ الَّذِي فِي النَّهْرِ فَإِذَا أَرَادَ أَنْ يَخْرُجَ رَمَى الرَّجُلُ بِحَجَرٍ فِيهِ فَرَدَّهُ حَيْثُ كَانَ فَجَعَلَ كُلَّمَا جَاءَ لِيَخْرُجَ رَمَى فِيهِ بِحَجَرٍ فَيَرْجِعُ كَمَا كَانَ فَقُلْتُ مَا هَذَا قَالَا انْطَلِقْ فَاَنْطَلِقْنَا حَتَّى انْتَهَيْنَا إِلَى رَوْضَةٍ خَضْرَاءَ فِيهَا شَجَرَةٌ عَظِيمَةٌ وَفِي أَصْلِهَا شَيْخٌ وَصَبِيَانٌ وَإِذَا رَجُلٌ قَرِيبٌ مِنَ الشَّجَرَةِ بَيْنَ يَدَيْهِ نَارٌ يُوقِدُهَا فَصَعِدَا بِي فِي الشَّجَرَةِ وَأَدْخَلَانِي دَارًا لَمْ أَرَ قَطُّ أَحْسَنَ مِنْهَا فِيهَا رَجَالٌ شُبُوحٌ وَشَبَابٌ وَنِسَاءٌ وَصَبِيَانٌ ثُمَّ أَخْرَجَانِي مِنْهَا فَصَعِدَا بِي الشَّجَرَةَ فَأَدْخَلَانِي دَارًا هِيَ أَحْسَنُ وَأَفْضَلُ

فِيهَا شَيْوُخٌ وَشَبَابٌ قُلْتُ طَوَّفْتُمَانِي اللَّيْلَةَ فَأَخْبِرَانِي عَمَّا رَأَيْتُ قَالَا نَعَمْ أَمَّا الَّذِي رَأَيْتَهُ يُشَقُّ شِدْفُهُ فَكَذَّابٌ يُحَدِّثُ بِالْكَذِبَةِ فَحَمَلُ عَنْهُ حَتَّى تَبْلُغَ الْآفَاقَ فَيُصْنَعُ بِهِ إِلَى يَوْمِ الْقِيَامَةِ وَالَّذِي رَأَيْتَهُ يُشَدِّخُ رَأْسَهُ فَرَجُلٌ عَلَّمَهُ اللَّهُ الْقُرْآنَ فَنَامَ عَنْهُ بِاللَّيْلِ وَلَمْ يَعْمَلْ فِيهِ بِالنَّهَارِ يُفَعَلُ بِهِ إِلَى يَوْمِ الْقِيَامَةِ وَالَّذِي رَأَيْتَهُ فِي النَّقَبِ فَهُمْ الزُّنَاتُ وَالَّذِي رَأَيْتَهُ فِي النَّهْرِ أَكَلُوا الرَّبَّ وَالشَّيْخُ فِي أَصْلِ الشَّجَرَةِ إِبْرَاهِيمُ عَلَيْهِ السَّلَامُ وَالصَّبَّيَانُ حَوْلَهُ فَأَوْلَادُ النَّاسِ وَالَّذِي يُوقِدُ النَّارَ مَالِكُ خَازِنُ النَّارِ وَالذَّارُ الْأُولَى الَّتِي دَخَلَتْ دَارُ عَامَّةِ الْمُؤْمِنِينَ وَأَمَّا هَذِهِ الدَّارُ فَدَارُ الشُّهَدَاءِ وَأَنَا جِبْرِيلُ وَهَذَا مِيكَائِيلُ فَارْفَعْ رَأْسَكَ فَرَفَعْتُ رَأْسِي فَإِذَا فَوْقِي مِثْلُ السَّحَابِ قَالَا ذَلِكَ مَنْزِلُكَ قُلْتُ دَعَانِي أَدْخُلْ مَنْزِلِي قَالَا إِنَّهُ بَقِيَ لَكَ عُمْرٌ لَمْ تَسْتَكْمِلْهُ فَلَوْ اسْتَكْمَلْتَ أُنْيِتَ مَنْزِلُكَ

468- Сумра ибн Жундуб (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намаз оқып болған соң, бізге бұрылып: «Осы түні кім түс көрді?»,- деп сұрайтын еді. Адамдар көрген түстерін айтып беретін. Ал Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) болса: «Алла тағала нені қаласа, сол болады»,- деп айтатын еді. Бір күні бізден: «Біреулерің түс көрдіңдер ме?»,- деп сұрады. Біз: «Жоқ»,- дедік. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ал мен бүгін түнде түс көрдім, түсімде мені екі кісі қолымнан жетектеп, Бәйтул Мұқаддасқа алып барды. Қарасам, ол жерде бір кісі отыр екен. Ал екіншісі болса, тік тұр екен. Тік тұрған кісі қолындағы (риуаяттың жалғасын Мұса ибн Исмайлдан естігенбіз, десті кейбір сахабалар) темір шеңгелмен отырған кісінің тіл-жағынан тығып, желкесінен бірақ шығарып тұр. Кейін екінші жағынан тығып мына жағынан шығарып жатыр. Шеңгелді суырып алғанша, жағы түзеліп орнына келіп жатыр. Тік тұрған кісі отырған адамның тіл-жағына тоқтаусыз тығып, суырып алып тұр. Бұны көріп: «Бұл не қылғандарың?»,- дедім. Олар: «Қане жүр, кеттік!»,- деді. Бір жерге жеткенімізде, бір кісі шалқасынан жатыр, ол жерде де бір кісі қасында тік тұр Оның қолында тас бар екен. Ол таспен шалқасынан жатқан адамның басынан ұрып жатыр. Ол тас шапшып кетіп артаманырақ жерге түсіп жатыр. Әлгі адам тасты қайта алып келгенше, шалқаласынан жатқан кісінің басы орнына келіп жатыр. Сол бойы тік тұрған адам шалқасынан жатқан адамның басын қайта-қайта мыжғылап ұрып жатыр. Мен: «Бұл кім?»,- деп сұрадым. Олар: «Жүр кеттік!»,- деді. Бір жерге барсақ тандырға ұқсас аузы тар, түбі болса кең бір шұңқыр бар екен, оның ішіндегі алау күшейгенде адамдар оттың жалынымен бірге шұңқырдан ұшып шығып кетейін деп жатыр, от бәсеңдегенде, жалынымен бірге қайтадан шұңқырдың түбіне түсіп жатыр.

Отта күйіп жатқандардың арасында тыр жалаңаш еркектерде, әйелдер де бар. Мен: «Бұлар кім?»,- деп сұрадым. Олар: «Жүр кеттік!»,- деді.

Жүре-жүре қан дариясының бойынан бірақ шықтық. (онда судың орнына толы қан екен) Дарияның шетінде бір адам, ортасында басқа бір адам тұр екен. Дарияның ішіндегі адам шетіне шығайын десе, шеттегі адам оны шекесінен таспен ұрып, дарияның ішіне қайтадан түсіріп жібереді. Тағыда шығайын десе, және ұрып түсіріп жібереді. Мен: «Бұл не?»,- дедім. Олар: «Жүр кеттік!»,- деді. Біз бұл жолы жап-жасыл бау-бақшаның алдынан шығып қалдық. Бақшаның ішінде бір үлкен әсем терек бар екен. Оның түбінде бір қария мен бір топ балалар отыр екен. Терекке жақынырақ жерде бір кісі от жағып жатыр. Қасымдағы серіктерім мені көтеріп, теректің үстіндегі бір үйге алып кірді. Мен осы уақытқа дейін сондай керемет үйді көрмегенмін. Оның ішінде (кісілер) қариялар, жігіттер, балалар мен әйелдер бар екен. Кейін мені теректің үстіндегі басқа бір үйге алып кірді. Бұл үй алғашқы үйден де әдемірек екен. Онда қариялар, жігіттер отыр екен. Мен қасымдағы кісілерге қарап: «Бұл түні мені ертіп жүрдіндер, енді көргендерімді жөндеп түсіндіріп беріңіздер!»,- дедім. Олар: «Бопты!»,- деп маған түсіндіре бастады: «Тіл-жағына темір шеңгел тығылып азапталып жатқан адам өтірікші болатын, оның айтқан жалған (өсек) сөздері бүкіл шар-тарапқа жайылған. Оған өзін көргендей қияметке дейін сөйтіп азап беріліп тұрады. Басы мылжа-мылжасы шығып, азапталып жатқан адам болса, Алла тағала Құранды жатқа білдірген адам болатын. Ол түндерде қайғысыз ұйықтап, ал күндіз оған амал етпеген адам, оған да қияметке дейін азап беріліп тұрады. Шұңқырда көргендерін – олар зинақор адамдар, ал дарияда көрген адамдарың, сүтқор (өсімқор) адамдар. Теректің түбінде отырған қария ол Ибраһим ғ.с., айналасындағы ұрпақтары. Ал жас балалар адамдардың арасындағы жастай шетінеген балалар болатын. От жағып отырған, ол тозақ отының сақшысы. Сен кірген бірінші үй, мұьминдердің үйі, ал екінші кірген үйің ол шаһидтердің үйі. Мен болсам, Жебірейілмін ғ.с. ал бұл болса, Микайл ғ.с.»,- деді. Содан соң, Жебірейіл мен Микайл маған: «Басыңды көтер!»,- деді. Мен басымды көтеріп едім, төбемде бұлтқа ұқсас бір үй-жай көрінді. Олар: «Бұл сенің тұрағың!»,- деді. Мен: «Мені жіберіндер, сол үйіме кірейін!»,- десем, олар: «Әлі өмірің біткен жоқ, біткенде осы мекеніңе келесің»,- десті.

93-бап. Дүйсенбі күнгі өлім турасында

469- حَدَّثَنَا مُعَلَّى بْنُ أَسَدٍ حَدَّثَنَا وَهَيْبٌ عَنْ هِشَامٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ دَخَلْتُ عَلَى أَبِي بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فَقَالَ فِي كَمْ كَفَّيْنِمُ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَتْ فِي ثَلَاثَةِ أَثْوَابٍ بِيضٍ سَحُولِيَّةٍ لَيْسَ فِيهَا قَمِيصٌ وَلَا عِمَامَةٌ وَقَالَ لَهَا فِي أَيِّ يَوْمٍ تُؤَفِّي رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَتْ يَوْمَ الْبَائِثِينَ قَالَ أَيُّ يَوْمٍ هَذَا قَالَتْ يَوْمَ الْبَائِثِينَ قَالَ أَرْجُو فِيمَا بَيْنِي وَبَيْنَ اللَّيْلِ فَنَظَرَ

إِلَى ثَوْبٍ عَلَيْهِ كَانَ يُمَرِّضُ فِيهِ بِهِ رَدْعٌ مِنْ زَعْفَرَانٍ فَقَالَ اغْسِلُوا ثَوْبِي هَذَا
وَزِيدُوا عَلَيْهِ ثَوْبَيْنِ فَكَفَّنُونِي فِيهَا قُلْتُ إِنَّ هَذَا خَلْقٌ قَالَ إِنَّ الْحَيَّ أَحَقُّ بِالْجَدِيدِ مِنْ
الْمَيِّتِ إِنَّمَا هُوَ لِلْمُهَلَّةِ فَلَمْ يُتَوَفَّ حَتَّى أَمْسَى مِنْ لَيْلَةِ الثَّلَاثَاءِ وَدُفِنَ قَبْلَ أَنْ يُصْبِحَ

469- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Әбу Бәкірдің (р.а.) алдына кіргенімде ол кісі менен: «Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) неше қабат етіп кебіндедіңдер?»,- деп сұрады. Мен: «Үш қабат ақ матамен кебіндедік, кебіннің астында не сәлде не көйлек жоқ болатын»,- дедім. Ол кісі: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қай күні қайтыс болған еді?»,- деп сұрады. Мен: «Дүйсенбі күні»,- дедім. Ол кісі: «Бүгін қайсы күн?»,- деп сұрады. Мен: «Бүгін дүйсенбі»,- дедім. Ол: «Сол түнге дейін өлсем деген үміттемін!»,- деді. Содан соң үстіндегі науқас болып жатқан кезіндегі кидірілген киімдеріне қарап қойды. Онда зағфранның дағы бар болатын. Ол: «Міне мына киімімді жуып, бұған тағыда екі енді кебіндікті қосып кебіндеңдер!»,- деді. Мен: «Бұл ескірек қой!»,- дегенімде, ол кісі: «Өлі адамнан гөрі тірілер жаңа киім киюге хақылы! Кебін денеден ағатын әртүрлі нәрселер үшін ғана керек»,- деді. Әбу Бәкір (р.а.) сейсенбі күнінің түніне дейін қайтыс болды. Жерленгенінде әлі таң атпаған болатын»,- деді.

94-бап. Аяқ асты өлім

470- حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ أَبِي مَرْيَمَ حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ جَعْفَرٍ قَالَ أَخْبَرَنِي هِشَامُ بْنُ عُرْوَةَ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّ رَجُلًا قَالَ لِلنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنَّ أُمَّيْ افْتُلِنْتَ نَفْسُهَا وَأَطْنُهَا لَوْ تَكَلَّمْتَ تَصَدَّقْتَ فَهَلْ لَهَا أَجْرٌ إِنْ تَصَدَّقْتَ عَنْهَا قَالَ نَعَمْ

470- Айша (р.а.) риуаят етті: «Бір кісі Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): «Анамның жаны бірден шығып кетті. Сөйлеуге үлгергенде садақа қылуға бұйырар еді. Егерде мен анамның атынан садақа қылсам, ол кісіге сауабы тиеді ме?»,- деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Әрине тиеді»,- деп жауап берді.

95-бап. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) және Әбу Бәкір мен Омардың (р.а.) қабірлері жайындағы риуаяттар туралы

471- حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ حَدَّثَنِي سُلَيْمَانُ عَنْ هِشَامِ ح وَ حَدَّثَنِي مُحَمَّدُ بْنُ حَرْبٍ حَدَّثَنَا أَبُو مَرْوَانَ يَحْيَى بْنُ أَبِي زَكَرِيَاءَ عَنْ هِشَامٍ عَنْ عُرْوَةَ عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ إِنَّ

كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لِيَتَعَدَّرُ فِي مَرَضِهِ أَيْنَ أَنَا الْيَوْمَ أَيْنَ أَنَا غَدًا
اسْتَبْطَاءً لِيَوْمِ عَائِشَةَ فَلَمَّا كَانَ يَوْمِي فَبِضَهُ اللَّهُ بَيْنَ سَحْرِي وَنَحْرِي وَدُفِنَ فِي
بَيْتِي

471- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Егер Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қатты науқас болып қалса: «Бүгін қай жердемін, ертең қай жерде боламын?»,- деп менің үйімде болатын күндерін тағатсыздана күтетін еді. Бұны қараңыз, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тұп-тура менің кезегім келген күні құшағымда Алла тағалаға жан тапсырып, менің бөлмеме жерленді»,- деді.

472- حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ حَدَّثَنَا أَبُو عَوَانَةَ عَنْ هِلَالٍ هُوَ الْوَزَّانُ عَنْ
عُرْوَةَ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي
مَرَضِهِ الَّذِي لَمْ يَقُمْ مِنْهُ لَعَنَ اللَّهُ الْيَهُودَ وَالنَّصَارَى اتَّخَذُوا قُبُورَ أَنْبِيَائِهِمْ مَسَاجِدَ
لَوْلَا ذَلِكَ أُبْرِزَ قَبْرُهُ غَيْرَ أَنَّهُ خَشِيَ أَوْ خَشِيَ أَنْ يَتَّخَذَ مَسْجِدًا وَعَنْ هِلَالٍ قَالَ
كَتَابِي عُرْوَةَ بْنُ الزُّبَيْرِ وَلَمْ يُولَدْ لِي

472- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) соңғы рет науқас болып жатқанында (осы науқастан соң қайтыс болды): «Алла тағала яһудилер мен насараларды лағнеттеді. Өйткені олар Пайғамбарларының қабірлерін мешіт қылып алған»,- деді. Міне сол қауіп (мешіт қылып алу қауіпі) болмағанда, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қабірі ашық қалдырылатын еді»,- деді.

473- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ مِقَاتٍ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ أَخْبَرَنَا أَبُو بَكْرِ بْنُ عَيَّاشٍ عَنْ
سُفْيَانَ الثَّمَارِ أَنَّهُ حَدَّثَهُ أَنَّهُ رَأَى قَبْرَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مُسْتَمًّا

473- Суфян ат-Таммар: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қабірінің томпайып жатқанын көргенмін»,- деген екен.

474- حَدَّثَنَا فَرُوهُ حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ مُسْهِرٍ عَنْ هِشَامِ بْنِ عُرْوَةَ عَنْ أَبِيهِ لَمَّا سَقَطَ
عَلَيْهِمُ الْحَائِطُ فِي زَمَانِ الْوَلِيدِ بْنِ عَبْدِ الْمَلِكِ أَخَذُوا فِي بِنَائِهِ فَبَدَتْ لَهُمْ قَدَمٌ
فَفَزَعُوا وَظَنُّوا أَنَّهَا قَدَمُ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَمَا وَجَدُوا أَحَدًا يَعْلَمُ ذَلِكَ

حَتَّى قَالَ لَهُمْ عُرْوَةُ لَا وَاللَّهِ مَا هِيَ قَدَمُ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَا هِيَ إِلَّا قَدَمُ
عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ

474- Хишам ибн Ғұруа (р.а.) атасынан естігенін риуаят етті: «Уалид ибн Абд ул-Мәліктің заманында Сағадат бөлмесінің (Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жерленген бөлме) қабырғасы құлағанда оны қайтадан тұрғызуға кірісті. Сонда (қабырғаның кесектерінің арасынан) адамның аяғы көрініп қалды. Адамдар қобалжып, оны Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) аяғы деп күмәнданды. Бұл кімнің аяғы екенін білетін еш кім жоқ еді. Сонда менің атам Ғұруа: «Құдай хақы, бұл Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) аяғы емес, мүмкін Омардың (р.а.) аяғы болар», - депті.

وَعَنْ هِشَامٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّهَا أَوْصَتْ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ الزُّبَيْرِ
رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا لَا تَدْفِنِي مَعَهُمْ وَادْفِنِي مَعَ صَوَاحِبِي بِالْبَقِيعِ لَا أُرْكَى بِهِ أَبَدًا

Хишам ибн Ғұруа (р.а.) атасынан естігенін риуаят етті: «Айша анамыз (р.а.) Абдулла ибн Зубайрға: «Мені олардың жанына жерлемендер, мен ол жерге тіптен лайық емеспін. Мені Бақидағы таныстарымның (Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) басқа әйелдері) жанына жерлендер!», - деп өсиет еткен екен. (Олардың жанына дегенде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) және Әбу Бәкір мен Омар айтылып тұр).

475- حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ حَدَّثَنَا جَرِيرُ بْنُ عَبْدِ الْحَمِيدِ حَدَّثَنَا حُصَيْنُ بْنُ عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَنْ
عَمْرِو بْنِ مَيْمُونِ الْأَوْدِيِّ قَالَ رَأَيْتُ عُمَرَ بْنَ الْخَطَّابِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ يَا عَبْدَ
اللَّهِ بْنَ عُمَرَ اذْهَبْ إِلَى أُمَّ الْمُؤْمِنِينَ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا فَقُلْ يَحْرَأُ عُمَرُ بْنُ
الْخَطَّابِ عَلَيْكَ السَّلَامَ ثُمَّ سَلِّهَا أَنْ أَدْفِنَ مَعَ صَاحِبِيَّ قَالَتْ كُنْتُ أُرِيدُهُ لِنَفْسِي
فَلَأَوْثَرْتُهُ الْيَوْمَ عَلَى نَفْسِي فَلَمَّا أَقْبَلَ قَالَ لَهُ مَا لَدَيْكَ قَالَ أَذِنْتُ لَكَ يَا أَمِيرَ
الْمُؤْمِنِينَ قَالَ مَا كَانَ شَيْءٌ أَهَمَّ إِلَيَّ مِنْ ذَلِكَ الْمَضْجَعِ فَإِذَا فُيِضْتُ فَأَحْمِلُونِي ثُمَّ
سَلِّمُوا ثُمَّ قُلْ يَسْتَأْذِنُ عُمَرُ بْنُ الْخَطَّابِ فَإِنْ أَذِنْتَ لِي فَأَدْفِنُونِي وَإِلَّا فَرُدُّونِي إِلَى
مَقَابِرِ الْمُسْلِمِينَ إِنِّي لَا أَعْلَمُ أَحَدًا أَحَقَّ بِهَذَا الْأَمْرِ مِنْ هَؤُلَاءِ النَّفَرِ الَّذِينَ تُوْفِّيَ
رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَهُوَ عَنْهُمْ رَاضٍ فَمَنْ اسْتَخْلَفُوا بَعْدِي فَهُوَ
الْخَلِيفَةُ فَاسْمَعُوا لَهُ وَأَطِيعُوا فَاسَمَى عُثْمَانَ وَعَلِيًّا وَطَلْحَةَ وَالزُّبَيْرَ وَعَبْدَ الرَّحْمَنِ

بْنِ عَوْفٍ وَسَعْدَ بْنِ أَبِي وَقَّاصٍ وَوَلَجَ عَلَيْهِ شَابٌّ مِنَ الْأَنْصَارِ فَقَالَ أُنْبِشِرُ يَا أَمِيرَ
الْمُؤْمِنِينَ بِيَشْرَى اللَّهُ كَانَ لَكَ مِنَ الْقَدَمِ فِي الْإِسْلَامِ مَا قَدْ عَلِمْتَ ثُمَّ اسْتُخْلِفتَ
فَعَدَلْتَ ثُمَّ الشَّهَادَةُ بَعْدَ هَذَا كُلِّهِ فَقَالَ لَيْتَنِي يَا ابْنَ أَخِي وَذَلِكَ كَقَافَا لَا عَلَيَّ وَلَا لِي
أَوْصِي الْخَلِيفَةَ مِنْ بَعْدِي بِالْمُهَاجِرِينَ الْأَوْلِيَيْنَ خَيْرًا أَنْ يَعْرِفَ لَهُمْ حَقَّهُمْ وَأَنْ
يَحْفَظَ لَهُمْ حُرْمَتَهُمْ وَأَوْصِيهِ بِالْأَنْصَارِ خَيْرًا الَّذِينَ تَبَوَّءُوا الدَّارَ وَالْإِيمَانَ أَنْ يُقْبَلَ
مِنْ مُحْسِنِهِمْ وَيُعْفَى عَنْ مُسِيئِهِمْ وَأَوْصِيهِ بِذِمَّةِ اللَّهِ وَذِمَّةِ رَسُولِهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ
وَسَلَّمَ أَنْ يُوفَى لَهُمْ بَعْدَهُمْ وَأَنْ يُقَاتَلَ مِنْ وَرَائِهِمْ وَأَنْ لَا يُكَلَّفُوا فَوْقَ طَاقَتِهِمْ

475- Амр ибн Маймун (р.а.) риуаят етті: «Омар ибн Хаттабты (р.а.) көрдім: «Ей Абдулла ибн Омар, мүминдердің анасы Айшаға (р.а.) барып, менен сәлем айт, содан соң менің екі досымның жанына жерленуіме рұқсат сұра!»,- деді. Айша анамыз (р.а.): «Ілгеріректе мен өзім сол жерге жерленуімді қалайтынмын. Ал енді оны өзіме лайық көрмей жатырмын»,- деді. Абдулла қайтып келіп хазреті Омарға (р.а.) жолыққанында, ол кісі: «Қандай хабар әкелдің?»,- деп сұрады. Абдулла: «Ей Әмир ал-мұминин, сізге рұқсат берді»,- деді. Сонда Хазреті Омар (р.а.): «Мен үшін сол жерден басқа құрметті орын болмаған, егер өлсем мені сол жерге ыңғайласа, деп сәлем айтыңыз! Кейін сен: «Омар ибн Хаттаб рұқсат сұрап жатыр»,- деп айт. Егер рұқсат берсе, мені сол жерге жерлендер егерде рұқсат бермесе, онда мені мұсылман қорымына апарып жерлей беріндер! Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) риза болған сол қайтыс болып кеткен кісілерден гөрі халифалыққа лайықты бірде-бір адамды білмеймін. Менен кейін кімді халифа қылсаңдар да оған бой ұсынып, құлақ салып тындаңдар! Содан соң Осман, Әли, Талһа, Зүбайр, Абдуррахман ибн Ауф және Сағд ибн Әбу Уаққастың аттарын атады. Сол кезде бір ансарий жігіт кіріп келіп: «Ей Әмир ал-мұминин, Алла тағаланың сізге көрсеткен сүйіншісіне разы болыңыз! Исламда өз орныңыз бар, оны білесіз, кейін әділеттілікпен халифалық қылдыңыз оның үстіне тағыда шаһид болдыңыз!»,- деді. Хазреті Омар (р.а.): «Ей бауырым, шамасы жетерлік болса еді! Өзімнен соң болатын халифа мұхажирлерге жақсылық қылсын, олардың хақысын тән алсын, құрметтерін орнына қойсын деп өсиет қыламын. Өзімнен кейінгі халифаға және былай деп өсиет қыламын: «Медине жүректеріне иман ұялатқан ансарларға жақсылық қылсын. Жақсы істерді қабыл етіп, кемшіліктеріне кешірім қылсын! Оған тағы былай деп өсиет етемін: «Алла тағала және оның Елшісі өзінің мойындарына алған тұрғындарға (Аһлу-з-зиммаға: мұсылман халифалығында жан салығын төлеп тұрған басқа діндегілерге) берілген уәдеге опа етсін, оларды қырғын қылмасын олардың мойнына шамалары келмейтін жүкті (істі) жүктемесін!»,- деді.

96-бап. Қайтыс болған адамдарды балағаттаудың Мәкрухтығы туралы

476- حَدَّثَنَا آدَمُ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ الْأَعْمَشِ عَنْ مُجَاهِدٍ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَا تَسُبُّوا الْأَمْوَاتَ فَإِنَّهُمْ قَدْ أَفْضَوْا إِلَى مَا قَدَّمُوا وَرَوَاهُ عَبْدُ اللَّهِ بْنُ عَبْدِ الْفُثُوسِ عَنْ الْأَعْمَشِ وَمُحَمَّدُ بْنُ أَنَسٍ عَنْ الْأَعْمَشِ تَابِعَهُ عَلِيُّ بْنُ الْجَعْدِ وَابْنُ عَرَّةَ وَابْنُ أَبِي عَدِيٍّ عَنْ شُعْبَةَ

476- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мәйіттерге (өлген адамдарға) тіл тигізбеңдер, өйткені олар баратын жерлеріне барып болған!», - деді. Бұл хадисті Абдулла ибн Абд ул Құддус және Мұхаммед ибн Әнас Ағмаштан естіп риуаят етіп беріскен, Әли ибн Жағд болса, оны жалғастырған.

97-бап. Қайтыс болған адамдардың тірі кезіндегі жаман істерін (еске түсіру) айту туралы

477- حَدَّثَنَا عُمَرُ بْنُ حَفْصٍ حَدَّثَنَا أَبِي حَدَّثَنَا الْأَعْمَشُ حَدَّثَنِي عَمْرُو بْنُ مُرَّةَ عَنْ سَعِيدِ بْنِ جُبَيْرٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ قَالَ أَبُو لَهَبٍ عَلَيْهِ لَعْنَةُ اللَّهِ لِلنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ تَبًّا لَكَ سَائِرَ الْيَوْمِ فَنَزَلَتْ تَبَّتْ يَدَا أَبِي لَهَبٍ وَتَبَّ

477- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Әбу Лаһаб ғалайһи лағнату-л-лаһи (оған Алла тағаланың лағнеті болсын) Пайғамбарымызға (с.ғ.с.): «Тіршіліктегі істеріннің барлығы құрып кетсін!», - деді. Сонда; «Әбу Лаһабтың екі қолы құрысын!», - деген аят нәзіл болды.

ЗЕКЕТ КІТАБЫ

98-бап. Зекет берудің парыз екендігі туралы

قَوْلَ اللَّهِ تَعَالَى وَأَقِيمُوا الصَّلَاةَ وَآتُوا الزَّكَاةَ

Алла тағала бұл туралы: «Намазды толық орындандар, зекет беріңдер...!⁵⁴», - деп айтты.

قَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا حَدَّثَنِي أَبُو سُهَيْبَانَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فَذَكَرَ حَدِيثَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ يَا مُرْنَا بِالصَّلَاةِ وَالزَّكَاةِ وَالصَّلَاةِ وَالْعَقَابِ

Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Әбу Суфьян маған хадис айтып тұрып, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бір сөзін есіне алды. Кейін ол: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бізге намаз оқуды, зекет беруді, туыскандық қарым-қатынасты үзбеді және таза болуды бұйырды», - деді.

478- حَدَّثَنَا أَبُو عَاصِمٍ الضَّحَّاكُ بْنُ مَخْلَدٍ عَنْ زَكَرِيَّاءَ بِنِ إِسْحَاقَ عَنْ يَحْيَى بْنِ

عَبْدِ اللَّهِ بْنِ صَيْفِيٍّ عَنْ أَبِي مَعْبَدٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ النَّبِيَّ

صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بَعَثَ مُعَاذًا رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ إِلَى الْيَمَنِ فَقَالَ ادْعُهُمْ إِلَى

شَهَادَةِ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَأَنَّي رَسُولُ اللَّهِ فَإِنْ هُمْ أَطَاعُوا لِذَلِكَ فَأَعْلِمُهُمْ أَنَّ اللَّهَ قَدْ

افْتَرَضَ عَلَيْهِمْ خَمْسَ صَلَوَاتٍ فِي كُلِّ يَوْمٍ وَلَيْلَةٍ فَإِنْ هُمْ أَطَاعُوا لِذَلِكَ فَأَعْلِمُهُمْ أَنَّ

اللَّهِ افْتَرَضَ عَلَيْهِمْ صَدَقَةً فِي أَمْوَالِهِمْ تُؤْخَذُ مِنْ أَغْنِيَائِهِمْ وَتُرَدُّ عَلَى فُقَرَائِهِمْ

478- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мұғазды (р.а.) Йеменге жіберіп тұрып: «Оларды (Йеменнің халқын) Алла тағаладан басқа Тәңірдің жоқтығына және менің Алла тағаланың елшісі екеніме куәлік етулеріне насихат ет! Егер де насихатыңды қабыл етсе, онда Алла тағала әр күндіз-түні бес уақыт намаз оқуды парыз қылғанын айт! Егерде бұны да қабыл етсе, онда Алла тағала бай адамдардың мал-дүниесінен садақалар (zeket) алып, кедейлерге таратып беруді парыз қылғанын білдіргейсің!», - деді.

⁵⁴ 2. «әл-Бақара», 43 аят.

479- حَدَّثَنَا حَفْصُ بْنُ عُمَرَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ عُمَانَ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ مَوْهَبٍ عَنْ مُوسَى بْنِ طَلْحَةَ عَنْ أَبِي أَيُّوبَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَجُلًا قَالَ لِلنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَخْبِرْنِي بِعَمَلٍ يُدْخِلُنِي الْجَنَّةَ قَالَ مَا لَهُ مَا لَهُ وَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَرَبٌ مَا لَهُ تَعْبُدُ اللَّهَ وَلَا تُشْرِكُ بِهِ شَيْئًا وَتُقِيمُ الصَّلَاةَ وَتُؤْتِي الزَّكَاةَ وَتَصِلُ الرَّحِمَ وَقَالَ بِهِزٌ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ عُمَانَ وَأَبُوهُ عُمَانَ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ أَنَّهُمَا سَمِعَا مُوسَى بْنَ طَلْحَةَ عَنْ أَبِي أَيُّوبَ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِهَذَا قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ أَحْسَنَى أَنْ يَكُونَ مُحَمَّدٌ غَيْرَ مَحْفُوظٍ إِنَّمَا هُوَ عَمْرُو

479- Әбу Айюб (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) бір кісі: «Не істесем жәннатқа кіремін, маған үйретіңіз!», - деді. Адамдар: «Не ісі бар екен, не ісі бар екен?», - деп сұрасты. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бір іспенен келіпті», - деп жауап берді. Кейін әлгі адамға қарап: «Алла тағалаға құлшылық қыласың, Оған еш нәрсені серік қылып қоспайсың. Намаз оқып, зекет бересің және бауырларына қайырлы болғайсың!», - деді.

480- حَدَّثَنِي مُحَمَّدُ بْنُ عَبْدِ الرَّحِيمِ حَدَّثَنَا عَفَّانُ بْنُ مُسْلِمٍ حَدَّثَنَا وَهَيْبٌ عَنْ يَحْيَى بْنِ سَعِيدٍ بْنِ حَيَّانَ عَنْ أَبِي زُرْعَةَ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ أَعْرَابِيًّا أَتَى النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ دُلَّنِي عَلَى عَمَلٍ إِذَا عَمِلْتُهُ دَخَلْتُ الْجَنَّةَ قَالَ تَعْبُدُ اللَّهَ لَا تُشْرِكُ بِهِ شَيْئًا وَتُقِيمُ الصَّلَاةَ الْمَكْتُوبَةَ وَتُؤَدِّي الزَّكَاةَ الْمَفْرُوضَةَ وَتَصُومُ رَمَضَانَ قَالَ وَالَّذِي نَفْسِي بِيَدِهِ لَا أَزِيدُ عَلَى هَذَا فَلَمَّا وُلِيَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَنْ سَرَّهُ أَنْ يَنْظُرَ إِلَى رَجُلٍ مِنْ أَهْلِ الْجَنَّةِ فَلْيَنْظُرْ إِلَى هَذَا حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ عَنْ يَحْيَى عَنْ أَبِي حَيَّانَ قَالَ أَخْبَرَنِي أَبُو زُرْعَةَ عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِهَذَا

480- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Бір араб (бәдәуий) Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына келіп: «Маған бір істі үйретіңіз мен оны орындап жәннатқа кірейін!», - деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Алла тағалаға құлшылық қылып, Оған еш нәрсені серік қылып қоспайсың, бұйырылған бес уақыт намазды оқисың, парыз етілген зекетті бересің және рамазанда ораза ұстайсың!», - деді. Әлгі араб: «Жаным қолында болған Алла тағалаға ант етіп айтамын, осы айтқандарыңыздан асырып жібермеймін!», - деді. Ол кісі қайтып кеткеннен соң, Пайғамбарымыз

(с.ғ.с.): «Кімде-кім жәннатық адамды көріп, шаттануды қаласа, осы адамға карасын!», - деді.

Әбу Хайян: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) туралы аталмыш хадисті маған Әбу Зарға айтып берген еді», - деді.

482- حَدَّثَنَا حَجَّاجٌ حَدَّثَنَا حَمَّادُ بْنُ زَيْدٍ حَدَّثَنَا أَبُو جَمْرَةَ قَالَ سَمِعْتُ ابْنَ

عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يَقُولُ قَدِمَ وَقَدْ عَبَدَ الْقَيْسَ عَلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالُوا يَا رَسُولَ اللَّهِ إِنَّ هَذَا الْحَيَّ مِنْ رَبِيعَةَ قَدْ حَالَتْ بَيْنَنَا وَبَيْنَكَ كَقَفَّارٍ مُضَرَ وَلَسْنَا نَخْلُصُ إِلَيْكَ إِلَّا فِي الشَّهْرِ الْحَرَامِ فَمَرْنَا بِشَيْءٍ نَأْخُذُهُ عَنْكَ وَنَدْعُو إِلَيْهِ مَنْ وَرَاءَنَا قَالَ أَمْرُكُمْ بِأَرْبَعٍ وَأَنْهَاكُمْ عَنْ أَرْبَعٍ الْإِيمَانَ بِاللَّهِ وَشَهَادَةَ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَعَقْدَ يَدَيْهِ هَكَذَا وَإِقَامَ الصَّلَاةِ وَإِيتَاءَ الزَّكَاةِ وَأَنْ تُؤَدُّوا خُمْسَ مَا غَنِمْتُمْ وَأَنْهَاكُمْ عَنِ الدُّبَاءِ وَالْحَنْتَمِ وَالنَّقِيرِ وَالْمُرْقَتِ وَقَالَ سُلَيْمَانُ وَأَبُو الثُّعْمَانَ عَنْ حَمَّادِ الْإِيمَانَ بِاللَّهِ شَهَادَةَ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ

482- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Абдул-Қайс тайпасының уәкілдері келіп: «Я Расулулла, бұл жамағат (яғни, біз) Рабийға қауымынан болып, сіздермен біздің арамызда Музар тайпасының кәпірлері (килігіп) тұр. Сол себептен біз сіздің алдыңызға тек (соғысуға тыйым салынған) айда ғана келе аламыз. Жәннатқа кіруіміз үшін бізге бір жақсы амал үйретсеңіз, оны өзімізде орындап жұртымызды да соған насихаттайық!», - десті. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мен сендерге төрт нәрсені бұйырып, ал мына төрт нәрседен сендерді тиамын: «Алла тағаланың бірлігіне иман келтіріңдер ол: «**Әшһаду ән лә иләһа иллалла**», - деп айтыңдар, намаз оқыңдар және алған олжаларыңның бестен бірін Алла тағалаға (яғни, Бәйт ул-Малға) беріңдер. Ал мына төрт түрлі нәрсені: « **Дуббоғь⁵⁵, Накийр⁵⁶, Хантам⁵⁷, Музаффатты⁵⁸**», - қолданудан тиямын деді.

483- حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ الْحَكَمُ بْنُ نَافِعٍ أَخْبَرَنَا شُعَيْبُ بْنُ أَبِي حَمْزَةَ عَنْ

الزُّهْرِيِّ حَدَّثَنَا عُبَيْدُ اللَّهِ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُثْمَةَ بْنِ مَسْعُودٍ أَنَّ أَبَا هُرَيْرَةَ رَضِيَ

⁵⁵ **Дуббоғь** - Кептірілген асқабақтан ішімдікті құйып қою үшін істелген ыдыс.

⁵⁶ **Накийр** - ішімдікті (арак) құю үшін Құрма ағашынан қашалып істелген ыдыс

⁵⁷ **Хантам** - Қыл мен қан араластырып саз балшықтан істелген ыдыс.

⁵⁸ **Музаффат** -- Ішімдік (арак) құю үшін қара маймен (смола) майлап істеген ыдыс.

اللَّهُ عَنْهُ قَالَ لَمَّا تُؤْفِي رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَكَانَ أَبُو بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ وَكَفَرَ مَنْ كَفَرَ مِنَ الْعَرَبِ فَقَالَ عُمَرُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ كَيْفَ تُقَاتِلُ النَّاسَ وَقَدْ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَمِرْتُ أَنْ أُقَاتِلَ النَّاسَ حَتَّى يَفُؤُوا لِي إِلَهًا إِلَّا اللَّهُ فَمَنْ قَالَهَا فَقَدْ عَصَمَ مِنِّي مَالُهُ وَنَفْسُهُ إِلَّا بِحَقِّهِ وَحِسَابُهُ عَلَى اللَّهِ فَقَالَ وَاللَّهِ لَأُقَاتِلَنَّ مَنْ فَرَّقَ بَيْنَ الصَّلَاةِ وَالزَّكَاةِ فَإِنَّ الزَّكَاةَ حَقُّ الْمَالِ وَاللَّهُ لَوْ مَنَعُونِي عَنَّا كَانُوا يُؤَدُّونَهَا إِلَيَّ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لِقَاتِلَتُهُمْ عَلَى مَنَعِهَا قَالَ عُمَرُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فَوَاللَّهِ مَا هُوَ إِلَّا أَنْ قَدْ شَرَحَ اللَّهُ صَدْرَ أَبِي بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فَعَرَفْتُ أَنَّهُ الْحَقُّ

483- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қайтыс болып, Әбу Бәкір (р.а.) халифа болғанда кейбір араб қауымдары діннен шықты. Сонда Хазреті Омар (р.а.) былай деген еді: «Адамдар (кәпірлерге қарсы) не үшін соғысуда? Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Маған Алла тағала тарапынан адамдар: «**لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ**», - дегендерінше соғысуға бұйырылдым. Кімде-кім солай десе, мал-жанын менен сақтап қалады. Ал басқа күнәлары үшін Алла тағаланың алдында жауап береді», - деген ғой!», - деді.

Әбу Бәкір (р.а.): «Алла тағалаға ант етемін намаз бенен зекетті ажыратқан (яғни, бірінің екіншісінен сауабы артығырақ немесе кемірек деген) кісіге қарсы соғысамын, өйткені зекет Ислам жолындағы берілетін хайыр-садақа. Егерде Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) (байғұс-бейшараларға тарқатып беру үшін) алып келе жатқан ешкілердің біреуі кем болса да, құдай хақы, соғыс қыламын!», - деді. Хазреті Омар (р.а.): «Алла тағала Әбу Бәкірдің (р.а.) жүрегіне қаншама (артықшылық пен кеңшілікті) нәсіп еткен! Мен оның хақ екендігін білдім», - деді.

999-бап. Зекет беремін деп ант ету туралы

فَإِنْ تَابُوا وَأَقَامُوا الصَّلَاةَ وَآتَوُا الزَّكَاةَ فَإِخْوَانُكُمْ فِي الدِّينِ

Алла тағала бұл туралы: «Сонда егер олар, тәубе етіп, намазды толық орындап, зекет берсе, онда олар сендердің дін бауырластарың...⁵⁹», - деді.

484- حَدَّثَنَا ابْنُ نُؤَيْمٍ قَالَ حَدَّثَنِي أَبِي حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ عَنْ قَيْسٍ قَالَ قَالَ جَرِيرُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ بَايَعْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَلَى إِقَامِ الصَّلَاةِ وَإِيْتَاءِ الزَّكَاةِ وَالنُّصْحِ لِكُلِّ مُسْلِمٍ

484- Жарир ибн Абдулла (р.а.): «Мен Пайғамбарымызға (с.ғ.с.), намаз оқимын, зекет беремін, және әр мұсылманға (бұл туралы) насихат қыламын, деп ант еттім», - деді.

100-бап. Зекет бермеген адамның күнәсі туралы

قَوْلِ اللَّهِ تَعَالَى وَالَّذِينَ يَكْنِزُونَ الذَّهَبَ وَالْفِضَّةَ وَلَا يَنْفِقُونَهَا فِي سَبِيلِ اللَّهِ فَبَشِّرْهُمْ بِعَذَابٍ أَلِيمٍ يَوْمَ يُحْمَى عَلَيْهَا فِي نَارِ جَهَنَّمَ فَتُكْوَى بِهَا جِبَاهُهُمْ وَجُنُوبُهُمْ وَظُهُورُهُمْ هَذَا مَا كَنْزْتُمْ لِأَنفُسِكُمْ فَذُوقُوا مَا كُنْتُمْ تَكْنِزُونَ

Алла тағала Бұл туралы айтты: «...Сондай алтын, күмісті жиып, оны Алла жолында жұмсамағандарды күйзелтуші азаппен сүйіншіле. Қиямет күнінде олар тозақ отына қыздырылып, онымен олардың маңдайлары, қабырғалары және арқалары таңбаланып: «Мынау өздерің үшін жинағандарың. Ал енді жинағандарыңның дәмін татыңдар»⁶⁰», - делінеді.

485- حَدَّثَنَا الْحَكَمُ بْنُ نَافِعٍ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ حَدَّثَنَا أَبُو الزِّنَادِ أَنَّ عَبْدَ الرَّحْمَنِ بْنَ هُرْمَزَ الْأَعْرَجَ حَدَّثَهُ أَنَّهُ سَمِعَ أَبَا هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ يَقُولُ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ تَأْتِي الْإِبِلُ عَلَى صَاحِبِهَا عَلَى خَيْرِ مَا كَانَتْ إِذَا هُوَ لَمْ يُعْطِ فِيهَا حَقَّهَا تَطْوُهُ بِأَخْفَافِهَا وَتَأْتِي الْغَنَمُ عَلَى صَاحِبِهَا عَلَى خَيْرِ مَا كَانَتْ إِذَا لَمْ يُعْطِ فِيهَا حَقَّهَا تَطْوُهُ بِأُظْلَافِهَا وَتَنْطَحُهُ بِفُرُونِهَا وَقَالَ وَمِنْ حَقِّهَا أَنْ تُحْلَبَ عَلَى الْمَاءِ قَالَ وَلَا يَأْتِي أَحَدَكُمْ يَوْمَ الْقِيَامَةِ بِشَاةٍ يَحْمِلُهَا عَلَى رَقَبَتِهِ لَهَا يُعَارُ فَيَقُولُ يَا مُحَمَّدُ

⁵⁹ 9. «әт-Тәубе», 11 аят.

⁶⁰ 9. «әт-Тәубе», 34-35 аяттар.

فَأَقُولُ لَأَمْلِكُ لَكَ شَيْئًا قَدْ بَلَغْتُ وَلَا يَأْتِي بِبَعِيرٍ يَحْمِلُهُ عَلَى رَقَبَتِهِ لَهُ رُغَاءٌ فَيَقُولُ
يَا مُحَمَّدُ فَأَقُولُ لَأَمْلِكُ لَكَ مِنَ اللَّهِ شَيْئًا قَدْ بَلَغْتُ

485- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кімнің түйесі көп бола тұрып зекет бермеген болса, қиямет күні ең семіз түйесі келіп, оны тепкілер, ал егерде қойлары көп бола тұрып зекет бермеген болса, ең семіз қойы келіп оны тұяқтарымен таптап, мүйізімен сүзер»,- деді. (Имам Бұхарий: «оларды судың бойына апарып суғарудың өзі зекет»,- деді.)

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) және былай деді: «Қиямет күні қайсы бірін маңырап тұрған қойды иықтарына салып көтеріп келіп: «Ей Мұхаммед!»,- дейсіз. Сонда мен: «Сен үшін еш нәрсе қылалмаспын, мен бұрынырақта ескерткен едім»,- деймін. Кейін біреуіңіз бақырып тұрған түйені иықтарыңмен көтеріп келіп: «Ей Мұхаммед!»,- дерсің. Сонда мен: «Сен үшін еш нәрсе қылалмаймын, мен бұрынырақта ескерткен едім»,- деймін.

486- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ حَدَّثَنَا هَاشِمُ بْنُ الْقَاسِمِ حَدَّثَنَا عَبْدُ الرَّحْمَنِ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ دِينَارٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ أَبِي صَالِحِ السَّمَّانِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَنْ آتَاهُ اللَّهُ مَالًا فَلَمْ يُؤَدِّ زَكَاتَهُ مِثْلَ لَهُ مَالَهُ يَوْمَ الْقِيَامَةِ شَجَاعًا أَفْرَعَهُ لَهُ زَبِيبَاتٌ يُطَوِّفُهُ يَوْمَ الْقِيَامَةِ ثُمَّ يَأْخُذُ بِلِهْزِ مَتْنِهِ يَعْنِي بِشِدْقِيهِ ثُمَّ يَقُولُ أَنَا مَالِكٌ أَنَا كَنْزُكَ ثُمَّ تَلَا لَأَمْلِكُ لَكَ مِنَ اللَّهِ شَيْئًا قَدْ بَلَغْتُ

486- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кімге Алла тағала мал-дүние беріп, бірақ та ол зекет бермесе, оның мыңғырған байлығы қиямет күні жылан кейпіне кіріп, иесінің денесіне оралып шағар, содан соң: «Мен мал-дүние (алтын күміс) байлығыңмын»,- деп айтар»,- деді. Кейін: «Алланың кеңшілігінен өздеріне берген нәрселеріне сарандық істегендер...⁶¹»,- деген аятты оқыды.

101-бап. Зекеті берілген байлық қазына емес!

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бұл туралы: «Мал-дүниеңіз бес уаққадан (6, 240 кг нан) кем болса, садақа беру қажет емес»,- деген.

حَدَّثَنَا أَحْمَدُ بْنُ شَيْبَانَ عَنْ سَعِيدِ بْنِ سَعِيدٍ حَدَّثَنَا أَبِي عَنْ يُونُسَ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ خَالِدِ بْنِ أَسْلَمَ قَالَ خَرَجْنَا مَعَ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا فَقَالَ أَعْرَابِيٌّ

⁶¹ 3. «Әли Имран», 180 аят.

أَخْبَرَنِي عَنْ قَوْلِ اللَّهِ وَالَّذِينَ يَكْتَرُونَ الذَّهَبَ وَالْفِضَّةَ وَلَا يُنْفِقُونَهَا فِي سَبِيلِ اللَّهِ
 قَالَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا مَنْ كَتَرَهَا فَلَمْ يُؤَدِّ زَكَاتَهَا فَوَيْلٌ لَهُ إِنَّمَا كَانَ هَذَا
 قَبْلَ أَنْ تُنَزَلَ الزَّكَاةُ فَلَمَّا أَنْزَلَتْ جَعَلَهَا اللَّهُ طَهْرًا لِلْأَمْوَالِ

Халид ибн Аслам (р.а.) риуаят етті: «Бір күні Абдулла ибн Омармен (р.а.) бірге (көшеге) шықтық. Сонда бір бәдәуий араб: «Алла тағаланың: «...Сондай алтын, күмісті жиып, оны Алла жолында жұмсамағандарды...⁶²», - деген аятын маған түсіндіріп беріңіз!», - деді. Сонда Ибн Омар (р.а.): «Кімде-кім байлық (мал-дүние) жинап, зекет бермесе, оның хәлі мүшкіл) Алла тағала зекетті парыз деп бұйырып, оны байлықты халалдаушы қылды», - деді.

487- حَدَّثَنَا إِسْحَاقُ بْنُ يَزِيدَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبُ بْنُ إِسْحَاقَ أَخْبَرَنَا الْأَوْزَاعِيُّ
 أَخْبَرَنِي يَحْيَى بْنُ أَبِي كَثِيرٍ أَنَّ عَمْرَو بْنَ يَحْيَى بْنَ عُمَارَةَ أَخْبَرَهُ عَنْ أَبِيهِ يَحْيَى
 بْنَ عُمَارَةَ بْنِ أَبِي الْحَسَنِ أَنَّهُ سَمِعَ أَبَا سَعِيدٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ يَقُولُ قَالَ النَّبِيُّ
 صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَيْسَ فِيمَا دُونَ خَمْسِ أَوْاقٍ صَدَقَةٌ وَلَيْسَ فِيمَا دُونَ خَمْسِ
 دُونَ صَدَقَةٌ وَلَيْسَ فِيمَا دُونَ خَمْسِ أَوْسُقٍ صَدَقَةٌ

487- Әбу Саъид (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Салмағы бес уаққадан (6,240 кг нан) кем нәрселер үшін, саны бестен аз қой, ешкі, мал, ат, түйе, сияқты хайуандар үшін де бес аусақтан (мөлшері. 720 кг нан) жеңіл нәрселер үшін садақа (zeket) берілмейді», - деді.

488- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ أَبِي هَاشِمٍ سَمِعَ هُشَيْمًا أَخْبَرَنَا حُصَيْنٌ عَنْ زَيْدِ بْنِ
 وَهْبٍ قَالَ مَرَرْتُ بِالرَّبْدَةِ فَإِذَا أَنَا بِأَبِي دُرٍّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فَقُلْتُ لَهُ مَا أَنْزَلَكَ
 مِنْ ذَلِكَ هَذَا قَالَ كُنْتُ بِالشَّامِ فَاخْتَلَفْتُ أَنَا وَمُعَاوِيَةُ فِي الَّذِينَ يَكْتَرُونَ الذَّهَبَ
 وَالْفِضَّةَ وَلَا يُنْفِقُونَهَا فِي سَبِيلِ اللَّهِ قَالَ مُعَاوِيَةُ نَزَلَتْ فِي أَهْلِ الْكِتَابِ فَقُلْتُ نَزَلَتْ
 فِيْنَا وَفِيهِمْ فَكَانَ بَيْنِي وَبَيْنَهُ فِي ذَلِكَ وَكُتِبَ إِلَيَّ عُثْمَانُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ يَشْكُونِي
 فَكُتِبَ إِلَيَّ عُثْمَانُ أَنْ أَقْدِمَ الْمَدِينَةَ فَقَدِمْتُهَا فَكَثُرَ عَلَيَّ النَّاسُ حَتَّى كَانَتْهُمْ لَمْ يَرَوْنِي

⁶² 9. «әт-Тәубе», 34 аят.

قَبْلَ ذَلِكَ فَذَكَرْتُ ذَاكَ لِعُثْمَانَ فَقَالَ لِي إِنَّ شَيْئًا تَنَحَّيْتَ فَكُنْتَ قَرِيبًا فَذَلِكَ الَّذِي
أَنْزَلَنِي هَذَا الْمَنْزِلَ وَلَوْ أَمَرُوا عَلَيَّ حَبَشِيًّا لَسَمِعْتُ وَأَطَعْتُ

488- Зәйд ибн Уаһб (р.а.) риуаят етті: «Рабза деген жерден өтіп бара жатқан едім, Әбу Заррды жолықтырып қалып, оған: «Не себепті үйіңізді тастап бұл жерде жүрсіз?»,- дедім. Әбу Зарр маған: «Шамға барған едім, Алла тағаланың: «...Сондай алтын, күмісті жиып, оны Алла жолында жұмсамағандарды...»⁶³,- деген аят туралы Муғауиямен тартысып қалдым. Муғауия: «Бұл аят кітап иелері (аһли кітаб) үшін нәзіл болған»,- деді. Мен: «Бұл аят олар үшін де біз үшін де барлығымызға (бірдей) нәзіл болған»,- дедім. Кейін, сол бойынша тартысып қалдық. Ол кісі менің үстімнен шағым айтып, Османға (р.а.) хат жіберді. Осман (р.а.) маған: «Мединеге кел!»,- деп хат жазыпты, мен бардым. Сонда адамдар мені бұрын көрмегендей қоршап алып, неге келгенімнің себепін сұрастыра бастады. Мен бұл оқиғаны Османға (р.а.) айттым. Ол кісі: «Егер сіз лайық көрсеңіз, шаһардың шетінен үй-жай берсем, сол жерде тұрсаңыз, біздің көңілімізді жайландырған болар едіңіз!»,- деді. Міне сол себепті мен осы жердемін, егер маған (қара нәсілді) құлды әмір қылып қойса, мен оған бойұсынып, құлақ салар едім»,- деді.

489- حَدَّثَنَا عِيَّاشُ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْأَعْلَى حَدَّثَنَا الْجُرَيْرِيُّ عَنْ أَبِي الْعَلَاءِ عَنِ
الْأَحْنَفِ بْنِ قَيْسٍ قَالَ جَلَسْتُ ح وَ حَدَّثَنِي إِسْحَاقُ بْنُ مَنْصُورٍ أَخْبَرَنَا عَبْدُ الصَّمَدِ
قَالَ حَدَّثَنِي أَبِي حَدَّثَنَا الْجُرَيْرِيُّ حَدَّثَنَا أَبُو الْعَلَاءِ بْنُ الشَّخِيرِ أَنَّ الْأَحْنَفَ بْنَ قَيْسٍ
حَدَّثَهُمْ قَالَ جَلَسْتُ إِلَى مَلَأٍ مِنْ فُرَيْشٍ فَجَاءَ رَجُلٌ خَشِينُ الشَّعْرِ وَالثِّيَابِ وَالْهَيْبَةِ
حَتَّى قَامَ عَلَيْهِمْ فَسَلَّمَ ثُمَّ قَالَ بَشِّرُوا الْكَانِزِينَ بِرَضْفٍ يُحْمَى عَلَيْهِ فِي نَارِ جَهَنَّمَ ثُمَّ
يُوضَعُ عَلَى حَلْمَةٍ تَذِي أَحَدَهُمْ حَتَّى يَخْرُجَ مِنْ نُعْضٍ كَتِفِهِ وَيُوضَعُ عَلَى نُعْضِ
كَتِفِهِ حَتَّى يَخْرُجَ مِنْ حَلْمَةٍ تَذِيهِ يَنْزَلُزُلٌ ثُمَّ وَلَّى فَجَلَسَ إِلَى سَارِيَةٍ وَتَبِعْتُهُ
وَجَلَسْتُ إِلَيْهِ وَأَنَا لَا أُدْرِي مَنْ هُوَ فَقُلْتُ لَهُ لَا أَرَى الْقَوْمَ إِلَّا قَدْ كَرَهُوا الَّذِي قُلْتَ
قَالَ إِنَّهُمْ لَا يَعْقِلُونَ شَيْئًا قَالَ لِي خَلِيلِي قَالَ قُلْتُ مَنْ خَلِيلُكَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ
عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَا أَبَا ذَرٍّ أَنْبِصِرْ أَحَدًا قَالَ فَتَنَظَرْتُ إِلَى الشَّمْسِ مَا بَقِيَ مِنَ النَّهَارِ وَأَنَا
أَرَى أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُرْسِلُنِي فِي حَاجَةٍ لَهُ قُلْتُ نَعَمْ قَالَ مَا

⁶³ 9. «әт-Тәубе», 34 аят.

أُحِبُّ أَنْ لِي مِثْلَ أَحَدٍ ذَهَبًا أَنْفِئَهُ كُلَّهُ إِلَّا ثَلَاثَةَ دَنَانِيرَ وَإِنَّ هَؤُلَاءِ لَا يَعْقِلُونَ إِلَّا مَا يَجْمَعُونَ الدُّنْيَا لَا وَاللَّهِ لَا أَسْأَلُهُمْ دُنْيَا وَلَا أَسْتَفْتِيهِمْ عَنْ دِينٍ حَتَّى أَلْقَى اللَّهَ

489- Аһнаф ибн Қайс (р.а.) риуаят етті: «Құрайыш тайпасына тиесілі бір топ адамдармен отырған едім. Сонда шаштары әбден тозған, киімдері жыртық бір адам келіп, отырғандарға сәлем берді-да: «Мал-дүние жинаушыларға айтып қойыңдар, олардың денелеріне жәһаннамның отында қыздырылған тас басылады! Қыздырылған тас алдымен емшегінің үшіне қойылып басылады. Сонда ол жауырынынан тесіп шығады. Кейін жауырынынан қойып басылғанда, емшегінің үшінен тесіп шығады. Сонда тас дірілдеп қалтырап тұрар»,- деді. Кейін, бір тіреудің астына барып отырды. Мен де оған ілесіп, жанына барып отырдым. Бірақ та оның кім екенін білмеймін. Мен оған: «Байқауымша сіздің айтқан сөздеріңіз адамдарға жақпады»,- дедім. Әлгі кісі: «Олардың еш нәрсеге ақылдары жетпейді, бұны маған досым айтқан еді»,- деді. Мен: «Досыңыз кім?»,- деп сұрадым. Ол: «Пайғамбар (с.ғ.с.)!»,- деп жауап берді-да кейін болған оқиғаны хикая қылып айта кетті: «Бір күні Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) маған: «Ей Әбу Зарр, Үһуд тауын көріп тұрсың ба?»,- деді. Сонда мен бір жаққа іспен жұмсап жіберетін сияқты деп ойлап. Күннің қалған бір бөлімін шамаладым-да «Иә»,- дедім. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Менің Үһуд тауының үлкендігіндей алтыным болса, бір күндік керегіме жарататын үш динар алып қалып, қалғанын Алла тағаланың жолында жұмсайтын едім!»,- деді. Әбу Зарр (р.а) әңгімесін сол жерден тоқтатып, маған: «Ана біреулер ойланбай-толғанбай мал-дүние жинап жатыр, құдай хақы, мен Алла тағаланың алдына барғанымша олардан байлық та мәселе де сұрамаспын!»,- деді.

102-бап. Байлықты өз орнымен жұмсау туралы

490- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ الْمُثَنَّى حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ إِسْمَاعِيلَ قَالَ حَدَّثَنِي قَيْسٌ عَنْ ابْنِ مَسْعُودٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ سَمِعْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ لَا حَسَدَ إِلَّا فِي اثْنَتَيْنِ رَجُلٍ آتَاهُ اللَّهُ مَالًا فَاسْلَطَهُ عَلَى هَلْكَتِهِ فِي الْحَقِّ وَرَجُلٍ آتَاهُ اللَّهُ حِكْمَةً فَهُوَ يَفْضِي بِهَا وَيُعَلِّمُهَا

490- Ибн Масғуд (р.а.) риуаят етті: «Мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бір кісіге былай дегенін естігенмін: «Тек қана екі нәрсеге қызғаныш қылуға болады: «Біріншісі – Алла тағала бір кісіге мал-дүние берсе, ол өз байлығын жақсылық істерге жұмсаса, ал екіншісі – Алла тағала бір кісіге білім мен нығметін берсе, ол білімді дұрыс пайдаланып, басқаларға да үйретсе»,- деді.

103-бап. Берген садақаны міндет қылу туралы

لِقَوْلِهِ يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا لَا تُبْطِلُوا صَدَقَاتِكُمْ بِالْمَنِّ وَالْأَذَىٰ إِلَىٰ قَوْلِهِ وَاللَّهُ لَا يَهْدِي الْقَوْمَ الْكَافِرِينَ وَقَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا صَلَدًا لَيْسَ عَلَيْهِ شَيْءٌ وَقَالَ عِكْرَمَةُ وَابِلٌ مَطْرٌ شَدِيدٌ وَالطَّلُّ النَّدَىٰ

Алла тағала бұл туралы мына аятты нәзіл еткен: «Әй мүміндер! Аллаға, ахирет күніне сенбей, адамдарға көрсету үшін мал сарп қылған кісідей, садақаларынды міндет қылу, ренжітумен жоймаңдар... (әл-кафирын деген жерге дейін)⁶⁴», - деді.

104-бап. Харам жолмен табылған байлықтан берген садақаны Алла тағала қабыл етпейді. Ал халал кәсіппен табылған байлықтан берілген садақаны ғана Алла тағала қабыл етеді

لِقَوْلِهِ قَوْلٌ مَّعْرُوفٌ وَمَغْفُورَةٌ خَيْرٌ مِنْ صَدَقَةٍ يَتْبَعُهَا أَدَىٰ وَاللَّهُ غَنِيٌّ حَلِيمٌ

Алла тағала бұл туралы: «Көркем сөз және кешірімділік, артынан бұлдану, кейіту араласқан садақадан жақсы. Алла тағала бай, жұмсақ⁶⁵», - деді.

105-бап. Халал жолмен табылған байлықтан берілетін садақа туралы

لِقَوْلِهِ وَيُرِي الصَّدَقَاتِ وَاللَّهُ لَا يُحِبُّ كُلَّ كَفَّارٍ أَثِيمٍ إِنَّ الَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ وَأَقَامُوا الصَّلَاةَ وَآتَوُا الزَّكَاةَ لَهُمْ أَجْرُهُمْ عِنْدَ رَبِّهِمْ وَلَا خَوْفٌ عَلَيْهِمْ وَلَا هُمْ يَحْزَنُونَ

Алла тағала Кәрімде айтты: «Алла өсімді жояды да сауданы арттырады. Әрі Алла барлық қарсы келуші күнәкарды жақсы көрмейді. Негізінен иман келтіріп ізгі іс істегендер, намазды толық орындап, зекет бергендер, олар үшін Раббыларының қасында сыйлық бар. Оларға қорқу жоқ әрі олар қайғырмайды⁶⁶», - деді.

⁶⁴ 2. «әл-Бақара», 264 аят.

⁶⁵ 2. «әл-Бақара», 263 аят.

⁶⁶ 2. «әл-Бақара», - 276 -277 аяттар.

491- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مُنِيرٍ سَمِعَ أَبَا النَّضْرِ حَدَّثَنَا عَبْدُ الرَّحْمَنِ هُوَ ابْنُ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ دِينَارٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ أَبِي صَالِحٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَنْ تَصَدَّقَ بِعَدْلِ ثَمْرَةٍ مِنْ كَسْبٍ طَيِّبٍ وَلَا يَعْطَلُ اللَّهُ إِلَّا الطَّيِّبَ وَإِنَّ اللَّهَ يَتَقَبَّلُهَا بِيَمِينِهِ ثُمَّ يُرَبِّبُهَا لِصَاحِبِهِ كَمَا يُرَبِّي أَحَدَكُمْ فَلَوْهَ حَتَّى تَكُونَ مِثْلَ الْجَبَلِ

491- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім халал кәсіп қылып, бір тал құрмадай болса да садақа қылса, Алла тағала оны қайтармастан қабыл етеді. Сендер тайды қалай бағып өсірсеңдер. Сол сияқты Алла тағала да берген садақаларыңды таудың үлкендігіндей қылып, өздеріңе қайтарады»,- деді.

106-бап. Садақаны алмай қоятын заман келмей тұрып садақаны беріп қалу керектігі туралы

492- حَدَّثَنَا أَدَمُ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ حَدَّثَنَا مَعْبُدُ بْنُ خَالِدٍ قَالَ سَمِعْتُ حَارِثَةَ بْنَ وَهْبٍ قَالَ سَمِعْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ تَصَدَّقُوا فَإِنَّهُ يَأْتِي عَلَيْكُمْ زَمَانٌ يَمْشِي الرَّجُلُ بِصَدَقَتِهِ فَلَا يَجِدُ مَنْ يَقْبَلُهَا يَقُولُ الرَّجُلُ لَوْ حِثَّتْ بِهَا بِالْأَمْسِ لَقَبَلْتُهَا فَأَمَّا الْيَوْمَ فَلَا حَاجَةَ لِي بِهَا

492- Хариса ибн Уаһб (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) былай дегенін естігенмін: «Садақа беріп қалыңдар, өйткені садақаларыңды алатын адам таппай қалатын заман келеді. Сонда бірер кісілерге садақа берейін деп алып барсаңдар: «Кеше алып келгеніңізде сөзсіз алатын едім, ал бүгін оны алуға менің еш қандай мұқтаждығым жоқ»,- деп айтар»,- деді.

493- حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ حَدَّثَنَا أَبُو الزُّنَادِ عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَا تَقُومُ السَّاعَةُ حَتَّى يَكْثَرَ فِيكُمْ الْمَالُ فَيَفِيضَ حَتَّى يُهَمَّ رَبُّ الْمَالِ مَنْ يَقْبَلُ صَدَقَتَهُ وَحَتَّى يَعْرِضَهُ فَيَقُولَ الَّذِي يَعْرِضُهُ عَلَيْهِ لَا أَرَبَ لِي

493- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мал-дүниелеріңіз асып-тасып кемерінен асып төгілмегенше қиямет болмайды Сондай дәуірлер келеді. Тіпті бай адам кімге садақа беретінін білмей

калып кезіккен адамға садақаны ұстата берер бірақ: «Менің садақаға мұқтаждығым жоқ», - деп ешкім алмайды», - деді.

494- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مُحَمَّدٍ حَدَّثَنَا أَبُو عَاصِمٍ النَّبِيلُ أَخْبَرَنَا سَعْدَانُ بْنُ بِشْرِ حَدَّثَنَا أَبُو مُجَاهِدٍ حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ خَلِيفَةَ الطَّائِيُّ قَالَ سَمِعْتُ عَدِيَّ بْنَ حَاتِمٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ يَقُولُ كُنْتُ عِنْدَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَجَاءَهُ رَجُلَانِ أَحَدُهُمَا يَشْكُو الْعَيْلَةَ وَالْآخَرَ يَشْكُو قَطْعَ السَّبِيلِ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَمَّا قَطْعُ السَّبِيلِ فَإِنَّهُ لَا يَأْتِي عَلَيْكَ إِلَّا قَلِيلٌ حَتَّى تَخْرُجَ الْعَيْرُ إِلَى مَكَّةَ بِغَيْرِ خَفِيرٍ وَأَمَّا الْعَيْلَةُ فَإِنَّ السَّاعَةَ لَا تَقُومُ حَتَّى يَطُوفَ أَحَدُكُمْ بِصَدَقَتِهِ لَا يَجِدُ مَنْ يَقْبَلُهَا مِنْهُ ثُمَّ لِيَقْفَنَ أَحَدُكُمْ بَيْنَ يَدَيِ اللَّهِ لَيْسَ بَيْنَهُ وَبَيْنَهُ حِجَابٌ وَلَا تَرْجُمَانُ يُتْرَجَمُ لَهُ ثُمَّ لِيَقُولَنَّ لَهُ أَلَمْ أَوْتِكَ مَا لَا فَلَيقُولَنَّ بَلَى ثُمَّ لِيَقُولَنَّ أَلَمْ أُرْسِلْ إِلَيْكَ رَسُولًا فَلَيقُولَنَّ بَلَى فَيَنْظُرُ عَنْ يَمِينِهِ فَلَا يَرَى إِلَّا النَّارَ فَيَنْظُرُ عَنْ شِمَالِهِ فَلَا يَرَى إِلَّا النَّارَ فَلَيقُولَنَّ أَحَدُكُمْ النَّارَ وَلَوْ بِشِقِّ ثَمْرَةٍ فَإِنَّ لَمْ يَجِدْ فَبِكَلِمَةٍ طَيِّبَةٍ

494- Гадий ибн Хатим (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдында едім. Екі кісі кіріп келді. Олардың бірі отбасының мұқтаждығынан, ал екіншісі болса, (жол торушы) қарақшылардың үстінен шағым айтты. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жолтосарлардың мәселесіне келсек, тіпті керуен Меккеге күзетшілерсіз де жолға шыққанда да, саған олардың зияны азырақ тиеді. Ал отбасылық мұқтаждықтың мәселесіне келсек, сендер садақа беремін дегендерінде бірде-бір садақа алатын адамды іздеп таба алмайтын заман келгенше қиямет болмайды. Содан соң қайсы бірін Алла тағаланың алдында тік тұрып жауап беретін болса, араларыңда перде де, аударып тұратын тілмаш та болмайды. Сонда Алла тағала: «Саған мал-дүние бермеп пе едім?»,- деп сұрар. Пенде: «Иә»,- деп жауап берер. Содан соң Алла тағала: «Саған Пайғамбар жібермеппе едім?»,- деп сұрар. Пенде: «Иә»,- деп жауап берер. Кейін, пенде оң жағына қарады, бірақ тозақтан басқа нәрсені көрмейді. Содан соң сол жағына қарайды тағы да тозақтан басқа нәрсе көрмейді. (Сол үшін) әр біріңіз жарты құрманы болса да садақа қылып, тіпті болмаса бір жақсы сөз айтып, өзіңізді тозақ отынан құтқарыңыз!»,- деді.

495 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ الْعَلَاءِ حَدَّثَنَا أَبُو أُسَامَةَ عَنْ بُرَيْدٍ عَنْ أَبِي بُرْدَةَ عَنْ أَبِي مُوسَى رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ لِيَأْتِيَنَّ عَلَى النَّاسِ

زَمَانٌ يَطُوفُ الرَّجُلُ فِيهِ بِالصَّدَقَةِ مِنَ الذَّهَبِ ثُمَّ لَا يَجِدُ أَحَدًا يَأْخُذُهَا مِنْهُ وَيُرَى
الرَّجُلُ الْوَاحِدُ يَتَّبِعُهُ أَرْبَعُونَ امْرَأَةً يَلْدُنَ بِهِ مِنْ قِلَّةِ الرِّجَالِ وَكَثْرَةِ النِّسَاءِ

495- Әбу Мұса (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сондай бір замандар келеді, сонда кісі ділдәні (алтын ақшаны) садақа қылып беремін десе де, садақа алушыны іздеп жүріп таба алмайды. Әйелдердің көптігінен (ер адамдардың аздығынан) бір ер адамның артынан қырық әйел ілесіп жүрер»,- деді.

107-бап. Жарты құрманы садақа қылып берсеңіз де өзіңді тозақ отынан құтқарыңыз! Аз болса да, ол садақаға жатады

وَالْقَلِيلُ مِنَ الصَّدَقَةِ وَمَثَلُ الَّذِينَ يُنْفِقُونَ أَمْوَالَهُمْ ابْتِغَاءَ مَرْضَاةِ اللَّهِ وَتَنْبِيئًا مِنْ
أَنْفُسِهِمُ الْآيَةِ وَالِى قَوْلِهِ مِنْ كُلِّ النَّمَرَاتِ

Бұл туралы Алла тағала: «Сондай малдарын Алланың ризалығын тілеп, өз көңілдерін бекіту үшін Алла жолында сарп қылғандардың...», «әрбір жемістер...» деген жерге дейін...⁶⁷»,- деген аятты нәзіл етті.

497- حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ يَحْيَى حَدَّثَنَا أَبِي حَدَّثَنَا الْأَعْمَشُ عَنْ شَقِيقٍ عَنْ أَبِي مَسْعُودٍ
الْأَنْصَارِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا أَمَرَنَا
بِالصَّدَقَةِ انْطَلَقَ أَحَدُنَا إِلَى السُّوقِ فَيَحَامِلُ فَيُصِيبُ الْمُدَّ وَإِنَّ لِبَعْضِهِمُ الْيَوْمَ لِمِائَةَ
أَلْفٍ

497- Әбу Масғуд (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бізге садақа қылуды бұйырса, кейбіріміз базарға барып, жүк тасып, содан түскен пұлға бір *муд* (600 мискал) тағам немесе құрма сатып алып, біреуге садақа қылып беретінбіз. Ал қазіргі кезде кейбіреулерімізде 100 мың дирһамға дейін ақша бар»,- деді.

498- حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ حَرْبٍ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ أَبِي إِسْحَاقَ قَالَ سَمِعْتُ عَبْدَ اللَّهِ
بْنَ مَعْقِلٍ قَالَ سَمِعْتُ عَدِيَّ بْنَ حَاتِمٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى
اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ اتَّقُوا النَّارَ وَلَوْ بِشِقِّ تَمْرَةٍ

⁶⁷ 2. «әл-Бақара», 265-266 аяттар.

498- Абдулла ибн Мағқил (р.а.) риуаят етті: «Ғадий ибн Хатимның (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жарты құрманы садақа қылып берсеңдер де өздерінді тозақ отынан құтқарыңдар!», - деп айтқанын естігенмін», - деді.

499- حَدَّثَنَا بَشْرُ بْنُ مُحَمَّدٍ قَالَ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ أَخْبَرَنَا مَعْمَرٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ قَالَ حَدَّثَنِي عَبْدُ اللَّهِ بْنُ أَبِي بَكْرٍ بْنُ حَزْمٍ عَنْ عُرْوَةَ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ دَخَلْتُ امْرَأَةً مَعَهَا ابْنَتَانِ لَهَا تَسْأَلُ فَلَمْ تَجِدْ عِنْدِي شَيْئًا غَيْرَ تَمْرَةٍ فَأَعْطَيْتُهَا إِيَّاهَا فَقَسَمَتْهَا بَيْنَ ابْنَتَيْهَا وَلَمْ تَأْكُلْ مِنْهَا ثُمَّ قَامَتْ فَخَرَجَتْ فَدَخَلَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَلَيْنَا فَأَخْبَرْتُهُ فَقَالَ مَنْ ابْنَتَايَ مِنْ هَذِهِ الْبَنَاتِ بِشَيْءٍ كُنَّ لَهُ سِئْرًا مِنَ النَّارِ

499- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Бір әйел кішкене екі қызын ертіп келіп садақа сұрады. Менде бір тал құрмадан басқа еш нәрсе жоқ болғандықтан соны бердім. Оны өзі жемей екі қызына бөліп берді. Кейін орнынан тұрып шығып кетті. Осы күні Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) менің бөлмеме келді. Мен болған оқиғаны айтып бердім. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Егер де қыздарының біреуі ауруға душар болып, қайтыс болатын болса, ахиретте анасын тозақ отынан перде болып қорғап тұрар», - деді.

108-бап. Қандай садақа абзал және сараң мен сау адамның берген садақасы туралы

لِقَوْلِ اللَّهِ تَعَالَى يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا أَنْفِقُوا مِمَّا رَزَقْنَاكُمْ مِنْ قَبْلِ أَنْ يَأْتِيَ يَوْمٌ لَا بَيْعَ فِيهِ وَلَا خُلَّةَ إِلَى الظَّالِمُونَ وَأَنْفِقُوا مِمَّا رَزَقْنَاكُمْ مِنْ قَبْلِ أَنْ يَأْتِيَ أَحَدَكُمْ الْمَوْتُ إِلَى آخِرِهِ

Алла тағала Құран Кәрімде айтты: «Сендерден біреулеріне өлім келіп: «Раббым! Мені жақын бір мерзімге дейін кешіктірсең де садақа беріп, ізгілерден болсам» деуден бұрын өздеріңе берген несібемізден тиісті орынға жұмсаңдар⁶⁸» және бір аятта: «Әй мүміндер! Сендерге берген несібемізден саудаласу, достық, болысушылық болмайтын бір күннің келуінен бұрын Алла жолында жұмсаңдар. Ал қарсы болушылар, олар залымдар⁶⁹», - деді.

⁶⁸ 63. «әл-Мунафиқун», 10 аят.
⁶⁹ 2. «әл-Бақара», 254 аят.

500- حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَاحِدِ حَدَّثَنَا عُمَارَةُ بْنُ الْقَعْقَاعِ حَدَّثَنَا أَبُو زُرْعَةَ حَدَّثَنَا أَبُو هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ جَاءَ رَجُلٌ إِلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ أَيُّ الصَّدَقَةِ أَعْظَمُ أَجْرًا قَالَ أَنْ تُصَدَّقَ وَأَنْتَ صَاحِبُ شَحِيحٍ تَخْشَى الْفَقْرَ وَتَأْمَلُ الْغِنَى وَلَا تُمَهِّلُ حَتَّى إِذَا بَلَغْتَ الْحُلُقُومَ قُلْتَ لِفُلَانٍ كَذَا وَلِفُلَانٍ كَذَا وَقَدْ كَانَ لِفُلَانٍ

500- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) бір кісі келіп: «Я Расулалла, қандай садақаның сауабы артығырақ?»,- деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Деніңнің сау болуын тілеп және сараң, кембағал болып қалудан қорқып, немесе баюды ниет қылып садақа берсең, міне сол садақаның сауабы көбірек! Жаның алқымына келмей тұрып, садақа беріп қал! Кейін, «пәленге мұнша, түгенге онша беруім керек еді»,- дейсің, бірақ барша мал-дүниенің артындағы мұрагерлерінде қалып кетеді»,- деді.

109-бап.

 وَإِنَّهَا صَدَقَةٌ لِلَّهِ أَرْجُو بَرَّهَا وَدُخْرَهَا عِنْدَ اللَّهِ فَضَعَهَا يَا رَسُولَ اللَّهِ حَيْثُ أَرَاكَ
 اللَّهُ قَالَ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بَخَ ذَلِكَ مَالٌ رَابِحٌ ذَلِكَ مَالٌ رَابِحٌ
 وَقَدْ سَمِعْتُ مَا قُلْتَ وَإِنِّي أَرَى أَنْ تَجْعَلَهَا فِي الْأَقْرَبِينَ فَقَالَ أَبُو طَلْحَةَ أَفْعَلُ يَا
 رَسُولَ اللَّهِ فَفَسَمَهَا أَبُو طَلْحَةَ فِي أَقْرَابِهِ وَبَنِي عَمِّهِ تَابَعَهُ رَوْحٌ وَقَالَ يَحْيَى بْنُ
 يَحْيَى وَإِسْمَاعِيلُ عَنْ مَالِكٍ رَابِحٌ

540- Энас (р.а.) риуаят етгі: «Әбу Талха Мединедегі ансарийлардың ішіндегі ең көп құрма бақтарына ие болған дәулетті адам еді. Ол өз мүліктерінен ішінен Байруханы⁷⁵ өте жақсы көретін еді. Байруха мешіттің қарсы алдында болып, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ол жерге кіріп, таза (мөлдір) судан ішіп тұратын. Алла тағаланың: «Сүйген нәрселеріңді Алла жолында жұмсамайынша, әсте жақсылыққа жете алмайсыңдар ...⁷⁶», - деген аяты нәзіл болғанда Әбу Талха Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына барып: «я Расулулла, Алла тағала: «Сүйген нәрселеріңді Алла жолында жұмсамайынша, әсте жақсылыққа жете алмайсыңдар!», - депті, онда мен өзімнің ең жақсы көретін Байрухамды Алла тағаланың жолында садақа қылдым. Бұл менің Алла тағаланың жолында істеген қайыр-садақам болуын қалаймын. Сіз оны Алла тағаланың жолында өзіңіз білгеніңізше жұмсай беріңіз!», - деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Өте жақсы, бірақта мен сенің «Бұл мүлкім қандай керемет, қандай жақсы!», - деп мақтағаныңды естігенмін. Оны ағайын-туыстарыңа бөліп бергеніңді қалаймын», - деді. Әбу Талха: «Күп болады, я Расулулла!», - деді. Кейін, Әбу Талха Байруханы өзінің жақын ағайын-туысқандарына бөліп берді».

541- حَدَّثَنَا ابْنُ أَبِي مَرْيَمَ أَخْبَرَنَا مُحَمَّدُ بْنُ جَعْفَرٍ قَالَ أَخْبَرَنِي زَيْدٌ هُوَ ابْنُ
 أُسْلَمَ عَنْ عِيَاضِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ أَبِي سَعِيدٍ الْخُدْرِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ خَرَجَ
 رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي أَرْضِي أَوْ فِطْرٍ إِلَى الْمُصَلَّى ثُمَّ انْصَرَفَ
 فَوَعظَ النَّاسَ وَأَمَرَهُمْ بِالصَّدَقَةِ فَقَالَ أَيُّهَا النَّاسُ تَصَدَّقُوا فَمَرَّ عَلَى النِّسَاءِ فَقَالَ يَا
 مَعْشَرَ النِّسَاءِ تَصَدَّقْنَ فَإِنِّي رَأَيْتُكُنَّ أَكْثَرَ أَهْلِ النَّارِ فَعُلْنَ وَبِمَ ذَلِكَ يَا رَسُولَ اللَّهِ
 قَالَ تُكْتَبْنَ اللَّعْنَ وَتُحْفَرْنَ الْعَشِيرَ مَا رَأَيْتُ مِنْ نَاقِصَاتِ عَقْلِ وَدِينٍ أَذْهَبَ لِلْبَّ

⁷⁵ Байруха- Құрма бағының Бақшаның аты.
⁷⁶ 3. «Әли-Имран», 92 аят.

الرَّجُلِ الْحَازِمِ مِنْ إِحْدَاكُنَّ يَا مَعْشَرَ النِّسَاءِ ثُمَّ انصَرَفَ فَلَمَّا صَارَ إِلَى مَنْزِلِهِ
جَاءَتْ زَيْنَبُ امْرَأَةُ ابْنِ مَسْعُودٍ تَسْتَأْذِنُ عَلَيْهِ فَقِيلَ يَا رَسُولَ اللَّهِ هَذِهِ زَيْنَبُ فَقَالَ
أَيُّ الزِّيَانِبِ فَقِيلَ امْرَأَةُ ابْنِ مَسْعُودٍ قَالَ نَعَمْ اندَبُوا لَهَا فَأَذِنَ لَهَا قَالَتْ يَا نَبِيَّ اللَّهُ
إِنَّكَ أَمَرْتَ الْيَوْمَ بِالصَّدَقَةِ وَكَانَ عِنْدِي حُلِيٌّ لِي فَأَرَدْتُ أَنْ أَتَصَدَّقَ بِهِ فَزَعَمَ
ابْنُ مَسْعُودٍ أَنَّهُ وَوَلَدُهُ أَحَقُّ مَنْ تَصَدَّقْتُ بِهِ عَلَيْهِمْ فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ
وَسَلَّمَ صَدَقَ ابْنُ مَسْعُودٍ زَوْجُكَ وَوَلَدُكَ أَحَقُّ مَنْ تَصَدَّقْتُ بِهِ عَلَيْهِمْ

541- Әбу Саьид Худрий (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Құрбан айтында ма әлде Рамазан айтында ма намазға шықты. Содан соң адамдарға бұрылып уағыз айтты: «Ей адамдар, садақа беріңдер»,- деп әмір етті. Кейін әйелдердің жанынан өтіп бара жатып: «Ей әйелдер жамағаты, садақа беріңдер! Мен сендерді тозаққа көбірек түсушілер деп білемін»,- деді. Сонда әйелдер: «Я Расулулла, оның себебі не?»,- деп сұрасты. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Көп қарғап, күйеулеріңнің жақсылығын білмейсіңдер. Бұларыңды ақылдарыңның төмендігінен және бойұсынуларыңның аздығынан деп білемін. Сендер ақыл-есі орнында болған ер адамды да ақылынан адастырасыңдар (яғни, дұрыс па дұрыс емес пе, өз білгендеріңді істетесіңдер)»,- деді. Содан соң Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үйіне қайтты. Үйіне келгенінде Абдулла ибн Масғұдтың әйелі зейнеп келіп кіруге рұқсат сұрады. Пайғамбарымызға (с.ғ.с.): «Зейнеп келді»,- десті. Ол кісі (с.ғ.с.): «Қайсы Зейнеп?»,- деп сұрады. Олар: «Ибн Масғұдтың әйелі»,- десті. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Рұқсат беріңдер кірсін!»,- деді. Зейнеп ішке кіріп: «Я Расулулла, бүгін сіз: «Садақа беріңдер!»,- деп бұйырдыңыз. Менде бір тағынатын (құнды) әшекей бар соны садақа қылмақшы едім. Бірақ-та (күйеуім Ибн Масғұд пен баламыз): «Басқалардан гөрі, өзіміз садақа алуға хақылымыз»,- деп айтуда»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ибн Масғұд дұрыс айтыпты. Күйеуің мен балаң басқалардан гөрі садақа алуға хұқылы»,- деп айтты.

143-бап. Мұсылман адам (мініп жүрген) аты үшін садақа (зекет) бермейді

542- حَدَّثَنَا آدَمُ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ دِينَارٍ قَالَ سَمِعْتُ سُلَيْمَانَ

بْنِ يَسَارٍ عَنْ عِرَاكِ بْنِ مَالِكٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَيْسَ عَلَى الْمُسْلِمِ فِي فَرَسِهِ وَعِظَامِهِ صَدَقَةٌ

542- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мұсылман адам аты мен қызметшісі (құлы) барлығы үшін садақа бермейді», - деді.

144-бап. Мұсылман адам құлы барлығы үшін садақа бермейді

543- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ سَعِيدٍ عَنْ خُنَيْمِ بْنِ عِرَاكِ قَالَ حَدَّثَنِي أَبِي عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ح حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ حَرْبٍ حَدَّثَنَا وَهَيْبُ بْنُ خَالِدٍ حَدَّثَنَا خُنَيْمُ بْنُ عِرَاكِ بْنِ مَالِكٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ لَيْسَ عَلَى الْمُسْلِمِ صَدَقَةٌ فِي عَبْدِهِ وَلَا فِي فَرَسِهِ

543- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мұсылман адам құлы мен (мінетін) аты барлығы үшін садақа бермейді», - деді.

145-бап. Жетімдерге садақа берудің уәжіп екендігі жайында

544- حَدَّثَنَا مُعَاذُ بْنُ فَضَالَةَ حَدَّثَنَا هِشَامٌ عَنْ يَحْيَى عَنْ هِلَالِ بْنِ أَبِي مَيْمُونَةَ حَدَّثَنَا عَطَاءُ بْنُ يَسَارٍ أَنَّهُ سَمِعَ أَبَا سَعِيدٍ الْخُدْرِيَّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ يُحَدِّثُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ جَلَسَ ذَاتَ يَوْمٍ عَلَى الْمِنْبَرِ وَجَلَسْنَا حَوْلَهُ فَقَالَ إِنِّي مِمَّا أَخَافُ عَلَيْكُمْ مِنْ بَعْدِي مَا يُفْتَحُ عَلَيْكُمْ مِنْ زَهْرَةِ الدُّنْيَا وَزَيْنَتِهَا فَقَالَ رَجُلٌ يَا رَسُولَ اللَّهِ أَوْيَأْتِي الْخَيْرُ بِالشَّرِّ فَسَكَتَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقِيلَ لَهُ مَا شَأْنُكَ تُكَلِّمُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَلَا يُكَلِّمُكَ فَرَأَيْنَا أَنَّهُ يُنْزَلُ عَلَيْهِ قَالَ فَمَسَحَ عَنْهُ الرُّحْضَاءَ فَقَالَ أَيْنَ السَّائِلُ وَكَأَنَّهُ حَمَدُهُ فَقَالَ إِنَّهُ لَا يَأْتِي الْخَيْرُ بِالشَّرِّ وَإِنَّ مِمَّا يُنْبِتُ الرَّبِيعُ يَهْتَلُ أَوْ يُلْمُ إِلَّا أَكَلَةَ الْخَضْرَاءِ أَكَلْتُ حَتَّى إِذَا امْتَدَّتْ خَاصِرَتَاهَا اسْتَقْبَلَتْ عَيْنَ الشَّمْسِ فَتَلَطَّتْ وَبَالَتْ وَرَتَعَتْ وَإِنَّ هَذَا الْمَالَ خَضِرَةٌ حُلُوهُ فَنِعْمَ صَاحِبُ الْمُسْلِمِ مَا أُعْطِيَ مِنْهُ الْمِسْكِينِ وَالْيَتِيمِ وَابْنَ السَّبِيلِ أَوْ كَمَا قَالَ النَّبِيُّ

صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَإِنَّهُ مَنْ يَأْخُذْهُ بغيرِ حَقِّهِ كَالَّذِي يَأْكُلُ وَلَا يَشْبَعُ وَيَكُونُ شَهِيدًا عَلَيْهِ يَوْمَ الْقِيَامَةِ

544- Әбу Саьид Худрий (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір күні мінберге шығып отырды, бізде ол кісінің айналасына жиылып отыра кеттік. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бізге: «Мен қайтыс болғанымнан кейін, бұл дүние өзінің әдемілігімен, зейнеттерімен сендерді қызықтырады ма, деп қорқамын»,- деді. (яғни, сендер дүниеге беріліп кетесіндер ме деп қорқамын»,- деді.) Сонда бір кісі: «Я Расулулла, жақсылық (яғни, дүниенің тәттілігі мен зейнеті) де жамандық келтіреді ме?»,- деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) біраз уақыт үндемей қалды. Адамдар баяғы кісіні: «Пайғамбарға сөйлеуге қандай хақың бар, ол кісі саған сөйлемейді де ғой!»,- деп сөкті. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) үндемей қалғанына біз ол кісіге уәхий келіп жатыр екен деп ойладық Біраздан кейін, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) маңдайындағы терді сұртты де: «Сауал берген адам қане?»,- деді, содан соң оған қарап: «Жақсылық жамандықты келтірмейді. Ағынды судың маңында өсетін шөптердің ішінде (хайуан) жесе, өлтіретін немесе ауру қылатын шөптер бар. Оларды жеген хайуанның іші кеуіп, іші өтіп, ауру болып жатады. Кейін күнге қарап, көзі ашылып, іші босағаннан кейін, тағыда сол шөптен жейді. Мал-дүниеде осы жасыл шөпке ұқсайды. Мал-дүниесін жетім-жесірге, кедейлерге, мүсәпірлерге садақа қылып. Содан соң о дүниеге аттанатын мұсылман қандай жақсы!». Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тағы былай деді: «Біреудің малын нахақ жолмен алатын адам, қаншама жесе де тоймайтын мешкейге ұқсайды. Осы жаман жолмен алған мал – дүниесі мен байлығы қиямет күні оған куә болады!»,- деді.

146-бап. Күйеуіне және қарамағындағы жетімдерге зекет беру туралы

545- حَدَّثَنَا عُمَرُ بْنُ حَفْصٍ حَدَّثَنَا أَبِي حَدَّثَنَا الْأَعْمَشُ قَالَ حَدَّثَنِي شَقِيقٌ عَنْ عَمْرٍو بْنِ الْحَارِثِ عَنْ زَيْنَبَ امْرَأَةِ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ فَذَكَرْتُهُ لِبِرَاهِيمَ ح فَحَدَّثَنِي إِبْرَاهِيمُ عَنْ أَبِي عُبَيْدَةَ عَنْ عَمْرٍو بْنِ الْحَارِثِ عَنْ زَيْنَبَ امْرَأَةِ عَبْدِ اللَّهِ بِمِثْلِهِ سِوَاءَ قَالَتْ كُنْتُ فِي الْمَسْجِدِ فَرَأَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ تَصَدَّقْنَ وَلَوْ مِنْ حُلِيِّكُنَّ وَكَانَتْ زَيْنَبُ تُنْفِقُ عَلَى عَبْدِ اللَّهِ وَأَيْتَامٍ فِي حَجْرِهَا قَالَ فَقَالَتْ لِعَبْدِ اللَّهِ سَلْ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَيْجُزِي عَنِّي أَنْ تُنْفِقَ عَلَيْكَ وَعَلَى أَيْتَامٍ فِي حَجْرِي مِنَ الصَّدَقَةِ فَقَالَ سَلِي أَنْتِ رَسُولَ اللَّهِ

صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَنْطَلَقْتُ إِلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَوَجَدْتُ امْرَأَةً مِنْ الْأَنْصَارِ عَلَى الْبَابِ حَاجَتُهَا مِثْلُ حَاجَتِي فَمَرَّ عَلَيْنَا بِإِلَّهِ فَقُلْنَا سَلِّ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَيْجُزِي عَنِّي أَنْ أَنْفِقَ عَلَى زَوْجِي وَأَيْتَامٍ لِي فِي حَجْرِي وَقُلْنَا لَا نُخْبِرُ بِنَا فَدَخَلَ فَسَأَلَهُ فَقَالَ مَنْ هُمَا قَالَ زَيْنَبُ قَالَ أَيُّ الزَّيْنَبِ قَالَ امْرَأَةُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ نَعَمْ لَهَا أَجْرَانِ أَجْرُ الْقَرَابَةِ وَأَجْرُ الصَّدَقَةِ

545- Амр ибн Харасқа Зейнеп (р.а.) былай деп риуаят еткен екен: «Мешітте отырған едім, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Тағынатын әшекейлерінен болса да садақа беріңдер!», - деді. (Зейнеп күйеуі Абдуллаға және қарамағындағы жетімдерге садақа беріп тұратын еді). Мен күйеуім Абдуллаға: «Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) сұрашы, мен егерде саған және мына жетімдерге садақа берсем рұқсат болады ма?», - дедім. Күйеуім Абдулла: «Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) өзің сұра», - деді. Мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына кеттім. Ол кісінің есік алдында бір ансарий әйелдің тұрғанын көрдім. Ол да мен сияқты бір жұмыс пен келген екен. Сонда жанымнан Біләл өтіп қалды. Біз (әлгі әйел екеуіміз) оған: «Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) сұрап берші, күйеуімізбен қарамағымыздағы жетімдерге зекет берсек болады ма екен? Бірақ ол кісіге біздің айтқаңымызды білдірме!», - дедік. Біләл ішке кіріп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ол екеуі кім?», - деп сұрады. Біләл: «Зейнеп», - деді. Ол кісі (с.ғ.с.): «Қайсы Зейнеп?», - деп сұрады. Біләл: «Абдулланың әйелі», - деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Иә оған екі сауап тиеді, бірі – жақын-туыстарына қамқорлық қылғаны үшін, ал екіншісі – садақа (зекет) бергені үшін», - деді.

546- حَدَّثَنَا عُثْمَانُ بْنُ أَبِي شَيْبَةَ حَدَّثَنَا عَبْدُهُ عَنْ هِشَامٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ زَيْنَبَ بِنْتِ أُمِّ سَلَمَةَ عَنْ أُمِّ سَلَمَةَ قَالَتْ قُلْتُ يَا رَسُولَ اللَّهِ أَلِيَّ أَجْرٌ أَنْ أَنْفِقَ عَلَى بَنِي أَبِي سَلَمَةَ إِنَّمَا هُمْ بَنِيَّ فَقَالَ أَنْفِقِي عَلَيْهِمْ فَلَاكَ أَجْرٌ مَا أَنْفَقْتِ عَلَيْهِمْ

546- Үмму Сәлама (р.а.) риуаят етті: «Я Расулулла, мен (күйеуім) Әбу Сәламаның балаларына садақа қылсам болады ма? Өйткені олар өзімнің балаларым ғой!», - дедім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Оларға садақа бере бер, саған садақа бергенің үшін сауап тиеді», - деді.

147-бап. Алла тағаланың «...Құлды азат етуге, борыштыларға Алла жолына ...⁷⁷», - деген аят кәрімі жайлы

عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يُعْتَقُ مِنْ زَكَاةِ مَالِهِ وَيُعْطِي فِي الْحَجِّ وَقَالَ الْحَسَنُ إِنَّ اسْتَرَى أَبَاهُ مِنَ الزَّكَاةِ جَاَزَ وَيُعْطِي فِي الْمُجَاهِدِينَ وَالَّذِي لَمْ يَحْجْ ثُمَّ تَلَا إِنَّمَا الصَّدَقَاتُ لِلْفُقَرَاءِ لِلْآيَةِ فِي أَيَّهَا أُعْطِيَتْ أَجْزَأَتْ وَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنَّ خَالِدًا أَحْتَبَسَ أَدْرَاعَهُ فِي سَبِيلِ اللَّهِ وَيَذْكَرُ عَنْ أَبِي لَاسٍ حَمَلْنَا النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَلَى إِبِلِ الصَّدَقَةِ لِلْحَجِّ

Ибн Аббас (р.а.) өзінің малының зекетін құлды азат етуге қажылыққа бара алмай жүргендерге жұмсайтын еді, деп еске алынады.

Хасан Басрий (р.а.): «Зекет төлеп әкесін құлдықтан сатып (құтқарып) алуы, мұжаһидтер (жиһат қылушылар) мен қажылыққа бара алмай жүрген кісілерге зекет беріп, жәрдем қылмағы мүмкін», - деді-да, «Шындығында, садақалар пақырлар үшін ...⁷⁸», - деген аятты оқыды. Кейін: «Бұлардың қайсысына берсең де бола береді», - деп қойды.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Халид Алла тағаланың жолында соғыс құралдары мен (жасақтарын) сай қылып тұрыпты», - деді. Әбу Лас: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бізді қажылық үшін садақаға берілген түйелермен алып барды», - деп айтқан еді», - десетін.

547- حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ حَدَّثَنَا أَبُو الزِّنَادِ عَنِ الْأَعْرَجِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ أَمْرَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِالصَّدَقَةِ فَقِيلَ مَنَعَ ابْنُ جَمِيلٍ وَخَالِدُ بْنُ الْوَلِيدِ وَعَبَّاسُ بْنُ عَبْدِ الْمُطَّلِبِ فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَا يَنْقُمُ ابْنُ جَمِيلٍ إِلَّا أَنَّهُ كَانَ فَقِيرًا فَأَغْنَاهُ اللَّهُ وَرَسُولُهُ وَأَمَّا خَالِدٌ فَإِنَّكُمْ تَظْلِمُونَ خَالِدًا قَدْ أَحْتَبَسَ أَدْرَاعَهُ وَأَعْتَدَهُ فِي سَبِيلِ اللَّهِ وَأَمَّا الْعَبَّاسُ بْنُ عَبْدِ الْمُطَّلِبِ فَعَمَّ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَهِيَ عَلَيْهِ صَدَقَةٌ وَمِثْلُهَا مَعَهَا تَابِعَهُ ابْنُ أَبِي الزِّنَادِ عَنْ أَبِيهِ وَقَالَ ابْنُ إِسْحَاقَ عَنْ أَبِي الزِّنَادِ هِيَ عَلَيْهِ وَمِثْلُهَا مَعَهَا وَقَالَ ابْنُ جُرَيْجٍ حَدَّثْتُ عَنِ الْأَعْرَجِ بِمِثْلِهِ

⁷⁷ 9. «әт-Тәубе», 60 аят.

⁷⁸ 9. «әт-Тәубе», 60 аят.

547- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) садақа беруді бұйырды. Сонда ол кісіге: «Ибн Жамил, Халид ибн Уалид және Аббас ибн Абдумуталлиб садақа беруден бас тартуда»,- десті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ибн Жамил кедей болмағанда зекет беруден басын алып қашпас еді. Оны Алла тағала мен оның елшісі байытты. Бірақ, Халидтың мәселесіне келсек, оған жәбірлік қылудасындар, өйткені ол Алла тағаланың жолында соғыс құралдары мен (жасақтарын) әрқашан сай тұтып тұрыпты ғой! Бірақ та, Аббас ибн Абдулмуталлиб (Пайғамбарымыздың ғ.с. ағасы) болса, бір емес, екі рет садақа беруі ләзім»,- деді.

148-бап. Тілемшілерді тазалыққа шақыру туралы

548- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ عَطَاءِ بْنِ يَزِيدَ اللَّيْثِيِّ عَنْ أَبِي سَعِيدٍ الْخُدْرِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ إِنَّ نَاسًا مِنَ الْأَنْصَارِ سَأَلُوا رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَعْطَاهُمْ ثُمَّ سَأَلُوهُ فَأَعْطَاهُمْ ثُمَّ سَأَلُوهُ فَأَعْطَاهُمْ حَتَّى نَفَدَ مَا عِنْدَهُ فَقَالَ مَا يَكُونُ عِنْدِي مِنْ خَيْرٍ فَلَنْ أَدَّخِرَهُ عَنْكُمْ وَمَنْ يَسْتَعْفِفْ يُعِفَّهُ اللَّهُ وَمَنْ يَسْتَغْنِ يُغْنِهِ اللَّهُ وَمَنْ يَتَصَبَّرْ يُصَبِّرْهُ اللَّهُ وَمَا أُعْطِيَ أَحَدٌ عَطَاءً خَيْرًا وَأَوْسَعَ مِنَ الصَّبْرِ

548- Әбу Саьид (р.а.) риуаят етті: «Бір топ ансарийлар Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) садақа сұрасты. Ол кісі берді. Олар тағыда сұрады, тіпті алдындағы нәрселері таусылып қалды. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Менің алдымда қандай да жақсы бір нәрсе болса сендерден аямаймын. Кімде-кім харамнан сақтанса, Алла тағала оны харамнан сақтайды, ал кімде-кім байлықты, тілесе, Алла тағала оны байлыққа жеткізеді. Ал кімде-кім сабыр қылса, Алла тағала оған сабырлық береді. Алла тағаланың пенделеріне беретін нығметтердің ішінде сабырлықтан артық нығмет жоқ!»,- деді.

549- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ أَبِي الزِّنَادِ عَنِ الْأَعْرَجِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ وَالَّذِي نَفْسِي بِيَدِهِ لَأَنْ يَأْخُذَ أَحَدُكُمْ حَبْلَهُ فَيَحْتَضِبَ عَلَى ظَهْرِهِ خَيْرٌ لَهُ مِنْ أَنْ يَأْتِيَ رَجُلًا فَيَسْأَلُهُ أَعْطَاهُ أَوْ مَنَعَهُ

549- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жаным мен тәнім қолында болған Алла тағалаға ант етіп айтамын,

біреудің алдына барып, (ол әлі садақа береді ме жоқ па?), тілемшілік қылғандарыннан гөрі, отын теріп, арқанменен арқалап тіршілік қылғандарын артық!»,- деді.

550- حَدَّثَنَا مُوسَى حَدَّثَنَا وَهَيْبٌ حَدَّثَنَا هِشَامٌ عَنْ أَبِيهِ عَنِ الزُّبَيْرِ بْنِ الْعَوَّامِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ لَأَنْ يَأْخُذَ أَحَدُكُمْ حَبْلَهُ فَيَأْتِيَ بِحُزْمَةِ الْحَطَبِ عَلَى ظَهْرِهِ فَيَبِيعَهَا فَيَكْفَى اللَّهُ بِهَا وَجْهَهُ خَيْرٌ لَهُ مِنْ أَنْ يَسْأَلَ النَّاسَ أَعْطَوْهُ أَوْ مَنَعُوهُ

550- Зүбайр ибн Аууам айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Қолдарыңа арқан алып, бір бау отын теріп, содан соң оны иықтарына көтеріп, арқалап апарып сатсаңдар, Алла тағала бұнымен сендерді (тілемшілік) мұқтаждығынан құтқарып қалса, сендер үшін бұл – сұрасаңдар не беретін не бермейтін кісінің алдына барып садақа тілегендеріңнен гөрі, абзал!»,- деді.

551- حَدَّثَنَا عَبْدَانُ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ أَخْبَرَنَا يُونُسُ عَنْ الزُّهْرِيِّ عَنْ عُرْوَةَ بْنِ الزُّبَيْرِ وَسَعِيدِ بْنِ الْمُسَيَّبِ أَنَّ حَكِيمَ بْنَ حَزَامٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ سَأَلْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَعْطَانِي ثُمَّ سَأَلْتُهُ فَأَعْطَانِي ثُمَّ سَأَلْتُهُ فَأَعْطَانِي ثُمَّ قَالَ يَا حَكِيمُ إِنَّ هَذَا الْمَالَ خَضِرَةٌ حُلْوَةٌ فَمَنْ أَخَذَهُ بِسَخَاوَةِ نَفْسٍ بُورِكَ لَهُ فِيهِ وَمَنْ أَخَذَهُ بِإِشْرَافِ نَفْسٍ لَمْ يُبَارَكْ لَهُ فِيهِ كَالَّذِي يَأْكُلُ وَلَا يَشْبَعُ الْيَدُ الْعُلْيَا خَيْرٌ مِنَ الْيَدِ السُّفْلَى قَالَ حَكِيمٌ فَقُلْتُ يَا رَسُولَ اللَّهِ وَالَّذِي بَعَثَكَ بِالْحَقِّ لَا أُرْزَأُ أَحَدًا بَعْدَكَ شَيْئًا حَتَّى أَفَارِقَ الدُّنْيَا فَكَانَ أَبُو بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ يَدْعُو حَكِيمًا إِلَى الْعَطَاءِ فَيَأْتِي أَنْ يَقْبَلَهُ مِنْهُ ثُمَّ إِنَّ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ دَعَاهُ لِيُعْطِيَهُ فَأَبَى أَنْ يَقْبَلَ مِنْهُ شَيْئًا فَقَالَ عُمَرُ إِنِّي أَشْهَدُكُمْ يَا مَعْشَرَ الْمُسْلِمِينَ عَلَى حَكِيمٍ أَنِّي أَعْرَضُ عَلَيْهِ حَقَّهُ مِنْ هَذَا الْفَيْءِ فَيَأْتِي أَنْ يَأْخُذَهُ فَلَمْ يَرْزَأُ حَكِيمٌ أَحَدًا مِنَ النَّاسِ بَعْدَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حَتَّى تُوفِّيَ

551- Хаким ибн Хизам (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) садақа сұрадым. Ол кісі берді. Кейін тағы да сұрадым. Ол кісі берді. Одан кейін тағы сұрап едім, ол кісі және берді. Кейін маған: «Ей Хаким, бұл

мал-дүние деген нәрсе, хайуанның көзіне жақсы көрінетін отты көгал сияқты адамның көзін ойнатады. Кімде-кім одан аш көздікке салынбай шамасына қарай алса, Алла тағала оған берекет береді. Ал кімде-кім қомағайлық қылып, бес саусағын қолына бірақ тықса, оның бірі екеу болмайды. Ондай адам қанша жесе де еш қашан тоймайтын мешкейге ұқсайды. Көтерілген қол (бейнет көріп іс қылған қол) түсірілген қолдан (садақаға созылған қолдан) артық!», - деді. Сонда мен: «Я Расулулла, сізді шынайы Пайғамбар етіп жіберген Алла тағаламен ант етіп айтамын сіз бұл дүниеден өткеніңізден кейін, өзім де о дүниеге аттанғанымша, біреуден бір нәрсе алмаймын!», - дедім.

Әбу Бәкір (р.а.) Хақимді шақырып, һадия берсе де ол алмаушы еді. Бір күні Омар да (р.а.) оны шақырып алып, бір нәрседен бермекші болған еді ол алмады. Сонда Хазреті Омар (р.а.): «Ей мұсылмандар жамағаты сендер куә болындар, мен Хақимге: «Мына олжадан өз үлесіңді ал!» десем, алмай жатыр», - деді.

Хақим, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өлгеннен кейін де өзі қайтыс болғанша ешкімнен ешқандай нәрсе алмады.

149-бап. Алла тағала нығмет берген, тілемшілік пен ашкөз болмаған адам туралы

Алла тағала: «Олардың малдарында; сұрағанға да сұрамағанға да тиесілі (үлес) бар⁷⁹», - деді.

150-бап. Баю ниетімен садақа сұраса ...

552- حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ يُوسُفَ عَنِ الزُّهْرِيِّ عَنْ سَالِمٍ أَنَّ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ سَمِعْتُ عُمَرَ يَقُولُ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُعْطِينِي الْعَطَاءَ فَأَقُولُ أَعْطِهِ مَنْ هُوَ أَفْقَرُ إِلَيْهِ مِنِّي فَقَالَ خُذْهُ إِذَا جَاءَكَ مِنْ هَذَا الْمَالِ شَيْءٌ وَأَنْتَ غَيْرُ مُشْرَفٍ وَلَا سَائِلٍ فَخُذْهُ وَمَا لَنَا فَلَا نُتْبِعُهُ نَفْسَكَ

552- Абдулла ибн Омар (р.а.) Хазреті Омардың былай дегенін естігенмін деді: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) маған һадия берсе, оны менен гөрі мұқтажырақ адамға беріңіз, дейтінмін. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Саған бергеннен кейін ал, ақыры сен басқарушы да, кедейде емессің ғой! Бұны ал, бірақ мал дүниеге ден қойма!», - деді.

⁷⁹ 51. «әз-Зәрият», 19 аят.

553- حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي جَعْفَرٍ قَالَ سَمِعْتُ حَمْزَةَ بْنَ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ قَالَ سَمِعْتُ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَا يَزَالُ الرَّجُلُ يَسْأَلُ النَّاسَ حَتَّى يَأْتِيَ يَوْمَ الْقِيَامَةِ لَيْسَ فِي وَجْهِهِ مِزْعَةٌ لَحْمٍ وَقَالَ إِنَّ الشَّمْسَ تَذْوُو يَوْمَ الْقِيَامَةِ حَتَّى يَبْلُغَ الْعَرَقُ نِصْفَ الْأُذُنِ فَبَيْنَا هُمْ كَذَلِكَ اسْتَعَاثُوا بِأَدَمَ ثُمَّ بِمُوسَى ثُمَّ بِمُحَمَّدٍ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَرَأَى عَبْدُ اللَّهِ بْنَ صَالِحٍ حَدَّثَنِي اللَّيْثُ حَدَّثَنِي ابْنُ أَبِي جَعْفَرٍ فَيَسْتَفْعُ لِيُقْضَى بَيْنَ الْخَلْقِ فَيَمْشِي حَتَّى يَأْخُذَ بِحَلْقَةِ الْبَابِ فَيَوْمِئِذٍ يَبْعَثُهُ اللَّهُ مَقَامًا مَحْمُودًا يَحْمَدُهُ أَهْلُ الْجَمْعِ كُلُّهُمْ وَقَالَ مُعَلَّى حَدَّثَنَا وَهَيْبٌ عَنْ النُّعْمَانَ بْنِ رَاشِدٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ مُسْلِمٍ أَخِي الزُّهْرِيِّ عَنْ حَمْزَةَ سَمِعَ ابْنَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي الْمَسْأَلَةِ

553- Хамза атасы Абдулла ибн Омардан (р.а.) былай деп естіген екен: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Тілемші (қайыр тілеуші) қиямет күні шәрменделігінен, бетсіздігінен» бетінде бір парша ет болмаған бойы Алла тағаланың алдына кіріп келсе де тілемшілігін қоймайды», - деді.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) және былай деді: «Қиямет күні күн (жерге) жақын келіп, қыздырғанда адамдардан көп тер ағатыны соншалық барлық жерді толтырып, құлақтарының жартысына дейін көтеріледі. Олар сондай жағдайда тұрып, Адам атаға, содан соң Мұсаға, кейін Мұхаммедке (с.ғ.с.) жалынышты болып жәрдеп сұрайды. Абдулла ибн Салих осы хадистің жалғасын Ибн Әбу Жағфардан естіп, риуаят етеді: «Мұхаммед (с.ғ.с.) Алла тағала оларға үкім шығарсын деп, шапағат етіп, жәннаттың есігінің шығыршығынан ұстайды. Сол күні Алла тағала Мұхаммедке (с.ғ.с.) мақтауға лайықты бір орын береді, оны барша махшардағылар мақтайды».

151-бап. Алла тағаланың «Олар адамдарға жабысып сұрамайды ... »- деген аят кәрімі туралы

قَوْلُ اللَّهِ تَعَالَى لَا يَسْأَلُونَ النَّاسَ إِحْقَاقًا وَكَمْ الْغِنَى وَقَوْلُ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَلَا يَجِدُ غِنَى يُغْنِيهِ لِقَوْلِ اللَّهِ تَعَالَى لِلْفُقَرَاءِ الَّذِينَ أَحْصَرُوا فِي سَبِيلِ اللَّهِ لَا يَسْتَطِيعُونَ ضَرْبًا فِي الْأَرْضِ إِلَى قَوْلِهِ فَإِنَّ اللَّهَ بِهِ عَلِيمٌ

Қаншада-қанша байлық бар, бірақ Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтқанындай: «Сондай Алла жолында қамалып шықпай отырған, жер

жүзінде жүре алмайтын, білмегендер, оларды абырой сақтағандарынан бай деп ойлайтын пақырларға беріндер. Оларды бейнесінен-ақ танысың. Олар адамдарға жабысып сұрамайды. Сендер не хайыр берсеңдер расында Алла тағала оны біледі!⁸⁰», - деді.

554- حَدَّثَنَا حَجَّاجُ بْنُ مِنْهَالٍ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ أَخْبَرَنِي مُحَمَّدُ بْنُ زَيْدٍ قَالَ سَمِعْتُ أَبَا هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ لَيْسَ الْمِسْكِينُ الَّذِي تَرُدُّهُ الْأَكْلَةُ وَالْأَكْلَتَانِ وَلَكِنَّ الْمِسْكِينَ الَّذِي لَيْسَ لَهُ غِنَى وَيَسْتَحْيِي أَوْ لَا يَسْأَلُ النَّاسَ الْإِحْقَاقًا

554- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Міскін, бір немесе екі рет жейтін нәрсе берсе, қайтатын адам емес, бірақ міскіннің байлығы жоқ, ол адамдардан ұялады оларға жабысып садақа сұрай алмайды», - деп айтты.

555- حَدَّثَنَا يَعْقُوبُ بْنُ إِبْرَاهِيمَ حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ بْنُ عَلِيَّةٍ حَدَّثَنَا خَالِدُ الْحَدَّاءُ عَنْ ابْنِ أَسْوَعٍ عَنِ الشَّعْبِيِّ حَدَّثَنِي كَاتِبُ الْمُغِيرَةِ بْنِ شُعْبَةَ قَالَ كَتَبَ مُعَاوِيَةَ إِلَى الْمُغِيرَةَ بْنِ شُعْبَةَ أَنْ أَكْتُبَ إِلَيَّ بِشَيْءٍ سَمِعْتَهُ مِنَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَكَتَبَ إِلَيْهِ سَمِعْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ إِنَّ اللَّهَ كَرِهَ لَكُمْ ثَلَاثًا قِيلَ وَقَالَ وَإِضَاعَةَ الْمَالِ وَكَثْرَةَ السُّؤَالِ

555- Шағбий (р.а.) риуаят етті: «Муғауия Мұғийра ибн Шуғбаға : «Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) өзін естіген бір хадисті маған жазып жібер!», - деп хат жолдады. Мұғийра ибн Шуғба: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Алла тағала сендерге үш нәрсені – ғайбат айтудан, малды исраф қылудан және көп садақа сұраудан тиған», - дегенін естігенмін», - деп жазып жіберді.

556- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ غُرَيْرٍ الزُّهْرِيُّ حَدَّثَنَا يَعْقُوبُ بْنُ إِبْرَاهِيمَ عَنْ أَبِيهِ عَنْ صَالِحِ بْنِ كَيْسَانَ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ قَالَ أَخْبَرَنِي عَامِرُ بْنُ سَعْدٍ عَنْ أَبِيهِ قَالَ أَعْطَى رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَهْطًا وَأَنَا جَالِسٌ فِيهِمْ قَالَ فَتَرَكَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنْهُمْ رَجُلًا لَمْ يُعْطِهِ وَهُوَ أَعْجَبُهُمْ إِلَيَّ فَفَمَتُّ إِلَى رَسُولِ

⁸⁰ 2. «әл-Бақара», 273 аят.

اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَسَارَرْتُهُ فَقُلْتُ مَا لَكَ عَنْ فُلَانٍ وَاللَّهِ إِنِّي لَأَرَاهُ مُؤْمِنًا
 قَالَ أَوْ مُسْلِمًا قَالَ فَسَكَتُ قَلِيلًا ثُمَّ غَلَبَنِي مَا أَعْلَمُ فِيهِ فَقُلْتُ يَا رَسُولَ اللَّهِ مَا لَكَ عَنْ
 فُلَانٍ وَاللَّهِ إِنِّي لَأَرَاهُ مُؤْمِنًا قَالَ أَوْ مُسْلِمًا قَالَ فَسَكَتُ قَلِيلًا ثُمَّ غَلَبَنِي مَا أَعْلَمُ فِيهِ
 فَقُلْتُ يَا رَسُولَ اللَّهِ مَا لَكَ عَنْ فُلَانٍ وَاللَّهِ إِنِّي لَأَرَاهُ مُؤْمِنًا قَالَ أَوْ مُسْلِمًا يَعْنِي
 فَقَالَ إِنِّي لَأَعْطِي الرَّجُلَ وَغَيْرَهُ أَحَبُّ إِلَيَّ مِنْهُ خَشْيَةً أَنْ يُكَبَّ فِي النَّارِ عَلَى
 وَجْهِهِ وَعَنْ أَبِيهِ عَنْ صَالِحٍ عَنْ إِسْمَاعِيلَ بْنِ مُحَمَّدٍ أَنَّهُ قَالَ سَمِعْتُ أَبِي يُحَدِّثُ
 بِهِذَا فَقَالَ فِي حَدِيثِهِ فَضْرَبَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِيَدِهِ فَجَمَعَ بَيْنَ
 عُنُقِي وَكَتَفِي ثُمَّ قَالَ أَقْبِلْ أَيُّ سَعْدُ إِنِّي لَأَعْطِي الرَّجُلَ قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ فَكُتِبُوا
 فُئِبُوا فَكُتِبُوا مُكَبًّا أَكْبَّ الرَّجُلُ إِذَا كَانَ فِعْلُهُ غَيْرَ وَاقِعٍ عَلَى أَحَدٍ فَإِذَا وَقَعَ الْفِعْلُ
 قُلْتَ كَبَّهُ اللَّهُ لَوَجْهِهِ وَكَتَبْتُهُ أَنَا

556- Сағд ибн Уаққас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір топ адамадарға һадия⁸¹ үлестіріп жатыр еді. Мен де солардың арасында отыр едім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сол адамдардың біреуіне һадия бермей өтіп кетті. Ол адам маған басқалардан гөрі көңіліме жағатын. Мен орнымнан тұрып, Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) ақырын ғана: «Сізге не болды, пәленшеге һадия бермедіңіз? Құдай хақы мен оны мұьмин деп білемін», - дедім. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Әлде мұсылман», - деді. Мен біраз үндемей тұрдым да, содан соң баяғы адамды жақсы білгенімнен кейін, шыдай алмай: «Я Расулулла, пәленшеге не үшін һадия бермедіңіз? Құдай хақы мен оны мұьмин деп білемін», - дедім. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Әлде мұсылман», - деді. Мен тағыда біраз үндемей тұрдым да, содан соң баяғы адамды жақсы білгенімнен шыдай алмай: «Я Расулулла, пәленшеге ренішіңіз бар ма? Құдай хақы мен оны мұьмин деп білемін», - дедім. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Әлде мұсылман», - деді. Кейін былай деді: «Мен одан гөрі сүйіктірек адамға да және өзгелерге де, тозақ отына етбетінен құламасын, деп корқып һадия бермедім», - деді.

557- حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنِي مَالِكٌ عَنْ أَبِي الزِّنَادِ عَنِ
 الْأَعْرَجِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ
 لَيْسَ الْمِسْكِينُ الَّذِي يَطُوفُ عَلَى النَّاسِ تَرُدُّهُ الْقَفْمَةَ وَاللُّقْمَانَ وَالتَّمْرَةَ وَالتَّمْرَاتَانَ

⁸¹ һадия - сыйлық

حَدِيثُكَ قَالَتْ عَشْرَةَ أَوْسُقَ خَرَصَ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنِّي مُتَعَجِّلُ إِلَى الْمَدِينَةِ فَمَنْ أَرَادَ مِنْكُمْ أَنْ يَتَعَجَّلَ مَعِيَ فَلْيَتَعَجَّلْ فَلَمَّا قَالَ ابْنُ بَكَّارٍ كَلِمَةً مَعْنَاهَا أَشْرَفَ عَلَى الْمَدِينَةِ قَالَ هَذِهِ طَابَةٌ فَلَمَّا رَأَى أَحَدًا قَالَ هَذَا جُبَيْلٌ يُحِبُّنَا وَنُحِبُّهُ أَلَا أُخْبِرُكُمْ بِخَيْرِ دُورِ الْأَنْصَارِ قَالُوا بَلَى قَالَ دُورُ بَنِي النَّجَّارِ ثُمَّ دُورُ بَنِي عَبْدِ الْأَشْهَلِ ثُمَّ دُورُ بَنِي سَاعِدَةَ أَوْ دُورُ بَنِي الْحَارِثِ بْنِ الْخَزْرَجِ وَفِي كُلِّ دُورِ الْأَنْصَارِ يَعْني خَيْرًا وَقَالَ سُلَيْمَانُ بْنُ بِلَالٍ حَدَّثَنِي عَمْرُو بْنُ دَارٍ أَنَّ بَنِي الْحَارِثِ ثُمَّ بَنِي سَاعِدَةَ وَقَالَ سُلَيْمَانُ عَنْ سَعْدِ بْنِ سَعِيدٍ عَنْ عُمَارَةَ بْنِ غَزِيَّةَ عَنْ عَبَّاسٍ عَنْ أَبِيهِ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ أُحَدِّثُ جِبِلَّ يُحِبُّنَا وَنُحِبُّهُ قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ كُلُّ بُسْتَانٍ عَلَيْهِ حَائِطٌ فَهُوَ حَدِيقَةٌ وَمَا لَمْ يَكُنْ عَلَيْهِ حَائِطٌ لَمْ يُقَلَّ حَدِيقَةٌ

559- Хумаид Сағдий (р.а.) риуаят етті: «Бұл оқиға) Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге «Табук» соғысына шыққанымызда болған еді. Сонда, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Уадийу-л- Қура» жерге жетіп барғанымызда, бір әйелдің өз бағында айналып жүргенін көріп, сахабаларға: «Бұл әйелдің бақшасындағы жемістерді шамалап көріңдерші!»,- деді. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өзі он уасақ (1 уасақ – 60 саъ, 1 саъ – 2 кг 400 гр) деп шамалады. Кейін, әйелге: «Жеміс-жидектеріңнің қанша шыққандығын есептеп қой!»,- деді. Табукқа жеткенімізде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Осы түні қатты жел соғатын көрінеді бірде-біреуің тұрмаңдар! Кімнің түйесі болса, байлап қойсын!»,- деді. Біз түйелерді байлап қойдық. Кейіннен қатты жел соқты. Бір кісі орнынан тұрған еді, жел ұшырып кетті. Тайи тауына ұшырып апарып тастады. (жел басылған соң) Айла патшасы Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) бір ақ қашырды һадия қылып жіберді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Айла патшасына елшісі арқылы ридо (киім) тарту етіп, «Теңіздің бойында адамдарымен сай болып тұрсын!»,- деген мазмұндағы (хат) беріп жіберді. Уадийу- л- қураға қайтып барғанымызда Пайғамбарымыз баяғы бақшадағы әйелден: « Бақшаң қанша өнім берді?»,- деп сұрады. Әйел: «Он уасақ»,- деп айтты. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) шамалаған мөлшері тура шықты. Кейін, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мен Мединеге асығып тұрмын, кім менімен Мединеге тезірек баруды қаласа жүрсін!»,- деді. Ибн Баққар: «Мен үшін ең құрметті қала!»,- деп еді, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бұл Таба! (яғни, Медине)»,- деді. Кейін, Үһуд тауын көріп: «Бұл тау бізді жақсы көреді, бізде оны жақсы көреміз, ансарлардан кімдердің ауласы жақсы екенін сендерге айтайын ба?»,- деді. Сахабалар: «Иә»,- десті.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бәний Нажжардың ауласы, Бәний Абду-л-Ашһалдың ауласы, Бәний Сағиданың әлде Бәнийу-л- Харас ибн әл-Хазраждың ауласы», - деді, кейін: «Әрбір ансардың ауласында жақсылық бар», - деп қосып қойды.

153-бап Аспанның суы (жаңбыр) және ағынды сумен суғарылатын егіннен алынатын ғұшырдың салығы туралы

عُمَرُ بْنُ عَبْدِ الْعَزِيزِ فِي الْعَسَلِ شَيْئًا

Омар ибн Абд-л-Азиз балға салық салуды дұрыс көрмеген.

560- حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ أَبِي مَرْيَمَ حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ وَهْبٍ قَالَ أَخْبَرَنِي يُونُسُ بْنُ يَزِيدَ عَنِ الزُّهْرِيِّ عَنِ سَالِمِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ عَنِ أَبِيهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ فِيمَا سَقَتِ السَّمَاءُ وَالْعُيُونُ أَوْ كَانَ عَثْرِيًّا الْعُثْرُ وَمَا سُقِيَ بِالتَّضْحِ نِصْفُ الْعُثْرِ قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ هَذَا تَفْسِيرُ الْأَوَّلِ لِأَنَّهُ لَمْ يُوَقَّتْ فِي الْأَوَّلِ يَعْنِي حَدِيثَ ابْنِ عُمَرَ وَفِيمَا سَقَتِ السَّمَاءُ الْعُثْرُ وَبَيَّنَّ فِي هَذَا وَوَقَّتَ وَالزِّيَادَةُ مَقْبُولَةٌ وَالْمُفَسَّرُ يَقْضِي عَلَى الْمُبْهَمِ إِذَا رَوَاهُ أَهْلُ الثَّبَتِ كَمَا رَوَى الْفَضْلُ بْنُ عَبَّاسٍ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَمْ يُصَلِّ فِي الْكَعْبَةِ وَقَالَ بِلَالٌ قَدْ صَلَّى فَأَخَذَ بِقَوْلِ بِلَالٍ وَتُرِكَ قَوْلُ الْفَضْلِ

560- Салим ибн Абдулланың атасы риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Аспан (жаңбыр) мен бұлақтардың немесе жер асты сызаттары мен (табиғи) суғарылған егінге ғұшыр (өңімнің оннан бірі), ал қол мен суғарылған егінге болса, ғұшырдың жартысына ғана салық салынады», - деп айтқан».

Имам Бұхарий былай деді: «Бұл хадис әуелгі (яғни, Омар айтқан хадистің тәпсірі, өйткені Омардың риуаятында: «Аспан (жаңбырдың) суы мен суғарылатын егінге ғұшыр салынуы керек», - делініп, уақыты көрсетілмеген. Салим ибн Абдулланың атасы айтқан хадисте болса, ғұшырдың шарттары кеңірек айтылып: «Суғарылған егінге», - деп уақыты анық көрсетілген. Егер хадисті сөздері сенімді адамдар айтқан болса, оны қабыл қылу ләзім. Мәселен, Фазл ибн Аббас: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Кағбаның ішінде намаз оқымады», - деп айтты. Ал Біләл болса: «Намаз оқыды», - деді. Сонда Фазлдың сөзі сенімсіз деп табылып, ал Біләлдің сөзі сенімді деп қабылданды», - деді.

154-бап. Бес уасақ⁸² болмаса, садақа беру ләзім емес

561- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ حَدَّثَنَا يَحْيَى حَدَّثَنَا مَالِكٌ قَالَ حَدَّثَنِي مُحَمَّدُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ

بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ أَبِي صَعْصَعَةَ عَنْ أَبِيهِ عَنْ أَبِي سَعِيدٍ الْخُدْرِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ لَيْسَ فِيمَا أَقْلٌ مِنْ خَمْسَةِ أَوْسُقٍ صَدَقَةٌ وَلَا فِي أَقْلٍ مِنْ خَمْسَةِ مِنَ الْإِيلِ الدَّوْدِ صَدَقَةٌ وَلَا فِي أَقْلٍ مِنْ خَمْسِ أَوْاقٍ مِنَ الْوَرَقِ صَدَقَةٌ قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ هَذَا تَفْسِيرُ الْأَوَّلِ إِذَا قَالَ لَيْسَ فِيمَا دُونَ خَمْسَةِ أَوْسُقٍ صَدَقَةٌ وَيُؤْخَذُ أَبَدًا فِي الْعِلْمِ بِمَا زَادَ أَهْلُ الثَّبَاتِ أَوْ يَبْنُوا

561- Әбу Саьид Худрий (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бес уасақтан аз нәрселерге, түйесі бесеуден кем болса және бес уққиййадан⁸³ кем күміс ақшадан садақа (зекет) алынбайды», - деді.

Имам Бұхарий: «Бұл хадис алдыңғы Ибн Омар айтқан хадистің тәпсірі. Ибн Омардың (р.а.) риуаятында: «Бес уасақ болмаса, садақа ләзім емес», - делінген. Бұл жерде, «бес уасақтан аз» немесе «көп» деген дұрыс. Әбу Саьид Худрийдің риуаятында болса, «Бес уасақтан аз ...», - деп анық айтылған. Ілімде әрқашан сенімді адамдардың анық-айқын қылып айтқан хадистері қабыл етіледі», - деді.

155-бап. Құрма терілгенде алынатын зекет туралы; жас бала зекетке берілген құрманы (жемей) тастап кетеді ме?

562- حَدَّثَنَا عُمَرُ بْنُ مُحَمَّدٍ بْنِ الْحَسَنِ الْأَسَدِيِّ حَدَّثَنَا أَبِي حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ

طَهْمَانَ عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ زِيَادٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُوتَى بِالْتَّمْرِ عِنْدَ صِرَامِ النَّخْلِ فَيَجِيءُ هَذَا بِتَمْرِهِ وَهَذَا مِنْ تَمْرِهِ حَتَّى يَصِيرَ عِنْدَهُ كَوْمًا مِنْ تَمْرٍ فَجَعَلَ الْحَسَنُ وَالْحُسَيْنُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يَلْعَبَانِ بِذَلِكَ التَّمْرِ فَأَخَذَ أَحَدُهُمَا ثَمْرَةً فَجَعَلَهَا فِي فِيهِ فَنَظَرَ إِلَيْهِ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَخْرَجَهَا مِنْ فِيهِ فَقَالَ أَمَا عَلِمْتَ أَنَّ آلَ مُحَمَّدٍ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَا يَأْكُلُونَ الصَّدَقَةَ

⁸² «Уасақ», салмақ мөлшері (1 уасақ – 60 саъ, 1 саъ – 2 кг 400 гр)
⁸³ «Уққиййа», ақша мөлшері (1 уққиййа – 12 дирхам)

562- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Құрма терімі уақытында, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына кім келетін болса да, құрма алып келетін еді. Тіпті құрманың көптігінен (кішігірім) төбе пайда болатын. Бір күні (немерелері) Хасан мен Хусайн екеуі құрмадан алып ойнай бастады. Кейін олардың біреуі бір құрманы алып аузына салды. Сол кезде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оны байқап қалып, құрманы оның аузынан шығарып алды-да: «Мұхаммедтің (с.ғ.с.) ұрпақтарының садақа жемейтіндігін білмеймісің?!»,- деді.

156-бап. Кімде-кім ғұшыр немесе зекет беруі ләзім бола тұрып, құрма миуаларын не құрма бақшасының өзін әлде жерін немесе егінін сатып жіберсе, төлемін басқа нәрселердің есебімен берсе болады

قَوْلُ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَا تَبِيعُوا التَّمْرَةَ حَتَّى يَبْدُوَ صَلَاحُهَا فَلَمْ يَحْظُرْ الْبَيْعَ بَعْدَ الصَّلَاحِ عَلَى أَحَدٍ وَلَمْ يَخْصَنَّ مَنْ وَجَبَ عَلَيْهِ الزَّكَاةُ مِمَّنْ لَمْ تَجِبْ

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жемістердің жарамды екенін білмей тұрып сатпаңдар!»,- деді. Демек, жеміс пысқаннан кейін сатуға ешкімге тиым салған жоқ және зекет беруі қажет болғандардан зекет берулері ләзім болмағандарды ажыратып, ескертіп өтпеді де.

563- حَدَّثَنَا حَجَّاجٌ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ أَخْبَرَنِي عَبْدُ اللَّهِ بْنُ دِينَارٍ سَمِعْتُ ابْنَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا نَهَى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَنْ بَيْعِ التَّمْرَةِ حَتَّى يَبْدُوَ صَلَاحُهَا وَكَانَ إِذَا سُئِلَ عَنْ صَلَاحِهَا قَالَ حَتَّى تَذَهَبَ عَاهُتُهُ

563- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жеміс-жидек жарамды болмағанша сатудан тиды. «Жеміс-жидек қашан жарамды болады?»,- деп сұрасқанда, «Оның кемшіліктері қалмағанда»,- деп жауап берді. (Яғни, әбден қызарып піскенде).

564- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ حَدَّثَنِي اللَّيْثُ حَدَّثَنِي خَالِدُ بْنُ يَزِيدَ عَنْ عَطَاءِ بْنِ أَبِي رَبَاحٍ عَنْ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا نَهَى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَنْ بَيْعِ التَّمَارِ حَتَّى يَبْدُوَ صَلَاحُهَا

564- Жәбир ибн Абдуллада (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жеміс-жидек жарамды болмағанша сатудан тиды»,- деді.

565- حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ عَنْ مَالِكٍ عَنْ حُمَيْدٍ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ
 أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ نَهَى عَنْ بَيْعِ التَّمَارِ حَتَّى تُرْهَى قَالَ حَتَّى
 تَحْمَرَ

565- Әнас ибн Мәлік (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жеміс-жидектерді жетілмегенше сатудан тиды», - деді, кейін: «Қызармағанша», - деп қосып қойды».

157-бап. Біреу садақа қылған нәрсені басқа біреу сатып алса болады ма? Біреу садақа қылған нәрсені басқа бір адам сатып алса, оның еш зияны жоқ, өйткені Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) садақаны берген кісіге ғана өзі садақа қылған нәрсесін сатып алуынан тиған

566- حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ عُقَيْلٍ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ سَالِمِ
 أَنَّ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا كَانَ يُحَدِّثُ أَنَّ عُمَرَ بْنَ الْخَطَّابِ تَصَدَّقَ
 بِفَرَسٍ فِي سَبِيلِ اللَّهِ فَوَجَدَهُ يُبَاعُ فَأَرَادَ أَنْ يَشْتَرِيَهُ ثُمَّ أَتَى النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ
 وَسَلَّمَ فَاسْتَأْمَرَهُ فَقَالَ لَا تَعُدْ فِي صَدَقَتِكَ فَبِذَلِكَ كَانَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا لَا
 يَثْرِكُ أَنْ يَبْتَاعَ شَيْئًا تَصَدَّقَ بِهِ إِلَّا جَعَلَهُ صَدَقَةً

566- Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Омар ибн әл-Хаттаб Алла тағаланың жолына бір атты садақа қылған еді. Бір күні сол атты сатып жатқандарын көріп, өзіне қайтып сатып алмақшы болды. Алдымен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына келіп, жөнін айтты. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Берген садақанды қайтып алма!», - деді. Содан кейін, Хазреті Омар, садақаға берген нәрселері өзіне қайтып келе қалса, оны дереу біреуге беріп жіберетін еді».

567- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكُ بْنُ أَنَسٍ عَنْ زَيْدِ بْنِ أَسْلَمَ عَنْ
 أَبِيهِ قَالَ سَمِعْتُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ يَقُولُ حَمَلْتُ عَلَى فَرَسٍ فِي سَبِيلِ اللَّهِ
 فَأُضَاعَهُ الَّذِي كَانَ عِنْدَهُ فَأَرَدْتُ أَنْ أَشْتَرِيَهُ وَظَنَنْتُ أَنَّهُ يَبِيعُهُ بِرُخْصٍ فَسَأَلْتُ
 النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ لَا تَشْتَرِي وَلَا تَعُدْ فِي صَدَقَتِكَ وَإِنْ أَعْطَاكَ
 بِدْرَهُمْ فَإِنَّ الْعَائِدَ فِي صَدَقَتِهِ كَالْعَائِدِ فِي قَيْبِهِ

567- Омар (р.а.) риуаят етті: «Алла жолында бір кісіге ат мінгізіп жібердім. Бірақ ол атты (тулақ қылып) аздырып жіберді. (атқа жаным

ашып) арзанырақ бағаға беретін шығар деп ойлап, оны қайтадан өзіме сатып алмақшы болдым. Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) ниетімді айтқан едім, ол кісі: «Егерде бір дирхамға берсе де садақаға берген нәрсенді қайтып сатып алма! Өйткені садақаға берген нәрсесін қайтып алатын адам, өзінің құсығын қайтып жеген итке ұқсайды», - деді.

158-бап. Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) берілетін садақа жайында айтылған хадис туралы

568- حَدَّثَنَا آدَمُ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ زِيَادٍ قَالَ سَمِعْتُ أَبَا هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ أَخَذَ الْحَسَنُ بْنُ عَلِيٍّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا تَمْرَةً مِنْ ثَمَرِ الصَّدَقَةِ فَجَعَلَهَا فِي فِيهِ فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَيْخَ كَيْخَ لِيَطْرَحَهَا ثُمَّ قَالَ أَمَا شَعَرْتُ أَنَا لَا نَأْكُلُ الصَّدَقَةَ

568- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Хасан ибн Әли (р.а.) зекетке берілген құрманың біреуін аузына салды. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) құрманы жемей аузынан алып тастасын деп: «Түфай-түфай» (жиіркенгенде айтылатын сөз), - деді-де: «Біздің садақаны (яғни, садақаға берілген нәрсені) жемейтінімізді білмейсің?!», - деп кейіді.

159-бап. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) әйелдері азат еткен құлға берілген садақа жайында

569- حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ عَفِيرٍ حَدَّثَنَا ابْنُ وَهْبٍ عَنْ يُونُسَ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ حَدَّثَنِي عُبَيْدُ اللَّهِ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ وَجَدَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ شَاةً مَيْتَةً أُعْطِيَتْهَا مَوْلَاةٌ لِمَيْمُونَةَ مِنَ الصَّدَقَةِ فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ هَلَّا انْتَفَعْتُمْ بِجَدِّهَا قَالُوا إِنَّهَا مَيْتَةٌ قَالَ إِنَّمَا حَرَّمَ أَكْلَهَا

569- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) әйелі Мәймунаның (р.а.) азат етілген құлдарының біріне садақа қылынған арам өлген қойға көзі түсіп: «Оның терісін пайдалаңбадыңдар ма?»,- деді. Олар: «Арам өлген ғой!», - десті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Оның етін жеу харам», - деді.

570- حَدَّثَنَا آدَمُ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ حَدَّثَنَا الْحَكَمُ عَنْ إِبْرَاهِيمَ عَنْ الْأُسُودِ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّهَا أَرَادَتْ أَنْ تَشْتَرِيَ بَرِيرَةَ لِلْعِنَقِ وَأَرَادَ مَوْلَاهَا أَنْ

يَسْتَرْطُوا وَلَاءَهَا فَذَكَرَتْ عَائِشَةُ لِلنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ لَهَا النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ اسْتَرِيهَا فَإِنَّمَا الْوَلَاءُ لِمَنْ أَعْتَقَ قَالَتْ وَأَتَى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِلَحْمٍ فَقُلْتُ هَذَا مَا تُصَدِّقُ بِهِ عَلَى بَرِيرَةَ فَقَالَ هُوَ لَهَا صَدَقَةٌ وَلَنَا هَدِيَّةٌ

570- Асуад (р.а.) риуаят етті: «Айша анамыз Бәрираны құлдықтан азат қылу ниетімен сатып алмақшы болды. Бірақ, Бәрираның қожайыны оған уәлилік хұқығын өзінде қалдыру шарты мен сатпақшы болды. Айша анамыз бұл сөзді Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) айтты. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Айша анамызға: «Сатып ала бер, уәлилік хұқығы құлды азат еткен кісiде қалады»,- деді.

Айша анамыз (р.а.) былай деді: «Бір күні Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) біраз ет әкелісті. Сонда мен: «Бұл Бәрираға садақа ма?»,- деп сұрадым. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бәрираға садақа ал бізге һадия»,- деді.

(Азат етілген құл, уәлилік хұқығына байланысты, азат еткен адамның отбасының туысқаны болып есептеліп, мiрас алуға да ие болады).

160-бап. Садақаның садақалық үкімі өзгерсе ...

571- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ حَدَّثَنَا يَزِيدُ بْنُ زُرَيْعٍ حَدَّثَنَا خَالِدٌ عَنْ حَفْصَةَ بِنْتِ سَيْرِينَ عَنْ أُمِّ عَطِيَّةِ الْأَنْصَارِيَّةِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ دَخَلَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَلَى عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا فَقَالَ هَلْ عِنْدَكُمْ شَيْءٌ فَقَالَتْ لَا إِلَّا شَيْءٌ بَعَنْتُ بِهِ إِلَيْنَا نُسَيِّبُهُ مِنَ الشَّاةِ الَّتِي بَعَنْتُ بِهَا مِنْ الصَّدَقَةِ فَقَالَ إِنَّهَا قَدْ بَلَغَتْ مَحَلَّهَا

571- Үмму Атияа (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Айша анамыздың (р.а.) алдына келіп: «Жейтін бір нәрсе бар ма?»,- деді. Айша анамыз: «Нусайба садақа қылып беріп жіберген қойдың етінен басқа еш нәрсе жоқ»,- деп жауап берді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Садақа енді ғана өз орнын тауыпты!»,- деді. (яғни, «Бізге садақа емес һадия»,- деді, өйткені аталмыш ет басқа бір адамға садақа қылынып жіберілген қойдың еті болатын)».

572- حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ مُوسَى حَدَّثَنَا وَكَيْعٌ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ قَتَادَةَ عَنْ أَنَسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَتَى بِلَحْمٍ تُصَدِّقُ بِهِ عَلَى بَرِيرَةَ فَقَالَ هُوَ عَلَيْهَا صَدَقَةٌ وَهُوَ لَنَا هَدِيَّةٌ وَقَالَ أَبُو دَاوُدَ أَنبَأَنَا شُعْبَةُ عَنْ قَتَادَةَ سَمِعَ أَنَسًا عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

572- Әнас (р.а.) риуаят етті: «Бәрираға садақа етіліп берілген еттен Пайғамбарымызға да (с.ғ.с.) алып келісті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бұл ет Бәрира үшін – садақа, ал біз үшін - һадия»,- деді.

161-бап. Барлық жерлерде де байлардан садақа (зекет) алынып кедейлерге беріледі

573- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ مُقَاتِلٍ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ أَخْبَرَنَا زَكَرِيَاءُ بْنُ إِسْحَاقَ عَنْ يَحْيَى بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ صَيْفِيٍّ عَنْ أَبِي مَعْبُدٍ مَوْلَى ابْنِ عَبَّاسٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لِمُعَاذِ بْنِ جَبَلٍ حِينَ بَعَثَهُ إِلَى الْيَمَنِ إِنَّكَ سَنَأْتِي قَوْمًا أَهْلَ كِتَابٍ فَإِذَا جِئْتَهُمْ فَأَدْعُهُمْ إِلَى أَنْ يَشْهَدُوا أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَأَنَّ مُحَمَّدًا رَسُولُ اللَّهِ فَإِنْ هُمْ أَطَاعُوا لَكَ بِذَلِكَ فَأَخْبِرْهُمْ أَنَّ اللَّهَ قَدْ فَرَضَ عَلَيْهِمْ خَمْسَ صَلَوَاتٍ فِي كُلِّ يَوْمٍ وَلَيْلَةٍ فَإِنْ هُمْ أَطَاعُوا لَكَ بِذَلِكَ فَأَخْبِرْهُمْ أَنَّ اللَّهَ قَدْ فَرَضَ عَلَيْهِمْ صَدَقَةً تُؤْخَذُ مِنْ أَعْيُنِيهِمْ فَنُرِّدُ عَلَى فُقَرَائِهِمْ فَإِنْ هُمْ أَطَاعُوا لَكَ بِذَلِكَ فَإِيَّاكَ وَكَرَائِمَ أَمْوَالِهِمْ وَاتَّقِ دَعْوَةَ الْمَظْلُومِ فَإِنَّهُ لَيْسَ بَيْنَهُ وَبَيْنَ اللَّهِ حِجَابٌ

573- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мұғазды (р.а.) Иеменге жіберіп жатып: «Сен кітап иелері болған қауымның алдына бара жатырсың, сол себепті ең алдымен оларды «Лә иләһа ил-ләһу Мухаммадун Расулулла» деп куәлік берулеріне шақыр. Егерде сөзіңе құлақ салса, онда Алла тағаланың түндіз-түні бес уақыт намаз оқуды парыз еткенін оларға айт, егер де бұған да көнсе, Алла тағала байлардан зекет алып, кедейлерге беруді парыз қылғанын оларға айт, егер бұған да бойұсынса, зекетке адамдардың ең жақсы малдарын алудың Мәкрух екенін білдір! Өйткені онымен Алла тағаланың арасында перде жоқ!»,- деді.

162-бап. Имамның садақа қылған адамның тапқан дүниесіне берекет тілеп дұға қылуы ләзім; Алла тағала: «(Мұхаммед ғ.с.) Олардың малдарынан садақа ал да, ол арқылы оларды тазартып, берекелендіресің. Оларға дұға қыл. Өйткені сенің дұғаң олар үшін бір тоқтау ...⁸⁴», - деді.

574- حَدَّثَنَا حَفْصُ بْنُ عُمَرَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ عَمْرِو عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي أَوْفَى قَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا أَتَاهُ قَوْمٌ بِصَدَقَتِهِمْ قَالَ اللَّهُمَّ صَلِّ عَلَى آلِ فُلَانٍ فَأَتَاهُ أَبِي بِصَدَقَتِهِ فَقَالَ اللَّهُمَّ صَلِّ عَلَى آلِ أَبِي أَوْفَى

574- Абдулла ибн Әбу Ауфа (р.а.) риуаят етті: «Егер де бір қауым Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) садақа алып келсе, ол кісі: «Ей Жаратушым! Пәленшенің әулетіне рахмет еткейсің!», - деп дұға қылатын еді. Бір күні менің атам Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) садақа алып келді. Сонда ол кісі: «Ей Жаратушым! Әбу Ауфаның отбасынан рахметінді аямағайсың!», - деп Алла тағалаға дұға қылды».

163-бап. Теңізден алынатын нәрселер жайында

قَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا لَيْسَ الْعَنْبَرُ بِرِكَازٍ هُوَ شَيْءٌ دَسْرَهُ الْبَحْرُ وَقَالَ الْحَسَنُ فِي الْعَنْبَرِ وَاللُّؤْلُؤُ الْخُمْسُ فَإِنَّمَا جَعَلَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي الرِّكَازِ الْخُمْسَ لَيْسَ فِي الَّذِي يُصَابُ فِي الْمَاءِ وَقَالَ اللَّيْثُ حَدَّثَنِي جَعْفَرُ بْنُ رَبِيعَةَ عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ هُرْمُزَ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَّ رَجُلًا مِنْ بَنِي إِسْرَائِيلَ سَأَلَ بَعْضَ بَنِي إِسْرَائِيلَ بِأَن يُسَلِّفَهُ أَلْفَ دِينَارٍ فَدَفَعَهَا إِلَيْهِ فَخَرَجَ فِي الْبَحْرِ فَلَمْ يَجِدْ مَرْكَبًا فَأَخَذَ خَشَبَةً فَنَقَرَهَا فَأَدْخَلَ فِيهَا أَلْفَ دِينَارٍ فَرَمَى بِهَا فِي الْبَحْرِ فَخَرَجَ الرَّجُلُ الَّذِي كَانَ أُسَلِّفَهُ فَإِذَا بِالْخَشَبَةِ فَأَخَذَهَا لِأَهْلِهِ حَطْبًا فَذَكَرَ الْحَدِيثَ فَلَمَّا نَشَرَهَا وَجَدَ الْمَالَ

Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «*Ғанбар*⁸⁵ топталған қазына емес, ол теңіз шығарып тастайтын нәрсе. Хасан Басрий: «*Ғанбар* мен маржан үшін оның 5/1 не садақа қылынуы ләзім, бірақ судан тауып алынатын нәрселер үшін емес», - деді.

⁸⁴ 9. «әт-Тәубе», 103 аят.

⁸⁵ Ғанбар – Кит тұқымдас ірі жануарлардан алынатын хош иісті қоңыр түсті зат.

Әбу Хурайра (р.а.) Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жайлы риуаят етті: «Бәний Исраил қауымына қарасты бір адам өзінің қауымдасынан мың динар қарыз сұрады. Ол кісі сұрағанын берді. Бір күні қарыз алған адам алған қарызын апарып қайтарып беру мақсатымен теңіздің жағасына келді бірақта кемеңі жолықтыра алмады. Не қыларын білмей, мың динарды бір ағаштың қуысына тығып, оны теңізге лақтырып жіберді. Кенеттен, қарыз берген адам теңіздің жағасына барса, жағаға жақын жерде бір ағаш қалқып тұр екен. Ол ағашты отын қылармын, деп үйіне алап барып, жарып еді, ішінен мың динар ақша шықты».

164-бап. Қазынаның бестен біріне садақа беру керек

قَالَ مَالِكٌ وَابْنُ إِدْرِيسَ الرَّكَازُ دَفِنُ الْجَاهِلِيَّةِ فِي قَلِيلِهِ وَكَثِيرِهِ الْخُمْسُ وَلَيْسَ
الْمَعْدِنُ بِرَكَازٍ وَقَدْ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي الْمَعْدِنِ جُبَارٌ وَفِي الرَّكَازِ
الْخُمْسُ وَأَخَذَ عُمَرُ بْنُ عَبْدِ الْعَزِيزِ مِنَ الْمَعَادِنِ مِنْ كُلِّ مَائَتَيْنِ خَمْسَةً وَقَالَ
الْحَسَنُ مَا كَانَ مِنْ رَكَازٍ فِي أَرْضِ الْحَرْبِ فَفِيهِ الْخُمْسُ وَمَا كَانَ مِنْ أَرْضٍ
السَّلَامِ فَفِيهِ الزَّكَاةُ وَإِنْ وَجَدْتَ اللَّقْطَةَ فِي أَرْضِ الْعَدُوِّ فَعَرِّفْهَا وَإِنْ كَانَتْ مِنْ الْعَدُوِّ
فَفِيهَا الْخُمْسُ وَقَالَ بَعْضُ النَّاسِ الْمَعْدِنُ رَكَازٌ مِثْلُ دَفْنِ الْجَاهِلِيَّةِ لِأَنَّهُ يُقَالُ أَرْكَزَ
الْمَعْدِنُ إِذَا خَرَجَ مِنْهُ شَيْءٌ قِيلَ لَهُ قَدْ يُقَالُ لِمَنْ وَهَبَ لَهُ شَيْءٌ أَوْ رِبْحًا كَثِيرًا
أَوْ كَثْرَ ثَمَرُهُ أَرْكَزَتْ ثُمَّ نَاقِضٌ وَقَالَ لَا بَأْسَ أَنْ يَكُنْمَهُ فَلَا يُؤَدِّي الْخُمْسَ

Мәлік пен Ибн Ідіріс (р.а.) риуаят етті: «Қазына надандық дәуірінен қалған көмбе, ол мейлі көп болсын, мейлі аз болсын, оның 5/1 не садақа беру ләзім, бірақ қазба қазына емес. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мағдан⁸⁶ (қазба) да *жубар* (жәбірлік) бар. (Бұл жерде, қазба байлықтан зекет алынбайды деген сөз емес), қазынада болса, *хумс* (мал-дүниенің бестен біріне алынатын салық) бар», - деп айтқан.

Омар ибн Абду-л-Азиз қазбалардың әр екі жүз дирхамынан бес дирхам зекет алатын еді. Хасан Басрий: «Соғыс болып жатқан жерлерде (кендер) алынған қазынаға *хумс*, соғыс жоқ жерлерден алынған қазыналардан зекет алынады! Егер дұшпанның жерінен бірер (байлық) тапсаң, ол туралы хабар ет, ол дұшпандікі болса да, одан *хумс*⁸⁷ алынады. Кейбіреулер: «Қазба да надандық дәуірінің көмбесі сияқты бір қазына», - деседі. Өйткені, әдетте қазбадан бірер нәрсе (күміс немесе ділдә) шығып қалса, «қазбаның құрылымында бар екен», - делінеді. Һадия берілген кісіге

⁸⁶ Мағдан – Қазба байлық, кең орындары.

⁸⁷ Хумс (мал-дүниенің бестен біріне алынатын салық)

немесе (сауда-саттықтан) көп пайда тапқан кісіге : «Байып кеттің!», - дескенде, ол таңып (байлығын жасырып), хумс төлемеуі мүмкін».

Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Құдыққа құлап өлген немесе кен орындарында жарақат алған хайуандардың өтемі төленбейді. Бірақ қазына үшін хумс төленеді!», - деді.

165-бап. Алла тағаланың «... уа-л-ғамилийна ғалайһа ...»⁸⁸ (оны жинауға белгіленгендерге) деген аяты жайында және садақаны жинаушылардың (зекетшілердің) имамға есеп беруі туралы

576- حَدَّثَنَا يُوسُفُ بْنُ مُوسَى حَدَّثَنَا أَبُو أُسَامَةَ أَخْبَرَنَا هِشَامُ بْنُ عُرْوَةَ عَنْ

أَبِيهِ عَنْ أَبِي حُمَيْدٍ السَّاعِدِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ اسْتَعْمَلَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَجُلًا مِنَ الْأَسَدِ عَلَى صَدَقَاتِ بَنِي سُلَيْمٍ يُدْعَى ابْنَ الثُّبَيْيَةِ فَلَمَّا جَاءَ حَاسِبَهُ

576- Әбу Хумайд Сағдий (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Бәний Сулайм қауымынан садақа (зекет) жинауда Ибн Лутбия атты бір адамның қызметінен пайдаланды. Ол зекет жинап келгеннен соң Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) есеп-хисап берді».

166-бап. Садақаға (зекетке) берілген түйелерді және олардың сүтінен жолаушылардың пайдалануы жайында

577- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ شُعْبَةَ حَدَّثَنَا قَتَادَةُ عَنْ أَنَسِ بْنِ رَضِيَ اللَّهُ

عَنْهُ أَنَّ نَاسًا مِنْ عُرَيْيَةَ اجْتَوَوْا الْمَدِينَةَ فَرَحَّصَ لَهُمْ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنْ يَأْتُوا إِبِلَ الصَّدَقَةِ فَيَشْرَبُوا مِنْ أَلْبَانِهَا وَأَبْوَالِهَا فَفَعَلُوا الرَّاعِي وَاسْتَأْفُوا الدَّوْدَ فَأَرْسَلَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَاتَى بِهِمْ فَقَطَعَ أَيْدِيَهُمْ وَأَرْجُلَهُمْ وَسَمَرَ أَعْيُنَهُمْ وَتَرَكَهُمْ بِالْحَرَّةِ يَعْضُونَ الْحِجَارَةَ تَابِعَهُ أَبُو قِلَابَةَ وَحُمَيْدٌ وَتَابَتْ عَنْ أَنَسِ

577- Әнас (р.а.) риуаят етті: «Урайна тайпасына қарасты бір топ адамдар Мединенің ауасына үйрене алмай, ауру болып қалды. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) садақаға (зекетке) берілген түйелер (жайылып жүрген жерге) барып, олардың сүтімен зәрінен (ем үшін) ішуге рұқсат берді. Олар болса, түйешіні өлтіріп, түйелерді айдап кетісті.

⁸⁸ 9. «әт-Тәубе», 60 аят.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) олардың артынан әскер жіберді. Оларды ұстап келген соң, қол аяқтарын кестіріп, көздерін ойдырып, аптап ыстыққа тастап қойды, (ауырып қиналғандарынан) тас кемірді», - деді.

167-бап. Имамның садақаға (зекетке) берілген түйелерге өз қолы мен таңба басып шығуы туралы

578- حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ الْمُنْذِرِ حَدَّثَنَا الْوَلِيدُ حَدَّثَنَا أَبُو عَمْرٍو الْأَوْزَاعِيُّ حَدَّثَنِي إِسْحَاقُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي طَلْحَةَ حَدَّثَنِي أَنَسُ بْنُ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ غَدَوْتُ إِلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِعَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي طَلْحَةَ لِيُحْكَمَهُ فَوَافَيْتُهُ فِي يَدِهِ الْمَيْسَمُ بِسِمِّ إِبِلِ الصَّدَقَةِ

578- Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Ертемен Абдулла ибн Талханы жаныма ертіп алып, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына бардым. Абдулланы бір «Тахник⁸⁹» қылып қойса, деген ниетім бар еді. Қарасам Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өз қолымен түйелерге таңба басып жатыр екен», - деді.

ПІТІР САДАҚАНЫҢ ҮКІМДЕРІ ЖАЙЛЫ БАПТАР

168-бап. Пітір садақаның парыз екендігі туралы

579- حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ مُحَمَّدِ بْنِ السَّكَنِ حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ جَهْضَمٍ حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ بْنُ جَعْفَرٍ عَنْ عُمَرَ بْنِ نَافِعٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ فَرَضَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ زَكَاةَ الْفِطْرِ صَاعًا مِنْ تَمْرٍ أَوْ صَاعًا مِنْ شَعِيرٍ عَلَى الْعَبْدِ وَالْحُرِّ وَالذَّكَرِ وَالْأُنثَى وَالصَّغِيرِ وَالْكَبِيرِ مِنَ الْمُسْلِمِينَ وَأَمَرَ بِهَا أَنْ تُؤَدَّى قَبْلَ خُرُوجِ النَّاسِ إِلَى الصَّلَاةِ

579- Әбу-л-Алия. Ғата және Ибн Сирин пітір садақасын парыз деп есептейді.

Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) әр бір мұсылманға, ол мейлі құл , мейлі азат адам болсын, мейлі еркек мейлі әйел болсын, мейлі жас, мейлі кәрі болсын, құрмадан бір *саъ* немесе арпадан бір *саъ* пітір садақасын беруді парыз қылып, оны адамдардың айт намазына шықпастан бұрын беруді әмір қылды», - деді.

⁸⁹ **Тахник** - бір тал құрманы шайнап, тәбәрік қылып, кейін оны жас баланың аузына салып, таңдайын көтеру әдеті.

169-бап. Құл және (одан) басқа мұсылман адамдардың пітір садақасын берулері уәжіп

580- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ

رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَرَضَ زَكَاةَ الْفِطْرِ صَاعًا مِنْ تَمْرٍ أَوْ صَاعًا مِنْ شَعِيرٍ عَلَى كُلِّ حُرٍّ أَوْ عَبْدٍ ذَكَرَ أَوْ أَنْتَى مِنَ الْمُسْلِمِينَ

580- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) әр бір мұсылманға, ол мейлі құл , мейлі азат адам болсын, мейлі еркек мейлі әйел болсын, мейлі жас, мейлі кәрі болсын, құрмадан бір *саъ* немесе арпадан бір *саъ* пітір садақасын беруді парыз қылды», - деді.

170-бап. Арпадан бір саъ пітір садақасын береді

581- حَدَّثَنَا قَبِيصَةُ بْنُ عُقْبَةَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ زَيْدِ بْنِ أَسْلَمَ عَنْ عِيَاضِ بْنِ

عَبْدِ اللَّهِ عَنْ أَبِي سَعِيدٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ كُنَّا نُطْعِمُ الصَّدَقَةَ صَاعًا مِنْ شَعِيرٍ

581- Әбу Саъид (р.а.): «Бір *саъ* арпаны тамақтың орнына пітір садақаға беретінбіз», - деді.

171-бап. Тамақтардан бір саъ пітір садақасы беріледі

582- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ زَيْدِ بْنِ أَسْلَمَ عَنْ عِيَاضِ

بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ سَعْدِ بْنِ أَبِي سَرْحٍ الْعَامِرِيِّ أَنَّهُ سَمِعَ أَبَا سَعِيدٍ الْخُدْرِيَّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ يَقُولُ كُنَّا نُخْرِجُ زَكَاةَ الْفِطْرِ صَاعًا مِنْ طَعَامٍ أَوْ صَاعًا مِنْ شَعِيرٍ أَوْ صَاعًا مِنْ تَمْرٍ أَوْ صَاعًا مِنْ أَقِطٍ أَوْ صَاعًا مِنْ زَبِيبٍ

582- Гияз ибн Абдулла ибн Сағд ибн Әбу Сарх Амрийға Әбу Саъид Худрий (р.а.): «Біз пітір садақасына бір *саъ* тағам немесе бір *саъ* арпа немесе бір *саъ* құрма әлде бір *саъ* құрт, не бір *саъ* мейіз беретін едік», - деді.

172-бап. Құрмадан бір саъ пітір садақа беріледі

583- حَدَّثَنَا أَحْمَدُ بْنُ يُونُسَ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ نَافِعٍ أَنَّ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ عُمَرَ

رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ أَمَرَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِزَكَاةِ الْفِطْرِ صَاعًا مِنْ

تَمْرٍ أَوْ صَاعًا مِنْ شَعِيرٍ قَالَ عَبْدُ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فَجَعَلَ النَّاسُ عِدْلَهُ مُدَّيْنِ مِنْ حِنْطَةٍ

583- Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) пітір садақаға бір *саъ* құрма немесе бір *саъ* арпа беруді әмір етті. Ал адамдар болса, оның орнына екі *муд* бидай беруді әдет қылды», - деді.

173-бап. Мейізден бір саъ пітір садақа беріледі

حَدَّثَنَا مُعَاذُ بْنُ فَضَالَةَ حَدَّثَنَا أَبُو عُمَرَ حَفْصُ بْنُ مَيْسَرَةَ عَنْ زَيْدِ بْنِ أَسْلَمَ عَنْ عِيَّاضِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ سَعْدٍ عَنْ أَبِي سَعِيدٍ الْخُدْرِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ كُنَّا نُخْرَجُ فِي عَهْدِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَوْمَ الْفِطْرِ صَاعًا مِنْ طَعَامٍ وَقَالَ أَبُو سَعِيدٍ وَكَانَ طَعَامَنَا الشَّعِيرُ وَالزَّيْبُ وَالْأَقِطُ وَالتَّمْرُ

Әбу Саъид Худрий (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) заманында пітір садақасына бір *саъ* тағам немесе бір *саъ* құрма немесе бір *саъ* арпа әлде бір *саъ* мейіз беретін едік», - деді. Муғауия дәуіріне келіп, Шам мемлекетінде бидай мол өнім бере бастады. Сонда Муғауия: «Бидайдың бір *муды* басқа жемістердің екі *мудына* тең, деп ойлаймын», - деді.

174-бап. Пітір садақа айт намазынан бұрын беріледі

585- حَدَّثَنَا آدَمُ حَدَّثَنَا حَفْصُ بْنُ مَيْسَرَةَ حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ عُقْبَةَ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَمَرَ بِزَكَاةِ الْفِطْرِ قَبْلَ خُرُوجِ النَّاسِ إِلَى الصَّلَاةِ

585- Ибн Омар (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) адамдарға намазға шықпастан бұрын (пітір садақасын) беруді әмір етті», - деді.

586- حَدَّثَنَا مُعَاذُ بْنُ فَضَالَةَ حَدَّثَنَا أَبُو عُمَرَ حَفْصُ بْنُ مَيْسَرَةَ عَنْ زَيْدِ بْنِ أَسْلَمَ عَنْ عِيَّاضِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ سَعْدٍ عَنْ أَبِي سَعِيدٍ الْخُدْرِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ كُنَّا نُخْرَجُ فِي عَهْدِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَوْمَ الْفِطْرِ صَاعًا مِنْ طَعَامٍ وَقَالَ أَبُو سَعِيدٍ وَكَانَ طَعَامَنَا الشَّعِيرُ وَالزَّيْبُ وَالْأَقِطُ وَالتَّمْرُ

586- Әбу Саьид Худрий (р.а.): «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) заманында Ораза (пітір) айты күні бір саъ тағамды садақа қылып алып шығатынбыз, сондағы біздің тағамымыз арпа, мейіз, құрт және құрмадан болатын едік», - деді.

175-бап. Азат кісілер мен құлдардың пітір садақасын берулерінің қажет екендігі туралы

قَالَ الزُّهْرِيُّ فِي الْمَمْلُوكِينَ لِلتَّجَارَةِ يُزَكَّى فِي التَّجَارَةِ وَيُزَكَّى فِي الْفِطْرِ

Зұһрий (р.а.): «Құлдар үшін, олар сатылғанда да, ораза айтында да зекет беріледі», - деді.

587- حَدَّثَنَا أَبُو النُّعْمَانَ حَدَّثَنَا حَمَّادُ بْنُ زَيْدٍ حَدَّثَنَا أَيُّوبُ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ

عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ فَرَضَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَدَقَةَ الْفِطْرِ أَوْ قَالَ رَمَضَانَ عَلَى الذَّكَرِ وَالنَّائِثِ وَالْحُرِّ وَالْمَمْلُوكِ صَاعًا مِنْ تَمْرٍ أَوْ صَاعًا مِنْ شَعِيرٍ فَعَدَلَ النَّاسُ بِهِ نِصْفَ صَاعٍ مِنْ بُرٍّ فَكَانَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يُعْطِي التَّمْرَ فَأَعْوَزَ أَهْلُ الْمَدِينَةِ مِنَ التَّمْرِ فَأَعْطَى شَعِيرًا فَكَانَ ابْنُ عُمَرَ يُعْطِي عَنْ الصَّغِيرِ وَالْكَبِيرِ حَتَّىٰ إِنْ كَانَ لِيُعْطِيَ عَنْ بَنِيٍّ وَكَانَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يُعْطِيهَا الَّذِينَ يَقْبَلُونَهَا وَكَانُوا يُعْطُونَ قَبْلَ الْفِطْرِ بِيَوْمٍ أَوْ يَوْمَيْنِ

587- Ибн Омар (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ер адамға, әйел адамға, азат адамға және құлдарға бір саъ құрма немесе бір саъ арпа мөлшерінде пітір садақасын беруді парыз қылды. Адамдар болса, оның орнына жарты саъ бидай беретін болды», - деді.

Нафиғ (р.а.) риуаят етті: «Ибн Омар (р.а.) бір саъ құрма беретін еді. Медине халқы құрма аз болғанда, орнына арпа беретін. Ибн Омар (үйдегі) барша үлкендер мен кішілердің атынан, тіпті менің балаларымның атынан да пітір садақа беріп жіберетін еді. Пітір садақаны пітір жинаушы белгілі адамдарға беретін. Пітір садақаны айтқан бір немесе екі күн бұрын беретін», - деді.

176-бап. Үлкенге де кішіге де пітір садақасын беру керек

588- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنِي نَافِعٌ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ فَرَضَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَدَقَةَ الْفِطْرِ صَاعًا مِنْ شَعِيرٍ أَوْ صَاعًا مِنْ تَمْرٍ عَلَى الصَّغِيرِ وَالْكَبِيرِ وَالْحُرِّ وَالْمَمْلُوكِ

588- Ибн Омар (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үлкенге де – кішіге де азат адамға да құлға да бір саъ арпа немесе бір саъ құрманы пітір садақасына беруді парыз қылды»,- деді.

БИСМИЛЛӘҢИР РАХМАНИР РАХИМ

ҚАЖЫЛЫҚ КІТАБЫ

1-бап. Қажылықтың парыз екендігі және оның артықшылықтары туралы

قَوْلُ اللَّهِ وَاللَّهُ عَلَى النَّاسِ حِجُّ النَّبِيِّ مَنْ اسْتَطَاعَ إِلَيْهِ سَبِيلًا وَمَنْ كَفَرَ فَإِنَّ اللَّهَ غَنِيٌّ عَنِ الْعَالَمِينَ

Алла тағала бұл туралы: «...Оның жолына шамасы келген кісілер, Алла үшін Кағбаны зиярат ету (қаж қылу) керек. Ал кім қарсы келсе, Алла барлық әлемнен бай⁹⁰», - деді.

589- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ سُلَيْمَانَ بْنِ يَسَارٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ كَانَ الْفَضْلُ رَدِيفَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَجَاءَتْ امْرَأَةٌ مِنْ خَشْعَمَ فَجَعَلَ الْفَضْلُ يَنْظُرُ إِلَيْهَا وَتَنْظُرُ إِلَيْهِ وَجَعَلَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَصْرِفُ وَجْهَ الْفَضْلِ إِلَى الشَّقِّ الْآخِرِ فَقَالَتْ يَا رَسُولَ اللَّهِ إِنَّ فَرِيضَةَ اللَّهِ عَلَى عِبَادِهِ فِي الْحَجِّ أَدْرَكَتْ أَبِي شَيْخًا كَبِيرًا لَا يَنْبُتُ عَلَى الرَّاحِلَةِ أَفَأُحُجُّ عَنْهُ قَالَ نَعَمْ وَذَلِكَ فِي حَجَّةِ الْوَدَاعِ

589- Абдулла ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Фазл (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) артында түйеге мінгесіп алған еді. Сол уақытта, Хасғам қауымына тиесілі бір әйел келді. Фазл менен әлгі әйел бір-бірлеріне қарай берді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Фазлдың бетін басқа жаққа бұрып қойды. Әйел: «Я Расулудла, Алла тағала өз пенделеріне қажылықты парыз қылған уақыты әкемнің түйенің үстінде отыра алмайтын кәрілік уақытына тура келіп қалды. Мен әкемнің атынан қажылық қылсам болады ма?»,- деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Иә болады», - деді. Бұл оқиға Хажжат-ул-Уадағта болған еді», - деді.

⁹⁰ 3. «Әли Имран», 97 аят.

2-бап. Алла тағаланың «Адамдарды хажға шақыр. Олар жаяу және көлік үстінде әрбір алыс жолдардан саған келеді. Олар өздеріне тән пайдаларын көрсін ...⁹¹», - деген аяты туралы

590- حَدَّثَنَا أَحْمَدُ بْنُ عِيسَى حَدَّثَنَا ابْنُ وَهْبٍ عَنْ يُونُسَ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ أَنَّ

سَالِمَ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ أَخْبَرَهُ أَنَّ ابْنَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ رَأَيْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَرْكَبُ رَاحِلَتَهُ بِذِي الْحُلَيْفَةِ ثُمَّ يَهْلُ حَتَّى تَسْتَوِيَ بِهِ فَائِمَةً

590- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Зулхулайфада Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) түйесіне мініп жатқанын көрдім. Түйеге мініп алғаннан соң, тәлбия айтты, түйе болса, тік тұрған бойы қимылдамай тұрды», - деді.

591- حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ مُوسَى أَخْبَرَنَا الْوَلِيدُ حَدَّثَنَا الْأَوْزَاعِيُّ سَمِعَ عَطَاءَ

يُحَدِّثُ عَنْ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ إِهْلَالَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنْ ذِي الْحُلَيْفَةِ حِينَ اسْتَوَتْ بِهِ رَاحِلَتُهُ رَوَاهُ أَنَسٌ وَابْنُ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمُ

591- Омар (р.а.) риуаят етті: «Зулхулайфадан (бастап), түйесі ол кісіні көтеріп, қимылдамай тік тұрған уақыттан бастап таһлил айтатын еді». Әнас пен Ибн Аббас та (р.а.) тура осы хадисті риуаят еткен.

3-бап. Ертоқымда (түйенің үстінде) отырып қажылық қылу туралы

عَنْ الْقَاسِمِ بْنِ مُحَمَّدٍ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ

وَسَلَّمَ بَعَثَ مَعَهَا أَخَاهَا عَبْدِ الرَّحْمَنِ فَأَعْمَرَهَا مِنَ التَّنْعِيمِ وَحَمَلَهَا عَلَى قَنْبٍ وَقَالَ عُمَرُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ شَدُّوا الرَّحَالَ فِي الْحَجِّ فَإِنَّهُ أَحَدُ الْجِهَادَيْنِ

Қасым ибн Мұхаммед (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Айша анамызды ағасы Абдуррахман мен бірге қажылыққа ихрам байламаққа жіберді. Ағасы Айша анамызды ертоқымға мінгестіріп алып, Таңғимнан бастап ғұмра (кіші қажылық) қылдырды», - деді.

⁹¹ 22. «Хаж», 27-28 аяттар.

Омар (р.а.): «Қажылықта ертоқымның (айылдарын) қаттырақ тартындар, өйткені қажылық екі жиһаттың бірі!», - деді.

592- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ أَبِي بَكْرٍ حَدَّثَنَا يَزِيدُ بْنُ زُرَيْعٍ حَدَّثَنَا عَزْرَةُ بْنُ ثَابِتٍ

عَنْ ثُمَامَةَ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَنَسٍ قَالَ قَالَ حَجَّ أَنَسٌ عَلَى رَحْلِ وَلَمْ يَكُنْ شَحِيحًا وَحَدَّثَ

أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حَجَّ عَلَى رَحْلِ وَكَانَتْ زَامِلَتُهُ

592- Сумама ибн Абдулла ибн Анас (р.а.) риуаят етті: «Әнас ертоқымның (түйенің) үстінен түспей қажылық қылды. Ол хасис емес еді (яғни, түйесін көзі қимағандығынан солай қылған жоқ, мүмкін оған жейтін және де басқа нәрселерін артып алған еді). Әнас: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жейтін және басқада қажетті нәрселерін түйесіне артып алып, үстінен түспей-ақ қажылық қылған», - деді.

593- حَدَّثَنَا عَمْرُو بْنُ عَلِيٍّ حَدَّثَنَا أَبُو عَاصِمٍ حَدَّثَنَا أَيُّمُنُ بْنُ نَابِلٍ حَدَّثَنَا

الْقَاسِمُ بْنُ مُحَمَّدٍ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّهَا قَالَتْ يَا رَسُولَ اللَّهِ اعْتَمَرْتُمْ

وَلَمْ اعْتَمِرْ فَقَالَ يَا عَبْدَ الرَّحْمَنِ اذْهَبْ بِأَخْتِكَ فَأَعْمِرْهَا مِنَ التَّنْعِيمِ فَأَحَقَّبَهَا عَلَى

نَاقَةٍ فَاعْتَمَرَتْ

593- Қасым ибн Мұхаммед (р.а.) риуаят етті: «Айша анамыз (р.а.): «Я Расулулла, сіздер ғұмра (кіші қажылық) қылдыңыздар, ал мен ғұмра қыла алмадым», - деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ей Абдуррахман, апаңды алып барып, Танғимнан бастап ғұмра қылдыр!», - деді. Абдуррахман Айша анамызды түйеге мінгестіріп алып барды. Айша анамыз кіші қажылық қылды», - деді.

4-бап. Шынайы ниетпен қажылық қылудың артықшылығы

594- حَدَّثَنَا عَبْدُ الْعَزِيزِ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ سَعْدٍ عَنْ الزُّهْرِيِّ

عَنْ سَعِيدِ بْنِ الْمُسَيَّبِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ سَأَلَ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ

عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَيُّ الْأَعْمَالِ أَفْضَلُ قَالَ إِيْمَانٌ بِاللَّهِ وَرَسُولِهِ قِيلَ ثُمَّ مَاذَا قَالَ جِهَادٌ فِي

سَبِيلِ اللَّهِ قِيلَ ثُمَّ مَاذَا قَالَ حَجٌّ مَبْرُورٌ

594- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): «Исламның амалдарының қайсы бірі абзал?», - деп сұрасты. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Аллаға және оның елшісіне иман келтірмек», -

деді. «Одан кейін қайсысы?»,- деп сұрасты. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Шын ниетпен қажылық қылмақ»,- деп жауап берді.

595- حَدَّثَنَا عَبْدُ الرَّحْمَنِ بْنُ الْمُبَارَكِ حَدَّثَنَا خَالِدٌ أَخْبَرَنَا حَبِيبُ بْنُ أَبِي عَمْرَةَ عَنْ عَائِشَةَ بِنْتِ طَلْحَةَ عَنْ عَائِشَةَ أُمِّ الْمُؤْمِنِينَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّهَا قَالَتْ يَا رَسُولَ اللَّهِ نَرَى الْجِهَادَ أَفْضَلَ الْعَمَلِ أَفَلَا نُجَاهِدُ قَالَ لَا لَكِنَّ أَفْضَلَ الْجِهَادِ حَجٌّ مَبْرُورٌ

595- Айша бинти Талха (р.а.) риуаят етті: «Айша анамыз: «Я Расулулла, күрес қылу ислам амалдарының ең абзалы, деп білеміз, күрес қылмаймыз ба?»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бірақ-та ең абзал күрес – шын ниетпен қажылық қылу!»,- деп жауап берді.

596- حَدَّثَنَا آدَمُ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ حَدَّثَنَا سَيَّارُ أَبُو الْحَكَمِ قَالَ سَمِعْتُ أَبَا حَازِمٍ قَالَ سَمِعْتُ أَبَا هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ سَمِعْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ مَنْ حَجَّ لِلَّهِ فَلَمْ يَرِفْثْ وَلَمْ يَفْسُقْ رَجَعَ كَيَوْمِ وَلَدَتْهُ أُمُّهُ

596- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім жаман сөйлемей және жамандық қылмай Алла тағаланың жолында қажылық қылса, анасынан бүгін туылғандай күнәларынан пәк болып қайтады»,- деп айтты.

5-бап. Үлкен қажылықпен кіші қажылықтың миқаттарының (шегераларын) парыз қылынуы жайында

597- حَدَّثَنَا مَالِكُ بْنُ إِسْمَاعِيلَ حَدَّثَنَا زُهَيْرٌ قَالَ حَدَّثَنِي زَيْدُ بْنُ جُبَيْرٍ أَنَّهُ أَتَى عَبْدَ اللَّهِ بْنَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا فِي مَنْزِلِهِ وَلَهُ فُسْطَاطٌ وَسُرَادِقٌ فَسَأَلْتُهُ مِنْ أَيْنَ يَجُوزُ أَنْ أَعْتَمِرَ قَالَ فَرَضَهَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لِأَهْلِ نَجْدٍ قَرْنَا وَلِأَهْلِ الْمَدِينَةِ ذَا الْحُلَيْفَةِ وَلِأَهْلِ الشَّامِ الْجُحْفَةَ

597- Зұһайр (р.а.) риуаят етті: «Зәйд ибн Жубайр Абдулла ибн Омардың (р.а.) үйіне барды. Абдулла ибн Омардың ауласында шатыр орнатылған болып, ауладағы алаңның төбесіне де шүберек мата тартылған еді. Зәйд: «Қай жерден бастап кіші қажылық қылуды бастаймыз?»,- деп сұрады. Абдулла ибн Омар (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Нажд халқына

Қарн деген жерден, Медине халқына Зұлхулайфадан, Шам халқына болса, Жухфадан бастамақты парыз қылған»,- деді.

6-бап.

قَوْلَ اللَّهِ تَعَالَى وَتَزَوَّدُوا فَإِنَّ خَيْرَ الزَّادِ التَّقْوَى

Алла тағала: « ... және азық алындар. Негізінде азықтың жақсысы тақуалық ...!⁹²»,- деді.

598- حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ يَشْرٍ حَدَّثَنَا شَبَابَةُ عَنْ وَرْقَاءَ عَنْ عَمْرِو بْنِ دِينَارٍ عَنْ عِكْرَمَةَ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ كَانَ أَهْلُ الْيَمَنِ يَحْجُونَ وَلَا يَتَزَوَّدُونَ وَيَقُولُونَ نَحْنُ الْمُتَوَكِّلُونَ فَإِذَا قَدِمُوا مَكَّةَ سَأَلُوا النَّاسَ فَأَنْزَلَ اللَّهُ تَعَالَى وَتَزَوَّدُوا فَإِنَّ خَيْرَ الزَّادِ التَّقْوَى رَوَاهُ ابْنُ عُيَيْنَةَ عَنْ عَمْرِو عَنْ عِكْرَمَةَ مُرْسَلًا

598- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Иемен халқы қажылық қылғанда жолда жейтін азық-түлік алмай: «Біз тақауагерлерміз»,- десетін. Меккеге келгеннен кейін, адамдардан тамақ сұрап, тілемшілік қылатын еді. Сол себептен Алла тағала аталмыш аятты нәзіл қылды.

7-бап. Мекке халқының қажылық пен кіші қажылық үшін белгіленген тахлил айтатын орны туралы

599- حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ حَدَّثَنَا وَهَيْبٌ حَدَّثَنَا ابْنُ طَاوُسٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ قَالَ إِنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَقَّتَ لِأَهْلِ الْمَدِينَةِ ذَا الْحُلَيْفَةِ وَلِأَهْلِ الشَّامِ الْجُحْفَةَ وَلِأَهْلِ نَجْدٍ قَرْنَ الْمَنَازِلِ وَلِأَهْلِ الْيَمَنِ يَلْمَلَمَ هُنَّ لَهُنَّ وَلِمَنْ أَتَى عَلَيْهِنَّ مِنْ غَيْرِهِنَّ مِمَّنْ أَرَادَ الْحَجَّ وَالْعُمْرَةَ وَمَنْ كَانَ دُونَ ذَلِكَ فَمِنْ حَيْثُ أَنْشَأَ حَتَّى أَهْلُ مَكَّةَ مِنْ مَكَّةَ

599- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мединенің халқына Зулхулайфаны, Шамның халқына Жухфаны, Нажд халқына Қарн әл-Маназилді, Иемен халқына болса, Яламламды миқат шегара қылып белгілеп берді. Осы жерлер оларға да, басқа жерлерден қажылық пен кіші қажылықты ниет қылып келгендерге де миқат шегара болды. Кімде-кім осы аталмыш жерлерге жақын тұрса, сол тұрған жері

⁹² 2. «әл-Бақара», 197 аят.

миқат яғни, шегара болады. Ал Меккенің халқы да Меккеде ихрам байлайды»,- деді.

8-бап. Медине халқының миқаты⁹³; олар Зулхулайфаға келместен бұрын таһлил айтпайды

600- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ نَافِعٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ يُهَلُّ أَهْلُ الْمَدِينَةِ مِنْ ذِي الْحُلَيْفَةِ وَيُهَلُّ أَهْلُ الشَّامِ مِنَ الْجُحْفَةِ وَأَهْلُ نَجْدٍ مِنْ قَرْنٍ قَالَ عَبْدُ اللَّهِ وَبَلَّغَنِي أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ وَيُهَلُّ أَهْلُ الْيَمَنِ مِنْ يَلْمَمَ

600- Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Медине халқы Зулхулайфадан, Шам Халқы Жухфадан, Нажд халқы Қарннан бастап таһлил айтады»,- деді. Мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Иемен халқы Яламламнан бастап таһлил айтады»,- дегенін де білемін»,- деді.

9-бап. Шам халқының таһлил⁹⁴ айтатын орны туралы

601- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ حَدَّثَنَا حَمَّادٌ عَنْ عَمْرٍو بْنِ دِينَارٍ عَنْ طَاوُسٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ وَقَّتَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لِأَهْلِ الْمَدِينَةِ دَا الْحُلَيْفَةَ وَلِأَهْلِ الشَّامِ الْجُحْفَةَ وَلِأَهْلِ نَجْدٍ قَرْنَ الْمَنَازِلِ وَلِأَهْلِ الْيَمَنِ يَلْمَمَ فَهِنَّ لَهُنَّ وَلِمَنْ أَتَى عَلَيْهِنَّ مِنْ غَيْرِ أَهْلِهِنَّ لِمَنْ كَانَ يُرِيدُ الْحَجَّ وَالْعُمْرَةَ فَمَنْ كَانَ دُونَهُنَّ فَمَهُلَّهُ مِنْ أَهْلِهِ وَكَذَلِكَ حَتَّى أَهْلُ مَكَّةَ يُهَلُّونَ مِنْهَا

601- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мединенің халқына Зулхулайфаны, Шамның халқына Жухфаны, Нажд халқына Қарн әл-Маназилді, Иемен халқына болса, Яламламды миқат қылып белгілеп берді. Осы жерлер оларға да, басқа жерлерден қажылық пен кіші қажылықты ниет қылып келгендерге де миқат болады. Осы аталмыш жерлерге жақын тұратындар үшін, сол өздері тұрған жерлері миқат болады. Ал Меккенің халқы да Меккенің өзінде ихрам байлайды»,- деді.

⁹³ **Миқат** – Ихрам киіп асатын шегара.

⁹⁴ **Таһлил** – Ләббайка-л-лахумма ләббайка, лаббайка ләшарика лака ләббайка, инна-л-хамда уа-н-ниғмата лака уа-л-мулк, лашарика лака»,- деп айту.

10-бап. Нажд халқының таһлил айтатын орны туралы

602- حَدَّثَنَا عَلِيُّ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ حَفِظَنَا مِنْ الزُّهْرِيِّ عَنْ سَالِمٍ عَنْ أَبِيهِ وَقَتَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

602- Сәлімнің атасы Абдулла Ибн Омар (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) миқаттарды белгілеп берді», - деп айтқан екен.

603- حَدَّثَنَا أَحْمَدُ بْنُ عِيسَى حَدَّثَنَا ابْنُ وَهْبٍ قَالَ أَخْبَرَنِي يُونُسُ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ سَالِمِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ أَبِيهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ مُهَلُّ أَهْلِ الْمَدِينَةِ ذُو الْحُلَيْفَةِ وَمُهَلُّ أَهْلِ الشَّامِ مَهْبِيعَةٌ وَهِيَ الْجَحْفَةُ وَأَهْلُ نَجْدٍ قَرْنٌ قَالَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا زَعَمُوا أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ وَلَمْ أَسْمَعُهُ وَمُهَلُّ أَهْلِ الْيَمَنِ يَلْمَلُمُ

603- Сәлім ибн Абдулла атасынан естіген хадисін риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мединенің халқына Зулхулайфаны, Шамның халқына маһяға, яғни Жухфаны, Нажд халқына Қарнды *миқат* қылып белгілеп берді», - деді.

Ибн Омар (р.а.): «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Иемен халқына Яламламды *миқат* қылып белгілеп бергенін айтысады, бірақ-та мен ол кісінің өзінен естімегенмін», - деді.

11-бап. Миқаттары болмағандардың таһлил айтатын орындары

604- حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ حَدَّثَنَا حَمَّادٌ عَنْ عَمْرٍو عَنْ طَلُوسٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَقَتَ لِأَهْلِ الْمَدِينَةِ ذَا الْحُلَيْفَةِ وَلِأَهْلِ الشَّامِ الْجَحْفَةَ وَلِأَهْلِ الْيَمَنِ يَلْمَلُمَ وَلِأَهْلِ نَجْدٍ قَرْنًا فَهِنَّ لَهُنَّ وَلِمَنْ أَتَى عَلَيْهِنَّ مِنْ غَيْرِ أَهْلِهِنَّ مِمَّنْ كَانَ يُرِيدُ الْحَجَّ وَالْعُمْرَةَ فَمَنْ كَانَ دُونَهُنَّ فَمِنْ أَهْلِهِ حَتَّىٰ إِنَّ أَهْلَ مَكَّةَ يُهْلُونَ مِنْهَا

604- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мединенің халқына Зулхулайфаны, Шамның халқына Жухфаны, Иемен халқына болса, Яламламды Нажд халқына Қарнды *миқат* қылып белгілеп берді. Осы миқаттар оларға да, басқа жерлерден қажылық пен кіші қажылықты ниет қылып келгендерге де *миқат* болады. Осы аталмыш

жерлерге жақын тұратындар үшін, сол өздері тұрған жерлері *миқат* болады. Ал Меккенің халқы да Меккенің өзінде ихрам байлайды»,- деді.

12-бап. Иемен халқының таһлил айтатын орны

605- حَدَّثَنَا مُعَلَّى بْنُ أَسَدٍ حَدَّثَنَا وَهَيْبٌ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ طَاوُسٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَقَّتَ لِأَهْلِ الْمَدِينَةِ ذَا الْحُلَيْفَةِ وَلِأَهْلِ الشَّامِ الْجُحْفَةَ وَلِأَهْلِ نَجْدٍ قَرْنَ الْمَنَازِلِ وَلِأَهْلِ الْيَمَنِ يَلْمَمَ هُنَّ لِأَهْلِهِنَّ وَلِكُلِّ آتٍ أَتَى عَلَيْهِنَّ مِنْ غَيْرِهِمْ مِمَّنْ أَرَادَ الْحَجَّ وَالْعُمْرَةَ فَمَنْ كَانَ دُونَ ذَلِكَ فَمِنْ حَيْثُ أَتَشَأُ حَتَّى أَهْلُ مَكَّةَ مِنْ مَكَّةَ

605- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мединенің халқына Зулхулайфаны, Шамның халқына Жухфаны, Нажд халқына Қарн әл-Маназилді, Иемен халқына болса, Яламламды *миқат* қылып белгілеп берді. Осы жерлер оларға да, басқа жерлерден қажылық пен кіші қажылықты ниет қылып келгендерге де *миқат* болады. Тіпті Меккенің халқы да Меккенің өзінде ихрам байлайды»,- деді.

13-бап. Ирак халқына Зату Ғирқ *миқат*⁹⁵ болады

606- حَدَّثَنِي عَلِيُّ بْنُ مُسْلِمٍ حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ نُمَيْرٍ حَدَّثَنَا عُبَيْدُ اللَّهِ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ لَمَّا فَتِحَ هَذَانِ الْمِصْرَانِ أَتَوْا عُمَرَ فَقَالُوا يَا أَمِيرَ الْمُؤْمِنِينَ إِنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حَدَّ لِأَهْلِ نَجْدٍ قَرْنًا وَهُوَ جَوْزٌ عَنْ طَرِيقِنَا وَإِنَّا إِِنْ أَرَدْنَا قَرْنًا شَقَّ عَلَيْنَا قَالَ فَانظُرُوا حُدُوهَا مِنْ طَرِيقِكُمْ فَحَدَّ لَهُمْ ذَاتَ عِرْقٍ

606- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Бұл екі шаһар – Басра мен Куфа фатх болғанда, адамдар Омардың (р.а.) алдына келіп: «Ей Әмир әл-мұъминин, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Нажд халқына Қарнды *миқат* қылып белгілеп берген бірақ ол біздің жолдың үстінде емес. Егер қаласақ та өзімізге *миқат* белгілеп алуымыз өте қиын»,- десті. Сонда Хазреті Омар (р.а.): «Жолдарыңның үстіндегі бірер жерді қарап көріндер, тура келсе, сол жерді *миқат* қылып алындар!»,- деді. Олар барып қарап келгеннен соң, Зату Ғирқты *миқат* қылып белгілеп берді».

⁹⁵ *Миқат* – шегера.

14-бап.

607- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ نَافِعٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَاخَ بِالْبُطْحَاءِ بِبَنِي الْحُلَيْفَةِ فَصَلَّى بِهَا وَكَانَ عَبْدُ اللَّهِ بْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يَفْعَلُ ذَلِكَ

607- Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Зул-Хулайфадағы үлкен (селден пайда болған жыраға) келгенінде түйесін шөктірді-да, төменге түсіп екі рәкат намаз оқыды».

Абдулла ибн Омар да (р.а.) солай қылатын еді.

15-бап. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Шажара жолы арқылы шығып баруы жайында

608- حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ الْمُنْذِرِ حَدَّثَنَا أَنَسُ بْنُ عِيَاضٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ نَافِعٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يَخْرُجُ مِنْ طَرِيقِ الشَّجَرَةِ وَيَدْخُلُ مِنْ طَرِيقِ الْمُعْرَسِ وَأَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ إِذَا خَرَجَ إِلَى مَكَّةَ يُصَلِّي فِي مَسْجِدِ الشَّجَرَةِ وَإِذَا رَجَعَ صَلَّى بِبَنِي الْحُلَيْفَةِ بِبَطْنِ الْوَادِي وَبَاتَ حَتَّى يُصْبِحَ

608- Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Шажара (терек) жолы арқылы шығып баратын. Қайтқанда болса, Муғаррас жолы арқылы өтіп, (үйіне) кіріп кететін еді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) егерде Меккеге жолға шықса, Шажара мешітінде намаз оқып өтетін. Ал қайтқанда болса, Зулхулайфадағы ойпатта тоқтап, намаз оқып сол жерде таңды атыратын», - деді.

16-бап. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) «Ақиқ – берекелі ойпат!», - дегені жайында

609- حَدَّثَنَا الْحُمَيْدِيُّ حَدَّثَنَا الْوَلِيدُ وَبِشْرُ بْنُ بَكْرِ النَّيْسَبِيُّ قَالَا حَدَّثَنَا الْأَوْزَاعِيُّ قَالَ حَدَّثَنِي يَحْيَى قَالَ حَدَّثَنِي عِكْرَمَةُ أَنَّهُ سَمِعَ ابْنَ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يَقُولُ إِنَّهُ سَمِعَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ يَقُولُ سَمِعْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَوَادِي

العَقِيقُ يَقُولُ أَنَايَ اللَّيْلَةُ أَتِ مِنْ رَبِّي فَقَالَ صَلَّى فِي هَذَا الْوَادِي الْمُبَارَكِ وَقُلْ
عُمْرَةً فِي حَجَّةٍ

609- Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Ақиқ ойпатында тұрып: «Бұл түні Алла тағаладан маған хабаршы келді, ол маған: «Осы берекелі ойпатта намаз оқы, содан соң кіші қажылық қылдым, де!», - деп айтты».- дегенін естідім. («Қажылықта ғұмра қылдым», яғни, «Кіші қажылық қылғандай болдым», - деумен, аталмыш ойпаттың берекелі екендігіне ишара қылынады).

610- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ أَبِي بَكْرٍ حَدَّثَنَا فُضَيْلُ بْنُ سُلَيْمَانَ حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ عُقَبَةَ قَالَ حَدَّثَنِي سَالِمُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ أَبِيهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَّهُ رُئِيَ وَهُوَ فِي مُعَرَّسٍ بِذِي الْحُلَيْفَةِ بِيْطْنِ الْوَادِي قِيلَ لَهُ إِنَّكَ بِيْطْحَاءَ مُبَارَكَةٍ وَقَدْ أَنَاخَ بِنَا سَالِمٌ يَتَوَخَّى بِالْمَنَاخِ الَّذِي كَانَ عَبْدُ اللَّهِ يُنِيخُ يَتَحَرَّى مُعَرَّسَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَهُوَ أَسْفَلُ مِنَ الْمَسْجِدِ الَّذِي بِيْطْنِ الْوَادِي بَيْنَهُمْ وَبَيْنَ الطَّرِيقِ وَسَطٌ مِنْ ذَلِكَ

610- Сәлім атасы Абдулла ибн Омардан естіген хадисін риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Ақиқ ойпатында орналасқан Зулхулайфада дем алып жатқанында түс көрді. Түсінде: «Сен берекелі сайдың табанында тұрсын», - деп айтқан сияқы».

Мұса ибн Ғукба былай деді: «Сәлім түйелерімізді Абдулла түйесін шөктіріп жүретін жерге шөктірді. Бұл жер Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) (дем алатын) жері болып, Ақиқ ойпатындағы мешіттегі төменіректе, қажылыққа барып келушілер қонып отыратын жер мен жолдың аралығында».

17-бап. Денедегі хош иіс үш рет жуылып кетіріледі

بَابُ غَسْلِ الْخُلُقِ ثَلَاثَ مَرَّاتٍ مِنَ الثِّيَابِ قَالَ أَبُو عَاصِمٍ أَخْبَرَنَا ابْنُ جُرَيْجٍ أَخْبَرَنِي عَطَاءُ أَنَّ صَفْوَانَ بْنَ يَعْلَى أَخْبَرَهُ أَنَّ يَعْلَى قَالَ لِعُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَرْنِي النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حِينَ يُوحَى إِلَيْهِ قَالَ فَبَيْنَمَا النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِالْجِعْرَانَةِ وَمَعَهُ نَفَرٌ مِنْ أَصْحَابِهِ جَاءَهُ رَجُلٌ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ كَيْفَ تَرَى فِي رَجُلٍ أَحْرَمَ بَعُمْرَةٍ وَهُوَ مُتَضَمِّحٌ بِطَيْبٍ فَسَكَتَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

سَاعَةً فَجَاءَهُ الْوَحْيُ فَأَنْشَرَ عُمَرُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ إِلَى يَعْلَى فَجَاءَ يَعْلَى وَعَلَى رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ تَوْبٌ قَدْ أُظِلَّ بِهِ فَأَدْخَلَ رَأْسَهُ فَإِذَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مُحَمَّرٌ الْوَجْهَ وَهُوَ يَغْطُّ ثُمَّ سُرِّيَ عَنْهُ فَقَالَ أَيْنَ الَّذِي سَأَلَ عَنِ الْعُمْرَةِ فَأْتِيَ بِرَجُلٍ فَقَالَ اغْسِلِ الطَّيِّبَ الَّذِي بِكَ ثَلَاثَ مَرَّاتٍ وَأَنْزِعْ عَنْكَ الْجُبَّةَ وَأَصْنَعْ فِي عُمْرَتِكَ كَمَا تَصْنَعُ فِي حَجَّتِكَ فُلْتُ لِعَطَاءٍ أَرَادَ الْإِنْقَاءَ حِينَ أَمَرَهُ أَنْ يَغْسِلَ ثَلَاثَ مَرَّاتٍ قَالَ نَعَمْ

Ибн Журайж (р.а.) риуаят етті: «Яғла (р.а.) Омарға (р.а.): «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) уәхий нәзіл болып жатқан уақыттағы жағдайын көрсет!», - деді. Сол кезде, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір топ сахабаларымен Жиғранада отырған еді, бір кісі келіп: «Я Расулулла, ғұмраға ихрам байлап, өзіне хош иісті нәрселер себініп алған кісі жайлы не дейсіз?», - деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір сағаттай үңсіз тынышталып қалды. Кейін уәхий келді. Омар (р.а.) Яғлаға ишара қылған еді, ол келді. Сонда Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) үстіне көлеңке қылу үшін киім ілініп қойылған еді. Яғла (ілініп қойылған) киімнің артына басын тығып, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жүзінің қызарып кеткендігін, енгігіп зорға дегенде дем алып жатқандығын көрді. Уәхийдің келуі біткеннен соң, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жеңілденді. Содан соң: «Ғұмра туралы сұраған баяғы кісі қане?», - деді. Оны шақырып келген соң: «Денендегі хош иісті нәрселерді үш рет жуып кетір де киімңді ауыстыр, содан соң қажылықта не қылмағың ләзім болған болса, ғұмрада да сондай қыл!», - деді. Мен Ғатадан: «Үш рет жууды әмір еткенде исін кетіруді айтты ма?», - деп сұрадым. Ғата (р.а.): «Иә», - деді.

18-бап. Ихрам киюдiң алдынан өзіне хош иісті нәрселер жағыну; ихрамға кіру үшін не киеді? Шаштарын тарап, өзіне жұпар иісті нәрсе себінеді

قَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يَشْتَمُ الْمُحْرِمُ الرِّيحَانَ وَيَنْظُرُ فِي الْمِرَاةِ وَيَتَدَاوَى بِمَا يَأْكُلُ الزَّيْتِ وَالسَّمْنِ وَقَالَ عَطَاءٌ يَتَخْتَمُ وَيَلْبَسُ الْهَمِيَانَ وَطَافَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا وَهُوَ مُحْرِمٌ وَقَدْ حَزَمَ عَلَى بَطْنِهِ بِتَوْبٍ وَلَمْ تَرَ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا بِالثُّبَانِ بَأْسًا لِلَّذِينَ يَرْحَلُونَ هَوْدَجَهَا

Ибн Аббас (р.а.): «Ихрам киген кісі жұпар иіс себініп, айнаға қарап өзін жөнге салады. Өзі (күнде) жеп жүрген зәйт (зәйтун майы) және самн

(малдың майы) мен өзін емдейді»,- деді. Ғата (р.а.): «Ихрам киген адам жүзік тағады және әмияның (беліне) асып алады»,- деді.

Ибн Омар (р.а.) ихрам байлап тәуеп етті. Беліне көйлегін белбеу қылып алған еді. Айша анамыз (р.а.) зембіл⁹⁶ көтеріп жүретін кісілердің туббон (ұзындығы бір қарыс келетін қысқа шалбар) киіп жүрулеріне мән бермейтін еді».

611- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ يُوسُفَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ مَنصُورٍ عَنْ سَعِيدِ بْنِ جُبَيْرٍ قَالَ كَانَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يَدَّهْنُ بِالزَّيْتِ فَذَكَرْتُهُ لِإِبْرَاهِيمَ قَالَ مَا تَصْنَعُ بِقَوْلِهِ حَدَّثَنِي الْأَسْوَدُ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ كَأَنِّي أَنْظِرُ إِلَى وَيِصَّ الطَّيِّبِ فِي مَفَارِقِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَهُوَ مُحْرَمٌ

611- Сағид ибн Жубайр (р.а.) риуаят етті: «Ибн Омар (р.а.) өзіне зәйт (зәйтун майы) жағынып алатын еді. Бұл жайында Ибраһимге айтқан едім, ол: «Асуадқа Айша анамыз айтып берген мына бір сөзге не дейсің? Айша анамыз: «Мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ихрамда болғанында маңдайының жұпар иісті нәрсе жағылғандығынан жалтырап тұрғанын қазірдің өзінде көріп тұрғандаймын»,- деген»,- деді.

612- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ الْقَاسِمِ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا زَوْجَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَتْ كُنْتُ أُطِيبُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لِإِحْرَامِهِ حِينَ يُحْرَمُ وَلِحِلِّهِ قَبْلَ أَنْ يَطُوفَ بِالْبَيْتِ

612- Абдурахман ибн әл-Қасым (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) әйелі Айша анамыз (р.а.): «Мен Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) ихрам кигізіп (байлап) Қағбаны тәуеп қыларының алдында да, тәуеп қылып шыққанынан кейін де жұпар иісті нәрселерді жағып қоятын едім»,- деді.

19-бап. Шашты ықшамдап алып таһлил айту туралы

613- حَدَّثَنَا أَصْبَغُ أَخْبَرَنَا ابْنُ وَهْبٍ عَنْ يُوسُفَ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ سَالِمٍ عَنْ أَبِيهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُهَلُّ مُلْبَدًا

⁹⁶ Зембіл – Ертеректе бай ақсүйектерді немесе қажылықта жүре алмайтын адамдарды отырғызып иыққа салып көтеріп жүретін (төбесі жабық) қол күйме.

613- Абдулла ибн Омар (р.а.): «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) шашын ықшамдап алып, таһлил айтқанын көрдім»,- деді.

20-бап. Зулхулайфа мешіті жанында таһлил айту туралы

614- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ عُقْبَةَ سَمِعْتُ سَالِمَ بْنَ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ سَمِعْتُ ابْنَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا ح وَ حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ عَنْ مَالِكٍ عَنْ مُوسَى بْنِ عُقْبَةَ عَنْ سَالِمِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ أَنَّهُ سَمِعَ أَبَاهُ يَقُولُ مَا أَهَلَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِلَّا مِنْ عِنْدِ الْمَسْجِدِ يَعْنِي مَسْجِدَ ذِي الْحُلَيْفَةِ

614- Сәлім ибн Абдулла: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Зулхулайфа мешітінің жанына келіп қана таһлил (тәлбия) айта бастайтын еді»,- деді.

21-бап. Ихрам киетін адам қандай киімдерді кимеуі керек?

615- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ نَافِعٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ رَجُلًا قَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ مَا يَلْبَسُ الْمُحْرِمُ مِنَ الثِّيَابِ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَا يَلْبَسُ الْقُمُصَ وَلَا الْعَمَائِمَ وَلَا السَّرَاوِيلَاتِ وَلَا الْبُرَانِسَ وَلَا الْخِفَافَ إِلَّا أَحَدًا لَا يَجِدُ نَعْلَيْنِ فَلْيَلْبَسْ خُفَيْنِ وَلْيَقِطْهُمَا أَسْفَلَ مِنَ الْكَعْبَيْنِ وَلَا تَلْبَسُوا مِنَ الثِّيَابِ شَيْئًا مَسَّهُ الزَّعْفَرَانُ أَوْ وَرْسٌ

615- Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Бір кісі: «Я Расулулла, ихрам киетін адам қандай киімдерді кимеуі керек?»,- деп сұрады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Көйлек, сәлде, шалбар, *бурнус* (бас пен иықты жауып тұратын киім), мәсі кимейді, егерде мәсіден басқа аяқ киім таппаса, қонышын тобығынан төмен етіп кесіп тастайды. Егерде киімге *зағфран* мен *уарс* (сары ағаштан алынатын бояу) жұққан болса кимендер!»,- деді.

22-бап. Қажылықта өзі түйе мініп немесе біреуді артына мінгесіп жүру туралы

616- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مُحَمَّدٍ حَدَّثَنَا وَهْبُ بْنُ جَرِيرٍ حَدَّثَنَا أَبِي عَنْ يُوسُفَ الْأَيْلِيِّ عَنْ الزُّهْرِيِّ عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ أَسَامَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ كَانَ رَدَفَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنْ عَرَفَةَ إِلَى

المُزْدَلِفَةَ ثُمَّ أُرْدِفَ الْفُضْلَ مِنَ الْمُزْدَلِفَةِ إِلَى مِنَى قَالَ فَكِلَاهُمَا قَالَ لَمْ يَزَلِ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُلَبِّي حَتَّى رَمَى جَمْرَةَ الْعَقَبَةِ

616- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті. «Усама (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) артында түйеге мінгесіп Арафаттан Муздалифаға дейін барды. Содан соң Муздалифадан Минаға дейін Фазл мінгесіп алды. Усама мен Фазл: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Жамрат ул-Ақабаға дейін тәлбия айтып барды»,- десті.

23-бап. Ихрамдағы кісі рида мен изар сияқты киімдерді киеді ме?

عَائِشَةُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا النَّيَابَ الْمُعْصِفَةَ وَهِيَ مُحْرَمَةٌ وَقَالَتْ لَا تَلْتَمُّ وَلَا تَتَبَرَّقُ وَلَا تَلْبَسُ ثَوْبًا بَوْرَسَ وَلَا زَعْفَرَانَ وَقَالَ جَابِرٌ لَا أَرَى الْمُعْصِفَرَ طَبِيبًا وَلَمْ تَرَ عَائِشَةُ بَأْسًا بِالْحُلِيِّ وَالنَّوْبِ الْأَسْوَدِ وَالْمُورِدِ وَالْخُفِّ لِلْمَرْأَةِ وَقَالَ إِبْرَاهِيمُ لَا بَأْسَ أَنْ يُبَدَلَ ثِيَابُهُ

Айша анамыз (р.а.) ихрамда бола тұрып, *зағфар* мен боялған киім киді-де: «Бетіңді жабынба, *уарс* (сары ағаштан алынатын бояу) және *зағфран* мен боялған киім киме!»,- деді.

Жәбир (р.а.): «Зағфар мен боялған киімнен хош иіс шығады, демеймін, Айша анамыз әйелдердің (әшекей бұйымдарды) тағуы, қара және қызыл киім тағы да хуфф (жеңіл аяқ киім) киуінің зияны жоқ деп есептеген.

Ибраһим (р.а.): «Киімдерін ауыстырып алса да болады»,- деген.

617- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ أَبِي بَكْرٍ الْمُقَدَّمِيُّ حَدَّثَنَا فُضَيْلُ بْنُ سُلَيْمَانَ قَالَ حَدَّثَنِي مُوسَى بْنُ عُقْبَةَ قَالَ أَخْبَرَنِي كُرَيْبٌ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ انْطَلَقَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنَ الْمَدِينَةِ بَعْدَ مَا تَرَجَّلَ وَأَدَّهَنَ وَلَبَسَ إِزَارَهُ وَرَدَّاهُ هُوَ وَأَصْحَابُهُ فَلَمْ يَنْهَ عَنْ شَيْءٍ مِنَ الْأُرْدِيَةِ وَالْأَزُرِّ ثَلْبَسُ إِلَّا الْمُزْعَفْرَةَ الَّتِي تَرْدَعُ عَلَى الْجِدِّ فَأَصْبَحَ بِذِي الْحُلَيْفَةِ رَكِبَ رَاحِلَتَهُ حَتَّى اسْتَوَى عَلَى الْبَيْدَاءِ أَهْلًا هُوَ وَأَصْحَابُهُ وَقَلَدَ بَدَنَتَهُ وَذَلِكَ لِخَمْسِ بَقِيْنَ مِنْ ذِي الْقَعْدَةِ فَقَدِمَ مَكَّةَ لِأَرْبَعِ لَيَالٍ خَلُونَ مِنْ ذِي الْحَجَّةِ فَطَافَ بِالْبَيْتِ وَسَعَى بَيْنَ الصَّفَا وَالْمَرْوَةِ وَلَمْ يَجَلَّ مِنْ أَجْلِ بُدْبِهِ لِأَنَّهُ قَلَدَهَا ثُمَّ نَزَلَ بِأَعْلَى مَكَّةَ عِنْدَ الْحَجُّونِ وَهُوَ مُهْلٌ بِالْحَجِّ

وَلَمْ يَقْرَبْ الكَعْبَةَ بَعْدَ طَوَافِهِ بِهَا حَتَّى رَجَعَ مِنْ عَرَفَةَ وَأَمَرَ أَصْحَابَهُ أَنْ يَطُوفُوا
 بِالْبَيْتِ وَيَبْنَ الصَّفَا وَالْمَرْوَةَ ثُمَّ يَقْصِرُوا مِنْ رُءُوسِهِمْ ثُمَّ يَحْلُوا وَذَلِكَ لِمَنْ لَمْ يَكُنْ
 مَعَهُ بَدَنَةٌ قَدْ دَهَا وَمَنْ كَانَتْ مَعَهُ امْرَأَةٌ فَهِيَ لَهُ حَلَالٌ وَالطَّيْبُ وَالنِّيبُ

617- Абдулла ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) шашын таратып, денесіне хош иісті нәрселерді жақтырып, изар мен ридасын киіп Мединеден жолға шықты. Пайғамбарымыз да (с.ғ.с.) ол кісінің сахабалары да денеге бояуы жұғып қалатын зағфранға боялған рида мен изарларын киюден тыйды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Зулхулайфада таңды атырды. Содан соң түйесін мініп Байдағ тауына шығып, өзі де сахабалары да тәлбия айтысты. Содан соң құрбандық екенін білдіру үшін түйелердің мойнына бір нәрселерді асып қойды. Сонда Зулқағда айының бес күні қалған еді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Зулхижжа айының төртінші күні Меккеге келді. Қағбаны тауеп етіп Сафа мен Мәруа арасында жүгірді. Бірақ әлі құрбандық шалмағандықтан ихрамын шеше алмайтын еді. Кейін, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Меккенің жоғары жағындағы Хажжун – қажылық кезінде үстіне шығып тәлбия айтатын таудың жанына барды. Бірақ ілгері тәуеп қылғандарынша Қағбаға жақындамады. Арафаттан арттарына қайтып, сахабаларға Қағбаны тәуеп қылып Сафа мен Мәруаның арасында жүгіруді, содан соң шаштарын келте қылып қысқартып ихрамдарын шешулерін бұйырды. Жоғарыдағы амалдар өзі мен құрбандыққа аталған бірер малды айдап келмеген және ихрам кимей, өзіне хош иісті нәрселер жағып, әдеттегі киімдерін киіп, әйелі мен бірге қажылыққа шыққан кісіге тиісті».

24-бап. Зулхулайфада жатып қалып таң атырған кісі туралы

618- حَدَّثَنِي عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مُحَمَّدٍ حَدَّثَنَا هِشَامُ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا ابْنُ جُرَيْجٍ حَدَّثَنَا
 مُحَمَّدُ بْنُ الْمُكَدَّرِ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ صَلَّى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ
 عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِالْمَدِينَةِ أَرْبَعًا وَبِذِي الْحُلَيْفَةِ رَكَعَتَيْنِ ثُمَّ بَاتَ حَتَّى أَصْبَحَ بِذِي الْحُلَيْفَةِ
 فَلَمَّا رَكِبَ رَاحِلَتَهُ وَاسْتَوَتْ بِهِ أَهْلًا

618- Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мединеде төрт рәкат, Зулхулайфада екі рәкат намаз оқыды. Сол күні Зулхулайфада таң атқанша қалды. Ертеменен түйесіне мініп тәлбия айтқанында, ол (түйе) кимылдамай тыныш тұрды», - деді.

619- حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَهَّابِ حَدَّثَنَا أَيُّوبُ عَنْ أَبِي قَلَابَةَ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَلَّى الظُّهْرَ بِالْمَدِينَةِ أَرْبَعًا وَصَلَّى الْعَصْرَ بِذِي الْحُلَيْفَةِ رَكَعَتَيْنِ قَالَ وَأَحْسِبُهُ بَاتَ بِهَا حَتَّى أَصْبَحَ

619- Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мединеде төрт рәкат бесін, Зулхулайфада екі рәкат аср намазын оқыды. Енді Зулхулайфада түні мен қалатын сияқты»,- деп айтқан екен».

25-бап. Көтеріңкі дауыспен таһлил айту туралы

620- حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ حَرْبٍ حَدَّثَنَا حَمَّادُ بْنُ زَيْدٍ عَنْ أَيُّوبَ عَنْ أَبِي قَلَابَةَ عَنْ أَنَسِ بْنِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ صَلَّى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِالْمَدِينَةِ الظُّهْرَ أَرْبَعًا وَالْعَصْرَ بِذِي الْحُلَيْفَةِ رَكَعَتَيْنِ وَسَمِعْتُهُمْ يَصْرُخُونَ بِهِمَا جَمِيعًا

620- Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мединеде төрт рәкат бесін, Зулхулайфада екі рәкат аср намазын оқыды. Мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) және оның сахабаларының көтеріңкі дауыспен таһлил айтып жатқандарын естідім»,- деді.

26-бап. Тәлбия айту туралы

621- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ نَافِعٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ تَلْبِيَةَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَبَّيْكَ اللَّهُمَّ لَبَّيْكَ لَبَّيْكَ لَا شَرِيكَ لَكَ لَبَّيْكَ إِنَّ الْحَمْدَ وَالنَّعْمَةَ لَكَ وَالْمُلْكَ لَا شَرِيكَ لَكَ

621- Абдулла ибн Омар (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ләббайка-л-лахумма ләббайка, лаббайка ләшарика лака ләббайка, инна-л-хамда уа-н-ниғмата лака уа-л-мулк, лашарика лака»,- деп тәлбия айтатын еді»,- деді.

622- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ يُوسُفَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ الْأَعْمَشِ عَنْ عُمَارَةَ عَنْ أَبِي عَطِيَّةَ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ إِنِّي لَأَعْلَمُ كَيْفَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُلَبِّي لَبَّيْكَ اللَّهُمَّ لَبَّيْكَ لَبَّيْكَ لَا شَرِيكَ لَكَ لَبَّيْكَ إِنَّ الْحَمْدَ وَالنَّعْمَةَ لَكَ

تَابَعَهُ أَبُو مُعَاوِيَةَ عَنِ الْأَعْمَشِ وَقَالَ شُعْبَةُ أَخْبَرَنَا سُلَيْمَانُ سَمِعْتُ خَيْثَمَةَ عَنِ أَبِي عَطِيَّةٍ سَمِعْتُ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا

622- Айша анамыз (р.а.): «Мен шындығында Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қандай тәлбия айтқанын жақсы білемін ол кісі: «Ләббайка-л-лахумма ләббайка, лаббайка ләшарика лака ләббайка, инна-л-хамда уа-ниғмата лака»,- деп тәлбия айтатын еді»,- деді.

27-бап. Түйеге мінгенде таһлилден бұрын тәкбір, тасбих пен мақтау айту туралы

705- حَدَّثَنَا أَحْمَدُ بْنُ عِيسَى حَدَّثَنَا ابْنُ وَهْبٍ قَالَ أَخْبَرَنِي عَمْرُو بْنُ الْحَارِثِ عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ نَوْفَلِ الْفَرَشِيِّ أَنَّهُ سَأَلَ عُرْوَةَ بِنَ الزُّبَيْرِ فَقَالَ قَدْ حَجَّ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَخْبَرْتَنِي عَائِشَةُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّهُ أَوَّلُ شَيْءٍ بَدَأَ بِهِ حِينَ قَدِمَ أَنَّهُ تَوَضَّأَ ثُمَّ طَافَ بِالْبَيْتِ ثُمَّ لَمْ تَكُنْ عُمْرَةً ثُمَّ حَجَّ أَبُو بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فَكَانَ أَوَّلَ شَيْءٍ بَدَأَ بِهِ الطَّوَافُ بِالْبَيْتِ ثُمَّ لَمْ تَكُنْ عُمْرَةً ثُمَّ عَمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ مِثْلُ ذَلِكَ ثُمَّ حَجَّ عُمَانَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فَرَأَيْتُهُ أَوَّلَ شَيْءٍ بَدَأَ بِهِ الطَّوَافُ بِالْبَيْتِ ثُمَّ لَمْ تَكُنْ عُمْرَةً ثُمَّ مُعَاوِيَةَ وَعَبْدُ اللَّهِ بْنُ عُمَرَ ثُمَّ حَجَّجْتُ مَعَ أَبِي الزُّبَيْرِ بْنِ الْعَوَّامِ فَكَانَ أَوَّلَ شَيْءٍ بَدَأَ بِهِ الطَّوَافُ بِالْبَيْتِ ثُمَّ لَمْ تَكُنْ عُمْرَةً ثُمَّ رَأَيْتُ الْمُهَاجِرِينَ وَالْأَنْصَارَ يَفْعَلُونَ ذَلِكَ ثُمَّ لَمْ تَكُنْ عُمْرَةً ثُمَّ آخِرُ مَنْ رَأَيْتُ فَعَلَ ذَلِكَ ابْنُ عُمَرَ ثُمَّ لَمْ يَفْضَحْهَا عُمْرَةً وَهَذَا ابْنُ عُمَرَ عِنْدَهُمْ فَلَا يَسْأَلُونَهُ وَلَا أَحَدٌ مِمَّنْ مَضَى مَا كَانُوا يَبْدَعُونَ بِشَيْءٍ حَتَّى يَضَعُوا أَقْدَامَهُمْ مِنَ الطَّوَافِ بِالْبَيْتِ ثُمَّ لَا يَحْلُونَ وَقَدْ رَأَيْتُ أُمَّي وَحَالَتِي حِينَ تَقْدَمَانِ لَا تَبْتَدِيَانِ بِشَيْءٍ أَوَّلَ مِنْ الْبَيْتِ

تَطُوفَانِ بِهِ ثُمَّ إِنَّهُمَا لَأِ تَحِلَّانِ وَقَدْ أَخْبَرْتَنِي أُمِّي أَنَّهَا أَهَلَّتْ هِيَ وَأَخْتَهَا وَالزُّبَيْرُ
وَقُلَانٌ وَقُلَانٌ بَعْمُرَةَ فَلَمَّا مَسَحُوا الرُّكْنَ حَلُّوا

705- Мұхаммед ибн Абдуррахман мбн Науфал Құрайший Ғұруа ибн Зүбайрге (дәрет алып тәуеп ету жайында) сауал берді. Сонда, Ғұруа былай деп жауап берді: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.), - деп еді Айша анамыз, - Меккеге қажылық қылу үшін келгенінде, алдымен дәрет алды, содан соң Қағбаны тәуеп етті, бірақ кіші қажылық қылмады». Әбу Бәкір де (р.а.) қажылық қылғанында алдымен дәрет алып, содан соң Қағбаны тәуеп еткен, бірақ кіші қажылық қылмады. Омар да (р.а.) солай еткен. Кейіннен, Осман (р.а.) қажылық етті. Ол кісінің де алдымен дәрет алып, содан соң Қағбаны айналып тәуеп еткенін, ал бірақта кіші қажылық қылмағанын көрдім. Кейін, Муғауия мен Абдулла ибн Омар да солай қылды. Мен атам Зүбайр ибн Аууам мен бірге қажылық қылғанымда, ол кісі де алдымен дәрет алып, содан соң Қағбаны тәуеп етті, бірақ кіші қажылық етпеді. Мұхажирлер мен ансарлардың да солай еткендерін көрдім. Ең соңғы рет Ибн Омардың (р.а.) солай істегенінің куәсі болдым. Ол да солар сияқты кіші қажылық қылмады. Ибн Омар олардың алдында кетіп бара жатыр, ешкім одан бір нәрсені сұрауға батпайды. Өткіншілер де тек Қағбаны тәуеп ету ниетінде ғана қадам басып жатыр ... Міне, тәуепте қылып болды. Бірақ олар әлі ихрамда еді. Мен анаммен апайымның да Қағбаны тәуеп етіп болмағандарынша, басқа бірер нәрсе қылмағандарының және ихрамдарын шешпегендерінің куәсі болғанмын» деді.

Ғұруа (р.а.): «Маған анам айтты, ол кісі мен бірге апайым, Зүбайр және пәленше-түгеншелер кіші қажылыққа тәлбия айтып, Қара тасты сипап тәуеп еткеннен соң, ихрамдарын шешті», - деді.

79-бап. Сафа мен Мәруада саби қылудың уәжіптігі және оның Алла тағаланың белгілерінің біріне айналғандығы туралы

706- حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنِ الزُّهْرِيِّ قَالَ عُرُوَّةُ سَأَلْتُ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا فَقُلْتُ لَهَا أَرَأَيْتِ قَوْلَ اللَّهِ تَعَالَى إِنَّ الصَّفَا وَالْمَرْوَةَ مِنْ شَعَائِرِ اللَّهِ فَمَنْ حَجَّ الْبَيْتَ أَوْ اعْتَمَرَ فَلَا جُنَاحَ عَلَيْهِ أَنْ يَطُوفَ بِهِمَا فَأَوَّلَهُ مَا عَلَى أَحَدٍ جُنَاحٌ أَنْ لَا يَطُوفَ بِالصَّفَا وَالْمَرْوَةَ قَالَتْ بِنِسِّ مَا قُلْتَ يَا ابْنَ أَخْتِي إِنَّ هَذِهِ لَوْ كَانَتْ كَمَا أَوْلَتْهَا عَلَيْهِ كَانَتْ لَأَجْنَحَ عَلَيْهِ أَنْ لَا يَطُوفَ بِهِمَا وَلَكِنَّهَا أَنْزَلَتْ فِي الْأَنْصَارِ كَانُوا قَبْلَ أَنْ يُسَلِّمُوا يُهْلُونَ لِمَنَاةَ الطَّاعِيَةِ الَّتِي كَانُوا يَعْبُدُونَهَا عِنْدَ الْمُشَلَّلِ فَكَانَ مِنْ أَهْلِ يَتَحَرَّجُ أَنْ يَطُوفَ بِالصَّفَا وَالْمَرْوَةَ فَلَمَّا أُسَلِّمُوا سَأَلُوا

رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَنْ ذَلِكَ قَالُوا يَا رَسُولَ اللَّهِ إِنَّا كُنَّا نَتَحَرَّجُ أَنْ نَطُوفَ بَيْنَ الصَّفَا وَالْمَرْوَةِ فَأَنْزَلَ اللَّهُ تَعَالَى إِنَّ الصَّفَا وَالْمَرْوَةَ مِنَ شَعَائِرِ اللَّهِ الْآيَةَ قَالَتْ عَائِشَةُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا وَقَدْ سَنَّ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الطَّوَافَ بَيْنَهُمَا فَلَيْسَ لِأَحَدٍ أَنْ يَتْرُكَ الطَّوَافَ بَيْنَهُمَا ثُمَّ أَخْبَرْتُ أَبَا بَكْرَ بْنَ عَبْدِ الرَّحْمَنِ فَقَالَ إِنَّ هَذَا لَعِلْمٌ مَا كُنْتُ سَمِعْتُهُ وَلَقَدْ سَمِعْتُ رَجَالًا مِنْ أَهْلِ الْعِلْمِ يَذْكُرُونَ أَنَّ النَّاسَ إِلَّا مَنْ ذَكَرَتْ عَائِشَةُ مِمَّنْ كَانَ يَهْلُ بِمَنَاةَ كَانُوا يَطُوفُونَ كُلُّهُمْ بِالصَّفَا وَالْمَرْوَةِ فَلَمَّا ذَكَرَ اللَّهُ تَعَالَى الطَّوَافَ بِالْبَيْتِ وَلَمْ يَذْكُرِ الصَّفَا وَالْمَرْوَةَ فِي الْقُرْآنِ قَالُوا يَا رَسُولَ اللَّهِ كُنَّا نَطُوفُ بِالصَّفَا وَالْمَرْوَةِ وَإِنَّ اللَّهَ أَنْزَلَ الطَّوَافَ بِالْبَيْتِ فَلَمْ يَذْكُرِ الصَّفَا فَهَلْ عَلَيْنَا مِنْ حَرَجٍ أَنْ نَطُوفَ بِالصَّفَا وَالْمَرْوَةِ فَأَنْزَلَ اللَّهُ تَعَالَى إِنَّ الصَّفَا وَالْمَرْوَةَ مِنَ شَعَائِرِ اللَّهِ الْآيَةَ قَالَ أَبُو بَكْرٍ فَأَسْمَعُ هَذِهِ الْآيَةَ نَزَلَتْ فِي الْفَرِيقَيْنِ كِلَيْهِمَا فِي الَّذِينَ كَانُوا يَتَحَرَّجُونَ أَنْ يَطُوفُوا بِالْجَاهِلِيَّةِ بِالصَّفَا وَالْمَرْوَةِ وَالَّذِينَ يَطُوفُونَ ثُمَّ تَحَرَّجُوا أَنْ يَطُوفُوا بِهِمَا فِي الْإِسْلَامِ مِنْ أَجْلِ أَنَّ اللَّهَ تَعَالَى أَمَرَ بِالطَّوَافِ بِالْبَيْتِ وَلَمْ يَذْكُرِ الصَّفَا حَتَّى ذَكَرَ ذَلِكَ بَعْدَ مَا ذَكَرَ الطَّوَافَ بِالْبَيْتِ

706- Ғұруа (р.а.) риуаят етті: «Мен Айша анамызға: Алла тағаланың: «Негізінде «Сафа мен мәруа» Алланың белгілерінен. Сонда кім қажылық немесе ғұмра орындаса, ол екеуін де (Сафа мен Мәруаны) тәуеп етудің оқасы жоқ¹²²», - деген қаулы жайлы не дейсіз? Құдай хақы, Сафа мен Мәруаны тәуеп етпесе, ешкім де күнаһар болмас!», - дедім. Ей жиенім, - деді Айша Анамыз, - неге мағынасыз сөз айттың! Егерде бұл аяттың тәпсірі сен айтқандай болатын болса, онда Сафа мен Мәруаның арасын сағи қылмаса, күнаһар болмайды екен-де?! Бірақ бұл аят насаралар жайында нәзіл болып, олар мұсылман баларларынан бұрын Мушаллал деген жердегі өздері құлшылық қылатын пұтқа –Манатқа таһлил айтысатын еді. Сол себептен де Сафа мен Мәруаны сағи қылуға қаймығысар еді. Олар мұсылман болғандарынан соң, Пайғамбарымызға: «Я Расулудулла, біз Сафа мен Мәруаны тәуеп етуден қаймығатын едік. Өйткені, Алла тағала: «Сафа мен Мәруаны тәуеп ету Алла тағаланың белгілерінен!», - деген аят кәрімін нәзіл қылды», - десті. Содан соң,

¹²² 2. «әл-Бақара», 157 аят.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Сафа мен Мәруаны тәуеп етуді сүннет қылды, бұны істемеуге ешкімнің хақысы жоқ!».

Зухрий (р.а.) айтты: «Мен осы хадисті Әбу Бәкір ибн Абдурахманға айтқанымда ол былай деді: «Айша анамыз айтқан пұт - Манатқа таһлил айтпайтын барша адамдар Сафа мен Мәруаны тәуеп ететін еді. Алла тағала Құранда Сафа мен Мәруаны тәуеп етуді айтпай, Қағбаны тәуеп етуді айтқанда, адамдар: «Я Расулалла, біз Сафа мен Мәруаны тәуеп ететін едік Алла тағала Қағбаны тәуеп ету жайында аят нәзіл етті, Сафаны айтпады, егерде біз Сафа мен Мәруаны тәуеп етсек күнаһар боламыз ба?»,- десті. Сонда Алла тағала: «Сафа мен Мәруаны тәуеп ету Алла тағаланың белгілерінен!¹²³»,- деген аят кәрімін нәзіл етті».

«Бұл аят,- деп жалғстырды Әбу Бәкір,- екі тайпаның адамдары жайында, бірі надандық дәуірде Сафа мен Мәруаны тәуеп етуге қаймыққан кісілер, ал екіншісі- ілгеріректе Сафа мен Мәруаны тәуеп етіп жүріп, кейін Ислам дәуірі келгенде, Алла тағала Қағбаны тәуеп етуді айтып, Сафа туралы айтпағандықтан оларды тәуеп етуге қаймығып қалған кісілер жайында нәзіл болған. Содан соң Алла тағала Сафа мен Мәруаны да тәуеп етудің қажеттігін ескертіп, аят нәзіл қылған, деп естігенмін», - деді.

80-бап. Сафа мен Мәруа аралығын саъй қылуға байланысты келген хабарлар

قَالَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا السَّعْيُ مِنْ دَارِ بَنِي عَبَّادٍ إِلَى زُقَاقِ بَنِي أَبِي حُسَيْنٍ

Ибн Омар (р.а.): «Бәний Аббад ауласынан Бәний Әбу Хусайн көшесіне дейінгі аралықта саъй қылынады», - деді.

707- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ عَبْدِ بْنِ مَيْمُونٍ حَدَّثَنَا عَيْسَى بْنُ يُونُسَ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا طَافَ الطَّوَافَ الْأَوَّلَ حَبَّ ثَلَاثًا وَمَشَى أَرْبَعًا وَكَانَ يَسْعَى بَطْنَ الْمَسِيلِ إِذَا طَافَ بَيْنَ الصَّفَا وَالْمَرْوَةِ فَقُلْتُ لِنَافِعٍ أَكَانَ عَبْدُ اللَّهِ يَمْشِي إِذَا بَلَغَ الرُّكْنَ الْيَمَانِيَّ قَالَ لَا إِلَّا أَنْ يُزَاحَمَ عَلَى الرُّكْنِ فَإِنَّهُ كَانَ لَا يَدْعُهُ حَتَّى يَسْتَلِمَهُ

707- Ибн Омар (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Қағбаның алғашқы тәуебін орындаса, үш рет жылдам жүріспеннен жүріп, ал қалған төртеуін жәй

¹²³ 2. «әл-Бақара», 157 аят.

жүріспенен жүретін. Сафа мен Мәруаны тәуеп етсе, олардың арасындағы сел жүрген жыраны бойлап *саъй* қылатын еді»,- деді.

Убайдулла ибн Омар: «Абдулла ибн Омар Иемендік бұрыштың алдына келгенде әдеттегідей жүретін бе еді, деп Нафиғтан сұрадым»,- сұрадым. Сонда Нафиғ: «Жоқ, Иемендік бұрыштың алдында адамдар көбейіп кеткенде ғана солай қылатын еді. Өйткені ол кісі тіреуді сүйіп тәуеп етпей қоймайтын»,- деп жауап беріпті.

708- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ عَمْرِو بْنِ دِينَارٍ قَالَ سَأَلْنَا ابْنَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنْ رَجُلٍ طَافَ بِالْبَيْتِ فِي عُمْرَةٍ وَلَمْ يَطْفُ بِبَيْنِ الصَّفَا وَالْمَرْوَةِ أَيَّتِي امْرَأَتُهُ فَقَالَ قَدِمَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَطَافَ بِالْبَيْتِ سَبْعًا وَصَلَّى خَلْفَ الْمَقَامِ رَكْعَتَيْنِ فَطَافَ بَيْنَ الصَّفَا وَالْمَرْوَةِ سَبْعًا لَقَدْ كَانَ لَكُمْ فِي رَسُولِ اللَّهِ أُسْوَةٌ حَسَنَةٌ وَسَأَلْنَا جَابِرَ بْنَ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا فَقَالَ لَا يَفْرَبْنَهَا حَتَّى يَطُوفَ بَيْنَ الصَّفَا وَالْمَرْوَةِ

708- Амр ибн Динар: «Біз Ибн Омардан (р.а.): «кіші қажылықта Кағбаны тәуеп етіп, Сафа мен Мәруаның арасын саъй қылмаған кісі (некелі) әйеліне жақындасса болады ма, деп сұрадық»,- деді. Сонда, Ибн Омар (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Меккеге келіп, Кағбаны жеті рет айналып тәуеп етті, Мақами Ибраһимнің артында екі рәкат намаз оқыды. Содан соң Сафа мен Мәруаның арасында жеті рет саъй қылды-да: «Расулуллада сендер үшін жақсы ғибраттар бар!»,- деп айтты»,- деп жауап берді.

Амр ибн Динар: «Жәбир ибн Абдулладан (р.а.) осы жайында сұрағанымызда, ол кісі: «Сафа мен Мәруаның арасында саъй қылмағанша, әйелге жақындаспау керек»,- деп айтты»,- деді.

709- حَدَّثَنَا الْمَكِّيُّ بْنُ إِبْرَاهِيمَ عَنْ ابْنِ جُرَيْجٍ قَالَ أَخْبَرَنِي عَمْرُو بْنُ دِينَارٍ قَالَ سَمِعْتُ ابْنَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ قَدِمَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَكَّةَ فَطَافَ بِالْبَيْتِ ثُمَّ صَلَّى رَكْعَتَيْنِ ثُمَّ سَعَى بَيْنَ الصَّفَا وَالْمَرْوَةِ ثُمَّ تَلَا لَقَدْ كَانَ لَكُمْ فِي رَسُولِ اللَّهِ أُسْوَةٌ حَسَنَةٌ

709- Амр ибн Динар: «Мен Ибн Омардың (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Меккеге келіп, Кағбаны тәуеп етті, содан соң екі рәкат намаз оқыды, кейін Сафа мен Мәруада саъй қылды да: «Расулуллада сендер үшін жақсы ғибраттар бар»,- деген аятты оқыды»,- дегенін естідім»,- деді.

710- حَدَّثَنَا أَحْمَدُ بْنُ مُحَمَّدٍ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ أَخْبَرَنَا عَاصِمٌ قَالَ قُلْتُ لِأَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَكُنْتُمْ تَكْرَهُونَ السَّعْيَ بَيْنَ الصَّفَا وَالْمَرْوَةِ قَالَ نَعَمْ لِأَنَّهَا كَانَتْ مِنْ شَعَائِرِ الْجَاهِلِيَّةِ حَتَّى أَنْزَلَ اللَّهُ إِنَّ الصَّفَا وَالْمَرْوَةَ مِنْ شَعَائِرِ اللَّهِ فَمَنْ حَجَّ الْبَيْتَ أَوْ اعْتَمَرَ فَلَا جُنَاحَ عَلَيْهِ أَنْ يَطُوفَ بِهِمَا

710- Ғасим (р.а.): «Сафа мен Мәруаның арасында саъй қылуды жақтырмаушы ма едіңіз деп, Әнас ибн мәліктен сұрадым»,- деді. Әнас (р.а.): «Иә, өйткені ол надандық дәуірдің белгілерінен еді, тіпті Алдла тағала: «Сафа мен Мәруа Алла тағаланың белгілерінің бір, кімде-кім Қағбаға үлкен немесе кіші қажылық қылса, Сафа мен Мәруаны тәуеп ететін болса күнаһар болмайды»,- деген аятты нәзіл қылған»,- деп жауап беріпті.

711- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ عَمْرِو بْنِ دِينَارٍ عَنْ عَطَاءٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ إِنَّمَا سَعَى رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِالْبَيْتِ وَبَيْنَ الصَّفَا وَالْمَرْوَةِ لِیُرِيَ الْمُشْرِكِينَ قُوَّتَهُ زَادَ الْحُمَيْدِيُّ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ حَدَّثَنَا عَمْرُو سَمِعْتُ عَطَاءً عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ مِثْلَهُ

711- Ибн Аббас (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Қағбаны тәуеп етіп, Сафа мен Мәруаның арасында мүшіріктерге өзінің күш-қуатын көрсетіп қою үшін саъй қылды»,- деді. Осыған ұқсас хадисті Хұмайд та айтып берген».

81-бап. Етеккір көрген әйел қажылықтың барлық белгілерін (шарттарын) орындайды, тек қана Қағбаны тәуеп етпейді. Сафа мен Мәруаның арасын дәретсіз саъи қылса ...

712- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ الْقَاسِمِ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّهَا قَالَتْ قَدِمْتُ مَكَّةَ وَأَنَا حَائِضٌ وَلَمْ أَطْفُ بِالْبَيْتِ وَلَا بَيْنَ الصَّفَا وَالْمَرْوَةِ قَالَتْ فَشَكَوْتُ ذَلِكَ إِلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ أَفْعَلِي كَمَا يَفْعَلُ الْحَاجُّ غَيْرَ أَنْ لَا تَطُوفِي بِالْبَيْتِ حَتَّى تَطْهُرِي

712- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Мен етеккір көрген бойы Меккеге келіп, не Қағбаны тәуеп ете алмадым, не Сафа мен Мәруаның арасында саъи қыла алмадым. Мен бұны Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) айтып налыдым. Сонда ол кісі: «Тазарғаныңа дейін Қағбаны тәуеп етпе, бірақ қажылар не істесе, сен де соны істей бер!»,- деді.

713- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ الْمُثَنَّى حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَهَّابِ قَالَ ح وَقَالَ لِي خَلِيفَةُ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَهَّابِ حَدَّثَنَا حَبِيبُ الْمُعَلَّمِ عَنْ عَطَاءٍ عَنْ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ أَهْلَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ هُوَ وَأَصْحَابُهُ بِالْحَجِّ وَلَيْسَ مَعَ أَحَدٍ مِنْهُمْ هَدْيٌ غَيْرَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَطَلْحَةَ وَقَدِمَ عَلَيَّ مِنَ الْيَمَنِ وَمَعَهُ هَدْيٌ فَقَالَ أَهَلَّتْ بِمَا أَهَلَ بِهِ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَمَرَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَصْحَابَهُ أَنْ يَجْعَلُوهَا عُمْرَةً وَيَطُوفُوا ثُمَّ يُقْصِرُوا وَيَحِلُّوا إِلَّا مَنْ كَانَ مَعَهُ الْهَدْيُ فَقَالُوا نَنْطَلِقُ إِلَى مَيِّ وَنَذْكُرُ أَحَدِنَا يَقْطُرُ فَبَلَغَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ لَوْ اسْتَقْبَلْتُ مِنْ أَمْرِي مَا اسْتَدْبَرْتُ مَا أَهْدَيْتُ وَلَوْ أَنَّ مَعِيَ الْهَدْيَ لَأَحْلَلْتُ وَحَاضَتْ عَائِشَةُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا فَنَسَكْتُ الْمَنَاسِكَ كُلَّهَا غَيْرَ أَنَّهَا لَمْ تَطْفُ بِالْبَيْتِ فَلَمَّا طَهَّرَتْ طَافَتْ بِالْبَيْتِ قَالَتْ يَا رَسُولَ اللَّهِ تَنْطَلِقُونَ بِحَجَّةٍ وَعُمْرَةٍ وَأَنْطَلِقُ بِحَجٍّ فَأَمَرَ عَبْدَ الرَّحْمَنِ بْنَ أَبِي بَكْرٍ أَنْ يَخْرُجَ مَعَهَا إِلَى النَّعِيمِ فَاعْتَمَرَتْ بَعْدَ الْحَجِّ

713- Жәбир Ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) және сахабалары қажылыққа ихрам байлады. Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) Талхадан басқаларында құрбандыққа шалатын малдары жоқ болатын. Сол уақытта, Әли Иеменнен құрбандық жетектеп келіп қалды-да: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) не нәрсеге ниет етіп ихрам кесе, мен де соған (ниет етіп) ихрам киемін», - деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сахабаларға үлкен қажылықтың орнына кіші қажылық қылуды, шаштарын қысқартуды және құрбандық жетектеп келгендерден басқасына түгелдей ихрамдарын шешуді бұйырды. Сонда сахабалар: «Минаға барамыз ба? Кейбіреуіміздің мүшемізден мәни (ұрық) тамып тұр ғой?!», - десті. Бұл сөз Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) құлағын жеткеннен соң: «Мен кейінге қалдырған ісімді алдын-ала қылмақшы болғанымда, құрбандық алып келмеген болар едім. Шалатын құрбандығым болмағанда, мен де ихрамымды шешкен болар едім», - деді. Айша анамыз (р.а.) етеккірі келсе де қажылықтың барлық шарттарын орындады. Тек қана Кағбаны тәуеп етпеді. Оны тазаланғаннан кейін ғана тәуеп етті. Айша анамыз: «Я Расулулла, сіздер үлкен және кіші қажылықты орындадыңыздар, ал мен болсам үлкен қажылық қылғаным бойынша қалдым», - дегенінде, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Аған Абдуррахман мен бірге Танғимға барып,

кіші қажылық қылып кел!»,- деді. Сонда, Айша анамыз үлкен қажылықтан кейін, кіші қажылық қылып қайтты».

714- حَدَّثَنَا مُؤَمَّلُ بْنُ هِشَامٍ حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ عَنْ أَيُّوبَ عَنْ حَفْصَةَ قَالَتْ كُنَّا نَمْعُ عَوَاتِقَنَا أَنْ يَخْرُجْنَ فَعَدِمَتْ امْرَأَةً فَنَزَلَتْ قَصْرَ بَنِي خَلْفٍ فَحَدَّثَتْ أَنَّ أُخْتَهَا كَانَتْ تَحْتَ رَجُلٍ مِنْ أَصْحَابِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَدْ غَزَا مَعَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَتِسْعَةَ عَشْرَةَ غَزْوَةً وَكَانَتْ أُخْتِي مَعَهُ فِي سِتِّ غَزَوَاتٍ قَالَتْ كُنَّا نُدَاوِي الكَلْمَى وَنَقُومُ عَلَى المَرَضَى فَسَأَلْتُ أُخْتِي رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَتْ هَلْ عَلَى إِحْدَانَا بَأْسٌ إِنْ لَمْ يَكُنْ لَهَا جِلْبَابٌ أَنْ لَا تَخْرُجَ قَالَ لِنُبْسِهَا صَاحِبَتُهَا مِنْ جِلْبَابِهَا وَلْتَشْهَدْ الخَيْرَ وَدَعْوَةَ الْمُؤْمِنِينَ فَلَمَّا قَدِمَتْ أُمُّ عَطِيَّةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا سَأَلْنَاهَا أَوْ قَالَتْ سَأَلْنَاهَا فَقَالَتْ وَكَانَتْ لَا تَذْكُرُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَبَدًا إِلَّا قَالَتْ بِأبي فَقُلْنَا أَسَمِعْتِ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ كَذَا وَكَذَا قَالَتْ نَعَمْ بِأبي فَقَالَ لِيَخْرُجِ العَوَاتِقُ ذَوَاتُ الخُدُورِ أَوْ العَوَاتِقُ وَذَوَاتُ الخُدُورِ وَالحَيْضُ فَيَشْهَدْنَ الخَيْرَ وَدَعْوَةَ المُسْلِمِينَ وَيَعْتَزِلُ الحَيْضُ المُصَلَّى فَقُلْتُ أَلْحَائِضُ فَقَالَتْ أَوْلَيْسَ تَشْهَدُ عِرْقَةً وَتَشْهَدُ كَذَا وَتَشْهَدُ كَذَا

714- Хафса анамыз (р.а.) айтты: «Біз қыз балаларымызды үйден сыртқа шығармайтын едік. Бір күні бір әйел Бәний Халаф ауласына келіп түсті. Ол әйел өзінің сіңлісінің Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сахабаларының бірінің әйелі екенін, оның ері Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге он екі рет соғысқа қатысқаны және сол соғыстарда күйеуімен бірге сіңлісінде қатысып, жарақаттанғандардың жарасын таңып емдегенін айтты». «Сіңлім деді баяғы әйел,-Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): «Егерде біреулеріміздің жамылатын жамылғысы болмай, айт намазына қатынаса алмай қалсақ күнә болмайды ма?», - деп сұрағанында, ол кісі: «Таңыстарының бірінің жамылғысын ала тұрсын, хайырлы істен құр қалмасын, мұьминдермен бірге шығып, дұға қылсын!»,- депті. Баяғы әйел (Үмму Атиййа) келгенде: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) пәлен нәрселер жайында не деп айтқаның естігенбісіз?»,- деп сұрасты әйелдер. Сонда ол: «Иә, атамның хақы құрметі (ол кісі Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) тілге алғанда, көбінесе «атамның хақы құрметі» деп қоятын), естігенмін. Пайғамбарымсыз (с.ғ.с.) енді ғана бой жеткен қыздарға да намазға шығуға бұйыратын»,- деді. Сонда мен: «Етеккір көрген әйелдерге де ма?»,- деп сұрадым. Сонда ол: «Иә, етеккір көрген әйел Арафатқа шықпаушы ма еді? Немесе пәлен, түген

істерді қылмаушы ма еді?»,- деп қажылықтың белгілерін, шарттарын санап кетті»,- деді.

82-бап. Меккеліктердің Батха және басқа жерде тұрып, қажылардың болса, Минаға шықанында ихрам кию туралы

بَابُ الْإِهْتَالِ مِنَ الْبَطْحَاءِ وَغَيْرِهَا لِلْمَكِّيِّ وَإِلْحَاحٌ إِذَا خَرَجَ إِلَى مِيٍّ وَسُئِلَ عَطَاءٌ عَنِ الْمُجَاوِرِ يُلَبِّي بِالْحَجِّ قَالَ وَكَانَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يُلَبِّي يَوْمَ التَّرْوِيَةِ إِذَا صَلَّى الظُّهْرَ وَاسْتَوَى عَلَى رَاحِلَتِهِ وَقَالَ عَبْدُ الْمَلِكِ عَنْ عَطَاءٍ عَنْ جَابِرِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَدِمْنَا مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَحْلَلْنَا حَتَّى يَوْمَ التَّرْوِيَةِ وَجَعَلْنَا مَكَّةَ بِظَهْرِ لَبِّيْنَا بِالْحَجِّ وَقَالَ أَبُو الزُّبَيْرِ عَنْ جَابِرِ أَهْلَلْنَا مِنَ الْبَطْحَاءِ وَقَالَ عُبَيْدُ بْنُ جُرَيْجٍ لِابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا رَأَيْتُكَ إِذَا كُنْتَ بِمَكَّةَ أَهْلًا النَّاسُ إِذَا رَأَوْا الْهَلَالَ وَلَمْ يُهَلِّ أَنْتَ حَتَّى يَوْمَ التَّرْوِيَةِ فَقَالَ لَمْ أَرَ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُهَلُّ حَتَّى تَتَّبِعَتْ بِهِ رَاحِلَتُهُ

Ғатадан (р.а.) Меккеге жақын жерлерде тұратын кісілердің қажылыққа тәлбия айтулары жайында сұрасты. Сонда ол кісі: «Ибн Омар (р.а.) Тарвия күні түйенің үстінде отырып намаз оқыған соң, тәлбия айтаптын еді»,- деді. Абдумалик (р.а.) Ғатадан, ол кісі боса, Жәбірден (р.а.) естіген мына хадисті риуаят етті: «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге Меккеге келіп, *Таруия* күніне дейін ихрамдарымызды шешіп қойдық және Меккеге арқа жағымызды беріп, қажылыққа тәлбия айттық. Әбу Зүбайр: «Жәбир маған, Батхада тұрып, ихрам кидік, деген болатын»,- деді. Убайд ибн Жүрайж Ибн Омарға (р.а.): «Мен сіздің Меккеде болғаныңызда адамдар жаңа айдың туғаның көріп, ихрам кесе де, *Таруия*¹²⁴ күніне дейін ихрам кимегеніңізді көрдім»,- деді.

83-бап. Таруия күні бесін намазын қай жерде оқиды?

715- حَدَّثَنِي عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مُحَمَّدٍ حَدَّثَنَا إِسْحَاقُ الْأَزْرَقُ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ عَبْدِ الْعَزِيزِ بْنِ رُفَيْعٍ قَالَ سَأَلْتُ أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قُلْتُ أَخْبِرْنِي بِشَيْءٍ عَقَلْتَهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَيْنَ صَلَّى الظُّهْرَ وَالْعَصْرَ يَوْمَ التَّرْوِيَةِ قَالَ

¹²⁴ Таруия – Зұлхижжа айының сегізінші күні.

بِمَنَى قُلْتُ فَأَيْنَ صَلَّى الْعَصْرَ يَوْمَ النَّفْرِ قَالَ بِالْبُطْحِ ثُمَّ قَالَ أَفْعَلْ كَمَا يَفْعَلُ
أَمْرًاؤُكَ

715- Абдулазиз ибн Руфайғ риуаят етті: «Мен Әнас ибн Мәліктен (р.а.) «Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) өзіңіз үйренген бір нәрсе жайында маған айтыңыз! *Тарвия* күні ол кісі бесін мен аср намаздарын қай жерде оқиды?»,- деп сұрадым. Әнас: «Минада»,- деді. Мен: «Нафр¹²⁵ күні аср намазын қай жерде оқиды?»,- деп сұрадым. Әнас: «Абтаһта»,- деді-да «Басшы әмірлеріңнің сыңары сияқты қыла бер!»,- деп қосып қойды»,- деді.

716- حَدَّثَنَا عَلِيُّ سَمِعَ أَبَا بَكْرٍ بْنَ عِيَّاشٍ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْعَزِيزِ لَقِيتُ أَنَسًا ح وَ
حَدَّثَنِي إِسْمَاعِيلُ بْنُ أَبَانَ حَدَّثَنَا أَبُو بَكْرٍ عَنْ عَبْدِ الْعَزِيزِ قَالَ خَرَجْتُ إِلَى مَنَى
يَوْمَ النَّارِ وَاللَّهِ عَنهُ دَاهِبًا عَلَى حِمَارٍ فَقُلْتُ أَيْنَ صَلَّى النَّبِيُّ
صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ هَذَا الْيَوْمَ الظُّهْرَ فَقَالَ انظُرْ حَيْثُ يُصَلِّي أَمْرًاؤُكَ فَصَلَّ

716- Абдулазиз риуаят етті: «Тарвия күні Минаға шығып, есек мініп кетіп бара жатқан Әнасты (р.а.) жолықтырдым. Мен ол кісіден: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бүгін бесін намазын қай жерде оқиды?»,- деп сұрадым. Әнас: «Әмірлерің қай жерде оқыса, с ен де сол жерде оқи бер!»,- деді.

84-бап. Минада намаз оқу жайында

717- حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ الْمُنْذِرِ حَدَّثَنَا ابْنُ وَهْبٍ أَخْبَرَنِي يُوسُفُ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ
قَالَ أَخْبَرَنِي عَبِيدُ اللَّهِ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ عَنْ أَبِيهِ قَالَ صَلَّى رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى
اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِمَنَى رَكْعَتَيْنِ وَأَبُو بَكْرٍ وَعُمَرُ وَعُثْمَانُ صَدْرًا مِنْ خِلَافَتِهِ

717- Ғубайдулла атасы Абдулла ибн Омардан (р.а.) естіген мына хадисті естіген екен: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Минада екі рәкат намаз оқыды, Әбу Бәкір, Омар және Осман өздерінің халифалықтарының алғашқы жылдарында екі рәкат оқып, кейіннен төрт рәкат оқыған»,- деді.

¹²⁵ Нафр – Қажылар Минадан қайтатын күн.

718- حَدَّثَنَا آدَمُ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ أَبِي إِسْحَاقَ الهمداني عَنْ حَارِثَةَ بْنِ وَهَبِ الخُزَاعِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ صَلَّى بِنَا النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَتَحْنُ أَكْثَرُ مَا كُنَّا قَطُّ وَأَمْنُهُ بِمِئَى رَكَعَتَيْنِ

718- Хариса ибн Уаһб әл-Хузағий (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Минада бізбен бірге екі рәкат намаз оқыды. Әбу Бәкір, Омар және Осман өздерінің халифалықтарының алғашқы жылдарында қысқартып оқып (яғни, екі рәкат) кейіннен толық оқитын болған», - деді.

719- حَدَّثَنَا قَبِيصَةُ بْنُ عُقْبَةَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ الْأَعْمَشِ عَنْ إِبْرَاهِيمَ عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ يَزِيدَ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ صَلَّيْتُ مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَكَعَتَيْنِ وَمَعَ أَبِي بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ رَكَعَتَيْنِ وَمَعَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ رَكَعَتَيْنِ ثُمَّ تَفَرَّقَتْ بِكُمْ الطَّرِيقُ فَيَا لَيْتَ حَظِّي مِنْ أَرْبَعِ رَكَعَاتَانِ مُتَوَابِلَتَانِ

719- Абдулла ибн Масғуд (р.а.): «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге еңкі рәкат (парыз намазды қысқартып) намаз оқығанмын, кейін Әбу Бәкірмен де (р.а.), Омармен де (р.а.) екі рәкат намаз оқыдым. Кейіннен болса, сендердің жолдарын бөлініп кетті (яғни, біреулер екі рәкат ал біреулер төрт рәкат оқитын болды). Қане енді, төрт рәкат орнына, осы қабыл қылынған екі рәкат оқылса!», - деді.

85-бап. Арафа күні ұсталатын ораза жайлы

720- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ الزُّهْرِيِّ حَدَّثَنَا سَالِمٌ قَالَ سَمِعْتُ عُمَيْرًا مَوْلَى أُمِّ الْفَضْلِ عَنْ أُمِّ الْفَضْلِ شَكََّ النَّاسُ يَوْمَ عَرَفَةَ فِي صَوْمِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَبَعَثْتُ إِلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِشَرَابٍ فَشَرَبَهُ

720- Сәлім (р.а.) риуаят еті: «Адамдар арафа күні Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ораза ұстағанына күмәнданды. Сонда, мен Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) жеміс шырының жіберген едім (ол кісі) ішті», - деді.

86-бап. Минадан Арафатқа тәкбір мен тәлбия айтып бару жайында

721- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ أَبِي بَكْرٍ النَّفْعِيِّ أَنَّهُ سَأَلَ أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ وَهُمَا غَادِيَانِ مِنْ مِئَى إِلَى عَرَفَةَ كَيْفَ كُنْتُمْ تَصْنَعُونَ فِي هَذَا

اليَوْمَ مَعَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ كَانَ يُهَلُّ مِنَّا الْمُهَلُّ فَلَا يُنْكَرُ عَلَيْهِ وَيُكَبَّرُ مِنَّا الْمُكَبَّرُ فَلَا يُنْكَرُ عَلَيْهِ

721- Абдулла ибн Юсуф риуаят етті: «Мұхаммед ибн Әбу Бәкір әс-Сақафий және Әнас ибн Мәлік (р.а.) екеуі Минадан Арафатқа кетіп бара жатқан едім. Сонда Мұхаммед ибн Әбу Бәкір: «Сол күні Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге Минадан Арафатқа кетіп бара жатқандарыңызда не істедіңіздер?»,- деп Әнастан сұрады. Әнас: «Кейбіріміз таһлил ал кейбіріміз тәлбия айтып бардық, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ешқайсымызға ештеңе демеді»,- деді.

87-бап. Арафа күні кешкі уақытта көшеге шығу жайында

722- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ سَالِمٍ قَالَ كَتَبَ عَبْدُ الْمَلِكِ إِلَى الْحَجَّاجِ أَنْ لَا يُخَالِفَ ابْنَ عُمَرَ فِي الْحَجِّ فَجَاءَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ وَأَنَا مَعَهُ يَوْمَ عَرَفَةَ حِينَ زَالَتْ الشَّمْسُ فَصَاحَ عِنْدَ سُرَادِقِ الْحَجَّاجِ فَخَرَجَ وَعَلَيْهِ مِلْحَفَةٌ مُعَصْفَرَةٌ فَقَالَ مَا لَكَ يَا أَبَا عَبْدِ الرَّحْمَنِ فَقَالَ الرَّوَّاحُ إِنَّ كُنْتُ تُرِيدُ السُّنَّةَ قَالَ هَذِهِ السَّاعَةَ قَالَ نَعَمْ قَالَ فَأَنْظِرْنِي حَتَّى أَفِيضَ عَلَى رَأْسِي ثُمَّ أَخْرَجُ فَنَزَلَ حَتَّى خَرَجَ الْحَجَّاجُ فَسَارَ بَيْنِي وَبَيْنَ أَبِي فَقُلْتُ إِنْ كُنْتُ تُرِيدُ السُّنَّةَ فَأَقْصِرْ الخُطْبَةَ وَعَجِّلْ الوُفُوفَ فَجَعَلَ يَنْظُرُ إِلَى عَبْدِ اللَّهِ فَلَمَّا رَأَى ذَلِكَ عَبْدُ اللَّهِ قَالَ صَدَقَ

722- Сәлім (р.а.) риуаят етті: «Абдулмалик ибн Маруан қажылық амалдарында Ибн Омарға қарсылық қылмауды бұйырып, Хажжжағға хат жазды. Ибн Омар разияллаһу ғанһу (мен ол кісімен бірге едім) Арафа күні, күн бақан кезде Хажжждың шатырының алдына келіп, дауыстады. Хажжж сары көйлекті киіп шығып: «Ей Абдурахманның акесі, сізге не болды?»,- деді. Ибн Омар: «Егерде сүннетті орындағын келсе, тезірек қимылда, бір жерге баруымыз керек»,- деді. Хажжж: «Қазір ме?»,- деді. Ибн Омар: «Иә»,- деді. Хажжж: «Олай болса, сәл сабыр ете тұрыңыз, басымнан су құйынып алайын»,- деді. Ибн Омар түйеден түсіп, Хажжж шыққанша тосып тұрды. Хажжж шыққанан соң Ибн Омар мен менен әкем екеуміздің арамызда жүрді. Мен Хажжжға: «Егерде сүннетті бұзбаймын десең, құтпаны қысқарақ айтып, тұруды тездет!»,- деп едім, ол Абдуллаға аландап қарай бастады. Бұны сезген Абдулла: «Ол дұрыс айтып жатыр»,- деді.

88-бап. Арафатта түйе мініп тұру жайында

723- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ عَنْ مَالِكٍ عَنْ أَبِي النَّضْرِ عَنْ عُمَيْرِ مَوْلَى عَبْدِ اللَّهِ بْنِ الْعَبَّاسِ عَنْ أُمِّ الْفَضْلِ بِنْتِ الْحَارِثِ أَنَّ نَاسًا اخْتَلَفُوا عِنْدَهَا يَوْمَ عَرَفَةَ فِي صَوْمِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ بَعْضُهُمْ هُوَ صَائِمٌ وَقَالَ بَعْضُهُمْ لَيْسَ بِصَائِمٍ فَأرْسَلْتُ إِلَيْهِ بِقَدَحِ لَبَنٍ وَهُوَ وَاقِفٌ عَلَى بَعِيرِهِ فَشَرِبَهُ

723- Абдулла ибн Аббастың азат етілген құлы риуаят етті: «Үммулфазл бинти Харастың алдында тұрған адамдар Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) арафа күні ораза ұстағанына күмәнданды, оларды кебірлері: «Ораза ұстады»,- десе, енді бірі: «Ораза ұстамады»,- десті. Үммулфазл, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Арафатта түйе мініп тұрғанда бір кесе сүт жіберді, ол кісі ішті»,- деді.

89-бап. Арафатта екі намазды біріктіріп бір қылып оқу жайлы

وَكَانَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا إِذَا قَاتَتْهُ الصَّلَاةُ مَعَ الْإِمَامِ جَمَعَ بَيْنَهُمَا وَقَالَ اللَّيْثُ حَدَّثَنِي عَفِيْلٌ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ قَالَ أَخْبَرَنِي سَالِمٌ أَنَّ الْحَجَّاجَ بْنَ يُوسُفَ عَامَ نَزَلِ بَابِنِ الزُّبَيْرِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا سَأَلَ عَبْدَ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ كَيْفَ تَصْنَعُ فِي الْمَوْقِفِ يَوْمَ عَرَفَةَ فَقَالَ سَالِمٌ إِنْ كُنْتَ تُرِيدُ السُّنَّةَ فَهَجِّرْ بِالصَّلَاةِ يَوْمَ عَرَفَةَ فَقَالَ عَبْدُ اللَّهِ بْنُ عُمَرَ صَدَقَ إِنَّهُمْ كَانُوا يَجْمَعُونَ بَيْنَ الظُّهْرِ وَالْعَصْرِ فِي السُّنَّةِ فَقُلْتُ لِسَالِمٍ أَفَعَلَ ذَلِكَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ سَالِمٌ وَهَلْ تَتَّبِعُونَ فِي ذَلِكَ إِلَّا سُنَّتَهُ

Ибн Омар (р.а.) жамағатпен нааз оқи алмай қалса, екі намазды бір қылып оқитын еді.

Ибн Шихаб Зухрий (р.а.) риуаят етті: «Хажжак ибн Юсуфпен Абдулла ибн Зүбайр (р.а.) Меккеге соғыс қылу үшін келген жылы Абдулла (р.а.) Сәлімнен (р.а.): «Арафа күні сол жерде не қылатын едіңіз?»,- деп сұрапты. Сәлім: «Егер де сүннетке амал етуді қаласаң, арафа күні намазды кешіктірі!»?,- деп жауап беріпті. Абдулла ибн Омар (р.а.): «Олар сүннетке сүйеніп, бесін мен асп намаздарын бір қылып оқыған, деп дұрыс айтып жатыр»,- депті. Мен Сәлімге: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) солай істеген бе еді?»,- дедім. Сәлім: «Сахабалар Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннеттеріне амал қылып жатыр ғой!»,- деді.

90-бап. Арафада құтпаны қысқарақ айту жайында

724- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ سَالِمِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ أَنَّ عَبْدَ الْمَلِكِ بْنَ مَرْوَانَ كَتَبَ إِلَى الْحَجَّاجِ أَنْ يَأْتِمَّ بِعَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ فِي الْحَجِّ فَلَمَّا كَانَ يَوْمَ عَرَفَةَ جَاءَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا وَأَنَا مَعَهُ حِينَ زَاغَتِ الشَّمْسُ أَوْ زَالَتْ فَصَاحَ عِنْدَ فُسْطَاطِهِ أَيْنَ هَذَا فَخَرَجَ إِلَيْهِ فَقَالَ ابْنُ عُمَرَ الرَّوَاحَ فَقَالَ الْآنَ قَالَ نَعَمْ قَالَ أَنْظِرْنِي أَفِيضُ عَلَيَّ مَاءً فَنَزَلَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا حَتَّى خَرَجَ فَسَارَ بَيْنِي وَبَيْنَ أَبِي فَقُلْتُ إِنْ كُنْتَ تُرِيدُ أَنْ تُصِيبَ السَّنَةَ الْيَوْمَ فَأَقْصِرْ الْخُطْبَةَ وَعَجِّلِ الْوُفُوفَ فَقَالَ ابْنُ عُمَرَ صَدَقَ

724- Сәлім (р.а.) риуаят етті: «Абдулмалик ибн Маруан қажылық амалдарында Абдулла ибн Омарға ілесуді бұйырып, Хажжажға хат жазды. Ибн Омар (р.а.) (мен ол кісінің жанында едім) арафа күні , күн батқан уақытта, Хажжаждың шатырының алдына келіп: «Ол қайда?»,- деп дауыстады. Хажжаж ол кісінің алдына шықты. Ибн Омар: «Бір жерге баруымыз керек»,- деді. Хажжаж: «Дәл қазір ме?»,- деді. Ибн Омар: «Иә»,- деді. Хажжаж: «Олай болса, сәл сабыр ете тұрыңыз, үстімнен су құйынып шығайын»,- деді. Ибн Омар түйеден түсіп, Хажжаж шыққанша тосып тұрды. Хажжаж шыққаннан соң, Ибн Омар мен атам екеуміздің арамызда жүрді. Мен Хажжажға: «Егер де бүгін сүннетке амал қыламын десеңіз, құтпаны қысқартып, тұруды тездетіңіз!»,- дедім. Ибн Омар: «Ол дұрыс айтып жатыр»,- деді.

91-бап. Арафатта тұру жайында

725- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ حَدَّثَنَا عَمْرُو حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ جُبَيْرِ بْنِ مُطْعِمٍ عَنْ أَبِيهِ كُنْتُ أَطْلُبُ بَعِيرًا لِي ح وَ حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ عَمْرُو سَمِعَ مُحَمَّدَ بْنَ جُبَيْرٍ عَنْ أَبِيهِ جُبَيْرِ بْنِ مُطْعِمٍ قَالَ أَضَلَلْتُ بَعِيرًا لِي فَذَهَبْتُ أَطْلُبُهُ يَوْمَ عَرَفَةَ فَرَأَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَأَقْفًا بِعَرَفَةَ فَقُلْتُ هَذَا وَاللَّهِ مِنْ الْحُمْسِ فَمَا شَأْنُهُ هَا هُنَا

725- Жубайр ибн Мутғим риуаят етті. «Бір түйемді жоғалтып қойған едім, арафа күні оны іздеуге шықтым. Сонда, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.)

Арафатта тұрғаның көріп қалдым. Өзіме-өзім: «Күдай хақы, бұл кісі хумс¹²⁶ (тақуа) адам болмаса, осы уақытта бұл жерде не қылады?!», - деп ойладым.

726- حَدَّثَنَا فَرُوهُ بْنُ أَبِي الْمَعْرَاءِ حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ مُسْهِرٍ عَنْ هِشَامِ بْنِ عُرْوَةَ قَالَ عُرْوَةُ كَانَ النَّاسُ يَطُوفُونَ فِي الْجَاهِلِيَّةِ عُرَاءً إِلَّا الْحُمْسَ وَالْحُمْسُ فُرَيْشٌ وَمَا وُلِدَتْ وَكَانَتْ الْحُمْسُ يَحْتَسِبُونَ عَلَى النَّاسِ يُعْطِي الرَّجُلُ الرَّجُلَ الثِّيَابَ يَطُوفُ فِيهَا وَتُعْطِي الْمَرْأَةُ الْمَرْأَةَ الثِّيَابَ تَطُوفُ فِيهَا فَمَنْ لَمْ يُعْطِهِ الْحُمْسُ طَافَ بِالْبَيْتِ عُرْيَانًا وَكَانَ يُفِيضُ جَمَاعَةَ النَّاسِ مِنْ عَرَقاتٍ وَيُفِيضُ الْحُمْسُ مِنْ جَمْعٍ قَالَ وَأَخْبَرَنِي أَبِي عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّ هَذِهِ الْآيَةَ نَزَلَتْ فِي الْحُمْسِ ثُمَّ أَفِيضُوا مِنْ حَيْثُ أَفَاضَ النَّاسُ قَالَ كَانُوا يُفِيضُونَ مِنْ جَمْعٍ فَدَفِعُوا إِلَى عَرَقاتٍ

726- Ғұруа (р.а.) риуаят етті: «Жаһили заманда Құрайыш тайпасына тиесілі мутғаки адамдар (Хумстер) және олардың балаларынан басқа адамдардың барлығы жалаңаш тәуеп ететін еді. *Хумстардың* ер адамдары ер адамдарға, ал әйелдері әйелдерге, олар жалаңаш тәуеп етпесін, деп киімдерін беретін еді. Олар Алла тағаладан сауап үміт етіп солай ететін еді. *Хумс* киім бермеген кісі Кағбаны жалаңаш тәуеп ететін еді. Көптеген адамдар Арафат жақтан, хумстар болса, Жамғ (Муздалифа) жақтан Кағбаны тәуеп етуге келетін еді».

Хишам (р.а.): «Алла тағаланың: «Содан соң ел қайтқан жерден қайтындар да Алладан жарылқау тілендер. Күдіксіз Алла өте жарылқаушы, ерекше мейірімді¹²⁷», - деген осы аяты хумстер турасында нәзіл болған екен, атам маған солай деген, ал атама Айша анамыз айтқан екен», - деді. Ғұруа (р.а.): «Ілгергі адамдар Кағбаға Жамғ (Муздалифа) жақтан топ-топ болып келетін еді, ал енді олар Арафатқа қайтарылды», - деді.

92- бап. Арафаттан қайтқандағы жүріс туралы

727- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ هِشَامِ بْنِ عُرْوَةَ عَنْ أَبِيهِ أَنَّهُ قَالَ سُئِلَ أُسَامَةُ وَأَنَا جَالِسٌ كَيْفَ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَسِيرُ فِي حَجَّةِ الْوَدَاعِ حِينَ دَفَعَ قَالَ كَانَ يَسِيرُ الْعُنُقَ فَإِذَا وَجَدَ فَجْوَةً نَصَّ قَالَ هِشَامٌ

¹²⁶ Хумс – Жаһили заманда дінді қатты ұстанған Құрайыш тайпасына тиесілі адамды «хумстер» деп атаған.

¹²⁷ 2. «әл-Бақара», 199 аят.

وَاللَّصُّ فَوْقَ الْعَنْقِ قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ فَجَوْهٌ مُنْسَعٌ وَالْجَمِيعُ فَجَوَاتٌ وَفَجَاءٌ وَكَذَلِكَ رَكُوعٌ وَرُكُوءٌ مَنَاصٌ لَيْسَ حِينَ فِرَارٍ

727- Хишам ибн Ғұруаға (р.а.) атасы былай деп риуаят еткен екен: «Мен Усаманың алдында отырған едім, одан: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Арафаттан қайтқанда Хажжат ул-Уадағта қалай жүретін еді?», - деп сұрасты. Сонда Усама: «Ақырын да емес, тез де емес, орташа жүріспен жүретін еді. Егер адам сирек жерге шығып қалса, онда жылдамырақ жүретін», - деді.

93-бап. Арафат пен Жамғ (Муздалифа) аралығында тоқтап өту туралы

728- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ حَدَّثَنَا حَمَّادُ بْنُ زَيْدٍ عَنْ يَحْيَى بْنِ سَعِيدٍ عَنْ مُوسَى بْنِ عَقْبَةَ عَنْ كُرَيْبِ مَوْلَى ابْنِ عَبَّاسٍ عَنْ أُسَامَةَ بْنِ زَيْدٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حَيْثُ أَقَاضَ مِنْ عَرَفَةَ مَالَ إِلَى الشَّعْبِ فَقَضَى حَاجَتَهُ فَتَوَضَّأَ فَقُلْتُ يَا رَسُولَ اللَّهِ أَتُصَلِّي فَقَالَ الصَّلَاةُ أَمَامَكَ

728- Усама Ибн Зәйд (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Арафаттан түсіп келгенінде дараға бұрылып кірді да, дәрет сіндіріп, содан соң дәрет алды. Сонда мен: «Я Расулулла, намаз оқисыз ба?», - деп едім, ол кісі: «Намазға әлі ерте», - деп жауап берді», - деді.

729- حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ حَدَّثَنَا جُوَيْرِيَةُ عَنْ نَافِعٍ قَالَ كَانَ عَبْدُ اللَّهِ بْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يَجْمَعُ بَيْنَ الْمَغْرِبِ وَالْعِشَاءِ بِجَمْعٍ غَيْرِ أَنَّهُ يَمُرُّ بِالشَّعْبِ الَّذِي أَخَذَهُ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَيَدْخُلُ فَيَنْتَفِضُ وَيَتَوَضَّأُ وَلَا يُصَلِّي حَتَّى يُصَلِّيَ بِجَمْعٍ

729- Нафиғ (р.а.) риуаят етті: «Абдулла ибн Омар (р.а.) шам мен құптан намаздарын Жамғқа (Муздалифаға) барғанында қосып оқыды, бірақ ол кісі де Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сияқты жолда (тасалы өзекке) бұрылып кіріп, дәретке отыратын. Содан соң дәрет алатын, бірақ та Жамғқа (Муздалифаға) барғанға дейін намаз оқымайтын еді», - деді.

730- حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ بْنُ جَعْفَرٍ عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ أَبِي حَرْمَلَةَ عَنْ كُرَيْبِ مَوْلَى ابْنِ عَبَّاسٍ عَنْ أُسَامَةَ بْنِ زَيْدٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّهُ قَالَ رَدِفْتُ رَسُولَ اللَّهِ

صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنْ عَرَفَاتٍ فَلَمَّا بَلَغَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الشَّعْبَ الْأَيْسَرَ الَّذِي دُونَ الْمُزْدَلِفَةِ أَنَاخَ قَبَالَ ثُمَّ جَاءَ فَصَبَّيْتُ عَلَيْهِ الْوَضُوءَ فَنَوَّضًا وَضُوءًا خَفِيفًا فَقُلْتُ الصَّلَاةُ يَا رَسُولَ اللَّهِ قَالَ الصَّلَاةُ أَمَامَكَ فَرَكِبَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حَتَّى أَتَى الْمُزْدَلِفَةَ فَصَلَّى ثُمَّ رَدِفَ الْفَضْلُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ غَدَاةَ جَمْعٍ قَالَ كُرَيْبٌ فَأَخْبَرَنِي عَبْدُ اللَّهِ بْنُ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا عَنِ الْفَضْلِ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَمْ يَزَلْ يُلَبِّي حَتَّى بَلَغَ الْجَمْرَةَ

730- Усама ибн Зәйд (р.а.) риуаят етти: «Мен Арафатта Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) түйесіне мінгесіп алдым. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Муздалифадан берірек орналасқан сол жақтағы (сайлы өзекке) жеткенінде түйесін шөктіріп, дәрет сіндіріп келді, мен қолына су құйып тұрдым. Ол кісі жеңіл қылып қана дәрет алды. Мен: «Я Расулулла, намаз оқысыз ба?»,- дедім. Ол кісі: «Намазға әлі уақыт бар»,- деді. Кейін, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түйеге мініп, Муздалифаға келді да, намаз оқыды. Ертеңіне ертелеп Фазл Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) түйесіне мінгесіп кетті»,- деді. Курайб (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жамраға барғанша жол-жөнекей тәлбия айтып кетті»,- деп айтыпты Фазл, кейін бұны маған Абдулла ибн Аббас айтып берді»,- деді.

94-бап. Тәуеп ифаза¹²⁸ уақытында Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сахабаларға тыныштықты сақтамақты бұйырғандығы және оны оларға қамшысымен ишара қылғаны жайлы

731- حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ أَبِي مَرْيَمَ حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ سُوَيْدٍ حَدَّثَنِي عَمْرُو بْنُ أَبِي عَمْرٍو مَوْلَى الْمُطَّلِبِ أَخْبَرَنِي سَعِيدُ بْنُ جُبَيْرٍ مَوْلَى وَالْبَةِ الْكُوفِيِّ حَدَّثَنِي ابْنُ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّهُ دَفَعَ مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَوْمَ عَرَفَةَ فَسَمِعَ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَرَاءَهُ زَجْرًا شَدِيدًا وَضَرْبًا وَصَوْتًا لِلَّيْلِ فَأَشَارَ بِسَوْطِهِ إِلَيْهِمْ وَقَالَ أَيُّهَا النَّاسُ عَلَيْكُمْ بِالسَّكِينَةِ فَإِنَّ الْبِرَّ لَيْسَ بِالْإِيضَاعِ أَوْضَعُوا أَسْرَعُوا خِلَالَكُمْ مِنَ التَّخَلُّلِ بَيْنَكُمْ وَفَجَّرْنَا خِلَالَهُمَا بَيْنَهُمَا

¹²⁸ Ифаза тәуебі – Зұлхижжа айының 10-шы күні яғни, құрбан шалған күні Кағбаны айналып орындалатын тәуеп.

731- Сағид ибн Жубайр риуаят етті: «Ибн Аббас (р.а.) Арафа күні Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге Меккеге қайтып келе жатқанда, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) арт жақтарынан келе жатқан қатты тарс-тұрс және түйеге ұрылған қамшының дауысын естіп, оларға қамшысымен белгі қылды да: «Ей адамдар! Тыныштық сақтандар, асығыстықпен жақсылыққа жете алмайсындар»,- деп айтты».

95-бап. Муздалифада екі намазды біріктіріп оқу жайында

732- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ مُوسَى بْنِ عُقْبَةَ عَنْ كُرَيْبٍ عَنْ أُسَامَةَ بْنِ زَيْدٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّهُ سَمِعَهُ يَقُولُ دَفَعَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنْ عَرَقَةٍ فَنَزَلَ الشَّعْبَ فَبَالَ ثُمَّ تَوَضَّأَ وَلَمْ يُسَبِّحِ الْوُضُوءَ فَقُلْتُ لَهُ الصَّلَاةُ فَقَالَ الصَّلَاةُ أَمَامَكَ فَجَاءَ الْمُزْدَلِفَةَ فَتَوَضَّأَ فَأَسْبَغَ ثُمَّ أَقِيمَتِ الصَّلَاةُ فَصَلَّى الْمَعْرَبَ ثُمَّ أَنَاخَ كُلُّ إِنْسَانٍ بَعِيرَهُ فِي مَنْزِلِهِ ثُمَّ أَقِيمَتِ الصَّلَاةُ فَصَلَّى وَلَمْ يُصَلِّ بَيْنَهُمَا

732- Курайб Усама ибн Зайдтан (р.а.) былай деп естіген екен: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Арафаттан қайтты. Сонда, жол-жөнекей (сайлы қалқалау жерге) түсіп, дәрет сіңдірді. Содан соң жеңіл-желпі дәрет алды. Мен: «Я Расулулла, намаздың уақыты болды ма?»,- дедім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Намазға әлі ерте»,- деді. Муздалифаға келгеннен соң, жақсылап дәрет алды, одан кейін намаз басталып, шам намазын оқыды. Содан соң әркім өз түйелерін белгіленген жерлерге апарып шөктірді. Кейін намаз басталып. Құфтан намазын оқыды. Бірақ екі намаздың арасында нәпіл намаз оқымады»,- деді.

96-бап. Екі намазды қосып оқып, арасында нәпіл оқымаған кісі туралы

733- حَدَّثَنَا آدَمُ حَدَّثَنَا ابْنُ أَبِي زَيْنَبٍ عَنْ الزُّهْرِيِّ عَنْ سَالِمِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ جَمَعَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بَيْنَ الْمَعْرَبِ وَالْعِشَاءِ بِجَمْعِ كُلِّ وَاحِدَةٍ مِنْهُمَا بِإِقَامَةٍ وَلَمْ يُسَبِّحْ بَيْنَهُمَا وَلَا عَلَى إِثْرِ كُلِّ وَاحِدَةٍ مِنْهُمَا

733- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Жамғта (Муздалифада) шам мен құфтанды, әрбіріне жеке тәкбір айтып, қосып

оқыды, бірақ олардың арасында да, олардың артынан да (ешқандай) нәпіл намаз оқымады»,- деді.

Әбу Аюб Ансарий: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Муздалифада, Хажжат ул-Уадағ¹²⁹ уақытында, шам мен құфтан намаздарын қосып оқыды»,- деді.

97-бап. Әрбір намазға азан мен қамат айту туралы

735- حَدَّثَنَا عَمْرُو بْنُ خَالِدٍ حَدَّثَنَا زُهَيْرٌ حَدَّثَنَا أَبُو إِسْحَاقَ قَالَ سَمِعْتُ عَبْدَ الرَّحْمَنِ بْنَ يَزِيدَ يَقُولُ حَجَّ عَبْدُ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فَأَتَيْنَا الْمُزْدَلِفَةَ حِينَ الْأَذَانِ بِالْعَتَمَةِ أَوْ قَرِيبًا مِنْ ذَلِكَ فَأَمَرَ رَجُلًا فَأَذَّنَ وَأَقَامَ ثُمَّ صَلَّى الْمَغْرِبَ وَصَلَّى بَعْدَهَا رَكْعَتَيْنِ ثُمَّ دَعَا بِعَشَائِهِ فَتَعَسَّى ثُمَّ أَمَرَ أَرَى فَأَذَّنَ وَأَقَامَ قَالَ عَمْرُو لَا أَعْلَمُ الشَّكَّ إِلَّا مِنْ زُهَيْرٍ ثُمَّ صَلَّى الْعِشَاءَ رَكْعَتَيْنِ فَلَمَّا طَلَعَ الْفَجْرُ قَالَ إِنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ لَا يُصَلِّي هَذِهِ السَّاعَةَ إِلَّا هَذِهِ الصَّلَاةَ فِي هَذَا الْمَكَانِ مِنْ هَذَا الْيَوْمِ قَالَ عَبْدُ اللَّهِ هُمَا صَلَاتَانِ تُحَوَّلَانِ عَنْ وَقْتَيْهِمَا صَلَاةُ الْمَغْرِبِ بَعْدَ مَا يَأْتِي النَّاسُ الْمُزْدَلِفَةَ وَالْفَجْرُ حِينَ يَبْزُغُ الْفَجْرُ قَالَ رَأَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَفْعَلُهُ

734- Абдуррахман ибн Язид риуаят етті: «Абдулла ибн Масғуд (р.а.) қажылық қылды. Муздалифаға құфтанға азан айтылатын немесе соған жақынырақ уақытта жетіп келдік. Бір кісіге бұйырып еді, ол азан мен қамат айтты. Содан соң шам намазын оқыды. Содан соң екі рәкат намаз оқыды. Содан соң кешкі тамақты алып келуді бұйырды. Тановул қылып болып, бір кісіге және бұйырған секілді ол азан мен қамат айтты. (Амр разияллаһу ғанһу: «Жоғарыдағы сөздерге Зуһайрдан басқа ешкім күмән келтірмеді»,- деді). Кейін екі рәкат құфтан намазын оқыды. Таң атқаннан соң, «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тура сол күні, сол уақытта және міне осы жерде осы намаздан басқа намаз оқымайтын еді, кешігіп оқылған екі намаздың бірі – адамдар Муздалифаға келгеннен кейін оқылған шам намазы, ал екіншісі – таң атыңқырап кеткеннен кейін оқылған таң намазы болатын. Мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) осылай істегенің көргенмін»,- деді.

98-бап. Отбасындағы әлсіз адамдарды, «Дұғалар оқып тұрсын»,- деп түнде Муздалифаға жіберген және оларды ай батқаннан кейін қайтарып алып келген кісі жайлы

¹²⁹ Хажжат ул-Уадағ – Қоштасу қажылығы.

736- حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ يُونُسَ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ قَالَ سَأَلْتُ
وَكَانَ عَبْدُ اللَّهِ بْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يُفَدِّمُ ضَعْفَةَ أَهْلِهِ فَيَقْفُونَ عِنْدَ الْمَشْعَرِ
الْحَرَامِ بِالْمُزْدَلِفَةِ لَيْلٍ فَيَذْكُرُونَ اللَّهَ مَا بَدَأَ لَهُمْ ثُمَّ يَرْجِعُونَ قَبْلَ أَنْ يَقِفَ الْإِمَامُ
وَقَبْلَ أَنْ يَدْفَعَ فَمِنْهُمْ مَنْ يَقْدِمُ مِنِّي لِصَلَاةِ الْفَجْرِ وَمِنْهُمْ مَنْ يَقْدِمُ بَعْدَ ذَلِكَ قَادِمًا
قَدِمُوا رَمَوْا الْجَمْرَةَ وَكَانَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يَقُولُ أَرْخَصَ فِي أَوْلَائِكَ
رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

736- Сәлім (р.а.) риуаят етті: «Абдулла ибн Омар (р.а.) отбасындағы әлсіз адамдарды түнде Муздалифаға жіберетін еді. Олар сол жердегі Әл-Машғар ул-Харам алдында тұрып, шамаларының келгенінше Алла тағаланы естерін алатын еді. Имам тұрып қайтастан бұрын қайтатын еді. Олардың кейбіреулері Минаға таң намазын оқуға баратын еді. Ал кейбіреулері Жамраға¹³⁰ барып, тас ататын еді. Ибн Омар (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оларға солай істеулеріне рұқсат берді», - деді.

737- حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ حَرْبٍ حَدَّثَنَا حَمَّادُ بْنُ زَيْدٍ عَنْ أَيُّوبَ عَنْ عِكْرِمَةَ عَنْ
ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ بَعَثَنِي رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنْ
جَمْعِ بَلَيْلٍ

737- Ибн Аббас (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мені Жамғтан түнде жөнелтті», - деді.

738- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ حَزَنَةَ حَدَّثَنَا سُهَيْبُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ أَبِي يَزِيدَ سَمِعَ ابْنَ
عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يَقُولُ أَنَا مِمَّنْ قَدَّمَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَيْلَةَ
الْمُزْدَلِفَةِ فِي ضَعْفَةِ أَهْلِهِ

738- Ибн Аббас (р.а.): «Мен, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түнде өз отбасындағы әлсіз адамдарға қосып Муздалифаға жіберген кісілердің бірімін», - деді.

739- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ عَنْ يَحْيَى عَنْ ابْنِ جُرَيْجٍ قَالَ حَدَّثَنِي عَبْدُ اللَّهِ مَوْلَى أَسْمَاءَ
عَنْ أَسْمَاءَ أَنَّهَا نَزَلَتْ لَيْلَةَ جَمْعٍ عِنْدَ الْمُزْدَلِفَةِ فَقَامَتْ تُصَلِّي فَصَلَّتْ سَاعَةً ثُمَّ قَالَتْ

¹³⁰ Жамра – Шайтанға тас ататын жер.

يَا بُنَيَّ هَلْ غَابَ الْقَمَرُ قُلْتَ لَا فَصَلَّتْ سَاعَةٌ ثُمَّ قَالَتْ يَا بُنَيَّ هَلْ غَابَ الْقَمَرُ قُلْتَ نَعَمْ قَالَتْ فَارْتَحِلُوا فَارْتَحِلْنَا وَمَضِينَا حَتَّى رَمَتِ الْجَمْرَةَ ثُمَّ رَجَعَتْ فَصَلَّتْ الصُّبْحَ فِي مَنْزِلِهَا فَقُلْتُ لَهَا يَا هُنْتَاهُ مَا أَرَانَا إِلَّا قَدْ غَلَسْنَا قَالَتْ يَا بُنَيَّ إِنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أذِنَ لِلظُّعْنِ

739- Асманың қамқоршысы Абдулла риуаят етті: «Жамғ түні Асма Муздалифаға келіп, намаз оқуға кірісті. Бір сағаттай намаз оқып, содан соң: «Ей ұлым, ай батты ма?»,- деп сұрады. Мен: «Жоқ»,- дедім. Тағы да бір сағаттай намаз оқып: «Ай батты ма?»,- деп сұрады. Мен: «Иә»,- дедім. Ол кісі: «Қозғалыңдар»,- деді. Біз жиналып, жолға шықтық. Тас атып, үйлеріне қайтып келген соң, таң намазын оқыды. Сонда мен: «Намазды қараңғырақ уақытта (ертерек) оқып қойған сияқтымыз»,- дедім. Ол кісі: «Ей ұлым, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) (жолаушы) әйелдерге таң намазын ертерек оқуға рұқсат берген»,- деді.

740- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ كَثِيرٍ أَخْبَرَنَا سُفْيَانُ حَدَّثَنَا عَبْدُ الرَّحْمَنِ هُوَ ابْنُ الْقَاسِمِ عَنْ الْقَاسِمِ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ اسْتَأْذَنْتُ سَوْدَةَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَيْلَةَ جَمْعٍ وَكَانَتْ ثَقِيلَةً ثَبُطَةً فَأَذِنَ لَهَا

740- Айша (р.а.): «Жамғ түні Сауда¹³¹ Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) бұрынырақ кетуге рұқсат сұрады. Өйткені ол өте ақырын жүретін еді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оған рұқсат берді»,- деді.

784- Ибн Омар (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) әр сапар қажылықтан кейін шашын алдыратын еді»,- деді.

785- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ نَافِعٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ اللَّهُمَّ ارْحَمْ الْمُحَلِّقِينَ قَالُوا وَالْمُقَصِّرِينَ يَا رَسُولَ اللَّهِ قَالَ اللَّهُمَّ ارْحَمْ الْمُحَلِّقِينَ قَالُوا وَالْمُقَصِّرِينَ يَا رَسُولَ اللَّهِ قَالَ وَالْمُقَصِّرِينَ وَقَالَ اللَّيْثُ حَدَّثَنِي نَافِعٌ رَحِمَ اللَّهُ الْمُحَلِّقِينَ مَرَّةً أَوْ مَرَّتَيْنِ قَالَ وَقَالَ عُبَيْدُ اللَّهِ حَدَّثَنِي نَافِعٌ وَقَالَ فِي الرَّابِعَةِ وَالْمُقَصِّرِينَ

785- Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ей Раббым! Шаштарың алдырғандарға рахмет ет!», - деді. Сонда сахабалар: «Я Расулулла, шаштарың қысқарттырғандарға да, деп айтыңыз!», - десті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тағы да: «Я Раббым! Шаштарың алдырғандарға рахмет ет!», - деді. Сонда сахабалар жалынышты үнмен: «Я Расулулла, шаштарың қысқарттырғандарға да, деп айтыңыз!», десті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Қысқарттырғандарға да», - деп айтты.

Нафиғ (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Алла тағала шаштарың алдырғандарға рахмет етсін!», - деп бір неше рет қайталады. Сонда, сахабалар төрт рет жалынып сұрағандарынан кейін ғана: «Шаштарың қысқарттырушыларға да рахмет қылсын!», - деп қойды.

786- حَدَّثَنَا عِيَّاشُ بْنُ الْوَلِيدِ حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ فُضَيْلٍ حَدَّثَنَا عُمَارَةُ بْنُ الْقَعْقَاعِ عَنْ أَبِي زُرْعَةَ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ اللَّهُمَّ اغْفِرْ لِلْمُحَلِّقِينَ قَالُوا وَالْمُقَصِّرِينَ قَالَ اللَّهُمَّ اغْفِرْ لِلْمُحَلِّقِينَ قَالُوا وَالْمُقَصِّرِينَ قَالَهَا ثَلَاثًا قَالَ وَالْمُقَصِّرِينَ

786- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Я Раббым! Шаштарың алдырушыларға рахмет ет!», - деді. Сонда сахабалар: «Я Расулулла, шаштарың қысқарттырғандарға да, деп айтыңыз!», - десті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тағы да: «Я Раббым! Шаштарың алдырғандарға рахмет ет!», - деді. Сонда сахабалар тағы да: «Я Расулулла, шаштарың қысқарттырғандарға да, деп айтыңыз!», десті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Я Раббым! Шаштарың алдырғандарға рахмет ет!», - деді. Сонда сахабалар: «Қысқарттырғандарға да деп айтыңыз!», - деп жалынды. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Шаштарың қысқарттырғандарға да», - деп айтты», - деді.

787- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مُحَمَّدٍ بْنُ أَسْمَاءَ حَدَّثَنَا جُوَيْرِيَةُ بْنُ أَسْمَاءَ عَنْ نَافِعٍ أَنَّ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ عُمَرَ قَالَ حَلَقَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَطَائِفَةً مِنْ أَصْحَابِهِ وَقَصَّرَ بَعْضُهُمْ

787- Абдулла ибн Омар (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) және бір топ сахабалар шаштарын алдырды. Ал қалғандары болса, шаштарын қысқарттырды», - деді.

حَدَّثَنَا أَبُو عَاصِمٍ عَنْ ابْنِ جُرَيْجٍ عَنْ الْحَسَنِ بْنِ مُسْلِمٍ عَنْ طَاوُسٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ عَنْ مُعَاوِيَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ قَالَ قَصَّرْتُ عَنْ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِمَشَقِّصٍ

Муғауия (р.а.): «Мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) шашын садақ оғының жалпақ (өткір) үшімен қысқарттым», - деді.

128-бап. Кіші қажылықты қылғаннан кейін шашты қысқарттыру жайында

788- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ أَبِي بَكْرٍ حَدَّثَنَا فُضَيْلُ بْنُ سُلَيْمَانَ حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ عُقْبَةَ أَخْبَرَنِي كُرَيْبٌ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ لَمَّا قَدِمَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَكَّةَ أَمَرَ أَصْحَابَهُ أَنْ يَطُوفُوا بِالْبَيْتِ وَيَالِصَقًا وَالْمَرْوَةَ ثُمَّ يَحْلُوا وَيَحْلِفُوا أَوْ يُقَصِّرُوا

788- Ибн Аббас (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Меккеге келгенінде сахабаларға Кағба және Сафа мен Мәруаны тәуеп етулерін, содан соң ихрамдарын шешіп, шаштарын алдыруларын немесе қысқарттыруларын бұйырды», - деді.

129-бап. Наһр¹⁴⁵ күні тәуеп ету жайлы

بَابُ الزِّيَارَةِ يَوْمَ النَّحْرِ وَقَالَ أَبُو الزُّبَيْرِ عَنْ عَائِشَةَ وَابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَ أَخْرَجَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الزِّيَارَةَ إِلَى اللَّيْلِ وَيُذَكَّرُ عَنْ أَبِي حَسَّانَ

¹⁴⁵ Наһр күні – Құрбандық шалатын күн.

عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يَزُورُ الْبَيْتَ
أَيَّامَ مِنِّي

Әбу Зүбайр: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) һаһр күні тәуеп етуді кешқұрымға қалдырды», - деді.

Ибн Аббас (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Минадан бұрын Қағбаны тәуеп ететін еді, - деді.

وَقَالَ لَنَا أَبُو نُعَيْمٍ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ
اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّهُ طَافَ طَوَافًا وَاحِدًا ثُمَّ يَقِيلُ ثُمَّ يَأْتِي مِنِّي يَعْنِي يَوْمَ النَّحْرِ وَرَفَعَهُ
عَبْدُ الرَّزَّاقِ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ

Ибн Омар (р.а.): «Наһр күні Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Қағбаны бір рет тәуеп етті. Тынығып алған соң, Минаға барады», - деді.

حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ جَعْفَرِ بْنِ رَبِيعَةَ عَنْ الْأَعْرَجِ قَالَ
حَدَّثَنِي أَبُو سَلَمَةَ بْنُ عَبْدِ الرَّحْمَنِ أَنَّ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ حَجَجْنَا مَعَ
النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَفْضْنَا يَوْمَ النَّحْرِ فَحَاضَتْ صَفِيَّةُ فَأَرَادَ النَّبِيُّ صَلَّى
اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنْهَا مَا يُرِيدُ الرَّجُلُ مِنْ أَهْلِهِ فَقُلْتُ يَا رَسُولَ اللَّهِ إِنَّهَا حَائِضٌ قَالَ
حَاسِنُنَا هِيَ قَالُوا يَا رَسُولَ اللَّهِ أَفَاضَتْ يَوْمَ النَّحْرِ قَالَ اخْرُجُوا وَيُذَكِّرُ عَنْ
الْقَاسِمِ وَعُرْوَةَ وَالْأَسْوَدِ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَفَاضَتْ صَفِيَّةُ يَوْمَ النَّحْرِ

Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге қажылыққа шығып, Наһр күні ифаза тәуебін қылдық Сол күні Сафийяның етеккірі келіп қалды. Мен ол жайлы Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) айтып едім, ол кісі: «Бізді жолдан қалдыратын болыпты да», - деді. Сонда сахабалар: «Я Расулулла, ол (Сафийя) Наһр күні ифаза тәуебін қылып алған еді», - десті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Олай болса, жолға шық!», - деді да, Сафийяға қоштасу тәуебін істемей-ақ қоюға рұқсат берді», - деді.

Айша анамыз (р.а.): «Наһр күні Сафийя ифаза тәуебін қылды», - деді.

130-бап. Кешқұрым тас атып қойса немесе құрбан шалмастан бұрын шашын білместен алдырып қойса ...

790- حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ حَدَّثَنَا وَهَيْبٌ حَدَّثَنَا ابْنُ طَاوُسٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قِيلَ لَهُ فِي الذَّبْحِ وَالْحَلْقِ وَالرَّمْيِ وَالتَّقْدِيمِ وَالتَّأْخِيرِ فَقَالَ لَا حَرَجَ

790- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) құрбан шалу, шаш алдыру немесе тас атуды бірінің орнына екіншісін алмастырып (шатастырып) орындап жіберу жайында сұрасқанда, ол кісі: «Бұлардың орындарын алмастырып алса, оның еш зияны жоқ», - деп жауап берді.

791- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ حَدَّثَنَا يَزِيدُ بْنُ زُرَيْعٍ حَدَّثَنَا خَالِدٌ عَنْ عِكْرَمَةَ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُسْأَلُ يَوْمَ النَّحْرِ بِمَنَى فَيُفَوِّلُ لَا حَرَجَ فَسَأَلَهُ رَجُلٌ فَقَالَ حَلَقْتُ قَبْلَ أَنْ أُدْبِحَ قَالَ ادْبَحْ وَلَا حَرَجَ وَقَالَ رَمَيْتُ بَعْدَ مَا أُمْسَيْتُ فَقَالَ لَا حَرَجَ

791- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Наһр күні Минада Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) сауалдар берісетін еді, ол кісі барлығына да: «Бола береді», - деп жауап беретін еді. Бір кісі: «Құрбан шалудан шашымды алдырып қойыппын, енді не болады?», - деп сұрап қалды. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Құрбаныңды шала бер, оның күнәсі жоқ», - деді. Өлгі кісі тағы да: «Тасты кешқұрым атып қойыппын , - деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Еш оқасы жоқ», - деді».

131-бап. Тас атпастан бұрын түйе мініп тұрып пәтуа беру жайында

792- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ عَيْسَى بْنِ طَلْحَةَ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَمْرٍو أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَقَفَ فِي حَجَّةِ الْوُدَاعِ فَجَعَلُوا يَسْأَلُونَهُ فَقَالَ رَجُلٌ لَمْ أَشْعُرْ فَحَلَقْتُ قَبْلَ أَنْ أُدْبِحَ قَالَ ادْبَحْ وَلَا حَرَجَ فَجَاءَ آخَرُ فَقَالَ لَمْ أَشْعُرْ فَتَحَرْتُ قَبْلَ أَنْ أُرْمِيَ قَالَ أَرْمِ وَلَا حَرَجَ فَمَا سُئِلَ يَوْمَئِذٍ عَنْ شَيْءٍ قُدِّمَ وَلَا أُخِّرَ إِلَّا قَالَ أَفْعَلْ وَلَا حَرَجَ

792- Абдулла ибн Амр риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Хажжат ул-Уадағта¹⁴⁶ түйе мініп тұрған еді, адамдар сұрақ сұрай бастады. Бір кісі: «Білмей, құрбан шалмай тұрып шашымды алдырып қойыппын», - деді.

¹⁴⁶ Хажжат ул-Уадағ – Қоштасу қажылығы.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Соя бер, еш нәрсе болмайды»,- деді. Тағы да басқа біреу: «Тас атудан бұрын білмей құрбан шалып қойыппын»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Енді тас ата бер, оның еш зияны жоқ»,- деді. Сол күні кім не жайлы сұраса да, «Бола береді, оның күнәсі жоқ»,- деп жауап берді»,- деді.

793- حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ يَحْيَى بْنِ سَعِيدٍ حَدَّثَنَا أَبِي حَدَّثَنَا ابْنُ جُرَيْجٍ حَدَّثَنِي الزُّهْرِيُّ عَنْ عَيْسَى بْنِ طَلْحَةَ أَنَّ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ عَمْرٍو بْنَ الْعَاصِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ حَدَّثَهُ أَنَّهُ شَهِدَ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَخْطُبُ يَوْمَ النَّحْرِ فَقَامَ إِلَيْهِ رَجُلٌ فَقَالَ كُنْتُ أَحْسِبُ أَنَّ كَذَا قَبْلَ كَذَا ثُمَّ قَامَ آخَرُ فَقَالَ كُنْتُ أَحْسِبُ أَنَّ كَذَا قَبْلَ كَذَا حَلَفْتُ قَبْلَ أَنْ أَنْحَرَ نَحَرْتُ قَبْلَ أَنْ أُرْمِيَ وَأَشْبَاهَ ذَلِكَ فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ افْعَلْ وَلَا حَرَجَ لَهُنَّ كُلُّهُنَّ فَمَا سُئِلَ يَوْمَئِذٍ عَنْ شَيْءٍ إِلَّا قَالَ افْعَلْ وَلَا حَرَجَ حَدَّثَنَا إِسْحَاقُ قَالَ أَخْبَرَنَا يَعْقُوبُ بْنُ إِبْرَاهِيمَ حَدَّثَنَا أَبِي عَنْ صَالِحِ بْنِ أَبِي شِهَابٍ حَدَّثَنِي عَيْسَى بْنُ طَلْحَةَ بْنِ عُبَيْدِ اللَّهِ أَنَّهُ سَمِعَ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ عَمْرٍو بْنَ الْعَاصِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ وَقَفَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَلَى نَاقَتِهِ فَذَكَرَ الْحَدِيثَ تَابِعَهُ مَعْمَرٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ

793- Абдулла ибн Амр ибн әл-Ғас (р.а.) риуаят етті: «Мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Наһр күні айтқан құтпаларына куә болған (яғни, естіген) едім. Бір кісі тұрып: «Мен пәлен нәрсе пәлен нәрседен бұрын орындалады, деп ойлайтын едім»,- деді. Тағы дап басқа біреуі тұрып: «Мен де пәлен нәрсе пәлен нәрседен бұрын орындалса керек деп ойлап жүретінмін, Наһр күнінен бұрын шашымды алдырып қойыппын»,- деді. Әркім ойында жүрген сұрақтарын қойысты. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бір амалды екіншісінен бұрын орындауды күнәсі жоқ»,- деді. Сол күні кім не жайлы сұраса: «Бола береді, еш зияны жоқ»,- деп жауап берді».

132-бап. Мина күндері құтпа айту жайлы

795- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ حَدَّثَنِي يَحْيَى بْنُ سَعِيدٍ حَدَّثَنَا فُضَيْلُ بْنُ غَزْوَانَ حَدَّثَنَا عِكْرَمَةُ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ

عَلَيْهِ وَسَلَّمَ خَطَبَ النَّاسَ يَوْمَ النَّحْرِ فَقَالَ يَا أَيُّهَا النَّاسُ أَيُّ يَوْمٍ هَذَا قَالُوا يَوْمٌ حَرَامٌ قَالَ فَأَيُّ بَلَدٍ هَذَا قَالُوا بَلَدٌ حَرَامٌ قَالَ فَأَيُّ شَهْرٍ هَذَا قَالُوا شَهْرٌ حَرَامٌ قَالَ فَإِنَّ دِمَاءَكُمْ وَأَمْوَالَكُمْ وَأَعْرَاضَكُمْ عَلَيْكُمْ حَرَامٌ كَحُرْمَةِ يَوْمِكُمْ هَذَا فِي بَلَدِكُمْ هَذَا فِي شَهْرِكُمْ هَذَا فَأَعَادَهَا مِرَارًا ثُمَّ رَفَعَ رَأْسَهُ فَقَالَ اللَّهُمَّ هَلْ بَلَغْتُ اللَّهُمَّ هَلْ بَلَغْتُ قَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَوْلَ الَّذِي نَفْسِي بِيَدِهِ إِنَّهَا لَوْصِيَّتُهُ إِلَى أُمَّتِهِ فَلْيُبَلِّغِ الشَّاهِدُ الْغَائِبَ لَا تَرْجِعُوا بَعْدِي كُفَّارًا يَضْرِبُ بَعْضُكُمْ رِقَابَ بَعْضٍ

795- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Наһр күні құтпада: «Ей адамдар! Бүгін қайсы күн?»,- деді. Адамадар: «Мұқаддас (Қасиетті) күн»,- десті. Бұл қандай жер?»,- деді. Адамдар: «Мұқаддас (Қасиетті, берекелі) жер»,- десті. Бұл ай қандай ай?»,- деп сұрады. Адамдар: «Мұқаддас (қасиетті, берекелі) ай»,- десті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Қандарың, мал-жандарың және ар-намыстарың бір-бірлерің үшін осы күн, осы жер және осы айдың қасиеттілігі сияқты қасиетті!»,- деді. Бұны бір неше рет қайталады. Кейін, басын көтеріп: «Ей Жаратушым, мен жеткізе алдым ба жеткізе алмадым ба?»,- деп қосып қойды. Алла тағалаға ант етіп айтамын, ол кісінің бұл сөздері өз үмбеттеріне қалдырған өсиеттері болып: «Менен кейін өзара қан төгіп, кәпір болып кетпеңдер!»,- дегені.

796- حَدَّثَنَا حَفْصُ بْنُ عُمَرَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ قَالَ أَخْبَرَنِي عَمْرُو قَالَ سَمِعْتُ جَابِرَ بْنَ زَيْدٍ قَالَ سَمِعْتُ ابْنَ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ سَمِعْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَخْطُبُ بَعْرَقَاتٍ تَابَعَهُ ابْنُ عُيَيْنَةَ عَنْ عَمْرُو

796- Ибн Аббас (р.а.): «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Арафатта құтпа оқып жатқанын естідім»,- деді».

797- حَدَّثَنِي عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مُحَمَّدٍ حَدَّثَنَا أَبُو عَامِرٍ حَدَّثَنَا فُرَّةٌ عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ سِيرِينَ قَالَ أَخْبَرَنِي عَبْدُ الرَّحْمَنِ بْنُ أَبِي بَكْرَةَ عَنْ أَبِي بَكْرَةَ وَرَجُلٌ أَفْضَلُ فِي نَفْسِي مِنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ حُمَيْدُ بْنُ عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَنْ أَبِي بَكْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ خَطَبَنَا النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَوْمَ النَّحْرِ قَالَ أَتَدْرُونَ أَيُّ يَوْمٍ هَذَا فُلْنَا اللَّهُ وَرَسُولُهُ أَعْلَمُ فَسَكَتَ حَتَّى ظَنَنَّا أَنَّهُ سَيَسْمِيهِ بِغَيْرِ اسْمِهِ قَالَ أَلَيْسَ يَوْمَ النَّحْرِ فُلْنَا بَلَى قَالَ أَيُّ شَهْرٍ هَذَا فُلْنَا اللَّهُ وَرَسُولُهُ أَعْلَمُ فَسَكَتَ حَتَّى ظَنَنَّا أَنَّهُ سَيَسْمِيهِ بِغَيْرِ

اسْمِهِ فَقَالَ أَلَيْسَ دُو الْحَجَّةِ فُلْنَا بَلَى قَالَ أَيُّ بَلَدٍ هَذَا فُلْنَا اللَّهُ وَرَسُولُهُ أَعْلَمُ فَسَكَتَ حَتَّى ظَنَنَّا أَنَّهُ سَيُسَمِّيهِ بِغَيْرِ اسْمِهِ قَالَ أَلَيْسَتْ بِالْبَلَدَةِ الْحَرَامِ فُلْنَا بَلَى قَالَ فَإِنَّ دِمَاءَكُمْ وَأَمْوَالَكُمْ عَلَيْكُمْ حَرَامٌ كَحُرْمَةِ يَوْمِكُمْ هَذَا فِي شَهْرِكُمْ هَذَا فِي بَلَدِكُمْ هَذَا إِلَى يَوْمِ تَلْقَوْنَ رَبَّكُمْ أَلَا هَلْ بَلَّغْتُ قَالُوا نَعَمْ قَالَ اللَّهُمَّ اشْهَدْ فَلْيُبَلِّغِ الشَّاهِدُ الْغَائِبَ قَرُوبًا مُبَلِّغٌ أَوْعَى مِنْ سَامِعٍ فَلَا تَرْجِعُوا بَعْدِي كُفَّارًا يَضْرِبُ بَعْضُكُمْ رِقَابَ بَعْضٍ

797- Мұхаммед ибн Сирин риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Наһр күні бізге құтпа айтты, содан соң: «Бүгін қандай күн екенін білемісіңдер?»,- деді. Сонда біз: «Алла және оның елшісі біледі»,- дедік. Ол кісі үндемей қалды. Біз тіптен бұл күнді басқа атпен атаса керек, деп ойладық. Кейін, басын көтеріп: «Наһр күні емес пе?»,- деді. Біз: «Иә»,- дестік, «Бұл қайсы ай?»,- деді. Біз: «Алла және оның елшісі біледі»,- дедік. Ол кісі үндемей қалды. Біз тіптен бұл айды басқа атпен атаса керек, деп ойладық. Кейін, басын көтеріп: «Зүлхиджа емес пе?»,- деді. Біз: «Иә»,- дестік. «Бұл қайсы шаһар?»,- деді. Біз: «Алла және оның елшісі біледі»,- дедік. Ол кісі тағы да біраз үнсіз қалды. Біз тіптен басқа бір атпен атаса керек, деп ойладық. Кейін: «Мұқаддас (Қасиетті шаһар) емес пе?»,- деді. Біз: «Иә»,- дедік. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Алла тағала сендердің қандарынды және мал-жандарынды бір-бірлерің үшін мына қасиетті жерлерің, айларың және күндерің сияқты Алла тағалаға жолығатын күндеріңе дейін қасиетті қылды. Сендерге жеткізе алдым ба?»,- деді. Сахабалар: «Иә»,- десті. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ей Раббым! Өзімнің міндетімді атқарғаныма өзін куә бол, осы жерде тұрғандар (сөзімді) басқаларға да жеткізсін, өйткені тыңдаушыларға қарағанда риуаят етушілер естеріне көбірек сақтап қалады. Менен кейін бір-бірлеріңді желкелеріңнен ұратын кәпір болып кетпеңдер!»,- деді.

798- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ الْمُثَنَّى حَدَّثَنَا يَزِيدُ بْنُ هَارُونَ أَخْبَرَنَا عَاصِمُ بْنُ

مُحَمَّدَ بْنِ زَيْدٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِمَنَى أَتَدْرُونَ أَيُّ يَوْمٍ هَذَا قَالُوا اللَّهُ وَرَسُولُهُ أَعْلَمُ فَقَالَ فَإِنَّ هَذَا يَوْمٌ حَرَامٌ أَفَتَدْرُونَ أَيُّ بَلَدٍ هَذَا قَالُوا اللَّهُ وَرَسُولُهُ أَعْلَمُ قَالَ بَلَدٌ حَرَامٌ أَفَتَدْرُونَ أَيُّ شَهْرٍ هَذَا قَالُوا اللَّهُ وَرَسُولُهُ أَعْلَمُ قَالَ شَهْرٌ حَرَامٌ قَالَ فَإِنَّ اللَّهَ حَرَّمَ عَلَيْكُمْ دِمَاءَكُمْ وَأَمْوَالَكُمْ وَأَعْرَاضَكُمْ كَحُرْمَةِ يَوْمِكُمْ هَذَا فِي شَهْرِكُمْ هَذَا فِي بَلَدِكُمْ هَذَا وَقَالَ هِشَامُ بْنُ الْغَزَّازِ أَخْبَرَنِي نَافِعٌ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا وَقَفَ النَّبِيُّ صَلَّى

اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَوْمَ النَّحْرِ بَيْنَ الْجَمْرَاتِ فِي الْحَجَّةِ الَّتِي حَجَّ بِهَذَا وَقَالَ هَذَا يَوْمُ الْحَجِّ الْأَكْبَرِ فَطَفِقَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ اللَّهُمَّ اشْهَدْ وَوَدَّعَ النَّاسَ فَقَالُوا هَذِهِ حَجَّةُ الْوَدَاعِ

798- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Минада тұрғанда: «Бүгін қандай күн екенін білемісіңдер?»,- деді. Сонда сахабалар: «Алла және оның елшісі біледі»,- десті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бұл күн қасиетті күн»,- деді. Кейін: «Бұл қайсы шаһар білемісіңдер?»,- деп сұрады. Сонда сахабалар: «Алла және оның елшісі біледі»,- десті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бұл күн қасиетті шаһар»,- деді. Кейін: «Бұл қайсы ай білемісіңдер?»,- деді. Біз: «Алла және оның елшісі біледі»,- дедік. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бұл қасиетті ай»,- деді. Содан соң былай деді: «Алла тағала қандарынды, мал-жандарынды және ар-намыстарынды бір-бірлерің үшін міне мына қасиетті шаһарларың, қасиетті айларың және ұлық күндерің сияқты қасиетті етті»,- деді.

Шишам ибн әл-Ғаз риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Наһр күні Хажжат ул-Уадағта тұрып: «бұл қажылық Акбар қажы – ұлық қажылық күні! Ей Жаратушым! Өз міндетімді атқарғаныма (орындағаныма) өзін куә бол!»,- деп адамдар мен қоштасқан еді. Содан бері адамдар сол күнді Хажжат ул-Уадағ – Қоштасу қажылығы деп атайтын болды»,- деді.

133-бап. Сиқая¹⁴⁷ немесе басқада тиісті істермен шұғылданушы адамдар Мина түндерінде Меккеде қонып қалады ма?

799- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ عَبْدِ بْنِ مَيْمُونٍ حَدَّثَنَا عَيْسَى بْنُ يُونُسَ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا رَخَّصَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ مُوسَى حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ بَكْرٍ أَخْبَرَنَا ابْنُ جُرَيْجٍ أَخْبَرَنِي عَبْدُ اللَّهِ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَذِنَ حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ نُمَيْرٍ حَدَّثَنَا أَبِي حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنِي نَافِعٌ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ الْعَبَّاسَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ اسْتَأْذَنَ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لِيَبِيتَ بِمَكَّةَ لَيْلِي مِئِي مِنْ أَجْلِ سِقَايَتِهِ فَأَذِنَ لَهُ تَابَعَهُ أَبُو أُسَامَةَ وَعُفْبَةُ بْنُ خَالِدٍ وَأَبُو ضَمْرَةَ

¹⁴⁷ Сиқая – Қажыларды сумен қамтамасыз ету.

799- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Аббас (р.а.) Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) қажыларды сумен қамтамасыз ету үшін Мина түндерінде Меккеде қонып қалуға рұқсат сұрады, ол кісі рұқсат берді», - деді.

134-бап. Тас ату жайында

بَاب رَمِي الْجِمَارِ وَقَالَ جَابِرٌ رَمَى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَوْمَ النَّحْرِ
ضُحَىٰ وَرَمَى بَعْدَ ذَلِكَ بَعْدَ الزَّوَالِ

Жәбір: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Наһр күні күн батқаннан кейін тас атты», - деді.

حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ حَدَّثَنَا مِسْعَرٌ عَنْ وَبَرَةَ قَالَ سَأَلْتُ ابْنَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ
عَنْهُمَا مَتَى أَرْمِي الْجِمَارَ قَالَ إِذَا رَمَى إِمَامُكَ فَارْمِهِ فَأَعَدْتُ عَلَيْهِ الْمَسْأَلَةَ قَالَ
كُنَّا نَتَحَيَّنُ فَإِذَا زَالَتْ الشَّمْسُ رَمَيْنَا

Уабара риуаят етті: «Ибн Омардан (р.а.): «Тасты қашан атайын?», - деп сұрадым. Ол: «Қажылықтың әмірі тас атқанда сен де ата бер!», - деді. Мен сауалымды қайтадан қайталадым. Ол кісі: «Біз кешқұрым болғанын күтіп, күн батқаннан соң, тасты ататын едік», - деді.

135-бап Ойпаттың ішкі жағында тұрып тас ату туралы

803- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ كَثِيرٍ أَخْبَرَنَا سُفْيَانُ عَنِ الْأَعْمَشِ عَنْ إِبْرَاهِيمَ عَنِ
عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ يَزِيدَ قَالَ رَمَى عَبْدُ اللَّهِ مِنْ بَطْنِ الْوَادِي فَقُلْتُ يَا أَبَا عَبْدِ الرَّحْمَنِ
إِنَّ نَاسًا يَرْمُونَهَا مِنْ فَوْقِهَا فَقَالَ وَالَّذِي لَا إِلَهَ غَيْرُهُ هَذَا مَقَامُ الَّذِي أَنْزَلَتْ عَلَيْهِ
سُورَةُ الْبَقَرَةِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَقَالَ عَبْدُ اللَّهِ بْنُ الْوَلِيدِ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ حَدَّثَنَا
الْأَعْمَشُ بِهَذَا

803- Абдуррахман ибн Язид риуаят етті: «Абдулла ибн Масғуд ойпаңда тұрып, тас атты. Мен ол кісіге: «Әбу Абдуррахман (лақап аты), адамдар тасты ойпаттың ортасында тұрып емес, жоғарыға жығып (яғни, жиегінде тұрып) атады ғой?!», - дедім. Сонда ол кісі: «Алла тағалаға ант етіп айтамын, бұл жер Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) «әл-Бақара» сүресі нәзіл болған жер!», - деді.

136-бап. Жеті тас ату туралы

804- حَدَّثَنَا حَفْصُ بْنُ عُمَرَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ الْحَكَمِ عَنْ إِبْرَاهِيمَ عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ يَزِيدَ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّهُ انْتَهَى إِلَى الْجَمْرَةِ الْكُبْرَى جَعَلَ النَّيْتَ عَنْ يَسَارِهِ وَمِئَى عَنْ يَمِينِهِ وَرَمَى بِسَبْعٍ وَقَالَ هَكَذَا رَمَى الَّذِي أَنْزَلَتْ عَلَيْهِ سُورَةُ الْبَقَرَةِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

804- Абдулла ибн Масғуд (р.а.) риуаят етті: «Мен Жамра-й Кубрада болғанымда Кағбаны Сол жағымда, Минаны болса, оң жағымда қалдырып, жеті тал тас аттым. «әл-Бақара» сүресі нәзіл етілген кісі – Пайғамбарымыз да (с.ғ.с.) тура осылай қылып атқан»,- деді.

137-бап. Кағбаны сол жақта қалдырып, Ақаба Жамрасын ату туралы

805- حَدَّثَنَا آدَمُ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ حَدَّثَنَا الْحَكَمُ عَنْ إِبْرَاهِيمَ عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ يَزِيدَ أَنَّهُ حَجَّ مَعَ ابْنِ مَسْعُودٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فَرَأَهُ يَرْمِي الْجَمْرَةَ الْكُبْرَى بِسَبْعٍ حَصِيَّاتٍ فَجَعَلَ النَّيْتَ عَنْ يَسَارِهِ وَمِئَى عَنْ يَمِينِهِ ثُمَّ قَالَ هَذَا مَقَامُ الَّذِي أَنْزَلَتْ عَلَيْهِ سُورَةُ الْبَقَرَةِ

805- Абдурахман ибн Язид риуаят етті. «Мен Ибн Масғудпен (р.а.) бірге бір уақытта қажылық қылғанымда, ол кісінің Жамра-й Кубраны жеті тас пен атып орындағанының куәсі болдым. Сонда ол кісі Кағбаны сол жағында ал Минаны оң жағына қалдырып, тас атқан болатын. Міне сол жерде Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) «әл-Бақара» сүресі нәзіл болған еді»,- деді.

138-бап. Әр тасты атқанда тәкбір айту жайлы

806- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ عَنْ عَبْدِ الْوَاحِدِ حَدَّثَنَا الْأَعْمَشُ قَالَ سَمِعْتُ الْحَجَّاجَ يَقُولُ عَلَى الْمُنْبَرِ السُّورَةَ الَّتِي يُذَكَّرُ فِيهَا الْبَقَرَةُ وَالسُّورَةَ الَّتِي يُذَكَّرُ فِيهَا آلُ عِمْرَانَ

وَالسُّورَةُ الَّتِي يُذَكَّرُ فِيهَا النِّسَاءُ قَالَ فَذَكَرْتُ ذَلِكَ لِإِبْرَاهِيمَ فَقَالَ حَدَّثَنِي عَبْدُ الرَّحْمَنِ بْنُ يَزِيدَ أَنَّهُ كَانَ مَعَ ابْنِ مَسْعُودٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ حِينَ رَمَى جَمْرَةَ الْعَقَبَةِ فَاسْتَبْطَنَ الْوَادِيَّ حَتَّى إِذَا حَادَى بِالشَّجَرَةِ اعْتَرَضَهَا فَرَمَى بِسَبْعِ حَصِيَّاتٍ يُكَبِّرُ مَعَ كُلِّ حَصَاةٍ ثُمَّ قَالَ مَنْ هَذَا هُنَا وَالَّذِي لَا إِلَهَ غَيْرُهُ قَامَ الَّذِي أَنْزَلَتْ عَلَيْهِ سُورَةُ الْبَقَرَةِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

806- Ағмаш риуаят етті: «Мен Хажжаждың мінберде тұрып уағыз айтқанын естідім. Сонда «әл-Бақара», «Әли Имран» және «Ниса» сүрелері жайында айтылған болатын. Бұл жайлы Ибраһимге (р.а.) айтқан едім, ол кісі маған: «Абдуррахман ибн Язид өзінің Масғудпен (р.а.) бірге Жамрат ул-Ақабда болғанын маған айтқан еді. Сонда Ибн Масғуд ойпанның ортасындағы теректің жанына барып, жеті тал тас атыпты. Әр тасты атқанда тәкбір айтыпты, кейін: «Алла тағалаға ант етіп айтамын: «әл-Бақара», сүресі нәзіл болғанда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тура осы жерде тұрған еді», - депті», - деді.

139-бап. Жамрат ул-Ақабаны орындап болғаннан соң, тоқтап тұрмау керектігі жайлы

بَابُ مَنْ رَمَى جَمْرَةَ الْعَقَبَةِ وَلَمْ يَفِفْ قَالَهُ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

Ибн Омар (р.а.) Жамрат ул-Ақабаны орындап болғаннан соң, тоқтап тұрмау керектігін Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) біліп алған екен».

140-бап. Екі жамрада тас атқаннан соң, жазық жерге түсіп, қыблаға жүздену жайлы

807- حَدَّثَنَا عُثْمَانُ بْنُ أَبِي شَيْبَةَ حَدَّثَنَا طَلْحَةُ بْنُ يَحْيَى حَدَّثَنَا يُونُسُ عَنْ الزُّهْرِيِّ عَنْ سَالِمٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّهُ كَانَ يَرْمِي الْجَمْرَةَ الدُّنْيَا بِسَبْعِ حَصِيَّاتٍ يُكَبِّرُ عَلَى إِثْرِ كُلِّ حَصَاةٍ ثُمَّ يَتَقَدَّمُ حَتَّى يُسْهَلَ فَيَقُومُ مُسْتَقْبِلَ الْقِبْلَةِ فَيَقُومُ طَوِيلًا وَيَدْعُو وَيَرْفَعُ يَدَيْهِ ثُمَّ يَرْمِي الْوُسْطَى ثُمَّ يَأْخُذُ ذَاتَ الشَّمَالِ فَيَسْتَهْلُ وَيَقُومُ مُسْتَقْبِلَ الْقِبْلَةِ فَيَقُومُ طَوِيلًا وَيَدْعُو وَيَرْفَعُ يَدَيْهِ وَيَقُومُ طَوِيلًا ثُمَّ يَرْمِي جَمْرَةَ ذَاتِ الْعَقَبَةِ مِنْ بَطْنِ الْوَادِي وَلَا يَقِفُ عِنْدَهَا ثُمَّ يَنْصَرِفُ فَيَقُولُ هَكَذَا رَأَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَفْعَلُهُ

807- Ибн Омар (р.а.) Жамрат ул-Дунияда кезек-кезек жеті тас ататын еді де жазық жерге түсіп, қыблаға жүзденген бойы ұзақ дұға оқитын еді. Содан соң Жамрат ул-Устаға барып тас ататын еді. Кейін жазық жерге түсіп, тағы да қыбла жаққа қарап, ұзақ уақыт бойы дұға оқитын еді. Содан соң, ойпанның ортасына келіп, Жамрат ул-Ақабада тас ататын да тоқтамай кері қайтып, кететін еді. Кейін: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) осылай қылғанын көргенмін», - дейтін еді.

141-бап. Екі Жамраның алдында тұрып дұға оқу туралы

قَالَ مُحَمَّدٌ حَدَّثَنَا عُثْمَانُ بْنُ عُمَرَ أَخْبَرَنَا يُونُسُ عَنْ الزُّهْرِيِّ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ إِذَا رَمَى الْجَمْرَةَ الَّتِي تَلِي مَسْجِدَ مِنَى يَرْمِيهَا بِسَبْعِ حَصِيَّاتٍ يُكَبِّرُ كُلَّمَا رَمَى بِحَصَاةٍ ثُمَّ تَقَدَّمَ أَمَامَهَا فَوَقَّفَ مُسْتَقْبِلَ الْقِبْلَةِ رَافِعًا يَدَيْهِ يَدْعُو وَكَانَ يُطِيلُ الْوُقُوفَ ثُمَّ يَأْتِي الْجَمْرَةَ الثَّانِيَةَ فَيَرْمِيهَا بِسَبْعِ حَصِيَّاتٍ يُكَبِّرُ كُلَّمَا رَمَى بِحَصَاةٍ ثُمَّ يَنْحَدِرُ ذَاتَ الْيَسَارِ مِمَّا يَلِي الْوَادِيَّ فَيَقِفُ مُسْتَقْبِلَ الْقِبْلَةِ رَافِعًا يَدَيْهِ يَدْعُو ثُمَّ يَأْتِي الْجَمْرَةَ الَّتِي عِنْدَ الْعَقَبَةِ فَيَرْمِيهَا بِسَبْعِ حَصِيَّاتٍ يُكَبِّرُ عِنْدَ كُلِّ حَصَاةٍ ثُمَّ يَنْصَرِفُ وَلَا يَقِفُ عِنْدَهَا قَالَ الزُّهْرِيُّ سَمِعْتُ سَالِمَ بْنَ عَبْدِ اللَّهِ يُحَدِّثُ مِثْلَ هَذَا عَنْ أَبِيهِ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَكَانَ ابْنُ عُمَرَ يَفْعَلُهُ

Зухрий риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мина мешітінің жанында жеті тал тас ататын еді. Әр тасты атқанда тәкбір айтатын еді. Содан соң, алдыға жүріп (төмендеу жерге түсетін еді), қолдарын көтеріп ұзақ дұға ететін. Содан соң екінші Жамраға (Жамрат ул-Устаға) барып, жеті рет тас ататын еді. Әр тасты атқанда тәкбір айтатын. Кейін, ойпанға

түсіп, қыблаға қараған бойы қолдарын көтеріп, ұзақ дұға қылатын еді. Содан соң, Жамрат ул-Ақабаға барып, жеті тас ататын еді. Әр тасты атқанда тәкбір айтып, тоқтамай кері қайтатын еді». Сәлім ибн Абдуллада осыған ұқсас хадисті атасынан естіген екен. Ол кісі Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сол сияқты тас атқанын өз көзімен көрген екен. Ибн Омарда (р.а.) тура солай істейтін еді.

142-бап. Жамраларда¹⁴⁸ тас атып болған соң, жұпар иісті нәрселерден пайдалану және ифаза тәуебінен кейін шаш алдыру жайында

حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ حَدَّثَنَا عَبْدُ الرَّحْمَنِ بْنُ الْقَاسِمِ أَنَّهُ سَمِعَ أَبَاهُ وَكَانَ أَفْضَلَ أَهْلِ زَمَانِهِ يَقُولُ سَمِعْتُ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا تَقُولُ طَيَّبْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِيَدَيَّ هَاتَيْنِ حِينَ أَحْرَمَ وَلِحْلِهِ حِينَ أَحَلَّ قَبْلَ أَنْ يَطُوفَ وَبَسَطْتُ يَدَيْهَا

Өз заманының сыйлы кісілерінен болған Абдуррахман ибн Қасымның атасы: «Айша анамыздың: «Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) ихрамды кигізгеннен де, шешкеннен кейін де міне мына осы қолдарыммен жұпар иісті нәрселерді жағып, қоятынмын, деп айтқанын естігенмін»,- деді.

143-бап. Қоштасу тәуебі жайлы

حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ ابْنِ طَاوُسٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ أَمَرَ النَّاسُ أَنْ يَكُونَ آخِرُ عَهْدِهِمْ بِالْبَيْتِ إِلَّا أَنَّهُ خُفِّفَ عَنِ الْحَائِضِ

Ибн Аббас (р.а.): «Адамдарға ең соңында Кағбаны тәуеп ету бұйырылды. Бірақ, етеккір көрген әйелдер бұдан қайтарылды»,- деді.

حَدَّثَنَا أَصْبَغُ بْنُ الْفَرَجِ أَخْبَرَنَا ابْنُ وَهْبٍ عَنْ عَمْرِو بْنِ الْحَارِثِ عَنْ قَتَادَةَ أَنَّ أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ حَدَّثَهُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَلَّى الظُّهْرَ وَالْعَصْرَ وَالْمَغْرِبَ وَالْعِشَاءَ ثُمَّ رَقَدَ رَقْدَةً بِالْمُحَصَّبِ ثُمَّ رَكِبَ إِلَى الْبَيْتِ فَطَافَ بِهِ تَابِعُهُ اللَّيْثُ حَدَّثَنِي خَالِدٌ عَنْ سَعِيدٍ عَنْ قَتَادَةَ أَنَّ أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ حَدَّثَهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

¹⁴⁸ Жамра – Шайтанға тас ататын жер.

Энас ибн Мәлік (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Минада тас атып қайтқанынан соң, бесін, аср, шам және кұфтан намаздарын оқыды. Кейін, Мухассапта ұйықтады. Содан кейін түйеге мініп Қағбаны тәуеп етті»,- деді.

144-бап. Егерде әйел кісінің ифаза тәуебінен кейін етеккірі келіп қалса ...

حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ الْقَاسِمِ عَنْ أَبِيهِ
عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّ صَفِيَّةَ بِنْتَ حَيٍّ زَوْجَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
حَاضَتْ فَذَكَرْتُ ذَلِكَ لِرَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ أَحَابِسُنَا هِيَ قَالُوا
إِنَّهَا قَدْ أَفَاضَتْ قَالَ فَلَا إِذَا

Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) зайыбы Сафийя етеккір көріп қалды. Бұны Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) айтып едім, ол кісі: «Бізді жолдан қалдырады ма, деймін»,- деді. Сонда адамдар: «Сафийя ифаза тәуебін қылып үлгерген еді»,- десті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ондай болса, еш оқасы жоқ»,- деді.

حَدَّثَنَا أَبُو الثُّعْمَانَ حَدَّثَنَا حَمَّادٌ عَنْ أَيُّوبَ عَنْ عِكْرِمَةَ أَنَّ أَهْلَ الْمَدِينَةِ سَأَلُوا
ابْنَ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا عَنْ امْرَأَةٍ طَافَتْ ثُمَّ حَاضَتْ قَالَ لَهُمْ تَنْفَرُ قَالُوا لَا
تَأْخُذُ بِقَوْلِكَ وَتَدْعُ قَوْلَ زَيْدٍ قَالَ إِذَا قَدِمْتُمُ الْمَدِينَةَ فَسَلُّوا فَقَدِمُوا الْمَدِينَةَ فَسَأَلُوا
فَكَانَ فِيمَنْ سَأَلُوا أُمُّ سَلِيمٍ فَذَكَرَتْ حَدِيثَ صَفِيَّةَ رَوَاهُ خَالِدٌ وَقَتَادَةُ عَنْ عِكْرِمَةَ

Икрима риуаят етті: «Медине тұрғындары (Меккеде) Ибн Аббастан (р.а.): «Егер де әйел кісі ифаза тәуебінен кейін етеккір көріп қалса, не болады?»,- деп сұрады. Ибн Аббас: «Ондай жағдайда қоштасу тәуебін істемей-ақ қайта береді»,- деді. Медине тұрғындары: «Біз Зәйд ибн Сәбиттің сөзіне сенеміз, ал сіздің сөзіңізге сенбейміз»,- десті. Сонда Ибн Аббас: «Олай болса, Мединеге барып сұраңдар»,- деді. Мединеліктер (Меккеден) Мединеге қарай жолға шықты. Мединеге келген соң аталмыш мәселе туралы сұрасып еді Үмму Сулайм Сафийя оқиғасын хикая етіп айтып берді».

حَدَّثَنَا مُسْلِمٌ حَدَّثَنَا وَهَيْبٌ حَدَّثَنَا ابْنُ طَاوُسٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ
اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ رُحِّصَ لِلْحَائِضِ أَنْ تَنْفَرَ إِذَا أَفَاضَتْ قَالَ وَسَمِعْتُ ابْنَ عَمْرٍ يَقُولُ
إِنَّهَا لَا تَنْفَرُ ثُمَّ سَمِعْتُهُ يَقُولُ بَعْدُ إِنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَخَّصَ لَهُنَّ

Ибн Аббас (р.а.): «Ифаза тәуебін қылған әйелдер, егер де олар етеккір көріп қалса, оларға қоштасу тәуебін қалмай-ақ қайта беруге рұқсат берілді», - деді. Тауыс (р.а.) риуаят етті: «Мен Ибн Омардың (р.а.): «Етеккір көрген әйел «Қоштасу тәуебін» қылмастан кетпейді», - дегенін естіген едім, кейіннен осы кісінің өзінің: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) етеккір көрген әйелді «Қоштасу тәуебін» қылудан босатқан», - деп жүргенін көрдім», - деді.

حَدَّثَنَا أَبُو الثُّعْمَانِ حَدَّثَنَا أَبُو عَوَانَةَ عَنْ مَنصُورٍ عَنْ إِبْرَاهِيمَ عَنِ الْأَسْوَدِ
عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ خَرَجْنَا مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَلَا
نَرَى إِلَّا الْحَجَّ فَقَدِمَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَطَافَ بِالْبَيْتِ وَبَيْنَ الصَّفَا
وَالْمَرْوَةِ وَلَمْ يَحِلَّ وَكَانَ مَعَهُ الْهَدْيُ فَطَافَ مَنْ كَانَ مَعَهُ مِنْ نِسَائِهِ وَأَصْحَابِهِ
وَحَلَّ مِنْهُمْ مَنْ لَمْ يَكُنْ مَعَهُ الْهَدْيُ فَحَاضَتْ هِيَ فَنَسَكْنَا مَنْاسِكَنَا مِنْ حَجَّنَا فَلَمَّا
كَانَ لَيْلَةَ الْحَصْبَةِ لَيْلَةَ النَّفْرِ قَالَتْ يَا رَسُولَ اللَّهِ كُلُّ أَصْحَابِكَ يَرْجِعُ بِحَجٍّ وَعُمْرَةٍ
غَيْرِي قَالَ مَا كُنْتَ تَطُوفِينَ بِالْبَيْتِ لِيَالِي فَدَمْنَا قُلْتُ لِمَا قَالَ فَأَخْرَجَنِي مَعَ أَخِيكَ إِلَى
التَّنْعِيمِ فَأَهْلِي بِعُمْرَةٍ وَمَوْعِدُكَ مَكَانَ كَذَا وَكَذَا فَخَرَجْتُ مَعَ عَبْدِ الرَّحْمَنِ إِلَى
التَّنْعِيمِ فَأَهْلَيْتُ بِعُمْرَةٍ وَحَاضْتُ صَفِيَّةُ بِنْتُ حَيٍّ فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
عَفْرَى حَلَقِي إِنَّكَ لِحَابِسُنَا أَمَا كُنْتَ طُفْتِ يَوْمَ النَّحْرِ قَالَتْ بَلَى قَالَ فَلَا بَأْسَ انْفِرِي
فَأَقْبِيئُهُ مُصْعِدًا عَلَى أَهْلِ مَكَّةَ وَأَنَا مُنْهَبِطَةٌ أَوْ أَنَا مُصْعِدَةٌ وَهُوَ مُنْهَبِطٌ وَقَالَ مُسَدِّدٌ
قُلْتُ لِمَا تَابَعَهُ جَرِيرٌ عَنْ مَنصُورٍ فِي قَوْلِهِ لِمَا

Айша (р.а.) риуаят етті: «Қажылық қылу ниетімен Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге жолға шықтық. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мекеге келген соң, Кағбаны тәуеп етіп, Сафа мен Мәруада сағий қылды. Бірақ ихрамын шешпеді. Өйткені өзімен бірге құрбандыққа атап мал жетектеп келген еді. Сол күні Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) әйелдері және сахабалары тәуеп пен сағий етті. Олардың шалатын құрбандық алып келмегендері ихрамдарын шешті. Ал мен болсам, етеккір көріп қалдым. Қажылықтың шарттарын орындағанымыздан кейін Хасба¹⁴⁹ түні: «Я Расулулла, сахабаларыңыздың барлығы үлкен және кіші қажылық қылып қайтуда, тек мен ғана кіші қажылық қыла алмай қалдым», - дедім. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Меккеге келгенде тәуеп етпеген бе едің?»,- деп

¹⁴⁹ Хасба – Мина менен Меккенің аралығындағы жазық алқап.

сұрады. Мен: «Жоқ», - дедім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Олай болса, ағаңмен Таңғимға барып, кіші қажылық қылып қайт, біз сенімен пәлен жерде жолығамыз», - деді. Мен ағам Абдуррахман мен бірге барып, кіші қажылыққа ихрам кидім. Біз жолға шығатын түні Сафйия етекiр көрiп қалды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сен бiздi жолдан қалдыратын болдың, Наһр күнi тәуеп етпеген бе едiң?», - дедi. Сафйия: «Иә тәуеп еткенмін», - дедi. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): Олай болса, қайта бер, еш оқасы жоқ», - дедi.

145-бап. Нафр күні Абтаһта аср намазын оқу туралы

حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ الْمُثَنَّى حَدَّثَنَا إِسْحَاقُ بْنُ يُونُسَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ الثَّوْرِيُّ عَنْ عَبْدِ الْعَزِيزِ بْنِ رُفَيْعٍ قَالَ سَأَلْتُ أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ أَخْبَرَنِي بِشَيْءٍ عَقَلْتُهُ عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَيْنَ صَلَّى الظُّهْرَ يَوْمَ التَّرْوِيَةِ قَالَ بِمِنَى قُلْتُ فَأَيْنَ صَلَّى الْعَصْرَ يَوْمَ النَّفْرِ قَالَ بِالْأَبْطَحِ افْعَلْ كَمَا يَفْعَلُ أَمْرَاؤُكَ

Абдулазиз ибн Руфайғ риуаят етті: «Әнас ибн Мәліктен: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қасында (жүргендегі естеліктеріңнен) айтып берсеңіз!», - деп өтініш қылдым. «Таруия¹⁵⁰ күні бесін намазын қай жерде оқыды?», - деп сұрадым. Әнас: «Минада», - деді. «Олай болса, Нафр күні аср намазын қай жерде оқыды?», - дедім. Әнас: «Абтаһта», - деді. Содан соң қажылықтағы әмірің істесе, солай істей бер!», - деп қосып қойды.

حَدَّثَنَا عَبْدُ الْمُتَعَالِ بْنِ طَالِبٍ حَدَّثَنَا ابْنُ وَهْبٍ قَالَ أَخْبَرَنِي عَمْرُو بْنُ الْحَارِثِ أَنَّ قَتَادَةَ حَدَّثَهُ أَنَّ أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ حَدَّثَهُ عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَّهُ صَلَّى الظُّهْرَ وَالْعَصْرَ وَالْمَغْرِبَ وَالْعِشَاءَ وَرَقَدَ رَقْدَةً بِالْمُحَصَّبِ ثُمَّ رَكِبَ إِلَى النَّبَيْتِ فَطَافَ بِهِ

Әнас ибн Мәлік (р.а.) Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жайлы сөйлеп жатып: «Ол кісі бесін, аср, шам және кұфтан намаздарын оқыды, кейін Мухассабта ұйықтады. Содан соң тұрып түйеге мінді-де, Қағбаны тәуеп етті», - деді.

146-бап. Мухассаб¹⁵¹ жайында

¹⁵⁰ Таруия – Зұлхижжа айының сегізінші күні.

¹⁵¹ Мухассаб – Мина менен Меккенің аралығындағы жазық алқапты осылай атайды.

حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ هِشَامٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا
قَالَتْ إِنَّمَا كَانَ مَنْزِلُ يُنَزَّلُهُ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لِيَكُونَ أَسْمَحَ لِخُرُوجِهِ
يَعْنِي بِالْأَبْطَحِ

Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қонып отыратын (үй-жәй) дем алуға өте қолайлы еді. (яғни, Батхадағы жерді айтып тұр)».

حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ قَالَ قَالَ عَمْرُو عَنْ عَطَاءٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ
رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ لَيْسَ التَّحْصِيبُ بِشَيْءٍ إِلَّا مَا هُوَ مَنْزِلٌ نَزَلَهُ رَسُولُ اللَّهِ
صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

Ибн Аббас (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) дем алу ниетімен ғана Мухассабақа түнеп өтетін еді», - деді.

147-бап. Меккеге кіруден бұрын Зу Туанда және Меккеден қайтқанда Хулайфадағы Батхада түнеп өту жайлы

حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ الْمُنْذِرِ حَدَّثَنَا أَبُو ضَمْرَةَ حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ عُقْبَةَ عَنْ نَافِعٍ
أَنَّ ابْنَ عَمْرٍو رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا كَانَ يَبِيتُ بِذِي طُوًى بَيْنَ النَّبِيِّينَ ثُمَّ يَدْخُلُ مِنَ
النَّبِيَّةِ الَّتِي بِأَعْلَى مَكَّةَ وَكَانَ إِذَا قَدِمَ مَكَّةَ حَاجًّا أَوْ مُعْتَمِرًا لَمْ يُنِخْ نَاقَتَهُ إِلَّا عِنْدَ
بَابِ الْمَسْجِدِ ثُمَّ يَدْخُلُ فَيَأْتِي الرُّكْنَ الْأَسْوَدَ فَيَبْدَأُ بِهِ ثُمَّ يَطُوفُ سَبْعًا ثَلَاثًا سَعْيًا
وَأَرْبَعًا مَشْيًا ثُمَّ يَنْصَرِفُ فَيُصَلِّي رَكَعَتَيْنِ ثُمَّ يَنْطَلِقُ قَبْلَ أَنْ يَرْجِعَ إِلَى مَنْزِلِهِ
فَيَطُوفُ بَيْنَ الصَّفَا وَالْمَرْوَةِ وَكَانَ إِذَا صَدَرَ عَنِ الْحَجِّ أَوْ الْعُمْرَةِ أَنَاخَ بِالْبَطْحَاءِ
الَّتِي بِذِي الْحُلَيْفَةِ الَّتِي كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُنِخُ بِهَا

Нафиғ риуаят етті: «Ибн Омар (р.а.) Меккеге келсе, Ақаба жолындағы Зу Туанда қонып өтетін еді. Содан соң екі төбелік арасынан өтіп, Меккеге кіретін еді. Меккеге үлкен немесе кіші қажылық қылғалы келсе, түйесін (тек қана) Харам мешітінің алдына шөктіретін еді –да, ішке кіріп, қара бұрыштың алдына барып, тәуеп етуді содан бастайтын еді.

Кейін жеті рет: үш рет жылдамырақ, ал қалған төртеуін жәй жүріспен жүріп тәуеп ететін еді. Содан соң артқа қайтып, екі рәкат тәуеп намазын оқып, алғашқы уақытта келген жеріне қайтудан бұрын Сафа мен Мәруаның арасын сағий қылатын еді. Қажылық немесе кіші қажылықты орындап қайтқанында Зулхулайфадағы Батха жазықтығында, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түйесін шөктіріп, дем алып өтетін жерде ол кісі де түйесін шөктіретін еді», - деді.

حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ عَبْدِ الْوَهَّابِ حَدَّثَنَا خَالِدُ بْنُ الْحَارِثِ قَالَ سُئِلَ عَبْدُ اللَّهِ
عَنْ الْمُحَصَّبِ فَحَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ عَنْ نَافِعٍ قَالَ نَزَلَ بِهَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ
وَسَلَّمَ وَعُمَرُ وَابْنُ عُمَرَ وَعَنْ نَافِعٍ أَنَّ ابْنَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا كَانَ يُصَلِّي بِهَا
يَعْنِي الْمُحَصَّبَ الظُّهْرَ وَالْعَصْرَ أَحْسِبُهُ قَالَ وَالْمَعْرَبَ قَالَ خَالِدٌ لَا أَشْكُ فِي
الْعِشَاءِ وَيَهْجَعُ هَجْعَةً وَيَذْكُرُ ذَلِكَ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

Халид ибн Харис риуаят етті: «Ғубайдулладан Мухассаба туралы сұрасты. Сонда ол кісі: «Расулулла, Омар және Ибн Омар сол жерде (Мухассаба) деп алып, тынығып өтискен деп, Нафиғтан естігенмін», - деді.

Халид ибн Харис: «Нафиғ маған: «Ибн Омар осы жерде яғни, Мухассаба бесін мен аср (менінше, шамды да деген секілді) оқитын», - деген еді. Мен Ибн Омардың осы жерде құфтанды оқып, кейін біраз мызғып алғанына күмән келтірмеймін, өйткені Пайғамбарымыз да (с.ғ.с.) осы жерде солай ететін еді», - деді.

148-бап. Меккеден қайтқанда Зу Туанға түсіп өткен кісі жайлы

عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّهُ كَانَ إِذَا أَقْبَلَ بَاتَ بِذِي طُوًى
حَتَّى إِذَا أَصْبَحَ دَخَلَ وَإِذَا نَفَرَ مَرَّ بِذِي طُوًى وَبَاتَ بِهَا حَتَّى يُصْبِحَ وَكَانَ يَذْكُرُ
أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يَفْعَلُ ذَلِكَ

Нафиғ (р.а.) риуаят етті: «Ибн Омар (р.а.) Меккеге келе жатқанында Зу Туанда қонып, таң атқан соң, қалаға кіретін, бұл жайында ол кісіден

сұрасканда ол: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) осылай ететін еді»,- деп жауап берді».

149-бап. Қажылық маусымында жаһилия базарларында сауда-саттық қылу жайында

حَدَّثَنَا عُمَانُ بْنُ الْهَيْثَمِ أَخْبَرَنَا ابْنُ جُرَيْجٍ قَالَ قَالَ عَمْرُو بْنُ دِينَارٍ قَالَ قَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا كَانَ دُو الْمَجَازِ وَعُكَاظُ مَثَجَرَ النَّاسِ فِي الْجَاهِلِيَّةِ فَلَمَّا جَاءَ الْإِسْلَامُ كَانَتْهُمْ كَرَهُوا ذَلِكَ حَتَّى نَزَلَتْ لَيْسَ عَلَيْكُمْ جُنَاحٌ أَنْ تَبْتَغُوا فَضْلًا مِنْ رَبِّكُمْ فِي مَوَاسِمِ الْحَجِّ

Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Зулмажаз бен Ғуказ жаһили дәуіріндегі адамдар сауда-саттық қылатын жер (базар) еді. Ислам дәуірі келген соң, мұсылмандар Алла тағаланың: «Сендерге Раббыларыңның кеңшілігін іздеулеріңнің (кәсіп істеулеріңнің) күнәсі жоқ¹⁵²»,- деген аят кәрімі нәзіл болғанша, ол жерлерде сауда-саттық қылуды қаламады».

150-бап. Түн аяқталып қалғанда Мухассабтан жолға шығу жайлы

حَدَّثَنَا عَمْرُو بْنُ حَفْصٍ حَدَّثَنَا أَبِي حَدَّثَنَا الْأَعْمَشُ حَدَّثَنِي إِبْرَاهِيمُ عَنْ الْأَسْوَدِ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ حَاضَتْ صَفِيَّةُ لَيْلَةَ النَّفْرِ فَقَالَتْ مَا أُرَانِي إِلَّا حَابِسَتَكُمْ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَفْرَى حَلْقَى أَطَافَتْ يَوْمَ النَّحْرِ قِيلَ نَعَمْ قَالَ فَانْفِرِي قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ وَزَادَنِي مُحَمَّدٌ حَدَّثَنَا مُحَاضِرٌ حَدَّثَنَا الْأَعْمَشُ عَنْ إِبْرَاهِيمَ عَنْ الْأَسْوَدِ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ خَرَجْنَا مَعَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَا نَذْكُرُ إِلَّا الْحَجَّ فَلَمَّا قَدِمْنَا أَمَرَنَا أَنْ نَحِلَّ فَلَمَّا كَانَتْ لَيْلَةَ النَّفْرِ حَاضَتْ صَفِيَّةُ بِنْتُ حُبَيْبٍ فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حَلْقَى عَفْرَى مَا أَرَاهَا إِلَّا حَابِسَتَكُمْ ثُمَّ قَالَ قَالَ كُنْتِ طُفْتِ يَوْمَ النَّحْرِ قَالَتْ نَعَمْ قَالَ فَانْفِرِي قُلْتُ يَا

¹⁵² 2. «әл-Бақара», 198 аят.

رَسُولَ اللَّهِ إِنِّي لَمْ أَكُنْ حَالَتْ قَالِ فَاعْتَمِرِي مِنَ النَّعِيمِ فَخَرَجَ مَعَهَا أَخُوهَا فَلَقِيْنَاهُ
مُدْلِجًا فَقَالَ مَوْعِدُكَ مَكَانَ كَذَا وَكَذَا

Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Мухассабтан жолға шығатын түні Сафйия етеккір көріп қалды. Сонда ол: «Мен сендерді жолдан қалдыратын сияқтымын», - деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сен бізді жолдан қалдыратын болдың, Наһр күні тәуеп етпеген бе едің?», - деді. Сафйия: «Тәуеп еттім», - деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Олай болса, жүре бер», - деді.

Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге бір уақытта қажылық қылуға шықтық. Меккеге келгенімізде Бізге ихрамдарымызды шешуімізді бұйырды. Жолға шығатын түні Сафйия етеккір көріп қалып: «Сендердің аяқтарына тұсау болмасам еді!», - деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Аяғымызға тұсау болдың, Наһр күні ифаза тәуебін қылған ба едің?», - деді. Сафйия: «Қылғанмын», - деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Олай болса, жүре бер!», - деді. Мен: «Я Расулулла, Меккеге келгенімде кіші қажылық қылмаған едім», - дедім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Олай болса, Танғимға барып, кіші қажылық қыл!», - деді. Мен ағаммен бірге кіші қажылық қылуға кеттім. Кіші қажылық қылып келе жатқанымызда Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) жолда жолығып қалдық, ол кісі: «Сендер мен пәлен жерде жолығамыз», - деді.

«2 - том тамам болды!»

Мазмұны